

**Мұхаметжан  
Қаратаев**

# **ЭПОСТАН ЭПОПЕЯҒА**

**ӘДЕБИ-СЫН  
ЗЕРТТЕУЛЕР**

**«ЖАЗУШЫ»  
БАСПАСЫ  
АЛМАТЫ  
— 1969**

Көрнекті ғалым Мұхаметжан Қаратаев өзінің «Эпостан эпопеяға» атты бұл еңбегінде қазақ әдебиетінің елу жылдағы еңселі биігіне, жемісті жолына көз жіберіп, әр кезеңдегі асуларға шолу жасайды. Октябрьден нұрланып, көркейген әдебиетіміздің өсу белестерін автор шынайылықпен талдап көрсетеді.

**ЕЛУ  
ЖЫЛДЫҢ  
ЕСЕСІ**



## ЖАҢА ЗАМАН, ЖАҢА ӘДЕБИЕТ

Әдебиет — заманның көзі, құлағы.  
М. Горький.

Айсыз түні аспан жонында жосылып, әлденендей ұлы көштің ақтаңдақ сүрлеуі жатады. Оны қазақ «құс жолы» дейді. Тарих тұңғығына бір мезет ой жүгіртіп қарасаңыз, сол іспетті адамзаттың бүгінгі заманға жосылып жеткен өмір сүрлеуін көргендей боласыз. Бірақ өмір сүрлеуінің айырмасы: бұл бейнебір құзы мен қиясы, ұйығы мен тайғағы көп қара түнек қатерлі жол. Талай тұйыққа тіреген, сұмдығы мен сұрапылы, соғысы мен апаты, ада-суы мен сүрінуі-бастан асқан трагедиялық жол.

Бір ғажабы: қызығынан азабы артық өмір күресінде, жарық үшін, жақсы тұрмыс үшін арпалысқан алыс-жұлыста халықтар ешуақытта тауы шағылып күйреп қалған жоқ, алдағы жарқын жаңа дүние туралы үміт-сенімін үзген емес. Талмай талпына берді, шарқ ұрып ұмтыла берді ілгері. Құс жолының жұлдыздардан нұр алғаны секілді, тарих жолы қаншама қараң болса да халық арманынан нұр алды. Сөйтіп, жақсы өмір аңсаған халық арманы алыста үміт шырағы боп жанып, түнгі теңіздегі маяк секілді тарих кемесін әр заман болашаққа шақырды. Халық қиялын қыран етіп ұшырып, Прометей, Фауст, Данко, Асан қайғы тағы басқа осындай даналық образдарға от, жарық, қуат, талап берген тәкаппар адам үмітінің маяғын *марксизм* ХІХ ғасырда ұлы коммунистік сенімнің сөнбес күніне айналдырды. Осы сенім Маркс пен Энгельстің коммунистік манифесіне алтын әріптермен жазылып, өткен қоғам өмірінің тарихын тап күресінің тарихы деп танытты, нысаналы арманға қалай жетудің айқын жолын мезгеді. Сонымен адамзаттың қашаннан көксеген нысаналы арман-мүддесі, мақсаты комму-

нистік мұрат арнасына әкеліп кұйды. ХХ ғасырдың ұлы перзенті, осы ғасырдағы ұлы марксист, пролетариаттың данышпан көсемі В. И. Ленин тәрбиелеп шындаған кемеңгер коммунистік партиясының дана да жіті басшылық, жетекшілігімен 1917 жылдың Октябрінде Россияда социалистік революция жеңді де, енді бүкіл әлем дүниесінде коммунистік мұраттың орындалу дәуірі басталды. Өткен ғасырда коммунизм идеясы Европаны елес түрінде араласа, енді ол бүкіл жер шарын тітірентіп, іс жүзінде нақты, жеңімпаз шындыққа айналды.

Тарих бетін енді тура коммунизм дүниесінің нұрлы шыңына бұрды. Қоғам тарихындағы осы ұлы бет бұрыстың адам бақыты үшін баға жетпес мәнін айта келіп, В. И. Ленин «Октябрь революциясы бүкіл дүние жүзі тарихында жаңа заман (эра) ашты» деген еді. Сол жаңа заман туғызған Социалистік Отанымыз елу жыл жасап, міне бүгін тарихтың коммунизм бағытындағы тағы бір асқар асуына шықты. Бұл баяғыда елу жыл түгіл ғасырлар бойы қол жетпеген, тек қиялда ғана елес берген бостандық пен бақыт жолындағы шырқау биік. Еңбекші халықтың ежелден аңсаған асыл арманы осы жолда, осы биікте жүзеге асуда.

КПСС Орталық Комитетінің тезистерінде: «Жаңа міндеттерді бұрынғыдан да жақсы шешу үшін, партия, совет халқы өткен жолды Октябрь революциясының елу жылдығы шыңынан қарап топшылайды» делінген. Өте дұрыс айтылған! Шынында да Октябрде туған совет заманының өткен елу жылдық қорытындыларын терең ұғынып, дұрыс топшылау өмірдің барлық саласында жаңа жеңістер мен табыстарға жетудің ең жемісті жолы болуға тиіс.

1917 жылы жер жүзінің алтыдан бір бөлігінде жеңіп пролетариат диктатурасын орнатқан Социалистік революцияның ең басты, ең маңызды қорытындысын түйіп айтсақ, ол Октябрь идеясының бүкіл әлем дүниесіне кең қанат жайып, адам баласының үштен бірін социалистік өркендеу жолына салуы дер едік, ал Советтер Одағы көлемінде ол — тарихта тұңғыш рет социализм орнатуға және ұлы коммунистік құрылыста қаһарман совет халқының жеңістен жеңіске жетуіне шешуші жағдай жасап, совет адамдарына үнемі сарқылмас күш-қуат, сенім, рух, шабыт беруі дейміз. Жарты ғасыр бойы Октябрь туы астында бүкіл прогресшіл адам баласын алға бастап біздің

Ұлы Социалистік Отанымыз өзінің азаматтық жолындағы авангардтық миссиясын, интернационалдық борышын әрдайым бұлжытпай атқарып келеді. Біздің көп ұлтты Советтік мемлекетіміз лениндік ұлт саясатын ойдағыдай іске асыру арқасында қоғам өміріндегі өте бір қиын мәселенің бірі — ұлт проблемасын дұрыс шешіп, халықтар достығының, социалистік гуманизм мен интернационализмнің керемет үлгісін көрсетуде, сөйтіп, бүкіл жер планетасындағы бақыт үшін, бейбітшілік үшін күрескен халықтардың жарқын мұрат-мүдделерінің, үміт, сенімдерінің ұйтқысына, берік тірегіне айналды.

Ал өнді Ұлы Октябрьдің Қазақстан үшін тарихи мәні тіпті алабөтен зор. Көп ғасыр қыспақта, қуғын-сүргінде, қанауда, қараңғылықта тұншығып, зар шегіп келген қазақ халқы осыдан елу жыл бұрын Октябрь революциясының жеңісі арқасында құлдық бұғауын бұзып, өзі сықылды басқа да совет халықтарымен бірге жаңа социалистік қоғам құруға кіріскені мәлім. Қазір сол қазақ елі ұлан байтақ Советтер Одағы құрамында, халықтардың ұлы достық семьясында елу жыл өмір сүріп, өсіп, дамып, дербес социалистік ұлт боп жеттігіп, өз алдына мықты индустриясы бар, бай социалистік ауыл шаруашылығы, озат ғылымы мен мәдениеті бар үлкен республика болып отыр. Қазақстанның феодалдық-патриархалдық мешеуліктен қысқа мерзімнің ішінде мұншалықты шарықтай да шырқай өсуі таң қаларлық ғажайып құбылыс. Ал бірақ ғажайып дегенмен, сиқырлы немесе кездейсоқ құбылыс емес, нағыз заңды да табиғи құбылыс. Мұның заңдылығы, Ленин айтқандай, социалистік революцияның құдретті ықпалына байланысты, революция туғызған жағдайдың бұрын феодалдық формация шырмауында келген елдерді, олардың капитализм дәуірін бастан кешкен-кешпегеніне қарамастан, төте социализм арнасына түсіретін пәрменді қуат-қаблетіне байланысты. Сондықтан революциядан бұрын капитализм элемент түрінде енгенімен, қоғамдық-экономикалық формация ретінде әлі қалыптасып болмаған Қазақстан өлкесінің советтік елу жылда орасан қарқынмен қарыштап ілгері озуы, капитализмнен секіріп өтіп, социализмнің биік шыңына шығуы Ұлы Октябрь революциясының артта қалған елдерді азат еткіш және оларды барлық жағынан жетелеп алдыңғы қатарға жеткізгіш игі әсер-қасиетінің төл жемісі деп білу керек. Бұл қасиетті жүзеге асырушы пролетариат дикта-

турасы екенін және жұмысшы табының кеменгер көсемі коммунистік партияның даналық басшылығы мен ұлы орыс халқының көмегі екенін ескерсек, лениндік ұлт саясаттың Қазақстан жағдайында қандай тамаша нәтиже бергендігін көру қиын емес.

«Елу жылда ел жана» дейді қазақ мәтелі. Мұның мағнасы бұрын ұрпақтардың жаңаруына ғана қатысты болатын. Қазір оны кең мағнасында күллі өмірдің өзгеруі туралы айтуға болды. Елу жылда республикамыз өмірдің барлық саласында да адам танығысыз жаңарды да құлпырды. Бұрын ұлттық өнеркәсібі болмаған, кең байлығының пайдасын шетел концессионерлері көрген өлкеде советтік жарты ғасыр ішінде өзінің социалистік индустриясы дамып, өнеркәсіп алыптары іске қосылып, өндіріс өнімі жүз есе өсті. Басқаны айтпағанда, Қазақстанның бір ғана көмір өнімі бұрынғы бүкіл патшалық Россияның көмір өнімінің мөлшерінен көп асып кетті. Қазақстан өндіретін дүние-мүлік қазір 70 елге тарайды. Бұрын мал шаруашылығымен ғана айналысып, егіншілік кәсібі кешеуілдеп қалған негізінен көшпелі елде енді отырықшылыққа айналған еңбекші халық колхоз, совхоз ұйымдастырып, механизацияланған социалистік ауыл шаруашылығын дамытты. Қазақстанның қазіргі егіс көлемі бүкіл Советтер Одағының егіс көлемінің 15 процентіне жуық. Астық беру жөнінен біздің республика Одақ бойынша екінші орынға шығып жүр. Қазақ елі жаппай сауатты болып алды. Осы күнгі мұғалім саны революциядан бұрынғы шәкірт санынан артық. Қазір совет мектептерінде 3 миллиондай оқушы оқиды. Бұрын бірде-бір жоғары дәрежелі мектебі жоқ, театры жоқ, баспасы жоқ, ғылыми мекемесі жоқ қазақ өлкесінде қазір 43 жоғары дәрежелі оқу орны бар. Академиялық опера және балет театры, Академиялық драма театры, консерватория, филармония. «Қазақ концерті», ондаған облыстық драмтеатр, алты баспа орны, 160 ғылыми-зерттеу мекемесі мен институтын басқаратын көп салалы Ғылым Академиясы бар. Революцияға дейінгі талай ғасыр қазақ тарихында ұлт тілінде үш-ақ газет, бір-ақ журнал, 13-ақ кітап шыққан болса, қазір бір жылдың өзінде 300 ге жуық газет, 76 журнал, бюллетень, бір мың бес жүз кітап жарық көреді. Бұл мысалдар Совет тұсында тамаша салтанат құрып, гүлденген, көркейген Социалистік Қазақстанның кейбір сан-санақ жөніндегі ғана көрсеткіштері. Ал адамның саяси,



мәдени, рухани өсуі жөніндегі көрсеткіштер, тіпті тіл жеткісіз үлкен. Данышпан Лениннің, Социалистік революция бұрын езіліп, тапталып, тұншығып келген адам бойындағы талант, қабілеттерді ағытып сыртқа шығарады, мол өркендетеді деген даналық болжаулары іс жүзінде дұрысқа шықты. Өмірдің барлық саласында білімді, саналы жаңа кадрлар, дарынды өнерпаздар қатары жылма-жыл лек-легімен қосылып, толығып отыр. Мұндай ғажап табыс, мұндай ғаламат өзгеріс тек социалистік қоғамда ғана болуы мүмкін, әрине. Әйткенмен мұның қай-қайсысы да онай және өз-өзінен келе қалған өзгерістер емес. Коммунистік партия жүргізген тәрбие жұмысының, табанды күрестің, жеңістің нәтижесі. Октябрь туғызған қолайлы жағдайды дұрыс, толық пайдаланудың арқасы.

Осы жағдайда қазақ халқының творчестволық күш-қуаты тасып, әдебиеті мен өнері де айырықша қаулап өскені аян. Бірақ революциядан туған жас қазақ әдебиеті қысқа мерзімде қаулап өскенмен, шырпы отындай бірден лаулап пайда болған жоқ. Революцияның өзі сияқты оның да туу, қалыптасу, қанат жайып даму процесі; толғағы мен тайталасы, азабы мен қиыншылығы көп күрделі процесс болды. Әсіресе алғашқы кезеңде революция шындығын көркем игеру тәжірибесінің жоқтығы, көп жанрлы реалистік әдебиеті дәстүрінің кемдігі, жаңа дүние, жаңа адам тақырыбының із түспеген тындығы, байшыл ұлтшылдар секілді ескі дүние өкілдерінің жаңашыл әдеби адымдарға қарсы жасаған бөгет-кедергілері — мұның бәрі буыны бекімеген балаң әдебиетке аз қиындық істеген жоқ. Дегенмен талаптың аты талап. Дәуір талабы, өсу заңдылығы бәрінен күшті, бәрінен жоғары еді. Жаңа әдебиет уақытша етек басты болған жайларды бірте-бірте жеңу арқылы жетіліп, жеттігіп кетті. Сөйтіп, кешегі жас әдебиет енді есейіп, ержетіп кең тыныспен қарыштап аз жылдар ішінде алдыңғы қатарға шықты. Қазақ әдебиетінің осындай озат профессионалдык әдебиет болғанын бүкіл одақ жазушылары мойындап, А. Фадеев, К. Федин, М. Шолохов, В. Иванов, Н. Погодин, Л. Соболев, Н. Тихонов сықылды көрнекті орыс әдебиеті өкілдері әр кезде-ақ жақсы атап келді. Бұған тағы бір айғақ — қазақ әдебиетінің көптеген туындыларының шет ел тілдеріне де аударылып, тәуір баға алуы, оның ішінде Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясының Лениндік сый-

лық алып, қазақ халқының, қазақ әдебиетінің данқын дүние жүзіне таратуы.

Дүние жүзін дүр сілкіндірген Октябрь революциясы мен Азамат соғысы қазақ даласын да қатты дүбірлетті. Ескі өмірдің шаңырағын күйреткен дауыл іспетті бұл оқиғадан кімнің болса да тыс қалуы, бұғып қалуы мүмкін емес еді. Қазақ халқы 1916 жылғы стихиялы ұлт-азаттық қозғалысында селт етіп бір серпілсе, 1917—20 жылдары кең өріс алған ұлы социалистік революция оқиғалары тұсында саналы таптық күрес майданына белсене түсті. Бұл майданда еңбекші халықтың таптық мақсатын жақсы ұғынған ер азаматтар Октябрь дүбіріне елеңдеп қана қоймай, нағыз халықтық жаңа совет үкіметі үшін күресте қанын да, жанын да аяған жоқ. Сонымен қатар бұл майданда халықтың, революцияның әркілі қас дұшпандары бас көтеріп, ескі дүниені қорғап қалу үшін тайталасып бақты. Осындай ескі дүние мен жаңа дүниенің арпалысқан аласапыран жылдарында туған қазақтың революцияшыл жас әдебиеті Октябрь дүбірін көтеріңкі азаматтық үнмен ұрандай да әсірелей, қуана да құттықтай қарсы алды.

Азамат, жүнжіме, жүрме бос,  
Қол ұстап, бірігіп тізе қос.  
Ту ұстап дұшпанға барайық,  
Теңдіктің ұранын салайық.  
Тізесін батырған залымнан  
Күн туды — біз теңдік алайық.  
Азамат, сестеніп көзіңді аш,  
Ұран сал, алға бас, бірігіп  
Қызыл ту — жалауың, қорғаның,  
Тізе қос, тізе қос, тізе қос.

Қазақтың тұңғыш революционер ақыны Сәкен Сейфуллиннің «Жас қазақ марсельезасы» аталған осы бір жалынды жыры әуелі халқын қызыл ту астында күреске, бірлікке шақырса, кейінірек, дауыл басылып, Совет үкіметі орнығып қалпына түсе бастаған шақта Сәкен болсын және соған іле-шала шыққан басқа да халық жаршылары мен жыршылары болсын, жаңа заманға бас болып, жаңа дүниенің есігін ашқан Ұлы Октябрді бостандық танына, оның ұлы көсемі Ленинді бақыт күшіне балап бейнелегені белгілі. Қазір халқымыз сол жаңа дү-

ниенің аясында жарты ғасыр өмір сүріп жол шегіп, тарихтың асқар асуына өрлеген шақта сол бір бастапқы тауып айтылған таң бейнесі мен күн бейнесі өзінің ішкі сыры мен терең мағнасын ашқан үстіне аша түсіп отыр.

Октябрь қазақ поэзиясында елу жыл бойы әрі тақырып, әрі образ ретінде егіз қатар жүріп келеді. Тақырып ретінде ол тарихи ұлы оқиғаның телегей-теңіз материалын толып жатқан ірілі-уақ туындыларға объект етуде; образ ретінде ол тұтас бір тарихи дәуірдің, жаңа заманның алып бейнесін көзге елестетуде. Сондай-ақ таң мен күн сықылды Октябрь образы мен Ленин образы, Ленин образы мен партия образы құстың қос қанатындай бірге өмір сүреді. В. Маяковскийдің «Ленин десем, партияны айтқаным, партия десем — Ленинді айтқаным» дейтін өлең жолдары осы ойдың тетігін тапқан өрнектер болатын.

Совет өкіметінің алғашқы он жылында қазақ ақындары жылма-жыл Октябрь мерекесіне байланысты және сан алуан революция туғызған жаңалық, өзгерістерге байланысты Октябрь туралы, партия туралы, Ленин туралы жырлауды дәстүр етіп алды. Ол кездің шығармаларында ескілікті өмірдің құбылыстарына жаңа заман шындығын қарама-қарсы қойып суреттеу жалпы революцияшыл поэзияның негізгі жаңалықты тәсілі еді. Ақындар осы тәсілмен саяси, публицистикалық лириканың онды үлгілерін туғызды. Мұнда ақындар талай заман тақсіретін тартқан ескілікті айтқанда бұрынғы Абай, Сұлтанмахмұт, Сәбит Дөнентаев салған сыншылдық дәстүрмен ұсқынсыз өмір жайларының реалистік суретін берсе, Октябрь әкелген жаңалықты айтқанда, көбірек қуанышты сезімге жол ашып, көтеріңкі серпінмен романтикалық сарынға басады. Совет өкіметінің алғашқы жылдары жазған С. Сейфуллин, Б. Ізтолин, Б. Майлин, С. Мұқанов, І. Жансүгіров, Ш. Иманбаева өлеңдерінен алдымен осы ерекшелікті көреміз. Оның үстіне бұл өлеңдерде жалқылықтан жалпылық, нақтылықтан жаппай жинақтаушылық басым еді. Мысалы белгілі бір аты, жөні бар нақты адамды өлең өзегі етудің орнына жалпы *бай, кедей, жұмысшы, шаруа* деген сықылды жиынтық ұғым ұшырасады. Мұның өзі кезінде ұлы революцияның тұлғасын, қан майданда ашықтан-ашық алысқа түскен таптардың тұрпатын тұтас таныту үшін және ізін суытпай іле баяндау үшін қолайлы да болды. Осылай сырт-

тай баяндай суреттеудің, шабытпен толғап жинақтаудың үлгісі ретінде Сәкеннің «Советстан» поэмасын айтуға болады. Онда алдағы коммунизм мақсатына ұмтылып құлаш сермеген Совет Отанын зымыраған экспреске балап, тебрене баяндаған бұл поэмада, нақты адамның образы жоқ болғанмен, жалпы Отанның образы эмоциялық күшті сезімге өріліп бейнеленген. Бірақ ұлы оқиғаның терең сырын ұғыну үшін, адам санасындағы әр қилы өзгерістерді түсіну үшін тек бұл қалыпта қалу мүмкін емес еді. Сондықтан бұдан былай әлі де жас та болса дәуір талабына жауап беруге тырысқан қазақ әдебиеті шарқ ұрып іздену жолында енді жалпыдан, жалаңнан жан-жақтылыққа, сырт сипаттан ішкерлікке, баяндаудан бейнелеуге ойыса берді. Осы бір процесс бүгінге дейін созылып келе жатқан ұзақ та күрделі процесс.

Әдебиет процесінің алғашқы кезеңдегі тағы бір ерекшелігі — бір ғана саяси, публицистикалық лирика шеңберінде қалып қоймай, кең өріске шығу талабы болатын. Сол мақсатпен қазақ совет әдебиетінің азынаулақ бастапқы өкілдері көп ұзамай-ақ көркем сөз өнерінің барлық салаларына барып, көп жанрлы профессионал әдебиет жасауға кірісті. Олар әр түрлі жанрларға алдымен өздері қалам тартты. Мысалы, Сәкен, Бейімбет, Ілияс сықылды совет әдебиетінің бастаушылары әрі поэзияда, әрі прозада, әрі драматургияда бой көрсетуінің сыры революцияда туып, құнарлы совет жағдайынан қорек алған қазақ әдебиетінің өскелең табиғатында еді. Осыдан келіп олардың творчествосында жазба әдебиетке тән универсалдық пішін толық пайда бола бастады. Бұлай дейтініміз: революцияға дейін әдебиетіміздің даму дәрежесі профессионалдық деңгейге жетпеген яғни онда жазба әдебиеттің барлық негізгі салалары дамып қалыптаспаған — проза мен драматургия енді ғана бүршік салып, жеміс берген тек поэзия ғана болатын. Сондықтан біздің мұра байлығымыз негізінен Абай өрбіткен демократтық поэзия мен көп салалы фольклорда еді. Жас жазба әдебиетімізге алғашқы адымы күшті әсер, ықпал жасаған көркемдік дәстүр де осы мұрадан туындаған. Өзінің асыл қазнасы, ұлттық қоры саналатын ізгі дәстүрден қазақ совет әдебиеті ешуақытта қол үзген емес, үзбейді де. Алайда оларды үлгі тұтып пайдаланудың мөлшері, түрі әр кезде әр түрлі болды. Бастапқы кезде ол мол мөлшерде, бірақ кем талғаумен пайдаланылды. Ал бертің келе

ол үлкен творчестволық талғаммен сұрыпталып, сараланып пайдаланылатын күйге жетті. Дегенмен дәстүр мен жаңашылдық мәселесі (яғни дәстүрді әдебиеттің жаңа творчестволық мақсаттарына сай тиімді етіп пайдалану мәселесі) осы күнге дейін маңызды проблеманың бірі болып келеді.

Қазақ совет әдебиетінің идеялық, эстетикалық принциптерінің қалыптасу процесіне (яғни партиялық, халықтық принциптердің қалыптасуына) ықпал жасаған шешуші фактор қазақ қаламгерлерінің Ленин идеяларын игеру, Ленин образын лайықты жырлау мәселесіне байланысты Октябрь революциясының жеңісін, совет үкіметінің орнап, қазақ еңбекшілерінің бостандық алуын, республика болып, өз алдына отау тігуін, қазақ әйелдерінің азат етілуін, оқуға, мәдениетке жол ашылуын — осының бәрін ақын, жазушылар Ленин идеяларының жүзеге асуы деп білді. Осы дұрыс түсінік олардың идеялық дұрыс бағытта шындалуын, эстетикалық дұрыс көз қараста жыр төгіп қалам тартуын қамтамасыз етті. Поэзияда Ленин образының арнайы жырлануына да себепкер сол түсінік. Сәкен В. И. Лениннің тірі кезінің өзінде-ақ ұлы көсем туралы оңды өлең жазғаны белгілі. Шораяқтың Омары, Тұрмағамбет сықылды ел ақындары да Ленинге арнап жүрек жырларын төккенін білеміз. Сонымен қатар бұл ретте ең бір елеулі кезең 1924 жылы Лениннің дүние салуынан басталады. Осы бір қайғылы хабар қазақ халқының да қабырғасын қатты қайыстырып, ақындар бұл қазаға түгел дерлік тебірене өлең, жыр шығарды. Осының өзі Лениннің еңбекші халыққа қаншалықты қадірі асқан ардагер адам екенін бір көрсетсе, екіншіден, сол өлең, жырлардың мазмұн, сапасы қазақ совет поэзиясының Ленин мезгеген партиялық, халықтық принциптерге сүйенген социалистік реализм бағытында екенін танытты.

Ленин есіміне арналған өлең шығармалары бүгінде өз алдына үлкен бір сала. Онда Ленин образы қазақ поэзиясымен бірге дамып, бірге өрбіп кең өріс алуда екенін көреміз. Данышпан көсемнің даналық, адамгершілік қасиет-сипаттары әуел баста тура тізіп айту түрінде қарапайым ғана жырланса, бара-бара олар толығып, тереңдеп, тарамдалып, Ленин идеяларының іске асу фактыларымен ұштастырыла да жырлана бастады. Қысқа өлең, жыр жанрынан асып, олар енді кең көлемде С. Сейфул-

линнің «Альбатросы», Д. Әбілевтің «Алтай жүрегі», К. Мырзалиевтің «Данышпан», М. Мақатаевтың «Ильич» атты поэмаларына өзек, арқау болды. Сейтіп, Ленин тақырыбы, - Ленин образы қазақ әдебиеті қорына әр кезде жаңа үлес қоса отырып, оның социалистік реализм негізінде идеялық шынығуына үнемі дем беріп келеді. Сонымен бірге айта кету керек, бұл мәселеде тындырғанмыздан тындырарымыз көп әлі. Поэзияда болмаса, проза мен драматургияда атап айтарлық шығарма жоқтың қасы. Орыс совет әдебиетінің Ленинна саласындағы көрнекті табыстары мен үлгілерін ескерсек қазақ әдебиетіне осы жөнінде әлде де көп міндеттер жүктеледі.

Бұрыннан классикалық бай дәстүрі бар орыс совет әдебиеті жаңа заман тыңына алдымен жол бастап, басқа ұлт әдебиеттеріне әрдайым жетекшілік етіп келеді. Соның бірі қазақ әдебиеті өзінің ұлттық мұрасының тәуір дәстүрлерімен қатар озат орыс әдебиетінің де асыл мұрасы мен бүгінгі жаңалықты табыстарынан үйреніп келеді. Әсіресе ХІХ ғасыр классиктері және социалистік реализмнің атасы Горький мен совет поэзиясының алыбы В. Маяковский қазақ ақын, жазушылары үшін реалистік мектептің, жоғары идеялық пен көркемдіктің ұлы ұстаздары ролін атқарды. Совет әдебиеті бір ғана орыс әдебиеті емес, социалистік ұлттардың идеялық мақсат-мүддесінің бірлігінен, халықтардың өзара мызғымас достығынан нәр алған көп ұлтты социалистік реализм әдебиеті екенін Горький бұдан отыз бес жыл бұрын айтқан ғой. Содан бері әр тілдегі советтік ұлт әдебиеттері, Горький айтқанындай социалистік реализм негізінде жарыса дамып, өзара тамырлас, сабақтас күйде бір ағаштың бұтағындай қаулап өсуде.

СССР жазушылар Одағының ІV съезіне жолдаған құттықтауында КПСС Орталық Комитеті Ұлы Совет әдебиетінің елу жыл ішіндегі халыққа істеген игі қызметін, үздік табыстарын атай келіп, оның көп ұлтты сипатын айрықша бөліп айтқан: «Біздің әдебиетіміздің принципті жаңа қасиеті мынада: ол көп ұлтты әдебиет ретінде дамып, Совет Одағындағы әрбір халықтың өзіндік тарихи жолын бейнелейтін барлық ұлт мәдениетінің прогресшіл дәстүрлері мен озық тәжірибесін өзінің бойына сіңіруде. Лениндік ұлт саясатының салтанаты, халықтардың тү-

бірлі мүддесінің ортақтығы, достығы мен туысқандығы — ұлттық әдебиеттердің гүлденіп өркендеуінің негізі болды».

Олардың (ұлт әдебиеттерінің) әрқайсысы өз ерекшелігімен жеміс салады, сол арқылы олар күллі совет әдебиетінің қорын молайтып, көркі мен даңқын көтереді. Мұнда енді бір-ақ әдебиет үнемі әсер, ықпал жүргізе бермейді және онды шығарма тек қана озат әдебиеттен туады дейтін емес. Ол кәзір ұлылы-кішілі барлық ұлт әдебиетіне ортақ. Қазақтың М. Әуезовін, қырғыздың Ш. Айтматовын бұрынғы кіші-гірім әдебиеттен шыққан деп яки ұлы әдебиеттен шықпағандықтан төмен жазушы екен деп ешкім кеміте алмаса керек. Мұның себебі неде? Мұның себебі социалистік реализм принциптерін меңгерген ұлт жазушыларының талантты туындылары шынайы ұлттық болуымен бірге интернационалдық болуында. Ұлттық сипат пен интернационалдық қасиеттің астасқан диалектикалық бірлігі — совет әдебиетінің үлкен табысы.

Қазақ әдебиеті қазір барлық жағынан марқайған, басқа әдебиеттермен терезесі тең әдебиет, кей ретте өзгеден үйренсе, кей ретте өзгеге үйрететін де шамасы бар пәрменді әдебиет. Жуырда Шыңғыс Айтматов «Правда» газетінде жариялаған мақаласында былай деп жазған:

«Бір жезде Мұхтар Әуезовтің кітаптарымен кездесуім менің ішкі дүниемді жарқыратып жібергені есімнен кетпейді.

Айнала төнрегімнің бәрі содан бері тіпті басқа мағна алғандай. Сонда тамашалай да тандана ашқан жаңалығым мынау болды: біздің халықтарымыз туралы әдебиет бүкіл жер жүзіндегі адам баласына орыс жазушыларының шығармалары тәрізді сондай бір қуанышты, жан сүйер жақын жыр боп естіледі екен. Меніңше, орыс мәдениетінің дамуына кезінде Пушкин қандай әсер етсе, осы күнгі орта азиялық көркем ойдың және біздің барлық көрші отырған халықтарымыздың рухани өмірінің қалыптасуына Әуезов те сондай әсер етті».

Осыдан елу жыл бұрын прозасы мен драматургиясы жоққа тән және барлық жанрда тамыр жайған реализм дәстүрлері мен профессионалдық белгі, сипаттары кем жас әдебиетте бүгін соның бәрі бар деуге болады.

Бұрын, айтайық, толық мағнасында роман атаулы жанр болмаған әдебиетте бұл жанр қаулап өсіп, елу жылда романның түр-түрі пайда болды: 1925 жылы

С. Сейфуллиннің «Тар жол, тайғақ кешуі» шықты. Мұның өзі ол кезде прозадағы бір ғана тұңғыш көлемді шығарма еді. Бұл жөнінде «Еңбекші қазақ» газетінің жарнамасында өте жақсы жазылған: «Бұл кітап сыртқы түріне қарағанда бұл күнге шейін қазақша шыққан кітаптардың ең көрнектісі. Мұндай кітапқа сын жазушы біреу емес, әлденеше кісі болуға мүмкін. Кітаптың бұл материалдары келешек тарихшыға аса қымбат болуында дау жоқ. Бұл жағынан Сәкен жолдастың еңбегі қымбат екен. Мұның үстіне оқушылар, әсіресе, қазақ арасындағы қозғалыстармен таныстығы бар азаматтар мұндағы кемшіліктерді көрсетіп, қатесін түзетіп, толық сын беретін болса, бұ да келешек тарихындағы үлкен қазына болмақ. Қайткенмен Сәкен жолдас бұл жөнде *негіз салып жол бастап отыр*» (астын сызған мен — М. Қ.).

Совет тұсындағы роман жанрының тарихын Октябрь мен азамат соғысының отты жылдарына арналған осы тарихи-мемуарлық кітаптан бастасак, қалған қырық жыл ішінде ондаған тарихи, әлеуметтік, тұрмыстық, әскери, өмірбаяндық, психологиялық, публицистикалық роман, повестер туғанын айтуымыз керек. Соның ішінде М. Әуезовтің «Абай жолы» сықылды әлемге әйгілі төрт томдық роман-эпопеясын, С. Мұқановтың «Өмір мектебі», Х. Есенжановтың «Ақ Жайық», Ә. Нұрпейісовтың «Қан мен тер» сықылды трилогияларын айрықша атап айтса артық емес. Бұл жағдай проза саласын молықтырып, алдыңғы қатарға шығарды да, бүкіл әдебиетіміздің социалистік реализм негізінде байып, көркейгендігін танытты.

Советтік жарты ғасыр басталарда драматургияның тырнақ алдысы М. Әуезовтің «Еңлік — Кебегі», «Бәйбіше — тоқалы», С. Сейфуллиннің «Бақыт жолына», «Қызыл сұңқарлары», Б. Майлиннің «Неке қияры» т. б. еді. Елу жыл ішінде ондаған драма, комедия, трагедия туындыларына ие болып, ондаған аудандық, облыстық, республикалық театрлардың репертуарын толықтырдық. Бұл жағдай қазақ драматургиясының бұрынғы жоқтан бар халін түзеп, осы бір жалпы мәдениет үшін маңызы күшті жанрды тез көтеріп қатарға қосты.

Кенжелеп келіп қауырт өскен проза, драматургия салаларымен қатар поэзия да өз заңдылығымен өсе берді. Мұнда да «Советстан» поэмасынан бастап, оның бер жағындағы қырық жыл ішінде ондаған тарихи, ертегілік,



әлеуметтік, лирикалық, философиялық, публицистикалық поэма, толғаулар туып, қазақ поэзиясы байтақ совет шындығын жан-жақты жырлауға мол мүмкіншілік алды. Поэзияның Абай тұсында жақсы өркендеген лирикалық жанры совет дәуірінде жаңа идеялық-эстетикалық принциптер негізінде одан әрі дамып, тармактанып, әсіресе саяси-публицистикалық, махаббаттық, философиялық түрлерін байыта түсті.

Қай елде, қай заманда болмасын, көркем сөз өнерінің өскелеңдігінің әрі шарты, әрі белгісі саналатын әдебиет сыны қазақ әдебиетінде тек совет өкіметі тұсында ғана қарыштап өскені аян. Ол бір кездегі қара дүрсіндіктен, мәдениетсіздіктен, көркем әдебиеттің ерекшелігін аяқ асты ететін тұрпайы социологизмнің біржақтылығынан арылып, бүгінде нағыз ғылыми сынға айналды. Октябрь революциясының 50 жылдық тойына қазақ әдебиетінің алты томдық тарихының жасалуы, көрнекті жазушылардың көбі жөнінде монографиялық еңбектер шығуы, социалистік реализм мәселелерінің зерттеле бастауы, ондаған сын мақалалар кітабының жарық көруі қазақ әдебиет сыны мен ғылымының биік өрге шыққандығының айғағы.

Жазба әдебиет өріс алған жерде фольклор өледі-міс дейтін теріс теорияға қарамастан, совет заманында қазақ халқының басқа творчество түрлерімен қатар ауыз әдебиеті де тамыр жайып дамуда. Дамығанда, ауыз әдебиетінің баяғы түрлері мен үлгілерін сол күйінде қайталау түрінде емес, жаңа мазмұн, жаңа сапа, жаңа ерекшелікке ие болу түрінде өзгеше де айрықша дамуда. Октябрді, Ленинді, совет шындығын даңққа бөлеген Жамбыл, Нұрпейіс, Кенен, Нартай, Шашубай жырлары; осы күнге дейін әр жерде әр кезде бұрқ етіп жататын ақындар айтыстары, жаңа мақал-мәтелдер; жұрт аузында жүрген сатиралық, юморлық күлдіргі өлеңдер, жаңа тұрмыс жырлары, дұрыс мағналы анекдоттар — фольклорлардың жаңа жағдайда өшкенін емес, өзінше өскенін аңғартатын көрсеткіштер.

Көркем әдебиеттің даму дәрежесі бір жағынан халықтың жалпы мәдени дәрежесінен тәуелді, екінші жағынан, оқырмандардың мәдени дәрежесінің көтерілуіне көркем әдебиеттің әсер ықпалы өте-мөте зор. Айталық, қазақ оқырмандарының мәдени дәрежесінің өсуі олардың өзге әдебиеттердегі жақсы үлгілермен танысып, өз

әдебиетіне жоғары талап қою арқылы оның сапасын жақсартуға септігін тигізеді, сондай-ақ төл шығармалар мен аударма шығармалардың жақсысы оқырмандардың сана-сезімін тәрбиелеуге тікелей себепкер болады. Осы ретте орыс тілінен және басқа туысқан ұлт тілдерінен қазақ тіліне аудару жұмысы соңғы 20—30 жыл ішінде кен алқапта қолға алынып, туысқан совет әдебиеттерінің өзара қарым-қатнасының ұлғаюына көп мүмкіндік жасады. Орыс және дүние жүзі классикасын, орыс және туысқан ұлттардың совет әдебиеті үлгілерін қазақ тіліне көркем аудару қазақ ақын, жазушыларына үлкен шеберлік мектебі боп табылды, сонымен бірге қазақ әдебиетінің эстетикалық мәдениетін көтеруге көп көмегін тигізді. Мысалы, М. Шолоховтың «Тынық Доны» мен «Көтерілген тыңын», Л. Толстойдың «Анна Каренинасы» мен «Соғыс және бейбітшілігін» дұрыс аудару үшін қазақ тілі мен әдебиетінің икем, орамы соған жететін деңгейде болу керек қой. Ал қазақ әдебиет тілінің мүмкіншілігі осы деңгейден табылып, орыс әдебиетінің әлгі аталған ұлы туындылары қазақ оқырмандарына жетті. Сонымен бірге Хамза Есенжанов сықылды прозаның «Тынық Донды» аударысуы оның «Ақ Жайық» романының стиліне себі тимеді деп ешкім айта алмайды.

Октябрь социалистік революциясының ұлы жеңісінің бірі — халықтар достығы мен пролетарлық интернационализм идеясының салтанат құруы. Социалистік реализмнің тұрақты принциптері қатарында бұл идея совет әдебиетінің негізгі сипатына жатады. Ал қазақ жазушыларының тәуір деген белгілі шығармаларының қай қайсысын алсақ та, біз олардың осы идеяны өзек еткенін көреміз—ол не тікелей әр ұлт адамдарын шығармаға қарманы ретінде қатыстыру арқылы көрсетеді (С. Сейфуллиннің «Қызыл сұңқарлары» мен «Тар жол, тайғақ кешуі», Б. Майлиннің «Азамат Азаматовичі», М. Әуезовтың «Өскен өркені», С. Ерубаевтың «Менің құрдастарым», Ғ. Мүсіреповтың «Оянған өлкесі» мен «Қазақ солдаты», С. Мұқановтың «Ботакөзі» мен «Сырдариясы», Ғ. Мұстафиннің «Қарагандысы» т. б.), не басқа ұлт адамын кірістірмеген жағдайда, халықтар арасындағы достық, интернационалдық рухты шығарманың пафосы етіп алу арқылы көрсетеді.

Халықтар достығы әдебиеттер достығын туғызды. Достықтың бұл түрі әдебиеттердің бір-бірінен үйрену,

үлгі алу, өзара тақырып алысу, образ, сарын, сюжет ауысу жағдайымен байланысты. Бұған көркем аударманың, әдебиет қайраткерлерінің достық қарым-қатынасының ұлғаюы (жеке адамдардың байланысы, әдеби апталық, он күндіктер, пленум, съездерге қатысу, танысу т. т.) сықылды факторлар мүмкіндік жасайды.

Ұлт жазушыларының өзара достық қарым-қатнастарының жөнге салынуына да ынта қойған Горький болатын. Ұлы ұстаздың ықылас, нұсқауымен Қазақстанға отызыншы жылдары тұңғыш рет Л. Соболев бастаған орыс жазушылар бригадасы келуінен бастап, соңғы отыз, отыз бес жыл бойында қазақ жазушыларының орыс жазушыларымен достық байланысы, кейінірек украин, өзбек, қырғыз, түркмен, тәжік, татар, башқыр, грузин тағы басқа Советтік ұлт жазушыларымен қарым-қатнасы жылма-жыл нығая түсіп, бүгінде әдебиеттер достығының түбегейлі факторы болып алды. Бұл байланыста орыс тілі мен орыс әдебиетінің ролі үздік үлкен. Орыс тілі арқылы қазақтың құнды шығармалары бүкіл одаққа және дүние жүзіне танылады. Сонымен бірге айрықша айту керек, жарыса өскен барлық ұлт әдебиеттерінің алдыңғы қатарында ұлы орыс халқының әдебиеті көркемдік дамудың көптеген тың проблемаларын шешуде әрдайым авангардтық роль атқарып, күллі көп ұлтты совет әдебиетінің ауыр жүгін арқалауда.

Совет әдебиеті жаратылысында жаңа және жаңашыл әдебиет. «Жаңа» мен «жаңашыл» екі айырым ұғым. Кейбір әдебиет жаңа пайда болғандығымен «жаңа» әдебиет аталуы мүмкін де, ал бірақ адамзат атаулының көркемдік дамуына жаңадан мардымды ештеңе қоспаса — ол «жаңашыл» әдебиет емес. XX ғасырда реакцияшыл империализм идеологиясы туғызған модернизм әдебиетінің өкілдері өздерін «жаңа әдебиет» өкілдеріміз деп есептейді. Шындығында осы жаңа әдебиет пе? Жоқ! Оның өнерге жатпайтын формальдық жөнінен шым-шытырық шатпағының «жаңалығын» (бұрын болмағандығын) шартты түрде «жаңалық» демесе, адамзат өнерін идеялық-эстетикалық құндылық жөнінен байытатын жаңалық емес.

Совет әдебиетінің жаңа әдебиет болатыны — ол адамзат тарихында жаңа дүниенің есігін ашқан социалистік революция дәуірінде туып, сол дәуірдің халықтар өмірі-

не әкелген жаналығын, жаңа адамның коммунистік мұратын жырлайтын әдебиет. Сондай-ақ оның жанашыл әдебиет болатыны — ол заманның ең озат философиясы — марксизм-ленинизм білімімен қаруланып, ең озат творчестволық әдісі — социалистік реализмді игеріп, дүниежүзі көркемдік даму процесін ілгері бастырған әдебиет.

«Ілгері бастыру» дегеннің мағынасы не? Ол — адамзат өнерінің баяғыдан бері белгілі заңдылықпен өсіп, өрбіп келген көркем тәжірибесін, эстетикалық мәдениетін сол заңдылықпен одан әрі дамыта жалғастыру деген сөз. Бұл бағыттағы көркемдік дамудың негізгі арнасы реализмге саяды. Совет әдебиеті сол реализмді социалистік революция дәуірінің мазмұнымен байытып, оның эстетикалық принциптеріне жаңа сапалық өзгерістер енгізді, сөйтіп реализмді жаңа биік дәрежеге жеткізді. Ол — социалистік реалистік реализм биігі. Сондықтан совет әдебиетімен қатар бүгінгі бүкіл дүние жүзінің прогресшіл әдебиетінің де мезгейтін биігі осы. Бірақ бұл биіктің шырқау шыңына шығу яғни социалистік реализм әдісін емін-еркін игеру — бір заматтың және әлдекімнің оңай орындай қоятын ісі емес. Ол талант иелерінің ұзақ еңбектеніп, қарулануымен, үлкен даярлық шабуылымен алынатын қиын қамал.

Қазақ совет әдебиетінің әуелден-ақ қадам басып түскен жолы сол қиын да болса сенімді, нысаналы социалистік реализм шыңына апаратын жол еді. Бұл жолдың өзі әрбір қаламгердің өзіндік соқпақ, сүрлеуімен салынған жол болатын. Кеше ғана Абай мектебінен өткен С. Сейфуллин, Б. Майлин, М. Әуезов, І. Жансүгіров, С. Мұқанов сықылды жас жазушылар Октябрь асуына келгенде барлығына ортақ демократиялық-ағартушылық дәстүрмен келсе де, алғашқы кезде әрқайсысы өзіне тән кейбір ерекшелігін де сақтағанын көреміз. Мысалы С. Сейфуллинде революциялық романтика сарыны, Б. Майлин мен М. Әуезовте сыншыл реализм сарыны, І. Жансүгіров пен С. Мұқановта фольклорлық сарын басым болды.

Бірақ бұл сарындардың қай-қайсысы болғанмен, социалистік реализмнің қалыптасуына кедергілік жасаған жоқ, қайта элемент түрінде жаңа әдістің құрамына етене кірігіп, сіңісіп кетті. Осының өзі социалистік реализм арнасының кеңдігін, оның «асказаны» қандай стильдік

ағымның болса да тәуір дәстүрін қабыл алып өз принципіне сай қорыта алатынын аңғартты. Сонымен бірге ол халықтың мәдени мұрасының бірден-бір мираскері екенін танытты. Пролеткульттің теріс әсерімен Қазақстанда кейбір әдебиет сыншыларының Абайды, Сұлтанмахмұтты, халық творчествосын жат көргеніне қарамастан, іс жүзінде қазақ совет әдебиетінің қайраткерлері ол бұлақтардан ешқашан қол үзген емес. Ол былай тұрсын, кей реттерде фольклорлық мұраны талғамаушылықтан, керісінше, жазба әдебиет шығармасының ауыз әдебиетінен айырмасы болмай қалатыны да бар. Бірақ бұл мәселенің екінші шегі.

Бізде кейбір әдебиет зерттеушілері қазақ совет әдебиетінің социалистік реализм негізінде қалыптасу процесінің қиындығын ескермей, оны оп-оңай құрала салған бірдеңе етіп көрсетеді. Олардың ойынша, кімде-кім қолына қалам алып, Совет өкіметін қабылдаған заматта-ақ, бұрынғы киімінің бәрін сыпырып тастап, шинель киіп, беліне қылыш байлағандай, социалистік реализм әдісімен қарулана қойған сияқты. Шындықта олай болған жоқ. Совет әдебиетінің болашақ кадрларының қайсысын алсаңыз да, олар революцияға дейін әкелген азынаулақ болса да ескілікті ұғымдарының жұғынынан творчестволық тәжірибеде бірте-бірте арылып, жаңа ұғымды бірте-бірте бойына сіңіргені белгілі. Сол себепті бірінші қиындық — ұғымның (кең мағынасында дүниеге көзқарастың) қалыптасу процесі болса, екінші қиындық — қалыптасқан ұғымның көркем творчествода жүзеге асу процесі. Қиындықтың осы екі түрі совет әдебиетінің тек алғашқы кезеңіне тән деу ағаттық болар еді. Ол барлық кезеңге хас қиындықтар. Мәселе — бұл қиындықтарды кім қалай кешіреді басынан — міне сонда. Мұны шешетін факторлар: *еңбек, мәдениет, талант*. Қазақ совет әдебиетінің бастаушылары болсын, одан кейінгі буындар болсын социалистік реализмге әрқайсысы әртүрлі әзірлікпен, әр түрлі мүмкіндікпен келіп, әрқайсысы оны әрқалай игеріп, заман шындығынан көркем шындық жасау проблемасын әркім өз шама-шарқынша шешті. Қазір де солай.

Әрине, социалистік реализм, көркем шындық деген түсініктердің теориялық анықтама алуы беріде. Әйткенмен оның принциптері, жеке алғанда, әуелден белгілі. Мысалы өмір шындығын шын және көркем суреттеу,

идея мен көркемдіктің, мазмұн мен түрдің бірлігін сақтау, партиялық принципті мықты ұстап, партия мен халық ісіне қызмет ету, социалистік мұратты жырлау, өткендегі мәдени мұраны сын көзімен қарап пайдалану, жаңа социалистік мазмұнға лайық жаңа түр табу сықылды мәселелер маркстік-лениндік эстетикада көптен-ақ анықталған категориялар. Осының бәрі социалистік реализмнің идеялық-эстетикалық принциптеріне жататын мәселелер. Бұлар қазақ совет әдебиетінің елу жыл бойы бетке ұстап, мақсат тұтынып келе жатқан жоғары идеялық пен көркем шеберліктің түйінді мәселелері. Күрес пен жеңісте қиындық пен қате де; еңбек пен ізденісте жетістік пен кемістік те осы маңда болды. Өскелең жас әдебиеттің және оның жанашыл әдісі социалистік реализмнің қалыптасу, даму, өсу жолындағы заңды құбылыс болғандықтан, әлгі жаңа принциптер үшін күрес барлық тақырып, барлық жанрға қатысты еді. Соның ішінде Отан тақырыбы, халық образы ылғи алдыңғы шепте тұрады. Өйткені Октябрьде туып, Ленин идеясынан рух алған Социалистік Отан, оның тірегі — көп ұлтты совет халқы — ақын, жазушылар үшін ең қымбат дүние сол. Басқа ұлт әдебиеттері секілді қазақ совет әдебиетінің де барлық кезеңде сүйікті тақырыбы Отан мен халық тағдыры болуы сондықтан. Социалистік Отанның Азамат соғысында өткен тар жол, тайғақ кешуі, революциядан кейінгі аштығы мен азабы аралас шиеленіскен ауыр тап күресі жылдары, Ұлы Отан соғысы тұсында қан кешкен қатерлі жолы, соңғы жиырма жыл ішінде коммунистік құрылыстың керуенін бастаған кемеңгерлік ролі — қазақ әдебиетінің барлық жанрына желі боп тартылған өзекті тақырып осылар. Қаһарман халық образы осындай Отан тарихының асу-асу ірі кезеңдерінде алынып, өзінің алын тұлғасымен алуан сырлы, көп қырлы қасиет, сипатымен көптеген көрнекті туындыларға коллективтік кейіпкер келбетінде көрік беріп, ұйтқы болды. «Тар жол, тайғақ кешу», «Ботакөз», «Дала», «Азамат Азаматыч», «Өмір мектебі», «Күн тіл қатты», «Ақ Жайық», «Қан мен тер», «Қаһарлы күндер», «Портреттер», «Менің Қазақстаным», «Мен — қазақпын» т. б. шығармалардан әуелі коллективтік халық образы көз алдыға келеді. Сонымен бірге халық тарихта қозғаушы күш ретінде көрінеді. Совет жазушыларының тарихи роман, поэмаларында да халықынжық, жасық, тағдырға мойын сұнған момақан тобыр

емес; нанымы бар, кекшіл, қайратты еңбекші бұхара кейіпінде суреттеледі. Бұл-дағы совет әдебиетінің жаңашыл тұрғысының айғағы болып табылады.

Айта кету артық емес, халық образы дегенді бізде кейде теріс ұғушылық та болып қояды. Олай ұғатындар мәселені шығармада қалың топ, көп герой көрсету деп біледі, тіпті, оны әрі-беріден соң геройсыздықпен ұштастыратындай. Дұрысында, халық образының айқын көрінуі үшін бұл айтылғандар шарт емес. Халық характері, халық образы, оның сомдығы, тереңдігі, айқындығы герой санымен емес (фон, орта жасау үшін әрқилы адам образдары алынуы орынды), негізінде халық өкілдерінің образы мен характерін *типтендіріп*, терең ашып, тұлғалы түрде көрсету арқылы жасауға тиіс. Сонда бұл — саннан гөрі *сапалық* мәселе. Проблеманың қиындығының өзі осында. Халық образы повесть, роман, поэма, драма сықылды сүйекті жанрларда эпикалық-драмалық геройлар образы арқылы жасалса, кіші-гірім жанрларда, әсіресе лирикада ол міндет автордың яки лирикалық геройдың бейнелі ой, сезімі арқылы көрініс береді. Мысалы, Ілияс Жансүгіровтың «Шаттық жыры» деген толғау өлеңінде «Дала» поэмасының ізімен бүгінгі бақытын тапқан қазақ халқының образы ақынның шынайы шаттық сезімімен өріліп, өзінің тарихи тағдырының негізгі сипаттарымен бейнеленген:

Алғанда халқым тауып күткен бақытын,  
Қалайша қарыштамай күйбең қақтым?  
Ақынның айқайы аспанды алмайтын ба?  
Дабыс жарғанда жер біздің жақтың.  
Байтақ ел, байсалды өлке — Қазақстан,  
Біріміз — он бірінің Ұлы Одақтың,  
Дәуірлеп, дәурен өрлеп тұрған еліміз,  
Азат боп түрмесінен қанды азаптың.  
Таңынан тарихының толғаны осы —  
Ерікті ел Қазақстан ер қазақтың.  
Елімнің шаттығынан шалқып жырым,  
Мен де айдап өлеңімді өрге тарттым.

Мұнда халық образының аясында Отан мен халық тағдыры ажырамас жарасымды бірлікте сипатталуымен қатар, халық пен ақын арасы да соған орай қайнап біткен тұтастық күйде көрініс тапқан.

Осылай жаңа әдебиеттің жаңашыл әрекет ізденістері коммунистік партия мен совет үкіметінің, Социалистік Отан мен Совет халқының, совет халқы мен жеке ақын-

ның бірлігін; совет халықтарының өзара ынтымақ, достығын барлық жанрда социалистік шындықтың басты жеңісі, жаңалықты сипат, белгілері екенін анықтап, оларды социалистік реализм шығармаларына арқау етті.

Әдебиет тірлігі адаммен. Оны адам жасайтындықтан ғана емес, адам туралы және адам үшін жасалатындықтан. Әдеби шығармада адам герой ретінде баттыып көріне бермеуі де мүмкін. Бірақ, көрінбегенмен, оның бейнесі, тынысы, «иісі» сезіліп тұруы міндетті. Қысқасы, адам — әдебиеттің жүрегі, адам өмірін бейнелеу — әдебиеттің түбегейлі мақсаты. Дүние жүзі әдебиетінің бұрын-соңды жасалған онды үлгілерінен реалистік көркем туындыға үнемі өзек болған адам өмірін, адам образын көреміз. Сондықтан әдебиеттің дүние танытқыш және тәрбиелік құны адам өмірін қаншалықты толық, терең, нәзік суреттеуімен өлшенбек.

Қазақ совет әдебиеті профессионалдык бағыт ұстап, заман талабын орындауға кіріскен алғашқы кезден бастап-ақ барлық жанрда осы мақсатқа жұмылды. Әуелі ол көбіне арнау, баяндау, сырттай сипаттау түрінде белең берсе, барған сайын адамның ішкі өміріне үңілу, «жүрек түбіне терең бойлау» (Абай) тәсіліне ойыса бастады. Ал Б. Майлин, М. Әуезов шығармаларында адам образы алғашқы жылдардың өзінде ішті-тысты сипат, сырларымен орын теуіп, көзге түскенін білеміз. Бұрын көркем реалистік прозаның дәстүрі жоққа тән жас жазба әдебиет үшін жалпы адам характерін суреттеу тың жаңалық боп табылса, революция оятқан жаңа адамның характерін, оның құралу, қалыптасу, шындалу диалектикасын жете танып, жеткізе бейнелеу — алда тұрған әсіресе маңызды, асқаралы міндет еді.

Жаңа адам — азат адам. Ол ескілік жүгінен бірте-бірте арылып жаңа дүние, жаңа өмір жасаушы күрескер, құрылысшы, еңбеккер. Оның әдебиетте көркем образын түю — қазақ ақын, жазушыларының жарты ғасыр бойы жан сала мақсат тұтқан негізгі мұрат-мүддесі боп келеді. Бұл барлық кезеңде, барлық жанрда өзінің орасан қиындығын, көп қыр-тылығын көлденең тартқан күрделі проблема. Бұл кәзір де, келешекте де социалистік реализм әдебиетінің үздіксіз шеше беретін түбегейлі проблемасы. Қазақ әдебиетінің елу жыл ішінде қол жеткен табыста-



рын қорытқанда, ең үлкен көрсеткіш болатын жай — ол осы проблеманың қай дәрежеде қалай шешілуі, жаңа совет адамы образының қандай үлгі, өрнектерінің жасалғандығы. Осылай қарасақ, қазақ әдебиетінің елу жылдық образдар галлерейасы — өз алдына ұлан-асыр дүние. Мұндағы әрбір образ әр тұстағы жаңа адамның көзқарас, мінез-құлық, сана-сезімі туралы мәлімет түйеді. Мысалы әр кездегі әркілі поэзиялық, прозалық, драмалық шығармаларда күн іспетті Ленин образының төңрегінде мына сықылды образдар галлерейға қосылды: революцияға қатысқан азамат; еркіндік алып, еңсесін көтерген кедей, жалшы; азаттық, теңдік алған әйел; жарыққа ұмтылған жалынды жас; социалистік еңбекке жұмылған жұмыскер, колхозшы; Отанын қорғаған жауынгер, патриот; үкімет басқарған халық перзенті, қоғам қайраткері, коммунист; табиғат сырын ашып адам игілігіне пайдаланған ғалым; мәдениет бағын гүлдендірген халық таланты. Мұның бәрі совет халқының, совет адамының өсу, өркендеу жолын көркем жүйемен айқын анықтайтын, жаңа дүние құрушы жасампаз адамның алып тұлғасын көп қырлы, алуан сырлы характерін әр жағынан алып бейнелейтін образдар. Поэзияда, айталық, жоғарыда ескерткендей, бірқатар образдар жалпы топшылау арқылы (кедей, жалшы, әйел, жұмыскер, қызыл әскер, комсомол, азамат т. б.) берілсе, бірқатар образдар өз есімдерімен аталып, белгілі сюжет желісіне байланысты тиянақты түрде бой көрсеткені белгілі. Б. Майлиннің көп өлеңдеріне тұрақты герой болған Мырқымбай; А. Токмағамбетов өлеңдерінде жырланған Фатима, Сәуле; Қ. Әбдіқадыров өлеңдеріндегі Шойқара; С. Мұқанов поэмасындағы Қозыбақ, Гүлжан; Ә. Тәжібаев поэмасындағы Құлқара, Қ. Жұмалиев поэмасындағы Ержаукен т. б.— бұлар жиырмамыншы жылдары поэзияда нақты жаңа адам образдарының жүйесін бастаған алғашқы геройлар болатын. Жағымды образдар жүйесі де осылардан басталады. Бұлар қандай сипаттарымен бой көрсетті? Тап күресінде оны мен солын танып сана-сезімі оянған қазақ кедейлері мен әйелдерінің азаттық жолында ескілік тұсауын қиып, жарық дүниеге шығуы — аталған геройлардың негізгі сипаты. Сондай-ақ ол тұстағы прозалық, драмалық шығармаларда жасалған Еркебұлан (Сәкеннің «Қызыл сұңқарлары»); Сәкен және оның жолдастары (С. Сейфуллиннің «Тар жол, тайғақ кешуі»);

Бұзаубақ, Гуля (С. Сейфуллиннің «Жер қазғандары»); Зейнеп, Құлпаш, Раушан (Б. Майлиннің осы аттас әңгіме, повестері); Күсен (Ғ. Мүсреповтың «Қос шалқары»); Ер Шойын (Ғ. Мұстафиннің осы аттас әңгімесі); Қошан (Ө. Тұрманжановтың «Қошан кедейі») т. б. образдар жаңа адамның жағымды образдарын толықтыра түсті. Ол тұста тарихи және ертегі, аңыз тақырыптарға алғаш барып, бұл салада алғаш із салған Иса Байзақовтың «Кұралай Сұлу», Сәбит Мұқановтың «Сұлушаш» поэмалары мен Сәкен Сейфуллиннің «Айша» повестін, Мұхтар Әуезовтің «Еңлік—Кебек», Өмірбек Оспановтың «Зарлық» пьесаларын және ондағы бас бостандығы үшін аянбай алысқан намысшыл, қайратты, жүректі қазақ жастарының жарқын образдарын қоса айту керек.

Бұдан біз не көреміз? Бұдан жас қазақ совет әдебиетінің алғашқы қадамынан бастап барлық жанрда, барлық тақырыпта адамға көп назар аударғанын көреміз, баяғыдан талпынып жарық дүниеге ұмтылған жалынды жастар мен революциядан кейін сол дүниені өз қолымен орната бастаған жаңа күрескер, құрылысшы еңбек адамының жағымды образын жасауға тұңғыш қадам басқанын көреміз.

Бұл сол әдебиеттің қалыптасу кезеңі делінетін бастапқы он бес жыл ішіндегі елеулі табыстарына жеткізген *іздену* қадамы еді. Ал отыз-отыз бес жылға созылған келесі кезендерді алып қарасақ, мұнда енді есейген, тәжірибе алған, кадры өсіп, молайған ересек әдебиетіміздің үлкен өріске шығып, жаңа биіктерге бағыт алғанын анық байқаймыз. Ол тұста жылдан-жылға қатары толығып, қарыштап биіктен-биікке құлаш ұрған ақын, жазушылар тобын бейнебір альпинистерге ұқсатуға болатындай. Олардың талабы күшті, мақсаты жарқын, тартымды: жолы ауыр, тайғақ — қызығы да, қиындығы да көп, сәті мен сәтсіздігі, табысы мен қапысы аралас соқпақсыз соны жол. Қазақ әдебиетінде әрбір жанрды игеріп, шоқтықты туынды жасау — альпинистердің асқар таудың әрбір із түспеген шоқысын жеңіп алғанмен барабар. Мысалы, отызыншы жылдары поэзияда поэма жанрын игеру талабы Ілияс Жансүгіровтің «Күйші», «Құлагер»; С. Сейфуллиннің «Қызыл ат», «Альбатрос»; Т. Жароковтың «Күн тіл қатты», «Тасқын»; Ә. Тәжібаевтің «Тараспен әңгіме», «Абыл»; Д. Әбілевтің «Алтай жүрегі», Ж. Саинның «Күләнда»; Ө. Тұрманжановтың «Пулемет» поэмаларын

туғызды. Прозада роман жанрын игеру талабы Б. Майлиннің «Азамат Азаматыч», С. Мұқановтың «Ботакөз», С. Ерубаеттың «Менің құрдастарым», І. Жансүгіровтың «Жолдастар» романдарын туғызды. Драматургияда осы талап Б. Майлинның «Талтаңбайдың тәртібі», «Майдан»; М. Әуезовтың «Түнгі сарын», «Айман-Шолпан»; І. Жансүгіровтың «Турксиб»; Ғ. Мүсіреповтың «Қыз Жібек», «Қозы Көрпеш — Баян сұлу», «Аманкелді»; С. Камаловтың «Ер Тарғын» пьесаларын туғызды. Бұлар аталған жанрлардың бір жөн тәуір деген туындылары. Мұнда адам образын сомдап, адам характерін терең ашу міндеті жаңа дәрежеде орындалды. Қайсар, Жамал («Таскын»); Ер Нахим, Ер Саким («Пулемет»); Азамат («Азамат Азаматыч»); Асқар, Ботакөз, Амантай («Ботакөз»); Рахым, Лиза («Менің құрдастарым»); Сатан, Мәмбет («Жолдастар»); Досан, Орынбай, Шахмұдов («Майдан»); Жантас, Танеке, Сапа («Түнгі сарын»); Аманкелді («Аманкелді») т. б. образдар революция жолында қайрат істеген жаңа адам бейнесін әр қырынан суреттеп, совет әдебиетінің бұл бағытта тағы бір қадам ілгері басқандығын дәлелдеді.

Бірақ сонымен қатар, әрине сәтсіз шыққан сұрқай, татымсыз шығармалар да аз болған жоқ. Сәтсіздіктің үлкен себебінің бірі — адам образын түюдегі үстірттік, жалаңдық, біржақтылық. Мұның арғы атасы натурализм — схема, плакат, штамп. Бұл тек сол кезеңнің ғана емес соңғы он жылдардың да әдеби процесінің дамуына, әдебиет сапасының көтерілуіне кедергі жасап келе жатқан шырмау, шикілік. Шырмаудан арылу амалы — қашан да еңбек, ізденіс, білім, мәдениет көтеру, шеберлік шындау, түйіп айтқанда, реализмнің творчестволық принциптерін мүлтіксіз жүзеге асыру ғой. Ал реализмнің басты принципі — адамды қоғам өмірімен байланысты алып, оның сол қоғамдағы орнын, атқаратын қызметін, істейтін еңбегін, тұрмыс күйін типтік жағдайда шыншылдықпен суреттеу, оның характерін шын типтік сипаттарымен ашып, ақиқат даралық қасиеттеріне қиыстыра бейнелеу десек, осы принцип қазақ әдебиетінде ұзақ уақыт үлкен қиындығымен бірте-бірте жеңіс тауып келе жатқанын айтуымыз керек. Мұның айқын көрінісі әсіресе роман жанрының дамуынан байқалады. Сонау «Тар жол, тайғақ кешуден» бастап, екі ортада «Адасқандар», «Жолдастар», «Азамат Азаматыч», «Менің құрдастарым»,

«Қазақ солдатты», «Қараганды», «Оянған өлке», «Сырдария», «Күткен күн», «Қаһарлы күндер», «Дәмелі», «Шалғай шепте» бар, роман жанрының дамып жеткен шырқау биігі «Абай жолы» эпопеясына дейін қазақ романының реализм үшін күрескен *қасқа жолы* жатыр. Оның бер жағында осы жанрға және Октябрь тақырыбына жанадан олжа салған «Ақ Жайық», «Өмір жолы», «Қан мен тер» трилогиялары; «Тоқаш Бокин», «Дауылдан кейін», «Көз көрген» романдары; бүгінгі осы заман проблемаларын батыл қозғаған «Ақбоз ат», «Теміртау», «Доктор Дарханов», «Сенім», «Өскен өркен», «Жапандағы жалғыз үй», «Бақыт», «Айқас» т. б. романдар халқымыздың революциялық тарихын жаңа қырларынан алып зерттеп, социалистік құрылыстағы ерлік еңбегін көрсету үшін жана ізденістер жасағанын айқындайды. Соңғы жылдары «Абай жолы» дәстүріне иек артып, халықтың өткендегі ардагер адамдарының өмірін суреттеуге арналған «Қайран шешем», «Ақын арманы» романдары да, кем-кетігіне қарамастан, әдебиетте реалистік принципті бекітуге үлес қосқан туындылар.

Романдармен қатар повесть, әңгіме жанрының да даму фактылары қазақ прозасының реализм бағытындағы ізденіс амал-әрекеттерін аңғартады. Бұл салада ондаған повестер мен әңгімелер туғанын, оның ішінде атап айтсақ, соңғы он — он бес жыл бойында ауызға ілінген «Алғашқы айлар», «Өмір ұшқыны», «Инеш», «Түйелі адам», «Жасыл белес», «Талғат», «Ақмарал», «Ана махаббаты», «Махаббат жыры», «Дала сыры», «Қоңыр күз еді», «Мезгіл», «Маздақ», «Күтем сені, Дидар» повестері мен Ғ. Мүсіреповтің, Ж. Жұмахановтың, Т. Әлімқұловтың, Қ. Ысқақовтың, С. Мұратбековтың, Ә. Таразидың т. б. әңгімелерін айтсақ, бұлар, жеке кемшіліктері бола тұрса да реализм әдісінің қазақ прозасында үстемдік алып, көркем әдебиеттің шалағайлық пен натуралистік шырмаудан арылып келе жатқанының айғағы болып отыр.

Қазақ прозасының реалистік күш-қуатын нығайта түсуге кейінгі жылдары кең қанат жайған мемуарлық жанрдың үлгілері тиісті еңбек сіңіруде. Осы қатарда Б. Момышұлының («Офицер дәптері», «Москва үшін шайқас», «Генерал Панфилов»), М. Ғабдуллиннің («Майдан очерктері»), Қ. Қайсеновтың («Партизан әңгімелері»), Ә. Шәриповтың («Партизан қызы») әскери мемуарлары, тарихи белгілі адамдар өмірінің материалы-

на құрылған Ж. Арыстановтың «Қыран да жерді мекендейді», Ш. Өтеповтың, Т. Жанкелдиннің документалдық кітаптары ауызға түседі. Бұлар мағлұматтың нақты өмір болмысынан ойып алынған деректілігімен және дәйектілігімен қымбат.

Прозада реалистік дәстүрдің қалыпташу процесі туралы айтылғанда поэзия мен драматургия саласы жөнінде де сөз болуы қажет. Әрине, реализм принципі, әсіресе, оның адам образын бейнелеу принципі, көркем поэзия, драматургия жанрларының өзіндік ерекшеліктеріне байланысты өзгешерек қалып көрсетеді. Мұнда лирикалық геройдың ой-сезімінің сенімді растығы, маңыздылығы, драмалық характердің шыншылдығы, шиыршық атқан динамикалылығы, тартыста от ашқан уыттылығы зор роль атқаруға тиіс. Осы тұрғыдан Асқардың, Әбділданың, Ғалидың, Сырбайдың, Тұманбайдың, Сағидың, Ізтайдың, Қадырдың, Жұмекеннің, Тұрсынзаданың, Бекеннің, Қайраттың, т. б. лирикасы; Әбділданың, Хамиттің, Қалижанның, Жұбанның, Мұзафардың, Ғафудың, Қабдікәрімнің, Олжастың, Мұқағалидың, Еркештің, т. б. поэмалары қазақ поэзиясында реалистік сарынның жаңа өктем үнін, нәзік сыршылдық лебін сездіруде; бүгінгі совет адамының, ұлы коммунистік құрылыстағы замандасымыздың мұң-мүддесін, арман-мұратын нанымды да әсерлі жырлауда.

Сол сықылды республикалық және облыстық театрларда қойылып, оқырмандар назарын аударған «Ақан сері, Ақтоқты», «Майра», «Достық пен махаббат», «Бөлтірік бөрік астында», «Көңілдер», «Той боларда», «Сәуле», «Рабиға», «Ақын жүрегі», «Боран», «Қара көз қарындасым», «Адасқан қаз», «Сөнбейтін от», т. б. пьесалар әрқилы шикіліктеріне қарамастан, шыншыл драмалық образдар жасау ісін ілгері бастырған шығармалар.

Аталмаған автор, айтылмаған шығарма қай салада болғанмен көп-ақ. Олардың бәрін тізіп, шолу жасау бұл мақаланың міндеті емес. Мысалға алынған азынаулақ шығармалардың өзі талданған жоқ. Олар Октябрьде туған жас өскелең әдебиеттің реализм мен гуманизм бағдарында өткен бел-белестерін еске түсіру үшін тек тілге тиек ретінде ғана аталды.

Сайып айтқанда, қазақ совет әдебиетінің елу жыл бойы социалистік реализм негізінде даму, өрлеу заңдылығы

ғының ең түйінді мәселесі саналатын адам образын, адам характерін игеру жөніндегі табыстары барлық салада ұшан-теңіз. Сонымен бірге бұл салаларда әлі де жететін биіктер, әлі де жеңетін қиындық пен кемшіліктер де аз емес.

Реализмді меңгеріп, жоғары сапалы көркем туынды жасау әдісін игеру деген сөз — алдымен көркем шеберлікті игеру деген сөз. Онда олақтыққа, білімсіздікке орын жоқ. Шеберлік — ең алдымен көрегендік, өмір құбылыстарын жіті бақылап, қызыға зерттеп, терең сырын аша білушілік, маңызды фактыларды танып ажырата білушілік. Сондықтан біздің әдебиет кадрларымыз білім мектебімен қатар өне бойы өмір мектебін өтіп келеді. Баяғы Қазақстан халық комиссарлары советінің тұңғыш председателі болған революционер ақын С. Сейфуллиннен бастап, бүгінгі Қазақстан жоғары советінің депутаттары С. Мұқанов, Ғ. Мүсреповке дейінгі екі жүзден асқан қалам қайраткерлерін алсақ, олар әуелі азамат соғысында, кейін мәдени революцияда, тап күресінде, социалистік бесжылдықтар тұсында, Ұлы Отан соғысында, кәзіргі коммунистік құрылыс салаларында әрдайым алдыңғы сапта белсенді роль атқарып келгені аян. Бұл жай, бір жағынан, қаламгерлеріміздің халық өмірімен күресте де, творчествода да тығыз байланыстылығын, творчестволық принциптерінің партиялығын, халықтығын дәлелдесе; екінші жағынан, реализм мен шеберлік мақсатын дұрыс бағытта қарастырғанын аңғартады. Халық өмірімен байланысты, коммунистік, азаматтық тұрғыны бұрынғыдан да нығайта түсу (бұл ретте әлі де олқы, кем жатқан жақтарымыз жоқ емес) — алдағы уақытта әдебиеттің идеялық-көркемдік дәрежесін көңілдегідей көтерудің зор маңызды шарты боп табылады.

Шеберліктің тағы бір маңызды шарты (тура әдеби мағнасында бұл, әрине, негізгі шарт) — ол мәдениет өсіру, әдеби оқу, үйрену, творчестволық тәжірибе алу, іздену, машықтану, тіл ұстарту, өлең техникасын күйттеу т. т. Әдебиетіміздің елу жыл ішінде қол жеткен нендей жақсы жемісі болса, ол, сөз жоқ, шеберліктің осы шартының қалай да орындалуының нәтижесі.

Қазақ әдебиетінің азынаулақ алғашқы буын жазушылары Октябрьге ауыл мұғалімі дәрежесінде келіп қосылса (Сәкен, Бейімбет, Ілияс, Мұхтар), олардың ізін

баса шыққан бір лек жастар кешеуілдеп қалып кеше ғана сауатын ашқандар (Сәбит, Асқар, Өтебай, Жақан, Қалмақан, Ғалым, Тайыр, Әбділда, Қажым, Ғали), отыншы-елуінші жылдары қосылған жаңа топ қана жүйелі мектеп өтіп, білім алғандар (Дихан, Қалижан, Қасым, Жұмағали, Саттар, Сағыр, Хамит). Бұдан бастапқы буын қаламгерлерге әдебиет жүгін көтеру міндеті, әсіресе шеберлік өнерін күйттеу мәдениеті қаншалық бейнетке түскенін көру қиын емес. Шеберлік шындау әрекеттері мен ізденістері әуелден-ақ қолға алынған. Бірақ көп ретте мәдениет, білім саяздығы бірсыпыра ақын, жазушыларға оралғы болмай қойған жоқ. Әсіресе жанр, стиль, поэтика, сюжет, композиция мәселелерінің көпке дейін терең зерттелмей келгендігі бар. Ал сол тұстардағы түрлі сәтсіздіктің, шикілік, кемшіліктің бір сыпыра себептері шеберліктің осы категорияларына тіреледі. Бұрын профессионалдык, реалистік, классикалық үлгі дәстүрлері кем болған жас қазақ әдебиеті үшін шеберлік мәселелері әр кезде қиын да күрделі проблема болып келуі заңды-ақ. Ойсыраған кемшіліктер көбіне-көп шеберлік жетіспеуінен болғаны белгілі. Ақиқатына жүгінсек, аталған проблемаға жеткілікті көңіл бөлінбей келді. Сол себепті бүгін де көп жазушыларға жетіспейтін *шеберлік*, кең мағнадағы көркем шеберлік, ұсталық.

Реализм әдебиетінің ұлы жетістігі — адам жанының күрделі де нәзік құбылыстарын көркем бейнелеу. Лев Толстой орыс әдебиетін адам жанының диалектикасын көрсететін дәрежеге жеткізді ғой. Осы мақсат — бүгінгі біздің әдебиетіміздің де алдында тұрған ұлы мақсат. Бұл бағдарда қанша көп табысымыз болғанмен, оның әлі де алынып болмаған асқар биік екенін ескеруіміз керек.

Ұғу қиын адам жанын — білем мен.  
Қабағымнан не окисың түнерген.  
Мені білгің келсе қара көзіме,  
Мен жайында сұрамашы біреуден,—

дейді Тұманбай. Дұрыс айтады. Адамды ұғу үшін сырт мағлұмат жеткіліксіз. Оның көзіне қара, көңіліне үңіл, жүрек сырын ұғын.

Адамның жан құбылысы — оның рухани дүниесінің «ауа райы» — ол да бейнебір теңіз іспетті. Теңіздің құбылмайтын, құлпырмайтын кезі жоқ. Күннің, айдың, жылдың барлық мезгіл, мерзімдерінде оның не мұз жа-

мылып ұйықтап, не түрі-түсін өзгертіп тынып, тыныстап, не көбік атып тулап, не ауыр дем алып күрсініп, не ертегідегі дәулерше, я тордағы арыстанша гүжілдеп, күніреніп, бұлан-талан буырқанып жатқанын көресіз. Бірақ қандай күйде болғанмен, теңіздің өз сыры өзінде, тереңде, тұңғыықта...

Адам өмірін алып қарасаңыз. оның да сырт көрінісі сан алуан, қилы-қилы. Оның да сырт көзге көріне бермейтін, тереңде жатқан сыры, заңдылығы, мағнасы бар...

Теңізде біреу жүзеді, біреу малтиды, біреу сүңгиді; теңіз айдынын біреу қайықпен, біреу кемемен шарлайды, біреу оның тұңғыық түбіне түседі. Сонда әркім белгілі бір мақсат көздейді. Қандай мақсат көздегенмен — әрбір әрекет тұсында адам баласының теңіз әлемінен тобықтай болса да сыр түйетіні анық. Жазушы да сол тәрізді. Ол да адам өмірін теңізше зерттеп, теңізше таниды. Ол да жеке адамнан сыр түйіп, сол сырды бүкіл қоғам өміріне балап топшылайды, көркем жинақтап, қиялмен сараланған тип жасайды.

Сәкен Сейфуллин «Тар жол, тайғак кешуде» өзінің және өзі сықылды басқа да ұлттардан шыққан революционер-большевиктердің түрмеде, айдауда, өлім вагонында, қашуда бастан кешкен ауыр азабын, Ленин идеясына деген берік сенімінің терең сырын толып жатқан толғаныс арқылы түйді.

Ілияс Жансүгіров «Құлагер» поэмасында айнала ортасынан қуғын көріп қайғы шеккен, сүйгенінен, арманынан ажыраған, ақырында соңғы серігі, қанаты Құлагер аттан айрылып зарлаған ардагер Ақан ақынның — әншінің жан күйер трагедиялы күйін түйе білген.

Бейімбет Майлин «Азамат Азаматыч» романында аңдаусыз тап дұшпандарының тұзағына түсіп алданған Азаматтың қалай жөн тауып тұзу жолға түскен тайғак та толқымалы халін нәзік жүрек пернелерін басу арқылы түйген.

Сәбит Мұқанов «Ботакөзде», Ғабит Мүсірепов «Оянған өлкеде» Асқар мен Амантай, Байжан мен Бұланбай сықылды бұрын өздерінің табан ізін ғана білетін, көзқарасы тарын да шағын кісілердің таптық сана-сезімдерінің қалай оянғанын қиын-қыстау дүрбелең жағдайдағы жан тебренісі арқылы түйген.

Ең ақыры Мұхтар Әуезов атақты «Абай жолы» эпопеясында ұлы ақын Абайдың алпысты алқымдаған қи-



лы-қилы өмірінің қызық та қызмет құбылыстарын, оның «қырық жамау» (Абай) жүрегінің талай жан күйзелтер сырларын теңдесі жоқ шеберлікпен түйген. Осы арада Әуезовтің асқан шеберлігінің айырықша танылған бір қыры бар. Ол мынау: Абайдың өмірдегі қуаныш-қайғысымен қатар, әлеуметтік күрестегі талай-талай тартыс, қақтығыстарымен қатар, данышпан ақынның өлең туар шақтағы шарықтаған шабыты мен творчестволық психологиясын дәл басып, жеткізе бейнелеу Әуезовтің таптырмас табысы болды.

Қазақ әдебиетінің әр тұстағы жібі түзу туындыларынан үлгі үшін алынған осы азынаулақ мысалдардың өзінен біздің суреткерлеріміз адамның ішкі дүниесіне еніп, жан құбылысын, психологиясын бейнелеу жөнінде зор жаңалықтар ашқанын аңғартады. Бұл ретте біздің елу жастағы әдебиетіміздің әр салада айтарлық жетістіктері бар екенін және олардың бүгінгі таңда белгілі дәстүр боп қаланғанын дәлелдеуге болады.

Соңғы жылдары психологизм жаңа өріске бет алғандай. Ол әртүрлі бағдарда белең беруде. З. Шашкин романдарында («Теміртау», «Доктор Дарханов») ол ішкі монолог түрінде геройдың толқыған ой, сезімін суреттеу мақсатын көздейді. Ғ. Мүсрепов әңгімелерінде ол мақсат-ниетін романтикалық қиял шалған символдық геройдың ішкі арман жалынының шарпуын сездіру үшін қолданылады. Т. Әлімқұловтың «Ақбоз атында», әсіресе кейінгі әңгімелерінде психологизм геройдың іс-әрекетінің, творчестволық толғанысының сырын ашу үшін қызмет ететін көрінеді. Ә. Нұрпейісов пен Х. Есенжанов трилогияларында психологизм геройдың іс-әрекетінің себебін іздеумен бірге ішкі дүниесінің беймәлім қалтарыстарын қарастыратын сияқты. Ал Т. Ахтановтың «Дала сыры» повестінде ол негізгі геройы Қоспанның ауыр өмір талқысына ұшырап, көп нәрсе маңдайына тиіп күйзелген жағдайда бұрынғы ұғымының, сана-сезімінің жаңғырып, өзгеру процесін көзге елестеткен.

Прозада психологизмге ойысқан осындай бет алысты құптай, қолдай отырып естен шығармайтын бір жай, ол — психологизм дегенді модаға айналдырмау. Көркем бейнелеу жүйесіндегі психологизм атаулы өте бір қызық, күрделі, нәзік құбылысты «бояушы-бояушы дегенге сақалын бояйдының» керіне айналдырмау. Шынында психологизм тәсілін орынсыз, олақ қолданып, өңін ай-

налдырушылық сарыны кей кез бой көрсетіп қалып жүргендігі бар. «Доктор Дарханов» пен «Дала сырындағы» психологиялық толғаныстың оқушысын тым малтықтырып, кей-кейде сәл мөлшерден асып кететіндігін де құптай қою қиын.

Прозада болсын, поэзия мен драматургияда болсын, кейінгі кезде психологизммен қатар сонымен мақсаттас, сабақтас лиризм тәсілі орын тепті. Бұл екі тәсілдің өктем сарын ретінде қанат жаюына көбіне-көп дем беруші КПСС жана Программасында жазылған совет адамының моральдық кодексі. Ұлы коммунистік құрылыста азаматтық жана сипат алған бүгінгі замандасымыздың адамгершілік қасиеттерін зерттеп көркем игеру міндеті әдебиетімізде сол қасиеттерді үстірт, сырт баяндаушылықтан, добал, домбай пішіндеушіліктен нақты және нәзік бейнелеуге, ішкі сырын, құбылысын терең ашып, дәл басып суреттеуге мезгеді. Сондықтан адамның ішкі дүниесіне үңіліп, оның жан құбылысын, жүрек лүпілін пайымдау психологизм мен лиризм тәсілдерінің үлесіне тиген көрінеді. Жас ақын Жүсіп Қыдыров жалғыз шумақ «Құрылысшы» дейтін өлеңінде Совет адамының жүрек сырын көрсетуді нысана тұтқан.

Сала бер сәнді үйді көк тіреген,  
Алдағы бақыт үшін ел көрмеген.  
Жүрегің өмір сүйіп, от тілеген  
Шам болып көрінеді әр бөлмеден.

Бұл нысана лирика ғана емес, поэма мен драмалық шығармаларға да, тіпті прозалық шығармаларға да тән. Көп поэмалардың философиялық-лирикалық сипат алу себебі сондықтан.

Қалижан «Сұңқар туралы» атты лирикалық поэмасында лирикалық геройдың — автордың қысылшаң жағдайда Ленин образының жанына медет, жүрегіне демеу болғанын бүкіл совет адамына тән қасиет есебінде лирикалық арқаумен шебер түйген.

Бізді де жақаттаған зәбір-жала,  
Сондайда сүйенішің арың ғана.  
Тұрдым да қарап қалдым — Ленин өзі,  
Тұр екен күлімсіреп қабырғада.

Әбділданың «Портреттер», Жұбаннның «Мен қазақпын», М. Әлімбаевтың «Менің Қазақстаным», Қ. Ыдырысов-

тың «Әке тағдыры», Олжастың «Адамға бас и, жер, енді» атты философиялық-лирикалық поэмаларында совет адамының ерлік, патриоттық, адамгершілік қасиеттері әр қырынан алынып, публицистикалық толғау, лирикалық тебреністер арқылы көңіл аударып, әдемі әсер етеді.

Драматургияда психологизм мен лиризм өрнектері «Ана, жер-ана», «Сәуле», «Көңілдестер», «Ақын», «Адасқан қаз», «Боран», «Сәнбейтін от» спектакльдерінде көбірек көрініс береді.

Ешуақытта ешқандай көркем тәсіл, айла, амал, өзінше қаншама жақсы дегенмен, дербес тұрып яки дербес мақсат көздеп көркемдікке септігін тигізе алмақ емес. Ол ығытын тауып, орыны мен қисынын тауып, белгілі мөлшерде басқа компоненттермен қиыстыра да жарастыра қолданғанда ғана ойдағыдай нәтиже бермек.

Ұлы заман, ұлы халық әдебиетке де ұлы талап қояды. Ұлы талап ұлы идея мен ұлы жігер туғызады. Елу жыл бұрын Ұлы Октябрьде жаңа социалистік заманмен (эрамен) егіз туған қазақ совет әдебиеті партия жетегі мен қамқорлығының арқасында халықпен бірге есейіп, халық тағдырын, халық арманын жарты ғасыр бойы талмай да үзбей жырлап келеді. Сөйтіп, қазір ол социалистік шындықтың ықпалды да әсерлі көркем айнасына айналды. Бүгін Ұлы социалистік Отанымыз Октябрьдің елу жылдық асқар биігіне шыққан шақта осы биіктегі асқар талапқа жауап беріп, ауыр жүк көтеруге шамасы келетін тегеуірінді әдебиет дәрежесіне жетті.

СССР жазушылар Одағының IV съезінде көп ұлтты совет әдебиетінің елу жылдық даму қорытындысы жасалып, проза, поэзия, драматургия, сын және әдебиет тану, балалар әдебиеті салаларынан өз алдына баяндамалар жасалды. Бұл осы салалардың одақ көлемінде айтарлық табысы мен алда тұрған зор міндеті барлығын аңғартса, қазақ әдебиетінде де солай екенін айта аламыз. Бұған біз көркем аударма мен совет тұсында дами түскен халық поэзиясын қосар едік. Осылардың ішінен қайсысын алып қарасаңыз да, өскендіктің тамаша дәлелдерімен қатар совет әдебиетінің елу жылда қалыптасқан өз тәжірибесі, өз дәстүрі жасалғанын көресіз. Қазақтың халық творчествосы мен революциядан бұрынғы демократиялық әдебиетінің үстіне енді көп ұлтты социалистік реализм

әдебиетінің елу жылдық бай тәжірибесі мен жақсы дәстүрлеріне сүйенген соң, қазақ совет әдебиеті өзінің жаңашыл табиғатына сай қандай қиын проблема болса да жаңаша және тиімді шешерлік халде қазір. Бұл істің тетігі әдебиетімізбен ертеден бірге жасасып келе жатқан салдарлы сақа кадрлармен қатар жаңадан лек-легімен қосылып жатқан жас таланттардың қолында. Алғашқыларының тәжірибесі мол. Ал жастардың творчестволық тәжірибесі кем болғанмен, әдеби теориялық білімі, жалын атқан күш-жігері мол. Аға жазушылар мен жас жазушылар әке мен бала арасындағы мираскерлік дәстүр бойынша бір-бірімен алмасып, бір жағы эстафетаны (мұра мен дәстүрді) кейінгілерге бере білсе, екінші жағы оны талантпен талғап ала біліп, творчестволық жаңашылдықтың жеңісіне пайдалана білсе — көркемдік дамудың ұтқаны. Әдебиетіміздің өнімді ертеңіне деген оптимистік берік сенімнің де бір тірегі — міне осы.

Бүгінгі биік дәрежесіне бүгінгі таудай табыстарына бір кездегі жас, балаң қазақ әдебиеті қандай кедергі, қиындықтарды, қате, кемшіліктерді жою арқылы келіп жеткені белгілі. Жоғарыда айтқандай (ұлтшылдардың қарсылығы, ҚазАПП-тың қатесі, тұрпайы социалогизмнің зиянды шарпуы, қаламгерлердің кей тұстарда білім, мәдениетінің, тәжірибе, шеберлігінің кемістігі) — осының бәрі өр тұста кедергілік жасамай қалған жоқ. Бірақ революциядан рух алған, партиялық, халықтық принципті берік ұстаған жоғары идеялы социалистік реализм әдебиеті алдағы коммунистік нысанадан ешқашан ауытқыған жоқ, өзінің заңды дамуынан ешқашан тоқырап қалған жоқ. Ал қиындық пен кемшілікке келсек, олар қазір де аз емес. Бірақ ол буржуазия әдебиетіндегідей кері кеткендіктің емес, қайта өскелеңдіктің белгісі, ал кемшілігі — күнбе-күн космос жылдамдығымен жоғарылап отырған зор талапқа үлгіре алмаушылықтан туған және әлі де фольклорлық сарын, тәсілдерден, натуралистік жадағайлықтан, схематизмнен, олақтықтан құлан таза айығып болмау себепті созалаңдап келе жатқан кем-кетіктер. Бұларды жеңу әлі де оңай міндет емес. Неге десіңіз, талаптың өсуі — оқушының өсуі деген сөз. Шындыққа жүгінсек, бүгінгі оқушының идеялық және мәдени эстетикалық дәрежесі бірқатар жазушының дәрежесінен асып кетті. Ал мұндай оқушының талап-тілегін ондай жазушылар қанағаттандыра алмайтыны өзінен-өзі аян. Соң-

дықтан кәзіргі өскен оқушы мен жазушының білім, мәдени жарысында жазушы одан қалайда ілгері және жоғары тұруы керек, оқушысына жаңалық айтуы керек. Әйтпесе әдебиет шығармасы оған қызғылықсыз, әсерсіз, ешбір оны еліктірмейді де баурамайды, ештеңе бермейді оған. Ленин айтқандай, өнер халықты биік өреге көтеруі керек, жазушы оқушысынан сәл де болса алда болуы керек. Толдым-болдым деп тоқмейілісіп жүріп, тоқырап қалған, еріншектікке, бойкүйездікке ұрынған самарқау жазушы — космос заманының қарқынынан қалып қойған жазушы. Ленин нұсқаған биік те озық межеден ондай жазушы табыла алмақ емес. Ендеше ең алдымен қаламгерлердің философиялық, идеялық, эстетикалық тұрғысын нығайтып, бүгінгі таңдағы көптеген творчестволық проблемаларды көңілдегідей шеше алатын деңгейге жеткізу қажет. Социалистік реализмнің ұшан-теңіз бай мүмкіншіліктерін жүзеге асырып, бүгінгі тың кешкен қатқабат өмірімізді, бүгінгі заманның рухын, бүгінгі замандасымыздың ерлік характерін, жаңа моральдық, адамгершілік қасиеттерін жеті зерттеп көркем бейнелеу, сөйтіп, шытырман өмір шындығынаң саралап жарқын коммунистік мұратқа лайық, идеялық, эстетикалық әсерге бай көркем шындық жасау қажет...

Ұлы Октябрьге шейін талай-талай заман кешкен тарих жолын осы мақаланың кіріспесінде образды теңеумен бейнебір аспан төріндегі құс жолына ұқсатқанбыз. Сол шартты теңеуге енді қайта оралып, тағы бір айтатын сөз: елу жыл жасап, көркем шындықтың тыңына ұдайы соны із тастап, сүрлеу салып келген көп ұлтты Совет әдебиетінің де жосылған тарихи жолын қиялмен осынау шұғылалы құс жолына ұқсатамыз. Айырмасы-ақ: құс жолы жұлдыздар жүйесінен нұр алса, совет әдебиеті ұлы Ленин идеясынан, социалистік шындықтан, адамзаттың алдағы коммунистік арман-мұратынан күн алады.

## ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ ТУРАЛЫ ҒЫЛЫМ

Дүниеде қандай құбылыс болғанмен, өзге құбылыстармен байланыста және өзіндік заңдылықтарымен дамитыны аян. Осы байланыс пен заңдылықтарды нақты факты мен материалдарға сүйене отырып зерттеу, талдап, қорытынды жасау ғылымның міндеті. Ал ғылымның дамуы тарихи жағдайға, қоғамдық құрылысқа, білімнің, мәдениет пен өнердің дәрежесіне байланысты.

Қоғамдық сананың ерекше бір түрі көркем өнер мен әдебиет құбылыстарын да зерттейтін ғылым бар. Олар өнер тану, әдебиет тану ғылымдары. Бұл ғылымдардың зерттейтін объектісінен бұрын пайда болуы, тіпті, қатар пайда болуы мүмкін емес. Олар көркемдік дамудың мол тәжірибе алуының нәтижесінде туады. Көркемдік тәжірибеге іле туып, қатар өрбитін әр саланың көркем сыны. Сын өзі өрбумен бірге сол өзіне объект болған көркемдік дамудың процесіне ықпал жасап, өсуіне себепші фактор боп табылады. Сын өзінің жеделдігімен, белсенділігімен ғылымның алғы шебінде біртүрлі барлаушылық қызметін атқарып, болашақ ғылымның туып қалыптасуына да, одан әрі дами түсуіне де мұрындық болады. Мәдениеті озат елдердің тарихынан біз осыны көреміз.

Қазақ совет әдебиеті және оны зерттейтін қазақ әдебиет тану ғылымы — Ұлы Октябрь Социалистік революциясының бел баласы. Қазақстанда революцияға дейін ауыз әдебиеті мен оның жиналуы жайлы Ш. Уалиханов пен орыс оқымыстылары: В. В. Радлов, Г. Н. Потанин, Е. В. Аничков, П. Мелиоранский тағы басқалардың айтқандары ғана болмаса, шын мәніндегі әдебиет тану ғылымы жоқтың қасы еді. Осы ғалымдардың және бұрынсоңды көркем сөз қадірін біліп жинақтаған қазақ интеллигенциясының еңбектерін академик-жазушымыз

М. Әуезов қазақ әдебиет тану ғылымы дамуының алғашқы кезеңіне жатқызады.

Бұл кезеңде «жинақтау, жазып алу, ішінара жариялатып, орысшаға аудару ғана болды. Қазақ ауыз әдебиетінің көптеген үлгілері өзінің ғасырлар бойғы ауыз әдебиеттік қалпын жойып, тарихта бірінші рет жазба күйіне түсті. Бірақ әдеби мұра мен ауыз әдебиеті үлгілерін зерттеу этнография, тарих, тілдік жағынан тұтас алынып қарастырылғандықтан да әдебиет тану ғылымы жеке дараланып кете қойған жоқ» — деп жазды. Мұның өзі қазақта көркем әдебиеттің дамуы жайлы пікір айтып, талдау жасап отыратын әдебиет сыны мен әдебиет тану ғылымының кенже қалғандығына байланысты емес, белгілі бір тарихи жағдаймен, халықтың мәдени-экономикалық жағынан артта қалып, көшпелі өмір сүруімен және баспа орындарының болмауымен тығыз байланысты еді.

Әдебиет тану ғылымындағы мұндай олқылықтың орнын толтыруға қолайлы жағдай совет үкіметінің алғашқы жылдарында-ақ туа бастады. Бай ауыз әдебиеті мен аты белгісіз ақындар творчествосына, сондай-ақ Абай Құнанбаев, Ыбырай Алтынсарин, Сұлтанмахмұт Торайғыров шығармалары жайлы әдеби сын мен әдебиет тану ғылымының дамуына жол ашылды.

Бұл турасында В. Г. Белинскийдің әдебиет сынын «Жылжымалы эстетика» деген пікірін өрбіте келіп айтқан А. В. Луначарскийдің «Марксистік сын әрі ғылми, әрі өзіндік ерекшелігі бар көркем шығарма» деген тұжырымы дәл келеді.

Қазақ әдебиетінде әдебиет тану ғылымы ғана емес тіпті әдеби сынның өзінің де жүйелі дәстүрінің болмауы алғашқы кезде Қазақстанда әдебиет сыны мен әдебиет тану ғылымының қалыптасып кетуіне айрықша қиыншылықтар келтірді. Ол кезде советтік платформаны жақтаушы әдебиетшілердің өзі аз, саусақпен санарлықтай ғана еді. Мұның барлығы совет үкіметінің алғашқы жылдарындағы көркемдік ойлар мен ғылми-сын пікірлердің баяу дамуына белгілі көлемде әсер етпей қалған жоқ.

Бірақ қауырт уақыт талабы бұл жағдайларды есепке алып жатуға мұрша бермеді. Тез қарқынмен қаулап өсе бастаған революцияшыл жас қазақ совет әдебиеті мен оның қаламгерлерінің алдында ең әуелі марксистік-лениндік дүние танымды игеру міндеті тұрды. Бұл қиын

да игі міндетті сыншылар жүзеге асыру жөнінде акын, жазушыларға бірінші көмек көрсетуге тиіс еді. Әрине, ол кезде маманданған сауатты сыншылар жоқ болатын. Қазақ поэзиясы туралы және жалпы қазақтың өлең өнері жайлы «Айқап» журналында жарияланған С. Торайғыров мақалалары мен басқа да некен-саяқ пікірлер болса, олар сыншыл ойлардың тек алғашқы бастамалары ғана еді. Сондықтан да жиырмамыншы жылдардың басында әдебиет сыны мен әдебиет тану ғылым көтеретін мәселелерді сол әдебиет жасаушылардың өздері қозғайды. Мысалы С. Сейфуллин мен С. Мұқановтарға жана әдебиеттік позицияны ұлтшылдармен кескілескен ымырасыз күрес үстінде олардың жаулық әрекеттерін әшке-релей отырып қорғап қалуға тура келді.

Буржуазияшыл-ұлтшыл идеологияның өкілдері әзірше ысылған кадры аз жас совет әдебиетіне жан-жақтан шабуылға шықты. Олар әдебиеттің партиялығы мен халықтығын, реализм мен революциялық романтиканы жоққа шығару ниетімен әдебиеттегі декаденттік пен формализмді жақтады. Сөйтіп, жас совет әдебиетін торығушылық пен реакциялық романтизмге ұрындыруға тырысып бақты. Маркстік-лениндік идеологиямен қаруланып ұлтшылдық әсер ықпалды жеңгенде ғана социалистік реализм әдісінің принциптерін меңгеріп жүзеге асыру мүмкін болды. Сондықтан да коммунистік партия әдебиеттегі ұлтшылдыққа қарсы күреске ерекше мән беріп, оған екі идеология арасындағы (социалистік және буржуазиялық идеология арасындағы) буржуазиялық идеологияның жеңілуімен аяқталатын бітіспес таптық күрес есебінде қарады. Қазақ әдебиетінде социалистік идеологияның күш алып жеңіп шығуына 20-жылдардың ортасында формалистік көзқарасқа мықтап соққы берген орыс совет әдебиетінің сыны мен әдебиет тану ғылымының тәжірибесі де көп көмегін тигізді. Ұлтшылдар өз идеологиясын күлбілтелеп өткізу үшін әр түрлі қулық-сұмдық әрекеттер істеп, әдебиет майданында қалайда өз позицияларын бекітудің жолдарын қарастырумен болды. К. Маркстің «Адамдардың санасын қоғамдық болмыс» билейді деген қағидасының өңін айналдырып «Тұрмыс адам санасын билейді» деп әдебиеттің қоғамдық негізіне балта шабуды ойлады. Сөйтіп, марксистік сара қағиданы қате түсіндіруге тырысты. Олар осы «қоғамдық» теорияны желеу етіп, Қазақстанда қазірге шейін шын мәнінде



пролетариат табы жоқ деген сылтаумен 20-жылдардағы қазақтың пролетарлық әдебиетін жоққа шығарғысы келді. Осы арқылы революцияға дейінгі қазақ аулындағы таптық қарама-қайшылық пен таптық күрестің өзін ешуақытта болмаған, қазаққа жат құбылыс дегенсіп, тарихи-әдеби процесті зерттеуші әдебиетшілерді ұлтшылдық жолға итермелеп, «бірыңғай ағым» теориясын ұсынды. Коммунист-әдебиетшілер әдебиет тарихының мұндай бұрмалануына қарсы тұрды. Бірақ олардың өздері де марксистік-лениндік диалектикамен әлі толық қаруланбаған кез еді. Сондықтан да олар кейбір жазушылардың творчествосына баға бергенде «таптық тұрғыдан» қарау жөніндегі дұрыс принципті жете түсінбей екінші бір шектен шығып, тұрпайылыққа ұрынған реттері болды. Тіпті Орталық партия комитетінің 1925 жылғы «Партияның көркем әдебиет саласындағы саясаты туралы» сарақаулысынан кейін де РАПП-тың Қазақстандағы бөлімшесі етіп құрған ҚазАПП сынының өзінде осындай түсінбеушіліктер бой көрсеткені бар.

Әрине, ҚазАПП алғашқыда жұмысшы жазушыларының басын біріктіріп, әдебиеттегі ұлтшылдық пен формализмге қарсы күресте біраз пайдалы жұмыстар істеді. Сол кездегі ҚазАПП-тың көрнекті сыншыларының бірі Ғаббас Тоғжанов өзінің күнделікті мақалаларында және 1929 жылы шыққан «Сын және әдебиет мәселелері» атты еңбегінде өз ойларын Плеханов, Фриче, Переверзев еңбектері мен пікірлері арқылы дәлелдей отырып, жас қазақ әдебиетінің сынын қоғамдық құбылыс есебінде тануға біраз көмегін тигізгені анық. Алайда қазақ сыншыларының марксистік-лениндік диалектикалық әдісті жете меңгере алмауы олардың көркем шығарманың күрделі де нәзік өзіндік ерекшелігін түсініп талдауына мүмкіндік бермей, көп реттерде тұрпайылыққа ұрындырып отырды. Соның салдарынан да қазақ әдебиетінің классигі Абай Құнанбаевтың өзі біресе қазақ аулындағы үстем феодал табының ақыны, біресе екі жүзді байлардың жаршысы есебінде аталып келді. Ғ. Тоғжановтың 1935 жылы шыққан «Абай» деген кітабында қазақ халқының ұлы ақыны Абай — жаңа туып келе жатқан қазақ буржуазиясы — сәудегер байлардың ақыны етіп көрсетілді. Ал қазақтың бай ауыз әдебиеті болса халықтың бай мұрасы емес, феодалдық-патриархалдық идеологияның қарапайым елесі деп түсіндіріледі. Халық мұрасына

деген мұндай бір жақты түсінік С. Сейфуллиннің «Билер дәуірінің әдебиеті» (1932) деген еңбегінде де кездесті. Бұл жылдары шыққан еңбектердің ішінде бірқатар кемшіліктері мен қателіктеріне қарамастан 1927 жылы қазақ тілінде жарық көрген М. Әуезовтің «Әдебиет тарихы» атты еңбегі қазақ әдебиеті тарихын жасаудың алғашқы бастамасы болды. Осы жылдары С. Мұқановтың «XX ғасырдың басындағы қазақ әдебиеті» дейтін үлкен еңбегі дүниеге келді. Ол кітап XX ғасырдың басындағы бұрын зерттелмеген, мәлімсіздігі мол тың материалдарды жинақтап, бір жүйеге салып беруімен құнды.

С. Мұқанов та кейбір творчествосында қайшылығы мол жазушыларға баға беруде жаңа қалыптасып келе жатқан ұлттық әдебиет ғылымындағы жалпы кемшіліктерден арылып кете алған жоқ.

Орталық партия комитетінің 1932 жылғы 23 апрельдегі көркем әдебиет ұйымдарын қайта құру туралы тарихи қаулысы, сол қаулы бойынша барлық совет тұрғысындағы қалам қайраткерлерінің біріккен совет жазушылар одағының құрылып, оның басшылығына ұлы пролетариат жазушысы Максим Горькийдің келуі әдеби-көркемдік процесс пен әдебиет тану ғылымының дамуы үшін жаңа дәуір ашты.

РАПП-тың теориялық және практикалық қателерінің сыналуы; Совет жазушыларының бірінші съезін дайындау кезінде совет әдебиетінің көркемдік әдісі — социалистік реализм туралы айтылған көпшіліктің ойлары; ол туралы М. Горький, А. В. Луначарский, А. Толстойдың, тағы басқа да әдеби қайраткерлердің айтқан пікірлері; сондай-ақ жазушылар съезінің жемісті өтуі мен онда А. М. Горькийдің жасаған баяндамасы — барлығы да совет әдебиетінің, совет әдебиет тану ғылымының алдында тұрған көптеген проблемалық мәселелерді белгілеп берді. Әсіресе, ауыз әдебиеті мен мәдени мұраға деген лениндік көзқарас, сондай-ақ мазмұны бір де, формасы әр түрлі көп ұлтты социалистік реализм әдебиетінің даму заңдылықтары мен міндеттері айқындалды. Бүкіл одақ көлеміндегі жүзеге асырылған бұл шаралар қазақ әдебиет тану ғылымының да өз жұмысын қайта құрып, дұрыс бағытта жемісті еңбек етуіне қолайлы жағдай жасады.

Отызыншы жылдардың ішінде жарияланған М. Қахани, І. Қабылов, С. Мұқанов, І. Жансүгіров, Қ. Жұба-

нов, Ғ. Тоғжанов, М. Әуезов, Қ. Өтепов, Б. Кенжебаев, С. Ерубәев, Қ. Жұмалиев, Е. Ысмайылов, М. Қаратаев, Б. Шалабаев, М. Баталов, М. С. Сильченконың мақалалары және сол тұста әдебиет мәселелеріне арналып жасалған әр түрлі баяндамалар Орталық партия комитетінің қаулысы мен Совет жазушылар Одағының бірінші съезі алға қойған міндеттерге сәйкес әдебиет сынын, әдебиет тану ғылымын көтеру жолында істелген жүйелі жұмыстар еді. Сондай-ақ Т. Г. Шевченконың туғанына 120 жыл толуын, А. С. Пушкиннің туғанына 100 жыл толуын, А. М. Горькийдің 60-қа келуін және Шота Руставелидің «Жолбарыс терісін жамылған батыр» поэмасының 750 жыл жасауын бүкіл одақ көлемінде атап өту де басқалармен қатар Қазақстанда да әдеби-сын пікірлердің, ғылыми ойлардың туып өрбуіне үлкен серпің жасаған оқиғалар болды.

Отызыншы жылдарда тек көркем әдебиет тәжірибесі ғана емес, сонымен қатар әдебиет сыны да әдеби сынның білімді кадрлары да өсіп жетілді. Ғылыми-педагогикалық оқу орындары мен оқулық баспа органдары ашылып, қазақ әдебиеті тарихын байсалды зерттеу ісін қолға алуға тиімді жағдай туды. Орта мектептердің саны көбейіп, жаңадан педагогикалық техникумдер мен институттар ашылды. Оларда қазақ әдебиеті жеке пән болып жүре бастады. Қазақтың мемлекеттік университеті ашылып, онда филология және журналистика факультеттері құрылды. Қазақтың ұлт мәдениетін зерттейтін ғылыми-зерттеу институты құрылып, туған әдебиетіміздің мате­риалдарын жинақтап, зерттей бастады.

Жазушылар мен сыншылар, ғалымдар мен оқытушылар қазақ әдебиетінің программасын жасауға, хрестоматиялар құрастырып, жоғарғы және орта мектептерге арнап қазақ әдебиеті мен әдебиет теориясынан оқулықтар жазуға жұмыла кірісті. С. Сейфуллин, М. Әуезов, С. Мұқанов, І. Жансүгіров, Ғ. Мүсрепов, М. Жолдыбаев, Қ. Жұмалиев, Ә. Тәжібаев, Қ. Бекхожин, Е. Ысмайылов, З. Шашкин, С. Ерубәев, Д. Әбілев, Ә. Қоңыратбаев, Б. Шалабаев, М. Қаратаев тағы басқа да қазақ әдебиетінің көрнекті өкілдері қазақ әдебиетінен оқулық жасау ісіне белсене ат салысты. Университет пен педагогикалық институттарға ірі әдеби күштер жинақталып, олардың әрқайсысы әдебиет тарихының белгілі дәуірі бойынша мамандана бастады.

1938 жылы СССР Ғылым академиясының казак филиалының ашылуы республика өмірінде үлкен оқиға болды. Оның құрамына ұлттық мәдениетті зерттейтін институт та кірді. Ол 1942 жылы Тіл және әдебиет институты болып қайта құрылды. Одан 1961 жылы М. О. Әуезов атындағы әдебиет және өнер институты болып бөлініп шықты. Бұл институттың жанынан аз уақыттың ішінде-ақ казактың бай ауыз әдебиетінің мұраларын зерттейтін қол жазба бөлімі ұйымдастырылды. Ол бөлім ауыз әдебиетінің бай мұраларын жан-жақты зерттеп, оларды жариялату ісін қолға ала бастады. Қазак СССР Ғылым академиясының әдебиет институты мен республиканың жоғарғы оқу орындарында казак әдебиетінің тарихи-әдебиеттік тақырыптары алынып зерттеліп, кандидаттық және докторлық диссертациялар қорғалатын болды. Мұның барлығы Қазақстанда әдебиет тану ғылымының дамуына бірден-бір қажет жағдай жасап, кеңінен жол ашты. Алайда еліміздегі кейбір жылдардағы кездескен уақытша кедергілер мен қиындықтар бұл өсудің қарқынын біраз тежей түсті.

Соған қарамастан ғылыми-творчестволық жұмыс ілгері жүріп жатты. Іздену үстінде едәуір жұмыстар істелді. Бұл жылдары Қазақ совет әдебиетінің бүкіл одақтық көлемде мақтанш етерліктей табыстары мен жемістері аз болған жоқ. Қазақ әдебиет тану ғылымы Абай тану жөнінен одақ көлемінде үлгі боларлық іс істеді. 1935 жылы Абай Құнанбаевтың туғанына 90 жыл толуына байланысты М. Әуезовтың, Қ. Жұбановтың, А. Лекеровтың, Е. Ысмайыловтың, З. Шашкиннің, М. С. Сильченко тағы басқалардың газет, журналдар бетінде ұлы ақынның өмірі мен творчествосы жайлы жаңалықты мақалалары жарияланды. Қыркыншы-елуінші жылдары Қ. Жұмалиевтің «Абайға дейінгі казак поэзиясы және Абай поэзиясының тілі» (1949) және «Абайдың өмірі мен творчествосы» жайлы (1954) авторлар коллективінің монографиялық еңбектері шықты. Бұл еңбектер, әлі де аздықөпті кем-кетіктері бола тұра казактың ұлы ақынының есімін әрқилы теріс бағалардан арылтып, дұрыс бағалайтын еді.

Ұлы Отан соғысынан кейінгі жылдары кейбір жеке ғалымдардың еңбектерінде конфликті мен қарама-қарсылықты жоққа шығарып, тарихи-әдеби процесті «бірыңғай ағым» теориясы бойынша қараушылық орын алды.

1948 жылы шыққан «Қазақ әдебиеті тарихының» бірінші томы мен 1949 жылы шыққан «Қазақ совет әдебиеті тарихының очеркі» де осындай қателіктерге ұрынды. Партия басшылығынан нұсқау алған әдебиет жұртшылығы бұл қателіктерді жөндеу үшін көп ұзамай тиісті күрес жүргізуі керек болды. Бірақ «бірыңғай ағым» теориясына қарсы күресу керек деген дұрыс қағиданы теріс ұққан жағдайда мәдени мұра жайлы Ленин нұсқауынан тайқып, қазақ ауыз әдебиетіндегі эпостардың бірқатары жарық көре алмады, сондай-ақ Октябрьге дейінгі өмір сүрген ақындар творчествосына да жаппай күдіктене қараушылық пайда болды. Сөйтіп Октябрьге дейін өмір сүрген бірқатар ақын поэзиялары мен ертегілердің, айтыстар мен эпос шығармаларының жариялануы мен зерттелуі тым аяқсып кетті.

1957 жылы КПСС-тың XX съезінен кейін Қазақстан Орталық партия комитеті қабылдаған «Қазақ халқының әдеби және музыкалық мұрасын зерттеп, сын көзімен пайдалану шараларының күйі мен оны жақсарту туралы» қаулысы да бұрынғы қазақ әдебиеті тарихында шешілмей келе жатқан проблемалық мәселелерді зерттеуге кеңінен жол ашты. Енді Қазақстандағы әдебиет тану ғылымының алдында: бұрынғы ауыз әдебиеттік қалыптан қазіргі көп жанрлы жазба әдебиеттің дәрежесіне жеткен қазақ әдебиетіндегі реализм мен социалистік реализм әдісінің ерекшеліктері және ұлт әдебиеттерінің өзара байланысы мен өзара әсерінің, тарихи-әдеби процестің дамуына ықпал әсері деген сияқты проблемалық мәселелерді шешу міндеті тұрды. 1955 жылы М. С. Сильченконың «Абайдың творчестволық өмірбаяны» атты монографиясы шықты. Онда қазақ әдебиетінің классигі Абай Құнанбаев творчествосындағы реализм мен XIX ғасыр әдебиетінің тарихы, ауыз әдебиеті мен жазба әдебиетінің байланысы, қазақ әдебиеті мен шығыс әдебиетінің арасындағы өзара қарым-қатынас және қазақ әдебиетінің орыс әдебиетімен байланысы жан-жақты сөз болды. Бұл Абай тану ғылымының екінші басқышындағы елеулі еңбек боп табылады.

1958 жылы Қазақ ССР Ғылым академиясының Тіл және әдебиет институты қызметкерлерінің күшімен «Қазақ совет әдебиеті тарихының очеркі» шықты. Ол очерк 1960 жылы Москвада орысшаға аударылып басылып шығып, одақтық оқушы қауымынан өте жоғары баға алды.

Бұлармен қатар «Қазақ ССР тарихына» — қазақ әдебиеті туралы тараулар жазылып берілді. Сондай-ақ қазақ халық ауыз әдебиетінің үлгілері мен совет ауыз әдебиетінің үлгілері жеке кітап болып басылып шықты. (М. Абдуллин — «Қазақтың халық ауыз әдебиеті», Е. Ысмайылов — «Ақындар».)

XX съездің қарарларына сәйкес «Қазақ Совет әдебиеті тарихы очеркінің» шығуы Қазақ совет әдебиеті тарихындағы үлкен оқиқтың орнын толтырып, методологиялық проблемаларды жаңа бір белеске шығарып тастады. Жиырмамыншы-отызыншы жылдардағы қазақ совет әдебиетінің талантқа бай екені танылды. Қазақ-совет әдебиетінің негізін салушы С. Сейфуллин, Б. Майлин, І. Жансүгіров, М. Әуезов, С. Мұқановтарға жеке тараулар арналды. Әдебиетіміздің аға буындарымен ілесе шығып отызыншы-қырқыншы жылдардың өзінде-ақ оқушы қауымына социалистік реализм бағытындағы шығармаларымен кеңінен таныс болған Ғ. Мүсірепов, А. Тоқмағамбетов, Ғ. Мұстафин, Т. Жароков, Ғ. Орманов, Ә. Тәжібаев сияқты ақын-жазушылар творчествосына да кеңінен орын берілді. Сонымен қатар очеркте қазақ совет әдебиетін дәуірге бөлу мәселесі мен СССР халықтарының туысқандық семьясындағы қазақ әдебиетінің даму мәселесі де кеңінен сөз болды.

Бірақ қанша дегенмен XX съезден кейін іле-шала шыққан қазақ әдебиеті тарихы кітаптары барлық проблемаларды түгел дерлік шешіп бере алған жоқ. Кейбір шешілмеген мәселелер жайында әр түрлі қайшы пікірлермен қатар жеке адамдардың субъективтік көзқарастары, импрессионистік ой қортындылары орын алғандығы бар. Ал, қазіргі әдебиет тану ғылымы болса, ол жалпы тарихи-әдеби процесті және оның ішінде Советтік Қазақстанның гүлденген әдебиетін толық және дәлелді көрсетуге тиіс еді. Осылайша өмір мен әдебиеттің өзінің талап етуі бойынша, Қазақ ССР Ғылым академиясының Тіл және әдебиет институты 1959 жылдың июнь айында қазақ әдебиетін зерттеудің негізгі проблемаларына арнап ғылыми-теориялық конференция ұйымдастырды. Конференцияда жасалған баяндамалар мен сөйленген сөздерде КПСС-тің XX және XXI съездерінің алға қойған міндеттері мен Қазақстан Орталық партия комитетінің 1957 жылғы мәдени мұра туралы қаулысына сәйкес әдебиеттің теориясы мен тарихына байланысты ғылыми-зерт-

теу жұмыстарының жаңа бағытта санымен бірге сапасын көтеру мәселесіне көп көңіл аударды.

Конференцияның қабылдаған рекомендациясында коммунистік қоғам орнатып жатқан елдің әдебиет тану ғылымының алдында тұрған негізгі міндеттер айқын белгіленді.

Онда, әдебиет пен өнердің коммунистік тәрбие берудегі ерекше ролі атап көрсетіліп, ондағы «бірыңғай ағым» теориясынан құтылуды, сөйтіп қазақтың әдеби-тарихи процесін теориялық жағынан терең маркстік-лениндік тұрғыда зерттеу міндеті қойылды. Сондай-ақ рекомендацияда терең зерттелініп, өзінің теориялық шешімін табуға тиісті XVIII—XX ғасырлардағы тарихи-әдеби процестегі саяси-қоғамдық қайшылықтар, ондағы сыншыл-әшкерелегіш ағымның мәні және Россия мен Қазақстан арасындағы әдеби байланыстың еткен әсері, сондай-ақ қазақ әдебиетіндегі социалистік реализм проблемалары екені атап көрсетілді. Конференцияға қатынасушы Москваның және туысқан республикалардан келген ғылыми мекемелердің өкілдері бұл проблемаларды, территориясы мен тілі жөнінен бөлек болғанмен, бүкіл совет әдебиет тану ғылымының алдында тұрған өзекті проблемалар деп есептеді.

Конференцияның материалы «Әдеби мұра және оны зерттеу» (1960) деген атпен жеке кітап болып басылып шықты.

Социалистік реализм, дәстүр мен жаңашылдық, қазақ совет әдебиетінің даму жолдары және оның жанрларының ерекшеліктері мен даму заңдылықтары, ауыз әдебиеті мен жазба әдебиетінің өзара байланысы сияқты совет әдебиетінің күн тәртібінде тұрған проблемалық мәселелер әдебиетшілеріміздің бірлесіп және жеке шығарған еңбектерінде өзінің творчестволық шешімін тауып отырды. Осы проблемалар әдебиет сынында да көтеріліп жаңа заманның нышандарын бейнелеген көркем шығармалар мен жеке авторлардың творчивосын, жанр дамуын, стиль жаңашылдығын қортындылаған тұжырымдар жасалып отырды. Әдебиет сынына сыншылармен қатар жазушылар мен әдебиетшілердің, жоғарғы мектеп оқытушыларының өздері ат салысты. Бұл әдебиетшілер мен оқытушы қауымның бірлесіп тіл тапқандығының айқын айғағы еді. Соңғы кезде қазақ әдебиет тану ғылымында жеке жазушының шеберлік проблемасы күн тәр-

тібіне қойыла бастады. Осыған орай Е. Ысмайыловтың «Жаңа белеске», Б. Қенжебаевтың «Шындық және шеберлік», Р. Бердібаевтың «Әдебиет және өмір», Ә. Тәжібаевтың «Өмір және поэзия», Қ. Жұмалиевтің «Стиль — өнер ерекшелігі», М. Базарбаевтың «Әдебиет және дәуір», М. Қаратаевтың «Шеберлік шыңына», «Дүние та-ным және шеберлік» атты кітаптары шықты.

Бұл еңбектерде жазушы шеберлігі жөніндегі ұғым-ның айрықша ерекшелігі көркем сөз шеберлерінің творчествосына өнер құбылысы деп қарау, сол құбылыстың өмір шындығымен байланысын ашу, күрделі өмір құбылыстарының ішінен негізгілері мен болашағы барларын автордың ажыратып ала білуін анықтау боп табылды.

Қазақ әдебиетінің басқа туысқан халықтар әдебиетімен байланысы мен олардың өзара әсері туралы мәселе де Е. Ысмайыловтың «Ақын және революция», С. Қирабаевтың «Сәкен Сейфуллин», Т. Нұртазиннің «Жазушы және өмір», Е. В. Лизунованың «Қазіргі қазақ романы», М. Базарбаевтың «Жанды дәстүрлер», М. Дүйсеновтің «Ілияс Жансүгіров», Б. Шалабаевтың «Қазақ әдебиеті», Е. Ғабдировтің «Горький және қазақ әдебиеті», С. Сейітовтің «Қазақ поэзиясындағы Маяковский дәстүрі», М. Қаратаевтың «Социалистік реализмнің қазақ проза-сында қалыптасуы» атты т. б. кітаптарда жан-жақты камтылды. Соңғы жылдары қазақтың бай ауыз әдебиетінің қазіргі профессионал әдебиеттің қалыптасуына тигізген әсерін сол әдебиеттің өзіндік бір ерекшелігі деп қарайтын зерттеулер де шыға бастады. Осыған орай жазылған З. Кедринаның «Өмір көзінің өзінен», Қ. Жұмалиевтің «Қазақ эпосы мен әдебиет тарихының мәселелері», Т. Сыдықовтың «Қайнар бұлақ» атты еңбектерін атауға болады.

Зерттеушілік қабылеті қалыптасып қалған Қазақстан әдебиетшілері бірте-бірте республика көлемінен шығып бүкіл одақтық тақырыптарға да бой ұра бастады. М. Дүйсеновтің «Әдебиеттегі мазмұн мен түрдің бірлігі», М. Хасеновтың «Ұнамды образ және типтендіру», З. Ахметовтің «Қазақтың өлең құрылысы» атты кітаптары осындай еңбектер. М. Әуезовтің «Әр жылдар ойлары» мен «Уақыт және әдебиет», С. Мұқановтың «Өсу жолдарымыз» атты еңбектері де жазушылар мен әдебиетшілеріміздің қолдан түсірмейтін кітабына айналды. Академик жазушымыз М. Әуезовтің «Әр жылдар ойлары» мен «Уа-



қыт және әдебиет» атты мақалалары мен зерттеулер жинағы Октябрьге дейінгі қазақ әдебиеті мен совет әдебиетінің және туысқан халықтар әдебиетінің өзара творчестволық байланыс проблемасына арналған. М. Әуезовтің бұл кітабы тақырыптарының әр түрлілігіне қарамастан («Қазақ әдебиеті тарихын зерттеудің проблемалық мәселелері», «Орыс реализмінің дәстүрі және Октябрьге дейінгі қазақ әдебиеті», «Мен «Абай» және «Абай жолы» романдарын қалай жаздым». т. б.) бір мақсатқа негізделген тұтас еңбек. Онда автор реализмнен оның жоғарғы сатысы социалистік реализмге жеткен қазақ әдебиетінің жолын терең білгірлікпен баяндайды. Оның қазақ әдебиеті туралы, Абай эпопеясын қалай жазғандығы туралы мақалалары оқушы қауымды халықтық көркемдік дәстүрді қазіргі дәуір деңгейіне дейін көтерген жазушы лабораториясына ертіп апарды. Сондай-ақ жазушының «Әр жылдар ойлары» атты кітабындағы қырғыз эпосы «Манасты» талдауы да қазіргі халық поэзиясын зерттеудегі фольклористика мен әдебиет тану ғылымының жиі пайдаланып жүрген тарихи-типологиялық әдісінің үлгісі болып табылады. С: Мұқанов «Өсу жолдарымызда» қазақ совет әдебиетімен бірге жасасып келе жатқан жазушы-зерттеуші ретінде өзінің байқағандары мен түйгендерін ортаға салады.

1964 жылы С. Мұқановтың «Жарқын жұлдыздар» атты жаңа бір зерттеу еңбегі жарық көрді. Онда зерттеуші қазақ халқының ағартушы ғалымы Шоқан Уалихановтың өмірі мен творчествосы жайлы баяндайды. Академик жазушының бұл еңбегі әдебиет тану ғылымына қосылған үлкен үлес болып табылады. Зерттеушінің бұл кітабы Қазақ ССР Ғылым академиясының Ш. Уалиханов атындағы сыйлығына ие болды.

Жалпы әдебиет тану ғылымы туралы айтқанда әдебиеттердің өз арасындағы байланыстың бір түрі — көркем аударма саласындағы зерттеулерді қалдырып кетуге болмайды. Бұл салада Ә. Сатыбалдиевтің «Рухани қазына» атты кітабы мен С. Талжановтың «Көркем аударманың басты проблемалары» атты кітабын атаған жөн. Республиканың жоғарғы оқу орындары мен Қазақ ССР Ғылым академиясында істейтін әдебиетшілердің әсіресе соғыстан кейінгі жылдарда жазған әдеби-сын мақалалары мен ғылыми-зерттеу еңбектерінің көптігі мен олардың қамтыған материалдарының молдығы 1960 жылдан бас-

тап қазақ әдебиеті тарихының 3 томдығын (6 кітап) жазуға жағдай жасады.

Оның бірінші томының алғашқы екі кітабы революцияға дейінгі ауыз әдебиеті мен совет фольклорына арналған. Бұл кітаптарда қазақтың халық поэзиясы — аты белгісіз халық ақындары мен көркем сөз шеберлері шығарған халық еңбегі есебінде каралып, оның қалыптасуы мен жанрлық жағынан дамуы және совет ауыз әдебиетінің даму жолдары мен оның жазба әдебиетпен байланысы сөз болады. Бірінші (редакциясын басқарған М. Әуезов) және екінші (редакциясын басқарған М. Қаратаев) кітапты жазған авторлар коллективі советтік фольклористика ғылымының соңғы жаңалықтары мен халықтық поэтикалық творчествосының жалпы заңдылықтарын тексере келіп қазақтың халық поэзиясының ерекшеліктеріне тоқтаған. Оқушы «Қазақ әдебиеті тарихының» бірінші томынан қазақ ауыз әдебиетінің даму процесін көрсететін тарихи шолу тараумен қатар қазақтың тұрмыс-салт жырлары, айтыс, лирикалық өлеңдер, жұмбақ пен жаңылтпаштар, батырлар жырлары мен лиро-эпикалық жырлар («Қобыланды», «Алпамыс», «Ер Тарғын», «Қамбар», «Қозы Көрпеш — Баян сұлу», «Қыз Жібек») және тарихи өлеңдер мен үлгілі сөздер туралы тарауларды табады.

Ал, бірінші томның екінші кітабынан Жамбыл Жабаев, Иса Байзақов, Нұрпейіс Байғанин, Омар Шипин, Нартай Бегежанов, Кенен Әзірбаев тағы басқалар туралы монографиялық тарауларды оқиды. Елуінші-алпысыншы жылдарда қазақ фольклорын зерттеу мен бастыруға бұрынғы халық творчествосына деген көзқарас өзгеріп, фольклордың өзіндік ерекшеліктерін ескере отырып зерттеген күрделі зерттеулер туа бастады. Осы он жылдың ішінде қазақ ертегілерінің үш томдығы, қазақ эпостары, айтыстың үш томдығы және А. Диваевтың шығармалар жинағы мен тағы да басқа да көптеген кітаптар шықты.

«Қамбар» (редакциясын қараған М. Әуезов, Н. С. Смирнова), «Алпамыс», «Қыз Жібек» (редакциясын қараған Н. С. Смирнова) жырларының ғылыми баспасы жарық көрді. Бұл кітаптарға жоғарыдағы жырлардың әртүрлі варианттары мен версиялары сын көзбен қарап енгізілді. Сондай-ақ ол жырлар туралы жазылған мақалалар мен тарихи-этнографиялық комментарийлер бері-

ліп, ол жырлардың қазақ мәдениетінің тарихында алатын орны көрсетілді. Мұндай қазақ эпостарының ғылыми баспасын шығару ісі әлі де жүргізілуде.

Соңғы жылдары тарихтың екінші томы шықты (үшінші кітаптың редакциясын басқарған Қ. Жұмалиев, төртінші кітаптың редакциясын басқарған Ы. Дүйсенбаев). Онда XVIII ғасырдағы ақындық өнердің тууы мен дамуынан бастап Ұлы Октябрь Социалистік революциясының қарсаңына дейінгі Қазақстандағы тарихи-әдеби процестің қалыптасу проблемасы сөз болған. Бұл дәуірдің әдебиеті өзіндік қайшылықтарымен қазақ қоғамындағы феодалдық-патриархалдық жағдайда қалыптасып дамыған болатын. Ұзақ уақыт бойы, тіпті XIX ғасырдың бірінші жартысына дейін жазба әдебиеттің өзі халықтың ауыз әдебиетімен тығыз ұштасып жатты. Соң ауыз әдебиетіндегі бай дәстүрді творчестволықпен дамыта отырып көркем сөздің әйгілі шеберлері шыға бастады. Осы жайлар мықтап ескеріліп, екінші томның үшінші кітабында Бұхар жырау Қалқаманұлына, Махамбет Өтемісовке, Шернияз Жарылғасұлына жеке-жеке тараулар берілген. XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап қазақтың қоғамдық өмірінің өзгеруі мен Қазақстанның Россияға қосылуының аяқталуының қазақ әдебиетінде көркем реализмнің бірте-бірте қалыптасуына жағдай жасағандығы айтылған. Ыбырай Алтынсарин, Абай Құнанбаевтар мен оның ісін жалғастырушылардың ағартушылығы мен демократизмінің заңдылықтары ашылған. Ағартушылықтың реализм деңгейіндегі ерекшеліктері мен оның ауыз әдебиетінен профессионалдық әдебиет дәрежесіне дейін жетуі және сол дәуірдегі әдеби жанр мен қазақ реализмінің қалыптасуына орыстың классикалық әдебиетінің еткен игілікті әсері жақсы көрінген. Сонымен қатар әдеби мұраны зерттеу үстінде Дулат, Мұрат, Базар жырау сияқты ақындар творчествосындағы қайшылықтарға да талдау жасалынған. Ал, Шоқан Уәлихановтың әдеби қызметі ауыз әдебиеті мен жазба әдебиеттің арасындағы байланыс проблемасына қатысты айтылған. Екінші томның екінші кітабында қазақ әдебиеті мен публицистикасының дамуына үлкен үлес қосқан (Шәнгерей Бөкеев, Спандияр Көбеев, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Мұхамеджан Сералин т. б.) XX ғасыр басындағы ақындар творчествосы талданады. Олардың творчествосының буржуазияшыл-ұлтшылдық тенденцияға қарсы күресте прогрес-

сивтік роль атқарғандығы айтылып, сол кездегі әдеби процеске толық талдау жасалынады.

Сөйтіп, екінші томның екі кітабында да Ұлы Октябрь Социалистік революциясына дейінгі қазақ әдебиетінің жайы жан-жақты сөз болады. Бұл еңбектен басқа XVIII—XX ғасырлардағы қазақ әдебиетінің тарихы туралы С. М. Киров атындағы қазақтың мемлекеттік университеті мен қазақтың Абай атындағы педагогикалық институтының оқытушылары да кітаптар шығарды. Оған мысал етіп Б. Қенжебаевтың «XX ғасырдың басындағы қазақтың демократ жазушылары» атты кітабы мен Б. Шалабаевтың «XX ғасырдағы қазақ әдебиеті тарихының очеркі» атты кітаптарын атауға болады.

Қазақтың ауызша және жазба әдебиет нұсқаларын қазақ тілінде зерттеп жариялау ісімен қатар ол мұраларды көпшілік оқушы жұртшылыққа арнап орысша шығару ісі де қатар жүргізіліп отырды. Бұл істің алғашқы бастамасы 1955 жылы шыққан «Совет дәуіріндегі қазақтың халық поэзиясының очерктері» атты кітап. Онда Октябрьге дейінгі ауыз әдебиеті дәстүрінің заңды жалғасы болып есептелетін совет дәуіріндегі қазақтың халық поэзиясының даму заңдылықтарына тарихи шолу жасалған.

Очеркте сол жылдардың теориялық проблемалар жөніндегі қате, кемшіліктеріне байланысты ауыз әдебиетіндегі социалистік реализм туралы дұрыс түсінік берілмеген. Бұл ақаулықтар кейінгі орысша шыққан «Октябрьге дейінгі және совет дәуіріндегі фольклор» атты еңбекте ескеріліп, қазақ ауыз әдебиетінің даму жолдары мен жанры, поэтикасы, зерттелу жайы кеңінен сөз болған.

Қазір XVIII—XX ғасырлардағы қазақ әдебиеті жайлы орыс тілінде бір кітап шыққалы жатыр. Бұл, әрине, «Қазақ әдебиеті тарихының» екінші томының екі кітабының аудармасы, болмаса қысқартылған түрі емес. Ол өз алдына ауыз әдебиеті мен әдебиет тану ғылымының соңғы жаңалықтарына сәйкес, архивтік материалдарға сүйеніп отырып жазылған жаңа еңбек болып табылады.

Қазақ совет әдебиетінің теориясы мен тарихын зерттеу ісі әсіресе соңғы он жылдың ішінде жедел қарқынмен дамуда. Осы уақыт ішінде 30-дан астам әдеби-сын мақалалар жинағы жеке кітап болып басылып шықты. Олардың ішінде қазақ совет әдебиетінің негізін салушылардың өмірі мен творчествосы жайлы монографиялар және қазақ әдебиетінде социалистік реализмнің қалып-

тасуы жайлы толғаған теориялық зерттеу еңбектер де бар. Сондай-ақ, «Қазақ совет әдебиеті тарихының очеркі» Алматы мен Москвада қазақша және орысша басылып шықты.

Мұндай дайындық жұмыстарының барлығы Ұлы Октябрь Социалистік революциясының 50 жылдығына арнап Қазақ совет әдебиеті тарихын жасауға мүмкіндік берді.

Әрине, күнбе-күнгі даму үстіндегі, барлық жағынан бірдей анықталып болмаған қазіргі қазақ әдебиетінің барлық мәселелерін тұжырымдап, оның тарихын жазып шығу оңай жұмыс емес. Қазіргі қазақ әдебиеті дегеніміз көп жанрлы, жарты ғасыр ішінде өмірдің алуан қырын қатар қамтып, қаулап өскен, туысқан халықтар әдебиетінің арасындағы көрнекті орынға ие болған қабырғалы әдебиет. Ол өз халқымен бірге капитализмді аттап өтіп, феодализмнен бірден социализмге өткен әдебиет болғандықтан да оның жүріп өткен жолы күрделі де қиын. Сондықтан да бұл жолда кездескен қиыншылықтар мен табыстардың бәрі тарихта өзінің объективтік бағасын талап етеді. «Қазақ әдебиеті тарихының» үшінші томын (5,6 кітаптар) жазушы авторлар коллективі өз міндеттеріне осы тұрғыдан келеді.

Үшінші томның бесінші кітабы 1917—1945, алтыншы кітабы 1946—1965 жылдар арасын қамтиды. Бұл екі кітапта 5 шолу тарау бар. Оның бірінші тарауы 1917—1929, екінші тарауы 1930—1941, үшінші тарауы 1941—1945, төртінші тарауы 1945—1955, бесіншісі 1956—1965 жылдар арасын қамтиды. Бұлардан басқа алтыншы кітапта қазақ әдебиетінің басқа туысқан халықтар әдебиетімен байланысы туралы жеке тарау беріледі. Сондай-ақ осы томда қазақ әдеби тілінің даму жолына арналған дербес тарау бар.

Әдеби кезенді бұлайша дәуірлеуде белгілі бір заңдылық бар. Совет әдебиеті халық өміріндегі болып жатқан тарихи ұлы өзгерістердің мазмұнын өз бойына жинаған, сол арқылы белгілі бір кезеңдегі советтік қоғамның даму ерекшеліктерін көрсетіп отыратын әдебиет емес пе? Осыған байланысты сол кезеңге тән көркемдік образдар мен тақырыптар, жанрлық ерекшеліктер келіп туған жоқ па? Сондықтан да әдеби процесті дәуір-дәуірге бөлгенде өзінің әдеби өмірге ізін қалдырған тарихи-қоғамдық өзгерістерді ескермей кетуге болмады. Осылайша бесінші

кітаптың бірінші тарауында социалистік реализм принциптері негізінде идеялық-эстетикалық жағынан қалыптасқан, Ұлы Октябрь Социалистік революциясының бел баласындай жас қазақ совет әдебиетінің тууы мен қалыптасуы жайлы сөз болады. Сонымен қатар, совет әдебиетінің партиялығы мен халықтығы үшін, социалистік мазмұн мен форма бірлігі үшін жаңа тақырып, жаңа жанр үшін күрес жолындағы ізденістері жайлы айтылады.

Екінші тарауда социалистік құрылыстың алғашқы табыстарын сөз ету үстінде әр жанрда дамыған қазақ әдебиетіне кең талдау жасалынады. Бұл кезде әр жанрда да өзінің өмірді суреттеуі жағынан терең, жаңа өмірді құрып жатқан жақсы адамдар бейнесін жасаған құнды шығармалар туды. Бұл шығармалар көп ұлтты совет әдебиетінің бір бөлігі болып есептелінетіні қазақ әдебиетінде де социалистік реализм әдісі жеңісінің айқын айғағы. Үшінші тарауда Ұлы Отан соғысы кезіндегі әдебиетке шолу жасалынады. Оның ішінде халықты өлмес ерлікке үндеген патриоттық лирикалар мен көркем публицистикалық очерктерге, әңгімелер мен драмалық шығармаларға тоқталады.

Төртінші және бесінші тарауда әдеби процесті зерттеудің жанрлық принципі сақталған. Совет халқының өміріндегі жаңа тарихи жағдайлар жалпы совет әдебиетінің, оның бір саласы қазақ әдебиетінің алдында да тың проблемалық тақырыптар қойды. Әдебиеттің барлық жетекші жанрлары қазіргі замандастар бейнесін жасауға біржолата бет бұрды. Әдебиетіміз халық өмірімен тығыз байланысты болып, қазіргі заман тақырыбына біржолата бой ұруы жазушыларымыздан көркемдік шеберлікті талап етті. Сондай-ақ, дәстүр мен жаңашылдық, туысқан халықтар әдебиетінің арасындағы өзара байланыс мәселелері де соғыстан кейінгі екі дәуірдегі әдеби процестің басты проблемалары болды.

Бесінші кітапта үш шолу тараудан басқа қазақ совет әдебиетінің негізін салушылар: С. Сейфуллин, Б. Майлин, І. Жансүгіров, С. Мұқанов, М. Әуезовтің өмірі мен творчестволары жайлы монографиялық тараулар бар.

Ал, алтыншы кітапта екі шолу тараудан басқа қазіргі қазақ әдебиетінің көрнекті өкілдері: Ғ. Мүсірепов, А. Тоқмағамбетов, Ғ. Мұстафин, Ә. Тәжібаев, Т. Жароков, Ғ. Орманов, Қ. Аманжоловтың творчествосы жайлы мо-

нографиялық тараулар берілген. Бұл монографиялық тарауларда да әрбір жазушының белгілі бір дәуірдегі творчестволық өсу жолы мен қазақ совет әдебиетіндегі алатын орны көрсетілген. Сондай-ақ әрбір кітаптың соңынан әдеби-өмір шежіресі беріліп отырған.

Қазақ әдебиетінің үш томдық тарихы (6 кітап) қазіргі қазақ әдебиетінің сыны мен әдебиет тану ғылымының, сондай-ақ көркем шығармаларының қазіргі жай-күйінен толық хабар беретін республика ғалымдарының көп жылдық коллективтік еңбегінің жемісі. Сондықтан да бұл еңбекте қазақ әдебиетінің қолы жеткен тамаша табыстарымен қатар кемшілік, олқылықтары да мол айтылды. Осыған орай қазіргі қазақ әдебиетінің сыны мен әдебиет тану ғылымының алдында тұрған жаңа міндеттер де белгіленді. Ол: әрбір әдеби форманың мазмұндылығы мен олардың өзара байланысын, сондай-ақ Октябрь революциясынан кейін жақсы дамып келе жатқан социалистік ұлт әдебиетіндегі социалистік реализм әдісінің даму жолдарын зерттеу проблемалары болып табылады. Сонымен бірге қазақ әдебиетінің ерте замандағы үлгілері мен құбылыстарын зерттеу де тарих пен филология ғылымдарының алдында тұрған ортақ міндет деп білу керек.

Әдебиетіміздегі ірі тұлғалар творчествосы жөніндегі монографиялық зерттеулермен қатар бұрынғы және бүгінгі материалдарды жинақтап, топтап марксистік-лениндік философиялық негізде терең әлеуметтік-эстетикалық талдау жасап, әдеби-теориялық пікір айту да қазіргі әдебиетшілерімізге жүктелген абыройлы борыштардың бірі. Тым зәру проблемалардың бірі жеке жазушының шеберлігі мен стильдік ерекшелігін зерттеу мәселесі. Сондай-ақ туысқан халықтар әдебиетінің арасындағы өзара байланыс мәселесі де жан-жақты зерттелуге тиісті.

Республикамыздағы ұйғыр әдебиетін тану ғылымы да жақсы жолға қойылған. Әсіресе ұйғыр әдебиетін тану ғылымының жеке ғылым есебінде танылып, кең қарқынмен дами бастаған кезеңі ұйғыр ғалымдарын бір орталыққа біріктіргеннен кейін ғана ойдағыдай жүзеге аса бастады. 1949 жылы Қазақ ССР Ғылым академиясының жанынан ұйғыр-дұнған мәдениеті мен әдебиетін зерттейтін арнаулы сектор құрылды. Ұйғыр секторының қызметкерлері аз уақыттың ішінде-ақ ауыз әдебиеті материалдарын бір жүйеге келтіріп, жинақтап, ұйғыр әдебиеті мен тілін, тарихы мен этнографиясын зерттеуде біраз жұмыс-

тар істеді. Ол жөнінде бірнеше ғылыми-зерттеу мақалалары жарияланды. 1957—1963 жылдар арасында ұйғыр тану бөлімі қоғамдық ғылымдар бөлімінің карамағындағы институттарда жұмыс істеді. 1963 жылдың ноябрь айынан бастап ұйғыр халқының тарихы мен этнографиясын, тілі мен әдебиетін зерттейтін мамандардың күшін біріктіру мақсатында ұйғыр әдебиетін тану бөлімі қайтадан өз алдына жеке сектор болып құрылды. Қазір бұл бөлімде бір ғылым докторы, 8 ғылым кандидаты — барлығы 20 адам жұмыс істейді. Олар «Қазіргі ұйғыр тілі», «Ұйғыр совет әдебиетіндегі дәстүр мен жаңашылдық проблемасы», «Ұйғыр ауыз әдебиеті», «Орта Азия мен Қазақстандағы қазіргі ұйғырлардың тұрмысы мен этнографиясы» атты проблемалық тақырыптарды зерттеу үстінде. Олар: жалпы әдеби процеспен қатар ұйғыр совет әдебиетінің көрнекті өкілдері: Умар Мухамади, Изім Искандеров, Нури Исраилов, Гүлистан Исмаил, Саттар тағы басқалардың өмірі мен творчествосын тұңғыш рет жан-жақты зерттеген «Ұйғыр совет әдебиетінің очеркін» шығарды. Онда творчестволары бұрын зерттелінбей келе жатқан бірқатар ұйғыр жазушыларының творчестволарына алғаш рет талдаулар жасалынған. Дәстүр мен жаңашылдық проблемасы да қазіргі ұйғыр әдебиетінің алдында тұрған зәру проблемалардың бірі. Бұл проблема манында да ұйғыр бөлімінің қызметкерлері біраз жұмыстар істеді. М. Хамраев, М. Мухлисов, В. Юдин, С. Моллаудовтар бұл салада мақалалар жазумен қатар «Асирлер сауасы» деген атпен ұйғырдың классикалық әдебиетінің антологиясын шығарды.

Қазақстандағы әдебиет тану ғылымы мен әдебиет тарихы саласындағы істелген жұмыстарды қорыта келгенде барлық күш қазіргі күннің талас тұғызып жүрген проблемалық мәселелеріне арналуға тиіс. Ол тарихи даму үстіндегі халық пен оның әдебиетінің ұлттық ерекшеліктерін ескере отырып ғылыми тұрғыда зерттеудің негізгі методологиялық, принциптік проблемаларын шешу болып табылады. Мұның өзі: ұзақ жылдар бойы ауыз әдебиеті ғана дамыған қазақ халқының социализм жағдайында барлық жанрда қаулап өсіп қалыптасқан әдебиеті дамуының жалпы және кейбір ерекшеліктерін ескере отырып жүргізілетін зерттеу болуға тиіс. Бұл міндеттерді орындауға жылма-жыл өсіп келе жатқан республика ғалымдары мен әдебиетшілерінің күші толық жетеді.



Отызыншы жылдарда филология ғылымының бірде-бір докторы не кандидаты болмаса, қазір Қазақ ССР Ғылым академиясының өзінде филология ғылымдарының: 10 ғылым докторы, 85 ғылым кандидаты бар. Мұның өзі әдебиет туралы ғылымның елу жыл бойында орасан өскендігінің айғағы. Және бұл осы ғылымның бұдан былай одан әрі дүрілдей дамитынына кепілдік ететіндей. Өйткені қандай істің болса да тетігін жағдай мен кадр шешеді ғой. Бүгінгі коммунистік құрылыс дәуірі, совет адамының рухани дүниесін байытып, коммунистік сана-сезімін тәрбиелейтін көркем сөз өнеріне қойылып отырған биік талап әдебиет тану ғылымы мен сынына да зор міндет жүктеп отыр. КПСС XXIII съезінің қарарлары мен КПСС Орталық комитетінің қоғамдық ғылымдар жөнінде 1967 жылы қабылдаған арнаулы қаулысы осы міндетті айқын белгілеп берді. Біздің бүгінгі маркстік-лениндік философиямен қаруланған, білімі, мәдениеті жетілген ғылыми, сыншы кадрларымыз қандай қиын міндеттер болса да, жүзеге асыра алатын күй мен жағдайда.

Қазақ әдебиетін зерттейтін ғылымның табыстарын шолғаннан кейін және үстіміздегі дәуір талабынан туатын басты мақсат, міндеттерін тізіп айтумен қатар назар аударатын мәселе бүгінгі таңдағы кемшіліктеріміз болуға тиіс. Себебі сол кемшіліктердің сырын ашып, жөндеу шараларын белгілегенде ғана мақсат көңілдегідей орындалмақ.

Сан, көлем жөнінен қол жеткен көп жетістіктеріміздің қатарында теориялық тереңдіктің жетісе бермейтіні көп еңбектерде-ақ атой беріп тұрады. Мұның сыры неде деп білу керек?

Біздіңше мынада: маркстік-лениндік эстетика мен әдебиет теориясы мәселелері тиісті дәрежеде шешімін таппағандықтан әдебиет материалын талдау, жинақтау, тұжырымдау тәжірибесі де көп ретте үстірт, жалаң шыға беретіні бар. Бұл мін әсіресе әдебиеттің көркемдік қасиет сипаттарын ұғынуға осы күнге дейін кесірін тигізумен келеді. Жалпы әдебиет құбылысының болсын, немесе жеке көркем шығарманың болсын нақ осы негізгі ерекшеліктерін жете ұқпаған жағдайда, сөз жоқ, өнердің даму заңдылығын ашуда шалалық болмай қоймайды және оның үстіне сол заңдылыққа сүйеніп социалистік реализмнің күрделі де актуалды проблемаларын дұрыс шешуге кедергілік жасайды.

Ендеше қазақ әдебиет тану ғылымының сапалық дәрежесіне етек басты боп келе жатқан осы бір кемшіліктен тез арылу — қазіргі ең басты міндет. Осы күнгі қарама-қарсы екі системаның бітіспес идеологиялық күресінде көркем әдебиеттің идеялық-эстетикалық күшін, тәрбиелік мәнін асыру міндеті де осымен тікелей сабақтас.

Көп ұлтты совет әдебиетінің арнасында социалистік реализмнің жалпыға ортақ және жеке ұлт әдебиеттеріне тән өзіндік ерекшеліктеріне қатысты сипаттарын қатар дамытып келе жатқан қазақ әдебиетінің табиғатын теориялық биік дәрежеде танып, материалдарын талдап, алдағы болашағына ғылыми болжау жасау деген сөз сол әдебиеттің процесіне ықпал жасап көмектесу деген сөз, әдебиет алдына партия қойған міндеттердің орындалуына қолғабыс тигізу деген сөз. Қорыта келгенде, Қазақстан Совет мемлекетінің елу жылдық табалдырығын аттап, Қазақ республикасының елу жылдығының қарсаңында тұрған қазіргі қазақ әдебиеті туралы ғылым — коммунистік қоғам орнатып жатқан совет адамдарының рухани мәдениетін байытатын, қазақ әдебиетінің үлкен идеологиялық, тәрбиелік құрал ретінде даму заңдылығын және оның туысқан халықтар әдебиетімен өзара байланысын творчестволықпен тереңнен зерттеуге толық мүмкіндігі бар ғылым. Оның игі міндеттері де осы мүмкіндігіне қатысты,

## ХАЛЫҚТЫҢ ЕЖЕЛГІ ЖАН СЕРІГІ

### I

1917 жылы Россия жерінде ескі дүниені күйретіп, күлін көкке ұшырған Ұлы Октябрь Социалистік революциясы совет үкіметін орнатып, жаңа дүниенің есігін ашты, бұрын ғасырлар бойы езіліп, қаналып келген халықтардың бостандық алып, өмірдің барлық саласында еркін дамуына, қарыштап өсуіне толық жағдай жасады.

Осы бір тамаша тарихи жағдайда, Лениннің даналық ұлт саясаты гүл ашып, жеміс салған советтік заманда жарты ғасыр өмір сүрген халықтар, оның ішінде біздің туған қазақ халқымыз өзінің бақытын тауып, социалистік құрылыс жолында керемет өркендеп өсті. Оның саяси-қоғамдық өмірі де, шаруашылығы да, мәдениеті де алып адыммен ілгері басты, әсіресе еңбек адамы кісі нанғысыз өзгерді, өрге өрледі.

Коммунистік жарқын мақсат үшін, ізгі мұрат үшін күрескен қаһарман совет адамының жаңғырған сана сезімінің, құдретті рухының, шарықтаған шабытының жемісі ретінде, зәулім заман талабына лайықты жауап ретінде халықтың көркем мәдениеті қаулап өсті, әсіресе көркем сөз өнері үздік озып көзге түсті.

Қазақтың Октябрде туып қалыптасқан совет әдебиеті өткен елу жыл ішінде көп тілді ұлы совет әдебиетінің алдыңғы сапына шығып, дүние жүзі аясында өзі де танылды, өзінің туған халқын да танытты.

Абай мен Жамбылдың, М. Әуезов пен С. Мұқановтың, Ғ. Мүсірепов пен Ғ. Мұстафиннің, Т. Жароков пен Ә. Тәжібаевтың, Қ. Аманжолов пен Т. Ахтановтың шығармалары шет ел тілдеріне аударылып, жақсы қабылданғаны белгілі. Қазақ совет әдебиетінің негізін салған С. Сейфуллин, Б. Майлин, І. Жансүгіров сықылды көп қырлы талант иелері қалдырған бай мұра енді ғана орыс

тіліне аударыла бастады. Сондықтан олар шет тілдеріне жетіп үлгірген жоқ.

Күллі Совет Одағының көркем қазнасына үлкен-үлкен үлес қосып келе жатқан көп жанрлы қазақ әдебиетінің құнарлы саласының бірі — поэзия.

Поэзия! Байбына барсақ, бұл сөздің мағнасында қаншама терең сыр бар; жарық нұр, жылы лебіз бар; сұлу көрік, нәзік сезім мен сезік бар. Бұл жерде ұлы Белинскийдің поэзияны ақын тілімен шалқып сипаттаған тамаша мінездемесі еске түседі. Данышпан сыншы поэзияны кінәсіз сәбидің, сұлу қыздың, ержүрек батырдың, балғын жас жігіттің, басын ақ шалған дана шалдың адам бойындағы барлық оңды, сұлу қасиеттеріне балай келіп: «Поэзия — болмыстың берекесі мен мерекесі, күтпеген сәтімізде сирек соғар өмір рахаты; поэзия — үміт сенімі, жүрек дірілі, жан тынысы, ашынған құмарлық сезімнің бораны мен толқыны, шексіз толы махаббат, тәтті қамығу, ләззат таба егілу, көз жасына көмілу, әлдеқайда, шегі жоққа тарықса да ынтық ата ұмтылу; өмір бақи айнымас, еш мезгілде тояттамас құмарлық; барлығын да құшағыма алсам деу, барлығымен біріксем, біте қайнасам деу; ол — жүрегімізді бүкіл әлем ырғағымен бір соқтырар құдіретті пафос...

Бүкіл әлем, гүл, бояулар, дыбыстар, бар жаратылыс, барлық өмір — поэзия дүниесі, осы құбылыстардағы құпия қуат, оларға тіршілік, ойнақы өмір беретін сырлар поэзияның тетігі мен жаны. Поэзия — әлемдік өмірдің қан тамырының соғуы, сол өмірдің қаны мен оты, жарығы мен оты».

Белинскийдің осы сөздерін қазақ тіліне аударған қазақ ақыны Әбділда Тәжібаев өзінің «Поэзия және өмір» деген өте бағалы кітабында қазақ совет лирикасын нәзік зерттеу арқылы поэзияның ұлы сыншы сипаттаған тамаша табиғатын ашып көрсетті, қазақ поэзиясының совет заманында шарықтап шыққан мәдени биігін танытты.

Ақындардың ақыны Абай поэзияның қазақ өмірінде қандай орын алатынын тауып айтқан ғой. Өлеңді (поэзияны) сөздің патшасы деп білген ұлы ақын:

Туғанда дүние есігін ашады өлең,  
Өлеңмен жер қойнына кірер денең.  
Өмірдегі қызығың бәрі өлеңмен,  
Ойлансаңшы, бос қақпай елең-селең.—

деп бұл өнерді өте жоғары бағалаған.

Шынында да қазақ ортасында өлең өнері ертеден-ақ ерекше үлкен орын алғаны аян. Бұған қазақ халқының революциядан бұрын да айырықша дамып жетілген поэзиялық мұрасы айқын айғақ. Ал поэзия саласының совет заманында алабөтен мол өнім беріп, қауырт қаулап өсуінің де бір себебі сол болса керек.

«Елу жылда ел жаңа» деген сөз елу жыл ішінде алдыңғы буынның орнын соңғы буын басады деген сөз ғой дейміз. Ал әдебиет жаңару үшін елу жыл, баяғыдан бергі өлшеммен алғанда, тым аз уақыт. Ал бірақ советтік елу жылдың ғажап қасиеті сол — мұнда халықтың бүкіл көркем өнері, әсіресе қазақ поэзиясы адам иланғысыз керемет қарқынмен өсіп кетті. Сөйтіп, бүгінгі елуді еңсеріп, есейген, жан-жақты толысып піскен «толғауы тоқсан» қазақ өлең өнері сан алуан саласы мен сарынын, жанры мен тақырыбын, талай түрі мен тегін, ырғағы мен интонациясын қатар жетілдірген кемелді поэзия. Оның лирика саласы да, эпос саласы да қыранның қос қанатындай қауырсын жайып, поэзияның сом тұлғасын бүгінгі санлақ биікке көтерді. Қандай қиын өмір картинасын түсірем десе де, қандай қиын өмір мәселесін шешем десе де кәзіргі қазақ поэзиясының құдреті мен өресі жеткілікті. Сонау 1917 жылғы Сәкен Сейфуллин мен 1967 жылғы Олжас Сүлейменовтың арасында қазақ әдебиетінің ауыр жүгін көтерген ақындар тобы бар; олардың созылған ұзақ қиын-қыстау творчестволық жолы бар; талай ақынның шарқ ұрып жаңалық іздеген соқпақ, сүрлеуі бар; шыққан белесі, сүрінген шұқанағы бар. Осының бәрі ылғи халықпен бірге жасасып келе жатқан қазақ совет поэзиясының социалистік реализм негізінде қалыптасып, қарыштап өскен, таудай табыстарға жеткен әрі қиын, әрі қызық асу кезеңдерін аңғартады, қазақ ақындарының әлі де болса ала алмаған қамалын, шыға алмаған шыңын көрсетеді.

Қазақ поэзиясының халықпен бірге жасасуы деп оның халық өмірін үздіксіз жырлап, үнемі тек шындықты бейнелеп келгенін айтқымыз келді. Дұрысында, қазақ поэзиясының жарты ғасыр ішінде қол жеткен табыстарын талдап қарасақ, оның барлық кезде халықтық және партиялық принципті берік ұстап, тұтас алғанда туған халықтың жарты ғасыр бойындағы бастан кешкен өмір тарихының ақындық шежіресін жасағанын көру қиын емес.

Басқаша айтқанда, елу жыл дамыған әдебиетіміз және оның үлкен бір тармағы поэзия — революция қайта туғызған халық өмірінің, жаңа дүниенің иесі болған саналы, көзі ашық совет адамының жан құбылысының көркем айнасын құрды.

Әдебиет адам жанының айнасы делінетін сөз — бейнелі сөз. Сондықтан ол көркем сөз өнерінің толық та дәл анықтамасы бола алмайды әрине. Өйткенмен осы топшылауда әдебиеттің айқын бір сипаты анық, әдемі айтылған. Ол оның адам жөнінде атқаратын қызметі.

Шынында да дүние жүзі халықтары әдебиеттерінің тарихына үніліп қарасақ, барлығында біз адам жанының құбылысын көреміз. Адам қуанады, қайғырады, сүйінеді, күйінеді, аңсайды, армандайды, безінеді, күйзеледі, таңырқайды, таңданады — мұның бәрі оның көңіл күйі, жан құбылысы. Бұлардың сан алуан түбегейлі де тікелей себептері бар. Ол адамның өміріне, тарихи тұрмыс жағдайына, күнделікті тірлігіне, талап тілегіне, қоғамдағы орнына, тағдырына байланысты. Ендеше әдебиет адамның жан құбылысы арқылы оның жеке басының және адам атаулының қоғамдық өмірін, күресін, арман-мүддесін айнаға түсіреді. Бірақ айнаның да айнасы бар: айнытпай анық көрсететін, кескін мен келбетті айқын ашып көрсететін шынайы түзу айна бар да, шамадан тыс бұзып, бүлдіріп көрсететін қисық айна бар. Тарихта қай халықтың болғанмен бүкіл адамзат өнерінің көркем қазнасына үлес қосқан әдеби туындыларының бәрі адам жанын, адам өмірін түзу айнаға түсірген туындылар. Сол себепті де біз бұл туындылардан көркем айнаға түскен яғни көркем бейнеленген адам тағдыры арқылы тарихи өмір шындығын танимыз. Бұл жерде «айна» деген сөзді тура мағнасында емес, В. И. Ленин қолданған әрі философиялық, әрі бейнелік мағнасында алсақ, оның салқын, өлі айна емес, жалындаған жанды айна екенін ескертуіміз керек. Өйткені ол айна құбылысты жай көрсетіп қана қоймайтын, көрермен кісіге мықты әсер ететін, оның жан жүрегін шарпитын сиқыр айна. Неге олай? Неге десеңіз, әдебиет шығармасының авторы тірі кісі, оның да өзінің дүние тану тұрғысы, өмірлік тәжірибесі, сенім, сезімі, ой, арманы бар. Соған сай ол (автор) субъект ретінде өмір шындығын (объективтік дүниені) дұрыс көрсетуді мақсат ете отырып оқушысы мен тыңдаушысына өз түсінігін өткізу, өз ықпал, әсерін жүргізіп оларды өз

арман-сеніміне нандыру ниетін көздейді. Шабытпен жасалған шынайы өнер нандырады да иландырады, еліктіреді де ертіп әкетеді. Міне әдебиет шығармасының шыншылдық және идеялық күші осы арада. Оның оқушысын баурайтын тәрбиелік қасиеті де осыған байланысты. Сондықтан әдебиетті адам жанының айнасы деумен қатар адам жанының азығы деуде де үлкен растық бар. Сонымен көркем өнердің басқа тармақтары секілді әдебиет те адам жанын, адам өмірін бейнелегенде, бейтарап, немқұрайды бейнелемейді, белгілі мақсатпен баға бере, сын бере бейнелейді, ұнату-ұнатпауына қарай, не сүйсіндіре, не шошындыра бейнелейді. Н. Г. Чернышевскийдің көркем өнер әрі өмір оқулығы, әрі өмірге шығарған өкім дейтіні сондықтан ғой. Поэзия әдебиеттің ерте туған егде саласы. Ол адамның еңбегімен, тірлік әрекеттерімен ілесе туып, әр заман сол еңбек адамының сенімді серігі боп келе жатқан өміршең өнер. Бұл оның қашан да қиялына қанат байлаған, қуанышына дем берген, қайғысында демеу болған жан жолдасы. Сондықтан ол оған әрі сырлас, әрі мұндас, әрі ақылшы, әрі ұстаз кейпінде көрінеді.

Ән, күймен егіз-қатар туып өскен поэзия яғни кең мағнасында алсақ, жалпы көркем сөз өнері халық өмірінің тарихында өзінің осы игі рухани қызметімен танылған, сол қызметтің мән-мағнасымен, ықпал-әсерімен бағаланған. Халық көзінде дұрыс танылып, жақсы бағаланған әдеби шығарма ғана кейінгі ұрпақтарға мұра боп қалып отырған — сөйтіп, халық сынынан, уақыт сынағынан өткен асыл шығарма ауыздан ауызға, заманнан заманға көшіп, әр тұста өнделіп, қырналып келіп, біздің заманға жеткен. Мұндай шығармалар халықтың рухани мәдениетінің байлығын аңғартатын көркем сөз өнерінің асыл қазнасын жасайды. Бұл қазна барлық елде бірдей емес. Бір елде мол, бір елде шағып, бір елде көркемдік, поэзиялық қасиет-сипаты жоғары, бір елде төменірек. Мұның сыры ұлттың табиғи жаратылысында емес, тарихи жағдайында.

Кей халықты «ақын халық», кей халықты «әнші халық», «биші халық», «суретші халық» деседі. Сонда осы халықтың осы өнерге деген ерекше бейімі, таланты туа пайда болған айрықша қасиеті екен деуге болмайды. Бұл оның тарихи қалыптасқан өмір жағдайымен, тұрмыс күйімен, бастан кешкен қоғамдық құбылыстарымен сабақтас пайда болатын қасиет.

Қазақ халқын басқа ел ғалымдары ертеде-ақ «ақын халық», «әнші халық» деп танығаны белгілі. Бұған дәлел болған қазақтың бай ауыз әдебиеті мен шалқар ән-күй қазнасы еді. Қазақ халқының бұл салалардағы өнер байлығы мен оның үлгілерінің көркемдік құндылығын өзгеше жоғары бағалаған Радлов, Потанин, Алекторов, Ильминский, Диваев, Затаевич сықылды ғалымдар бұл мұраның жиналып, зерттелуі жөнінде көп еңбек сіңіргенін білеміз. Мысалы «Қозы Көрпеш — Баян сұлу» поэмасын Н. Потаниннің «жер жүзіндегі асыл мұралардың бірі» деп бағалауы қазақ поэзиясының қандай дәрежеге көтерілген поэзия екенін айқындап, революциядан бұрын-ақ оған бүкіл мәдениет жұртшылығының назарын аударған болатын. Сондай-ақ А. Затаевич жазып алған қазақтың 1500 ән-күй кітабын көріп, Алексей Максимович Горькийдің айтқан тамаша сөздері қазақ халқының ертеден шық жұқтырмай сақтаған асыл көркем мұрасына берген қымбат баға еді.

Қазақ халқы шынында ақын халық, әнші халық. Бірақ оны биші халық, суретші халық деп ешкім айтпайды. Ол да шындық. Мұның себебін әркім әр түрлі түсіндіреді. Біреулер қазақ қаласы жоқ, табиғаттан қашықтамаған, кең даладағы малшы, көшпелі халық болғандықтан десе, біреулер тарихтың талай қыспағынан тар жол, тайғақ кешуінен өтіп, көп көріп, көп тебренген; көп толқып, көп күйзелген күрделі тағдырдың халқы болғандықтан деседі.

Ал енді біреулер қазақ рулары бергі ғасырларда көшпелі болғанмен, ертеректе, сонау Әл-Фараби заманында тарихы бай, мәдениеті жоғары елдің құрамында рухани өмірі өскен тайпалар болғандықтан деп түсіндіреді.

Мұның өзі үлкен, байсалды зерттеуді қажет ететін мәселе. Әңгіме қазір ол жөнінде емес. Қазақтың көркем сөз өнері мен музыкалық өнерінің көп ғасыр бойы құнарлы дамып, біздің заманымызға мол мұра қалдыру фактісі жөнінде.

## II

Қазақтың көркем сөз өнері көп заман ауыз әдебиеті арнасында дамыды. Өйткені жазба әдебиеттің дамуына тиісті жағдай кейінгі кезге дейін болған жоқ. Сондықтан халық өзінің барлық ой-сезімін, жүрек отын, жан жіге-



рін ауыз әдебиетіне салып, фольклордың барлық жанрларын жан-жақты жетілдірді. Әсіресе жарқырап көзге түскен көбіне-көп поэзиялық творчество. Поэзиялық қасиеттерге толы мақал-мәтелдер мен алуан салалы аңыз, ертегілерді айтпағанның өзінде, қазақтың баяғыдан бай тұрмыс-салт жырларын, ән өлеңдерін, байтақ батырлар эпосын, лиро-эпос дастандарын, тарихи жырларды, ақындық айтыс үлгілерін, әрқилы толғауларды атап айтсақ, осыдан-ақ қазақтың өлең өнерінің қандай көл-көсір жеміс бергенін байқауға болады.

XVIII ғасырға дейін жасалған эпикалық туындылардың авторлары белгісіз — оларды әр кезде жеке дарынды ақындар шығарғаны даусыз, алайда бұл туындыларды көп заман күйттеп, шыңдап жасаған коллектив — халық екені де даусыз. Сондықтан бұларды біз фольклорлық құбылысқа жатқызамыз. Бірақ «фольклорлық» деген сөз, кейбіреулердің түсіндіретініндей көркемдігі төмен, көне деген сөз емес. Қазақ фольклоры туғызған поэзиялық үлгілер, әсіресе лирикалық және эпикалық шығармалар идеялық мағналылығы жөнінен де, поэтикасы (өлеңдік техникасы мен тілі) жөнінен де жоғары дәрежеде жасалған туындылар. Мұнда халықтың ой-сезімі, арман-мұраты қыруар қырынан алынып, терең сыршылдықпен бейнеленген; сүйікті Отанды, туған елді, жерді ата жаудан қорғап қалған батырлардың ғажап ерлігі керемет шабытпен, ерекше эпикалық күш-қуатпен баяндалып жырланған.

Мысалға әнмен айтылатын өлең сөздерін алып қаранызшы: адам жүрегінің сан алуан сырын, адам жанының сан алуан құбылысын көрмейсіз бе?! Өмір сүйгіш адамның қандай оңды арманы, қандай мөлдір таза махаббаты, нендей нәзік сұлу сезімі, ынтығы, назы, мұңы, сағынышы өрілген дейсіз.

Қамысы әуілдектің мүше-мүше,  
Сарғайдым осынау көлдің суын іше.  
Қос қанат құсқа біткен маған бітсе,  
Бармас па ем сәулетайға әлденеше.  
(«Әпитөк»)

Алыстағы сүйген сәулесін сағыныш-сарғайған, құс болып ұшып баруды арман етіп аңсаған ғашық жүрегінің шерін, ынтызар жалынын, лүпілін бұдан артық қалай беруге болады?! Иә болмаса:

Жаз болса жарқыраған көлдің беті,  
Көгеріп толкындайды алыс шеті.  
Дірілдеп толқын басқан мөлдір суын,  
Шайқайды жас баладай, желдің лебі.

Алтын бу ақ көбіктен бетін жабар,  
Судан бу көкке төніп, маржан тағар.  
Есіме ақ еркемді алған кезде  
Ақ маржан жылт-жылт етіп жерге тамар.—  
(«Япұрай»)

деген өлең жолдары ғашық жардың ыстық сезімін жазды күнгі жарқыраған көлдің, желдің, көгілдір толқынның алтын бу, ақ көбіктің көрікті суретімен әшекейлеп, көркем бейнелеп керемет картина жасағанына қалай сүйсінбейсіз?!

Тек махаббатқа байланысты емес, ел басынан кешкен елеулі оқиғаларға да байланысты жүрек тебіренісінен туған терең толғаулы, мұң мен шерге, күнәсіз көз жасына, арман мен үмітке толы лирикалық жырлар өзінің ой-сезімінің және өлеңдік құрылысының көркем кемелділігімен көңіл күйін еріксіз билейді. Басқаны былай қойып, жұрттың бәрі білетін және өлеңнің ең оңайы, қарапайымы көрінетін «Елім-ай» әнінің өлең шумақтарын алсақ та, қазақ поэзиясының бұл салада бір саты сапалық биікке көтерілгенін көреміз.

Мына заман қай заман, қысқан заман,  
Басымыздан бақ-дәулет ұшқан заман.  
Шұбырғанда ізіңнен шан борайды,  
Қаңтардағы қар жауған қыстан жаман.

Мына заман қай заман, бағы заман,  
Баяғыдай болар ма тағы заман?  
Қарындас пен кара орман қалғаннан соң,  
Көздің жасын көл қылып ағызамын.

Осында бір жалған айтылған сөз, сезім бар ма? Бірде-бір жасанды, жасық өлең жолы бар ма? Нағыз тарихи өмір шындығы нағыз шынайы сезімге бөленіп суреттелген емес пе? Бастан бақ-дәулет ұшып, қарындас пен кара орманнан айрылған қысылшан заманда халықтың босып, шұбырып, көздің жасын көл қылған қайғы-қасіретін «шұбырғанда ізіңнен шан борайды, қаңтардағы қар жауған қыстан жаман» деген сықылды қандай ұмытылмас образ, көнермес картинамен көмкерген дейсіз!

Халық лирикасында XIX—XX ғасырда Біржан, Ақан, Жаяу Мұса, Мұхит, Балуан Шолақ, Ғазиз, Естай, Әсет, Кенен сықылды көп композиторлардың шығарған ән текстерінің поэзиялық қасиеті фольклор белгілерден арылып, жазба әдебиет поэзиясының көптеген сипаттарын бойына сіңірді, сөйтіп ол қазақ лирикасын тағы бір саты жоғары көтерді. Бұлай дейтіміз: ән текстерінің белгілі авторлары болғандығынан ғана емес, олардың ойлары мен образдарының нақтылығынан; оқиғаларының тұжырымды сюжеттілігінен; суреттерінің көрнектілігінен; өлеңдерінің жұмырлығынан. Біржанның «Жанбота», «Айтпай», «Адасқақ», «Шідер», «Ләйлім шырақ», «Біржан сал», «Бурылтай» сияқты өлеңдері осындай өлеңдер.

Баласы Қожағұлдың Біржан салмын,  
Адамға зияным жоқ жүрген жанмын,  
Байлыққа, мансапқа да құмар емен,  
Өзім сал, өзім сылқым, неге зармын.  
Жасым бар жиырмада жасырмаймын,  
Басымнан дұшпан сөзін асырмаймын.  
Басымнан дұшпан сөзі асып кетсе,  
Сен түгіл басқаға да бас ұрмаймын.

Осы бір артық сөз жоқ екі ауыз дөп-дөңгелек өлеңде-ақ лирикалық геройдың — әділ де адал, халықшыл жас әнші, тәкаппар ақын Біржан салдың өмірі мен тұлғасы, образы мен характері құйып қойғандай толық, анық сипатталған ғой. Көзбен көріп қолмен ұстағандай айқын да жарқын бейне! Міне бұл ескі мағнасындағы фольклорлық өрнектен гөрі нақты мәдени көрік алған жазба поэзияның қалпына ойысудың үлгісі еді. Ақан мен Жаяу Мұса өлеңдері де осы секілді.

Қазақ поэзиясының зәулім биігінің бірі саналатын батырлар эпосы мен лиро-эпосының оңды үлгілері көп заман талай ақын, жыраудың қолынан өтіп, шыңдалғаны рас. Бірақ сонымен бірге ескеретін факт мынау: көркемдік дәрежесі биік поэмалардың бәрі дерлік соңғы ретте Марабай, Майкот, Жанак, Жүсіпбек тәрізді аты белгілі дарынды ақындар қолынан өткен. Бұл факт, эпос туындыларының поэзиялық қасиеттерін жетілдіре түскен сияқты. Мұны «Қыз Жібек» пен «Қозы Көрпеш — Баян сұлудың», «Қамбар батыр» мен «Айман — Шолпанның» жазба әдебиетке бейім сипаттарынан да байқауға болады. Әрине, жазба әдебиетке бейім пайда болған белгілі

сипаттардың бәрі бірдей «фольклорлық» элементтерден көркемдігі жөнінде артық түсе береді екен деп ұқпау керек. Олардың жасық шығатындығы да болады. Әйткенмен эпос туындыларындағы реалистік картиналар, детальдар, адам характерін ашудағы психологиялық элементтер, портрет дәлдігі, оқиғалардың ішкі байланысының логикалылығы, драмалық шиеленіске құрылған жанды диалогтар — соңғы ғасырларда өріс алған қасиеттер екені даусыз. Қалай болғанда да, қазақ эпосы өзінің ен байлығымен, көркем кемелдігімен қазақ поэзиясының бұрыннан деңгей-дәрежесі жетілген дарқан өнер екенін танытып, бүкіл дүние жүзі рухани мәдениетінің асыл қорына үлкен үлес боп қосылды.

Әрідегі Бұқардан, берідегі Махамбеттен бастап, Абайға дейінгі аты шулы ақындардың өлең өнерін топтап алып қарайықшы. Мұнда біз не көреміз? Мұнда біз поэзияның негізгі үш элементінің (эпикалық, лирикалық, драмалық) аралас жүруімен қатар, саяси өткір арнау жырлары мен публицистикалық, философиялық толғау жырларының және әр алуан айтыс жырларының кен етек алып дамығанын көреміз. Бұл салада қазақ поэзиясының өзіндік өзгеше сипаты айрықша айқын көзге түседі. Қазақтың жалпы сөз өнерінде ежелден көп күйттелген даналық, шешендік, тапқырлық, сыншылдық, өнегешілдік сықылды дәстүрлі қасиеттер ғасырлар бойы өркендеген ақындар поэзиясының ұлттық ерекшелігін құрды.

Бұхарда мынадай жолдар бар:

Алыстан қызыл көрінсе,  
Манат емей немене.  
Көтеріліп ұшқан соң,  
Қанат емей немене.  
Қамшы татып жүгірген,  
Шабан емей немене.  
Сұрағанды бермеген,  
Сараң емей немене.  
Кісі ақысын көп жеген,  
Арам емей немене.

Мұндайда өлеңге мазмұн беріп тұрған идеялық арқау — ол ақынның шабандық пен сараңдықты, кісі ақысын жеген арамдықты шенеп айтқан сыншылдығы мен сыншылдығы десек; сол мазмұнға лайық түр беріп тұрған өлең мәдениетінің жоғарылығы, оның екпінді сарыны, тақпақты ырғағы, «емей» және «немене» деген сөздердің

тіркесе қайталануына құрылған инверсия мен, «манат», «канат», «саран», «арам» деген сөздердің өлең жолдарының басында тұрып шалыс ұйқасқан кестесі демекпіз, Бұдан біздің анық байқайтынымыз: Бұхар өлеңіндегі шешендік үлгісі және өлендік техниканың жетілгендігі.

Махамбет поэзиясы бұл үрдісті одан әрі өрбітіп, зәулім биікке көтергені аян. Оның кез келген өлеңі осының айғағы.

Хан емессің, қасқырсың,  
Қас албасты басқырсың,  
Достарың келіп табалап,  
Дұшпаның сені басқа ұрсын!  
Хан емессің, ылаңсың,  
Қара шұбар жылансың.  
Хан емессің аярсың,  
Айыр құйрық шаянсың!

иә болмаса:

Боз ағаштан биік мен едім,  
Бұлтқа жетпей шарт сынбан.  
Ел құтқарар ер едім,—  
Жандаспай ақыры бір тынбан.

Мына екі шумақ өлеңнің өзінде көп нәрсе аңғарылады. Алдымен «ел құтқарар ер» Махамбеттің «жандаспай тынбас» күрескерлік бейнесі танылады; оның дұшпанға дегенде мейірімсіз, ашынған алмас жүзді поэзиясының жауынгерлік рухы сезіледі. Осыған орай Махамбет өлеңінің нажағай атқан құдретті үні жігерлі ырғақ тапқанын «хан емессің, қасқырсың» деген сықылды контрастқа құрылған инверсия «ылаңсың», «жылансың», «аярсың», «шаянсың» деген сықылды төпеп айтқан егіз ұйқасты жерлеу, тұқырту сөздер және соңғы шумақтағы шалыс ұйқаспен берілген мінсіз өлең өрнегі Махамбет поэзиясының мәдениеті ересен өскендігін көрсетеді. Махамбеттен кейін Шернияздың Баймағамбет Сұлтанға, Сүйімбайдың Тезек төреге арнайы айтқан адуын жырлары да осы тақлеттес боп келеді. Өнегешіл өлең үлгілері де қазақ поэзиясында жалаң үгіт сарынын қумай, образды өрнек салғанын кәп ақынның творчествосынан ұшыратамыз. Мысалы, соның бірі Базар ақынның «Жоғарыдан төменге» деп басталатын алты ауыз жыр өлеңін алсақ, мұнда ақынның тәрбиелік ниеті, өнегелік сарыны үнемі сурет, образдар тіркесі арқылы түйілгенін айтуымыз керек. Әуелі Абайша жазғытұрғы көріністің картинасын суреттей келіп, бұл суретін:

Жапырактары жайқалып,  
Ырғалып желмен шайқалып,  
Түрленіп, гүлдер қызарар,  
Бұлбұлдар сайрап бағында,  
Байғыздар тасқа ұялар,—

деп бір түйеді. Бұдан кейін жауға шапқан батыр мен күреске түскен балуанның бейнесін алға тарта отырып, мынадай параллелизмге толы шұбыртпалы образдар жүйесін тізеді:

Алысқан жерден аударып,  
Әлі келген жыға алар.  
Қияға тартсаң қайыспас,  
Дулығалы құба нар.  
Наз бедеу аттын тұяғы  
Тасқа тиіп тұралар.  
Екі талай жер болса,  
Ердін басы сыналар.  
Жесірдің камын ойласаң,  
Жетімнің көңілі жұбанар.  
Екі мұңлы бас қосса,  
Тарқатып шерін шығарар.  
Жабырқап досын қайғына,  
Дұшпаның сырттан сығалар.  
Өнбейтін даудың ізінен  
Өспейтін жігіт куалар.

Осындай термелеп айтылатын жыр өлең түрімен-ақ ақын «екі талай жерде» сыналатын ер туралы, жетім мен жесір, дос пен дұшпан туралы; мағнасыз іс, құнарсыз қылық туралы өнегелі ойларын ортаға салудан бұрын алысса жығар әлдінің, қайыспас құба нардың, наз бедеу аттың образын көз алдына әкеледі.

Бұл сияқты образдылық пен суреткерліктің оңды үлгілері әсіресе айтыс жанрында кемелденгендігі анық. Бұл салада мысалға Біржан мен Сараның айтысын ата-са да әбден жеткілікті. Айтыс жанрының ерекшелігі ала бөтен үлкен екендігі белгілі. Өмірді терең және жан-жақты білушілік, айтысушымен ой-пікір, сөз жарыстыру қаблеті; айтыста аңдып, бағып отырып, әріптесінді ұстай сөйлеу; табанда тауып айту және өлеңдік өнерін асырып, оның ықпал, әсерін көркемдік тәсілдермен күшейтіп айту — айтыс жанрының мызғымас шарттары екені даусыз. Сондықтан да айтыс — ақындық таланттың үлкен сынағы боп есептелген ғой. Дарынды ақындардың көпшілігі тек осы ірі сынақтан өткенде ғана жақсы танылған. Оның үстіне айтыста да қазақ поэзиясына айрықша тән жоғарыда аталған синтетикалық ерекшелік (эпикалық, лири-

калык, драмалық элементтердің аралас жүруі) бой көрсетеді. Әйткенмен мұнда әсіресе драмалық элемент басым. Қай заманда болса да шаршы топтың алдында өтетін ақындар айтысын тыңдаушыларға театр іспетті етуінің сыры да сонда. Біржан мен Сараның айтысы совет заманында опера либреттосына драмалық материал беруінің өзі осының дәлелі болса керек.

Кәзір үш том боп шыққан айтыс үлгілері бұл жанрдың қазақ поэзиясында қаулап өскен бай сала екенін біртанытса, екіншіден, оның қоғамдық публицистикалық үні мен уыты өте күшті, өткір қару екенін айқындайды. Жеке ақындар есіміне байланысты айтыс шығармаларының бәрі дерлік бері замандағы (XIX—XX ғасырдағы) әлеуметтік өмір жайынан сөз қозғайды. Айтыс жанрына хас мақтау мен сынауда және сипаттауда реалды өмір шындығының, ондағы әлеуметтік қайшылықтардың беті көбірек ашылатыны байқалады. Көптеген нақты дерек, мағлұмат беріледі. Бұл да айтыс өнерінің азаматтық, реалистік сарынын нығайтып, оны жазба әдебиетімізбен тығыз шендестіретін жай. Айтыстың ең жақсы үлгілері өзінің көркемдік қасиеттері жөнінде де жазба поэзиямен шектеседі. Көркемдік дәрежесі ең биік шығармалардың бірі — Біржан мен Сараның айтысы туралы Сәбит Мұқанов былай дейді: «Біржан — Сара айтысындағы ерекше зор бір қасиет — мұнда ақындық көркемдік теңеулер күшті. Сол образы мол көрікті шебер өрнектер Біржан мен Сараның өздерін бейнелеп сипаттауға, ақындық қватты суреттерге арналады».<sup>1</sup>

Көркемдігі көп айтылатын Біржан — Сара айтысын былай қойып, әлеуметтік мән-мағнасы салмақты Құлмамбет пен Жамбылдың айтысының көркемдік күшін алсақ та, айтыс жанрының қазақ поэзиясында көп жетілген өнер екеніне көз жетеді. Сол кезде хат танымайтын Жамбыл ақынның өлең мәдениетінің жоғары және әр қырынан бой көрсеткендігін көріп, еріксіз таң қаласыз. «Сөйлесем өлеңімді түптеп бермен, құйылар сөз нәсері көктен, жерден» дейтін Жамбыл бірде:

Ұша алмас қара бүркіт қалықтамай,  
Құлмамбет, сөз сөйлейсің анықтамай,  
Айтатұғын кісінің өзіне айтқын,  
Делбе сүзек кісідей шалықтамай,—

<sup>1</sup> «Айтыс», бірінші том. ҚМКӘБ, 1964, 46-бет.

деп қазақтың он бір буынды кара өлеңінің көркем те-  
неулерге құрылған мінсіз, жұмыр түрін пайдаланса;  
енді бірде, дәл сол айтыстың өзінде, басқа мақамға тү-  
сіп, 8—7 буынды жыр өлеңінің оңды үлгісін, екпінді де  
жігерлі өрнегін салады:

А, Құлмамбет, Құлмамбет,  
Ағып жатқан сумен кет!  
Сумен кетсең, ел ішер,  
Судан шыққан бумен кет!  
Онда да кесірің тиеді,  
Қызарып батқан күнмен кет!  
Күн де қайтып шығады,  
Оттан шыққан күлмен кет!  
Күлден ауру жұғады,  
Қаранғы тұман түнмен кет!  
Түн де қайтып келеді,  
Асқаралы таумен кет!  
Тауды да халық мекендер,  
Кесірің жұғар, Құлмамбет,  
Қу пәлекет, арман кет!

Мұндай үлгі-өрнектер басқа айтыс шығармаларында да  
баршылық.

XIX ғасырда айтыс жанрымен қатар дамыған тағы  
бір сала — ол қазақ өмірі мен тұрмысын баяндайтын  
тарихи және лиро-эпос жырлары; шығыс әдебиеті сю-  
жеттеріне құрылған дастандар, қиссалар, хикаялар. Бұ-  
лардың халық арасына кең тараған жақсы үлгілері соң-  
ғы жылдары шығып жатқан «Қазақ эпосының» үш том-  
дығына енді. Мұнда, әрине, эпикалық серпін басым.  
Қазақ топырағында туған сюжетті шығармалар батыр-  
лар эпосының бұрыннан қалыптасқан баяндағыш, бей-  
нелегіш тәсілдерін, тіл байлығын, өлең өрнегін дәстүр  
ретінде пайдалана отырып, нақты өмір шындығын жыр-  
лауға және соған сәйкес жаңа поэма жанрын жасауға  
ойысқаны мәлім. Бұлардың ден көпшілігін сауатты ақын-  
дар жасаған. Сол себепті бұл саланы ауыз әдебиеттің  
жазба әдебиет арнасына құяр сағасындағы құнарлы көп  
саланың бірі деп қараған жөн.

### III

Жазба әдебиет арнасы деуде баламалық мән бар.  
Шынында да әдебиет бейнебір дария сықылды — оның  
да арнасы бар, ағысы бар, ағысының белгілі заңдылы-



ғы бар. Оның да шығар тегі, қайнар бұлақ көзі, тұс-тұстан қосылар талай-талай тарауы, құяр сағасы, телегей теңізі бар. Қазақ әдебиеті де сондай. Революциядан бұрын қазақтың ғасырлар бойы халықпен бірге өмір сүріп, өскен, дамыған бай фольклоры болды да, бірте-бірте құралып, қосылып, жалғасып, үлкен арнаға құйылған жазба әдебиеті болды дейміз. Бірақ бұл жалаң процесс емес, күрделі процесс. Бірыңғай таза ауыз әдебиеті, бірыңғай таза жазба әдебиеті дейтін құбылыс жоқ. Бұл екеуі бір-бірінен нәр алып, өзара бір-біріне әсер етіп, әрі араласып, әрі қаз-қатар өмір сүріп келе жатқан құбылыстар. Жоғарыда шолып айтқан ауыз әдебиетінің әрқилы салалары қазақ халқының бай фольклорлық қазнасын құрап, өткен ғасырда аты шулы ақындар творчествосымен астаса келіп, жаңа әдебиет арнасын туғызды. Ол — Ыбырай Алтынсарин мен Абай Құнанбаев творчествосы жасаған кең және жаңа арна. Кең дейтініміз — бұл арна туған әдебиеттің бұрын-сонды пайда болған табыс, жетістіктерін бойына мол сіңірді. Және мұнымен ғана қанағаттанбай, ол баяғыдан бай шығыс әдебиеті мен ұлы орыс халқының классикалық әдебиетінің де қос дариясынан нәр алып қоректенді. Ал жаңа дейтініміз — бұл арна жаңа бағыт ұстап, өмір шындығын жаңа әдіс, жаңа амал-тәсілмен көрсету принципін қолданды. Әрине, жаңа принцип жаңа тақырып, жаңа жанр, жаңа сарын туғызды. Ыбрай Алтынсарин бұрын болмаған педагогикалық әңгімелер мен өлеңдер жазды; Абай Құнанбаев терең әлеуметтік, философиялық лирика мен поэманың, сатиралық поэзияның және табиғатпен махаббат лирикасының бұрын болмаған жаңа тамаша өрнектерін жасады. Сөйтіп, Абай мен Ыбрай творчествосы салған арна қазақтың жалпы көркем сөз өнерін және әсіресе оның поэзиясын кең алқап, жаңа өріске шығарған ұлы арна екенін айтуымыз керек.

Қазақ халқының үлкен бір тарихи кезеңінде биік талап-тілектерге лайық пайда болған озат ағартушылық-демократтық идея қазақ поэзиясына кең тыныс беріп, қанат байлап, дүние жүзі прогрестік поэзияның айдынына қарай бағыттады. Мұны біз Абай арнасы деп атауға правомыз бар.

Абай поэзиясының ұлылығын, керемет сыр-сипатын жан-жақты толық бағалауға бұл жерде мүмкіншілік жоқ. Алайда Абай поэзиясы кейінгі қазақ әдебиетінің

ілгері басып дамуына құдретті әсер, ықпал еткен поэзия болғандықтан, оның қысқаша мінездемесін бере кету қажет сияқты. Ол үшін ұзақ талдау, үлкен шолу жасамай-ақ Абайдың өлең өнері туралы жазған программалы өлеңдерінен мысал, дәлел ретінде бірер үзінді келтірсе жеткілікті. Неге десеңіз, ұлы ақынның өлең жөнінде бұрынғыға айтқан сыны, жаңаға қойған талабы оның тек пікірі ғана емес, іске асқан тәжірибесі. Ол:

Өлең — сөздің патшасы, сөз сарасы,  
Қиыннан қиыстырар ер данасы.  
Тілге жеңіл, жүрекке жылы тиіп,  
Теп-тегіс жұмыр келсін айналасы,—

десе, мұны Абайдың өз өлеңдеріне берілуге тиіс баға деп ұғу керек. Ал егер ақын:

Өлеңге әркімнің-ақ бар таласы.  
Сонда да солардың бар таңдамасы.  
Іші алтын, сырты күміс сөз жақсысын  
Қазақтың келістірер қай баласы.

десе сол «іші алтын, сырты күміс сөз жақсысын» келістірген қазақтың таңдамасы Абайдың өзі деп білу керек. Абай өзінен бұрынғы «мал үшін тілін безеп, жанын жалдап», «сөз қадірін кетірген» надан ақындарды сынап, «әшейін күн өткізбек әңгімеге» елікпей, көр-жерді жоқтан қармап өлең қылмаса, Абай арнасының тазалығы, талғампаздығы дейміз; өткеннің лайын емес, тұнығын қабылдағаны дейміз; Абайдың «Сөз түзелді, тындаушы, сен де түзел» дегенін оның өз поэзиясының өткеннен айырмасы деп таныған жөн, ол білімсіз бишара ақындардың сөз арасын бөтен сөзбен былғауы емес, ол — ақыл сөз бен «терең ойды, терең ғылымды» арқау еткен «қисынымен» қызықты жаңа поэзия. Ол — Абайдың өз поэзиясы.

Абай поэзияның бардақты мақсаты дарынды ақынның шын шабыты келіп, жүрек кірі шайылған шақта жүзеге асатынын айтады.

Сонда ақын белін буынып,  
Алды-артына қаранар.  
Дүние кірін жуынып,  
Көрініп ойға сөз салар.  
Қыранша қарап қырымға,  
Мұң мен зарды қолға алар,

Кектеніп надан зұлымға  
Шиыршық атар, толғанар,  
Әділет пен ақылға  
Сынатып көрген, білгенін,  
Білдірер алыс, жақынға  
Солардың сөйле дегенін.  
Ызалы жүрек, долы қол,  
Улы сия, ащы тіл  
Не жазып кетсе, жайы сол,  
Жек көрсендер өзін біл.

Міне, бұл-дағы данышпан ақынның дәл өзі туралы айтқаны емес пе? Абай творчествосының «сыр сандығын» ашу үшін бұдан қолайлы кілт болар ма? Ақын жүрегіне терең бойлап, оның адамгершілік жұмбағын шешу үшін, әділет пен ақылға арқа сүйеп, надандық пен зұлымға қарсы улы сия, ащы тілінің зәрін шашқан ардагер ақынның адал, таза арман-ниетін түсіну үшін бұдан артық мінездеме болуы мүмкін емес.

Абай өлең өнерін жетілдіргенде оны асыл арман, озат идея, терең мазмұн, мағынамен байытты, өлеңнің түр-түрін кемелдендіріп, қазақ тілінің мол қазнасын ашты, оның оңды оралымдылығын жасады, сан алуан дыбыс, бояу және бейнелегіш мүмкіншіліктерін тапты дейміз. «Толғауы тоқсан қызыл тіл» данышпан ақынның «алыстан сермеп, жүректен тербеп» жасаған асыл өнеріне қызмет етті, «өткірдің жүзі, кестенің бізі» сала алмас «білгенге маржан» керемет өлең өрнегін салысты дейміз. Абай қазақтың жазба әдебиетінің және әдебиет тілінің негізін салған атасы деп сондықтан айтылады.

Үш бұлақтан бірдей нәр алып Абай арнасына түскен қазақтың жаңа әдебиеті ХХ ғасырдың өн бойында Абай творчествосын мектеп етіп, Абай дәстүрін дамыту арқылы өсіп келе жатқаны әмбеге аян.

Абайдың ізін баса шыққан Сұлтанмахмұт Торайғыров сықылды үлкен ақындар Ұлы Октябрь революциясы қарсаңында Абай поэзиясын ту етіп көтеріп, үлгі тұтты. Бір кезде өзгені қойғанмен, өзгеге көңлі тойғанмен өлеңді қайтып қоярын білмеген Абай надандарға сөзін тыңдата алмай зар шеккенде, бір жағынан «қайран сөзім қор болды тобықтының езіне» деп күйінсе; екінші жағынан, «жылай-жылай өлгенде, арттағыға сөз қалсын», «көкрегінде оты бар, құлағын ойлы ер салсын», «қабыл көрсе сөзімді, кім таныса сол алсын» деп өзін-өзі жұбата келіп, мынадай берік сенім айтқан еді:

Көп адам дүниеге бой алдырған,  
Бой алдырып, аяғын көп шалдырған.  
Өлді деуге сия ма, ойлаңдаршы,  
Өлмейтұғын артына сөз қалдырған.

Абай сенімі алдаған жоқ. Ақталды. Ұлы ақынның даналық сөздерін қабыл көріп танып алған «көкрегінде оты бар ойлы ерлер» табылды.

Соның бірі Сұлтанмахмұт. Ол 1913 жылы жазған «Қазақ тіліндегі өлең кітаптары жайынан» деген мақаласында Абай өлеңдерін шындықтың, шеберліктің, тіл тазалығының үлгісі етіп тартады. Басқа өлең кітаптардың көбісін Сұлтанмахмұт Торайғыров, тілі жөнінен болсын, рухы жөнінен болсын «қазақтың иісі де жоқ» деп сынады. Бұл жерде демократ ақын «қазақтың иісі» деп өлеңнің халықтығын, шынайы ұлттық сипатын айтып отыр. Бұл сипатты демократ ақындар Абай мұрасынан тапқан. Бұл мұраны олар асылындай қорғап, оның мөлдір арнасына өз тараптарынан тек үлес қосуға күш салған. Осы ғасырдың басында әдебиетке алғаш қадам басқан Сұлтанмахмұт Торайғыров, Сәбит Дөнентаев, Мұхамеджан Сералин, Спандияр Көбеев, Бекет Өтетілеуов секілді ақын, жазушылар Октябрь алдында өз шығармаларымен жаңа әдебиеттің қорын тұс-тұстан толықтыра түсті. Олар Абай мен Ыбрай творчествосының азаматтық, реалистік, халықтық дәстүрін әр салада дамытып, Абай поэзиясының үлгі-өрнектерін күйттей отырып, әдебиетке жаңа екпін мен сарын, жаңа тақырып пен жанрлар әкелді. Бұл жаңалықтар озса бүкіл Россияда, қалса біздің Қазақстанда 1905—1907 жылдардағы революциялық қозғалыстарға байланысты туған тарихи жағдайдың жаңалықтары болатын.

Абай барлық ақындық жігерін әділетсіздік пен зұлымдықты, қараңғылық пен надандықты ұлы сия, ащы тілімен әшкерелеуге салса, Сұлтанмахмұт енді солардың жойылатынына мықты сенім білдіре келіп, осы мақсатты жүзеге асыру міндетін өз мойнына ала сөйлейді. «Өмірімнің уәдесі» деген өлеңінде жас ақын:

Сенемін, еңбек қылсам, бақыт жақын:  
Келер жаз атақты алам деген «ақын»,  
Жүректің қазынасы таратылса,  
Пайдасын көрер әлі-ақ ертең халқым,—

деген еді. Өмір соққысында қанша күйзеліп, торықса да ақын өзінің осы бір қарқынды арынынан жазбайды. Ол «Шәкірт ойы» атты даңқты өлеңінде:

Қараңғы қазақ көгіне,  
Өрмелеп шығып күн болам!  
Қараңғылықтың кегіне  
Күн болмағанда кім болам?

деген еді. Міне бұл берік сенімнен туған талап, әрифіе. Зорлап шалға берген қыздың трагедиясын Абай «Бір сұлу қыз тұрыпты хан қолында» деген сюжетті өлеңінде қысқа тұжырып көрсетсе, Сұлтанмахмұт осы тақырыпты «Қамар сұлу» сықылды романға арқау етеді. Кедейдің ауыр күйін Абай: «Қараша, жел тоқсанмен сол бір-екі ай» деген өлеңінде қысқа қайырып айтса, Сұлтанмахмұт оны «Кедей» атты поэмасында әбден жеріне жеткізе суреттейді.

Сонымен Сұлтанмахмұт Абай лирикасының ізінде жаңа тарихи кезеңнің көтеріңкі рухына сай адамгершілік, ағартушылық идеясымен өлеңдер жазып, ұлы ақынның сюжетті реалистік өлеңдерінің ізінде ауқымы кең әлеуметтік поэмалар желісін тартты. Ал Сәбит Дөнентаев болса ол да Абайдың өткір, уытты сыншылдық өлеңдерінің негізінде сатиралық мысал жанрын өрбітті. Дәл революция қарсаңында тұңғыш шәкірттік өлеңдерін жазған Сәкен Сейфуллин, Бейімбет Майлин, Ілияс Жансүгіров сықылды жас ақындар да Абай поэзиясының мазмұны мен түрінен тәлім алып өсті.

Сәкеннің «Өткен күндер» жинағын жас ақынның Абайдан үйренуінің айқын дәлелі десе болады. Мұнда «Ақын» деген өлеңде Сәкен Абайдың атын атағанда да оны ұстаз тұтып, ақындарға үлгі-өнеге етіп тартқаны көрініп-ақ тұр.

Сәкеннің жинаққа енген өлеңдері көп ретте Абай поэзиясымен үндес — ақынның идеялық бағыт, ой, сезімнің ұқсастығын былай қойып, өлең өрнектерінің құрылысы, түрі, стилі жөнінен де ұлы Абайдың әсері айдан анық. Әсіресе табиғат, махаббат лирикасында Абай өлеңдерінің айшық-кестесі айтпай танырлық.

Сенен жақын дүниеде маған жан жоқ,  
Жырақта жүрсем-дағы көңліме тоқ.  
Жүрегім күйді-жанды сені ойлай  
Ішіме түскендей-ақ қып-қызыл шоқ,—

деген шумақтағы бірінші жолдың «дүниеде сенен артық маған жар жоқ» деген Абай жолынан қанша айырмасы бар?! Ұлы ұстаздан үйренген жас талап ақынның «Көңілім» деген өлеңін «Сегіз аяқтың» мөлшерімен жазуы да түсінікті.

Алғашқы кезеңде Сәкен творчествосына Абай поэзиясының ықпалды әсері болғанын Е. Ысмайылов пен С. Қирабаев монографиялық еңбектерінде толық дәлелдегендіктен, бұл мәселеге көп тоқталмаса да болады. Алайда Абай творчествосы және оның мектебінен өткен ағартушы-демократ ақындардың шығармалары қазақтың совет әдебиеті басталар жердегі көркем сөз өнерінің ең биік өрі болғанын баса айтып, Абай поэзиясы Сәкен творчествосы нәр алған қайнар бұлақ болғанын алдын ала ескерту қажет деп білдік. Мұның үлкен мұралық мәнін кейінірек көреміз.

Осыған орай тағы бір ескерте кететін жай бар. Ол мынау: қалада оқып, қолына қалам алып өз тұсындағы газет, журналдарда шығармаларын жариялаған жазушылармен қатар ауылда жүріп өлең өнерімен айналысқан азын-аулақ сауатты ел ақындарына да Абай мектебі едәуір игі әсер еткен. Әріп, Әсет, Қуат, Саяділ, Нұрлыбек сықылды ақындардың өлеңдерінен біз осыны аңғарамыз. Абай поэзиясының биік өрісі бұл ақындардың да өлең мәдениетін көтергені ешбір дау туғызбайды. Мысалға Әріп Тәңірбергенұлының:

Сорлы елім, көріп жүрсін еңбекті жау,  
Ел көзіне, өсек айтып, ізденіп дау.  
Істейтін бар кәсібің — ұрлық, зорлық,  
Кісі жоқ алдын ойлар бір дені сау.—

деп басталатын «Еңбек туралы», деген өлеңін алайық немесе «Ғылым туралы», «Қалың мал туралы», «Тәуірбек болысқа» деген өлеңдерін алайық — дәрінде аңқыған Абай сарыны сезіледі. Әсет Найманбайұлының Абай үлгісімен «Евгений Онегиннен» үзінділер аударуы, Абайдай ақын болып өлмегенін армандауы («Абайдай арт жағына сөз қалдырып, жақсы еді-ау, әттеген-ай, өлу деген...») Абай есімінің кезінде бүкіл қазақ халқының болашаққа меңзеген ұлт мәдениетінің, көркем сөз өнерінің, әсіресе поэзиясының ардақты туы болғандығын анықтайды.

«Шөп те шыққан жерге шығады, қақ та тұрған жер-

ге тұрады» дейді халық. Тақырға ештеңе өспейді, өскенмен ештеңе өндірмейді. Сондай-ақ дер кезінде күн мен су болмаса, ұрық пен қорек болмаса былайша айтқанда, күллі қолайлы жағдай болмаса, онда да ештеңе өсіп өндірмейді. Мұндай қолайлы жағдай Совет заманында туды.

Ұлы Октябрь Социалистік революциясы халықтарға бостандық таңын атқызып, жаңа дүниенің есігін ашумен бірге еңбек адамының сана-сезімін, саяси белсенділігін, рухани ынта-ықласын тарихта болмаған биікке көтерді. Талай заман тұншығып келген рухани өмір көктемдегі қардай еріп, селдей тасыды, арындап айдын кеңістікке шықты. Бұл жағдай поэзияның да тұсауын алып, тығынын ағытқандай болды. Поэзияға қанат бітті. Ол Ұлы Октябрьден рух алды. Ең даланы шарлап, шаттықпен ән шырқады, революцияны жырлап жар салды.

Асау тұлпар бейнесінде алынған арынды революциялық поэзиясының алғашқы өкілі — асқақ ақын Сәкен Сейфуллин:

Орғытып ұшырып жүріп, көкіректі кернеп,  
Кең даланы күңіrentіп, қатты айқайлап, ән салдым.  
Әнім күшті дыңылдап, жаңғыртып кең даланы.  
Салдым күшті дауыспен ән, әніме қосылды  
Кең дала, аққулы қазды шалқар көл, қамысты,  
Құрақты көк өзен қосылды бәрі шуласып, қосылды  
бәрі шаттанып,

деп келіп:

Көкіректері жанып, бақыт іздеген, жастар,  
Сендерге арналды бұл әндер,—

деп түйеді. Бұдан біз революция туғызған жаңа романтикалы поэзияның адуын арынын сеземіз, өктем үнін естиміз. Осы арын, осы үн Ілияс Жансүгіровтың өлеңдерінде де ұшырасады. Өзінің арнаулы «Арыным» атты өлеңінде ақындық екпінін кер бедеудің екпініне теңеген ақын:

Алқынамын, басылмайды арыным,  
Тау селіндей екпін қайрат, сарыным.  
Жарлы-жалшы, жақыбайды жарылқау —  
Жанды ауру, жүректегі жалыным,—

деп асқан қуат, жігермен сөйлейді. Жаңа поэзияға асқақ рух, ұшқыр қанат берген революциялық күш, қуат міне осы.

Бостандықты аңсай, революцияны түсініп, қуана да

құттықтай қабылдаған ақынның бәрі дерлік әдебиет дүниесіне бұрын-соңды сеніммен, тау құлатар қарқынмен құлшына, ұрандата келді. Халықты оятып, қаһармандық күреске шақырған революцияның дауылды жылдарында дабыл қағып, ұран көтеретін арынды да жалынды жырлар қажет-ақ еді. Біздің Сәкен бастаған революцияшыл жас ақындарымыз сол тарихи қажеттікті атқарды. Олардың осы бір табиғи творчествосы қадамына екі нәрсе дем бергені бар: бірі — халық ортасынан шыққан таланттардың революциялық идеямен қаруланып, революциялық рухпен қанаттануы болса; екіншісі әдебиетімізде бостандықты, күресті жырлаған жауынгерлік дәстүрдің болғандығы еді. Туған әдебиетте «ереулі атқа ер салып», «егеулі найза қолға алып» ата дұшпаннан қанды кек алуды ұран еткен айбынды Махамбет поэзиясы, ұлы орыс әдебиетінде бостандық аңсаған Пушкин, Лермонтов, Некрасов поэзиясы, әсіресе пролетариат революциясының дауылпазы Максим Горькийдің ерлік күрес жырлары, Демьян Бедныйдың жігерлі үгіт өлеңдері қазақтың жас революциялық поэзиясына сүрлеу салған үлгілер бол табылды.

Жас совет поэзиясының революциядан рух алған романтикалық пафосы буржуазияшыл ұлтшыл ақындардың кертартпа романтизміне, бұлдыр символизміне мүлдем жат, түп негізімен қарсы болатын. Сол себепті де байшыл-ұлтшыл әдебиетшілер советтік шындықтан қалай безіп шошынса, поэзиядағы жаңалықты рухтан да әдебиет ағымын кері тартуға тырысып, жас поэзияның қауырсынын қатырмай қанатын қию үшін әрқилы әрекеттер істеп бақты.

Бірақ ол ниет іске асқан жоқ. Жаңа поэзия талмай талпынып, замана бәлігіне қанат қаға берді...

Революциялық, романтикалық әуен қазақ совет поэзиясында алғашқы жылдары өктем үнмен басталып, кейін ешуақытта үзілген емес. Советтік жаңа өмірдің асу, белестерінде, елеулі оқиға, кезеңдерінде көтеріңкі революциялық рух, арынды екпін, жалынды леп поэзиямыздың тау суындай пәрменді сарынын үнемі үдетіп отырды. Алғашқы жылдары асау тұлпар, экспресс, отарба, аэроплан, кеме, Гималай образдарын жасаған поэзиялық шығармалар (қазақ ақындарының Ленин, Октябрь, Советтік Қазақстан, Қызыл армия туралы өлеңдері; Сәкеннің «Кел, жігіттер», «Дала», өлеңі, «Советстан «поэ-



масы; Илиястың «Отарба», «Гималай» өлеңдері, «Дала» поэмасы; Тайырдың «Аэроплан», «Каспий» өлеңдері), кейін отызыншы жылдары совет адамдарының солтүстік полюс пен Сібірді игерудегі және стратосфераға ұшудағы ерлік қимылдарын дәріптеген поэмалар (Челюскин жорығына арналған поэмалар; Тайырдың «Күн тіл қатты», Исаның «Он бір күн, он бір түн» поэмалары), Азамат соғысы және Ұлы Отан соғысы тұсында социалистік Отаны үшін қаза тапқан қаһармандардың даңқын жырлаған шығармалар (Қасым Аманжоловтың «Ақын ажалы туралы аңыз», Өтебай Тұрманжановтың «Пулемет» поэмасы») осы сарында туған туындылар. Алғашқы адымда ұлы революцияның дауылды қарқынына, тулаған толқынына ілесе де үн қоса жырлау қандай қажет болса, кейінірек революциялық өзгеріс жүріп жатқан үлкен өмірді біліп, зерттеп, ұғынып, шындықтың терең сырын ашып жырлау сондай қажет болды. Ең қиын міндет осы еді. Қат-қабат қайшылығы мен шытырман оқиғалары көп астан-кестен бейтаныс дүниенің сырын ашып, жаңалық құбылыстарды суреткер көзімен тану, ақын жүрегімен сезіну, жер астындағыны, яки теңіз түбіндегіні табу тәрізді күрделі іс болатын. Бұл іс қазақтың мәдениеті, білімі, жазушылық тәжірибесі шағын азын-аулақ жас ақындарының алдына таудай биік, қамалдай қиын міндет қойды десе, асырып айтқандық болмайды. Бірақ қанша қиын болса да тарих жүктелген игі міндет революция шақырған қалам қайраткерлерін қаймықтырған жоқ, қайта қайрады, шабыттандырды. Сондықтан жиырмамыншы жылдары қазақ поэзиясында революциялық романтика мен героиканы желпіне жырлау сарынымен қатар өмір шындығын талдап бейнелеу сарыны яғни реалистік сарын күш алып үлкен арна салды. Идеялық мазмұны, өмірлік негізі бір бұл екі сарын екі айырым сала емес, ұштасқан, тұтасқан бір арнадағы толқынды ағыс пен жылым ағыс секілді екі түрлі ағым ғана. Әдебиет тілімен айтқанда, бір творчестволық әдістің екі түрлі тәсілдік көріністері. Горький айтқан революциялық романтизм мен социалистік реализмнің сабақтасуы осы. Бұған ұлы ұстаздың өз творчивосы да толық дәлел.

Қазақ совет әдебиеті бастан-ақ Горький дәстүрін үлгі етіп ұстап, поэзияда романтикалық сарын мен реалистік сарынды әрі қатар, әрі аралас өрбітті. Мұны біз

алдымен Сәкен өлеңдерінен айқын көреміз. Сарын жүйесіндегі егіз қатарлық белгілі дәрежеде басқа ақындарға да тән қасиет. Бұл қасиет қазақ совет поэзиясының барлық кезіне хас ерекшелігі десе болады. Әрине, әуелгі кезде қазақ поэзиясының, әсіресе, тәжірибесіз жас ақындардың өлеңдерінің сапалық және шеберлік сипаты әлі көңілдегідей кемелді де көрікті емес еді, өйткені жаңа өмірді жырлауда терең байыптылықтан гөрі жалаң үгіттік, қара дүрсіндік қалып басымырақ еді. Әйткенмен ақындардың өмірмен тығыз байланыс негізінде шындықты айтуға талпынуы, реалистік принципті қолдануы олардың дұрыс, жемісті бағытта жетіле беруінің себепшісі болды.

Революцияның алғашқы алты-жеті жылы ішінде поэзияда көбіне-көп өріс алған қысқа өлеңдер десек, осы өлеңдердің басты тақырыптары: біріншіден, жаңа заман орнатқан Октябрь, партия, Ленин; екіншіден, сол совет заманында бостандық алған кедей, жалшы, теңдік алған әйел, оқып көзі ашылған жастар екенін жоғарыда ескерткенбіз. Ал енді мәселе осы тақырыптардың қалай игерілуінде яғни қандай тәсілмен, қаншалықты шын, терең, нанымды бейне табуында. Қазақ совет поэзиясының бастап ірге тасын қаласқан Сәкен, Бейімбет, Ілияс, Сәбит, Баймағамбет, Шолпан, Иса, Асқар, Өтебай, Жақан, Қалмақан ақындардың өлеңдерінің бірсыпырасы алғашқы кезде:

Кедей ұлы жігерлі,  
Бірігіп ұран салып қал.  
Қызыл тулы майданда  
Бостандықты алып қал,—

деп ұран түрінде күреске шақырса, бірсыпырасы көп ұзамай революция орнатқан жаңа дүниенің ескі дүниеден артықтығын екі дүниені салыстыру арқылы көрсетуге көшті. Сәбит «Бостандық» деген белгілі өлеңінде «Бір заманда көкке бұлт жиылды, қанды қызыл түсіменен түйілді» деп ескі дүниенің қараңғы, қанды заман екенін баяндай келіп, революцияны дауылға балап:

Бір заманда соққан дауыл басылды,  
Бұлт ыдырап, күннің көзі ашылды.  
Көгі шығып, жер жұмақтай құлпырды,  
Гүяге толып қызыл, сары, жасылды,—

дейді. Бірақ бұл да әлі жаңа дүниені жалпылама жырлау еді. Майдан мен жорыққа шақырған ұран түрінен, екі дүниені сырттай салыстырып ескіні сынау, жаңаны жалпылама мадақтау түрінен ақындар жаңа дүниені бірте-бірте нақты жырлау тәсіліне ойысты. Бұл бағытта қазақ поэзиясының жаппай жан сала шұғылданған мәселесі Ленин образын жырлау міндеті болды. Лениннің көзі тірісінде Сәкен ұлы көсемге өлең арнап, оны «Төмен таптың қолбасшысы, жаңа тұрмыс жолбасшысы», «шамшырағы ақиқаттың жанған», «айқын жолы адамзаттың шаңқан» деп нақты сипаттармен бағаласа, Ленин қайтыс болған күннен бастап, сол тұстағы ақындар түгелдей Ленин өліміне қайғырып өлеңдер жазғаны белгілі. Мұнда әр ақын өз талантына, өз ұғымына қарай ұлы адамның қасиет — сипатын әр қырынан бейнелеп танытқанын көреміз. Қазақ ақындарының Ленин қазасына арнаған өлеңдерінен үш түрлі үрдістің ізі байқалады. Қазақтың ауыз әдебиетіндегі жоқтау жырының сарыны, Махамбеттің Исатай өлгенде, Абайдың Әбдірахман өлгенде шығарған өлеңдерінің дәстүрі және Ленин өліміне арнап жазған орыс ақындарының шығармаларының үлгісі.

Ленин образы қазақ поэзиясында осы күнге шейін үзілмей келе жатқан өзекті образ. Ол әуел баста аза шеккен халықтың қайғысын, көз жасын бейнелеп, данышпан көсемнің ғажап қасиеттерін сипаттаса, бері келе, бұл образ адамның адамы, ең абзалы, ардагері бейнесінде алынып, жаңа дүниенің жарық күні, адам бақытының кілті, коммунизм үшін күрестегі барлық жеңістің тетігі, барлық істің шабыты делінген жемісті идеяны поэзиялық тілмен дәлелдеп келеді. Бұл идеяны қазақ ақындары 40—50 жыл бойы Лениннің өз өмірімен де, оның ұлы партиясының тарихи табыс-жеңістерімен де сабақтас алып жырлауда. 20—30 жылдары Маяковский ізімен Сәкеннің «Советстан», «Альбатрос» атты поэмаларының жазылуы; Ілиястың «Дала» поэмасы мен Диханның «Алтай аясында» (кейін «Таудағы ту» аталған) романының жасалуы; соңғы жылдары Ленин өмірбаянының әр алуан кезеңдерін қамтып толғана да тебрене баяндаған поэмалар (Қ. Мырзалиевтің «Данышпан», М. Мақатаевтың «Ильич») тууы Ленин тақырыбының барған сайын кең өріс, терең арнада игеріле бастауының айғағы.

Сондай-ақ совет әдебиетінің мәңгі тақырыбы боп табылған Октябрь, партия тақырыбы да бастапқы ұрандау, жалаң сипаттау түрінен бара-бара күрделі салаға ойысып, нақты халық тағдырына, адам тағдырына байланысты, социалистік революцияның жаңа өмір құрылысындағы жеңісі мен жемістеріне байланысты туған байыпты да байсалды шығармаларға арқау болды.

Жиырмасыншы жылдардың орта шенінде поэзияда ұлы адам Лениннің образымен қатар қарапайым халық адамының образы да ене бастады. Лирикада сюжетті өлеңдер пайда болып, сана-сезімі оянған қазақ кедейі Мырқымбайдың (Бейімбет өлеңдерінде), теңдік аңсаған қазақ қызы Бәтиманың (Асқар өлеңінде), Шолпанның лирикалық геройының образдары орын тепті, поэма жанры өріс алып, мұнда совет заңы бойынша байдан ақысын алып, қоғам қайраткері қатарына жеткен қазақ жалшысы Қозыбақтың (Сәбиттің «Кешегі жалшы мен бүгінгі жалшы» поэмасында), революциялық күреске қатысқан қазақ жұмысшысы Теміртайдың (Сәбиттің «Октябрь өткелдері» поэмасында) образдары бой көрсетті. Бұл қазақ поэзиясында адам образын бейнелеуге бейімделген жаңалықты адым еді. Сөйтіп қазақ совет поэма-сында алғашқы он жыл ішінде-ақ жаңа өмірге талпынған жаңа күрес адамы мен еңбек адамы лирикалық шығармаға да, этикалық шығармаға да герой болып еніп, жаңалықты образ жүйесін құрды.

Осы тұста, жаңа дүние шындығын жаңа адам образы арқылы көрсетумен қатар совет ақындары өз туған халқының өткен өмірін де, бастан кешкен тарихы мен тағдырын да дұрыс ұғып, дұрыс танытуға талаптанды. Олардың мұнысы табиғи ниет болатын. Өйткені өткенсіз қазір жоқ, қазірсіз болашақ жоқ.

Өмір оқиғаларының тарихи сабақтастығын көрсету — социалистік реализмнің негізгі шартының бірі. Жиырмасыншы жылдардың екінші жартысында туған шоқтығы биік атаулы поэмалар не аңыз желісіне құрылып, ескі дүниедегі кейбір әлеуметтік міндерді аша, трагедиялық тағдырларды баяндайды: (Сәбиттің «Сұлушашы», Бейімбеттің «Маржаны», Исаның «Құралай сұлуы», «Алтай ертегісі», Сәкеннің «Көкшетауы»), не бүкіл халықты герой етіп алып, оның тар жол, тайғақ кешу тарихын шолып келіп, совет заманында бостандық алған кеншілік күйін жыр етеді (Ілиястың «Дала», Жамбыл-

дың «Заман ағымы» поэмасы): Жеке адам тағдырын арқау еткен поэмалар қазақ әдебиетіндегі лиро-эпос дәстүрлерінің ізімен жазылып, шығыс поэмаларының және Батыс Еуропа мен орыс әдебиетіндегі Байрон, Пушкин, Лермонтов поэмаларының дәстүрін қабылдаған. Ал халық тағдырын арқау еткен «Дала» поэмасы ел ақындары мен жырауларының ертеден қалыптасқан толғау жырларының, берідегі тарихи жырларының ізімен жазылған. Алғашқысында тұрмыс-салт, махаббат, табиғат картиналары басым болса, соңғысында философиялық топшылау, толғану, тебрену сарыны басым.

Жиырмасыншы жылдардағы бір сүре поэзиялық шығармалар ел тұрмысындағы феодалдық-патриархалдық ескіліктің қалдықтарын, байшыл, ұлтшыл және діншіл элементтердің сорақы қылықтарын сынап, саяси өткір сатиралық поэзияның жаңа үрдісін салды. Мұнда Абайдың, Сәбит Дөнентаевтың революциядан бұрынғы сатиралық өлеңдерінің көп демесіні болғаны даусыз. Сонымен бірге Сәкен, Бейімбет, Ілияс, Сәбит, Асқар өлеңдерінің жаңашылдық айырмасы совет ақындарына жат элементтердің жағымсыз іс-әрекет, мінез-құлықтарын сынап қана қоймай, таптық күресте жаңалыққа жеңгізуінде. Бұл айырмашылық әсіресе тап күресінің кезеңді тұстарында айқын көзге түседі. Мысалы, Совет заңы бойынша қалың малға тыйым салыну, жалшылардың байлардан сот арқылы жалақысын әперу, бұрын бай қолында келген егіндік, шабындық жерлерді кедейлерге бөліп беру, ірі феодал-байлардың мал-мүлкін конфискациялау сықылды саяси-әлеуметтік шаралар тұсында бай, молдаларды, олардың құйыршықтарын әшкерелеп те мазақтап жазған өлең, фельетондар көп. Қазақ поэзиясында өстіп тарау-тарау туған сатиралық жылғалар тұтасып, 1928 жылғы конфискацияға байланысты тап күресінің шоқылы биігін суреттейтін саяси актуалды шығармаларға келіп сайғаны белгілі. Ілиястың «Кәнпеске»; Бейімбеттің «Бәйбішенің жоқтауы», «Ыбырай»; Әбділданың «Айдалған бай», «Үлес үстінде»; Қажымның «Қырдағы күрес» сықылды өлең, поэмалары осындай шығармалар бола тұра, сонымен бірге, қазақ аулын советтендіру дәуіріне тән қайшылықтар мен тартыстардың түйінін шешкен туындылар боп табылды.

Совет ақындарының мақсаты тап дұшпанын еңбекшілерге, ескілікті жаңалыққа жеңгізумен шектелген жоқ.

Жаңа өмірдің негізін, салтын, моралін бекіту қажет болды. Ол үшін алдымен еңбекшілердің жаңа өмірге деген ықлас-ынтасын көтеріп, оларды ерікті де еркін, жемісті еңбекке жұмылдыру керек еді. Бұл міндет қазақ поэзиясынан пәрменді үн тапты. Еңбек тақырыбы барлық ақындардың творчествосында кең орын теуіп, барған сайын ұлғайып, үлкен мән ала берді. Еңбек процесін қадағалап суреттеу поэзиялық шығармалардың тұрақты салты болып алды. Сәкеннің «Тоқу фабрикасы», Ілиястың «Заводта» атты өлеңдері осы бағыттағы ең көрнекті туындылар. Беріректе бұл тақырып техниканың өсуіне, еңбектің социалистік түр алуына байланысты кең қанат жайып үдей түсті, еңбек адамы көп шығармалардың өзекті образына айналды. Кешегі көк шолақпен бейнет шеккен Мырқымбай енді колхозға еніп, трактордың құлағында ойнады.

Көк шолақ мойын босатып,  
Еңбекті білім жасартып,  
Бұркылдаған трактор  
Балғадай саусак бүгіліп,  
Мырқымбай винтке үңіліп,  
Тетігін тауып бұрап тұр,  
Трактордың жырын айт!  
Жерді тілген түрін айт!..

Өстіп Бейімбет лирикасында сана-сезімі күрес пен еңбекте жеттіккен Мырқымбай сықылды үшінші жақпен алынған герой орын тепсе, Сәбит лирикасында да екпінді лирикалық героймен қабат әуелі Шоқпыт, кейін Кенбай сықылды қатарға жеткен кедей образдарын бейнелейтін геройлар көз тартады. Геройдың аты аталмаған ретте жалпы жинақтау түрінде оның тек кәсібі, тегі, жынысы айтылатыны да бар: «жұмысшы», «еңбекші», «кедей», «жалшы», «әйел», «қыз», «шал», «жігіт», «бала» деген сияқты. Бұл бұрын Абай, Сұлтанмахмұттарда көп ұшырасатын үрдіс. Революция туғызған өзгерістерді, революция жеткізген табыс пен жетістіктерді жырлауда жалпылама сипаттамадан осылай ара-кідік нақты адам образын жасау тәсіліне ауысу — лириканың реалистік жолда нығайғанының бір белгісі еді. Алайда біздің қазақ лирикасында бұрын да болсын, кейін де болсын, бірінші жақтағы лирикалық геройдың үні шығыңқырақ тұрады.

Илияс Жансүгіров 1930 жылы жазған «Алтай қазан» атты өлеңінде өндірістік жаңа социалистік еңбекке жұмылған қазақ жігіттеріне шын жүректен қуана да егіле сөйлеп:

Бауырым, көн иықты, тымақты інім,  
Риддердің қорғасыны сияқты інім —  
Қимылда, кеніте бер кен құдықты,  
Беруге тілден басканы ұяттымын.  
Білім біл, машинаңды өзің жүргіз,  
Басшы бол бауырыңа еңбек сүйгіз,  
Ауылда қара жаяу боз бала көп,  
Соларды машинада бірге мінгіз.  
Дабыста мына завод ақырғандай,  
Дүркіреп қырды еңбекке шақырғандай.  
Талқанда тауды-тасты қаз, бауырым,  
Еңбекпен ішкен суың татыр балдай.  
Жасарсын кәрі Алтайың жаңарғандай,  
Нұр алсын ең далаңды ағарғандай.  
Ауылға артта жатқан нұр болыңдар,  
Жарқырап Риддердегі жаққан шамдай! —

деп ұран тастайды. Үн көтереді, енді сол социалистік еңбекті жырлайтынын сездіреді. Бұл үн, бұл жыр өзін халық атынан сөйлеткен және өзін халықтың бөлінбес бір бөлшегімін деп ұққан ақынның сенімді де жігерлі үні, жалынды жыры. Лирикаға патетикалық күш, қуат, пафос беретін де осы сенім, осы үн.

Революциялық дәуірде туған социалистік реализм поэзиясы өзінің негізгі принциптері мен сарындарын алғашқы 15—20 жыл ішінде қалыптастырып үлгірді дейміз. Ол атап айтқанда, партиялық және халықтық принцип, нағыз азаматтық сарын. Ақындар қандай тақырыпқа қол ұрмасын барлығында әлеуметтік мәселелер көтеріп, лениндік шындықты жырлауға жан салады, коммунистік дүние тану тұрғысынан ескілікті сынап, революциялық жаңалықты қуаттады, әрдайым халық мүддесін көздеп, жаңа өмір орнатушы қаһарман совет халқы мен жаңа күрес адамын, еңбек адамын поэзияның негізгі геройы етіп алды. Совет поэзиясының қалыптасу кезеңінде қазақ ақындарының да орыс поэзиясындағы В. Маяковский, Д. Бедный, А. Безыменский, В. Луговской, М. Светлов, И. Уткин секілді ақындармен үндесе саяси, азаматтық лириканы өрбітуі бір жағынан совет заманының талабына жауап болса, екінші жағынан, қазақ поэзиясының бұрыннан сабақтасып, күш алып келген халықтық, демократтық дәстүрін заңды түрде дамы-

ту боп табылды. Әрине, мұнда лирика жанрының басқа түрлері де өркен жайды. Айталық, азаматтық және патриотизм сарындарымен байланысты туған жердің табиғат сұлулығын жырлайтын өлең өрнектері кең орын алды. Алатау мен Алтайдың, Көкшетау мен Баянның, Сыр мен Жайықтың, Каспий мен Аралдың, Сарыарқа мен байтақ даланың сан алуан сипат, көріністері ақындық ашық бояумен суреттелген қысқа өлең үлгілерінен де; «Сұлушаш», «Көкшетау», «Құралай сұлу», «Алтай аясында», «Күлагер», «Тасқын», «Оркестр», «Абыл» сықылды тамаша поэмалардан да мол ұшырасады. Табиғат көріністерін суреттеу қазақ ақындары үшін дербес мақсат болып көрген емес. Бірінде кем, бірінде көп болғанмен, бәрі ақынның көңіл анықтауға, құбылыстың сыр-сипатын айқындап ашуға қызмет етеді. Мысалы, Бейімбет Майлинда пейзаж атаулы тым сирек кездеседі; Сәбит Мұқановта азырақ; Ілияс Жансүгіровте, Асқар Тоқмағамбетовте көбірек кездеседі. Ілиястың «Жетісу суреттері», Асқардың «Жарқын жыл» секілді өлеңдерінде жер суреті, табиғат көрінісі, өлеңнің өн бойын алған. Ілияс Жетісудың даласын, құмын, тауын, өзенін, ағашын, шөбін, аңын, жемісін қалың бояумен суреттесе; Асқар Абайша жазғы көріністі әдемі бейнелейді.

Жас ағаштың жазды күнгі,  
Қандай сұлу судыры.  
Меруерт көбік шашқан түнгі,  
Қандай әсем су жыры.

Таң алдында мың толқыған  
Уылжыған үндері,  
Лебі жұпар, желі жібек  
Қандай әсем түндері.

Су бетінде жұлдыздары,  
Жүзген ойнап шабақтай.  
Көк жүзінде ай маужырап  
Жүзген алтын табақтай.

Бұл мысал қазақ поэзиясында Абай үлгісін салған пейзаж лирикасының совет тұсында аяқсымай, жаңа идея, жаңа сезімді өзек стіп өркендегенін көрсетеді.

Біз сөз етіп отырған дәуірде лириканың басқа түріне қарағанда кенжелеп те кешеуілдеп қалғаны интимдік лирика. Революция оятқан ақындардың алғашқы тобын-



да Сәкен Қолчактің тұтқынында болып, Сәбит өзінің аңсаған бақыт жолына бірден түсе алмай, жеке бастарының көңіл күйлерін шерткен өлеңдер жазғаны бар. Бірақ Октябрь жеңіп, совет өкіметі әбден орнаған шақта революцияшыл ақындардың барлық назары, ынта-ықласы күллі халықтық, қоғамдық мәселелерге ауды, туған халқының ежелгі арманы жүзеге асқан ұлы заманда жеке бастарының қамын «ұмытқандай», бүкіл халық қуанышына қосылып кетті ғой. Сондықтан автордың яғни лирикалық геройдың жеке басының сезім-сезігі (күйініш, сүйініші) кейінге сырылып, алдыңғы қатарға әлеуметтік, қоғамдық, таптық мәні бар тақырып, мәселелер шықты. Бұл жай лирикалық «меннің» әсіресе махаббат сезімін күйттеу мәселесіне көбірек қатысты. Махаббат сезімі тіптен тоғарылып қалған жоқ, әрине. Махаббат атаулы нәзік те мәңгілік тақырып, адаммен бірге жасайтын тақырып қой. Оның ешуақытта мүлдем өшіп қалуы мүмкін емес. Сәкеннің «Аққудың айрылысуы», Сәбиттің «Сұлушаш», Исаның «Құралай сұлу», Ілиястың «Күйші», Тайырдың «Тасқын» поэмаларында махаббат шығарманың өзекті мәселесінің бірі боп алынған. Алайда лирика жанрында махаббат тақырыбы аз уақыт толастағаны даусыз рас. Оның басты себебі, жоғарыда айтқандай, революциялық дәуір талабына сай поэзияның тікелей саяси-қоғамдық, және үгіттік міндетке бой ұруына байланысты болса, оның үстіне мынадай да себептер қосылуы анық: біріншіден, орыс әдебиетінде классикалық поэзияның дәстүрлерін бұрмалап интимдік лириканы мансұқ еткен әуелі пролеткультиң, кейін РАПП-тың қате теорияларының теріс ықпалы болды; екіншіден, социалистік шындықтан үркіп, безіп интимдік лириканы пана қылған ұлтшыл-байшыл, кертартпа символист ақындардың бұл жанрды қара қайғы, сары уайымға көміп, әбден құбыжық етуінің сілтесі тиді. Неге десеңіз, махаббат туралы жазу яғни өз басының көңіл күйі туралы жазу бір түрлі саясаттан, қоғамнан қол үзіп, ұлтшылдық сарынға түсіп кету секілді көрінді. Сол себепті «Сүй, жан сәулем, тағы да сүй, тағы да» деген тәрізді өлең жолдарын тек Мағжан секілді ұлтшыл ақындардың ғана үлесі деп білушілік те болмай қалған жоқ. Бұлай дейтініміз: отызыншы жылдардың орта шенінде интимдік лирикаға барып, бақша, бұлбұл, ай, жұлдыз, өзен, бұлақ, махаббат, достық деген тәрізді әуенмен азын-

аулақ өлең жазған жас ақынды жазғырғанымыз бар. Белгілі халық әнінің сөздерін сықақ ретінде бұзып:

Колхозынның сыртынан аттандырып,  
Тракторға сүйеніп қара да тұр,—

деушілік анекдот болса да кезінде сыршылдық өлеңге деген кекесін көзқарасты аңғартарлық факт еді.

Бірақ қазақ совет поэзиясы өзінің идеялық бағытынан таймай, тұрақты принциптерін сақтап, ілгері баса берді, талантты шығармалар туғызудан бәсеңсігенмен тоқталған жоқ. Аңызға, тарихи тақырыпқа жазылған тамаша поэмаларды айтпағанда сөз болып отырған дәуірдің соңғы он жылында осы заман тақырыбына да бірқатар сапалы туындылар пайда болғаны белгілі (Сәкеннің «Альбатрос», «Қызыл ат»; Бейімбеттің «Коллективтің жырын айт»; Сәбиттің «Қолхозды ауыл осындай», «Майға сәлем», «Сөз советтік армия»; Ілиястың «Ұштасқан үш тілек», «Мәскеу — Қазақстан», «Гималай»; Тайырдың «Күн тіл қатты»; Әбділданың «Ақ қайың», «Қарлығаш», «Орыс халқына»; Ғалидың «Темір ат», «Шеңбер»; Асқардың «Күзетте» т. б. өлең, поэмалар).

Тіпті қанат жая алмады деген интимдік лириканың өзінде Әбділда мен Қасымның лирикалық өлеңдері жарық көргенін айрықша атауға болады.

Қазақ совет поэзиясы өзінің қалыптасу кезеңінде жаңа өмірден мазмұн, рух, нәр ала отырып, сол алғандарын ақындық тілмен бейнелеу үшін лайықты жаңа түр, тәсіл, құрал іздеп шарқ ұрғаны да айтылуы керек. Бұл ретте де ол туған әдебиет мұрасы мен орыстың және шығыс, батыс классикалық поэзиясынан үлгі, өрнек алумен бірге, орыстың совет поэзиясынан көп үйренгендігін көреміз. Әрине, үйренуде сәтсіздіктер болмауы мүмкін емес болды. Атап айтсақ, үйрену жағдайда, орыс өлеңінің тоникалық құрылысын тікелей қазақ тіліне көшіруден көңілдегідей ештеңе шыққан жоқ, сондай-ақ Маяковскийдің шашыраған өлең жолдарын қалай болса солай алу да бәлендей нәтиже берген жоқ. Әйткенмен іздену, үйрену талабы қазақ поэзияның суреткерлік, бейнелегіш, техникалық мүмкіншіліктерін көп молайтты. В. Маяковский поэзиясының жаңашылдығы, патетикалық қуаты, арынды интонациясы, айбынды жауынгерлік рухы қазақ ақындарының бәрінің дерлік өткен мектебі болды. Сәкенге ілесе Маяковский мектебінен сабақ ал-

ған Сәбиттің, Тайырдың ең жақсы өлеңдері сол мектептің жемісі деп батыл айта аламыз. Сәбит өзінің тамаша өлеңін «Сөз — советтік армия» деуінің өзі ұлы ұстаздың «штыку приравнять перо» деген поэзиялық принципінен туған ғой.

Алғашқы топтағы Сәкен, Бейімбет, Сәбит, Илияс, Иса, Асқар, Өтебай, Жақан, Қалмақан болсын; екінші буында шыққан Әбділда, Тайыр, Ғали, Қажым болсын; үшінші буындағы Дихан, Әбу, Қалижан, Жұмағали, Мариям, Қапан болсын — бұлардың бәрі қазақтың өлең өнерін әрқайсысы өзінше не жаңалығымен, не шеберлігімен жетілдірген ақындар. Олардың әрқайсысының айрықша үлесін дара-дара көрсету, әрқайсысының ақындық, стильдік ерекшелігін анықтау шағын мақаланың міндетіне жатпайды. Сондықтан өлең мәдениеті туралы пікірді біз кейбір жалпы топшылаулармен ғана түйеміз.

Біріншіден: Абай, Сұлтанмахмұт қолданған өлең құрылысы түрлері түгел дерлік іске қосылып, кең өріс алды.

Екіншіден. қазақтың он бір буынды қара өлең, жетісегіз буынды жыр өлең түрлері кемелдене түсті. Оның әрбір жолы, сөзі ой салмағын көтеріп, мағнасыздықтан арылды.

Үшінші: орыстың классикалық поэзиясында тұрақты түр боп табылған шалыс ұйқасты өлең өрнегі Абай, Сұлтанмахмұт бастаған бағытта жиі қолданылып, қазақ поэзиясында да тұрақты түрге айналды.

Төртінші: ұйқастың көп қолданылатын оңай, жеңіл түрлері істен шығып, қиыннан тың, жұмыр, нақышты түрлері молая бастады.

Бесінші: поэзия дүниесінің әр тарапына көз жіберіп іздену, үйрену нәтижесінде жаңа күрес адамның көңіл күйін, қуат-жігерін бейнелейтін жаңа образ, теңеулермен қатар; дыбыс, бояулармен қатар сан алуан ырғақ, интонация жаңалығы қосылды.

Алтыншы: бұрын сирек ұшырасатын тоғыз, он буынды өлеңдер мықты орын тепті.

Жетінші: диалогқа, тақпаққа құрылған ақ өлең үлгілері ене бастады.

Сегізінші: қазақтың күнбе-күн дамып, байып келе жатқан әдеби тіліндегі бұрынғы байырғы сөздер де осы заманда енген жаңа сөздер де мәдениетті өлең құрамында өздерінің әрі мағналық, әрі көркемдік көп қырлы мүмкіншіліктерін ашатын болды.

Қазақ поэзиясының жаңарған формалық сипаттары тізіп айтқан сегіз тармақпен шектелмесе керек. Алайда, поэзия сықылды күрделі де нәзік құбылыстың көп қыры мен сыры негізінен осы төңіректен тоқайласады. Оларды талдап көрсету көлемді монографиялық зерттеулердің міндеті.

#### IV

Сонымен, сайып айтсақ, жас қазақ совет поэзиясы өзінің қалыптасу кезеңінде үлкен күрес, талаппен, шарқ ұрып ізденумен көп қиындықтарды жеңіп, социалистік реализм негізінде маңызды идеялық көркемдік принциптерін бекітті: коммунистік мұратты бетке ұстаған жас совет ақындары жаңа өмірді жырлап, өмір шындығынан алған социалистік мазмұнға лайық жаңа тақырыптар игерді, жаңа жанрлар күйттеп, жаңа формалық қасиет, сипаттар қалыптастырды.

Мұнан былай қазақ поэзиясы бұрынғыдай тек демократтық дәстүр емес, советтік жиырма жылдық тәжірибесінен туған социалистік дәстүрге де ие болды. Мұнан былай енді ол бай тәжірибе, тәуір дәстүрді пайдаланып, кеңірек те тереңірек арнада өсуге тиіс еді...

Бірақ сол екі арада тұтқиылдан күтпеген оқиғалар тап болып, поэзияның дағдылы мазмұн, тақырып, сарынына шұғыл өзгеріс енгізді.

1941 жылы басталған Ұлы Отан соғысы көп ақындарды майданға әкетіп, барлық ақынды бір мақсатқа жұмылдырып, поэзиямыздың даму процесіне тағы бір бет бұрыс жасады. Олай дейтініміз бұл оқиғалардың әдеби процесті тоғарып қойғандығынан емес, әрине. Процесті ештеңе тоқтата алмайды. Әңгіме осы процестің бір салада, бір ғана тақырып төңрегінде, бір ғана сарынмен кеткендігінде болды. Рас, бұрын соғыс тақырыбы көп тарамаған қазақ әдебиетіне Ұлы Отан соғысы тың тақырыптық сарын әкелді де, бұл бағытта поэзияны сілкіндіріп, оның жауынгерлік рухын тағы бір көтеріп тастады. Советтік патриотизм сезімі мен Отан қорғау борышы поэзиямызға жаңа ерлік күш, леп беріп, оның айбынды азаматтық рухын шындай түсті.

Соғыстан бұрын да Отан қорғау тақырыбы поэзияда берік орын тебе бастағанды. Әлемде фашизм мен соғыс қаупы күшейіп, сол соғыс отын тұтандырушы неміс, испан, жапон империализмінің арандатушы әрекеттерін әш-

керелейтін уытты өлең, жырлар пайда болды. Сөйтіп, жалпы халықаралық тақырып поэзиямызға мол еніп, қазақ ақындарының дүние тану жаңарының тар шеңберден кең алқапты шолуға шыққанын танытқан еді. Сәкеннің «Чжан Цзо-лин»; Ілиястың «Гималай»; Асқардың «Берлин көшесінде»; Әбділданың «Екі жаһан»; Қасымның «Испан ұрпағына», «Қытай қызы» атты поэмалары соның айғағы болатын.

Отан соғысы басталып, қаһарман совет халқы бір ғана ұлы мақсатқа жұмылып, барлық ынта, күш, қуат сол мақсатқа жұмсалып жатқан шақта ақындарымыз да жан салып, барлық жүрек отын, шабытын жауды тезірек жеңу мақсатына сарп етті. Бұл тұста лап беріп өзінің шарықтау шегіне жеткен құдіретті советтік патриотизм, халықтар достығы әрбір совет адамының рухани өмірін толқытып, барлық асыл сезімін, арын, намысын асқар биікке шығарды.

Совет адамының осы асыл да асқар сезімінен шабыт алған ақындар бір дүркін жұртты майданға шақырған, бір дүркін халықтың майдандағы жауынгер ұл-қыздарының патриоттық образдарын жырлап, олардың жанқияр шексіз ерліктерін мадақтаған жалынды өлең, жырлар жазды. Кейін бір дүркін совет халқының жеңісін жырлаған серпінді шаттық өлеңдерін жазды. Отанға, халыққа, досқа деген сүйіспендік; дұшпанға деген жиреніш, өшпенділік әрбір халықтың тарихында ұлттық мақтаны болған ерлерін де еске түсіріп, айбынды жырларға арқау болды. Сонымен қатар тылда қалған совет адамдарының жеңіске сіңірген ерлік еңбегін суреттейтін шығармалар туды, жауынгерлер мен ата-аналардың, үй-ішінің, сүйген жардың арасындағы қоштасу, сағынысу, хабарласу, қауышу сықылды сол тұста туған не қайғылы, не қуанышты сезімдерге толы лирикалық өлең, жырлар да аз болған жоқ.

Біз соғыс тұсындағы және соғыс тақырыбына байланысты туған ақындық шығармаларды атамаймыз да талдамаймыз. Әйткенмен сол шығармалар, тұтас алғанда, қазақ поэзиясына нендей жаңалық қосты, олар қазақ поэзиясын қай жөнде ілгері бастырды деген сұраққа жауап беру қажет-ақ.

Сан жөнінен қарасақ, қазақ ақындарының Отан соғысы тақырыбына жазбағаны жоқ екен. Бірақ жазылғанның бәрі бірдей сапалы емес. Тіпті сәтсіз шыққанда-

ры да бар. Әсіресе, әрі асығыс жазған, әрі білмей тұрып «сырттан тон пішкен» авторлардың шығармалары нашар шыққая. Ал енді ондайларды есепке алмай, тек елеулі шығармаларды қорытса алдымен Ұлы Отан соғысы, Советтік патриотизм, халықтар достығы дейтін сабақтас тақырыптардың қазақ поэзиясында жаңа қырлары мен сырларын ашып, жаңа сапада игерілгендігін айтар едік. Бұл қатарда Жамбылдың «Ленинградтық өрендерім»; Сәбиттің «Гвардия бауырларға», «Балқаш түні»; Тайырдың «Жұлдыздай жанған Москва», «Саған сәлем, туған ел»; Әбділданың «Ленинград»; Әбудің «Гвардеец»; Асқардың «Күйші Ғалым», «Сүйген жарға», «Биялай»; Жұбанның «Жеңімпаздар сәлемі» дейтін өлеңдері мен Жұмағалидың партизан циклы ауызға ілінеді. Осы бір-неше ғана өлеңді іріктеп атау себебіміз бұлар ең жақсысы дегендіктен емес,— мұнда әскери поэзияның сапалық сипаттары түгел табылатындықтан. Олар: үгіттік, публицистикалық, асқақ романтикалық, патетикалық, нақты реалистік, уытты сатиралық, нәзік лирикалық сипаттар... қысқасы, бұл тұстағы тәуір туындылар қазақ совет поэзиясының қалыптасу кезінде орныққан қасиет, белгілерін одан әрі дамытып, кемелдендіре түсуі анық.

Соғыс тұсындағы әскери тақырып поэзияда эпикалық шығармалар да туғызды. Мұнда ел ақындары да, жазушы ақындар да жарыса ат салысқаны бар. Нұрпейіс Байғаниннің «Ер туралы жыр», Қалқа Жапсарбаевтың «Сеңгірбаев Мұсабек», Әбдіғали Сариевтың «Капитан Гастелло», Тайырдың «Зоя туралы жыр», Диханның «Майданбек», Қапанның «Әлия», Мариям Хакімжанованың «Мәншүк», Қасым Аманжоловтың «Ақын өлімі туралы аңыз» деп аталған дастандары мен поэмалары бұл жанрдағы бар дәстүрлерді жалғастырған туындылар екені белгілі. Бірақ осылардың ішінде поэзиямызға үздік үлес боп қосылған көрнектісі Қасымның «Ақын өлімі туралы аңыз» поэмасы екенін бөлек айтуға тура келеді.

Асқан талантпен, асқақ шабытпен жазылған бұл қысқа поэма майданда ғажап ерлікпен қаза тапқан қыршын жас ақынның өлімін баяу әңгімелеген құр ғана эпикалық баяндау емес, жанар таудан лап еткен вулкандай, отты жүректен жалын атқан шалқыма толғау жыры.

Бұл жырдың әрбір жолы, әрбір сөзі от шашады. Оның геройы — жас ақынның өзі оттан жаралғандай

өжет, өр, дұшпанға өрт, досқа нұр: ол «от ұстаған Прометейдей», жүрегін жұлып қамалған жұртқа жарық еткен Данкодай адам үшін, халық үшін, өмір үшін құрбан болған жеңімпаз қаһарман. Жау отына жанып тұрған соңғы секундында да ол өлімге мойынсұнбай өзінің өршіл романтикалық образымен жеңімпаз өмірдің алтын туын бейнелейді.

Кейде сағым, кейде жалын  
Арбады елес көз жанарын,  
Көрді бәрін, құшты бәрін:  
Туыстарын, жан достарын...  
Кенет осы сұлу сурет  
Тұрған жайнап көзді тартып,  
Сұп-сұрланып, о керемет,  
Орны-орнында қалды қатып.  
Тұр еді ол үсте жалын  
Алтын тудай шалқып, лаулап,  
Аялдамай жалт берді өмір,  
От төсекке түсті аунап.

«Қыран құстың қанатын», «арыстанның ашуын», «жолбарыстың жүрегін» сұраған совет жауынгерінің, совет ақынының осы бір отты образын көзге елестете отырып, Лермонтовтың «Ақын өлімін», «Мцыриін», «Демонын» оқығандай әсер аласың. Мұнда эпика мен лирика, драма мен толғау, реализм мен романтика, серпін мен сурет сықылды поэтикалық категориялар ұштасып, жарасымды сәйкестік, келісім тауып, шығармаға әрі қуат, әрі көрік берген. Сондықтан Қасым Аманжоловтың «Ақын өлімі туралы аңызын» қазақ поэзиясының ширек ғасыр бойында үздіксіз дамып жасаған жақсы дәстүр, үрдістерінің қосындысынан үлкен таланттың көрігінде қорып шыққан сом дүние деп таныған жөн. Бұл шығарма бір жағынан, авторының шырқап шыққан шоқысын аңдатса, екінші жағынан, бүкіл қазақ поэзиясының сол тұстағы биік бір шоқтығын аңдатады.

Қазақ поэзиясының Отан соғысы жылдары қол жеткен табыстары мен жетістіктерін айтқанда, тыңнан қосылған жас таланттарды ұмытуға болмайды. Соғыстан бұрын әдебиетте аты-жөні танылған қаламгерлермен қатар бұл жылдары бір топ жаңа ақындардың үні естілді. Олар орта және жоғары дәрежелі мектептерін бітірер-бітірместе майданға кеткен жастар — Социалистік Отан үшін қан кешіп жүріп, қолына пулемет, винтовкамен

бірге қалам алып, өлең жазған жас талапкерлер болатын. Осы күнгі белгілі ақын Хамит Ерғалиев, Сағынғали Сейітов, Сырбай Мәуленов, Жұбан Молдағалиев, Мұзафар Әлімбаевтар сол кездің өрендері. Бұлар ол тұста өнімді жеміс бере қоймағанмен ұлы жорықта, қан майданда шынығып, өмір танып, ертеңгі творчествосының гүлдеп өсуіне қажет азық, нәр, шабыт, әсер алды.

Ұлы Отан соғысы ұлы жеңіспен тынып, көп ұлтты совет халқының шаттық сезімі, өзара достық, ынтымағы, советтік патриотизм рухы жаңадан шарықтап, ақындар да шалқар шабытқа мінді. Аға, орта, жас буын ақындардың бәрі дерлік дүние жүзін тандандырған керемет жеңісті, аңсап жеткен бейбіт өмірді жаппай жырлауға кірісті. Майданда қаза тапқан ерлерді еске алу, туган жерге сағынып қайту, сау қайтқан жауынгерлердің ел-жұртымен, ата-ана, дос-жаран жақындарымен қауышуы сықылды жүрек жылытар, жан жібітер жайлардың көптеген лирикалық өлеңдерге өзек болуы да ол кез үшін әбден табиғи еді. Қасымның «Дарига сол қыздай» лириканың үлгісі болатын.

Соғыс бітісімен Жұбан Молдағалиев бір өлеңінде:

Шарықта, шаттан, шабыттан,  
Жеңімпаз батыр халқымыз! —  
Жығылды туы дұшпанның!  
Біз жеңдік!  
Жеңіс — салтымыз.

. . . . .

Құтты болсын жеңісің,  
Жайраттың фашист жендетің.  
Жең түріп түстің енді сен,  
Жолына бейбіт еңбектің —

деп жазған-ды. Бұл сол кездің шындығы еді. Сол кездегі әрбір совет адамының тірлігі, көңіл күйі осы ұлы жеңістен нәр, әсер, жігер алып, енді оны бейбіт еңбекке шақырғаны мәлім. Соғыста күйзелген шаруашылық, шарқы бұзылған өмір енді тек қажырлы еңбекпен ғана қалпына түспек. Мұны мықтап ұққан халық жедел еңбек майданына аттанды. Мұны мықтап ұққан ақындар бір кісідей еңбек тақырыбын жырлауға жұмылды. Сонымен өндіріс орындарында, колхоз, совхоз даласында жанған еңбек соғыстан кейінгі бүкіл совет поэзиясының басты тақырыбы болып алды. Қазақ поэзиясында аға



ақын Сәбит Мұқановтан бастап, сол тұстағы бой көрсеткен жас ақын Қайнекей, Қуандық, Аманжол, Нұтфолла, Тәкен, Ізтайға шейін және Кенен, Нартай, Саяділ, Қайып, Төлеу, Нұрқан сықылды ел ақындары болып социалистік құрылыс жолындағы еңбек жорығына өлен, толғау, поэма арнамағаны жоқ. Қысқа лирикалы, сюжетті-оқиғалы, көркем суретті өлеңдерді атамағанның өзінде Тайырдың «Жапанды орман жаңғыртты», «Қырда туған құрыш»; Хамиттің - «Үлкен жолдың үстінде», «Біздің ауылдың қызы»; Жұбанның «Нұрлы жол»; Диханның «Отты толқындар» атты поэмалары әлгі айтқан үлкен жорықтың жемістері. Дәл осы кезде поэзияның жаңа бағытта дамып өсуіне соғыстан соңғы уақытша қиындық жағдайы бөгет жасамағанда, халықтың ынта-жігерінен туған еңбек жорығының жеңісі мен жемісі поэзияда, әрине, бұдан да құнарлы, бұдан да сапалы болары даусыз еді.

Теріс пікір тумас үшін, тағы да ескертуге тура келеді: соғыстан соңғы уақытша қиындықтан туған теріс теориялар («тартыссыздық» теориясы, шындықты жылтыратып көрсету теориясы мен тәжірибелер (схематизм, сырт баяндаушылық, даурықпа дәріптеушілік, ода жазғыштық, қайшылықтан, қиындықтан қашушылық т. б.) қанша бөгет, шырмау болды дегенмен, совет поэзиясының принциптік бағытынан тайдыра алған жоқ.

Талантты туындылар барлық жанрда да бой көрсетіп отырды. Бұған дәлел жоғарыда аталған поэмалар мен ондаған ақындардың өлен жинақтары. Бұған дәлел — Ұлы Отан соғысында болатша шындалған халықтар достығының тарихи тамырын тамаша көрсеткен Қалижан Бекхожиннің «Мариям Жагор қызы» поэмасы, Асқар Тоқмағамбетовтің ескіліктің қалдығын, мешандықты сынаған сатиралық өлеңдері. Мұның бәрі белгілі жанрда, белгілі тақырыпта қазақ поэзиясы қорына елеулі үлес, жаңалық қосып, оның даму процесіне тұс-тұстан тиісті қозғау салған туындылар.

Қалай болғанда да, қазақ поэзиясы соғыстан кейінгі он жыл ішінде бұрынғы қалыптасқан творчестволық бағыт, жанр, тақырыптарды, жақсы салт дәстүрлерді дамыта отырып, әскери тақырып пен еңбек тақырыбы проблемасы және соғыстан кейін жаңа сипат алған советтік патриотизм мен халықтар достығы мәселесін дұрыс шешу жөнінде жаңа қадам жасады дейміз.

Қыранның еркін самғап шарықтауы үшін байтақ кеңістік пен асқар биіктік қажет. Ашық аспан, кең тыныс, таза әуе қажет. Тор мен томаға түгіл, тұман да оған қол емес. Адамның рухани өмірі де сол тәрізді. Оған да қиял құсын ұшыратын, адам рухын көкке көтеретін өмір кеңістігі мен арман биігі қажет. Адам өміріне осындай жағдай туғызған Ұлы Октябрь Социалистік революциясы, ұлы Ленин идеясы халықтардың рухани мәдениетінің шалқып та шарықтап өсуіне басты себепші болды.

Қазақ Совет поэзиясы, бүкіл совет әдебиеті секілді, өзінің ежелгі салты бойынша халыққа, партияға, коммунистік арман-мұратқа жемісті қызмет ету жолында жаңа өріс алып, жаңа өрге көтерілді. Коммунистік құрылыс дәуірінің шындығын бейнелеп, қаһарман совет адамын биік тұрғыдан жырлау мақсатымен әрі халық өмірін зерттеп, әрі социалистік реализмнің ұшан-теңіз мүмкіншіліктерін қарастырып, үлкен іздемпаздықпен шеберлік шыңдау ісіне жұмылды. Осы үш түрлі бағытта оның қол жеткен табыстары да аз емес.

Табысы дегенде алдымен айтуға тиісті нәрсеміз — поэзияда жаңа таланттардың қаулап өсуі. Соңғы он жыл ішінде әдебиетімізге үш толқын жас акындар ұрпағы келіп орнығыпты. Бұлардың ішінен көз тартар талантымен танылған көрнектілерін ғана айтсақ, алдыңғы толқында Ізтай Мәмбетовты, Ғафу Қайырбековты, Аманжол Шамкеновты, Еркеш Ибраһимді, Тоқаш Бердияровты, Әбдікәрім Ахметовты, Жаппар Өмірбековты; екінші толқында Сағи Жиенбаевты, Шәміл Мұхамеджановты, Өкім Жайлауовты, Қабдікәрім Ыдырысовты, Тұрсынхан Абдрахманованы, Тұманбай Молдағалиевты, Қадыр Мырзалиевты; соңғы, үшінші толқында Бекен Әбдразаковты, Жұмекен Нәжмедіновты, Төлеген Айбергеновты, Мұқағали Мақатаевты, Тұрсынзада Есімжановты, Әбіш Кекілбаевты, Өтежан Нұрғалиевты атар едік.

Бұл толқындар халық дарынының қайнар бұлақ көзі бұрқылдап, қалың оқушының поэзияға деген ықлас-ынтасы мен талабының орасан өскендігінің белгісі, қазақ поэзиясының эстафетасы, өткендегі асыл мұрасы және бүгін мен ертеңі талантты топтың берік қолына көшкендігінің белгісі.

Мұны соңғы жылдардың творчестволық тәжірибесі анық көрсетіп отыр.

КПСС XX съезінің шақыруына қуанышпен құлақ асқан аға буын ақындар қауырт халық өмірімен тығыз байланысып, заман құбылыстарын жан-жақты да терең зерттеу жорығына аттанғаны мәлім. Осының нәтижесінде қазақ поэзиясының барлық жанрында жаңа шығармалар туа бастады. Бұл шығармаларда жаңа дәуірдің сипаты мен рухы, тынысы мен лебі айқын сезіледі — социалистік реализм әдебиетінің партиялық, халықтық принципі, гуманистік, азаматтық үні лениндік шындықтан нұр, қуат алып жүзеге асқаны аңғарылады. Тақырыптық жөнінде ақындардың назары көбіне-көп осы күнгі коммунистік құрылыс құбылыстарына, бүгінгі замандас, совет адамының өміріне ауғандығы көрінеді, ал егер бұрынғы қол тиген тақырыптарға (тарихи, тарихи-революциялық, советтік құрылыс, Ұлы Отан соғысы т. б. тақырыптары) бара қалса, мұнда да сол тақырыптарды қайта қарап, оларды жаңа, биік тұрғыдан таныту талабы байқалады.

Мұның бәрі, сөз жоқ, жаңалық. Сүйсінерлік жаңалық. Қысқасы, шалқыған талант қазнасы, шарықтаған рух, серпін, жарқын мұрат, өскен талап, тілек, талғам, берік творчестволық принцип, биік тұрғы, жаңарған тақырып, жаңғырған жанр, бәрінен бұрын осылардың ортасында барлығының ұйтқысы, өзегі секілді ұлы тұлғалы совет адамы — міне бұлар совет әдебиетінің өміршеңдігінің де өскелеңдігінің, жаңашылдығының да жасампаздығының кепілі.

Байқап қараған кісіге қазір поэзияның тәуір туындыларында ақын назары негізінен адамға ауды десек, адамның сырт пішінінен енді ол ішкі дүниесіне ауа бастады дей аламыз яғни поэзия айнасына оның кескін, келбетімен қабат көбіне-көп оның ой-сезімі, пиғылы, ниеті түсетін болды дейміз. Соңғы кездегі тәуір деген шығармаларда ойшылдық, лиризм және психологизм қатар орын ала бастағаны да сондықтан. Айталық, Әбділда Тәжібаевтың кейін шыққан «Кешеден бүгінге» деген лирикалық өлеңдер жинағында гуманизм сарыны бастан-аяқ желі боп тартылған. Әңгіме бірқатар өлеңінің тақырыбын тікелей адамға арнағандығында ғана емес («Адам», «Тынықсын, тимендер адамға», «Адамға»), адамгерші-

лік қасиеттерді барлық өлеңінде ең үлкен проблема етіп көтеруінде.

Ғашықпын әманда, ынтықпын  
Көңілінің күні бар адамға.  
Қыздырса ол әулетін бір жұрттың,  
Жылуы жетпей ме маған да.

Ақынның арманы осындай «көңілінің күні бар», әулетке жылылық беретін адам. Осы арман сол ақын көңілінің «күні» іспетті оның өлеңдеріне әрі жарық, әрі жылылық беріп тұрады.

Тұңғыш рет космосқа ұшқан құдретті совет адамының ерлігін жырлаған Олжас Сүлейменовтың тамаша поэмасының «Адамға табын, Жер, енді» деп аталуы жай емес — адам проблемасының бас проблема болғанын дәлелдейді. Әбділда мен Олжастың шет елдерді аралап жазған өлеңдер циклі совет ақынының өзін бүкіл адамзат алдында жауаптымын деп сезініп, жалпы гуманистік проблемалар көтергендігінің, сөйтіп интернационалдық борыш атқарғандығының айғағы сияқты.

Жас ақын Қадыр Мырзалиевтың:

Тастаса да қай жақтан  
Бомба маған түседі.  
Негр жеген таяқтан  
Менің арқам іседі.

Осылайша әманда,  
Ойсыз күнім өтпейді.  
Тиген соққы адамға  
Маған тимей кетпейді,—

деуінде де адам тағдыры үшін толғанушылық, жаны ашушылық бар. Сондай-ақ жас талап ақын қыз Қанипә Бұғыбаеваның мына бір өлең жолдары ақындарымыздың назары шұғыл адамға ауу себебін совет адамының моральдық кәдесімен дұрыс түсіндіреді.

«Адамға адам бауыр, жолдас, дос»,— дәйім,  
Адам үшін жана бір сыр бастайын.  
Сол адамның саясында көктеген  
Секілдімін солқылдаған жас қайың.

Бұл абстракт адам емес, социалистік гуманизмнің принципін жүзеге асырушы совет адамы. Жастың да, поэзияның да көктеуіне себепкер сол адам, коммунизм құрылысшысы.

Осыған орай біздің поэзиямыздың тағы бір жаңалық сипаты — ол сыршылдықтың философиялық ойшылдықпен ұштасуы. Мұны Сәбит, Асқар, Әбділда, Тайыр, Қалижан, Хамит, Сырбай, Жұбан, Мұзафар, Ғафу сықылды сақа ақындардың болсын, кейінгі жас буын ақындардың болсын шынайы поэзиялық шығармаларынан көру қиын емес. Бірақ бұл сипат лирикада әзір тек бастама түрінде ғана дамуда — ол әлі кемелденіп жеткен жоқ.

Ой туралы арнаулы өлеңдер көп жинақтарда жүр. Ал ойшылдықтың дәл өзі көп аса тамыр жайған жоқ. Өзі қайтыс болғаннан кейін жарық көрген соңғы жинағына енген «Ойлар» деген өлеңінде Тайыр мархұм:

Ой ортақ қой кәріге де, жасқа да,  
Байқап тұрсаң, ойдан өлең басқа ма?  
Терең ойдан туған өлең өрнегі,  
Тіл бітіріп жібермей ме тасқа да?! —

деп өте дұрыс айтыпты. Шынында «терең ой» ақындарымызда әлі де болса жетісе бермейді. Бұл арада «терең ой» деп отырғанымыз автордың құр ақылсуы не шешенсуі емес, ақындық әсем ой яғни поэзиялық тіл тапқан, ақын сезімімен өріліп, көркем образ, сурет арқылы оқушысына нақты эмоциялық әсер беріп тұрған ықпалды ой. Абай поэзиясының ойы осындай ой болатын. Ойшылдық сыршылдықпен де, сыншылдықпен де сабақтасып, Әбділданың жаңа жинағында «Қисықтар» деген тарау туғызған. Мұндағы бір топ өлең Абайдың философиялық өлең дәстүрін жаңғыртады. Соның ішінде бір өлеңнің «Абайға еліктеп» деп аталуында белгілі мағана бар. Осыны біз жас ақын Шәміл Мұхамеджановтың өлеңдерінен де көреміз. Бір өлеңінде ол:

Өмірде әр неге ұмтылдық,  
жұлқындық.  
Дақ салды кейбіреу көңілге  
Атақ пен олжа үшін бір күндік.  
Тек кана өлі мен тірінің  
Арасын  
Бөлмейді күншілдік,  
Бұл — шындық.

десе, екіншісінде:

Күйіне еріп көңілдің  
Не жылап, не бір күлмесең,  
Осынау нұрлы өмірдің  
Қадірін мүлде білмес ең! —

дейді. Өмір мағнасын өстіп ойшылдықпен барлау құптарлық бастама. Тек ол өлеңнің ақ жіппен қабыған жамауы емес, жалынды жаны болсын дейміз.

Абай мен Сұлтанмахмұт поэзиясында ұрық сепкен лирико-философиялық элемент 20—30 жылдары Сәкен, Сәбит, Ілияс, Әбділда, Тайыр поэзиясында («Сыр сандық», «Ақ аю», «Дала», «Екі жаһан», «Тасқын») қылттып қана көрініс беріп, кейінгі жылдары әсіресе поэма жанрында сабақ алып өскенін көріп отырмыз. Әбділданың «Портреттері», «Аралдары»; Жұбанның «Жыр туралы жыры»; Олжастың «Адамға табын, Жер, ендісі»; Хамиттің «Жылдар-жылдары»; Қалижанның «Тұрлаулы тағдыры» мен «Сұңқар туралы жыры»; Тайырдың «Тасқынға тосқыны»; Мұқағалидың «Ильичі»; Ғафудың «Жер астындағы жұлдыздары» — сол лирико-философиялық сарынға үлес қосқан туындылар.

«Портреттер» бұл саладағы және жалпы кейінгі кездегі поэмалардың ең өрелісі де өрнектісі дей аламыз. Олай дейтініміз: Ә. Тәжібаевтың бұл поэмасы үлкен шыңдалған таланттан туған туынды. Мұнда ақын нағыз көркем өнер тілімен, нағыз поэзиялық тілмен халқымыздың осы ғасырдағы өмір жолы туралы бір семьяның тағдыры арқылы терең философиялық, көркемдік түйін түйеді. Сол семьяның мүшесі, лирикалық герой — ақын өз атынан сөйлеп, әкесі мен ағасының халық бостандығы үшін ұлы күресте қаза тапқанын, қарындасының социалистік Отан қорғау майданында қайтыс болғанын баяндап, халық өмірінің трагедиялы және бақытты кезеңдерінен бірдей хабар береді. Бірақ бұл жалпылама баяндау емес, нақты тұрмыс детальдарының суретіне құрылған, нақты адам образдарын жасаған, олардың психологиялық, лирикалық сезім жалындарын шалқытқан эпос пен лириканың, реализм мен романтиканың социалистік реализм аясында сәтті ұштасуы. Мұндағы әкеден балаға, ағадан ініге эстафета ретінде қалдырып келген шойын сағат символ түрінде уақыттың образын бейнелеп, ұрпақтар арасындағы және халық пен жеке адам арасындағы бірлік проблемасын шебер шешуге тетік болған.

Тайыр марқұмның ең соңғы сөзі боп табылған оңды поэмасының аты «Тасқынға тосқын» боп алынуының өзінде философиялық түйін бар. Тасқын Тайырдың бұрынғы белгілі поэмада суреттелген тура мағнасында ғана емес, тоспал түрінде, символ ретінде басқа осы тәріз-

ді құбылыстарға да балап алынған. Мысалы тасқын образы ел басына түскен сұрапыл оқиғалардың бейнесінде алынғанын мына өлеңдерден байқаймыз:

Мінекей, бастан талай ел тасқынды  
Өткізген, көріп тағы қан тасқынды,  
Сен айтқан, деді: Арманға қарап Қайсар,  
Сел жайлы сөз ойымды жалғастырды...  
Айбатын айдаһардай шашып келген,  
Аранын Гитлер-дағы ашып келген  
Мерт болды! «Мың тасқынға — бір тосқын бар»,  
Деген сол, әлем оны ашық көрген.

Біздің өмірімізге, қоғамымызға зиянды, жат құбылыстарға дүлей, дұшпан күштерге (тасқын, сел, аштық, соғыс, тағы басқалар) қарсы совет адамының тосқын жасап әрі төтеп, әрі тойтарыс берерлік ұлы қуатын поэзиялық сурет, тіл тапқан логикалық қисынмен топшылау — осы поэманың философиялық өзегі.

Халық басынан кешкен тарихи өмір кезеңдері мен оқиғалары ақындық арынмен шоли баяндайтын толғау, поэма, дастандар дәстүрі қазақ поэзиясында ертеден үзілмей келе жатқан желі. Совет заманында бұл дәстүр коммунистік дүние тану тұрғысынан нұр алып жаңғырғаны белгілі. Халық тарихының ақындық шежіресі боп табылған советтік поэмалар бұдан бұрын негізінде үш түрлі жолмен жасалған болатын. Бірінші — аңыз, ертегі сюжетінің сарынымен (Сәбиттің «Сұлушашы»; Сәкеннің «Көкшетау»; Исаның «Құралай сұлу», «Ақбөпе», «Алтай аясындасы»; Жұмағалидің «Күлэндасы» т. б.); екінші — тарихта болған нақты адамдардың, әсіресе өнер қайраткерлерінің өмірін, творчествосын жырлау арқылы, (Илиястың «Күй», «Күйші», «Құлагер»; Әбділданың «Абылы»; Хамиттің «Құрманғазысы»; Қалижанның «Мәриям Жагор қызы»); үшінші — қазақ халқын негізгі герой етіп алып, оның өткен ауыр өмірі мен совет заманындағы жарқын өмірін ұштастыра жырлаған ұзақ толғаулар (Сәкеннің «Советстаны»; Жамбылдың «Заман ағыны», «Туған елімі»; Қасымның «Біздің дастаны»; Сәбиттің «Сөз советтік армиясы»; Илиястың «Даласы»). Соңғы жылдары осы үш жол бірде ажырап, бірде қосылып, поэма жанрының жаңа үлгілерін жасауда. Бірінші жолды жалғастырған туындылар: Қалижанның «Ақсақ құланы», Сырбайдың «Бала жолбарысы», Тұманбайдың «Арзы қызы», Қабыкеннің «Қорқыты» т. б.

Екінші жолды жалғастырған: Ғафудың «Дала коңырауы», Қасым Тоғыззақовтың «Сібір Омары», Хамиттің «Аңыз атасы», Ілияс Есенберлиннің «Біржаны», Қалижанның «Дала комиссары», Ізтайдың «Пушкин және Әміржаны»; үшінші жолды жалғастырған: Әбділданың «Портреттері», Мұзафардың «Менің Қазақстанымы», Жұбанның «Мен қазақпыны», Аманғали Сұлтановтың «Жұлдызды дәуірі», т. б.

Бұлар әр қайсысы өз жөнімен, өз үлес, сыбағасымен поэма жанрын табиғи түрде дамытып, жаңғыртып, оның түр-түрін, ішкі өзгешеліктері мен ерекшеліктерін молықтырды.

Поэзияның монументальдік түрін байытып жетілдіруде енді бір айта қаларлық жаңалықты аяқ алыс — ол совет заманының тақырыбына, әсіресе дәл бүгінгі күннің тақырыбына арнайы сюжеттік поэмалар жазу тәжірибесі. Поэманың бұл түрі қазақ совет поэзиясының қалыптасу кезінде әлі игеріліп үлгірген жоқ-ты. Тек Тайырдың «Тасқыны» болмаса, басқа «Советстан», «Колхозды ауыл осындай», «Сөз советтік армия», «Күн тіл қатты» сықылды көрнекті туындылар сюжетті поэмадан гөрі шалқыма толғау жырына жуық болатын. Бірнеше поэма тек ХХ съездің қарсаңында пайда болды (Тайырдың «Жапанды орман жаңғыртты», «Қырда туған құрышы», Хамиттың «Біздің ауылдың қызы», «Үлкен жолдасы»). Кейінгі кезде поэманың біз айтқан түрінде едәуір шығарма туып қалды. Олар Октябрь революциясынан бастап, осы күнге дейін өткен өмір шындығын дәуір-дәуірімен бейнелейтін поэмалар. Бұлардың бірсыпырасы лирико-философиялық сарын ерекшелігі бар поэмалар қатарында аталды да. Қысқасы: қазір сюжетті поэма бізде өте кең өріс алып келеді. Мұндағы геройлар — совет адамдары. Біразы революцияға қатысқандар (Тайырдың «Құмдағы дауылы», Хамиттың «Оралдағы отты түні», Қалижанның «Дала комиссары», Әбудің «Жазылмаған кітап», Жұбанның «Жесір тағдыры» т. б.); біразы Ұлы Отан соғысына қатысқандар (Қажымның «Достық пен махаббаты», Диханның «Махаббат тағдыры», Ғафудың «Орман сыры», Ізтайдың «Бейбіт сыры», Еркештің «Өмір өлмейдісі»); біразы өмірдің қиын-қыстауына, шырғалаңына душар болғандар (Қалижанның «Тұрлаулы тағдыры», Қабдікәрімнің «Әке жолы»); ал енді көбі бүгінгі коммунистік құрылыста еңбек етуші заман-



дастарымыз (Сәбиттің «Аңызы», Нұтфолланың «Айгүлі», Аманжолдың «Жайлау таңы», Ғафудың «Жер астындағы жұлдыздары», С. Сейтхазиннің «Алғашқы адымы», А. Хангелдиннің «Қыз жүрегі», Тұманбайдың «Алатау қызы», З. Шүкіровтың «Жүрекке әмір жүрмейді», Ғ. Жұмабаевтың «Мерейі», Сағидың «Бауырлары», Шәмілдің «Сөнбес махаббаты» т. б.)

Мына кейінгі топтағы поэмалардың (Сәбит поэмасынан өзгелерінің) бәрінің геройлары жас адамдар. Олар тың игеруші, малшылар, оқушы, тұрмыс құрушы жастар.

Біздің әр қырынан келіп, дәстүр, жанр, тақырып, сарын ізін қуып жіктеген поэмаларымыз кейінгі он жыл ішінде бұл жанрдың қор жинап, толығыда, құлашын кең сермеп жаңа сапалық биікке талпынуда екенін танытады.

Бұл жерде жіктеп қана атау болмаса мұншама поэма селін талдау мүмкін емес екендігі өзінен өзі белгілі. Поэmanın бүгінгі күйі, даму бағдары туралы қазір бірен-сараң мақалалар жазыла бастауы, жылма-жыл қорытындылар жасалуы қуанышты. Әйткенмен бұл мәселе де лирика сықылды терең зерттеуді керек етеді.

## VI

Жалпы поэзия жайы көп сөз болып жүр. Бұл жөнінде Е. Исмайылов, С. Қирабаев, Ә. Нарынбетов, С. Талжанов, З. Серікқалиев сықылды ғалым мен сыншылар, С. Мұқанов, Ә. Тәжібаев, Т. Жароков, Қ. Бекхожин, А. Шамкенов, С. Мәуленов, Ғ. Қайырбеков, М. Әлімбаев, О. Сүлейменов, Ә. Кекілбаев сықылды ақындар ойларын ортаға салып келді. Бәрінің бір ғана ізгі ниеті — сүйікті поэзиямызды биіктеген үстіне биіктетіп, атағы мен абройын асқан үстіне асыра түсіру. Ол үшін, әрине, барды бағалап, талдап, жақсы-жаманын анық, ашық айтып, жаңа ұлы міндеттерге меңзеу қажет. Осы мақсатпен айтылған пікірлердің артық, кемін айтпағанда, бәрі келіп бір салаға саяды. Ол — барды ұлы заманның биік талабымен өлшеу, сондықтан барды қанағат тұтпай, асқар мұратқа жету жолын көздеу...

Біз де мәселеге осы өлшеммен келсек, қол жеткен табыстармен қатар, көптеген міндеріміз бен кем-кетік, кемшіліктеріміз де, ойсыраған олқылықтарымыз да көзге көбірек шалынады. Біздіңше, поэзияның жаңалықты табыстары, жоғарыда айтқандай жаңа заманнан рух

алып, лениндік өмір қағидаларының негізінде партиялық және халықтық принциптерді нығайтуға байланысты, халық өмірін жырлауға, адам тағдырына, адамның ардақты ой-сезімін ұқыпты күйттеуге байланысты, осыған орай творчестволық іздену, шеберлік шындау мәселесі қауырт қолға алынып, өлең өнерінің, өлең мәдениетінің көп ұстарып, кемелденуіне байланысты. Мысалы, лириканың нақты, дәйекті сипат алып, көзбен көрерліктей, қолмен ұстарлықтай картина жасап, ой мен сезімді образбен өрген өрнегін Сырбайдың мына бір «Күнбағыс» деген өлеңінен анық көреміз:

Қарайсың өткен күнге алыс  
Қабырды қайта айналып,  
Жалғыз тұр сонда күнбағыс  
Күн күзетіп, ай бағып.

Алтын күн таудың алкабын  
Жүзгенде нұрға, толтырып,  
Бұлғайды сары қалпағын  
Биіктен сонау ол тұрып.

Талпынған солай күнге алыс,  
Сағымын кешіп жапанның,  
Әлде сол жалғыз күнбағыс,  
Арманы ма екен Шоканның.

Ойда да, суретте де, өлең техникасында да мін жоқ жұмыр өлең. Өлең өнерінің бізде көп жетілгенін танытатын мұндай өлеңдер ақындардың бәрінде де баршылық. Өлең құрылысының бұрынғы қалыптасқан түрлерімен қатар көптеген жаңа түрлері де етек алып, құлақ үйретіп-желеді. Тоғыз, он, он үш, он бес буынды жолдардың әрқилы жаңа комбинациялары, «ақ өлең» түрлері талантты ақындардың қолдануында құлпырып, арсеналға қосыла бастады. Әбділданың «Аралдар» жинағында, Хамиттің «Құрманғазысында», Мұқағалидың поэмаларында, Сырбайдың «Жапырақтар жанады» жинағында, Тұманбайдың жаңа өлеңдерінде бұл жөнінде батыл қадамдар жасалған. Өлең өнерінің осындай әрі жетілген, әрі жаңалықты үлгілерін біз мына мақалаға енгені бар, еңбегені бар көптеген жас өспірім ақындардан табамыз. Екі-ақ мысал:

Бірі:

Найзағай от кірпігін қадады да,  
Аспанның бұлт шылады табағына,  
Көктемге көрімдік қып кетті жанбыр,  
Қайыңның күміс қадап сабағына.

Қазақтың кәдуілгі он бір буынды қара өлеңінің бірақ шумағымен керемет сурет жасауға болатынын жас ақын Қанипа Бұғыбаева қандай тамаша үлгімен көрсеткен десеңізші! Бұған қарағанда да он бір буынды өлеңнің «омыртқасын қиратудың» қажеті жоқ сияқты.

Екіншісі:

Жартысын алшы жанымның,  
Назырқансаң тіпті бердім бүтінін,  
Деп әр қызға жалындың,  
Жүрегіңнің айтқан болып үкімін.  
Сол рольді бүгін де  
Шебер ойнап тұрсың сұлу қасында.  
Ойла, жолдас!  
Түбінде  
Өмір керек!  
Өзінде де қалсын да!

Бұл жас талап ақын Бекен Әбдіразақовтың өлеңі. Мұнда он бір буын қара өлең жолы мен жеті буын жыр өлең жолдарын алма-кезек ауыстыру арқылы кеңесу интонациясы жасалып, юморлық астары бар еркін өлең үлгісі туған.

Бұдан бұрын қазақ поэзиясында интимдік лириканың кешуілдеп қалу фактысын және оның себебін айтып көргенбіз. Енді сол кешеуілдеудің есесін қайырмақ болғандай кейінгі 10—15 жыл бойында интимдік лирика лап беріп қаулауда. Туған жер, сүйген жар, ата-ана, дос-жаран, ағайын — интимдік лириканың негізгі объектісі осы. Бұл салада біздің ақындардың үлкен шабытпен және шеберлікпен жасаған оңды үлгілерін айтуға болады.

Дүбірде бар екі ши,  
Маңайында жыра көп.  
Біздің әулет екі-үш үй  
Жайлар еді жылда кеп.

Жалғыз қазақ — мына жұрт —  
Мен дүниеге туған жер.  
Жалғыз тұтам шуда жіп  
Кіндігімді буған жер.

Туған жермен байлаған  
Кетпестей ғып кіндіктен,  
Бар ма екен,— деп ойланам  
Мықты нәрсе сол жіптен!

Бұл — дарынды ақын Ғафу Қайырбековтың «Туған жер» атты өлеңі. Мұнда айқай да, асып-тасу да жоқ. Бірақ

өте жылы өлең! Неге? Неге десеніз, ақын туған жерге деген жүрек түбіндегі ыстық сезімін нағыз суреткерше нақты да нақышты суретпен, нәзік те нанымды образбен көзге елестете бейнелеген. Ғафу ғана емес, күллі қазақ көзіне таныс сурет, қазақ жүрегіне ыстық сүйкімді образ! Ақын туған ауылдың жұрты, ондағы «Жалғыз казық», «Екі шиі», айналасындағы көп жыра бір кездегі екі-үш үй қонған жайлаудың картинасын еске түсіріп қана қоймайды, тура көз алдына әкеледі. Ақын туғанда «кіндігін буған» бір тұтам шуда жіп» әлігі картинаның тоба қазық образы болып тұр. Ақын үшін дүниеде одан «мықты нәрсе» жоқ, өйткені бұл жіп былай осал, нәзік болғанмен ақын үшін дүниеде ең қымбат «туған жермен байлаған» сол жіп. Осының бәрін көріп, біліп қана қоймайсың, сен де туған жерді сүйетін жүрегіңмен сезінесің!

Интимдік лирикада ала-бөтен сүйіспендік туралы көп жазылып жүр. Ондай өлеңдер әсіресе жас ақындарда көп. Соның ішінде әдемі жазылған өлеңдер де жоқ. Бірақ махаббат сықылды үлкен, қасиетті сезімді өзіне лайық дәрежеде жаңаша жырлаған терең мағналы шығарма табу қиын. Сүйу, күйу, қосылу, ажырасу туралы жазылған өлеңдерді көп болғандықтан да, күйкі болғандықтан да совет адамының сезіміне сай махаббат лирикасы деуге ауыз бармайды. Ондай өлеңдер көп жинақта кездеседі және бір-біріне көп ұқсайды. Сондықтан да олар бірте-бірте шаблонға айналып, көркемдік әсерін жоғалтып барады — тартпайды, селт еткізбейді, ешбір ой, сезімді оятпайды. Абзалы, Отан, туған жер, махаббат секілді асыл тақырыптардың қадірін түсірмей, әрбір ақын аз жазса да мәз жазған-ақ мақұл болар еді-ау дейсің.

Бізде боратып көп жазатындық бар, үзбей жинақ сонынан жинақ шығаруға әуестік бар. Мұндай жағдайда поэзияның бағасы түспей қоймайды. Поэзия жылына екі-үш егіп өсіретін жоңышқа емес. Бұл неғұрлым аз өндірілсе дәмді шығатын дақыл, тонна-тонна тас пен топырақтан грамдап алынатын алтын сықылды, адам жанының аз да болса ең асыл азығы. Бізде поэзия өнімінің көп те көлемді болуына тырысушылық осы асыл дүниенің құнын, сапасын көтеру қамынан емес, санын көтеру қамынан екендігі өте өкінішті жай. Поэмалардың ұзақтығы, шұбалаңқылығы, көп сөзділігі жөнінде айтыла беретін дұрыс сын ескертпелер поэзия «өндірісінің» осы бір «ширпотребтік» дағдысын көрсетеді ғой дейміз.

Бүгінгі таңда сәулеттеніп өскен қазақ совет поэзиясының сүйсінерлік табыстары бұрынғы жақсы мұра, тәуір дәстүрлерінің занды түрде дамуының жемісі десек, оның қазіргі көптеген кемшіліктері де сол алғашқы дәуірдегі жастыққа, жадағай қарадүрсіндікке байланысты салттардан әлі де арылып болмаудың нәтижесі. Бір кезде әдебиеттің барлық сала, жанрында табиғи түрде көрініс берген ой өресінің аласалығы, тақырып тапшылығы, сырттай баяндап сыпыра сипаттаушылық, бергіректе өріс алған схематизм, жалған боямашылдық, лепірмелік бірте-бірте жойылып келеді. Әйткенмен сүйекке сіңген әдет тәрізді кейбір сондай кемістіктер әлі де ара-кідік әркімде бой көрсетіп қояды. Бұл кемістіктердің негізгі үш себебін ескеру керек. Бірі — көп ақындардың дүние тану жанарының (диапазонының) шағындығы, сондықтан тайсақтап, халықаралық, интернационалдық, бүкіл адамзаттық үлкен тақырыптарға бара алмауы; екіншісі — халық өмірін терең, жан-жақты жақсы білмеуі, сондықтан маңызды құбылыстарды таңдап, іріктеп алып, көркем түйіндеудің орнына, талғамсыздық тәсілімен сырттай сыпыра сипаттауы; үшіншісі творчестволық еңбектенудің, ізденудің, мәдениеттің, үйренудің жетіспейтіндігі, сондықтан өмір зерттеп, шеберлік шыңдап, шындықтың шынайы образын жасаудың орнына «сырттан тон пішіп» үстірт, онай схемаға ұмтылу.

Қазақ совет поэзиясы дүниеге келген алғашқы күннен бастап социалистік революцияның ұранын көтеріп, жаңа өмірдің жаршысы болды, содан бері өзінің осы азаматтық үнін ол ешуақытта бәсеңсіткен емес. Бұл оның қашан да мақтан етер қасиеті. Бірақ азаматтық үннің әсері, тәрбиелік күші әр кезде, әркімде әр түрлі болатыны бар. Ол әр кездің талап-рухына, әр ақынның талантына, қоғамдағы орнына, дүние тану тұрғысына, біліміне, мәдениетіне, шеберлігіне байланысты. Қазір қазақ поэзиясының арылып болмаған кемшіліктері де осы факторларға тіреледі.

Жуырда қайтыс болған орыстың үлкен ақыны Михаил Светлов өзінің жарияламаған қолжазбаларында мынадай бір пікір айтыпты: «Бәрімізге тән жалпы бір кемшілік: біз будың көбін гудокке ысрап етеміз де, отқа көмірді аз қалдырамыз».

Бұл кемшілік кейбір жылдары қазақ поэзиясына да тән болатын. Күштің көбін дабылға, дақпырт, дүмпуге

жіберіп, оқушының жанына берер азығымыз аз болған кезді бастан өткізгенбіз. Ендігі жерде бәріміздің мақсат-ниетіміз, қамымыз — талап, тілегі, талғам, мүддесі өскен совет оқушысына ең қымбат, ең асыл жан азығы шынайы поэзия туындыларын ғана ұсыну болу керек.

Поэзия жан азығы болу үшін халық өмірінен нұр, нәр алған адам жанының әсем айнасы, адам жүрегінің әміршісі болуы шарт. Бұл әдетте ұлы өнердің көтеретін шарты. Қазақ халқының бүгінгі күнбе-күн, жылма-жыл қаулап өскен көп қырлы, алуан салалы совет әдебиеті, оның қашаннан құнарлы саласы өлең өнері, заман артқан жүктің қандайын болғанымен көтере алатын халде.

## VII

Азербайжанның көрнекті халық ақыны Самед Вургун қайтыс болар алдында біздің көп ұлтты, көп тілді совет әдебиетін әбден келіскен, үндескен үлкен оркестрге теңепті. Онда ол оркестрде әрбір ұлт әдебиеті әр қилы аспаптың қызметін атқарып, жалпы симфонияға әрқайсысы өзіндік үн қосатынын айтқан. Өте тауып айтқан! Біздің қазақ әдебиеті де Ұлы Совет әдебиеті аталатын бүкілодақтық оркестрдің құрамында үлкен роль атқарып, қазақ поэзиясы алуан үнді советтік симфонияға өз әуенін, өзіндік әсем сазын қосып келеді...

Ал енді қазақ поэзиясының өз ішіне келіп, оны Самед Вургун қолданған образда алсақ, мынадай картина көз алдымызға тартылады: ол да бейнебір аспабы көп үлкен оркестр. Және мұнда қазақтың домбырасы мен қобызы, сырнайы мен сыбызғысы ғана емес, басқа да мәдени аспаптар жарасымды дыбыс қосып, күрделі күй шертеді...

Сәкеннен бастап қазіргі Олжасқа дейінгі саны жүзге тартқан (өлісі бар, тірісі бар) қазақ ақындарының аса көрнектілері әлгі оркестрдегі әрқилы аспаптар тәрізді әқ қайсысы өзінің дербес даусымен, өзіндік әуен, әуезімен, сырлы сұлу сазымен танылғандар.

Музыканттардың бәріне ортақ қасиет бір оркестрде бір күй тартатындығы секілді ақындардың да ортақ қасиеті социалистік реализм негізінде бір мақсатқа — коммунистік мұратқа қызмет ету болса, олардың әрқайсысының дербес ерекшелігі әркімнің түсінігі мен білігіне, таланты мен тәжірибесіне, күйттеген тақырыбы мен жанрына орай қалыптасты дейміз. Әр ақынның айтпай та-

нитын аяқ алысы, өлең өрнегі, сөз кестесі, айрықша амал тәсілі бар. Бұлар жалпы стиль деп аталатын ерекшеліктің жеке көріністері, өзгешеліктері.

Біз санаулы ақындардың бірен-саран ғана стиль өзгешеліктерін мысал үшін тізіп айтар болсақ, мынадай шартты белгілерді алдымен атар едік: Сәкен поэзиясының алғашқы асқақ романтикалы, революциялық ұран жырларынан кейін Маяковскийдің ықпалымен екпінді интонацияға, жиі қайталанатын жігерлі ырғаққа, шұбыртпалы ұйқасқа құрылған өлең үлгілеріне ауысуы; Бейімбет поэзиясының бастан-ақ қарапайым, мағналы реалистік поэзияның ауқымында қалыптасып, тақырыбы нақты, сюжетті, диалогті өлең өрнегін салуы; Сәбит поэзиясының да Бейімбет поэзиясы секілді нақты, қарапайым, өміршең өлеңдерден басталып, өлеңмен жазылған лиро-эпикалық роман үлгісін жасап, бері келе Сәкен творчествосы секілді Маяковский ықпалымен терең мағналы жаңашыл өлеңдер тууы; Ілияс поэзиясының фольклор байлығын сарқа пайдаланып, жазба поэзиясының биік өрінде саяси патетикалық лирикамен қатар тамаша лиро-эпикалық, лиро-психологиялық және драмалық поэмалар беруі; Тайыр поэзиясының Махамбеттің өршіл жырларының асқақтығынан, Пушкиннің сәулетті романтикасынан, Маяковскийдің революциялық пафосынан тәлім алған саяси өткір, арынды да жалынды өлеңдер мен романтикалы да патетикалы поэмалардың үлгісін салуы; Әбділда поэзиясының маңызды әлеуметтік лирикамен қабат нәзік интимдік, терең философиялық лирикада байсалды бастама жасауы, аңыз-ертегілер сарынымен ән, күй туралы ашық бояулы әсем поэмалар мен толғаулар тууы; Ғали поэзиясының, тамшы теңізден, ұшқын өрттен хабар беретіні секілді, болмашы ғана сезім деталімен үлкен сезімнен хабар беретін тап-тұйнақтай, жып-жылы лирикалық өлеңдер жасайтын шеберлігі; Қасым поэзиясының электрден от алған ішкі қуаты, шақпақтай ұшқын атқан шынайы шабыты, ақиқатты арман биігінен қарап жырлайтын тегеурінді толғаулары; Қалижан поэзиясының эпикалық жанрда құнарлы жемістер берген құлашы кең, топшысы мықты таланты; сондай-ақ Хамиттың да осы жанрда қорғасыннан қорытып соққандай соны ой, тың образы мол әрі жаңашыл, әрі серпінді поэмалар туғызған дербес дарындылығы; Сырбайдың «қиыннан қиыстырып», «жүректен тербеп»

көлемі қысқа да болса терең сыр, пікір түйетін сұлу өлеңдер жазған құдіреті; Жұбанның алыстан сермейтін жүйріктігі; Ғафудың ойшыл да сыршыл шешендігі; Тұманбайдың интимдік лирика жасаудағы сезім нәзіктігі, Олжастың жер жүзін, адамзат өмірін кең қамтып, терең толғайтын биік дүние тану тұрғысы, философиялық, гуманистік түйін түйгіш тегеурінді топшылаулары, романтикалық серпіні, орысша жазып та қазақтың ұлттық рух, ой, сезімін сақтарлық образдар жүйесі. Мінеки, тұлғасы танылып, стилі анықталған азын-аулақ ақынның поэзиясындағы шартты түрде алынған бірлі-жарым белгісін атүсті жүгіртіп айтқанның өзінде қазақ поэзиясының қаламгерлерінде бір қалыптан шыққандай біркелкілік жоқ — әркімнің өзіне шақ орны, өзіне лайық үні, өзіне тән ерекшелігі бар екенін көреміз.

Социалистік реализмнің қай салада болмасын түрі, стилі, амал-тәсілі шексіз көп, мүмкіншілігі ұшан теңіз. Қазақ поэзиясының совет тұсында толып жатқан түрлері мен жанрларының жарыса өсіп лирика мен эпостың талай тармақтарының тууы (саяси — әлеуметтік лириканың түрлері, табиғат лирикасы, философиялық лирика, интимдік лириканың түрлері, баллада, сатира, мысал, поэманың ішкі жанрлары, өлеңмен жазылған роман) социалистік реализм поэзиясының сан алуан жанрлық қырларын ашты. Ол өзінің осы секілді қыруар мүмкіншіліктерін бұдан былай да мол-мол аша бермек...

Поэзия қазақ халқының кәрі досы, жан серігі. Ол тарихтың қилы-қилы қайрылыс, бел-белесінің барлығында халықпен бірге күнелтіп, оның суығына тоңып, ыстығына күйіп дегендей, қиындығы мен қызығына, қайғысы мен қуанышына бірдей кепіл болып келді, әр заман оның ауыр жүгін арқаласқандай жанына дем беріп, жүрегін жылытып келді. Көп заман ауыз әдебиеті түрінде дамып келген көркем сөз өнері өткен ғасырда пайда болған жазба әдебиетіне мықты негіз болып, кейін де бұл сала егіз қатар өсіп отырғаны мәлім. Қазақтың бай фольклоры қазір де профессионал әдебиеттің құнарлы нәр алатын асыл қоры болып отыр.

Октябрьде қайта туғандай жасарған, ұлы қуат біткен халқымыз қарыштап жаңа дүниенің сәулетті өріне шыққан елу жылдық тарихында онымен бірге жасарып, бірге шарықтаған ақындық өнерінің өткен жолы, жеткен биігі осындай.



## **„СЫН ШЫН БОЛСЫН, ШЫН СЫН БОЛСЫН“**

Бұл сөздерді қайтыс болар қарсаңында мархұм Мұхтар Әуезов айтқан еді. Сын қандай болу керек дегенде осы сөздер еске түсе береді. Бірақ қазір әңгіме ол жайында емес. Бұл мақаланың басты міндеті — әдебиет ағымының дұрыс бағытта дамуына, творчестволық проблемалардың жақсы шешілуіне соңғы жылдары әдеби сынның, тұтас алғанда, қандай ықпал-әсері болды, бұдан былай оның осы ролін қалай көтеру керек — міне, осы жайында. Былайша айтқанда, әңгіме дербес сынның ішкі жай-күйі жөнінде емес, сынның әдебиет тәжірибесіне жетекшілік және көмекшілік қызметі туралы.

Бізде әдебиет сынының маңызды мәселе саналып күн тәртібінде тұруы бір бұл емес. Оның бүгінгі күйі, алдағы міндеттері деген түрде әр кезде-ақ сөз болып келген. Талай айтып та, жазып та жүрміз. Сонда, қарап отырсаңыз, сын жанрының міндеті, оған қойылатын талап-тілек жөнінде ешуақытта алшақ ой, ала пікір айтылмапты. Сын қажет-ақ, онсыз әдебиет оңбайды, өйткені «сын түзелмей, мін түзелмейді» — сын әділ болсын, қара қылды қақ жарсын, білікті болсын, принципті болсын, жауға зәрлі, досқа шапағатты болсын, тағысын-тағылар. Байқап отырсақ сын туралы айтылған ойдың бәрі осындай пікірдің маңына тоқайласады екен.

Бәрі жақсы, бәрі дұрыс! Сыншы мен жазушының табысатын жерінің өзі осы-ақ. Мұның аржағында бірсыпыра жазушылардың өзара жамырай тіл табысатын тағы бір жері бар: ол жаппай сынға деген наразылық: сын өз дәрежесінде емес, қалып қойды, алға тартпайды, артқа тартады, аяққа оралғы, тағысын-тағылар. Бірсыпыра таланты тапшылау кісілердің аузында сын туралы әрқилы қанқу сөздер жүреді. Тіпті кейбір тақырыбы таусылған ақындар өлеңдерінде барлық зәр-запранын сыншы

атаулыға төгетіні тағы бар. Бір тәуірі, сынның шын бағасын беретін мұндайлар емес, оқушы жұртшылық, саналы әдеби қауым. Дұрысында сыншы жазушыға жағу үшін де, жауығу үшін де қызмет етпей, жалпы әдебиет мүддесінен табылу керек деп білеміз.

Ендеше, келісім бойынша, әдеби сынның көркем әдебиет тәжірибесіне еткен жетекшілік және көмекшілік қызметіне тоқтайық. Сынның бұл қызметі әдеби дамудың заңдылығын маманша тануға байланысты. Сондықтан да ол жазушы мен оқушының арасында тұрып екі жаққа бірдей білікті кеңес айта алады, шығармаға жетік талдау жасап, тиісті баға бере алады. Осы мағнада А. В. Луначарский айтқандай, сыншыны суреткердің ұстазы деседі. Әрине, көңілдегідей нағыз қалаулы сыншы болса. Ал енді біздің қазақ әдебиет сыны екі съезд аралығында өзінің сол мамандық, ұстаздық ролін қалай атқарды?

Осы арада алдын ала айта кететін бір даусыз факт — ол әдебиет сынының соңғы он жыл ішінде үздік өсуі. Бұрын жиырма жыл бойы бірде-бір сын кітабы шықпаған әдебиетте бұл тұста елу шамалы келелі сын-ғылыми еңбектер жарық көргенін білеміз. Бұған екі съезд аралығында 16 адам сын еңбектері үшін Жазушылар Одағына мүшелікке алынғанын қоссақ, сын саласының қалай қарыштағанын көру қиын емес. Жалпы өскендік жөніндегі әңгімені кейінге қалдыра тұрып, қазір сынның творчестволық проблемаларды шешуге қалай атсалысқанын айтсақ, әлігі сұрақтың жауабын сонан табамыз.

Өздеріңізге мәлім, одақтық және республикалық жазушылар съездері КПСС-тің XX—XXIII съездеріне ілесе өтіп келеді. Бұл екі арада партиямыздың жаңа Программасы бекіп, онда көркем өнер мен әдебиеттің келелі проблемалары көрсетілді. Соның бірі дәстүр мен жаңашылдық мәселесі. Бұл мәселенің әдеби ағымның даму заңдылығына тікелей қатысы бар. «Халықтық және партиялық принциптерге негізделген социалистік реализм өнерінде өмірді көркем бейнелеудегі батыл жаңалық жасау дүниежүзілік мәдениеттің барлық прогресшіл дәстүрлерін пайдаланумен және дамытумен ұйымдастырылады» делінген Программада. Шынында, дүние жүзінің әдебиеті болсын, оның ішінде алдымен өзіміздің туған әдебиеттің болсын, бұрынғы асыл мұрасы мен кешеден бүгінге көшкен прогресшіл дәстүрлерін дұрыс пайдала-

нып, одан әрі дамыту проблемасының қалай шешілуі қазіргі өсуіміз үшін әлдеқалай нәрсе емес.

КПСС XX съезінің қарарлары мен Қазақстан компартиясы Орталық комитетінің 1957 жылғы әдеби және музыкалық мұра туралы арнаулы қаулысын жүзеге асыра отырып, қазақ әдебиетінің теориялық пікірі кең өріске шықты. Бір кезде жабылып қалған көркем сөз үлгілері, әсіресе, қазақ совет әдебиетінің негізін салған жазушылардың шығармалары жаңадан жарық көруінің үстіне, сол үлгілер мен шығармаларды зерттеген Б. Кенжебаев, Қ. Жұмалиев, Е. Ысмайылов, Т. Нұртазин, Б. Шалабаев, Ә. Қоңратбаев, С. Қирабаев, М. Дүйсенов, Е. Лизунова сықылды белгілі ғалым-зерттеушілердің мақалалары мен кітапшалары, монографиялық еңбектері пайда болды. Және сонымен бірге осы жазушылар Қазақ ССР Ғылым академиясының М. О. Әуезов атындағы әдебиет және өнер институты коллективі жасап жатқан алты томдық қазақ әдебиеті тарихынан да, одан бұрын екі тілде шығып, жұртшылық жақсы бағалаған қазақ совет әдебиетінің очеркінен де лайықты орын алды. Жанр мен тақырып, түр мен мазмұн, тип пен ұнамды образ, көркем аударма, поэтика мен өлең құрылысы проблемаларына байланысты қазақ әдебиетінің оңды үлгілерін ғылыми талдауға құрылған Ә. Тәжібаевтың, З. Ахметовтың, М. Базарбаевтың, М. Дүйсеновтың, З. Қабдоловтың, Т. Қәкішевтің, М. Хасановтың, С. Талжановтың, Ә. Сатыбалдиевтың теориялық кітаптары жарық көргенін де арнайы атауымыз керек. Мұның бәрі әдебиет тану ғылымының тек академиялық жолмен зерттейтін тарих үлесі ғана емес, бүгінгі әдебиетіміздің творчестволық дамуына бірден-бір қажет — дәстүр мәселесін шешудің маңызды бастамасы боп табылады. Сондықтан бұл айтқан жаңалықты табыстар бірыңғай ғылымның меншігіне ғана тимейді, сонымен қатар әдеби сынның да құнарлы жемісіне жатады.

Бірақ, бұл арада айта кететін бір ғана өкінішті жай бар. Ол — жаңағы қазақ совет әдебиеті классиктерінің творчествосына арналған байсалды еңбектерді, сөз жоқ, зор жетістігіміз дегенмен, олардың бүгінгі әдеби творчестволық тәжірибемен сабақтастығын жеткілікті көрсетпеу кемшілігі. Мүмкін, сонан да шығар, кейбір әдебиетшілер бір кез мәселенің диалектикалық бірлігін бұзып, жаңалық іздеу мақсатын дәстүрден бас тарту

арқылы, әдебиетімізді ұлттық, халықтық топырағынан айыру арқылы іске асыру тезисін ұсынып көрді. Ол тайғанақ жол еді. Мысалы: поэзияда жаңалық табу жолы қазақтың он бір буынды қара өлеңін күйрету деп білген теріс түсінікке жабыла ескерту жасадық, кейбір жас жазушылардың әңгімелерінде жаңалық деп ұсынған шалағайлықты сынаған болдық, бірақ мәселе сонымен тоғарылды. Одан әрі ұзаған жоқ. Қай жанрда болмасын, жаңалық табу жолы — ол алдымен шарқ ұрып іздену, табанды еңбектену жолы екені рас. Бірақ ол әдебиетіміздің кешегісінен бүгінгісінің үзілді-кесілді қол үзуі емес, кешегінің дәстүрін бүгін дамыта отырып өз талантыңмен жаңалық жасау деген сөз. Қазіргі тәжірибенің өзі осыны көрсетіп отыр. Прозада Б. Майлин, М. Әуезов, С. Мұқанов, Ғ. Мүсірепов, Ғ. Мұстафиннің; поэзияда С. Сейфуллиннің, І. Жансүгіров, С. Мұқанов, А. Токмағамбетов, Т. Жароков, Қ. Аманжолов, Ә. Тәжібаев, Ғ. Ормановтың; драматургияда Б. Майлин, М. Әуезов, Ғ. Мүсіреповтің амал-тәсілдерін дәстүр етіп тұтынушылық бүгінгі әдебиетімізде жоқ па? Бар ғой. Ендеше дәстүр деген ұғымның өзін тар тұрғыдан қарап жіңішкертпеу керек, оны тек бір ғана жазушының яки бір ғана туындының басына теліп, басқаның бәріне менсінбей қарау жөн болмайды. Өскелең, көп қырлы социалистік реализм әдебиетінде бір ғана жазушы бірден-бір эталон болуы мүмкін де емес. Онда ол жанры, стилі, үні, бояуы, көркемдік құралы әрқилы, алуан түрлі, бай әдебиет емес, бір түсті, жалаң, жұтаң әдебиет болар еді.

Сонда әдебиет сынымыздың олқы жері тек дәстүр мен жаңашылдық проблемасы емес, сонымен бірге стиль мәселесінің де жақсы зерттелмеуіне тіреледі. Әрбір көркем сөз шеберінің стилін, ерекшелігін жалпы социалистік реализм аясында алып зерттеу жұмысы жөнге салынған болса, осы күнгі жазушылардың творчествосын талдай отырып сондағы шын бар мираскерлік (преемственность) фактыларын ажыратқан болсақ, онда әдебиетіміздің елу жылдық тәжірибесі жұтаң көрінбес еді.

Әрине, дәстүр, стиль дегенде, әдебиетіміздің қол жеткен табысын жөңсіз артық бағалап, құр тамашалаудың пайдасы жоқ. Жақсы дәстүрді әдебиет сыны бүгінге дейін барлық салада етек басты болып келе жатқан қара дүрсіндіктен, сырт баяндаушылықтан, схематизмнен ажырата алатын болса қандай ғанибет болар еді. Бірақ,

не керек, бұл ретте де сын, жақсы бастама дерлік кейбір қадамдар жасағанмен, әлі мардымды іс тындыра қойған жоқ.

Әдебиет тәжірибесінде жиі ұшырасатын өресіздік пен орашалақтықтың басты себебінің бірі, бір жағынан, өз әдебиетіміздегі дәстүрдің жақсы мен жаманын әлі де толық ажыратпауымыздан десек; екінші жағынан, дүниежүзілік мәдениеттің, оның ішінде әсіресе орыс әдебиеті мен туысқан совет халықтары әдебиетінің жақсы дәстүрлерін еркін кешіп, мол пайдалана алмай отыруымыздан деп білуіміз керек. Мәдениет тапшылығы творчествода талант тапшылығынан бір де кейін емес. Қазақ қаламгерлерінің көбінің-ақ творчествосында мәдени шағындық пен күйкілік байқалатыны күмәнсіз. Сол халықтың өз басында да бар. Біз мақалаларымыз бен баяндамаларымызда, тіпті монография кітаптарымызда, әр ел әдебиеттеріндегі ұлы жазушылардың есімі мен шығармаларын атаудан әрман бара алмай келеміз. Қазақ шығармаларын басқа ел әдебиетіндегі құбылыстармен салыстыра талдау және кімнен кім қалай үйренеді, қайтіп үйренуге тиіс деген сықылды мәселенің бетін ашатын сын үлгілерін табу бізде қиын. Соңғы кезде әдебиет апталығы мен онкүндіктері тұсында жарияланып жүрген бірін-саран мақалалар мен Е. Лизунова, С. Сейітов, Е. Ғабдировтың ұлт әдебиеттерінің байланысы туралы зерттеу еңбектері игілікті істің мұрындығы ғана. Сондай-ақ әлем әдебиетінде прогресшіл дәстүр қайсы, модернизмнің құбылыстары қандай деген сұрақтарға жауап алу жөнінде де сын суреткерлерге көңіл толарлық көмек көрсеткен жоқ.

Мәдениет тапшылығы мен дүниетаным тапшылығы да бір-бірімен сабақтас, егіз қатар міндер. Мәдениеті шағын жазушы заманымыздың ең озат ілімі марксизм-ленинизм философиясын игере де, меңгере де алмайтыны даусыз. Ал онсыз үстіміздегі ұлы дәуірдің қат-қабат оқиғалары мен күрделі құбылыстарын, шытырман қайшылықтары мен терең заңдылықтарын ұғынып, құнды көркем туынды жасау тіпті де мүмкін емес. Партия «әдебиет пен өнерді өркендетудегі басты бағыт — халық өмірімен байланысын нығайту, социалистік шындықтың байлығы мен алуан түрін шыншылдықпен, асқан көркемдікпен бейнелеу, жаңа, шын мәнісіндегі коммунистік құбылысты зор шабытпен айқын етіп көрсету және қо-

ғамдық алға басуына бөгет атаулыны әшкерелеп отыру» десе, бұл міндетті орындау үшін тек қана күйбең, көрбала «суреткер» болу жеткіліксіз. Ол кең және терең мағнасында ғалым-социолог, білімпаз-философ болуға тиіс. Қазіргі атом, космос дәуірінің техникалық прогресін де білуі керек. Анығын айтсақ, көңілге келмесін, біздің ақын, жазушыларымыз осы қасиетке өте кенде. Бұл олардың творчествосында бой көрсететін идеялық-көркемдік дәрежесінен де аңғарылады, сол заман тақырыбына келгенде қорқақтап, шегіншектей беретін тартыншақтығынан да анық байқалады. Ал тартыншақтамай, нар тәуекелмен бүгінгі өмір теңізіне батыл барған реттерде бірсыпырасының сәтсіздікке ұшырап жату себебі де сол әлігі кенделіктен.

Әрине, бұрқылдап қайнап жатқан бүгінгі өмірді әдебиетте көркем игеріп алу қиынның қиыны. Ал, бірақ, ол сол қиындығымен де қызықты ғой. Біздің бірсыпыра қаламы төселген шеберлеріміз революцияның аржақ, бержағын орап трилогия жазуда. Керек пе сол? Күмән жоқ, керек! Егер тың жолмен бұрын беймәлім тың көркем дүние ашса! Егер сол оның осы күнге дейін белгісіз қырлары мен сырларын тауып, бүгінгі шындықпен астасып, ұштасып жатқан заңды өзегін ашса, бүгінгі адамды тәрбиелеу үшін бірден-бір қажет актуалды туынды жасаса! Тарих бүгінгі заманнан тығылатын жабынды емес дегенді осы мағнада ұққан жөн. Кейбір сыншылар осы ескертуді жазушыны тарихи тақырыпқа барғаны үшін жазғыру деп түсініп, оны өзінше қорғаштамақ болады. Әңгіме жазғыруда да емес, қорғаштауда да емес. Айталық Х. Есенжанов пен Ә. Нұрпейісовтың тарихи-революциялық тақырыпқа барғанын құптаймыз да құттықтаймыз. Д. Әбілевтің «Ақын арманы» мен С. Бакбергеновтың «Қайран шешеміне» де, Х. Ерғалиевтың «Құрманғазысы» мен Қ. Тоғызақовтың «Сібір Омарына» да, Қ. Бекхожиннің «Ақсақ құланы» мен Ә. Тәжібаевтың «Азаматтарына» да солай қараймыз. С. Мұқанов пен Ғ. Мұстафиннің мемуарларына да қарсылық жоқ. Ол да қажет бізге. Кешесіз бүгін жоқ, бүгінсіз ертең жоқ. Ол белгілі қағида. Біздің айтайық деп тұрғанымыз-ақ: тәжірибелі, талантты деген жазушыларымыздың бәрі бірдей жаппай тарихқа кетсе, қазіргі өмір қайда қалады? Жалаңаш тастаған ең қиын және ең қажет участокты игеретін кім сонда? Міне әңгіме осы жайында.

Тақырып әдебиет аясында ешуақытта бейтарап суреткердің ермегі болған емес. Сол себепті тақырып таңдау мәселесі қашан да болса байсалды суреткердің дүниетаным тұрғысы мен идеялық көзқарасын және эстетикалық мұратын танытатын белгінің бірі саналатын. Онда не туралы жазу мен не үшін жазу дегендер бір-бірінен айырып қарауды көтермейтін қанаттас ұғымдар болған. Біздің кейбір жолдастар осы арасын есепке алмай, тақырып мәселесіне самарқау, немқұрайды қарайтын сынай көрсетіп жүр. Олар не туралы жазсақта — бәрібір деседі. Жоқ, көп салалы әдебиетіміздің кең тынысы үшін бәрібір емес. Дарияның терең ортасында негізгі жылым ағысы болатыны сияқты совет әдебиетінің де көп тақырыбының ортасында негізгі жоталысы бар. М. Горький тақырып тапшылығын сынай келіп, «Біздің кітабымыздың негізгі тақырыбы — жаңа адамды ұымдастырушы социалистік еңбек, социалистік еңбекті ұымдастырушы жаңа адам» деп жай айтпаған болатын. Біздің партиямыздың суреткерлер назарын совет заманы шындығына, соның ішінде маңызды, келелі тақырыптарға аударуы жай ма? Жоқ, жай емес. Бұл совет әдебиетінің магистральдық жолы. Әрине, әдебиетте, осылай екен деп басқа тақырыпқа жақсы шығарма жазғандық жазғырылмауы керек, маңызды тақырыпқа жасық шығарма жазғандыққа жеңілдік және жасалмауы керек.

XX съезден кейін көп ұзамай-ақ өлең, очерктерге жалғаса повестер мен пьесалар, поэмалар мен романдар пайда бола бастады. Мұның ішінде керемет дерлік шығарма бірден туа қойған жоқ. Ол ол ма! Қай-қайсынан да қадағаласа көп-көп кемшілік табылатындай. Бірақ соның бәрі барлаудың, ізденудің, тұңғыш тәжірибенің кемшілігі еді. Жазушылардың игі талабын қолдап, жаңа тақырыпқа ынтыландыру үшін, кемшіліктің себебін түсіндіріп, тақырып қиындығын жеңуге көмектесу үшін біздің әдебиет сыны не істеді? Сөз жоқ, көп шығармалар жөнінде рецензиялар мен шолу, жинақтау мақалаларда өзінше адал ойын айтты, талқылаулар болды, творчестволық таластар туды. Алайда әдебиет сыны бұл тұста өз мүмкіншілігінен төменірек соқты: көп шығармалар атаусыз қалды, көп рецензиялар тиісті дәрежеден табылмады.

Адамзат тарихында тұңғыш рет ұлы коммунизм құрылысын жүзеге асырып жатқан қаһарман совет халқы-

ның күрделі өмір шындығын терең танып суреттеу, жаңа заман адамының бай рухани дүниесін айқын, шебер бейнелеу міндеті суреткердің орта деңгей оқушыдан анағұрлым жоғары тұруын талап етеді. Бұлай болмайынша, ол өзінің ұстаздық қызметін атқара алмақ емес.

Біз В. И. Лениннің Клара Цеткинмен әңгімесінде айтқан данышпандық қағидасын еске алғанда, өнер халықтікі, ол өзінің терең тамырларын еңбекші бұқараның қалың ортасына жаюы керек, сол бұқараға түсінікті де сүйікті болуы керек деген тармағын ғана ауызға аламыз да, аржағындағы тағы бір тамаша пікіріне жетпей тоқтаймыз. Онда Владимир Ильич былай дейді: «Ол (өнер— М. Қ.) осы бұқараны көтеріп, сезімі мен ойын және ырық-ықтиярын бірлестіруі керек». («Оно должно объединять чувство, мысль и волю этих масс, поднимать их»). Өнер шеберлері осы бір ізгі міндетін биік идеялық, эстетикалық дәрежеде ғана орындай алуы мүмкін. Бұқараның ой-сезімін, ерік-ықтиярын билеп, көтеру үшін, олар өздерінің шығармаларын қалың оқушының орта деңгейіне бейімдемей, ең жоғары деңгейіне шақтауға тиіс. Сонда ол өнер туындыларын тек әйтеуір түсініктілігі дегенмен тым төмендетіп, жеңілдетіп, шалшық судай жадағайлатып жібермей, үлкен мәдениеттің шыңына көтеру керек деген сөз. Осы арада Владимир Ильичтің: біздің жұмысшылар мен шаруалар ұлы өнерге право алды деген сөзі де еске түседі.

Мархұм Мұхтар Әуезов қайтыс болар алдында совет адамының парасатты образын жасау проблемасын көтерді. Мұны біз бәріміз де мақұлдадық. Өйткені ол ойдан шығарған ұран емес, өмірде шын бар, салт-санасы өскен совет адамының реалды қасиеті еді. Ал ендеше осындай ойшыл, саналы, парасатты образ жасайтын жазушының өзі қандай болуға тиіс? Міне бұл тұста біз талапқа сай дәрежеден табыла бермейміз. Көп-көп сәтсіздіктің себебі осында. Дәреже дегенде, жоғарыда айтқандай, талай жазушының дүние танымының шағындығы есте тұр, оның үстіне олардың өмір материалын шала білетіндігі, халық өмірін зерттеу үшін аттанғанда тек экскурсия ретінде сыдыртып өтетіндігі тағы бар. Ал тәжірибе, шеберлік жетіспеуі ол өз алдына мәселе. Осы кемшіліктерді жөндеуде әдебиет сыны да өз өресінің онша жоғары емес екенін танытты. Мұның да бар себебі бір себеп — жаңағы сол жазушылар жайында айтылған



жайлар. Жазушының білмегенін біліп, көрмегенін көріп, жетпегенін жеткізіп, жөн сілтеп тұратын сынға әдебиетіміз әрдайым ділгер. Біз әдебиеттің осы мұқтажын ойдағыдай өтедік деп айта алмасақ керек.

Соңғы он жыл ішінде прозада жаңа ағым пайда болды. Ол өмірбаяндық, мемуарлық, документалдық шығармалар. Бұл ретте трилогия жазып жүрген С. Мұқанов пен Ғ. Мұстафиннен басқа да бірқатар қаламгерлер (Бауыржан Момышұлы, Мәлік Ғабдуллин, Қасым Қайсенов, Әди Шәріпов) тарихта белгілі адамдардың өмірінен, Ұлы Отан соғысы оқиғаларынан алынған дәйекті материалдарға сүйеніп очерктер, повестер жазып жүр. Бұл әдебиетіміздің өміршендігін арттыра түсетін сенімді қадамның бірі. Мұндағы қызық фактылар қаншалықты көркем жинақталып, типтеніп көркемөнер тілін тапты деген тұрғыдан әдебиет сынының тұжырымы керек-ақ. Өкінішке қарай, бұл жөнінде де мардымды ештеңе істеле қойған жоқ.

Әйткенмен тым суала сөйлеуге де жарамайды. Әдебиет сынының мынадай бір шараларын айта кетейік: Қазақстан жазушыларының төртінші съезінен кейін іле бір жақсы іс басталды. Қазақ ССР Ғылым академиясының М. О. Әуезов атындағы әдебиет және өнер институты мен Қазақстан Жазушылар одағы бірлесіп жылма-жыл әдеби жемістерін қорытып отыратын ғылыми-теориялық конференция өткізуді дәстүрге айналдырды. Мұны кезінде М. Әуезов «Коллективтік Белинский» деген болатын. Жеке сыншылардың үлгіріп ұштығынан шықпаған қиын міндеті мен ауыр жүгін бүкіл әдебиетшілер қауымы болып Белинскийше арқалауды мойынға алғандай едік. Осы ниет-ықласпен недәуір пайдалы іс тынғаны ақиқат. Алайда әрқилы себептермен бірқатар баяндамашылар өздерінің жауапкершілігіне жеңіл қарап, кейде әділдігі жетпей міндетіне бір жақты қарағандықтан, кейбіреулері мамандық талдауға бара алмай, тек үстірт шолу жасағандықтан, конференция дәрежесі бірде олай, бірде бұлай болып келеді. Алдағы уақытта жақсы идеядан туған бұл дәстүрді кейбір олқылығына бола, аяқсыз қалдырмай, дамыта түсу қажет, өткізу түрлерін өзгертіп отыру керек.

Соңғы жылдары газет, журналдар бетінде әңгіме жанры жайында, өлеңдегі ойлылық жайында, поэма жанрының табиғаты жайында, повестер жөнінде, роман-

дар жөнінде жүргізілген дискуссиялар сындағы коллективтік ойдың тағы бір көрінісі болып табылады. Келешекте творчестволық дискуссиялардың шеңбері бұдан да кеңейе түссе, сын ойының байтақ өріс алуына себін тигізетіні аян.

Осы күнгі өмір шындығынан өнер тілінде көркем шыңдық жасау өзгеше және өте қиын творчестволық процесс. Бұл процесте суреткердің алдынан бірқатар проблемалар шығады. Соның бірі реализмнің негізгі принципі делінетін творчестволық сұрыптау мәселесі. Шындықтың ұшан-теңіз материалын суреткер елегінен өткізіп, оның нағыз дәнін қауыз, топанынан ажырату; маңыздысын майда-шүйдесінен, заңдысын кездейсоқ құбылысынан ажырату — сұрыптаудың басты шарты. Үстіміздегі заман тақырыбына қол ұрған жазушылар осы басқышта көбірек сүрінді. Көп реттерде олар майда-шүйде, кездейсоқ фактылардың шалшығында малтып қалды. Натурализм элементтеріне жататын үстірттік, тақырып ұсақтығы, күйкілік деген сықылды ұғымдар осы жағдайдан туыды. Бұл кезде әдебиет сыны публицистік биік тұрғыдан ақын, жазушыларға баға жетпес қолғабыс тигізуіне болатын еді: олардың назарын заманның ең маңызды мәселелеріне, совет адамының характеріндегі, рухани өміріндегі ең маңызды сипаттарға аударып, өте пайдалы, консультанттық роль атқарар еді. Оның орнына кейбір сыншылар керісінше қызмет істеді. Еңбек процесін суреттеумен еліктеп, адамның өз басын ұмытпау керек деген дұрыс пікірді желеу етіп, олар мәселенің екінші шегіне шығып алды да, тіпті еңбек процесі атаулыны құбыжық көретін сынай білдірді, оның есесіне тұрмыста ұшырасатын әлдекалай детальдарға артықша мән беріп, «міне, нағыз өнердің өрісі осы!» деген үлгі ұсынды. Осы біржақты түсінік бірқатар жазушылардың миына заң ретінде қонып қалған сияқты. Бірде Қазақстан Комсомолы Орталық Комитетінің бюросында жас жазушы Саяын Мұратбековтың творчествосы қаралды. Талантты прозаның табыстарымен қатар тақырып тарындылығы туралы ескерту болғанда кейбір жолдастар тақырып шеңберінің солай болғаны жақсы дегенді айтты. Бұл кәдуілгі теңізді бәрібір қамтымайсың, тамшыны көрсете бер дейтін теріс көзқарастың туысы.

Еңбек адамының жұмыс процесі мен тұрмыстағы күйін, өз өмірі мен қоғам өмірін екі бөлмей диалектикалық

бірлікте алып қарау социалистік реализмнің мызғымас қағидасы. Ендеше әдебиетте «өндірістік» туынды деген қандай қате болса, біржақты «моральдық» туынды деген де сондай қате болар еді. КПСС Программасында коммунизм құрылысшысының моральдік кодексі анықталуына байланысты творчество қызметкерлерінің осы тақырыпқа ойысуы өте дұрыс табиғи құбылыс болды. Бірақ мораль, адамгершілік мәселелерін коммунистік құрылыстың мақсат-мүдделерінен тыс алу коммунистік мораль туралы лениндік қағидаға қиғаш келетінін естен шығармау керек.

Ол былай тұрсын, моральдық, этикалық, адамгершілік тақырыпты қозғағанда, осы тақырыпты жаңағыдай жырмалаудың үстіне бұрмалау фактылары да көрініс берді. Мысалы, бірқыдыру повестер мен поэмаларда авторлар ұнамды геройларын түзу жолға салудан бұрын әрқилы қатеге, бәлеге ұрындырып, от бастырып, аузын күйдіріп алып, тәубеге келтіруді әдетке айналдыра бастап еді, бір тәуірі, бұл құбылыс жөнінде сын дер кезінде ескерткендіктен, кейінгі жылдары ондайлар модадан шығып, сейіліп келеді. Майысқақ, күйбелек, күйкі жастардың орнын күрескер, еңбеккер, көзі ашық азаматтар баса бастады.

С. Шаймерденовтың «Мезгіл» повесіндегі Мезгіл, Ө. Қанахиннің «Маздақ» повесіндегі Маздақ, Ш. Мұртазаевтың «Табылған теңізіндегі» Орал, Н. Ғабдуллинның «Кестелі орамалындағы» Досан мен Кәмила сондай образдар. Осы тұста аңғарылған бір ғана нәрсе: бүгінгі замандастарымыздың моральдік кодексі туралы жазушылар мен сыншылардың өз түсінік, тұрғысы оншама анық, тиянақты емес екені аңғарылады. Сондықтан кейбір жағдайда белгілі бір қылықты жазушының көркемдік тілмен жақтау немесе жазғыру дәлелдемесі нанымсыз көрінеді де тұрады. Қалай болғанда да, дәл соңғы бір-екі жылдың шенінде бүгінгі совет адамының рухани қасиеттерін, моральдық сипаттарын оның қоғамдағы орнына, еңбегіне, күресіне байланысты және жалпы әлеуметтік оқиғаларға байланысты бейнелеген жаңағы повестермен қатар З. Шашкиннің «Сенім», С. Жүнісовтың «Жапандағы жалғыз үй» атты романдарының тууы да жұбанарлық та, сүйсінерлік те жай.

Бірақ осы жақсы тәжірибені талдап таныстыруға келгенде сын әзірше тереңдік көрсете алмай отыр. Бұдан

бірер жыл бұрын жарық көрген Мұхтар Әуезовтің «Өскен өркен», Тәкен Әлімқұловтың «Ақбоз ат» романдарында, Ә. Тәжібаевтың «Көңілдер» пьесасы мен Т. Ахтановтың «Сәуле» пьесасында, Қ. Бекхожиннің «Тұрлаулы тағдыр» поэмасында да табанды, саналы, парасатты геройлардың бой көрсете бастағанын әдебиет сыны қуанышпен атағаны есімізде. Мұның бәрі әдебиеттің де, сынның да бүгінгі совет адамының асыл қасиет, сипаттарын көркем игеруге батыл кіріскенінің айғағы еді. Әйткенмен осыған орай ескертетін бір жай бар: парасаттылық та (интеллектілік) психологизм сықылды нақты жағдайға, белгілі оқиға мен көңіл күйіне байланысты жөнімен, ыңғайымен табиғи түрде көрініс берсе жақсы, характер ашуға, образ түюге шамамен жәрдем етсе жақсы, әйтпегенде парасаттылық дегеніміз парасаттылық емес, дарақы даңғазалық, ал психологизм дегеніміз психологизм емес, қиялилық немесе жан құбылысын мағнасыз қазбалағыштық болар еді.

Әдебиетіміздің ендігі бір елеулі проблемасы — ұнамды герой мен басты герой образын жасау мәселелері. Бұл екі мәселе бір-біріне сабақтас болған соң проблеманың аясында алып отырмыз. Бүгінгі прогрессивті мұратты мансұқ етіп отырған буржуазия әдебиеті ұнамды образдан, басты геройдан бас тартып, «дегеронизация», «дегуманизация» секілді парықсыз «теориялар» шығарып жатқан шақта жаңа өмірді орнықтырғыш социалистік реализм әдебиетінің мәселені оң шешуі бұл әдебиеттің табиғатына тән қасиет.

Қазақ әдебиеті сыны өз шама-шарқынша аталған проблеманы зерттеуге әжептәуір атсалысып келеді. Бұл ретте алдымен Е. Ысмайыловтың, С. Қирабаевтың, Р. Бердібаевтың, Х. Әдібаевтың, З. Серікқалиевтың, Б. Сахариевтің, Ә. Жәмішевтің мақалалары ауызға ілінеді. Бұл еңбектердің авторлары мәселені әрқайсысы өз әлінше әр тұста әр жағынан алып қозғаған. Кейбіреуінде дәлелсіз, ағат, жаңсақ айтылған шала пікірлер де жоқ емес. Әйткенмен бәрінің құятын арнасы біреу: басты герой шығарма идеясының ұйтқысы, жүзеге асырушысы, сондықтан оның басқадан шоқтығы биік тұруы керек, оның арман-мақсаты — автор мұратының жарық сәулесі, сондықтан ол ұнамды образ болуы керек. Бір кездегі ұнамды образда мін болуға тиіс пе, тиіс емес пе деген сұрақ та ескіріп, ол енді өзгені қойып, шыншыл, өміршең

болуға тиіс: ендеше адамға тән кемшілік, қайшылық, қателік ұнамды образда да болуы мүмкін, бірақ міндетті емес, тек ол өмірден алынған ақиқат болсын, типтік характерді бейнелеген сом образ болсын деген жауапқа сайды. Ал бірақ осы бір теориялық тұжырым сын тәжірибесінде ала-құла шығып жүруі өкінішті. Бір сыншы «Дауылдан кейін» романында басты геройы Аманның аласа шыққанын кемшілік ретінде атаса, екінші сыншы оны жетістігі деп танытады. Бір сыншы «Ақ Жайық» пен «Қан мен тердегі» Хакім мен Еламанды басты герой, ұнамды образ ролінде тым баяу өрлеп келеді десе, екінші сыншы сонысы дұрыс дейді, бір сыншы «Теміртау» мен «Ақбозат» романдарының басты геройларын ажырата алмаса, екінші сыншы ол коллектив дейді. Бір сыншы «Сәуле» пьесасындағы ұнамды образ Сәуле махаббат жөнінде бекер от басқан, «Көңілдер» пьесасындағы ұнамды образы Мәлік бекер өлген десе; екінші сыншы өйтпейінше бұл образдардың әсері күшеймес еді дегенді айтады. Творчестволық таластың болғаны жақсы-ақ. Қайшы пікірлер айтылуы да ғажап емес. Бірақ шығарманың жақсы, жаман деген бағасы жөнінде тым алшақ, қарама-қарсы келе беретін пікірлерді қалай деуге болады?!

Осындай тым өрескел алшақтықты «Ақ Жайық» романының сыны мен «Теміртау», «Доктор Дарханов» сынынан да көрдіңіздер. Мұндай жөнсіз алалық бір жағынан сынның әлі де эстетикалық тұрғысы мен талғамының тұрақталып жетпегенін аңғартса, екінші жағынан, сөз болып отырған проблема жайында әлі де схемалық ұғым, түсініктен айығып болмағанын көрсетеді. Олай дейтініміз: шығарманың идеясы мен жазушының эстетикалық мұратын көркем шындыққа айналдыратын бір ғана ұнамды образ деуде добал схемалық түсініктің сілтесі сезіледі, неге десеңіз сыншы ұнамды образды плакат образ деп ұғып, ұнамсыз образдың ролін жоққа шығарады, автор ұнамсыз геройдың кескін-кейпін шындыққа сай айқын, нанымды, әсерлі көрсетумен де өзінің идеясы мен эстетикалық мұратын іске асыратынын жете бағаламайды. Шын-шынында ондағы қызықтыру да, оңбағаннан жирену де, былайша айтқанда, автордың симпатиясы да, антипатиясы да оның көзқарасын танытады ғой. Осыған орай айтсақ, кейбір кезеңде ұнамды образ бен ұнамсыз образды таразыға салып, сәттілік пен сәтсіздіктің себебін оқушының алған әсерінен іздемей, тек әлгі екеуінің

ара салмағынан іздеу де схематизмнен туған теріс тұжырымға соқтырады.

Схематизм көп жылдар бойы әдебиетіміздің сапалық жетілуіне қырсығын тигізіп келгені белгілі. Оны жандандырған бір кездегі тұрпайы социологизм сыны болатын. Соның салдары тәжірибеде әлі күнге дейін бар. Әлі күнге дейін шығарма авторынан шындығының көркем суреті мен айқын бейнесін талап етудің орнына кейде кейіпкерлерінің шахмат фигураларынша орналасуын талап етіп қоямыз.

Сондықтан, көп шығармалардағы басты геройды тасалап тұратын көп кейіпкерлілік те халықты фон етіп көрсетудің бірден-бір жолы осы деген сол схемалық ұғымның жемісі.

Көп кейіпкерлілікті біздегі өріс алған кемшіліктің бірі деп жүрміз. Ол солай. Бірақ соның себебін ашуға көмегіміз аз. Жазушы қосалқы кейіпкерлерді көп енгізгенде, әрқайсысына тиісті характер, роль қарастырады ғой. Ол қандай характер, қандай роль және оны әлігі кейіпкер қалай атқарған — міне бұл жөнінде қазақ әдебиет сыны әлі жазушыны жазғырудан әрі асқан жоқ.

Қайшылығы бар шытырман, күрделі кейіпкерлер қазақ әдебиетінде тарихи тақырыпқа жазылған «Абай жолы», «Оянған өлке», «Ақ Жайық», «Дауылдан кейін» сықылды шығармаларда белен бергенімен, осы күнгі тақырыпта анық бой көрсете алмай жүр. Мұның өзі ұнамды, ұнамсыз образ деген ұғымдарды жалаң түсінгендіктің салдары. Сын күрделі образдың табиғатын жақсы ұғындырған болса, тәжірибеде суреткерлерге үлкен көмек боп табылар еді дейміз.

Сонымен қатар мынадай бір кемшілігімізді айта өтейік. Кейіпкерлерді талдап жіктегенде, мінездегенде, басқа әдебиеттер былай тұрсын, мүлде өз әдебиетіміздегі өзге кейіпкерлермен салыстыра қарастыру тәжірибесі өте кемде-кем. Осылай еткенде ғана қандай образдың, қандай характердің қандай жаңалық әкелгенін анықтауға болмай ма?! Мысалы ең соңғы шыққан романдар: З. Шашкиннің «Сенімі» десек, ондағы райком секретары Мәлік, С. Жүнісовтың «Жапандағы жалғыз үйдегі» — Раушан, Ә. Нұрпейісовтің «Қан мен тердегі» — Еламанның бұдан бұрынғы осы іспетті образ-характерлермен ұқсастығы қайсы, айырмашылығы қайсы, жаңадан қосқаны не деген сықылды сұрақтар жауабын алуға тиіс.

Схематизмнің қашаннан сабақтас жолбике серіктері долбар «арадүрсіндік, олақтық, «сырттай тон пішушілік» — кәдуілгі, айта беретін, шикі, татымсыз сұрқай шығармалардың себепкерлері. «Айта беретін» дейтінім — мұндай шығармалар бізде көбірек жарық көреді де, олар жөнінде жұрттың анау нашар, мынау түкке тұрмайды деп айта беретіні рас. Шындығын мойындау керек, осы бір сырқаумен әдебиет сыны ойдағыдай күресе алмай келеді. Бірен-саран рецензия, бірен-саран жол-жөнекей іліп кетушілік болып қояды. Әрине, онда да «жуас түйе жүндеуге жақсы» дегендей алыста жатқан Қ. Оразалин, мыңқ етпейтін Қ. Көпішев сықылды бес-алты момақанның төңірегінен шықпаймыз. Әдебиеттегі шикілікке қарсы бізде бірлескен, ұйымдасқан коллективтік әрекет жетпейді. Бұл істі қолға ала қалсақ, жаратпаған авторды илеуге айналдыру үшін пайдаланамыз да, жазушылар ортасын шақ-шақ қыламыз, немесе әңгімені тіпті қозғамай тастап қоямыз да, талап, талғам дегеннен қол үзіп қаламыз.

Біз сүренсіз нәрселермен күреспей, көбіне көрмеген-білмеген боп үндемей жүретініміз өз алдына, әрберден бет-аузымыз шылп етпей мақтайтынымыз бар, тіпті аяқ-қолын жерге тигізбей мақтаймыз. Ол ол ма! Тіпті ыңғайы келсе, алдын ала жақсы отзыв беріп, баспаға ұсынатынымыз тағы бар. Әрберден қолжазбаның кемшілігін бүркеп, баспаға ұйымдасқан түрде өткізуді қайтесіз! Міне, бұл сұмдық! Кейде сынға түк қатысы жоқ біреулер киіп кетіп, бір шығарманы алып ешбір дәйек-дәлелсіз кептіре мақтайтынын көріп жүрміз. Бірақ одан кімге пайда? Әбдіжәміл Нұрпейісовтың «Қан мен тер» романы бастан-ақ жаман шығарма емес-ті. Әйткенмен талантты жазылған шығарманың бірінші кітабында аяқталмаған туынды болғандықтан да бірқыдыру кем-кетіктері барлығы айтылған. Осы тұста шет тілінің оқытушысы бір жолдас газет бетінде аузының суы құри: ойбай, не айтқаның, қазақ тарихын терең де толық қамтитын тамаша эпопея пайда болды, оның келесі кітабын аңсап, зарыға күтудеміз. Қашан ғана жарық көрер екен деп күн бұрын жар салды: жұртшылық ондай ұшқалақтықты қабылдаған жоқ, әрине. Бір жақсысы, Әбілжәміл де даурықпа сөзге құлақ аспай, әдеби сынға құлақ асты, ол ұқыптылықпен асықпай, саспай бірінші кітапты екі жыл бойы жөндеп, қайта бастырды — сонымен бұл кітап автор қа-

ламынан кемелденіп шықты. Міне, шынайы талапқа тән салт осы. Сынның әдебиетке игі ықпалы, міне осындай болу керек.

Аға жазушымыз Сәбит Мұқанов та талантты да тәжірибелі суреткердің салтына лайық «Есею жылдары» романына айтылған сынға құлақ асып көп жөндеумен жақсартып шығарғанын көрдіңіздер. Белгілі ақын Дихан Әбілев те «Махаббат тағдыры» поэмасын сыннан кейін тіпті өзгертіп жіберді. Сынның жәрдемі тиген көрнекті прозаик Тахауи Ахтанов та өзінің «Дала сыры» атты повесін орыс тілінде шығарарда, әсіресе пьеса етерде сынның көрсеткен кемшіліктерін мықтап ескерген. Шығармадағы мал бағу, шопандар тұрмысы деген проблемалар бастапқы біраз үстірт, ағат топшыланған түрінен тазарып және екінші қатарға сырылып, оның орнына адамдық, моральдық проблема алынған да, Қоспанның образы тұлғаланып саңлақтанып, психологиялық тереңдік тапқан.

Осыған орай білікті мамандық сын деген пікірге қайта оралайық. Әдебиет сыны А. Пушкиннің топшылауынша, «Өнер мен әдебиет шығармаларындағы әдеміліктерді және кемшіліктерді ашатын ғылым» («Критика — наука открывать красоты и недостатки в произведениях искусств и литературы»), В. Белинскийдің түюінше, «Жылжымалы эстетика» («Движущаяся эстетика»), А. Луначарскийдің анықтамасы бойынша: «Маркстік сын әрі ғылыми, әрі өзінше көркем жұмыс» («Марксистская критика одновременно и научная и своеобразно художественная работа»). Белгілі жайларды естеріңізге салғанда көздеп отырғанымыз — сіздердің назарыңызды әдебиет сыны көркемдіктің ғылымы деген маңызды қортындыға аудару. Байқайсыз ғой: әдеміліктің, көркемдіктің ғылымы! Ғылым болған соң оның ғалымы, маманы болады. Ендеше ол кім көрінгеннің қолындағы қол жаулық емес. Әдебиет шығармалары туралы байсалды да байыпты пікір айту әдебиет сынының, яғни эстетика ғылымының ғана қолынан келетін қиын іс және ғалымдықтың үстіне суреткерлікті керек ететін, тіпті әдебиетке, әдемілікке ғашықтықты қажет ететін нәзік ерекшелігі бар айрықша мамандық деп білу керек. Ал енді осыны оңай кәсіп көрген, және әдебиетті туасы сүймейтін әлдекім өзінің дәлелсіз жеңіл-желпі пікірін (не көптіре мақтаған, не көптіре дағтаған) кес-кестеп алға тарта берсе,



нағыз зиянды субъективизмнің кері де, кесірі де сол емес пе? Және осындай әлдеқалай кездейсоқ пікірді халық пікірі, оқушы пікірі деп демагогтікпен өрекнушілік те болып тұрады.

Көркемөнер шығармасын бағалайтын халық, жалпы оқушы жұртшылық екені рас. Бұл ретте әрбір оқушы өз түйген әсер, пікірін айтуға праволы. Ол күстана емес. Қайта керек, пайдалы. Бірақ оны бүкіл халықтың пікірі деуге бола ма? Жоқ! Ол бір ғана оқушының субъективтік пікірі. Ал маман сыншының талдауы мен топшылауы (әрине, егер ол шын дарынды сыншы болса), бүкіл оқушы жұртшылықтың ой-пікірінен, талап-тұрғысынан табыла алады. Сондықтан да мұндай маман сыншыны осы мағынада жалпы оқушының өкілі деп тану орынды да заңды.

Бірақ, амал не, бізде нағыз маман сын орнында көбіне-көп дүмше сын құбылыстары аяққа орала береді. Дүмше сын әділдігін айтып, әдемілікті танытуға, кемшілікті ашуға келгенде қырсыз, дәрменсіз, ырықсыз. Ал көңілместік немесе бақкүндестік, сыбайластық немесе қасастық сықылды қыңыр, пасық ниет пиғылдармен суды лайлатуға келгенде, бәйге атындай. Оған жол беретін де, дем беретін де әдебиет ортасындағы әлі күнге дейін арылып болмаған алауыздық, әсіресе таланты кем, дәмесі зор дәрменсіздерге хас күншілдік. Бұл кесел бүкіл жазушылар одағының, оның партия ұйымының әдеби ортада жүргізетін саяси және моральдық, этикалық тәрбие жұмысымен, партиялық принцип негізінде ұйымдас-тырылған коллективтік күресімен жойылуға тиіс. Мұнсыз іс оңға баспайды.

Екі съезд аралығында айрықша көп сөз болған шеберлік мәселесі. Көркем әдебиеттің сапасын көтерудің тікелей жолы қаламгерлердің шеберлігін шыңдау деп біліп, сын бұл мәселеге үздік көңіл бөліп келді.

Мәселенің маңыздылығында шүбә жоқ. Шеберлікті уағыздауда, ұғындыруда әдебиет сынының елеулі еңбек сіңіргендігінде де күдік болмауға тиіс. Қазақ әдебиетінің барлық саласында: прозада, поэзияда, драматургияда, шеберлік жөнінде болсын, жалпы жазушылық мәдениеті жөнінде болсын, жан-жаққа қарап үйреніп, ізденіс талабы байқалады. Осы бағыттағы жаңа жақсы бастамалар адамның ішкі дүниесіне үңілу, адам жанының құбылыстарына назар аударуға байланысты. Лиризм, пси-

хологизм, ішкі монолог, ойшылдық сықылды көріністер, сөз жоқ талаптың жемісі. Бұл бағыттағы жаңа кадамды әдебиет сыны да қызу қолдап, дем беріп келгені ақиқат.

Алайда шеберлік мәселесін кең және терең мағнасында, дәл және нақты күйінде айқын, анық шешіп бердік деп мақтана алмаймыз. Атын көп атаймыз оның, бірақ затына терең бойлап бара алмай жүрміз. Мұның басты себебі: шеберлік дегенді тек қана тіл ұстарту, көп болғанда көркем бейнелеу құралдарын шыңдау деп тар мағнасында түсінуге байланысты. Дұрысында шеберлік дегеніміз өмірдің, адам жанының диалектикасын ақиқат, жіті бейнелеу әдісін, амал-тәсілдерін тұтас игеру деген сөз. Федин айтқандай, ол өмір құбылыстарын бақылаудан басталып, өмір материалдарын сұрыптауы, іріктеуі бар, типтендіруі бар, характер жасауы бар, оны дараландыруы бар, сюжет құруы бар, тіл пайдаланып, стиль қалыптастыруы бар,— соның бәріне жететін процесс,— қысқасы, көркем шындық жасау компоненттерінің барлығын қамтитын саты. Мұны біздің сынымыз баспалдақтап көрсетіп, ішкі сабақтастығын тауып, эстетикалық талдау арқылы танытарлық дәрежеге әлі толық жеткен жоқ. Әдетте былай болады: әуелі жалпы социологиялық долбарлар жасалады да, мақаланың соңында ғана көркемдік туралы бір-екі ауыз бірдене айтылады, онда да көркемдікті идеялық жүйеден жырып алып, жамау ретінде апарып жапсырады. Немесе, шеберлікті дербес мақсат етіп алғансып, шығарманың жанры қайсы, көлемі қандай, кім атынан баяндалады, сөз құрасы қалай, басты геройы кім, сюжеті, тартысы қалай құрылған, өлең өлшемі, ұйқасы қандай деген сықылды категориялардың біреуін ғана жырып алып, оны да жақсы айтып жарытпайды. Мысалы, бәлен шығарманың жанры не, әңгіменің бірінші жақтан баяндалғаны маңызды ма, үшінші жақтан баяндалғаны маңызды ма, шығарманың көлемі үлкен болғаны жақсы ма, шағын болғаны жақсы ма деген түрде таластар болғанын білеміз. Таласу үшін мұның бәрі тақырып болар еді, егер белгілі жүйеде алып қараса, ал дербес алып қарағанда тым жадағай мәселе бол шығады. Айталық, әдебиеттің негізгі құралы саналатын тіл мәселесін үнемі назардан шығармай, оның байлығын, тазалығын, оралымдылығын қадағалап, жалпы көркемдік жүйесінде алып қараса, қандай тамаша болар еді!

Ал енді, сондай-ақ көлем туралы бір-екі сөз. Аз да болса саз болсын дегендей, аз сөзбен көп ой түйгенге, кішкене көлеммен күрделі дүниені көрсете білгенге не жетсін. «Кедей», «Күй», «Аққудың айрылысуы», «Портреттер», «Мен — қазақпын», «Менің Қазақстаным», «Сұңқар туралы аңыз», «Менің көршім» атты поэмалар, Ғали мен Сырбайдың лирикасы көлемді шығармалар ма? Бірақ осылай екен деп көлемді шығармаға жол жоқ деуге тағы да болмайды. Көлемді шығарманың үлкен аумағы, үлкен өмірді, күллі бір халықтың тұтас дәуірін сыйғызу қажеттігінен туып, әдебиетке «Евгений Онегин», «Соғыс пен бейбітшілік», «Адамдық комедия», «Форсайт циклі», «Жан Кристоф», «Тынық Дон», «Клим Самгиннің өмірі», «Абай жолы» сықылды көп салалы көркем эпопеялар қосылып жатса — оған да не жетсін! Сонда мәселе шығарманың дербес сырт көлемінде емес, көркемдігінде, ішкі аумағының кендігінде, көтерген жүгінін салмағында, маңызында боп табылады. Ең жаманы — тапшы талантпен, азын-аулақ материалмен сырты қаңқайған, іші кеуек роман мен поэма жазуға қол ұру. Және ол, консервациядағы үй секілді, басталып, аяқталмай қойса қандай жаман!

Ал енді сынның өз шеберлігі жайында: мұнда да біркелкі социологиялық долбарға негізделіп, отсыз, нәрсіз жазылған шұбалаң, солғын, сүреңсіз мақалалар көп кездеседі, екінші қатарда шығарманың сұлулығына бармай, құр сылдыр сөзге құрылған күпілдек, көпірме рецензия, бөспе мақалалар да бой көрсетіп қояды, сондай-ақ үшінші қатарда жаңашылдықтың жөні сол екен деп, жалған жасандылыққа, тіл бұзарлыққа салынып, қай-қайдағы қисынсыз, қиюсыз бірденелерді тіркестіретін шатпақтар да аракідік ұшырасады.

Мен өзімнің сүйікті жанрымның кемшіліктерін өсіре де қаттырақ айтып отыруым мүмкін. Қатты айту кемшіліктерден тезірек арылу үшін қажет сияқты, өйткені сындағы жалпы хал бәрімізге ортақ. Сондықтан да мысалдар келтірмей отырмын, неге десеңіз, бәленше, түгенше деп алалайтын ештеңе жоқ. Ал сынға ара-кідік киіп кететін кездейсоқ сауатсыз кісілер жөнінде сөз қысқа: ондайларды сын секілді жауапты іске жуытпау керек — қасапшыға хирургтік операция жасатпайды ғой.)

Біз, сын жанрының өкілдері, өстіп қате, кемшіліктерімізді баса айтып, мойындауға да, жөндеуге де әрда-

йым әзірміз. Бұл өскелеңдіктің белгісі. Күш-қуатымызға күмәнсіз сенетіндігіміздің белгісі. Ал сол мінімізді өзіміз айтайық, басқа айтсын — ол тек сыншыларға қатысты емес, бүкіл әдебиетшілер қауымына қатысты. Жетістігіміз де солай. Жазушы жолдастар әдетте әдебиеттің жақсылығын өздеріне алып, жамандығын сыншыларға қалдыратыны бар. Ол дұрыс емес, әрине! Біз бәріміз барлығына ортақпыз: жетістікке де, кемістікке де. Мұның дәлеліне сансыз мысал келтіруге болар еді. «Тар жол, тайғақ кешу», «Жұмбақ жалау», «Еңлік — Кебек», «Өлім мен өмір», «Адасқандар», «Қазақ батыры», «Абай жолы», «Курляндия», «Қан мен тер», «Болашаққа жол», «Алтай асулары», «Ақан Ақтаев», «Гүлден, дала», т. б. елеулі шығармалардың жөнделіп, өнделіп, кейбіреуі атын өзгертіп қайта басылуына әдебиет сынының қатысы, жәрдемі жоқ па еді? Қазір де солай. Бұдан былай да солай болмақ.

Ал сынның кемшілігіне жазушылардың кінәсі жоқ па? Болғанда қандай! Сындағы жалтақтық пен көңілдіестікке, ақиқатын айтайық, көбіне демей-ақ қояйық, алдымен жазушылар кінәлі.

Пікіріміздің өн бойында қазбалап сынның олқылығы деп отырғанымыздың өзі жалпы әдебиетіміздің шешілмей жатқан творчестволық проблемаларына ортақтасу емес пе?! Ендеше туған әдебиетіміздің тағдырына шың жанашырлықпен қарасақ, кемшілік үшін басқаны кінәлап, табаламай, барлық мәселені ортақ жауапкершілікке алатын болайық.

Бастапқы келісім бойынша, мен әдебиетіміздің бүгінгі таңдағы келелі мәселелеріне байланысты атқаруға тиісті жетекшілік, көмекшілік және насихаттық міндеттеріне тоқтап, көбінесе жетіспей, орындалмай жатқан жайларды қозғадым. Бұған қарап, қазақ әдебиет сыны оңалмас олқылықта екен деген қорытынды тұмасқа керек. Сан жағынан алсақ та, сапа жағынан алсақ та өскендікте күмән жоқ. Оның даусыз дәлелін өздеріңіз де білесіздер.

Қандай істің болғанмен тағдырын шешетін кадрлар ғой. Кейінгі кезеңде сыншылар отряды молықты да толысты. Егде тартқан сыншылар жайлап әдебиет тарихы мен теория ғылымының жағасына кете бастаған кезде (бұл да жауынгер сыныңың запасқа кеткені іспетті ғой) олардың сапына білімді де жалынды жас кадрлар тұрып

жатса, бұл-дағы әдебиет сынының бүгіні мен ертеңінің берік қолда екенін танытпай ма?

Құнды туындыларымен дүние жүзі аренасына шыққан қазақ әдебиетінің сыны да республика шегінен шығып одақ көлемінде таныла бастады. Осының өзі-ақ бізде «Сын жоқ, сын жоқ» деген байбалам сөздің күлін көкке ұшыратын факт.

Қазір сыншы біткеннің тізімін түгел келтіріп жатудың қажеті жоқ. Алайда сынға белсене араласып, айрықша көзге түскен бірқатарын айтсақ, басқалары өкпелемес. Аға буын ғалым сыншылардан бірыңғай ғылымға ойысқан Б. Қенжебаев, Қ. Жұмалиев, Е. Ысмайылов, М. Сильченко, Б. Шалабаев, Т. Нұртазин, Ә. Қоңыратбаев, М. Ғабдуллиндерді айтпағанда, одан кейінгі буын сыншылардан С. Қирабаев, Р. Бердібаев, Б. Сахариев, Е. Лизунова, Қ. Құттыбаев, Б. Уахатов, Ә. Нарынбетов, Н. Ровенский, Х. Әдібаев, Қ. Қуандықов, П. Косенко, Е. Әукебаев, Е. Ландау, Б. Тоғысбаев, Б. Құндақбаевты, Б. Тәжібаевты, М. Хамраевты, Ә. Кекілбаев, Ә. Жәмішев, М. Мағауин, З. Серікқалиев, А. Сүлейменов, С. Досанов, Р. Тоқтаров, Р. Қамысовты... атауға болар еді. Бұлардың сындағы білігі де, белсенділігі де бірдей емес әрине. Сөйткенімен сын отрядында пайдалы қызмет етуге қаблет, талғамы жететінін бәрі де танытқандар. Соңғы кезде сында үзбей, ерекше ат салысып, айрықша танылған талантты сыншы Р. Бердібаевты, жас сыншы З. Серікқалиевты, ғалым сыншылардан Е. Ысмайылов пен С. Қирабаевты дербес атауды борышым деп білемін. Сондай-ақ Москвадағы орыс сыншыларынан қазақ әдебиетіне әр заман көз қырын салып, көмек көрсетіп отыратын досымыз З. С. Кедринаны, Сәкен сықылды классигімізді дүние жүзіне танытуға ат салысып, табысымызға тілектес атақты жазушы Т. И. Серебрякованы үлкен алғыспен және құрметпен атауға тиіспіз. Міне, мұндай отрядпен әдебиет сыны алдында тұрған қамалды қалай да алуға болады. Тек осыларды ұйымдастырып, ынталандырып, іске қосу керек, тәрбиелеп, талап қойып, білімін, мәдениетін, шеберлігін көтеруге жағдай жасау керек.

Сынның сапасын көтеруді ойлағанда, оның алдымен теориялық дәрежесінің жоғары болуын қамтамасыз етуге күш салған жөн дегім келеді, өйткені, бұлай етпейінше саяздықтан, күйкіліктен, дәрменсіздіктен құтылмаймыз, ал әділ болу әркімнің ұжданының мәселесі ғой.

Бізде дәтке қуат жай сол: социалистік реализмнің принциптері туралы, маркстік-лениндік эстетиканың кейбір мәселелері туралы, жоғарыда айтқандай теориялық және зерттеу еңбектері шет-пұшпақтап пайда бола бастады. Бұл қуанышты бастама, бірақ мұның бәрі де теңіздей міндеттің тегенедей ғана жүзеге асқандары. Асқаралы міндет алда әлі...

Сынның теориялық дәрежесі: диапазоны, білігі, идеялық, публицистік сарыны, шеберлігі сықылды қасиеттерінің қатарында енді бір айтатын нәрсе — ол сынның жанрлық мамандығы. Көп жанрлы бай әдебиетте бар саланы жинақтай қамтитын алқапты әдебиет сынымен қатар белгілі жанрға, тақырыпқа ерекше маманданған арнайы сынның да жанры болғаны жақсы. Қазақ әдебиет сынында да осы жанр шаң бере бастады. Мысалы, драматургияда Қ. Қуандықов, С. Ордалиев, Б. Құндақбаев, Б. Тәжібаев; прозада Р. Бердібаев, Х. Әдібаев, М. Мағауин, А. Сүлейменов; поэзияда Ә. Нарымбетов, Ә. Жәмішев, Ә. Кекілбаев сықылды сыншылар бейім көрсетіп жүргенін байқаймыз. Бұл жақсы-ақ! Әйткенмен әлі қалқып, толқып жүрген жайымыз бар екен. Қарап отырсаңыз: көбіміз прозаға ойысып, басқа салаларды, әсіресе драматургия мен көркем аударма саласын қағажулау қалдырыппыз. Мысалы, драматургияны бір өзінің еншісіне беріп қойғанмен Қуандықов барлық мәселенің ұштығынан шыға алар ма?! Сол себепті де драматургияға байланысты маңызды проблемалар көп қозғалмай, осы күнгі актуалды әлеуметтік, моральдық мәселелерді батыл көтеріп, көрермендерді театрға тартқан бірқатар пьесалар (Ә. Тәжібаевтың «Көңілдер» мен «Той боларда», А. Шамкеновтың «Адасқан қаз», Ш. Хұсаиновтың «Күн шуақта», Қ. Сатыбалдиннің «Махаббат машахаты», «Қабаған ит» пьесалары) терең талданбай келді. Осы реттегі қазақ сынының кемшілігін толтырғандай Ә. Тәжібаев пьесаларын орыс сыншылары байсалды бағалап өтті. Ашы да болса, мынадай шындықты мойындайық. Балалар әдебиеті мен сатира жанры осы күнге дейін әдебиет сынының назарынан мүлдем тыс қалып келеді.

Біз әдебиеттің барлық саласын тең ұстап, барлық жанрда сынның мамандану процесін одан әрі тереңдете түсуіміз қажет. Оның үстіне әр жанрдың шеберлерін сынға қатыстырудың да сын сапасын арттыру үшін ма-

ңызы зор. \*Ә. Тәжібаев, Қ. Жұмалиев, Ғ. Орманов, Қ. Бекхожин, С. Мәуленов, М. Әлімбаев, Ж. Молдағалиев, Ғ. Қайырбеков, А. Шамкенов, Қ. Мырзалиев, Ә. Жәмішев сықылды ақындардың поэзия сынына өздерінің араласуы қандай пайдалы! Сондай-ақ басқа жанр шеберлерінің де өз өнерлері жайында пікір айтып отыруы қандай қажет! Тек сынның аталған түрлерін (кейбір жолдастар, айтып жүргендей) өзге түрлеріне қарсы қою жарамайды. Мақсат соның бәрін қатар дамыту болу керек.

Сын еңбектерінің етек алған түрі — рецензия. Рецензияда сынның шығарма жөнінде қысқаша түйген бағасынан басқа бірдеңе табу қиын. Ол да керек, әрине. Ал көлемді мақалалар санаулы ғана. Мұнда да көбіне талдаудан гөрі тура бағалау, таңбалау жағы басым. Біразының философиялық, эстетикалық дәрежесі аласа, мазмұны жалаң, құрылысы домбай. Сондықтан қызық оқылмайды, әсер етпейді, иландырмайды. Әйткенмен жалпы алғанда және бұрынғы дәрежесімен салыстырғанда, сын сапасы, сөзсіз бірте-бірте жақсарып барады. Соңғы жылдары кітап болып шыққан Е. Ысмайыловтың, С. Қирабаевтің, І. Омаровтың, Қ. Нұрмахановтың, Қ. Құттыбаевтың, А. Нұрқатовтың, Р. Бердібаевтың, Б. Кенжебаевтің, Б. Сахариетің, Н. Ровенскийдің сын мақалалар жинақтары осының айғағы.

Жинаққа еңбегенмен, журнал бетінде кейінгі жылдары жарияланып жүрген С. Қирабаевтың, Р. Бердібаевтың, З. Серікқалиевтың, Ә. Жәмішевтің, Х. Әдібаевтың, Б. Уахатовтың талантты жазылған мақалалары да сынның сапалық өрге бет қойғанына дәлел бола алады. Ал сын кітаптары жөнінде әріптестеріме, өзгесін былай қойып, мынадай бір базналық сөз айтсам деймін: газет, журналда жарияланған рецензиялары мен мақалаларын жинаққа енгізерде олардың бірқатары көп аса жұмыс істемей, бас-аяғын құрастырып бере салады екен. Сол себепті кейбір жинақтарда екі-үш беттік рецензиялар жүргенін көресің, құрылысында белгілі бір мақсатқа бейім тұтастық табылмайды. Егер авторларға сапа жөнінде талапты мықтап қойып жазушылар одағы мен редакциялар тарапынан жәрдемдескен жағдай табылса, жақсы сын кітаптарын шығаруға әбден болады. Ондай кітаптарға қалың оқушы жұртшылық құштар да зәру.

КПСС XXIII съезіне жасаған Орталық Комитеттің

есепті баяндамасында Л. И. Брежнев жолдас: «Әдебиет пен өнерді дамытуда маркстік-лениндік сынның зор маңызы бар» деді. Бұл әдебиет сынына берілген өте үлкен баға, өте үлкен роль, өте үлкен сенім! Әдебиет сынын маркстік-лениндік деген ардақты эпитетпен көркейтудің өзі біздің кәсіптің абыройын көтеріп, сыншыларға асқаралы міндет, жүк, жауапкершілік артады. Партия меңзеген зәулім биіктен табылу үшін сынның маркстік-лениндік дүниетанымын, партиялылығын, халық өмірімен байланысын, білімін, мәдениетін, шеберлігін арттыра да асыра берейік.

Сынның беделі, ықпалы сонда ғана көтерілмек!

Сөз соңында тағы да қайталап айтарымыз: бұл сыншылардың ғана емес, бүкіл әдебиет қауымының, әсіресе және көбіне-көп акын, жазушылардың ортақ мақсат-міндеті. Ал жазушы жолдастардың айта беретін әділдік, адалдық, принциптілік деген жөнге келсек, бұл да — екі жаққа бірдей: туған әдебиетіміздің даңқы үшін бәріміздің ортақ жауап беретін, ортақ жүзеге асыратын игі де абыройлы іс!



## АУДАРМА АУҚЫМЫ

Осыдан елу жыл бұрын ғана басталған қазақ совет прозасы өзінің алғашқы балауса бұтақтарын енді-енді жая бастаған еді. Ол Ұлы Октябрь революциясынан, жаңа өмір жаршысы болған Ленин идеясынан қуат алды. Өзінің жарты ғасырлық даму жолында қазақ прозасы кемеліне келген көп жанрлы профессионалды әдебиетіміздің жетекші саласына айналды. Жоғары сапалы жүздеген әңгіме, повестер, республиканың және Советтер Одағының ең жоғарғы сыйлықтарын алған, отанымыздан шалғай жерлерде де кеңінен танымал болған әлеуметтік, тарихи, тұрмыстық тақырыптағы ондаған романдар — қазіргі қазақ прозасы дегеніміз, міне осындай. Оның жетістіктері мен табыстары бүкіл одақ әдебиетінің алтын қорын молайта түсті. Ал оның өзіндік ерекшеліктері көп ұлтты совет әдебиетінің мәуелі бәйтерегінің жан баураған көрік, қайталанбас бояу, жарқын колоритке толы жемісті бұтақтарының бет-бейнесін танытады. Бейнелеп айтқанда, Жетісудың құнарлы топырағынан тамыр алып жетілген дәл Алматының қош иісті апортындай қазақ прозасы да бір жағынан — халық творчествосының озық дәстүрінен, оның демократиялық өсу, даму қорынан; екінші жағынан — орыстың классикалық әдебиетінен нәр алып отырды.

Қазіргі қазақ совет прозасы -- орыс және қазақ халықтарының әдеби ой элементтерінің өзара қайнай бірігіп, қорғасындай қорытылған және өзіндік бітім ерекшелігі бар, ұлттық сипаты бар, мол рухани дәстүрлері араласып, сіңісіп кең өрістер қазақ прозасының озық үлгілерінен көрініс береді. Онда реализмнің дамуы эпикалық алқапта сипат алып, халық поэзиясындағыдай романтикалық мотив пен лиризмнің өзара қабысу дәстүрін

қабылдаған. Бұл реализм өркендеу жолында соның азақ алдында фольклордан шыққан жас әдебиетке тән сырттай қара дүрсін баяндау тәсілін жеңе отырып қалыптасты.

Социалистік реализм әдісінің жаңа жетістіктерін бойына сіңірген қазақ прозасы дамуының қазіргі кезеңі адамның рухани өміріне тереңірек бойлаған, оның мінез-құлқының қалыптасуын, жан дүниесінің күрделі дамуын толық, мейлінше нәзік зерттеген шығармаларды дүниеге әкелуде. Социалистік реализм әдісі туғызған ұшан-теңіз мүмкіндіктер, бұл әдіс дүниеге әкелген сан қилы стильдік ағымдар талантты прозаиктеріміздің творчествосында күн сайын жарқынырақ көрінуде.

Социалистік реализм әдісін меңгерудегі күрделі де қиын творчестволық еңбек пен қазақ әдебиеті қаламгерлерінің шеберлігін арттырудағы тынымсыз ізденістері Совет одағындағы басқа әдебиеттермен, әсіресе орыс әдебиетімен өзара тығыз байланыста өтеді. Бұл процесте көркем аударма жетекші және басты роль атқаруда.

Көркем аударманың саяси, практикалық жағынан қаншалықты маңыздылығы мен оның совет халықтарының ұлы достығын нығайтудағы әсер-ықпалын дәлелдеп жату артық болар. Көркем аударма бүгінде социалистік мәдениетіміздің өркендеу заңы, өмір тынысы болып отыр. Көркем аударманың методологиялық принциптерін, аударылу тәсілдерін үйретіп жатудың да қажеті жоқ. Кезінде бұл мәселелер әдеби орталықта, филология ғылымында жан-жақты талқыланған-ды. Одақ жазушыларының II съезінде СССР халықтары әдебиетін аудару мәселелері жайлы П. Антокольский, М. Әуезов, М. Рыльскийдің бірлесе жасаған баяндамасы талқыланғаннан соңғы жерде аударма төңірегіндегі көркем текст бір тілден екінші тілге аударылмайды деген болжамдар және түп нұсқадағы түр мен мазмұнды бұрмалаушы әріпқойлық формалистер көзқарасы келмеске кетті.

Совет әдебиетінде көркем аударманың методологиялық озық принциптері қалыптасты. Ол принцип социалистік реализм негіздерінен туатын аксиомға айналды. Онда көркем аударманың түп нұсқадан көркем, шыншыл әрі толық идеялық-эстетикалық сәйкестікпен (адекваттықпен) аударылуы талап етіледі. Сондықтан да СССР жазушылар Одағының II съезінде: «Кәдімгі ақын, прозаик, драматургтер тәрізді аудармашылар да социа-

листік реализмнің күрескері болуы тиіс. Бұл аудармашының түп нұсқаудан әлеуметтік түп қазығын, тарихи жағдайын, халықтық негізін таба білу деген сөз: тек тауып қана қоймай, оны оқушыға жарқыратып көрсете білуі керек. Міне, аудармашының ең бірінші, ең қиын міндеті осы» («Вопросы художественного перевода» М, 1955 г. 226) делінген. Бұл нұсқаудың қазірде тәжірибе жүзінде орындалғанын атап өту парыз. Әділ принцип формалды түрде ғана игеріліп қойған жоқ, ол сонымен бірге творчестволық түрде жүзеге асырылуда.

Жазушының социалистік реализмді сырттай қабылдағанымен нағыз реалистік көркем шығарманы бірденінен тудыра қоймайтыны сияқты, көркем аударма саласында да түп нұсқамен барабар (адекватты) аударма принципін қабылдағанымен шығарманың жоғары сапада аударылуы өзінен-өзі қамтамасыз етілмек емес. Ол үшін аудармашы сол халықтың тілін, тарихын, тұрмыс-салтын жете білуі, аударғалы отырған жазушының суреткерлік талантына, творчестволық ерекшелігіне баса зер салуы керек. Сонымен қатар ол аударма жұмысын мейлінше сүйі, оған саналы түрде адал қарауы және жазушының ішкі творчестволық дүниесіне терең енуі тиіс. Осы факторларды комплексті түрде игергенде ғана бұл жолдағы қиыншылықтарды түгел жеңуге болады. Көркем аударма шарттары болып табылатын бұл факторлар жөнінде съездерде, кеңестерде және баспасөз беттерінде де аз айтылған жоқ.

Біздің Қазақстанда аударманың тәжірибесі мен теориясы жайлы сөз әдетте орыс тілінен қазақ тіліне аудару төңірегінде болатын. Ал, қазақ тілінен орыс тіліне аударудың творчестволық проблемалары мүлде дерлік ескерілмей келді. Бұл саладағы тәжірибе теориядан әлдеқашан-ақ озып кеткен. Орыс тіліне аударылу қазір қазақ әдебиеті үшін ең мәнді, өмірлік маңызы бар мәселе. Ал, оның таңдаулы үлгілерінің жемісі бүкілодақтық және бүкіләлемдік аренаға шығу жолындағы бірден-бір қақпа болып отыр. Егер қазақ фольклоры мен әдебиетінің революцияға дейінгі кезеңде орыс тіліне таржімаланған кейбір жекелеген үлгілерін есепке алмасак, аударма ісі тек совет кезеңінде ғана жан-жақты қолға алынды. Негізінен отызыншы жылдарда С. Мұқановтың «Адақандар», Б. Майлиннің «Азамат Азаматыч» романдарынан, кейбір жекелеген әңгімелер мен повестерден бас-

талған аударма ісі 40—50 жылдарда ерекше қарқынмен дамыды. Міне, дәл осы кезде М. Әуезовтың Лениндік және Мемлекеттік сыйлықтар алған «Абай жолы», С. Мұқановтың «Ботакөзі», «Сырдариясы» мен «Өмір мектебінің» екі кітабы, Ғ. Мүсіреповтың «Қазақ солдаты» мен «Оянған өлкесі», Ғ. Мұстафиннің «Қарағандысы» мен «Шығанағы» сияқты қазақ совет әдебиетінің ең таңдаулы үлгілерінен саналатын туындылар орыс тіліне аударылып, жұртшылыққа кеңінен танымал болды. Әсіресе қазақ әдебиеті мен өнерінің 1958 жылғы Москвада өткен декадасы қарсаңында көп іс тындырылды. Бұл кезде қазақ прозасының елеулі деген туындылары түгелге жуық аударылды. Бұлардың ішінде өзінің қазақ оқырмандарымен қайта табысқан С. Сейфуллин, Б. Майлин, І. Жансүгіровтің прозалық шығармалары да бар еді. Декададан соңғы бірер жылда аударма ісінің қарқыны біраз бәсеңдеді. Бірақ осы соңғы жылдарда «Жазушы» баспасында қазақ тілінен орыс тіліне аударылған шығармаларды қарайтын арнайы редакция құрылуына байланысты аударма мәселесі қайтадан жандана бастады. Тек соңғы үш жылдың ішінде прозалық туындылардан жалпы көлемі 320 баспа табақтық 28 кітап аударылыпты. Бұлардың ішінде М. Әуезовтың әңгімелер жинағы, С. Мұқановтың «Өмір мектебі» трилогиясының үшінші кітабы, С. Сейфуллиннің «Тар жол, тайғақ кешуі», Ғ. Мұстафиннің «Көз көргені», З. Шашкиннің «Темірқазығы», Х. Есенжановтың «Тар кезеңі», Ә. Нұрпейісовтың «Ымырты», Т. Ахтановтың «Бораны», С. Бақбергеновтың «Қайран шешемі», Ш. Мұртазаевтың «Табылған теңізі», С. Шаймерденовтің «Өгей шешесі», А. Байтанаевтың «Жаңғырды даласы», А. Хангельдиннің «Кереметі», Р. Райымқұловтың «Түйелі адамы», С. Талжановтың «Дала сұңқары» және басқа да көптеген шығармалар бар.

Бұл қысқаша мәліметтерді мен есеп беру немесе, талдау жасау үшін емес, оны бізде аударма ісінің қаншалықты жұмыс атқарғанын оқушы назарына сала кету мақсатында келтіріп отырмын. Алайда осыншама бай тәжірибе жинақтау және жетістік, кемшіліктерімізден тиісті қортынды шығару деген бізде болған емес. Республикадан шалғай жерлерде де кеңінен таныған «Абай жолы», «Ботакөз», «Қазақ солдаты» санатындағы кесек туындыларды ғана алайықшы. Міне, осы үш роман ау-

дармасының өзі қаншама тілге тиек болар еді. Осы бір әбден толғағы жеткен мәселені Қазақстан жазушылар одағы басқармасының арнайы пленумында талқылау — қазақ әдебиеті үлгілерін орыс тіліне аудару мәселесін бір жөнге келтірудегі алғашқы құт қадам болар деген сенімдеміз.

Орысшадан қазақша ма, қазақшадан орысша ма, әйтеуір аударма болған соң бәрібір емес пе деушілер болар. Рас, методологиялық принциптерге келсек, бәрібір. Бірақ қазақ тіліндегі шығарманы орыс тіліне аудару процесіне байланысты туатын ерекшеліктерге, дәлірек айтқанда қиыншылықтарға келсек, мәселенің мүлде басқаша екендігіне көзіміз жетеді.

Әңгіме, орыс аудармашыларының қазақ тілін жете білмеуінде, сондықтан да олардың тікелей түп нұсқадан аударма алмай автор мен аудармашы аралығындағы «жолма-жолшы» (подстрочник) үшінші біреумен істес болуында ғана емес, көбінесе олардың аударғалы отырған шығарманың ұлттық ерекшелігін түсінбеуінде, жазушының өзіндік стилін, қол таңбасын тани алмауында болып отыр.

Аударма саласында осындай қиыншылықтар бола тұрса да, әрине бізде сапалы жасалған өрелі аудармалар жоқ емес. Мен бұл жерде жоғарыда аталып өткен М. Әуезов, С. Мұқанов, Ғ. Мүсірепов, Ғ. Мұстафин шығармаларын айтып отырмын. Бұл туындылардың аударылу үлгісінде қызғылықты, көңілге түйер жайлар баршылық.

Кей кездерде пайдасынан зияны асып кететін жолма-жол тәржіманың екі араға жүруіне қарамастан сапалы аудармаға қол жетуінің сыры неде? Біздіңше, бұл үш түрлі фактордың сәтті тоғысуы нәтижесінде ғана мүмкін болды. Біріншіден, жолма-жол аудармаларды екі тілді бірдей жақсы білетін әдеби сауатты адамдар жасады. Екіншіден, авторлардың өздері жолма-жол аударманың да, әдеби аударманың да жасалу процесіне белсенді араласты. Түп нұсқаның нәзік, басқа тілде шығуы қиын детальдары мен штрихтарын тәржімалау үстінде аудармашыларға кеңес беріп, көмектесіп отырды. Үшіншіден (бұл ең бастысы) — әдеби аударманы жасаған адамдар белгілі көркемсөз шеберлері болды. Олар тіпті қазақ халқының өмірі, тұрмысы, әдебиетімен де жақсы таныс жандар. Олар: Леонид Соболев пен Иван Шухов, Степан

Злобин мен Николай Анов, Анна Никольская мен Алексей Брагин, Зоя Кедрина мен Алексей Пантелеев, т. б.

Бірақ өкінішке қарай, жоғарыдағыдай сәтті тоғысулар аудармалардың басым көпшілігінің үлесіне тие бермейді. Мұндағы ең басты қиыншылық — қазақ тілін жақсы білетін сөз зергері — аудармашыларымыздың жоқтығында.

Аударма ісінің шебері белгілі бір шығарманы қазақ тілінен түп-тура, жолма-жол тәржіманың көмегінсіз аударды дегенді естіген емеспіз. Және таяу арада бұл іс оңға басады, түп нұсқадан бірден аудару мәселесі жолға қойылады деп айту қиын. Өйткені екі тілді бірдей жете меңгерген шебер аудармашылардың тұтас бір тобының бірер жыл ішінде әдебиетке келе қоюы қиын. Шындығын айтайық: мұндай жайды тек қиялымызда ғана көріп отырмыз. Сондықтан біз әзірге сатылап аудару ісінің жай-жапсары төңірегінде ғана сөз ете аламыз. Қанша күйінішті болғанымен мұны амалсыз мойындауға тура келеді. Өйткені, дәл қазіргі кезеңде басқа жол болмай отыр. Жолма-жол аудармашының көмегінсіз аттап баса алмайды екенбіз. Енді осы көмектің мейлінше жемісті, мейлінше тиянақты болу жағын ойласуымыз керек.

Ашық айтайық, күні бүгінге дейін жолма-жол аудармаға деген көз қарас түзу болмай келді. Бұл істі олқы санап, жете бағаламай, ұйымдастыру мәселесіндегі адам төзгісіз кемшіліктерге жол беріп, көптеген сәтсіздіктерге ұрындырудың себептері болды. Бұл ретте «Қазақ әдебиеті» газетінде жарияланған мақаласында жолма-жол тәржіма, республикамызда аударма ісін жөнге қою және басқа да толып жатқан өзекті мәселелерді көтерген аудармашы ғалым Әбен Сатыбалдиевтың пікірі өте орынды болды.

Расында, бізде жолма-жол тәржіма жауапкершілігі аз, жеңіл-желпі кәсіп деп есептелініп, оған аздап тіл білетін кездейсоқ адамдар араласып келді. Сондықтан да ол жауапты іс кез келгенге тапсырыла салып, оның баспа табағына 25—30 сомнан ғана қалам ақы төленетін болды. Оның бер жағында бұл кәсіпқойлықпен (шынында солай, ол творчестволық қызмет деп қаралмайды) айналысып жүргендер сол жазушыға немесе, баспа орнына маман кадр есебінде бекітілмеген. Сондықтан жолма-жолшылар өздерін жауапты емеспіз деп санап, үлкен іске немқұрайды қарайды. Ал, тәжірибесі мол аудармашыларды айтып отырғаным жоқ. Бірақ олардың құнды

шығарманы бүлдіріп аударғанын айтпау мүмкін емес. Турасын айтсақ: олар түп нұсқаның қайдағы ең құнарлы тарихи, ұлттық колоритін, стильдік бейнелі ерекшеліктерін сыпырып, жалаңаштап тастайды. Ал, одан қалғанды аудармашылар қырнайды. Сонда түп нұсқадан не қалмақ? Бұған мысал келтірейік:

1. «Взбудораженно рассеянные мысли все время крутятся вокруг нового местожительства».

2. «Люди по-разному называли этого коня. Как бы там ни было, прошлое Гульнаш переплелось с этим Акбозом, а настоящее тесно связано с потомками Акбоза».

3. «Я родился справа от Казахстана».

4. «Орава баранов-инвалидов порядком измучилась».

5. «В комнату ввалился джигит по имени Қильбай, известный в Акмолинске покоритель девушек, у которого, как вскоре выяснилось, «не все дома».

6. «Мне кажется, что я описываю на месте чудовищно стремительные круги, постоянно теряя свои члены».

7. «Период массового яйценошения дичи».

8. «Идрис и Сатан, загнав в мыло лошадей, подсказали к дому».

Мұндай мысалдар анекдот сияқты, бірақ бұлар анекдот емес, фактылар.

Соңғы жылдарда жолма-жол аударма сияқты мәні зор іске Москвадағы аудармашылар курсың, немесе университет факультетін бітірген жоғары білімді әдеби сауатты, көркем сөзге икемі бар Мереке Майлин, Болат Жансүгіров, Шохан Әлімбаев, Лина Қосмұхамедова, Б. Ысқақов сияқты қабілетті жастарды араластыра бастауымыз өте сүйсінерлік іс. Бұл жастар жолма-жол аударманың сапасын көтеруге елеулі үлес қосуда, олар кей ретте әдеби аудармашымен пара-пар еңбек етуде. Жолма-жол аудармашы деп жүргендердің қызметі, міне, осы тұрғыда, осы өреде болғаны абзал.

«Жолма-жол» деген сөз поэзияға келуі мүмкін, ал прозаның бойына мүлде үйлеспейді. Шындығында «жолма-жол» аударма отырып, түп нұсқаның сөз қолдану, сөйлем құрау ерекшеліктерін, жазылу мәнерін, стилін қаншалық дәрежеде беруге болады? Егер әдеби аудармашы жолма-жол аудармадан оның ешқайсысын да көре алмаса не боп шықпақшы! Сондықтан жолма-жолшы мен әдеби аудармашының бірлесе еңбек ету қажеттігі жөніндегі мәселені күн тәртібіне қоятын уақыт жетті. Уақыт

жетті, өйткені, қазір арнайы филологиялық білім алып шығып жатқан қазақ жастарының ішінен орыс қаламгерлерімен, түп нұсқа авторымен кеңесе отырып, аударма ісін жоғары санаға көтере алатын көптеген маман кадрлар даярлап шығуға мүмкіндігіміз бар. Қазір «жолма-жолшы» деп аталып жүрген адамдардың әдеби аудармашылармен терезесі тең жағдайда еңбек етуі, олардың жауапкершілігін арттырар еді, және кәсіпқорларды, дилетанттарды аударма тәрізді маңызды істің маңынан аулақтатар еді.

Мұхтар Әуезовтың «Абай жолы» эпопеясы аудармасының сәтті шығуы түп нұсқа тілін жете білетін адам мен әдеби аудармашының осындай ынтымақ, бірлігі нәтижесінде ғана мүмкін болды. Түп нұсқаны тәржімалаған белгілі әдебиетші, жазушы Темірғали Нұртазин әдеби аудармашыға романның өзіндік ерекшеліктері мен көркемдік қасиеттерін жеткізіп бере алды. Сондықтан да Т. Нұртазин «жолма-жолшы» емес, тең праволы әдеби аудармашы деп есептелінді. Оның үстіне Нұртазинның әріптесі Анна Борисовна Никольская қазақ тілін онша жетік білмегенімен де, қазақ тұрмысын, қазақ әдебиетін жақсы білетін, кезінде Махамбет өлендерін тәржімалаған кісі еді.

Бұл айтылған пікір С. Сейфуллиннің «Тар жол, тайғақ кешуді» аударған Сейділ Талжанов пен И. Щеголихин, Ғ. Мұстафиннің «Дауылдан кейін» романын аударған Хасен Өзденбаев пен Н. Кузьминдерге де қатысты.

Бірлесе отырып аударғанда шығарма авторы бейтарап қалмай, аударманың барысын бастан аяқ қадағалап отыруы тиіс. Әр автор өзінің аударылып жатқан шығармасының көркемдік стильдік ерекшеліктерінің толық сақталуына бас-көз болғаны мақұл. Бұл жөнінде марқұм Мұхтар Әуезов жақсы үлгі көрсетті. Л. Соболевтің айтуынша М. Әуезов тек өз ойын жеткізіп қана қоймаған, ол сонымен бірге аудармашыға орыс тілінде бар теңбе-тең балама түрлерін өзі айтып, көрсетіп отырған. «Абай жолы» романын аудару үстінде Әуезовпен бірге отырған күндерін Леонид Соболев былай әңгімелейді.

«Наша работа с Мухтаром — это был мой перевод его эпопеи «Абай», который так же, как вы знаете, получил всемирное признание. Она переведена на многие языки, и здесь мне хочется вспомнить самую личность Мухтара, которая при всей его удивительной, как бы сказать об-



разованности, эрудированности и удивительному такту, был человеком необычайно деликатным и чрезмерно интересным в творчестве. Бывало, во время работы, что подстрочник, который не всегда был удачно сделан, я его не очень понимал, что там было, что хотел сказать Мухтар и Мухтар очень часто приезжал в Москву, и я его просил эту страницу мне рассказать заново, и он как бы преображался. Он как-то удивительным своим таким своеобразным русским языком переводил казахские образы и оставалось только это уловить для того, чтобы запечатлеть это в русском языке. И я думаю, что эти вот совместные страницы, которые мы делали, они являются лучшими в русском переводе романа».

Өз шығармасының сапалы аударылуына қазақ авторларының бәрі бірдей әлігі айтылғандай қарай бермейді. Олар аударма ісіне араласу былай тұрсын, тіптен аударылып біткен өз шығармасын оқып та шықпайды ғой. Баспа қызметкерлері мынадай бір әңгіме айтты: өзіне әрдайым жоғары талап қоя білетін, іздемпаз сөз зёргері біздің құрметті Ғабит Махмұдұлы Мүсірепов өз әңгімелерінің қалай аударылғанымен ісі болмапты. Ол аударылған әңгімелерінің қолжазбасын он жылдай оқымаған. Кейін аударма ақауларын айтқанда ол әңгімелерінің басылып шығуына үзілді-кесілді тыйым салды.

Біздің әдебиетімізде екі тілді бірдей білетін, төл туындыларын орыс тілінде жазатын қазақ ақын, жазушыларының (О. Сүлейменов, Ә. Әлімжанов, М. Жұмағұлов, Ш. Әлімбаев т. т.) көріну фактісі қуанышты да қызығарлық жай. Бұл жазушыларды алдағы күндері аударма жұмысына жегу көп үміт күттіреді.

Жолма-жол аударма — көркем шығарманы орыс тіліне тәржімалаудағы бірінші саты. Ал, жұмыстың екінші және ең басты бөлігін атқаратын — әдеби аудармашы. Бар тетік осы әдеби аудармашы еңбегінің сапасына байланысты екені көпке мәлім. Мұндай аса қиын, таза творчестволық жұмыс тек көркемсөз шеберлерінің ғана қолынан келетіні тағы белгілі. Неге десеңіз, тәржімаланып отырған шығарманың барлық қалтарыстары мен құпиясына, ой жүйесіне, көркемдік ерекшеліктеріне, сырсыпатына тек суреткер аудармашы ғана тереңінен бойлай алмақ. Міне, бұл ретте біз қазақ әдебиеті үлгілерін аударып келген москвалық орыс жазушылары Л. Соболев, В. Шкловский, С. Злобин, Ю. Лебединский, Ю. Ка-

заков, Ю. Домбровский, М. Юфит, З. Кедрина, А. Пантелеев т. б. аттарын сүйінішпен атай аламыз. Біздің үздік шығармаларымыз достарымыздың сапалы аудармасы арқасында бүкіл одақ жұртшылығына кеңінен танымал болды. Сонымен қатар өздерінің қазақ қаламдастарының шығармаларын аудару саласында көп іс тындырып жүрген республикамыздағы орыс жазушыларының игі еңбегін де ескерусіз тастап кете алмаймыз. Н. Анов, И. Шухов, А. Брагин, Ф. Шарипова, А. Никольская, А. Ананьев, В. Новиков, П. Косенко, Н. Кузьмин, И. Щеголихин, М. Ромм, В. Ванюшин, В. Антонов, П. Якушев, В. Саввин, М. Роговой, Н. Ровенский есімдерін ерекше атауға тиіспіз.

Бүгінгі күн талабынан қарағанда аударма саласындағы бай тәжірибені жинақтап, бір жүйеге келтіру, оның әлі де болса жетіспей жатқан жақтарын ашумен бірге, аударма сапасын арттыру жолындағы күрделі мәселелер сырын аша түсуіміз қажет. Осы ретте СССР жазушылар одағының II съезінде айтылған «көркем аударма — көркем шығарма болуы тиіс» деген қарапайым қағиданы да еске түсіріп өту артық болмас. Былайша қарасак, бәрі де жай ереже сияқты. Бірақ осы талапты қалай орындау керек, әңгіме сонда.

Қазақ әдебиеті үлгілерін орыс тіліне аударудағы ең басты қиыншылық — қазақ сөз өнерінің ұлттық сипаты мен ерекшеліктерін беруге байланысты. Тіл өнеріндегі бұл ерекшелік пен ұлттық сипат — қазақ халқының өмірі мен тұрмысы, мінез-құлық, салт-санасындағы өзіндік көріністердің нәтижесінде пайда болған. Оның сан ғасырлық даму тарихы бар. Міне, осы ұлттық ерекшеліктерді жете аңғармайынша, шығарманың ұлттық, яғни көркемдік формасын беру мүмкін емес. Ал, шығармада көтерілген қоғамдық мәселелер, идеялық мазмұн қашан да көркемдік формамен тығыз байланысты. Ұлттық форманың өзі де образ қолдану, сөз саптау ерекшеліктерінің жиынтығы болып есептелетін көптеген элементтердің бірлігінен тұрады. Сондықтан ұлттық форманы беру үшін кейбір жекелеген элементтердің ғана етегінен ұстау аз; және керісінше, осы маңызды элементтердің біреуі ескерусіз қалса, онда ұлттық форма да өзінің бар сыр-сипатымен көріне алмайды. «Аудармашының таланты дегеніміз — көркем форманы бере алуға қабілеттілік, ол әрине, шығарманың рухына бойлау, сұлулықты сезіну

сияқты қасиеттерден махрұм болмауға тиіс» — деп жазған еді В. Белинский.

М. Әуезовтың «Абай жолы» эпопеясы тәржімасының басты қасиеті — аудармашылардың шығарма рухына бойлап, сұлулығын сезіне отырып, оның ұлттық формасын жете меңгергендігінде, мазмұн мен түрдің арасындағы гармониялық бірлікті, ұлттық-көркемдік элементтердің тұтастығын сақтай алғандығында. Романдағы көркемдік компоненттердің қай-қайсысы болмасын пейзаж, портрет, тұрмыстық суреттер, қазақ тіліне ғана тән образдармен берілген, психологиялық мінездемелер, кейіпкерлердің сөздері — бәрі де өздерінің ұлттық сипаттарынан айрылмаған. Мәселен, Абайдың Тоғжанға деген алғашқы махаббат сүйіспеншілігі суреттелетін түн картинасын алып қарайық:

«Түйе өркештен Шыңғыстың жақын биіктері жартылап қана көрінеді екен. Қарақошқыл таулар от астында көкшіл мұнараға оранып жым-жырт, қалғып тұр. Тау жақтан ақырын ғана жел желпінеді. Қалың қой қыбыр етпей тыныштық алып, үнсіз ғана тыныс алады. Асылбек, Әлібектер жатуға кетті. Көгал сайда отырған бес-алты үйлі ақ ауылдың түңлігі тегіс жабық. Ай астында ақ үйлер де мызғып, қалғып тұр. Сүйіндік пен Қарабас қонақтардың аттарының маңында жүр екен. Абай мынадай көктем түнінен соншалық бір тазалық сезіп, таң лебін танығандай. Бұның жүрегіне әдейі арналған таң лебін ерекше ұғынып сезінгендей.

«Махаббат па? Осы ма? Осы болса, мынау дүние, мынау маужыраған тынысты нәзік күн... бесігі ғой. Сол сұлу саздың құлақ күйі ғой».

Сүттей жарық, айлы түн. Таң әлі жоқ. Бірақ жоқ екенін білсе де, Абай әлде қандай өзгеше «таңды» сезеді. Күдік те, үміт те, қуаныш та, азап та бар — жүрек таңы. Кеуде толған өзгеше ыстық, өзгеше жұмбақ мол сезім. Соның шалқи түсіп, шарықтауы көп. Лыпыл қаққан қанаттай тоқтаусыз, тыныштық ала алмай лепіреді.

«Нені айтады? Не деп түсінеді? Не сипатты бұл сезім? Не боп барам? Тақат, сабырым қайда?»...

«Таң... жүрек таңы... Сол таңым сенсің бе? Жарығымбысың, кімсің?»

Көз алдында Тоғжанның аппақ жұмыр білегі, жас баланың етіндей, ақ торғындай мойыны!.. Таң осы да... өзі ғой!

...Ақ етің аппақ екен атқан таңдай!

Шынымен бар жанымен құлай табылған сұлуға қарап, бар сезіммен үнсіз жырлап тұрған тәрізді. Тоғжанға арналған, ең алғашқы «ғашығы» деген жарына арналған жан жырының тұңғыш жолы осы еді».

Бұл ұзақтау үзіндіден шығармадағы жекелеген фразалардың ойлы, эмоциалды картина күшін толық бере алмайтындығын, оның бірнешесінің комплексті түрде бірлесе келгенде толық картина бере алатынын көреміз. Сонымен бірге одан ұлттық элементтердің бірлігін, олардың өзара қабысып үлкен бір сурет беретінін де аңғарамыз. Енді осы үзіндінің орыс тіліндегі нұсқасын оқып көрейік:

«С верблюжьих горбов виднелись отроги Чингиса. Лохматые горы, посеребренные лунным светом, замерли в неподвижной дремоте.

Огромные стада овец вокруг аула лежали спокойно. Они дремали, беззвучные, утихшие. Асылбек и Адильбек ушли спать. Тундуки юрт были плотно закрыты. Белые юрты дремали в лунном сиянии.

Суюндик с Карабасом хлопотали где-то около лошадей. В свежем дуновении весенней ночи Абай почувствовал приближение утра, необычайного, прекрасного, которое должно наступить только для него одного...

«Любовь ли это? Она ли?.. Если это — любовь, то вот колыбель ее: мир, объятый спокойствием ночи...» — так говорит взволнованное сердце.

Лунная ночь словно купается в молоке. Грудь Абая не вмещает могучего прибое чувства. Трепещет и замирает сердце: «Что же это? Как разгадать? Что со мной?»

Перед его глазами — белые руки Тоғжан, ее нежная шея. Она — его утро!

Ты встаешь в моем сердце, рассвет любви...

Это поет сердце. Первая песня первой любви посвящена ей, Тоғжан... Он повторяет про себя эту песнь».

Көріп отырмыз, орысша текст қазақшасынан гөрі ықшамдау. Былайша шығу, біріншіден, орыстың әдеби тілінде көркем детальдардың жинақы шығатындығынан, былайша айтқанда бейнелеу мүмкіншілігінің молдығынан болса, екіншіден, аудармашының түп нұсқаға творчестволық суреткерлікпен келуінен. Карл Маркс сөзімен айтқанда аудармашы: «Не механический толмач, калькирующий букву подлинника, а сознательный сотрудник

автора, рупор его мысли для иноязычного читателя». Шындығында екі тілдегі текстті салыстыра қарағанда аудармашының жеке сөз түгілі, түгел фразаға да бағынышты болмағанын, оларды сөзбе-сөз аударуға әуестенбегенін көреміз. «Тау жақтан ақырын ғана жел желпінеді», немесе, «тау әлі жоқ» деген фразалар текте нұқсан келместей етіп алғашқы орыннан екінші жерге аударылған. Желге, таңға байланысты бұл штрих «В свежем дуновении ночи Абай почувствовал приближение утра, необычайного, прекрасного, которое должно наступить только для него одного» деп екінші бір қажетті жерге келтірілген. Осы сөйлемдегі «свежее дуновение», «приближение утра» деген сөздер алғашқы абзацтағы қалып кеткен сөздер орнын өзінен-өзі толықтырып тұр. Нағыз қазақша ойды білдіретін қазақ тіліндегі бейнелі сөз тіркестері калька түрімен емес, творчестволық мәнерде ұлттық колоритін сақтай отырып берілген. Сол сияқты «сүттей жарық айлы түнді» деген фразаны аудармашы егер «светлая как молоко лунная ночь» деп сөзбе-сөз аударса, ол орысша шықпаған болар еді. Сондықтан да аудармашы оны: «Лунная ночь словно купается в молоке» деп алған. «Светлая как молоко» деген теңеуді «Словно купается в молоке» деген метафорамен алмастыру арқылы бейнелі сөз бойындағы бар қасиетті сақтап қалған. Бұл аудармашының өз бетінше кеткендігі емес, творчестволық шешім тапқаны деп білеміз. Егер «Ақ етің аппақ екен атқан тандай» деген өлең жолы сөзбе-сөз аударылса: «Белое тело твое бело-пребело как рассвет утра» боп шығып, ол аударма өзінен-өзі қазақша бейнелі образдың ашық бояуын бере алмаған болар еді. Сондықтан аудармашы бұл жерде де жол тапқан. Келесі фразада Тоғжанның ақ білегі айтылатындықтан бұл өлең жолы да қалып қояды, Тоғжанның жарқын бейнесі Абай алдында «рассвет любви» боп көрінеді. Автор Абай ойымен Тоғжан келбетін суреттегенде Абайға «таң... жүрек таңы... сол таңым сенсің бе?» дегізеді. Сондықтан да ол сөзді аудармашының «Ты встаешь в моем сердце, рассвет любви» деп аударуы заңды да.

Осындай сәтті аударылған фразаларға ризашылықпен қызыға қарайсың да, кейбір аударылмай қалып кеткен образды сөздерге кездескенде, әттегене-ай деп қаласыз. Мәселен, «Көз алдында Тоғжанның аппақ жұмыр

білегі, жас баланың етіндей, акторғындай мойыны» деген фразедағы «жұмыр» эпитеті түсіп қалған. Ал «жас баланың етіндей, акторғындай» сөзінің баламасын жалғыз ғана «нежная» деген сөзбен тындырған. Осындай келте қайыру салдарынан ол фразаның аудармасы «Перед его глазами — белые руки Тогжана, ее нежная шея» болып жұтаң шыққан. Егер үніле карасақ мұндай қалып кеткен, жұқарып шыққан автор суреттемелері айтылымш үлкен шығармадан әлі де табылатын көрінеді.

Автор суреткерлігін жеткізуде аудармашының эмоционалдық бояуларды ашық шығара алмауы, дала өмірінің өзіне тән оралымды диалогтарын, астарлы айшықты сөздерінің баламасын таба алмау себебінен жүдеу тартқан жерлері де табылып қалады:

Негізінен алғанда, аудармашылар әріпқойлықтан, лингвистикалық бағыныңқылықтан өзін аулақ сала білген. Олар творчестволық еркіндікті мейлінше ұстап, әуезовтік түп нұсқаның поэтикалық образды жүйесін, өзіндік әуенді сипатын, ұлттық ажарын орыс тіліндегі эстетикалық әсерлі тепе-теңдікпен жатық бере алған.

Аудармашылар сөзбе-сөздіктен қашып еркін аударма жолына түскенімен түп нұсқадан ауытқып шалғай кетпейді. Қайта ұлттық ерекшелікті мықтап есінде ұстаған олар бар мүмкіншілігінше Әуезовтың өзіндік стилін, бейнелі сөз қолдану тәсілдерін сақтай алған. Мысалы:

1. «Аспанда тенгедей бұлт жоқ» (На небе не сыщешь тучки, хотя бы величиной с монетку»).

2. Ін аузында отырған ақкөт торғай сияқты қылп-қылп еткенінді қойшы осы» («Что ты вертишься, как трясогузка над норкой»).

3. «Құнанбайдың тауы шағылды, тауаны қайтты» («Рухнул утес Кунанбая, дрогнула его сила»).

4. «Көпшілік сорлы ғой. Санда бар да, санатта жоқ». Егесте сойыл соғар, еседе құм қабар. Атаусыз, жоқтаусыз кеткен ғой. Бүгін міне аппақ сүйек болып қырылғалы отыр». («Что такое народ? Сила — при раздорах с соперниками, прах — когда в нужде. В битвах победа куется его руками, а при дележе в эти руки попадает лишь пыль... Так и гибнут люди, безвестные, безыменные. Вот и теперь они усеют белеющими костями всю степь»).

Осы мысалдардың өзінен-ақ аудармашының канатты афоризм тіркестерінің үндес, әуезділігін сақтауда қан-

шалықты икемділік, тапқырлық көрсеткенін аңғарамыз. Аудармашы осылайша бейнелі сөздердің кейбірін дәлмедәл, ол оралымға келе бермейтіндерінің «Почти всегда сильное, лаконическое место становится непонятным на русском, потому что он не в духе русского языка, и тогда лучше десятью словами определить всю обширность его, нежели скрыть его» — деп Гоголь айтпақшы, толық мағынасын беруге тырысқан.

Ал, қазақ әдебиетінің ендігі бір елеулі үлгісі Ғ. Мүсіреповтың «Оянған өлке» романы аудармаларының тағдыры мүлде өзгеше болды. «Аудармалар» деп тұрған себебім, бұл туынды орыс тіліне екі қайтара тәржімаланды. Біріншісін — (жолма-жол аударма) 1954 жылы Ф. Моргун жасаған еді. Бұл аударманың кезінде қатаң және әділ сынға ұшырағаны белгілі. Аудармашы хас қаламгердің қолынан шыққан, ұлттық сипатқа толы «Оянған өлке» сияқты романның сапалы тәржімасын жасай алмады. Әріпшілдік, түп нұсқаны дәлмедәл көшіруге ұмтылушылық, қазақ тіліне ғана тән сөз қолданыстарын, образды орыс тілінде сол қалпында беруге тырысушылық аударманың көркемдігіне елеулі нұқсан келтірді.

«Оянған өлкенің» екінші тәржімасын жолма-жол аудармаға сүйеніп жасаған А. Садовский біршама тәжірибелі аудармашы болатын.

Бай, әрі оралымды орыс тілін жақсы білетін А. Садовский өз аудармасында, сөз жоқ, түп нұсқаның өзіндік ерекшеліктері мен қасиеттерінің көпшілігін-ақ бере алды. Қолға алған ісіне қорғаншақтамай, еркін келудің нәтижесінде ол біршама сәтті аударма жасап шықты. Кей ретте түп нұсқаның «әрпінен» аулақтау арқылы оның рухына жақындау дұрыс, әрі тиімді іс. Бірақ бұл жерде бір қауып бар. Ол — түп нұсқадан мүлде аулақтап кету. А. Садовский, міне, осы қателікке ұрынған. «Оянған өлкенің» алғашқы беттерінен-ақ оның осы теріс әдістің жетегінде кеткенін сезуге болады. Біріншіден автордың баяндау жүйесі бұзылған. Оқиғаның даму желісіне нұқсан келген. Көптеген суреттер мен детальдардың орындары ауысып, мидай араласып кеткен. Екіншіден, аудармада көптеген үзінділер түсіп қалған. Аудармашының өз жанынан қосқандары көп. Ал, біраз жайлар мүлде бұрмаланып берілген. Мәселен, романда Игіліктің үстеріндегі теңге кілем жабылған түйелі көші

жайлы сөз болатын. Сол көрініс аудармада былай болып шыққан: «К вечеру этого дня на юге показалась длиннейшая вереница русских бричек Иглика, нагруженных тюками дорогих ковров, раззолоченных сундуков и чайных ящичков с красными ярлыками чаеразвесочной фирмы Кузнецов и К. О.» Ғ. Мүсірепов романында мұның ешқайсысы да жоқ. Игілік көші суреттелген жерін не себептен Жұман көшіне аударма салғаны да түсініксіз.

Аудармашы жазғандай: «В это же время с запада приближалась еще более длинная вереница навьюченных верблюдов бая Жумана, украшенных еще более яркими попонами» деген сөздер де түп нұсқада жоқ. Жұман да өз көшін бастап келеді деген жол-жөнекей атап қана өткен сөз болмаса, түп нұсқада Жұман көші тіптен суреттелмейді де. Мұның бәрін аудармашы өз жанынан қосқан. Сол сияқты: «Так откочевывали когда-то степняк полчищ Чингисхана или Тимура Хромого» деген штрих та өз жанынан қосылған. Романның бірінші бөлімінің екінші абзацы «о пожизненных, подневольных батраках», «о роскошных белых юртах, которые будут поставлены как у враждующих соседей — задом одна к другой» — деген фразалар аудармашының ойдан тапқаны. Мұның бәрін былай қойғанда, романдағы нағыз көркем, нағыз мүсіреповтік стильдің болмай шығуы өкінішті-ақ. Меч бұл жерде аллитерация мен ассонансқа, ойнақы сөздер мен афоризмдік бейнелі тіркестермен өрілген мүсіреповтік фразаларға, өзіндік ырғақ, үндестігі бай мүсіреповтік текстке тоқталып отырғаным жоқ. Мұның бәрі оңайшылықпен аударылмақ емес. Оның өзіне ғана тән нәзік юмор мен жеңіл әзіл-қалжыңның, өзіндік сөз мәнері бар образдар мен тенеулердің аудармада жоғалып кеткенін айтып отырмын.

Романдағы Жұман портретін суреттеген «Көлдөнені күректей мұқыл тырнақты саусақтары — келінің сабындай жұп-жуан» («Толстые пальцы с широкими, как лопа-та ногтями всегда сжаты в мощный кулак»). «Қылтанақ шығып көрмеген қасқа негінен тағалы ат тайып жығылғандай» («Его совершенно голый, без единой волосинки подбородок до того блестит, что кажется куском курдючного сала, прикрепленным к скулам»). «Қасқа некке қайдағы шыбын-шіркей де қайта-қайта қонып, о да ма-залап отыр» («Шея отчаянно чесалась, но Жуман тер-пел») деген сөздердің жұтан, жадау аударылғаны өзі-



нен-өзі көрініп тұр. Мұндай мысалдарды іздей берсек әлі де табыла беретін. Мұның бәрі қазақ тіліндегі бейнелі көркем сөз құрылысын, оның бояу-бедерін жете білмеуден, кейде асығыстықтан (бұл дағдылы жай) деп білемін. Қысқасы, қазақ әдебиеті үлгілерін орыс тіліне аударамын деп талап етуші қашан да қазақ тілінің образдық ерекшеліктерін, қазақ сөз өнеріне тән қасиеттерді жақсы білуі шарт.

Мен орыс тіліне аударылған туындыларымыздың барлығын бірдей сөз етпек емеспін. Біздің негізгі мақсатымыз жекелеген типтік мысалдар негізінде аударма ісінің қазіргі өресін және жай-жапсарын пайымдау, қол жетіп отырған табыстарымызды атап өту, орын алып отырған көптеген тәржімаларға ортақ және ең басты кемшіліктерді ашу, оларды жоюдың шараларын қарастыру, жалпы, аударма ісін көтеру жолдары жайлы ақылдасу ғой.

Сондықтан қазақ әдебиетінің соңғы кездегі кейбір елеулі шығармаларының аудармаларына қысқаша тоқталып өтейік: мен бұл жерде «елеулі» деп әдейі айтып отырмын. Ал, елеусіз шығармалардың аудармасы туралы айтып жатудың да қажеті жоқ.

Ә. Нұрпейісовтың «Қан мен тер» романы негізінен алғанда, соңғы жылдарғы қазақ прозасындағы елеулі құбылыс болып есептеледі. Ю. Казаковтың осы романның бірінші кітабын тәржімалау кезінде (жолма-жол аударма Г. Бельгердің қолынан шыққан) ұстаған принципті назар аударарлықтай. Ол да «Оянған өлкені» аударған А. Садовский сияқты түп нұсқаға еркін келген. Алайда, Ю. Казаков аудармасы А. Садовский аудармасына қарағанда әлде қайда жоғары өреде жасалған. Мұның себебі, Ю. Казаковтың аудармаға творчестволықпен қарап, оның сапалы шығуына бар күшін жұмсағандығында.

Қазақша нұсқадағы бар көркемдікті сақтай отырып, аудармашы басы артық детальдар мен бірқатар олқылықтарды алып тастаған. Тіптен образдарды психологиялық жағынан тереңдетіп, өз жанынан күшейте түскен, жекелеген характерлерді нығайтқан. Мұның бәрі біріншіден, автордың аудармашымен тығыз творчестволық байланыста болуынан, оның аударманы бір емес, бірнеше рет қайта қарап корректив жүргізуінен болса, екінші жағынан, Ю. Казаковтың шығарма бойындағы бар рухын түгел ала білгендігінде. Менің бір сұрағыма Ю. Казаковтың: «Мен оған не қажет екенін тапқан сияқты-

мын» («Я нашел в нем то, что нужно») дегені есімде. Шынында солай, Ю. Казаков оның көркемдік дүниесіне терең ене отырып, қазақ романының терең сырын аша білген. Бұдан аудармашының жолма-жолдықтың құлы бола бермей, өзінше еркіндік алып, оған өзі билік жүргізгенін көреміз. Мұны дәлелдеу үшін бір-екі мысал келтірейік. Түп нұсқаның төртінші тараушасының басында өн бойын ыза мен күйініш кернеген Еламанның төсекте Ақбаламен бірге ұзақ түнге көз ілмей жатқаны суреттелетін-ді. Бұл жер де аудармада түсіп қалған. Автордын: «Еламан да ояу. Шытырман ой басын шырмап алған. Күйініш пен қызғаныш ішін өртеп барады. Денесіне әйелінің денесі тиіп кетсе де жылан тәрізденіп, сұп-суық боп қарып, түні бойы бүйірінің бүтін бір жағын мұзда-тып шықты»,— деген суреттеменің табиғи қабыса бермейтінін сезіп, оны әдейі қалдырып кеткен. Еркегі безген әйел төсекте жыландай сезінуі мүмкін. Ал, төсекте бірге жатқанда әйел жақ жамбасының мұздай боп катып қалуы қисынсыз. Дәл осы сияқты, бесінші тараудағы Рай аузынан айтылатын Еламан мен Ерболдың адамгершілік мінездері жазылған әңгіме де аударылмай қалдырылған.

«Осы жасында олар талай қасірет шексе де, бір жанға шағынып көрмеген кісі, рас, кейде өзін ұстай алмай, ар жағындағы ызасын ақтарып алатын кезі болады. Онда да өздері үшін емес, халықтың қамын ойлап, қолынан келер қайраны болмаған соң, бар зәрін тіліне төгетін сияқты» деген бас геройлар мінезін оқушыға күн бұрын білдіріп қоятын осы суреттеме егер аударылып кете берсе, Еламан мен Ерболдың одан кейінгі іс-әрекеттерінің оқушыға эстетикалық әсері әлсіреп кетер еді. Оны аудармашының қалдырып кеткені жөн болған.

Мұндай қалдырып кеткен жерлер аудармада аз емес. Оның орны немен толған дейсіз ғой? Әрине жаңа үзінді, жаңа тараулармен. Мысалға, тәржімашы бір жеріне Қаленнің семьясына болысатын Еламанды бейнелейтін үзінді қосса, тағы бір жаңа тарауда: түрмеден қашып шыққан Еламанды балықшылар арасында көрсетеді. Ол ұзақ түнге өзінің бастан кешірген хикаяларын әңгімелейді. Міне, бұл тарау да жаңа. Осындай шығарманың көркемдік әсерлілігін күшейтетін көптеген картина, образ, эпизод, штрих, детальдарды аудармадан көптеп кездестіреміз.

Қайсы бір автор болмасын, ол өз шығармасын әрдайым өңдеп-жөндеп жетілдіре беруіне міндетті. Аударма да солай болуға тиісті. Бірақ кітапты аударма жолымен жетілдіремін деп екі тілде жазылған екі түрлі кітап боп шығып жүрмесе болғаны.

С. Шаймерденовтың «Инеш» атты повесі В. Новиков аудармасында екі есеге дерлік қысқарды. Бұдан шығарма өзінің бастапқы құндылығынан артпаса, кеміген жоқ. Өйткені аудармашы мен автор арасында үнемі тығыз творчестволық байланыс боп тұрса керек. Осы жерде жергілікті аудармашы В. Новиковтың аударма жұмысына бар ынтасымен қарайтын тәжірибелі аудармашы екенін атай кеткеніміз жөн.

Аударма үстінде шығарманы қысқарту екі түрлі жағдайда болуы мүмкін: ең алдымен түп нұсқада көпсөзділік, басы артық детальдар болса, оны аудармашы (автормен келісе отырып) жинақы етуге болады. Кейде түп нұсқадағы аударылуға мүмкін емес, қиын жерлерді аударудан қашқақтайтындар да болады. Осыдан ба екен, С. Шаймерденов повесінің 2—3 тарауы не себептен аударылмай қалған деп ойлайсың. Кімнің айтуымен бұлайша болды екен? Одан автор ұтты ма, ұтылды ма? Бұл жағы түсініксіз. Бірақ, менің байқауымша, ол повестің қазақшасында суреттелетін балуан денелі, қошқар тұмсықты, ерікке көне бермейтін тік шашты, екі қолы балғадай жігіт аудармада бұлайша бейнеленбеген. Ол аудармада талдырмаш қана, нәзік жігіт боп қалған. Әрине, мұндай аудармаға келісуге болмайды.

Мұндай ықшамдау, қайта өңдеу сол кезде пайдалы, егер ол өзінің шығарма рухын, ұлттық сипатын бұзбаса, сонда ғана оны автордың келісімімен бірлесе орындауы арқылы дүниеге келген көркем шығарма деп танымыз. Ал, ешқандай келісімсіз, сырттан тон пішіп, өз бетінше қосып алып қысқартса, сөйтіп шығарма құндылығына нұқсан келтірсе ондай аударманың түкке қырағы жоқ.

Осындай келісімсіз өз бетінше аударуды әсіресе, көзі жоқ авторлар шығармасына істеуге тіптен болмайды. Осы ретте Б. Майлин еңбектерінің аударылуы туралы қысқаша бірер сөз айтуға тура келеді. Б. Майлиннің «Айранбай» атты әңгімесі алғаш рет 1927 жылы аударылды. Отызыншы жылдың басында жазушының көзі тірісінде бес әңгіме, бір повесі тәржімаланды. Бұл аудармалар түп нұсқаға жақын дерлік еді. Өйткені ол

туындылар сауатты, бірақ, жазушы емес жолма-жолшылар қолынан шықты. Ол кезде қазіргідей тәжірибе де бай емес-тін. Бейімбет аудармалары сондықтан көркемдік жағынан әлі де піспеген, тіптен кейбір маңызды элементтері түсіп қалып еді. Сондықтан 1958 жылы қазақ әдебиеті мен өнерінің Москвада өткен онкүндігі қарсаңында ол шығармаларды қайта аударуға тура келді. Бұл аудармаларды тәжірибелі аудармашы М. Юфит іске асырды. Эстетикалық дәлдігі жағынан бұл тәржімә түп нұсқаға көп жақын шықты. Мұны сол жолы аударылып кітап боп шыққан Б. Майлиннің «Азамат Азаматыч» романы мен «Шұғаның белгісі», «Берен», «Раушан коммунист», «Он бес үй» повестерін салыстыру үстінде көреміз. Бұған «Берен» повесінен мына бір мысалды салыстырып көрейік:

«Ерғалидың түндегі айтқаны адамды шошындырарлық хабар еді. «Өгізге туған күн — бұзауға да туады» — деп, бүгін Сержан байдың шаңырағына туған күн ертең Ерғалидың өз шаңырағына тумасына кім кепіл. Ептілікпен, елді арбаумен, ешкіні — апа, текені — жезде деумен күн көріп келе жатқан адамның бірі осы Ерғали. Мұны Ұлбике жақсы сезеді. Орынды жерінде Ерғалиға көмектесу Ұлбикенің міндеті. Әсіресе мына жұмыс тұсында айла-әдістің бәрін істеу керек екен деп түсінді де, Ұлбике бірден өзгеріп, маңына келген әйелдерге ашық шыраймен күлімсірей қарады. Ауыл әйелдері Ұлбикенің бұл қалпын жақсы ырымға санаған секілденіп, су тасысып, от жағысып, қазан асысып мәз боп жатты. Семіз бойдақ сойылып қазанға салынды. Ауыл адамдарының бірсыпырасы қазан басына топтанды».

Сол кездегі қазақ ауылының тұрмыс картинасын, нәзік психологиялық кезеңдерін бейнелейтін астарлы бейнелі идиомдармен өрілген осы бір үзінді алғашқы аудармада (аудармасын жасаған Баршев) былай болатын: «То о чем ночью говорил жене Ергалий, было на самом деле крупным событием. Оно сильно встревожило обоих и заставило насторожиться. Несчастье, постигшее вола, настигает и теленка. Если оно подошло к баю Сержану, то кто скажет, не дойдет ли оно к Ергалию? Хитростью и обманом он обирает народ. Благодаря своим темным делишкам, он неплохо устраивал свою жизнь. Об этом Улбике хорошо знала и, когда было надо, приходила к мужу на помощь. Так было и на этот раз. Она сразу же

стала приветлива с женщинами аула, и те, приняв эту перемену за хорошую примету, принялись помогать ей: натаскали воды, развели костер, положили мяса в казан. У всех было приподнятое настроение: все знали, что зарезан жирный баран и что мясо его варится в казане. Поэтому много людей пришло из аула и толпились у очага».

Ал, осы үзінді М. Юфит аударған соңғы нұсқасында былай болып шықты: «А разговор между ними сегодня ночью был очень серьезный. Случилось событие, встревожившее обоих. Оба понимали, что «несчастье, постигшее вола, коснется и теленка». Если беда подступила к баю Сержану, то кто может поручиться, что она не заденет и Ергалия?»

Ергали всю жизнь хитростью и обманом собирал народ. Какими только темными делами он не занимался, и в каких только делишках Улбике не помогала мужу. Достаточно было упомянуть имя байбише.

И на этот раз как только Улбике вышла из юрты и приветливо заговорила с соседками, добродушные, приветливые, бесхитростные женщины аула, падкие на лесть и отзывчивые на ласку, охотно принялись помогать ей: натаскали воды, развели костер, положили мяса в казан.

Суэта поднялась неимоверная, все развеселились. Как же, зарезан жирный баран, сочное мясо варится в казане. Каждый, кто проходил мимо, как бы невзначай подходил к очагу, оставался помогать».

Салыстыра келгенде бірінші аударма сыртқы құрылысы жағынан түп нұсқаға бір табан жақындау болғанымен бояуының ашықтығы, интонациясының нәзіктігі жағынан жадағай шыққан. «Было на самом деле крупным событием», «благодаря своим темным делишкам», «у всех было приподнятое настроение» деген сүреңсіз «қазналық» сөзде майлиндік эмоционалы көркемдікке жанаспайтыны және оның «жолма-жолдық» кәсіптен туғаны түсінікті.

Ал, М. Юфит қолынан шыққан екінші аударма алғашқысына қарағанда түп нұсқа негізіне тереңірек еніп, нәзік сезімдерге құрылған. М. Юфит өзінен бұрынғы сырттай, жеңіл аударылып кеткен текстерден аударманы тазартқан. Сондықтан да оны оқығанда басқаша әсер аламыз. Мұндай жақсарғандық «Азамат Азаматыч» романы мен «Раушан коммунист», «Шұғаның белгісі» по-

вестерінің аудармасынан да кездеседі. Бірақ талантты аудармашы М. Юфиттің де түп нұсқаға көп қарамай, бірінші аударма төңірегінен шыға алмағаны байқалады. Сондықтан да ол алғашқы аудармада кеткен жетіспеушіліктің бәрінің орнын толтыра алмаған. Екі аудармада да «Ешкіні — апа, текені — жезде» («назвать козу — сестрой, козла — зятем») сияқты қанатты сөздер аударылмай қалған. Сондай-ақ «Шұғаның белгісіндегі» кейіпкерлер аузынан айтылатын лепті сөйлемдер де аударылмаған. «Шұға десе, шұға еді-ау!» деген лепті сөз повесте үш рет еселеп қайталанады. Бұл бүткіл повесть бойындағы эмоционалық сарынды жүйелейтін мотив тәрізді еді. Бұл сөз Шұға аталған қыздың ішкі-сыртқы сұлулық тұлғасын бейнелейді. Қазақ тілінде жақсы тенеу есебінде жүретін «Шұға» сөзі орысша онша күшті шыға бермейтіндігінен болса керек, М. Юфит те алғашқы аудармашы жолына түсіп «Шұға десе шұға еді-ау!» деген сөзді тастап кеткен. Дегенмен ол түгелдей алғанда өзіндік ерекшелігі мол үлкен прозаигіміздің шығармаларын орыс оқушыларына таныстыра білді.

Солай дегенмен Сәкен Сейфуллин, Ілияс Жансүгіров сияқты Бейімбет Майлинді де орыс және бүкілодақ оқырмандарына әлі де болса толық таныта алмай келеміз. Қазақ оқырмандарының қалаулы шығармасына айналып кеткен оның өзіндік үні бар көптеген әңгіме, новеллалары өз аудармашыларын күтуде. Ия, аударылғандарының өзі әлі де болса көптеген түзетулерді қажегетеді. Бұл Матильда Юфитті аударма шеберлігін меңгере алмады деген сөз емес. Қазақ әдебиетімен істес болып жақындасу оның алғашқы сәтті қадамын танытты. Ол енді осы бағытынан таймай, аудармашылық шеберлігін арттыра жүріп, біздің Бейімбетті алдағы кездерде аударма түссе, сөйтіп оның әлі де қалың оқушыға жетпей жатқан шығармаларын жеткізе, таныта берсе дейміз.

Жоғарыда автормен бірлесе отырып сапалы аударма жасайтын екі тілді бірдей меңгерген талантты аудармашылар жөнінде айтылды. Солардың қатарында орысша, қазақша жақсы білетін талантты аудармашы Бельгер қолынан шыққан Х. Есенжановтың «Тар кезең», С. Талжановтың «Дала сұңқары», А. Жұбановтың «Замана бұлбұлы», Ғ. Мүсіреповтің әңгімелер жинағы және Ә. Нұрпейісовтың «Ымырт» романының жолма-жол аудармасына оның көп көмегі тиді. Бұл жерде Бельгер ау-

дарған (И. Щеголихинмен бірігіп жасаған) Хамза Есенжановтың «Тар кезеңі» туралы бірер сөз айта кетуге тура келеді. Бұл романның соңғы кездегі тарихи-ұлттық ерекшеліктерге толы ірі шығармалардың бірі екені белгілі. Оның аудармасын түгелдей жарамсыз деп айтуға негізім жоқ. Бірақ, аудармашының мынадай бұрмалау мен өз бетінше лағып кетуіне қалай шыдайсыз?

Қазақша нұсқаның 50—51-беттерінде ауыл әйелдерінің жиналып келіп асау, азғын Мамбетті күлкі-мазақ қылып дамбалын басына кигізіп кететіні бар. Осы картина аударманың 31-бетінде әйелдер Мамбетті таяққа жыққан боп шыққан. Қазақшасында (67-бет) Мамбет саусақтарына алтын жүзік салған орыс офицерлерінің әйел, қыздарынан сұлу жоқ деп ойлайды. Ал, орысшасында (46-бет) Мамбет оларға жирене қарайды, ажарсыз құзғын деп есептейді. Қазақша нұсқаның 232-бетінде жүзі күнге күйген өзі еркекше киінген Мұкарама деген жауынгер қыз жөнінде сөз болады. Орысша тексте (180-бет) сол жауынгер қыз дәрекілеу суреттеледі.

Офицер Азмұратов портретін автор анық бейнелеген: «Тік бойлы, сұр жүзді, кішірек біткен шошақ мұрынды және тесе қарайтын, бірақ жанары солғын қой көзді» (261-бет) деген суреттеу орысшасында: «был он среднего роста, строен, худошав, серолиц, нос небольшой, крючковатый, глаза глядят в упор» (180-стр.) болып бұрмаланып жазылған.

Біріншіден, «среднего роста», «худошав» деген сөздер қазақшасында жоқ. Екіншіден, «кішірек біткен шошақ мұрын» — «крючковатый» боп кеткен. Ең бастысы: «солғын қой көз» деген сөз тіптен аударылмаған.

Түп нұсқада роман геройы Хакім жауынгерлер сапында Мұкараманың жоқ екенін сезіп «ол қалайша жау қолына түсіп қалған? Жау қолына түскенше, алдымызда қан болып жатса еді, неге, неге ол өйтті екен?» (342-бет) деген сөздер «зачем?! Зачем она здесь?» болып теріс аударылған. Бұл басылу үстінде кеткен қате шығар деп ойлаймын.

Қазақ тіліндегі 10,8 баспа табақтық кітаптың орысша басылуында 8 баспа табак болып шығуы да түсініксіз.

Ал, Тахауи Ахтановтың «Дала сырына» келсек, мұнда жағдай басқаша. Мен бұл шығарманы орысшаға екі дүркін аударылып, екі түрлі нұсқада боп шыққанын айтқалы отырмын. М. Иванова аударған алғашқы ау-

дарма автордың «Печаль любви» (1965 жылы Алматыда шыққан) жинағында жарияланды.

М. Иванова аудармасынан көптеген жауапсыз, салақтық байқалады. Оның бұл шығармаға салақ қарағаны соншалық, повесть адам танығысыз күйге түскен. Аудармашы қалаған жерде өз жанынан қосып, немесе, «ықшамдап» қысқартып отырған. Кейде тіптен тұтас бір үзіндіні жаңаша жазып шығады. Осындай «қамқорлық» нәтижесінде повесть бойындағы бар қасиеттен жүрдзі болған. Бір мысал: «Кісі мекнат көрейін десе, пәле аяқ астынан емес пе? Кенет ауаға шымырлап ызғар кіріп, теріскейде қара бұлт тұтасып келе жатса да Қоспан асықпады. Қора маңын тақырлап, қонылтақсып қалған қойлар жаздан бері мал баспаған беткейдің жұқа қарын кішкене тұяқтарымен үсті-үстіне тепкілеп құнжандап жатыр. Атын, ауыздығын алып, отқа жіберіп, Қоспан төбенің басында сүйсіне қарап тұрған».

Текстің аударуға ешқандай қиындығы жоқ екенін көріп отырсыздар: осы текст орысша былай боп шығыпты: «С севера шли темные низкие тучи. Но Коспан не мог оторвать взгляда от овец. Бедняжки жадно щипали промерзшую полынь, разрывая маленькими копытцами снежный покров.

«Наконец-то наедятся вдосталь», — с грустью подумал Коспан.

В эту правильно раскинувшуюся холмистую степь с самой весны не ступало ни одно овечье копытце. И сейчас терпкий запах сочной полыни раззадоривал аппетит животных. Ведь вся трава вокруг зимовки Коспана уже давно была выщипана».

Бұл жерде Қоспан, қой, бұлт, тұяқ деген зат есім атауларынан басқа ахтановтық суреттеуден ешнәрсе қалмаған. Қоспан, оның аты, төніп келе жатқан боран-апат туралы аудармашы жұмған аузын ашпаған. Оның есесіне аудармада өз жанынан қосылған кең дала, сіресіп жатқан жота, келе жатқан көктем деген авторда жоқ сөздерге тасып кеткен. Бұл авторды мұқату емес пе?

Сондықтан да Т. Ахтанов өз повесін қайтадан тәржімалатты. Оны Е. Герасимов жасады. Бұл аударма «Новый мир» журналының 1965 жылғы үшінші номерінде жарияланды. Е. Герасимов аудармасы кейбір жеке-леген кемшіліктеріне қарамастан түп нұсқа рухын, көркемдік қасиеттерін сақтаған, біршама сәтті еңбек боп



табылады. Жоғарыда айтылған Ю. Казаков тәрізді Е. Герасимов та повестегі эмоционалды, ұлттық колоритті сақтай алған. Ол қазақша нұсқаның қажетті деп тапқан жерлерін теріп алып оны өзінше баян еткен. Жоғарыда келтірілген дауыл алдында жайылып жатқан қойына сүйсіне қарап тұрған Қоспанды суреттейтін ұзақ тексті ол қысқаша ғана былай аударған.

«Коспан погнал отару в далекую Кузгунскую степь. Жена его Жанель осталась на зимовке с ягнятами, а своего молодого подпаса Каламуша он послал в большой аул. Надо было кое-что купить в колхозной лавке, потому что председатель колхоза Кумар последний раз при встрече обмолвился, что на отгонах собирается побывать сам Касеке. Остальное Коспан понял без слов. Касеке — это не кто иной, как Касбулат, главный человек в районе и к тому же давний друг Коспана. Еще на войне Коспан был под его началом, в каких только переделках они не побывали тогда вместе. Впрочем, было время, когда Коспан очень обижался на Касбулата. Даже совсем было разочаровался в нем. Но Касбулат постарался, чтобы рана эта зажила». Бұл аударма емес, тек орыс тілінде әңгімелеп суреттеп беру болып шыққан.

Мұндай жақсартуды ешуақытта да қолдауға болмайтыны өзінен-өзі түсінікті. Бірақ, аудармашы әрегірек барған сайын ондай тәсілден арылып, түп нұсқаға жақындай бастаған.

Онан соң повестегі көптеген қысқа шегіністер, психологиялық толғаныстар орысша аударылуына көп септігін тигізгенге ұқсайды.

Көркем аударманың белгілі теоретигі Иван Кашкин «Қарағанды» романын аударған Горбунов жіберіп алған жолсыздықтар жөнінде «Аударма тәжірибесінде өз жанынан қосымша қосатындар да кездеседі» деген. Сондай пікірді З. Крахмальникова да жазды. Ол да «Қарағанды» аудармасы туралы бір макаласында осындай сырттан қосылған қосымшалар мен түсіндірмелер салдарынан аударма түп нұсқадан аулақтап, оның көлемі үш баспа табақтай өсіп, қампайып шыққан деп еді. Дәл осындай жағдай Самсонов аударған «Теміртау» романынан да орын тепті. Мұндай аудармашыларға мен Мұхтар Әуезовтың естен кетпес мына сөзімен жауап бермекпін: «Бізді жақсартпай-ақ қойсын, бірақ, дәл аударса болғаны деп тілек айтар едік».

Енді Сәбит Мұқановтың автобиографиялық трилогиясы — «Өмір мектебінің» орыс тіліндегі аудармасы жайлы бірер сөз.

Трилогияның соңғы басылымдарында бірінші кітапті аударған марқұм Андреева деп көрсетіліп жүр. Бұл кісінің романды аударуға қаншалықты қатысы барын білмеймін. Тек белгілі бір жай — аянбай еңбек етіп, осы кітапты орысшаға тәржімалаған негізгі аудармашы — Юрий Домбровский. Трилогияның екінші және үшінші кітаптарын Алексей Брагин аударып шықты.

А. Брагиннің Қазақстанда тұрғанына көп болды. Қазақ халқының тарихын, мәдениетін, тұрмыс-салтын жақсы біледі. Ол қазақ халқының өмірі мен тұрмысынан көрініс беретін поэтикалық шығармалар мен очерктер жазып, жұртшылығымызға жақсы танымал болды. Сонымен қатар А. Брагин қазақ әдебиетін де жете біледі. Міне, осының бәрінің нәтижесінде ол С. Мұқанов трилогиясының соңғы екі кітабының және «Мөлдір махаббат» романының түп нұсқаға пара-пар сәтті аудармаларын жасады.

А. Брагин «Мөлдір махаббаттағы» Тоғай-саз пейзажын былай аударған: «Всмотритесь внимательнее! И здесь множество ягод. Кусты невысоких вишен обсыпаны так густо, что кажется, на них заброшено красное сетчатое сукно. А черемуха, черемуха! Ее маленькие черные ягодки блестят, как глазенки маленьких верблюжат.

И когда ты вдосталь налюбовался красою шелковых лугов и дремучих пестрых тугаев, ты хочешь увидеть и хозяина их. Да, хозяина! Иначе я не могу назвать наш Ишим.

Ты внимательно посмотришь вокруг и не сразу найдешь его. В эти дни июля, прикидываясь тихоней, спокойно и медленно течет он в узком своем русле. И если тебе не приходилось видеть его бурный разлив во время половодья, ты можешь не поверить, что эта скромная речка орошает водами все Приишимье».

Аудармашы түп нұсқа ізімен жүре отырып, әңгімешіл автор сөз саптамасы мен оның жатық интонациясын жақсы сақтай білген. Яғни Есіл суының ағысын, салқын самалды жағасын дәл суреттеп берген. Себебі, ол аудармашы жастайынан Мұқановты жақсы біледі! Солтүстік Қазақстанда көп болған, Есіл бойында өскен.

Тағы бір мысал. Аударманың 311—312-беттерінде Петропавл қаласына М. И. Калининнің келгені туралы сөз болатын. Оны түп нұсқадан таба алмайсыз. Аудармашы бұл жерде зерттеуші ретінде көрінген. Ол архив материалдарын ақтара отырып, Калининнің сөйлеген сөзін өзі іздеп тауып, оны кітаптың сол бір көмескілеу жеріне дәл келтірген. Бұл дерек қазақшасында шамамен ғана аталып өткен еді.

Қазақ прозасының елеулі үлгілері түгелдей дерлік орыс тіліне аударылған екен. Мынандай бір бағалы шығарма аударылмай қалыпты деген сөз әзірше жоқ. Және оған негіз де жоқ.

Сондықтан әңгіме тек сол аудармалардың сапасы төңірегінде болуы тиіс.

Аударманың сәтті шығуының бірнеше шарты бары аңғарылады. Бірінші, және ең басты шарт — аудармашы таланты. Түп нұсқа авторы сияқты, аудармашы да сөз өнеріне жетік, ізденімпаз, өзіне қатаң талап қоя алатын қаламгер болуға тиіс екендігін тәжірибе көрсетіп жүр. Түп нұсқадан аударма жасау процесі де болмыстан көркем шығарма тудыру процесі сияқты көп еңбек пен мұқиятты бастан кешіруді талап етеді.

Бір шығарманы жаңартып қайта жазып шығу деген өте ерекше жұмыс. Онда бір ғана қазақшадағы ұлттық колорит сақталып қоймайды, сонымен бірге сол қазақ прозасының шеберлігіне тән ұлттық, стильдік ерекшелігі де толық сақталуы тиіс. Мен мұндай негізгі стильдік ерекшеліктер деп, мәселен, Сәкен Сейфуллиннің анық та публицистикалық, Бейімбет Майлиннің стиліндегі детальдар шындығы мен характерлердің типтік дәрежеде суреттелуі, Мұхтар Әуезов шығармаларында кездесетін картинаның ауқымды тереңдігі мен образдылығы, Сәбит Мұқановтың оқиғаны эпикалық кең көлемде қамтитын, шебер әңгімешілдігі, Ғабит Мүсірепов қолтаңбасына тән нәзік юморлы әрі өрнекті музыкалы туындыларды, Ғабиден Мұстафиннің қарапайым да ықшам суреттеу тәсілдері және З. Шашкин, Т. Әлімқұлов, Т. Ахтанов, Ә. Нұрпейісов, Ә. Нұршайықов, С. Шаймерденов, Ж. Жұмаханов, С. Бақбергенов, Ө. Қанахин мен Қ. Ысқақов, С. Мұратбеков, Ж. Молдағалиев, М. Сүндетов тобындағы жас прозаиктерде кездесетін лиризм мен психологиялық толғаныстар сияқты стильдік ерекшеліктерді атар едік.

М. Әуезов бір кезде: «Аудармашы шығарманы аудармас бұрын оның фабулалық дамуына ғана терең түсініп, сезініп қоймай, ол автордың өзіндік стиль ерекшелігін, қолтаңбасын (почеркін) жақсы тани білуі тиіс... Егер аудармашы Әуезов пен Мұстафиннің орталығынан шықса онда оның оңбағаны» деп ескерткен еді бәрімізге.

Атамзаманнан белгілі шындықты қайталай отырып, мен осы бір шарттың орындала бермейтінін ескерткім келеді. Биік өрелі шығарманы ортақол, немесе мүлде дарынсыз аудармашылардың қолға алуы — жиі кездесіп жүр.

Өз шығармаларына қарап бағалағанда, Иван Щеголихин — тәжірибелі, талантты прозаик. Осындай жазушы өзінің қазақ достарының шығармаларын аударуға қатысуын тек құттықтай құптаймыз. Бірақ, жылына тоқсан баспа табақтық аударма жасап рекорд істеу кімге керек?! Көркем аударма өте нәзік жұмыс қой. Ол фабриктен шыққан заттай жасала бермейді, оны тесіле отырып аударып шығады емес пе? Егер аударма Щеголихин аударғандай бола берсе, одан не шықпак? Артына бұрылған адам алға қарай жүрді деп айтылмаса да — «Жунус повернулся и пошел вперед», «забавляясь то одним, то другим, друзья нашли играющих в яйцо» (Ғ. Мұстафин «Очевидец») деген сөздерден не түсінер едік? Осының бәрі асығыстықтың салдары.

Ұйымдастыру мәселелеріне келсек, белгілі бір аудармашының тек белгілі бір жазушының шығармаларын ғана тәржімалаумен айналысуы және өз көңіліне ұнаған туындыларды ғана аударуы ұтымды болар еді. Аударма ісін бұлай ұйымдастыру — көркем туындының рухын, стилін, жазылу мәнерін жете ұғу жолындағы ең тиімді, ең сыналған әдіс болып шығар еді. Бұл жөнінде негізінен М. Әуезов туындыларын тәржімалау ісімен шұғылданып жүрген москвалық аудармашы А. Пантиелев, С. Мұқанов шығармаларын аударып жүрген А. Брагин жолдастар жақсы өнеге көрсетіп жүр. Осы арада Алексей Пантиелевтің қазақтың ұлы жазушысының бұрын еш жерде жарияланбаған, немесе ертеректе жазылған, орыс оқырмандарына беймағлұм шығармаларын аудару арқылы игілікті іс тындырып жүргенін атап көрсетуіміз қажет.

Ең алдымен жоспарлау мәселесін жолға қоюымыз қажет. Жазушылар одағы мен баспаның жанынан Өз-

бекстандағы және басқа да кейбір республикалардағы сияқты аударма мәселелері жөніндегі кеңес құрсақ, ол осы сөз болып отырған үлкен іспен шындап айналысар еді.

Алдағы уақытта аудару үшін сыннан өткен, елеулі деген шығармаларды іріктеп алып отыру қажет. Сондай-ақ өз ісін жақсы білетін аудармашыларға ғана жол ашу шарт; аударма ісіндегі асығыстықтан, шалағайлықтан арылуға тырысуымыз керек. Бұл сөздер әдеби аудармашыға да, жолма-жол аудармашыға да қатысты. Ол сонымен қатар кітап редакторларына да қатысты талап. Редакторлар екі тілді бірдей білетін болса нұр үстіне нұр болар еді. Олай болмаған күнде олар Л. Соболев сияқты аса тәжірибелі, эстетикалық мәдениеті жоғары, ең болмаса Валерий Новиковтай сезімтал, адал жандар болғаны абзал.

Көркем аударма жұмысы байсалды сөз болған тұста аудармашылар еңбегінің төлемі жөнінде де сөз ете кеткен жөн. Қаламақыны ең төменгі бағамен қою және оның үстіне жолма-жол аударма үшін біраз ақшаны тағы ұстап қалу — аударманың сапасын көтеруге септігін тигізбесе керек. Менімше, жақсы аудармаларға мейлінше қолдау көрсетіп, оларға қаламақыны тәуір бағамен қою шарт. Қажет болған жағдайда, тіпті тиражы үшін де төленетін болса. Сонымен қатар, сапасыз аудармалар баспаға қабылданбаса.

Аударма сапасын арттыру — көп еңбек етуді, көптеген қиыншылықтарды бастан кешуді, сонымен қатар, ұйымдастыру мәселелерін жолға қоюды талап етеді.

Қазақстан жазушылар одағының көркем аударма мәселесіне арналған 1967 жылғы апрель айындағы арнайы пленум, Москвалық жазушы, аудармашылармен қосылып өткізген достық әңгіме аударма ісін жаңа өреге көтеру және одан ары дамыту жолындағы игі қадам болады ғой дейміз.

## ДАРҚАН ТАҚЫРЫП

Әдебиет компоненттерінің ішінде тақырып мәселесі өзінше үлкен роль атқарады. Ол жазушының суреттеу объектісі ретінде өмір құбылыстарының қандайына айрықша назар аударатынын, нені маңызды деп білетінін танытады. Былайша айтқанда, тақырып автордың дүние танымын, идеялық тұрғысын анықтайтын айғақтың бірі. Бірақ оны өз орнында алып, өзге көрсеткіштердің қатарында дұрыс түсіну керек. Мұнда да екі шекке шығушылық мәселенің өңін айналдырады. Бірі — тақырыпқа шамадан тыс артық мән беріп, тақырып маңыздылығымен көркемдік кемшілікті бүркеушілік, екіншісі — тақырыпқа еш мән бермей, оған немқұрайды қараумен оқушы назарын өмірдің негізгі салаларынан аударып, болмашы жықпылдарға салушылық, сондықтан тақырып маңыздылығы үшін барлық кемшілікке кешірім жасау да. тақырып ұсақтығын жоққа шығару да екі шектегі ағаттық болып табылады.

Тарихтың ұлы асу, қайрылыстарында, қоғам өмірінің ірі оқиғалары тұсында шоқтығы биік тақырыптар пайда болатыны аян. Орыс әдебиетінде, мысалы, 1812 жылғы Отан соғысы Л. Толстойдың «Соғыс және бейбітшілік» романын туғызды, Петр Біріншінің патшалық еткен кезі А. Пушкиннің «Полтавасын», Алексей Толстойдың «Петр Бірінші» романын, Стенька Разин, Емельян Пугачев оқиғалары көптеген тарихи романдар туғызды. Сондай-ақ 1903—1905 жылдары кең өріс алған пролетариат қозғалысы Горькийдің «Ана» романын, Ұлы Октябрь революциясы мей Азамат соғысы М. Шолоховтың «Тынық Донның», А. Серафимовичтің «Темір тасқынын», А. Фадеевтің «Тас-талқанын», Н. Островскийдің «Күрыш қалай

шынықтысын» тағы басқа сан алуан жанрда ірі шығармалар туғызды.

Ал қазақ әдебиеті ше? Мұнда да солай. Әлгі айтқандай, қазақ халқының басынан кешкен тарихи оқиғалардың қай-қайсысын алсақ та, халық санасына терең із салып, өнер мен әдебиетке өріс жайғанына көзіміз жетеді. Ертедегі эпос пен «Елім-ай» секілді көкейтесті жырлардың, берідегі Бұхар, Махамбет жырларының, Абай, Мағауия, Ығылман, Сұлтанмахмұттардың өлең, поэмаларының негізінде тарихи шын, болмыс оқиғалар жатқандығында ешқандай күмән жоқ. Енді біздің ХХ ғасырдағы ұлы оқиғаларға келсек, мұнда 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалысы, 1917 жылғы февраль революциясы мен Ұлы Октябрь Социалистік революциясы, 1918—1920 жылдары қабындап қанат жайған Азамат соғысы, одан кейінгі социалистік құрылыс «Тар жол, тайғақ кешу», «Ботакөз», «Түнгі сарын», «Аманкелді», «Жолдастар», «Азамат Азаматыч», «Дала», «Шығанақ» секілді елеулі шығармаларды дүниеге әкелді. Тек осылар ғана емес, басқа да талай туындылардың жарық көруіне себепкер болды.

Мұнымен бірге біздің заманның ақын, жазушылары өткенге де қайрылып қарап, тарихи ірі құбылыстар мен белгілі адамдар жайында «Абай жолы», «Оянған өлке», «Құлагер», «Күйші», «Абыл», «Құрманғазы», «Ақан сері — Ақтоқты», «Шоқан Уәлиханов» секілді шығармалар жазды. Бұдан былай да тарихи және осы заман тақырыптарына талай-талай туындылар жазыла бермек, өйткені халық санасынан орын тепкен оқиға, құбылыстар мен ер-азаматтар ешуақытта ұмытылмайды да сарқылмайды.

Дүниеде ең бір ескіrmес нәрсе — халық есі. Оған түскен тарихи таңба ешқашан өшпек емес. Ел аузында ғасырдан ғасырға көшіп отыратын аңыз, ертегілер, эпос және тарихи жырлар осының айғағы. Мұнда жоғарыда айтқандай, ел басынан кешкен, бүкіл Ұлы Отанды теб-ренткен тарихи оқиғалар жырланып, халық есінде берік сақталып отырған. Ол ешуақытта ұмытылмайды. Ұмытылмайды да сарқылмас қайнар бұлақ секілді әр заман өлең, жырдың таусылмас тақырыбы болуын тыймайды.

Біздің заманымызда сондай ұмытылмас орасан зор оқиға 1941—1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысы болды. Орманға түскен өрт сықылды Отанға төнген бұл ғала-

мат трагедияның шарпымаған жаны, күйзелтпеген, күңіrentпеген елі, жері болған жоқ. Әмбеге қырғын ажал, қиямет қиындық, шексіз шығын, ауырмалық әкелген сұрапыл соғыс қазақ халқы үшін де сұмдық сынақ боп табылды. Халық бойындағы барлық қасиет, қабілет, барлық күш-жігер, ой, сана, сезім-сезік ортаға түсіп, ұлы сынақта соның бәрі тиісті бағасын алатын күн туды. Бұл тұста бұрын бұл секілді дүние жүзіне өрт салған жойқын соғысты көрмеген қазақ халқы қан майданда болсын, қаһарлы тылда болсын, қатарынан қалмай, басқа туысқан совет халықтарымен бірге ғажап ерлік, қаһармандық көрсетіп, ұлы жеңіске үлкен үлес қосты. Бұл үлесін халқымыз қалай мақтан етсе де сиярлық. Басқасын айтпай-ақ, саны аз ел бола тұра, бір өзінен сын сағатта жүздеген Советтер Одағының батырын, елу шамалы партизан шығару фактісі совет заманында социалистік ұлт боп жетілген қазақ халқының батырлық тұлғасын толық таныта алатын құбылыс екенінде талас жоқ. Бұл тарихта болмаған және бұрын болуы мүмкін де емес, тамаша табыс, теңдесі жоқ жетістік еді.

Сөйтіп, бар халықтың бірлігімен, әр халықтың айрықша көрсеткен ерлігімен Социалистік Отанымыз төрт жылға созылған екінші дүние жүзілік соғысты ұлы жеңіспен аяқтады ғой. Құтырған Герман фашизмі күйретіп, Совет елін және күллі адамзатты құлдық қатерінен құтқарған бұл тарихи жеңіс оңай түспегені кімге де болса белгілі. Бұған еліміздің барлық материалдық-моральдық, рухани күші бірдей қатысқаны әмбеге аян. Соның ішінде әсіресе совет әдебиетінің қосқан сыбағасы да ала бөтен үлкен.

Қалам қайраткерлерінің ден көпшілігі соғыс кезінде майданда болып, жауынгерлік, саяси-тәрбиешілік, журналистік қызмет атқарғанын өз алдына қойғанда, сол тұста туған әдеби шығармалардың үгіттік қызметін, рухтандырғыш күшін, әсерін айтып жеткізу қиын-ақ. Ол үшін Жамбыл мен Нұрпейістің, Нартай мен Шашубайдың шабытты толғауларын, Қасым Аманжолов пен Абдолла Жұмағалиевтің, Жұмағали Саин мен Әбу Сәрсенбаевтың, Асқар Тоқмағамбетов пен Жақан Сыздықовтың, Дихан Әбілев пен Қалижан Бекхожиннің, Қалмақан Әбдіқадыров пен Мариям Хакімжанованың, Тайыр Жароков пен Әбділда Тәжібаевтың, Хамит Ерғалиев пен Сырбай Мәуленовтың, Қапан Сатыбалдин мен Ғали Ор-



мановтың, Жұбан Молдағалиев пен Мұзафар Әлімбаевтың, Сағынғали Сейітов пен Сәбит Мұқановтың жалынды өлең, жырларын; Бәубек Бұлқышевтің өмір сүйгіш очерктерін; Ғабит Мүсреповтың оптимистік новеллаларын; Сейтжан Омаров пен Мұқан Иманжановтың әңгімелерін; Мұхтар Әуезов пен Сәбит Мұқановтың патриоттық пьесалары мен публицистік мақалаларын еске түсірсек те жеткілікті шығар.

Бұл шығармалар кезінде туып, майдандағыларға да, тылдағыларға да қолма-қол күш-жігер берген, рух, сенім берген таптырмас жан азығы болып табылды. Бұлардың бағасы, тарихи мәні кезіндегі өте қымбат үгіттік, ұйымдастырғыштық, тәрбиелік ролімен ғана шектелмейді. Бұлар рухани мәдениетіміздің тарихында үлкен документалдық, дүние танытқыш және этикалық та эстетикалық мәні бар идеялық-көркемдік ескерткіш ретінде де үлкен орын алады.

Соғыс тұсында туған көркем сөз өнерінің үлгілері әдебиеттің дамуына тың жаңалықтар әкелді. Олар алдымен Ұлы Отан соғысы оқиғаларына тікелей қатысты жаңа тақырып бекітті. Екіншіден, халық тарихындағы ерлік, патриоттық күресті уағыздап, бүгінгіге өнеге еткен мираскерлік дәстүрді бекітті. Сонымен бірге олар қазақ әдебиетінде қашаннан берік орын тепкен азаттық сарынды шарықтатып шыңдай түсті.

Әрине, жаңа тақырып, жаңа сарын әкелген шығарманың бәрі бірдей әдебиеттің көркемдік дамуына үлес қоса бермейді. Мұнда тек талантты жазылған туындылар жөнінде ғана сөз болуы мүмкін. Осындай туындылардың санатында үш жанрдан үш шоқтықты шығарманы атап айтуға болар еді. Олар: Жамбылдың «Ленинградтық өрендерім» жыры, Қасым Аманжоловтың «Ақын өлімі туралы аңыз» поэмасы, Бәубек Бұлқышевтің очерктері.

Жүзге таянған Жамбылдың Ленинград қаласын қорғаушыларды өренім, балаларым деп сөйлеуі жырдың эмоциялық әсерін күшейтіп жіберген. Баяғы Бұхар, Махамбет, Сүйімбай толғауларының дәстүрінде төгілген жыр жаңа социалистік идея, советтік патриотизм сезімінен мазмұн алып, Жамбыл үнінің рухани күш-қуатын, пәрменін орасан өсірген. Жалын атқан жүрек жырында кәрі тарлан халық ақыны көп нәрсені толғап, жеткізе айттып бергеніне де таң-тамаша қаласыз. Мұнда Ленин қа-

ласына деген күллі совет халқының шексіз махаббатына кенелесіз, сол халықтың ең асылы мен ардақтысына ұмтылып, ұлы тілін жалаңдатқан дұшпанның жексұрып да жиренішті образын көресіз.

Қаласынан Лениннің  
Өрби өскен балаларым,—  
Сәулетім, сәнім — айбарым!  
Осынша жасқа келгенде,  
Осынша өмір сүргенде,  
Осынау күнге жеткенде,  
Жырдан нөсер төккенде  
Осынау гүлді қаланы,  
Ұрланып келіп шабуға,  
Жорғалап келіп шағуға  
Ұмтылғанын,— көрді көз,—  
Ашылған сұм араны.

Сонымен бірге Ұлы Отан соғысына өзінің туған қазақ халқының қосып жатқан үлкен үлесін көресіз. Жаңа дүниенің бесігі болған Ленин қаласын қорғауда қазақ жауынгерлері ленинградтықтармен бірге, бүкіл совет адамдарымен бірге аянбай жан беретініне сенесіз.

Жамбыл халық поэзиясының арнасында социалистік мазмұнға құрылған толғау жанрының шоқтықты шығармасын туғызса, Қасым Аманжолов профессионал поэзияның арнасында поэма жанрының тамаша жаңа үлгісін салып берді. «Ақын өлімі туралы аңыз» шағын шығарма бола тұра, шиыршық атқан динамикалы сюжетпен тебіренген лирикалы монологпен ширақ өрілген кең тынысты керемет поэма дәрежесінен табылды. Қанқұйлы жауына қарыса қарсы тұрып, оның тірлік атаулыны табанымен таптап келе жатқан мейрімсіз танкілеріне тайсалмай төтеп берген автоматшы ақынның психологиясын, оғы таусылып, отқа жанардағы Отан туралы, туған жер туралы, өлім мен өмір туралы, халық алдында өтелмеген қарыз туралы жанкүйер толғаныстарын Аманжолов құдретті поэзия тілімен суреттеп жеткізе алған. Бұл поэма Отан соғысында қазақ айрықша танылған ғажап жауынгерлік ерлігін дұшпанға қарсы жүрегімен бомба боп жарылған қаһарманның романтикалық образы арқылы тамаша жырлаған поэзиялық биік шоқының бірі боп қалды.

Көркем публицистикада өзінің тақырып, сарын ұқсастығы жөнінен де, идеялық әсер, ықпалының күш жөнінен де Аманжолов поэмасына барабар келетін майданда қаза тапқан жас жазушы Бәубек Бұлқышевтің

«Өмір сүргім келеді» дейтін очерктері. Социалистік Отанын, туған елін, жерін қорғау жолында жанын пидә етуге әзір совет жауынгерінің ой-санасын, сезімі мен сенімін анық айқындаған бұл очерктердің жалпы әдебиетте және оның жаңа жас жанры көркем публицистиканың қалыптасуында алған орны мен мәні өте зор.

Соғыс біткелі міне жиырма төрт жыл. Жиырма жыл ішінде еліміз соғыста күйзелген шаруашылықты қалпына түсіріп, соғыс салған талай жараларды жазып, ұлы коммунистік құрылысқа да жұмылып кетті. Бірақ әлі жазылмаған және жуыр маңда жазылмайтын зор жара бар. Ол — жүрек жарасы. Халық жүрегіне, адам жанына батқан жара. Халық қанын телегей-теңіз аққызған фашизмнің қара дауылы, оның халық жүрегіне салған қанды кегі өмір бақи ұмытылмақ емес. Сан миллион ұлқыздарынан айрылған Отан, баласынан айрылған ата мен ана, әкесінен айрылған жесір мен жетім, ағасынан айрылған іні мен қарындас, інісінен айрылған аға қара бет, қара ниет фашистердің сұмдық қылмысын ешуақытта кешірмейді; сонымен бірге Отан үшін, халық үшін, адамзаттың бақытты болашағы үшін қаза тапқан қадірлілерін ешуақытта естен шығармайды.

Тек сол фашистермен іштей ниеттес Батыс Герман империалистері ғана қазір қимасы қышып, соғыс қылмыстыларына кешірім жасамақ болады. Онымен тұрмай неміс фашистерінің қайтадан бас көтеруіне жағдай жасап отыр. Мұның өзі қылмыс үстіне қылмыс екенін олар біле тұра білгісі келмейді...

Өткен жиырма төрт жыл ішінде еліміз бейбітшілік жағдайда өмір сүріп, коммунистік құрылыстың ұлы міндеттеріне жұмылуына байланысты совет әдебиеті де осы міндеттерге ден қоюы тиіс болды. Бірақ жаңа міндеттерге ойысумен, соғыс тақырыбы әдебиетте тоғарылып қалды ма? Жоқ! Олай болуы мүмкін де емес еді. Соғыс біткеннен кейін соғыс тақырыбы тоғарылмағаны былай тұрсын, қайта жаңа өріс алып, дами түсті. Соғыс тұсында жедел жазылып жарық көрген шағын шығармалардың орнына енді көлемді, қомақты, кең тынысты шығармалар туа бастады. Бұл бүкіл жер жүзін тітіреткен таудай биік, мұхиттай байтақ та терең оқиғаны көркем әдебиетте байсалдырақ тану талабының жемісі еді. Осы талаптың құнарлы жемісі ретінде кеше майданда болып оралған қазақ ақындарының жаңа өлең-поэмалары мен

прозада Ғ. Мүсреповтың «Қазақ батыры» повесті пайда болды.

Соғыс қарсаңында тұңғыш шығармаларымен көрініп, бірақ таланттарының барлық қырын ашып танылмаған Қ. Бекхожин, Ә. Сәрсенбаев, К. Аманжолов, Д. Әбілев, С. Сейітов сықылды ақындар майданда қан кешіп, жан кешіп жүріп, рухани кемелденді де поэзияға жауынгерлік, патриоттық лириканы жетілдірген еді. Ал Х. Ерғалиев, С. Мәуленов, Ж. Молдағалиев, М. Әлімбаев сықылды бұрын есімі естілмеген жас ақындар да сол Отан соғысының қан майданында жүріп жорық жырларымен алғаш көзге түскен болатын. Енді соғыс жеңіспен тынып, еліміз бейбітшілік өмірге ойысқан шақта майдан ақындарының қай-қайсысы болғанмен күрес рухын бәсеңдетпей, поэзияда Отан соғысы тақырыбы мен жаңа коммунистік құрылыс тақырыбын қатар алып жүргенін көресіз. Қатар болғанда, ажыраңқы емес, өзара астасқан сабақтас, сарындас қатарлық. Мұның айқын мысалын Хамит Ерғалиевтің қырқыншы-елуінші жылдардағы поэмаларынан табамыз. «Әке сыры» поэмасы Отан қорғау мақсатына қан майданда өмірін құрбан еткен әкенің баласына бағыштаған адамгершілік, ерлік, патриоттық дәстүрін жырласа; бейбітшілік жағдайда сол дәстүрдің еңбек майданына ауысқанын «Біздің ауылдың қызы», «Үлкен жолда» поэмалары рухани байланыста алып суреттейді. Сырбай Мәуленов пен Мұзафар Әлімбаевтың лирикалық өлеңдерінің жүрек тебрентер күші мен жігері де Отан соғысы туғызған асыл сезімдердің тұрақталып, совет адамының түбегейлі қасиеті болып алғандығында. Соғыста қаһармандықпен қаза тапқан Абдолла Жұмағалиев ақынды көп жылдар өткен соң еске алып «Кетпейді аты көңілімнен» деп өлең жазған Сырбай «кетті ол жалғап өлімімен нәзіктік пен батырлықты» дейді. Сол Абдоллалар жүзеге асырған батырлықты бүгінгі ұрпаққа үлгі етіп ұсыну — қазіргі қазақ поэзиясының Отан соғысы тақырыбына байланысты ұстаған творчестволық принципі.

Қазақ прозасында тұңғыш пайда болып, маңызды роль атқарған «Қазақ батыры» повестінің алғаш көңілдегідей сәтті шықпауының екі түрлі себебін айтуымыз керек: біріншіден, қазақ әдебиетінде әсіресе прозада бұрын әскери тақырыпта қалыптасқан бай дәстүрдің болмауы, екіншіден, жазушының майдан өмірін өз көзімен

көріп білмеуі. Әрине, соның өзінде көркем сөз шебері Ғ. Мүсрепов повестінде бірсыпыра көріністерді көркем, тартымды етіп суреттей алған, әсіресе оның бас қаһарманы Қайырғалидың соғысқа дейінгі өмірі өте әдемі және нанымды көрсетілген. Алайда әуелгі вариантында повесть әскери тақырыпты еркін игере алған жоқ. Бірнеше жыл өткеннен кейін автор орыс совет әдебиетінің Отан соғысы тақырыбына жазылған туындыларының тәжірибесін және жұртшылық сынын есепке ала отырып повестіне қайта оралып, негізінен оны қайта жазып шыққанын білеміз. Соның нәтижесінде шығарма енді романдық көлем, сипат алып, көп жөнделген, өңделген, сөйтіп ол Отан соғысы туралы кезінде тәуір туындылардың қатарына қосылды. «Қазақ солдаты» деген жана атпен шыққан қазақ романы орысшаға аударылып, одан шет тілдерге аударылып бүкіл Одақ оқушыларынан және шетел оқушыларынан жақсы баға алды.

«Қазақ солдаты» романында әр ұлттың жауынгерлері мақсат-тілек, мінез-қылықтары жарасып, ұрыста керемет ерлік, табандылық және саналы бірлік көрсетеді. Осы жайды жазушы көрегендікпен, көркем шеберлікпен көзге елестете алған. Майданда, тар, қысылшаң жағдайда шындалып, жарқын сипат танытқан бұл қасиет әлденендей адамдардың әлдеқалай тіл табуы емес, мұның ар жағында совет халықтарының ұлы достығы, интернационалдық сезімі тұрғанына кәміл сенесіз. Ғ. Мүсрепов суреттеген совет патриоттарының асыл қасиеттерінің негізінде көп ұлтты совет халқының Социалистік Отанына деген ұлы сүйіспеншілік сезімі жатқанына көзіңіз жетеді, соған жүрегіңізбен иланасыз. Көп қаһармандарының ортасында айрықша айқын да саңлақ жасалған образ қазақ жігіті Қайрош образы, әрине. Бұл образ қазақ халқының Отан соғысына қатысып, өзінің ерлік тұлғасын танытқан тарихи ролін көрнекті бір қырынан бейнелерлік образ болып шыққан. «Бір қырынан» деген сөзді біз бұл жерде әдейі айтып отырмыз, өйткені Отан соғысы оқиғасының және онда бастан-аяқ барлық жан-тәнімен қан кешіп қатысқан қазақ халқының айтылмаған, көрсетілмеген сыры мен қыры әлі де ұшан-теңіз еді. «Қазақ солдатында» ұрыс суреттерінен гөрі, қанша дегенмен, бейбітшілік жағдай көріністері көркемірек те нанымдырақ шыққан. Оның себебі — жазушының тіпті майдан атаулының маңына барып көрмеуі болуға тиіс. Шынын-

да жазушы қандай шебер болса да, объект етіп алған өмір саласын өз көзімен көріп, өз басынан өткермесе, оның шығармасында не сырттан пішкен схема, не оймен қиыстырған детектив күш алып тұрады. Осының сілтесі талантты жазылған «Қазақ солдаттының» айғақтылығы мен көркем нанымдылығына тимей қалған жоқ. Бірақ қалай десек те бұл кітаптың бейтаныс тақырыпқа прозада тұңғыш жазылып, тыңға жол салған бастамалық ролін ештеңе кеміте алмайды. «Қазақ солдаттына» ілесе шыққан жас жазушы Ә. Нұрпейісовтың «Курляндия» (кейін «Күткен күн» деген атпен жөнделіп қайта шыққан) романы, Бауыржан Момышұлының мемуарлық кітаптары («Бір түннің оқиғасы», «Москва үшін шайқас», «Жонарқа», «Ұстаз», «Панфилов»), Мәлік Ғабдуллиннің очерктері, Тахауи Ахтановтың «Қаһарлы күндер» атты романы, Сәуірбек Бакбергеновтің «Талғат» атты повесті, беріректе жарияланған Қ. Қайсеновтың, Ә. Шәриповтың, Т. Жангелдиннің документалдық, А. Лекеровтың әңгімелері — мұның бәрі күрделі тақырыпқа тұс-тұсынан, жан-жағынан келіп игерген және сол арқылы қазақ әдебиетіндегі әскери әдебиет саласын едәуір дамытқан туындылар. Бұлар, сөз жоқ, қазақ әдебиетінің тың саладағы жаңалықты табыстары. Осы аталған туындылардың әрқайсысына жекелеп тоқтап, толық талдап жатуды мақала көлемі көтермейді.

Әйткенмен бұларды жинақтап тұтас алып қарағанда, Ұлы Отан соғысы тақырыбын игеру ісіне осылар не қосты, әлі де неміз жетпей жатыр, неге көңіл аударып, күш салуымыз керек деген сұраққа жауап беруге тиіспіз. Ә. Нұрпейісовтің тұңғыш кітабы «Күткен күн» боп жөнделгеннен кейін «Курляндияның» біраз кемшіліктерінен арылған. Композициясы ширап, негізгі образдары шыңдала түскен. Әсіресе кейіпкерлерінің ұрыста жүрсе де өздерінің адамдық мінез-құлық, сана-сезімдерімен көрінуі жас жазушының психологизмге, адамның ішкі дүниесіне ойысқан жемісті талабын аңғартқандай. Алайда жас автордың қаламында әлі кібіртік бар — совет жауынгерінің рухани биіктігін көзге елестетерлік сом тұлғалы образ, терең характер шықпаған. Добрушиндердің «махаббат машақатының» тасасында ең қымбат патриоттық сезім көмескі тартып қалған тәрізді.

Қазақ жерінде құралған және Москва түбінде дүние жүзін таң қалдырып, қаһармандық қайрат көрсеткен

8-гвардиялық дивизия, оның даңқты генералы Панфилов, лейтенанттан полковник дәрежесіне, батальон командирінен дивизия командирінің биігіне көтерілген қазақ жауынгері Бауыржан Момышұлы, Совет Одағының батыры атағын алған қазақтың жас ғалым-жазушысы Мәлік Ғабдуллин, атақты политрук Василий Клочков тағы басқа талай даңқты солдаттар мен командирлер көптеген шығармалардың не тура геройы ролінде, не анық прототипі ретінде алынғанын білеміз.

Орыс жазушысы Александр Бектің («Арпалыс», «Волоколамское шоссе») кітабының бас геройы — даңқты гвардия полковнигі Бауыржан Момышұлы. А. Бек пен Б. Момышұлының творчестволық бірлестігінен А. Бектің әдеби шеберлігі мен Б. Момышұлының майдан шындығынан алынып сұрыпталған бай материалдары ұштасып өте құнды, көркем сапалы шығарма пайда болды. Сондай-ақ Бауыржан Момышұлы кейін өзі жазып, бірнеше кітап шығарғанда, басынан кешкен, көзімен көрген оқиғаларды, бірге жүрген адамдарды сол көрген, білген күйінде айнытпай, бұлжытпай есте қалдыру мақсатын көздепті. Мұны Бауыржанның өзі көп жерде ашық айтып отырады. Әдебиетшілік әдіс пен қиялға жол беріп, болмысты өзгертіп алуға правом жоқ дейді ол. Өз жазғандарын ол болашақ әдебиеттің туындыларына тек материал ғана деп біледі. Сондықтан да Бауыржанның кітаптарында творчестволық қиялмен әдейі жинақтап, ірілендірген әдеби образдар жоқ — документтік шыншылдық, дәлме-дәлдік бар. Алайда Бауыржан жаман мағнасындағы фотограф емес, натуралист те емес. Ол табиғатында суретші. Оның суреткерлік көзі өзі білетін әскери өмірдің мол фактілерін, жауынгерлердің адамдық қасиеттерін електен өткізіп, сұрыптай біледі, маңыздысын маңызсызынан, шын дәнін қауызынан ажырата біледі. Сол себепті Бауыржан кітаптары әдеби образ жасау мақсатын дербес мақсат етіп қоймағанмен, суреткер елегінен екшеліп шыққан құбылыстар онда өзінен-өзі типтік сипат алады. Бауыржанның баяндауында осындай типтік сипат алған Панфилов, Курганов, Клочков, Кирсанов, Гарипов, Толстунов, Исламқұлов, Угрюмов, Краев, Бозжанов, Рахимов, Капровтардың образдары оқушыға үлкен эстетикалық әсер беретін әдеби образдар болып шыққан.

Осы Бауыржан баяндаған Панфилов дивизиясының Москва түбінде шайқасқан шындық оқиғаларының негізінде жас қазақ прозаигі Тахауи Ахтанов «Қаһарлы күндер» атты роман жазды. Мұнда ол әлеуметтік көркем роман жанрының шарттарын берік сақтай отырып, белгілі прототиптерден шынайы әдеби образдар жасау мақсатын алға қойған. Бұл мақсатын жазушы өз кезінде ойдағыдай орындап шыққан. Кезегі келгенде айта кету керек, «Қазақ солдаты» мен «Арпалыс» секілді «Қаһарлы күндер» де шетел тілдеріне аударылып, тәуір бағаланды.

«Қазақ солдатынан», «Қаһарлы күндердің» көзге түсерлік бір айырмасы мынау: Тахауидың романында біреу емес, бірнеше қазақ жауынгерлерінің образдары бар. Олар: батальон командирі Мұрат Арыстанов, рота командирі Уәли Молдабаев, взвод командирі Ержан Қайсаров, солдаттардан Кәкібай, Қартбай, Көжек, Дәурен, Дулағ т. б. Оның үстіне Раушан, Күләнда сықылды қазақ қыздары да жүр. Бұлардың бәрінің азды-көпті өмірбаяндық материалы берілген, соған байланысты тылда жүрген де бірсыпыра адамдардың бейнелері көрініп қалады (Дербісалы, Айша, Хадиша, Құдайбергенов, Білеубай т. б.) Бәрінің жиынтығында келіп, майдан өмірімен қатар тылдан да, бейбітшілік кездерден де кейбір мәліметтер алынып, көптеген адамдар тағдыры туралы тұтас әсер туады, сонымен бірге қазақ халқының Ұлы Отан соғысына ат салысуы мұнда әрқилы геройлар арқылы кеңірек шеңберде көрсетіледі.

Қазақ жауынгерлерінің ішінде автордың көңілін көбірек аударған негізгі геройлар — Ержан, Мұрат, Уәли, Раушан, Көжек образдары — әрқайсының өзіне тән ерекшеліктерімен дараланып алынған. Ержан — жас, адал, тәжірибесіз, бірақ талапты, намысшыл, туған жерін қалтқысыз сүйетін, қаблетті жігіт; Мұрат — Ержаннан гөрі тәжірибесі мол, білімді, талантты, бірақ мінезі тік, турашыл, тапқыр да табанды жігіт; Уәли — оқымысты, айлалы, бірақ өзімшіл, аяр, қара басының қамын қоғам мүддесінен жоғары қоятын ала аяқ жігіт; Көжек болса қой аузынан шөп алмайтын момын, жуас, қатын-баласын шексіз сүйетін, мейлінше адал, қарапайым, бірақ сауатсыз, аңқау кісі. Раушан орта мектепті жаңа ғана бітірген, уыздай таза, мінезі ашық, сәл албырттау, ақ жарқын жас қыз. Геройлардың осы характерлі сипатта-



ры майдан жағдайында өрби, айқындала келе, өзара орайласа, қақтығыса келе, совет жауынгерлері мен командирлерінің қалыптасу, өсу жолын анықтайды. Мұратты полк командирлігіне көтерген, Ержан мен Раушанды бір рет жасаған қателіктерін жөндету арқылы саналы ерлікке жеткізген, Уәлиді опасыздыққа ұрындырған — сол қан майдан шайқаста характер дамуының логикалық заңды жолы. Романда бұл мәселенің психологиялық шешімі дұрыс белгіленген. Бірақ мұнда сезілетін үлкен бір олқылық — орыс, қазақ адамдарының ортасында бірде-біреуінің үздік көзге түсіп, көңіл аудармауы, бірде-біреуінің характері ала-бөтен терең ашылып, образы сомдалып, Алексей Мересьев, Андрей Соколов, Олег Кошевой сияқты кесек тұлғасымен жарқырап көрінбеуі. Осылай болуға тиіс те мүмкін деген генерал Парфенов болсын, комбат Мұрат болсын, политрук В. Кусков болсын, комвзвод Ержан болсын — автордың өз сөзімен айтқанда, қалайыдан жасалған сықылды, оншама салмақты емес, және қиыннан қиыстырмай біртүрлі оңай иген, оңай илеген нәрсе тәрізді әсер туғызады. Бұл тек «Қаһарлы күндерге» ғана емес, қазақ тіліндегі барлық әскери романдарға хас олқылық. Оның себебіне кейінірек тоқталамыз.

Қазір тағы бір атай өтетін табысымыз — ол жау тылында партизан отрядтарында болып, ерлік көрсетіп, үлкен абройға ие болған Қасым Қайсенов, Әди Шәрипов сықылды атақты адамдардың жазған повестері. Қызық оқылатын және нағыз шындықтан алынып жазылған бұл кітаптарда материалының байлығын, фактыларының құндылығын былай қойғанда, суреттелген оқиғаларға өздері белсене қатысқан авторлардың — геройлардың тамаша образдары жүрекке айрықша ыстық.

Әрине, бұл авторлар мәселені суреткерге қойылатын талап тұрғысынан алуды мақсат етпеген. Сол себепті материалды творчестволық қиялмен қорытып, фактыларды сұрыптау, образдарды типтендіруден гөрі, өз көрген-білгендерін, бастан кешіргендерін айнытпай, бұлжытпай әңгімелеп беру мақсаты басым болған сияқты. Сондықтан да мұнда адамдардың рухани дүниесі, жан құбылысы нәзік те терең ашыла бермей, динамикалы іс-әрекет, қимыл жағы жақсы баяндалады. Ғажап оқиғаларға толы партизандық өмірдің суреттері көбіне-көп қатерлі, кездейсоқ, қызық эпизодтарға құрылатыны бір жөнде

табиғи заңды да. Және мұндай әскери-мемуарлық кітаптардың орны, құны бөлек.

Әйткенмен, осындай бай, қызық оқиғалар, ерлік әрекеттер баяндалғанда суреткерлік шарттар алда тұрса, шығарманың дүние танытқыш, тәрбиелік, эстетикалық құны арта түсер еді. Рас, Қ. Қайсенов пен Ә. Шәриповтың кітаптарында көркемдіктің көптеген компоненттері бар. Табиғат көрінісі, адам портреті, драмалық диалог, әрқилы толғаныс, тебреніс — мұның бәрі жеткілікті. Кемістік тек образдар жүйесінде, характерлердің жете сомдалмауында, терең ашылмауында.

Бірақ бұл осы аталған партизандық повестердің ғана кемістігі емес, азды-көпті түрінде бүкіл Отан соғысы атаулы тақырыпқа жазған шығармалардың ден көпшілігіне тән кемістік.

Ұлы Отан соғысы тақырыбына өткен жиырма үш жыл ішінде қазақ әдебиетінде жиырмаға тарта кітап шығыпты, отызға тарта кітап басқа тілдерден қазақ тіліне аударылыпты. Бұл аз табыс, оңай олжа емес. Ал бірақ бүгінгі таңдағы өскелең талап пен қажеттікті есепке алсақ, мұны біз қанағат тұта алмаймыз. Әңгіме шыққан кітаптардың санында ғана емес, әсіресе *сапасында*. Көбіне-көп сапасында.

Қазақ әдебиеті қайраткерлері Ұлы Отан соғысы сықылды таусылмас зор тақырыпты көркем игеру ісінің ХХ съезге дейінгі бір кезеңінен өтіп, қазір екінші кезеңінің үстінде ізденіп, еңбектенуде. Бірінші кезеңде олар дәстүрсіздік қиындығын бастан кешіріп, алдыңғы қатардағы орыс әдебиеті тәжірибесіне иек арта отырып, Ғ. Мүсреповтың «Қазақ солдаты», Т. Ахтановтың «Қаһарлы күндері», Қ. Аманжоловтың «Ақын өлімі туралы аңыз» поэмасы секілді шоқтықты шығармалар туғызды. Екінші кезең майданға қатысқан жазушылардың мемуарлық шығармалардың соғыс шындығын танытып, тәрбие берерлік дербес мәні өз алдына бір сүре де, оның үстіне бұлардың болашақ ірі көркем туындыларға материал ретінде тиетін пайдасы тағы зор. Екі жыл бұрын «Социалистік Қазақстан» газетінің бетінде гвардия полковнигі жазушы Бауыржан Момышұлының хаты жарияланды. Содан былай осы хатқа жедел үн қосқан қалың жұртшылық елімізді жеңіске жеткізген қыруар ерлерді еске түсіріп, көл-көсір материалдар жинасуға жұмылуда. Бұл істің де әдебиетіміздің болашақ дамуына тигізер пайда,

көмегі орасан көп. Ал енді әдебиетіміздің бүгінге дейінгі табыстарын таразыға салып, салмақтай отырып, дәл қазіргі кезек күттірмейтін міндетін сөз етсек, алдымен соғыс шындығын барлық жанрда *жаңадан терең толғайтын* жоғары идеялы, көркем сапалы туындылар жасау туралы баса айту қажет. Міндеттің мол қамтылу мақсатын көздегенде, халқымызды жеңіс даңқына бөлеген сан-сан батырлары туралы жаңа шығармалар жазылуы керек. Ол бір. Екіншіден, бұрын асығыс, үстірт, сәтсіз жырланған Әлия Молдағұлова, Мәншүк Мәметова сықылды қазақтың батыр қыздары, Төлеген Тоқтаров, Мұсабек Сеңгірбаев, Нұрсұлтан Есболатов сықылды батыр ұлдары туралы игі тақырыпқа қайта оралып, олардың асқар тұлғаларына сай асқаралы образдар жасалуы керек. Бұл тұста да біздің жазушыларымыз орыс әдебиетінің озық тәжірибесіне арқа сүйеген жөн дер едік. Мысалы Константин Симоновтың соңғы жылдары жарық көрген «Тірілер мен өлілер», «Солдат боп тумайды» деген романдары соғыс тақырыбын шын мағнасында жаңаша және терең танып толғаған туындылар деп білеміз. Ендеше осы туындылардан неге үйренбеске!

«Қазақ солдаты», «Қаһарлы күндер» сықылды шығармалар әдебиетіміздің даму дәрежесінің бір кезеңін сипаттайтын кезіндегі жоталы шығармалар болғанмен, оның амал-тәсілдері бұдан былайғы шығармаларда дәстүр ретінде ғана ескеріледі, енді олардың қайталануы мүмкін емес. Ол — ол. Оның үстіне бұл шығармалардың жоғарыда аталған олқылықтарын да ұмытуға болмайды. Оларды қорытып айтқанда мынадай еді: Ұлы Отан соғысының күрделі шындығы бір ғана қайшылықтың ішінде алынатын-ды. Сол себепті тартыс желісі де бірыңғай жаумен шайқасқан ұрыс шебіне құрылатын да, ішкі өмір, ондағы қайшылық, қате, қиындықтар көрінбейтін, ұрыстағы жеңіліс пен жеңістің терең себептері терең ашылмайтын, тұйыққа тірелген, тұтқынға түскен адам тағдыры тасада қалып, үлкен трагедиялық образдар жасалмайтын, сондықтан да образдар мен характерлер іріленіп, көз тартып, көңілге терең ұяламайтын, көбі біркелкі шығатын. Мысалы, Қайрош, Мұрат, Ержан, Көжек образдары қаншама сәтті шыққан образдар дегенмен солардың бәрінде біртүрлі біркелкілік сезілетін. Жұртқа сынақ боп табылған трагедиялы оқиғалар әскери тақырыпқа жазылға шығармаларда мүлдем ұшырас-

пайды. Мысалы, Рейхстагқа бірінші жадау байлаған Рахымжан Қошқарбаев туралы көп жазамыз да, бірақ оның бұған дейін бастан кешкен өмір жолы туралы ештеңе демейміз. Геройдың тағдыры, характері үшін бұл еңбір мағнасыз жай ма?! Міне бұл бір кездегі әдебиетте ауырдың асты, жеңілдің үстімен жүріп, шындықты жеңілдетіп суреттеуден қалған дәстүр.

Әлбетте, бұл кемшілік ол кездегі жазушыларымыздың кінәсі емес, тек қоғам өміріндегі қайшылық, қиындықтар туралы, уақытша орын тепкен жаңсақ ұғымның сілтесі болатын. Ендігі шығармалар сол сілтелерден арылған және жиырма жыл бұрынғы соғыс шындығы туралы ең соңғы, ең дұрыс, шын партиялық түсінікке сәйкес жазылған болуы керек. Бізге ендігі жерде Ұлы Отан соғысының характерін, табиғатын, сыр-сипатын, себеп, салдарын ашып үлкен панорамаға түсіретін философиялық өресі биік туынды қажет. ХХ съезден кейін жазылған М. Шолоховтың «Адам тағдыры», Қ. Симоновтың қос романы, А. Калининнің «Соғыс жаңғырығы» атты повесті, М. Бажанның «Боран арқылы ұшу» атты поэмасы, А. Чухрай жасаған «Ашық аспан» атты фильмі соғыс тақырыбына жаңа барлау жүргізіп, жақсы үлгі салған шығармалар.

Зеин Шашкиннің «Теміртау» романында жараланып тұтқынға түскен коммунист Асқардың образы бар. Бұл біздің әдебиетімізде сонылығы жөнінен жаңалықты образ.

Тұтқында қанша қиямет қиындар, азап көрсе де Асқар өзінің ерлігін жоғалтпайды. Отанға, халқына, партияға деген сенімін, сүйіспеншілігін көзінің қарашығындай сақтайды. Оның өз басының тірлігі ғана емес, партия билетінің номерін де аман алып келуі осының айғағы. Бірақ Асқар романның негізгі кейіпкері емес және көркем кемелденуі жеткен кесек образ емес, сондықтан қанша жақсы сипат қасиеттерімен танылса да эпизодтық образ болып шыққан. Әйткенмен жаңалықты бастама ретінде бұл образдың да үйренетін жайлары жоқ емес.

Т. Ахтановтың соңғы жылдары жалпы тәуір баға алған «Дала сыры» повестінде де негізгі кейіпкері Қоспанның Отан соғысы майданындағы және тұтқындағы қимыл, әрекеттері жайында бірқатар эпизодтар ұшырасады. Мұнда да Асқар образы секілді совет жауынгеріне

тән жақсы қасиеттер көрініс берген. Алайда шығарманың негізгі желісінен шегініс түрінде алып суреттеген үздік-үздік эпизодтар қазақ солдатының сом тұлғалы образын жасау үшін олқылық еткен.

Сөз болып отырған тақырып бойынша жазушының да, жалпы қазақ прозасының да жаңалықты табысы деп С. Бакбергеновтың, «Қарға тамған қан» деген кітабын айтар едік. Бұл жазушы бұрын да Талғат Бигелдинов туралы повесть жазып, соғыс тақырыбына қалам тартқаны белгілі. Бұл оның осы салада алғашқы тәжрибесі бола тұра, автордың майдан өмірінен хабардар, қаламы төселе бастаған қаблетті жазушы екенін аңғартқан болатын. Бірақ сонымен бірге онда факт қуу, шын болған оқиғаның шеңберінен шыға алмау, терең философиялық, көркемдік тұжырым жасауға жетпеу секілді қиялдау тапшылығы бой көрсеткен еді. Ал мына «Қарға тамған қанда» автор қаламы бұрынғыдан гөрі төселе түскен, факты қуудан гөрі образ сомдау, характер шыңдау мақсатына ойыса түскен. Рас, әңгіме бұрынғы журналист, қазіргі аға лейтенант Досовтың атынан айтылатындықтан ба, баяндауында журналистік очерктің тәсілі бой көрсетеді. Негізгі геройы Нәлқараның образын автор шығарманың өнбойында көрсетудің орнына өз сөзімен былай түйеді: «Бірақ оның сыры мәлім емес, мінезі, әдет-салты маған көптен белгілі. Нәлқара байыпты адам. Қорқақ емес, өжет. Сасқалаң емес, сабыры мол. Жасы елуді алқымдап қалған. Осы күнге дейін шылым тартқан, арақ ішкен емес екен. Оғаш-мінезі жоқ. Өзін байсалды ұстайды. Жауынгерлік міндетін жақсы біледі. Жақсы атқарады. Әңгімеге де құмар адам емес-ті. Бірақ, айтамын деп айта алмай жүрген сыры барын бүгін байқатты. Өзі ән салады, әдемі де мұндылау қоңыр дауысы бар. Бәрінен бұрын атқыштығы тамаша. Дүрбісіз, жай мылтықтың өзімен-ақ кәдімгі атақты мергендерше атады». Оның үстіне шығармада динамикалық даму жолымен өрбіген оқиға желісі жоқ. Журналистің көрген, білген, естіген жайларынан жасалған эпизодтар автордың және геройдың әңгімелерімен өрілген. Осыған қарағанда, кітаптың жанрын роман-новелла деуден де роман-очеркке жатқызған жөн сияқты. Ал бұлай алсақ, «Қарға тамған қанның» өз жанрында жаңалықты жақсы қасиеттерін айтуға болады. Олар мыналар: біріншіден, кітапта ұшырасатын эпизодтар мен детальдар ха-

рактер ашуға қолайлы да ұтымды логикалық байланыста алынған. Сондықтан да кітаптың негізгі кейіпкері Нәлқараның характері, жоғарыда айтқан асығыс мінездеуге қарамастан, көп қырынан ашылып, кесек образ жасауға ұтымды қызмет еткен. Нәлқараның өз аузымен баяндаған өмір баяны оның өмірдегі ұсталығы, зергерлігі, етікшілігі, мергендігі, еңбеккерлігі, еркөңілдігі майданда айқын танылған қаһармандық қимылдарымен, патриоттық шынайы сезімімен ұштаса да астаса келіп көз алдынан өткенде, қарапайым қазақ жігітінің байырғы ұлттық характері туралы, оның ерекше бір типтік көрінісі туралы нанымды түсінік, тұтас әсер береді. Екіншіден, кітап тілі жұмыр, ұғымды, жатық шыққан. Осының өзінде шығарманың тартымды оқылуының бір себебі жатыр.

Әрине, С. Бақбергеновтың бұл шығармасына әлі де жете бермейтін ішкі драматикалық байланыс пен нәзік те терең психологизм.

Совет Одағының герман фашизміне қарсы төрт жыл бойы жүргізген жойқын күресі әлемде болып көрмеген сұрапыл соғыс болғаны белгілі. Оның ерекшелігі адам шығынының, қару-жарақтардың қырғын көптігінде, ғаламаттығында ғана емес, сонымен бірге баяғы соғыстарға қарағанда майдан мен тылдың ара қатынасының айрықша айырмашылығында. Бұл айырмашылық совет тылы мен майдан мақсатының берік бірлігіне байланысты. Сол себепті Отан соғысы тақырыбына тек майдан өмірі емес, соғыс тұсындағы тыл өмірін де жатқызу мақұл. Әрине, көп кітаптарда бұл екеуі алма-кезек алынады. Алайда тыл өмірі дербес алынып та Отан соғысы тақырыбының бір саласы болуға праволы. Мысалы, Ө. Қанахинның «Дәмелі», Ж. Тілековтың «Шалғай шепте» шығармалары осы салаға жатады. Қырғыз әдебиетіндегі Шыңғыс Айтматовтың «Жәмила» повесті сықылды қазақ әдебиетінде де тылдағы қажырлы ерлік еңбекті соғыс тұсындағы патриоттық рухпен шындап суреттеген жоғары сапалы шығармалар туса қандай ғанибет!

Ұлы Отан соғысы тақырыбы ешқашан ескірмейтін, сарқылмайтын шалқар да дарқан тақырып.

Қалам қайраткерлеріміз оған әлі де көп-көп оралады. Бұл тақырыпқа арналған кең алқапты, терең айдынды көркем туындылар барлық жанрда жасала беруге тиіс. Бұл соғыстың жанға салған ғаламат жарасы да,

таудай ауыр трагедиясы да, таңғажайып тамаша жеңісі де халық жүрегiнiң түкпiрiне ұялаған, халық есiне қанды әрiптермен жазылған. Халық жүрегiн тебренткен оқиға қашан да әдебиетке таусылмас нәр беретiн қайнар бұлақ көзi ғой. Осы шындықты терең де шынайы бейнелейтiн тек тегеурiндi талант керек, партиялық дұрыс дүние тану тұрғысымен қаруланған суреткердiң ұшан-теңiз материалды еркiн кешiп, терең зерттеп, батыр барлауы керек. Сонда ғана ХХ ғасырдағы дүниежүзiлiк екiншi сұрапыл соғыс туралы философиялық және көркемдiк дәрежесi Лев Толстойдың «Соғыс және бейбiтшiлiк» эпопеясына барабар ұлы шығарма тұмақ. Туатыны анық.

## ПОЭЗИЯДАҒЫ ДӘСТҮР МЕН ЖАҢАШЫЛДЫҚ

### I

Философиялық тұрғыдан алғанда, дүниеде ештеңеден ештеңе тумайды, яки жоқтан, ғайыптан ештеңе пайда болмайды. Диалектиканың заңы бойынша ұдайы дамып, қандай да бір өзгеріп отыратын болмыс құбылыстың бұрыннан негізгі нұсқасы бар да, енді сол нұсқаның даму процесінің нәтижесінде пайда болған өзгеріс, жаңалық бар. Бірақ негізсіз, ұрықсыз, жағдайсыз ештеңе жоқ...

«Шөп те шыққан жерге шығады», «Қақ та тұрған жерге тұрады» деуде де осы іспеттес мағна болса керек.

Қашаннан болмыс өмірдің бейнелі сәулесі деп танылған поэзиялық сөз өнері де осы өмір заңдылығымен өрбіп, өркен жайып отыратынын көреміз.

Тіршілік үшін күресте әрбір халық өзіне тәжірибе алып, өмірлік тәсіл, тұрмыстық салт құратыны сықылды, өнерпаздық тәжірибе арқылы творчестволық дәстүр құрады. Өнер дамуы дегеніміз оның осы дәстүрінің дамуы, себебі өнердің негізі — ұрығы халық даналығы, халықтың рухани күш-қуаты десек, дәстүр өнер атаулы жеміс ағашының образбен айтқанда орныққан, бекіген тамырлы түбірі. Түбірдің өсіп, бұтақ салып, жапырақ, жеміс жаңартып отыруы — оның даму процесін танытады. Ал жаңалық дейтініміз сол дәстүрдің даму нәтижесінде жаңа салған жапырағы мен жемісі. Бірақ жаңаның бәрі бірдей жаңалық, жаңалықтың бәрі бірдей жақсылық емес. Басқаша айтқанда, былтырғы жемістен биылғы, биылғыдан ендігі жылғы жақсы шыға беруі міндетті шарт емес. Оның қалай шығуы ауа, су, топырақ деген сықылды толып жатқан жағдай мен себептерден тәуелді. Сондай-ақ дәстүрдің де дамып, көңілдегідей жақсы жаңалықты жеміс беруі қоғамдық жағдай, та-



лант, мәдениет сықылды көптеген факторларға байланысты. Мұны қазақ әдебиеті тарихынан анық көруге болады.

Қазақ халқының жүз жылдар бойы қорланып, шындалған бай поэзиялық творчествосының дәстүрі ХІХ ғасырдың жаңалықты жемісі ретінде Махамбет пен Абай есімдерін жарқыратты. Ал бұл екі ақынның мұрасы бұрынғы дәстүрді дамытқан жаңалық бола тұра, енді өзіндік дәстүр құрды. Бұлардың суырылып шығып көзге түсуі, әрине, заман жемісі еді. Өткен ғасырдың бірінші жартысында отаршылдықтың озбырлығына қарсы қабандаған ұлт-азаттық қозғалысы Махамбетті туғызды, ал екінші жартысында Қазақстанның тарихи-мәдени прогреске шылбыр беруі қазақ халқының басқа ұлттармен қарым-қатынасының биіктеуіне қолайлы жағдай жасады да данышпан Абайды туғызды. Сондықтан Абай әкелген жаңалық тек ауыз әдебиеті ізіндегі әлдеқалай жаңалық емес, сонымен бірге Шығыс пен Батыстың жазба әдебиеті ізіндегі, әсіресе ұлы орыс әдебиетінің дәстүріндегі үздік жаңалық еді. Сондықтан Абай құрған жаңа дәстүр де бұрынғы шағын шеңберді ұлғайтқан кең өрісті айрықша үлкен ұлттық үрдіс жасаған дәстүр болды. Туған әдебиет пен өзге елдердің озат әдебиет үлгілерін алып дамытқанда, Абай оларды талғамсыз пайдаланбаған, сын елегінен өткізіп алған. Бұл жөнінде Әуезовтің тауып айтқаны бар: «Абай өзінің ақындық мұрат-мүддесін, барлық жаңа саналы үлгісін, орыстың классик әдебиетімен байланыстыра отырып дамытты» дей келіп: «өз тұсында болған әдебиеттік ағымдардың ескісі мен жаңасын, пайдалысы мен залалдысын салалап тұрып екі айырды. Бұнысы, тек бір өз басының ақындық жолындағы ізденуі ғана емес. Жоғарыда айтылғандай, бүкіл Қазақстанның, қала берсе, бүкіл жақын шығыстың тарихтық, саясаттық халдеріне байланысты, жаңа салт-сананың ескілікті кертартпа салт-санамен алысуының айғағы еді».<sup>1</sup> Абай поэзиясында болсын немесе бүкіл қазақ әдебиетінде болсын, дәстүр мен жаңашылдық атаулы проблеманың революциядан бұрын қалай шешілгендігін түсінуі үшін М. Әуезовтің бұл пікірінің нұсқаулық мәні бар. Осы күнгі әдебиетіміздегі дәстүр мен жаңашылдық арасының диалектикасын ұғыну үшін де

<sup>1</sup> Мұхтар Әуезов «Әр жылдар ойлары» ҚМКӘБ А. 1961, 115-б.

бұл пікірдің мәні зор. Өйткені мұның өзі Лениннің мәдени мұра туралы қағидасының әдебиетке қатысты тікелей жүзеге асуы ғой.

Сонымен дәстүрдің дамып, жаңалық жасау процесі жадағай құбылыс емес, күрделі диалектикалық құбылыс, бұрынғының көнерген ескі-құсқы, керексізін, кері-тартпа зияндысын тастап, тәуірін жетілдіру, жаңартып жаңғырту процесі. Бұл процесс қашан да ескі мен жаңаның арасын ажырата біліп, жаңаны жақтау күресі арқылы тиісті нәтиже беретін қайшылықты процесс.

Мысалы: бүгінгі поэзиямыздағы дәстүр мен жаңашылдық проблемасын нақты алып қарасақ, мұның өте бір үлкен әрі күрделі тақырып екенін көреміз. Мұның үлкен идеологиялық арнаға апарып соғатын және үлкен творчестволық арнаға апарып соғатын екі жағы бар. Бұл мәселенің методологиясы партияның Программасында анық жазылған.

«Халықтық және партиялық принциптерге негізделген социалистік реализм өнерінде өмірді көркем бейнелеудегі батыл жаңалық жасау дүниежүзілік мәдениеттің барлық прогресшіл дәстүрлерін пайдаланумен және дамытумен ұштастырылады» — делінген онда. Ал осы тармақты терең ұғынып, байсалды творчестволық жолмен іске асыруға келгенде күрделі қиын-қиын мәселелер туады. Ең басты қиындық — мәселенің әлгі айтқан идеологиялық және творчестволық жақтарын бір-бірінен айырып немесе қарсы қою жағдайына байланысты. Әлемде екі дүние бір-бірімен бітіспес идеологиялық күресте тұрған шақта дәстүр мен жаңашылдық мәселесі өткір саяси проблемаға айналғанын әсте естен шығармау керек екенін партия әрдайым ескертіп келеді. Ал әдебиет ортасына келсек 1961 жылы «Вопросы литературы» журналы бетінде осы тақырыпта Гайсарьянның мақаласы шықты. Содан бері әдебиет теориясы мен сынының белгілі адамдарының көпшілігі осы журнал бетінде кең түрде пікір алысты. Мұның өзі тақырыптың өте маңызды және ат үсті іске асыра қоятын мәселе еместігінің айғағы. Егер біз осы іске тек поэтика мәселесі деп қарасақ, мұның түбіндегі ең қауіпті жағдайды дұрыс есепке алмаған болар едік. Партия өзінің XXII съезінде және басқа да документтерде бізге осы мәселенің түп-тегін көрсетіп берді. Дәстүр мен жаңашылдықты дұрыс шешпеген жағдайда зиянды формализмнің жол алатынын

ескертті. Бұған дәлел бүгінгі буржуазия әдебиетінде етек жайған формализм мен кейбір кез бізде де бой көрсеткен жеке формалистік шатпақтар.

Қай заманда болса да, искусство қалай дамуы керек, неге қызмет етуі керек, искусствоның даму заңдары қандай? деген сұрақтар эстетиканың негізгі мәселелері болып табылады. Біздің социалистік реализм өнері адам баласы жасаған көркем мәдениеттің көркейіп дамуының ең биік шыңында тұрған өнер. Сондықтан сол өткендегі адам баласы жасаған өнер табыстарын өзіміздің мирасымыз, мұрамыз деп қарайтын болсақ, оларды терең түсінбей тұрып ешуақытта жаңалыққа дұрыс қадам жасай алмаймыз.

Шынында қазіргі социалистік реализм принциптерін адам мәдениетінің өткендегі тарихынан жарып алып қарасақ, оның табиғатын, даму жолдарын ешуақытта түсінбеген болар едік.

Ендеше дәстүр мен жаңашылдық мәселесі эстетиканың үлкен саласымен сабақтас болғандықтан, оны өнердің тарихи даму заңдылықтарына бағындырып алған жөн.

Реализм — өмірдің шындығын, өмірдің шын даму заңдылықтарын терең көрсететін өнердің түбегейлі творчестволық әдісі десек, оның элементтері, ең басқы биікке жеткізген бастамалары сонау грек заманының ойшылдарының, философтарының еңбектерінде де бар. Чернышевскийдің топшылауынша, оның бер жағында маркстіл эстетиктердің түсіндіруінше, Аристотельдің тезисін терең ұқсақ, оның негізінде реализмнің үлкен дәні жатыр. Ол «Искусство это воспроизведение человеческой жизни» деген тезис. Кейін оны Аристотель «Искусство подражание природе» деп өзгертіп, табиғат деген ұғымға кең мағна береді, «адам өміріндегі» дегенді тар көріп, өнер объектісін айналаны қоршаған бүкіл жаратылыс дүниемен байланысты алған.

Адам баласының өмірі өнердің негізгі объектісі, негізгі мазмұны. Ал айналадағы дүниенің шындығы сол өмірге байланысты алынады. Осы принцип соңғы замандардың өнер жолына негізгі үлгі болды дей аламыз. Қай заман жазушыларын алсақ та, олар өткен жазушылардың жасап, тауып кеткен, қолы жеткен жемістеріне бейтарап, самарқау болған емес, оған ешбір уақытта көз жұмып қараған емес. Жаңа көркемөнер дүниесін

қалай жасау керек деген мәселені олар бұрынғы көркем мұраны біліп, игеріп алып барып шешкен; ұлы жазушылардың тәжірибесі осыны көрсетеді. Суреткерлер былай тұрсын, тіпті әдебиетші зерттеушілердің өзі өткендегі теориялық ойдың табыстарын жауып қойған жоқ, ылғи содан үйреніп келді. Аристотельдің «Поэтикасы», Горацийдің «Посланиясы», Буалонның «Трактаты», Дидро мен Лессингтің теориялық қағидалары, немістің идеалистік эстетикасы, орыстың революционер демократтары мен марксизм-ленинизм эстетикасы — мұның бәрінде де өзара байланыс, сабақтастық бар. Дәстүр тұтынушылық бар.

Әдебиетке дөрекі көзбен қараған сауаты аз адамдар, әдебиеттің ерекшеліктерін ұқпайтын дилетант адамдар әдебиеттің даму жолын тура тартқан сызық іспетті көреді. Диалектикалық заңдылықпен дамып, өсіп келе жатқан әдебиеттің қайшылығы мол тарихи жолының толып жатқан бұлаңы, бұралаңы бар екенін есепке алмайды. Кешегі өнерден бүгінгі жақсы, бүгінгіден ертеңгі жақсы болады деп қараудың өзі де сол дөрекі көзқарастың жемісі. Жалпы даму жолы сияқты, әдебиеттің де даму жолы ылғи ілгері басқанмен, нақ тұзу, және типыл жол емес. Сондықтан көркем өнердің табыстарының бәрінде өркеш-өркеш шоқы, ойпат, шегініс, қайрылыстар да бар. Көркем өнердің дамуын хронологиялық түрде ұғу әдебиеттің табиғатын жете түсінбегендіктің салдары. Әдебиеттің шынайы жаңалығы деп оның өткенде тұса да сәулетті биіктерін айтуымыз керек. Көркем өзгешелігінің өзі оның тамаша, құнды табыстардың өмір бойы өлмейтін мәңгілік табыстар екендігінде. Сондықтан да бұл табыстар түбегейлі құбылыстар ретінде ұдайы жаңалық тууына игі әсер етуін ешуақытта тыймайды. Шекспир, Бальзак, Толстой — міне осындай құбылыстар. Бір кезде Абайдан біздің Қалмақан артық деген пікір болған. Бұл, әрине, кешегіден қалай да бүгінгі артық дейтін добал ұғымның салдары еді. Көркем өнердің тарихында қоғам өмірімен төте байланыстылықтың болуы заңды, бірақ бұл төте, тікелей және жалаң байланыс емес, сатыланған күрделі байланыс. Ол — диалектиканың даму заңдылығын сақтаған шытырманды байланыс.

Маркс айтқандай, біз антика заманындағы грек өнерінің табыстарынан осы күнге дейін рахат табамыз, осы

күнге дейін біз оған сүйсінеміз. Себебі ол адамзаттың таза балалық шағы туғызған өнер. Ал, әйткенмен адамға қайтадан бала боламысың десе, ешкім көне қоймас еді ғой дейді. Әрбір дәуірдің өзі жасаған биік шоқылары бар. Оны сол кездегі адамдардың жеке даналары ғана басып өткен, кез келген адам оны баса алмаған. Қазір де Талғар шоқысын басқан альпинистеріміз ғана, оны бәріміз басқан жоқпыз. Сондай-ақ көркемдіктің де биігі бар. Ол қайталанбайды. Және оған кім көрінгеннің қолы жете де бермейді. Қаншама заман бойында қаншама дарынды адамдардың қолы жеткен көркемдік дамудың асқар биігі — реализм десек, осы реализм өнері адам баласының мәдениетін талай ғасыр бойы тамаша шығармаларымен байытты десек, енді сол реализмнен бас тартып, реализм дәстүрін мансұқ етіп отырған батыс Европа және Американың империализмінің өкілдері осы күнге дейін өздерінің жалған, формалистік өнерсымақтарын реализмнен жоғары деп дәлелдемек болады — реализм ескірді, оның заманы кетті, жаңа заман — техника заманы, прогресс заманы, атом, кибернетика заманы, осыған сай өнер туғызу керек дегенді желеу етіп, олар өнерді идеясыздыққа, формализмнің батпағына итермелейді.

Шынында да солар айтқандай ма? Жоқ. Нағыз жанашыл өнер социалистік реализм өнері. Формализм өнер атаулыға жау, жат. Ол реализмге қарсы болғандығынан ғана емес, ол сонау грек заманынан бастап дамып келе жатқан бүкіл адам баласының асыл қазнасын жоққа шығарып, өзінің мағанасыз шатпағын жаңалық деуімен де зиянды. Формализм шынайы өнер емес, Сергей Михалков айтқандай, өнердің құбылысы емес, өнердегі құбылыс.

Формализм өнерге айқаймен келмейді, мазмұн мен түрдің ажырамас бірлігін сақтамаған жерде ұрланып кіретін қырсық. Әдебиеттегі шикілік, дүмбілездік, үстірттік — мұның бәрі формализмге саңлау. Өнер мен әдебиеттің нәзік ерекшелігін, көркемдіктің ең түйінді мәселесін ұқпаған жерде (қала, қалама), формализмге соғу оп-оңай.

Көркемдіктің түйінді мәселесі дегенде әртүрлі адасушылық, түсінбеушілік бәріміздің жолымызда кездескен кедергі. Оған себеп — әдебиет тану біліміміздің және эстетикалық талғамымыздың сайыздығы еді.

Бір кез форма десе-ақ формализм болады дедік, ал — тақырыбы мен идеясы «жақсы» болса — әне сол біздікі дедік. Көркемдігі дегенді тіптен кіші-гірім мәселе көрдік. Осының өзі формализмнің отына көрінеу май құю еді. Тақырыбы мен идеясы көңілден шықса, көркемдікті қажет етпеуге болады деумен тікелей формализмге жол берілді. Тұрпайы социологизм сыңаржақтың бір көрінісі болса, формализм екінші көрініс. Екеуі шын көркем өнердің қасы. Осы сыңаржақтыққа бармау үшін, алдымен мазмұн мен түр жөнінде сөз етуіміз керек.

Балалардың төртінші, бесінші кластан бастап құлақтарына мазмұн мен түр бірлігі жөнінде құя бастаймыз. Бірақ оның бірлігі қай ретте қалай іске асады дегенге келгенде өзіміз де тайғанақтай береміз. Көп адамның ұғымында мазмұн дегеніміз ол өмір шындығынан алынған құбылыс қана. Ол көркем шығармада көркемдік түр тапқан ба, гармониялық бірлік негізінде жарасымды қиысқан ба — ол арасы есепке алынбайды.

Диалектика заңы бойынша жаңалық пен ескіліктің арасында үлкен бір меже жоқ, айқын сызып тастаған жол жоқ. Ол өмірде аралас, жымдас келеді, оның жігін ажырату қиын-ақ. Жаңалықты ескіліктен ажырату үшін диалектикалық қайшылықтарды ұғынатын адамның философиялық-эстетикалық көзқарасы керек. Бізде осы жағын жете түсінбеушілік бар. Оның үстіне өмір құбылыстарын көркемөнер саласына, шығармаға түсірген уақытта өмір шындығы мен көркем шындықтың ұқсастығы мен айырмашылығын, көркемдік түрдің бірлігін танымаушылық тағы бар. Осы реттен келіп формализмге ағат жол ашылады.

Формализмнің екінші жағы натурализм. Өмірдің шындығын көшірме түрінде алу жазушыны натурализмге ұшырататыны белгілі. Ал енді шығармадағы мазмұн мен форманың арасындағы бірліктің ерекшелігі сол — мұнда көркем өнер тілі бар, өнердің ішкі заңдылықтары бар. Өнердегі форма деген нәрсе көркем шындықпен қайнай біткен нәрсе, форма мен мазмұн деп бөліп тек шартты түрде философиялық мағнада ғана айтамыз. Тал бар да, оның қабығы мен өзегі бар, тары бар да оның қауызы мен дәні бар. Оны ажыратуға болады, ал өнерде олай емес. Асыл тастың формасын ажыратып беру қиын. Сол сияқты көркем шығармада мазмұн мен түрді ажыратамыз дегеніміз, оны өлтіреміз дегендік

дейді Белинский. Мынау мазмұн, мынау форма деп оңай ажырататын шығармалар бар. Олар жасық шығармалар. Олардың ниеті жақсы болғанмен, тілі солғын, сюжеті болбыр, шұбалаң, характері шықпаған шығармалар болады. Ал жақсы шығарманың формасы мен мазмұнын ажырату қиынның қиыны.

Белинский былай дейді:

«Когда форма есть выражение, содержание, она связана с ним так тесно, что отделить ее от содержания значит уничтожить самое содержание и наоборот: отделить содержание от формы значит уничтожить содержание».

Біз осы тас түйіндей бірлікті тәжірибеде, теорияда сақтай алмай келеміз. Бірақ осы сақталмаған жерде формализмнің отына май құйған болып табыламыз.

Социалистік реализм өткендегі адам баласының көркем мәдениет жасаған тәжірибесінен, эстетиктер жасаған теориялық пікірлерден бас тартпайды, қайта оларды дамыта түсу үшін, бұдан былай да өсе түсуі үшін творчестволық ретпен мол пайдаланады. Әдебиет пен заман арасының байланысын жадағай танып дөкірлікке түсу — диалектикадан бас тарту. Революцияның алғашқы жылдары пролеткультшілдер өткен заман мәдениеті өткен заманмен бірге кетті, жаңа пролетариат диктатурасы дәуірінде тыңнан пролетариат мәдениетін жасаймыз деп даурыққанда Ленин не айтып еді? Біз жаңа мәдениетті өткендегі адам баласының мәдени мұрасын толық меңгеру арқылы жасаймыз деген.

Лев Толстой туралы мақалаларында В. И. Ленин ұлы жазушының адамзаттың көркемдік дамуына қосқан үлесін сөз етеді. Осы көркемдік даму туралы Маркс пен Энгельстің еңбектерінде де көп кездеседі. Ендеше көркемдік дамудың заңдылығына дін қойып, оның барлық кезеңдері бір-бірімен жалғаса отырып ілгері басытынын мойындау керек. Бұл процесті қоғам өміріндегі саяси және әлеуметтік салалардың дамуына алып барып түп-тура бағындыра салуға болмайды. Мұнда, жоғарыда айтқандай диалектикалық даму заңының ерекше көрінісі бар. Бұл заң бойынша санның сапаға айналуына белгілі уақыт керек. Әуелі сан жөнінен іркілік болады да, содан кейін ол секіру арқылы сапаға айналады. Оның заты сол болғанмен, енді сапасы басқа құбылыс.

Міне осыны көркемдік дамудың заңына қолданған

уақытта оны өте нәзік ұғыну керек. Кеше он бір буын бар еді, енді ол жойылу керек деген ешқандай заңдылыққа сыймайды.

Біздің ата-бабаларымыз жасаған көркемөнердің, мәдениеттің жақсы жақтарын (жақсы үрдістерін) пайдалана отырып жаңа жол табу керек. Ол жаңа форма ғана емес. Форма дегеннен мәселенің мазмұнын бөліп алуға болмайды дедік. Олай болса жаңа форма табу дегеніміз әлденендей өлшем, ұйқас табу ғана емес, жаңа теңеу жасау да емес. Форма жасайтын компоненттердің бірін тауып алып та оңай форма жасалмайды. Форма деген ұғымды заттық форма яки мазмұнды форма деп кең мағнасында алсақ ол көркемдік компоненттердің мазмұннан ажырамас тұтастығынан туады. Жаңалық «көйлекшең» депті Мұстай Қарим. Біз көркемөнерде жаңалық туғызғанда, жаңа мазмұн мен форманың бірлігінің жаңалығын жасауымыз керек. Сол форманың жаңа мазмұнымен қиысқан бірлігін жасау жөнінде суреткерлеріміздің тынбай жаңалық ізденуіне, еңбектенуіне жәрдемдесуіміз керек. Жаңалық жасау процесі неден басталады? Ең алдымен өмірдегі жаңалық құбылыстарды тани, жіті көре білуден басталады. Бұл өмір шындығының революциялық даму заңын білгеннің ғана қолынан келетін іс. Осы заңдылықты дұрыс түсінген жазушы ғана өмірдің тілегін, талабын біледі, сол өмірдің туғызған мазмұны мен формасының тұтастығын жасай алады. Еңбексіз жеміс тумайды. Үлкен жазушылардың тәжірибесін алып қарасақ олар ешуақытта бірыңғай форма қуған емес. Өмірді жаңаша ұғынған, жаңа заманның талап, тілегін ұғынған. Содан барып қажет болған өнер формасы өзінің жаңалықты мазмұнымен бірге туған.

Бұл мәселенің методология жағына көп тоқтамаймын. Лев Толстой жаңалықты қалай жасау туралы өз ойын қарапайым түрде өте жақсы айтқан ғой. Ол былай деген: «Дұрыс жол мынау — өзіңнен бұрынғыларды игер де, одан әрі қарай кет». Бізде біреулер бұрынғыны игермей тұрып-ақ жаңалық тапқысы келеді. Олай бола ма? Біз осыған байланысты «Қазақ әдебиеті» газетінің бетінде «Жаңалық па, жаңа былық па» делінген мақала жазуға мәжбүр болдық. Бұған себеп: бір жағынан кейбіреулер поэзияда жаңалық деген желеумен парықсыз эксперименттер жасап, қазақ тілі өлең құрылысының нормасын бұзушылығы болса, екінші жағынан, енді бі-



реулердің газет бетінде қазақ поэзиясының негізіне қарсы бейбастақтық мақала, өлеңдер жариялауы болды.

Олар дәстүр мен жаңашылдық проблемасын мансұқпен мазаққа айналдырды. Біреуі былай жазды: «жаңаның аты жаңа, ескінің аты ескі. Ескіні қанша мақтағанмен жаңа болмайды... Біреулер арғысы Абай, бергісі Сәкенді үлгі тұтады. Солардан үйренейік, солар қолданған түрлерді пайдаланайық дейді... Қазір тек соларды қайта жаңғыртып қолдансақ, түр кенделігінен құтыла қоямыз деу шалғай түсінік» деп түйеді. Өстіп келіп «жаңашыл» сыншы қара өлең, жыр өлең түрлерін заманы өткен, күні біткен түрлер дегенге сайып, мынадай қорытындыға тоқтайды: «Планета үстінде нелер ұлы оқиғалар болып жатыр. Олар қазақтың қара өлеңіне сыймайды. Оларды жаңаша жырлау қажет». Былай қарағанда, жаңа заманды: «жаңаша жырлау қажет» дегенге кім қарсы болар еді?! Дұрыс-ақ сияқты. Бірақ барлық әңгіме осы жаңашылдықты «қисыншының» қалай түсінуінде. Біріншіден, ол поэзиядағы форма мәселесін тек буын санына байланысты деп біледі. Сондықтан ол қазақтың бұрынғы өлең құрылысына соғыс жариялайды. Екіншіден, поэзиядағы өзгеріс, жаңалық атаулыны ол киімнің, моданың өзгеруіне теңестіріп, поэзияның ерекшелігінен ештеңе қалдырмайды. «Мезгіл өтті. Тар балақ келді. Байқасақ көшені сыпырып жүруден құтылыппыз. Ши барқыт күртешені тастап, түрлі түсті тор көзді көйлек кие бастадық. Қара костюм мен көйлек те жараса кетті. Жалпайған аяқ киім орнына тұмсығы сүп-сүйір туфлилер кидік... Демек, әдебиеттегі түр де өмір бойы кең балақ шалбармен қалмайды». Қазақ поэзиясының бұрын-соңды қалыптасқан өлең түрлерін кең балақ шалбарға, жалпайған аяқ киімге балап, «тонын отқа салғалы» жүрген «жаңашылдың» іс жүзінде ұсынған «жаңалығын», «тар балақ», «сүйір тұмсық» өлеңі мына секілді:

Шуақтап жүрмін,  
Шуақтап тұрмын,  
Шуақтап отырмын  
Шуақтап жатырмын.  
Тек қана кемпір мен шал емес  
Сүйемін мен де күн шуақты.  
Күншуақ! Күшіңнен  
Мұз таулар кесілген  
Еріп кетті де шипалы су ақты.  
Топырақ жайқала жөнелді  
Тас та көгерді.

Жаңалық па осы? Иә, жаңалық. Қандай жаңалық? Өлең бұзар жаңалық. Не ырғақ, екпін бірлігі жоқ, не буын, ұйқас бірлігі жоқ, ешқандай тәртіп, интонациялық бүтіндік жоқ шым-шытырық сөздер мен жолдардың тіркесі. Ал осы автордың айта беретін буын санын алсақ, осы титімдей үзіндінің өзі төрт буын, тоғыз, сегіз, алты, он бір, бес буын жолдардың сапырылысқан тізбегі болып шыққан. Мұндай «өлең» жаңалығы ешкімге керегі жоқ, әрине. Тағы бір «жаңашыл» ақын бұдан да сорақы кесім айтқан. Барлық «бәлені» ол он бір буынның басына жауып, өзінің барлық бейбастақ балағаттау сөздерін, уыт, зәрін «сорлы» он бір буынға төгіп баққан. Одан: «Он бір буын омыртқаң кетсін сынып», «көнесің», «қақбассың», «не саламын беліңе шойырылған», «егіз бала көтерген әйел сындысың», «ал бұзамын, сызамын» деген сияқты жекірулер табасыз.

Ал енді осы бір буын туралы. Бұл — қазақ поэзиясының қашаннан келе жатқан байырғы өлең құрылысы. Қазақ халқының тарихи трагедиясын жырлаған «Елімай» өнінің сөзі де он бір буынмен айтылған. Абайдың көп керемет өлеңдері осы он бір буынмен жазылған («Аттың сыны», «Өлең сөздің патшасы», «Қыс», «Жасымда ғылым бар деп ескермедім», «Өлсем орным қара жер сыз болмай ма», тағы басқалар). Тіпті қазақ үшін тамаша жаңалық боп табылған Лермонтовтың «Теректің сыйын» аудару үшін Абайға он бір буын ескілік етті ме? Сегіз буын мен жеті буын шалыс ұйқасқан орыстың силлабо-тоникалық өлеңін қазақтың он бір буынына аударғанда түсінігі тумандай сіңісіп кеткен жоқ па?

Асау Терек долданып, буырқанып,  
Тауды бұзып, жол салған тасты жарып,  
Арыстанның жалындай бұйра толқын  
Айдаһардай бұралып, жүз толғанып.

Не кемдігі бар осы өлеңнің? Он бір буын С. Сейфуллин, Б. Майлин, І. Жансүгіров, С. Мұқанов, И. Байзақовтарға революцияны жырлау үшін кемдік етті ме? Қазақ совет поэзиясының «Көкшетау», «Құралай сұлу», «Сұлушаш», «Құлагер», «Тасқын», «Абыл», «Мәриям Жагор қызы», «Құрманғазы» сықылды оңды үлгілері он бір буынмен жазылған емес пе? Осы күнгі көп ақындардың қазіргі заманды жырлаған ең жақсы өлеңдерінің он бір буынмен жазылғанын қайда қоямыз?

Мәселе он бір буынның ескіруінде, тозуында емес, ақынның талантында. Талантты ақынның қолында он бір буын жанып, жайнап сала береді, қандай да болса жаңалық мазмұнды жырлауға жарайды, дарынсыздың қолында — жасып, «шойырылып» қалады, онда ол ешқандай идеяны да бейнелей алмайды. Содан кейін тағы бір ескеретін жай мынау: өлең құрылысы да тілдің грамматикалық құрылысы секілді тұрақтылау категория — ол тез, оңай өзгере қоймайды. Сондықтан да Пушкин поэзияны сананың ескірмес мәңгі жас, балғын түріне жатқызған ғой. Поэзияның жақсы үлгілері жасалған өлеңдік құрылысының істен шығып қалуы үшін көп заман керек. Ол бір. Екіншіден, ол басқа өлең түрінің енуіне ешуақытта кедергі жасамайды, қайта соған көмек жасайды. Некрасов, Блок, Маяковский енгізген өлең мөлшерлері орыс поэзиясының Пушкин, Лермонтов кемелдендірген классикалық үлгілерін «сирағын сындырып» қоқыс жәшігіне лақтырып тастаған жоқ, олар осы күнге дейін өз праволарында қатар өмір сүруде. Сондай-ақ Абай қазақ поэзиясына оннан астам жаңа өлең үлгісін енгізгенде он бір буынның «омыртқасын сындырып» алып енгізген жоқ, қайта соның бәрін қатар ұстады, бірдей пайдаланды. Көптеген жаңа түр тапқаннан кейін де Абай өзінің программа іспетті терең ойлы өлеңін он бір буынмен жазған ғой.

Жүрегімнің түбіне терен бойла,  
Мен бір жұмбақ адаммын, оны да ойла.  
Соқтықпалы, соқпақсыз жерде өстім.  
Мыңмен жалғыз алыстым, кінә қойма.

Абайдың барлық өмір жолы, жүрек сыры, арманы, өкініші, заман шындығы осы бір ауыз өлеңнің шеңберінде түйінін тауып, данышпан, күрескер ақынның образын көзге елестетіп тұрған жоқ па? Мұның өзі он бір буынды өлеңнің мүмкіншілік шегінің байтақ екенін дәлелдемей ме?

Ал енді осылай екен деп он бір буыннан басқа өлең үлгісіне жол жоқ десе, әнтектік болар еді. Шынында қазақ поэзиясы түрге кедей емес. «Жаңашылдардың» топшылауынша, бізде тек қара өлең түрі мен жыр өлең түрі ғана бар сияқты. Абай мен Сұлтанмахмұт арқылы немесе жоғарыда аталған көрнекті ақындарымыздың творчествосы арқылы еніп, қазақ әдебиетінде орын теп-

кен орыс, араб, парсы, түрік поэзиясы тектес өлең түрлерін олар тіпті жылы жауып қояды.

Біздің бүгінгі өлендік форма жөніндегі кемшілігіміз — бар үлгілерді әлі жете игермеуімізде болу керек. Басқа былай тұрсын, Абай өлеңдерінің ішінде қазақ оқушысының құлағына жағымды және өзінің көркемдік қасиеттерімен әбден танымал болған «Сегіз аяқ», «Бойы былған», «Сен мені не етесің», «Ата-анаға көз қуаныш», С. Сейфуллин өлеңдерінен: «Советстан», «Альбатрос», І. Жансүгіровтен — «Гималай», «Жастар», «Отарба», С. Мұқановтан — «Майға сәлем», «Сөз советтік армия» сықылды өлең үлгілерін әлі дұрыс қолданбай келеміз.

Бұл айтқаннан поэзияда жаңалық іздеудің қажеті жоқ деген пікір тумайды. Жаңалықты іздеу керек. Бірақ оны көктен іздемеу керек, жоқтан табуға тырыспау керек. Жаңалық бұрынғы бар жақсы дәстүрлерді меңгеру мен игеруден туады, сол жақсы дәстүрлердің заңды, жарасымды жалғасы ретінде дүниеге келеді. Бұрынғы көп дәуірлер бойында жасалған үлгілерді білмей тұрып, яки соның бәрін белінен басып барып жаңалық табам деу бос әуре. Пушкин, Толстой сықылды өткендегі әдебиеттің кеменгер өкілдерін тарих кемесінен лақтырамыз, пролетариат әдебиетін тыннан жасаймыз деушілерді В. И. Ленин революцияның алғашқы жылдары-ақ күлкі еткен болатын.

Сөйтіп, жаңалық жасалады. Бірақ өлең құрылысын әркімнің өзінше бұзып, бөлшектеп, аққұла сөзбайлауымен жасалмайды, қазақ поэзиясының тарихи қалыптасқан ерекшелігін сақтай отырып, силлабикалық өлеңнің (өлеңнің буын саны мен ұйқасының міндетті сәйкестігіне негізделген) заңдылығын сақтай отырып жасалады. Және ол өмірдің тілек, талабына сай жасалған жаңалық болуға тиіс. Әйтпесе құр формалистік жолмен жасалған және құлаққа түрпідей тиетін жаңа өлең түрін оқушы қабылдамақ емес.

## II

Соңғы төрт-бес жыл ішінде жастардың көптеген жинағы шығыпты, олардың 50—60 шамалы кітабы қолыма түсті. Сан жағынан алғанда, бұлар үлкен дүние. Ал, сапасына келсек мұнда да жаңалықты үлгілер, өрнектер көреміз. Жастардың жаңа тың лебізін, үнін естиміз, жа-

на тынысын сезінеміз. Поэзия дүниесіне жаңа жас таланттар келе бастағанын байқаймыз. Бұл әрі қуанатын, әрі үміттендіретін жай. Мен жаңа көріне бастаған жас авторлардың бәрін тізіп жатпаймын. Нәжімеденов, Есімжанов, Айтхожина, Әбдіразақов, Бұғыбаева, Айбергенов, Жұмағалиев, Асанов сияқты жас ақындардың барлығы да жаңа үні бар, өзіндік аяқ алысы бар ақындар. Олардың көнені қайталамау деген ниеті бары аңғарылады. Мұның бәрі ертеңгінің, келешектің авансы секілді.

Әйткенмен сол жас ақындардың тақырып жөнінде тар көлемде, тар шеңберде ұйлығуы сәл сескендіретіндей. Бұлар үлкен өмірімізді, ұлы заманымызды кең тыныспен жырлау дәрежесіне әлі де болса еркін жете алмай келеді дегенді ашық айтуымыз керек.

Жас ақындардың поэзиясына бір ыңғай тоқтаудың алдында әуелі 1962 жылдың поэзия жемістерінің кейбір көрнектілерін атап өткім келеді. Мұнда мен алдымен Қ. Бекхожиннің «Тұрлаулы тағдыр» атты поэмасын айтар едім. Бұл бұрынғы «Ақан Ақтаев» атты поэманың өзгерген варианты. Жаңа вариантында поэма тұтас өзгеріске ұшыраған. Мысалы Ақанның әкесі бұрын кішігірім қылмыспен кеткен болса, енді ол жаладан «халық жауы» болып кеткен. Осы арқылы қаһарманның жеке басының трагедиялық халы арқылы сол тұстағы жалпылама хал нанымды да әсерлі берілген. Дана партияның әділ, батыл шаралары да шығармада поэзиялық тіл тапқан. Ұлы партияның ұлы қадамын творчестволық пафоспен көрсету, бүкіл халықтың күйін, тағдырын, болашағына байланысты бүгінгі үлкен рухани өмірімен ұштастырып суреттеу Қалижан поэмасының идеялық дәрежесін едәуір көтерген. Осыған орай поэманың өлеңдік қасиеттері де жақсарып, жаңа образ, теңеу, ұйқастар табылған, лайықты портреттері де лайықты көрік алған.

Сондай-ақ Қ. Ыдрысов поэмасының жаңалығы («Әке жолы») оның тақырыбын заман жаңалығының өрісіне көтерумен байланысты. Автор уақытша ауыртпалық кезіндегі бір семьяның басына түскен қайғылы халды жас баланың көзімен көрсетіп, баланың сезімімен өріп бере білген. Міні, бұл тапқандық. Поэманың соңғы жағында риторикаға ұшырайтын жерлері де бар. Партияның жаңа курсы баяндауға келгенде ақын әуелгі көр-

кемдік кестесінің арқауын ыдыратыңқырап алып, газет мақаласының сарынына түсіп кетеді.

Шамкеновтың поэмасы өте жеңіл оқылады. Осы күннің тақырыбына ақын батыл барып, қазіргі ауыл тұрмысын көзге елестететін поэзиялық образдар тапқан. Бірақ бізді адастырып тұрған бір жай бар: баспаға дайындаған күйінде де, «Жұлдыз» журналында жарияланған түрінде де тұтас емес, «үзінді» делінген. Жарияланған жері поэманың біткен жері болуға лайық, бұдан әрі қарай жалғасы болмасқа тиіс, бірақ ақырын бітіріп, басын кейін жазуы қалай деген ой келеді. Қ. Мүсіреповтың «Менің республикам» деген поэмасы да М. Әлімбаевтың «Менің Қазақстаным» поэмасы сарынында жаңалықты лирикалық толғаумен механизатор Қасым образы арқылы көркейген республика кескінін бейнелейді.

Жиенбаевтың «Менің көршім» поэмасы туралы. Бұл өте шебер жазылған жаңалықты шығарма. Жаңалықты дейтінім — поэманың образы қарапайым адам, айналасына тек жақсылық, жәрдем істейтін ізгі адам, ұста. Ол соғыс кезінде де, кейін де өзінің қол өнерімен, жылы адамгершілік шыраймен айналасына шуақ түсіретін үлгілі совет адамының сәтті образы болып шыққан. Оның жаңалығы осындай жақсы мағнасындағы қарапайым образды жатық өлеңмен жарқыратып көрсетуінде.

Көркемөнер шығармасы халыққа түсінікті болуы керек. Сонда ғана ол жұртқа эстетикалық әсер етіп, рахат таптырады, жаңа рухани тілегін өтейді.

Әрине, түсініктілік деген сауатсыз адамға шақталған жалаң, жадағайлық, жеңіл-желпілік деген сөз емес, терең ойды көркемдік шеберлікпен қарапайым етіп көрсету деген сөз. Дарынды таланттың, үлкен мәдениеттіліктің, табанды еңбектенудің қажет жері осы. Толстойдың «қарапайым жазу оп-оңай іс емес» деуі де сондықтан ғой. Рас, сол Толстойдың болсын, әйтпесе Достоевскийдің, тіпті мөлдір поэзияның данасы Пушкиннің болсын творчествосында кім көрінген оңай түсіне бермейтін жәйіттер кездеседі. Бірақ ондайлар жоғары білімді оқушыларына шақталған күрделі шығармаларда ғана ұшырасады. Ал біздің заманда, оқушы мәдениетінің орталық дәрежесі көп көтерілген жағдайда әдейі қиындатқан жасандылық немесе мағнасыз шатпақ болмаса ешкім түсінбейтін болу мүмкін емес.

Маркс өнер туындыларының оңдылығын түсінетін эстетикалық білім қажет екендігін айтқан. Шынында терең поэзиялық туындыларды, опералық, симфониялық шығармаларды, керемет картиналарды түсіну үшін белгілі дәрежеде эстетикалық мәдениет керек. Міне мұның жөні бөлек. Бұл шығарманың формасын жорта қиындату емес, оқырман мен көрерменнің эстетикалық өрісін көтеру. Сонымен қарапайымдылық жалаң қарадүрсіндік те емес, дәстүрден қашып шатпаққа ұрынған жалған, жасандылық та емес.

Ендеше жаңашылдық жасандылық болмай, дәстүр дамуының жаңа сапалы табиғи жемісі болу керек. Сонымен бірге жабайы қарадүрсіндікпен қалмай айқын, дана қарапайымдылық дәрежесіне көтерілуі керек.

Қарапайымдылық, түсініктілік деген ұғымды әдебиетте тым оңайлатып, жеңілдетіп, ауырдың үстімен, жеңілдің астымен кетіп қарадүрсіндікке айналдырмау жөнінде Горькийдің өте жақсы айтқаны бар: «Оңайлату жөніндегі насихат бар нәрсені оңайлататын дағдыға айналып, жұмысты салақ, немқұрайды істейтін, материалды бүлдіретін ұят әдетке жол ашуына мүмкін... Оңайлату мен қарапайымдылықтың арасында өте маңызды айырма бар. Ол мынадай. оңайлату дегеніңіз жасандылық, жасандылық дегеніңіз — жалғандық, ал қарапайымдылық — нағыз өнер. Болашақтың ақиқаты қарапайымдылық пен айқындық болмақ».

Горькийдің бұл сөздері бүгін де әдебиетіміздің өзекті мәселелері мен міндеттерін дұрыс ұғу үшін даналық қағида. Жаңашылдық проблемасына да Горький қағидасының тікелей қатысы бар. Дана қарапайымдылық, мөлдір айқындық — міне жаңалықтың жаны, жаңашылдықтың туы осы. Ешкім ұқпайтын, ұғатын да ештеңесі жоқ, ешкім әсер алмайтын, тұтанбайтын, тебренбейтін жасанды, жасалған «жаңалықтың» да, жабайы ескіліктің де өнердің өркендеуіне еш пайдасы жоқ.

Осы тұрғыдан алып қарағанда, Тұманбай Молдағалиевтың «Алатау қызы» поэмасы да С. Жиенбаевтың «Біздің көрші» поэмасы сықылды өте жатық, жылы лирикалық лебізбен жазылған, жағымды оқылатын шығарма. Мұнда да әдемі, тартымды табиғат көріністері бар. Әсіресе Алматы туралы ақын өзінің сүйіспеншілік сезімін өте сұлу сипаттапты. Сонымен бірге ақын жігіттің жолдастарына әзіл түрінде сыр етіп айтатын жерінде

өте бір жылы сезім, майда юмор тапқан. Бірақ тар шеңберлік, образдарының жинақтау өресінің қысқалығы мұнда белең берген.

Енді проблемаға байланысты әлгі жас ақындардың бағыт-бағдары жайында. Қолымдағы жинақтардан мен тек мін, кемшілік іздеген жоқпын, әлбетте. Алдымен іліп-алар жақсылығын, жылтырақ жаңалығын табуға тырыстым.

Жас ақындардың барлығында да қазақтың өлең мүмкіншілігін мол пайдаланушылық бар екен. Ол мүмкіншіліктер қазақтың қалыптасқан өлең құрылыстары мен мөлшерлерінен тыс туған емес, қайта солардың құбылған, құлпырған түрлері дерлік. Осыған қарағанда да қазақтың он бір буынды өлеңінің «сирағын сындырудың» қажеті жоқ сияқты. Өлең формаларын молайтуға қазақ поэзиясы толып жатқан мүмкіндік береді. Екі буыннан бастап он бес буынға дейін келтіріп айтатын өлең жолдары баршылық. Мысалы, он буынмен келетін мөлшерді Қасым Аманжолов заңдандырып кетті. Қасымнан бұрын да он буынмен жазғандар болыпты, бірақ оны Қасым сияқты ешкім етене енгізе алмаған екен. Қасымның «Дариға сол қыз» деген тамаша өлеңі он буын өлеңді қазақ өлең құрылысының төл түрі етіп шегелеген. Сол сықылды Мұқағали Мақатаев та тоғыз буын өлең құрылысын «Ильич» поэмасы арқылы заңдандырып отыр. Бұл түрлер бізге жадағай қалыпта емес, талантты шығармалар арқылы жаңа, жақсы мазмұнмен жараса енгенін айтуымыз керек. Шынында Мақатаевтың «Ильич» поэмасы қазақ поэзиясына түгелдей мазмұны мен форма бірлігінің жаңалығымен келген туынды. Ленин образын жаңа, тың әдіс, тәсілмен жаңа бір жақтарынан жырлаған поэма. Бұрын ұлы көсемнің образын жоқтау түрінде, тікелей мінездеу, сипаттау түрінде, әйтпесе жеке оқиғаларға байланысты баяндау түрінде толғап келсек, енді мына поэмада жас ақын Лениннің ауырған, қайтыс болған кезеңін халық тебіренісі арқылы, Ленин өлгеннен кейінгі жайларды поэзиялық тілмен көркем, әсерлі түйген. Бұл жерде тоғыз буынды өлең құрылысының талантты шығарманың қызметінде жаңалықтың бір ғана элементі ретінде көрініс бергенін проблемаға байланысты айта кетуге тура келді.

Жоғарыда аталған мақалаға байланысты формалистік шатпаққа еліктеген кейбір жас ақындар: «бұл поэ-



зиядағы жаңашылдыққа қарсы шығу емес пе?!» деген сықылды сыңай білдірді. Оларға осылай деп «жанашырлық» білдіргендер де табылды.

Бұл жөнінде айтарымыз: шын жанашыр бар да жалған жанашыр бар. Жастарға біздің жанымыз шын ашиды. Жастардың әрбір табысына сүйсінеміз, әрбір сәтсіздігіне күйінеміз. Сондықтан да мінді бетке басып айтқанды жөн көрдік. Әркім өз баласына да өсе бастаған, өсіп жігіт болған шағында тәтті сөйлемейді, қатты сөйлейді, баланың қате-кемшілігін басым айтады. Сондықтан поэзия жайында айтылатын сынды жастар осы мағнада ұққаны жөн. Ағалық әділ сынды жете түсінбей, өкпелеп торсаңдап қыздыра түсіп, қолтығына су бүркушілерді де білеміз. Олар жалған жаңашылдарға жалған жанашырлық жасаушылар. Жалған «жанашырлардың» тілге тиек ететіні Маяковский көрінеді. Маяковский де өлең формасын бұзды ғой деседі.

Бұл мәселенің байыбына бармаушылық. Поэзияға Маяковский енгізген жаңалықтың жөні тіпті басқа. Бұл ең алдымен революция рухы туғызған мазмұн жаңалығы, тақырып, сарын жаңалығы, соған лайық пайда болған толық мағнасындағы форма жаңалығы. Маяковскийдің «лесенкамен» жазуы оның форма жаңалығының бір-ақ элементі. Революциялық пафос, әрбір сөзіндегі екпін, қайрат, жалынды күш, жігер, алуан әсерлі интонация — Маяковский поэзиясының форма жаңалығының ең маңызды элементтері осы. Дұрысында Маяковский «жаңашылдар» мен «жанашырлар» желеу ететініндей, орыс поэзиясына киіп-жарып келіп, бұрынғылардың бәрінің басын жарып, көзін шығарып, қиратып, жаңа өлең құрылысын қалай болса солай жасай салған адуын ақын емес. Ол бұрынғы классикалық және халық поэзиясының барлық байлығын бойына сіңірген, жақсы үлгілерінен үйренген, ұлы өкілдерін сыйлаған шын мағнасында мұрагер ақын. Рас, ол осылардың бәрін игере, иелене тұрып, олардың құлы болған жоқ. Өйткені ол ұлы революционер, жаңашыл, азамат ақын. Ол тарихтың жаңа бетін ашқан ұлы пролетариат табының жаршысы. «Всю звонкую силу поэта отдаю, атакующий класс» деген өрен ақын. Сондықтан ол поэзияға алдымен жаңа революциялық идея, рух, тақырып, күш-қуат әкелді. Орыс тілінің, поэзиясының бай қазынасын революцияшыл творчестволық жолмен еркін де мол пайдала-

нып, толық мағнасында жаңашыл поэзия туғызды. Бұл Маяковский сықылды ұлы ақынның ғана қолынан келді. Маяковский біреу-ақ. Маяковскийдің өлең жолын шашыратуы ырғаққа, интонацияға байланысты. Оның әрбір сөзі ырғақ единицасын жасайды, белгілі мағналық түйінге ие болады, мағналық салмақ көтереді. Және ол орыс тілінің заңына, синтаксистік, фонетикалық ерекшелігіне жат емес, тіпті орыс поэзиясының бұрын-соңды үлгілерінде бар өлшем, ырғақ, бунақ, буындар екен. «Вопросы литературы» журналында жазушылардың анкеті беріліп жатыр. Сонда Дагния Зигмонте былай депті: «Форма определяется содержанием, это особенно отчетливо видно в поэзии, где автор сам не может «выдумывать» форму, а должен найти такую, которая лучше всего соответствует высказываемой мысли».

Маяковский ойдан ештеңе шығарған емес, ол орыс поэзиясының қазнасын ақтарып көп нәрсе тапқан, тауып өз талантымен кемелдендірген.

Өлең құрылысы тілдің заңынан шығып кете алмайды. Маяковскийдің өлеңдік жаңалығы орыс тілінің мүмкіншіліктері шеңберінде жасалған, соның барлық ерекшеліктерін сақтаған.

Сондықтан Маяковский жасаған өлең түрін басқа тілге сол күйінде көшіре салуға болмайды. Олай етемін деген әрекеттер біздің қазақ поэзиясында әр кезде сәтсіздікке ұшырап келді. Қазір де олай етуге болмайды.

Орыс поэзиясының ерекшелігі неде? Ерекшелігі алдымен орыс тілінің флективный тіл екендігіне саяды. Ырғақты орыс поэзиясының заңдылығы көтеретін нәрсені қазақ поэзиясының заңы көтере бермейді. Тоника бізге енген жоқ. Бізде буын, бунақ заңы белгілі ережеде сақталуы керек. Қазақ өлеңінде екпінді буынның ролі шамалы. Сондықтан мұнда бунақтың орны роль атқарады. Мысалы, он бір буынды кара өлеңде үш буынды бунақ пен төрт буынды бунақтың орын ауысуына қарай түрлі әнге келеді:

Өлсем орным кара жер сыз болмай ма,  
Кара жер өлсем орным сыз болмай ма —

деген сықылды.

Силлабикалық өлең жүйесіне жататын қазақ поэзиясы үшін тұрақты белгі буын саны мен ұйқасының белгілі бір тәртіпте сақталуы шарт десек, осы шарт бұзыл-

мау керек. Біздің талап ететіміз осы ғана. Қазақ тілінің нормасын, қазақ өлеңінің құрылысы заңын бұзбай отырып, жаңа комбинациялар іздеуге ешкім де қарсы емес. Тек ол жаңа мазмұнды ашып, жақсы шығарманың көркі болатындай болсын. Сосын айрықша бөліп айтатын бір нәрсе — ұйқас мәселесі. Ұйқасқа қазақ поэзиясы өте кінәмшіл деуге болады. Ұйқас болмаған жерде өлең болмай шығады. Ақ өлең түрі бізде бой көрсете бастады, бірақ әлі ірге теуіп орныққан жоқ. Ол диалогте ғана қолданылып жүр. Ақ өлең түріне соңғы кезде Сырбай көбірек бой ұрып жүр. Талантты ақынның тәжірибесі өне бойы сәтті шығып жүрген жоқ. Сондықтан өлеңнің ұйқасына қазақ поэзиясында қалай болса, солай қарауға жарамайды. Әрбір тапқан тың, соны ұйқас өлеңнің тек ажарын енгізеді. Ұйқастың орыс поэзиясының өзінде кіші-гірім роль атқармайтынын жақында Рыленков та жазды.

Поэзияның сыншысы В. Огневтің бір мақаласында поэзия формасының салыстырмалы (относительно) тұрақты категория екені айтылған. Біздің агглютинативный (жалғамалы) қазақ тілінің өлең құрылысына орыс тілінің ритмикасын жапсыра салуға бола ма? Әрине жоқ. Оның бер жағында тағы кім жоқ форма жасады? Айталық, Твардовский, Луговской, Евтушенко, Винокуров, Смеляковтар жақсы ақындар. Бірақ оның бәрі бірдей өлең құрылысына революция жасаған емес. Поэзияның жолы кең, ол стандарт емес, оның толып жатқан түрі, үлгісі, бояуы бар. Міне сол себепті де поэзияда өлең түрінің жаңалығы бір кезде жер астына кеткен Помпейдің орнына салынған қала секілді жасалмайды. Бұрынғы үлгі, үрдіс, дәстүрлермен жалғаса, сабақтаса жасалады.

Жас ақындардың жинақтарынан, оның ішінде әсіресе екі-үш ақынның жинағынан алабөтен байқағаным — тақырыптық және идеялық тапшылық пен өресіздік. Тақырып ұсақтығы жөнінде бізде көп айтылады. Бірақ іс жүзінде сол ұсақтықтан әлі арылып болмаппыз. Бұл әсіресе жастардың лирикасына тән белгі екен. Туған жердің табиғаты, сүйген жар деген сықылды тақырыптар тіптен молшылық. Бұларды жырлау кемшілік емес, қайта табиғи нәрсе. Бірақ мұндай тақырыптарды ұсақтап жіберуге бола ма? Үлкен адамгершілік, асыл сезімдермен топшыланбағанда, табиғат, махаббат көріністері

ешкімді қызықтырмайды. Осы күнге дейін Пушкин, Гейне лирикаларын сүйіп оқимыз, эстетикалық әсер, ләззат аламыз. Ай, күн, жұлдыз, орман, теңіз, бақша, бұлбұл секілді мәңгілік тақырыптарды зәулім адамгершілік биікке көтеріп, үлкен әлеуметтік сана-сезімдермен ұштастырып суреттей білген. Бізде қыздар туралы шамадан тыс көп. Сүйген қызы, сүймеген қызы, сүйіп, суынып кеткен қызы, білген қызы, тіпті білмеген қызы туралы ешкімді селт еткізбейтін жасық өлеңдер жазыла береді екен. Тіпті қыз атаулыны, махаббат атаулыны мазақ етіп аяқасты ететін өлеңдер де баршылық. Мысалы, Сабырхан Асановтың өлеңдер жинағында бір ЖенПИ-дің өзі үш жерде мазақ етілген. Оның айыбы не? Қыздар институты болғаны ма?

Бірінші этаж,  
Екінші этаж,  
Үшінші этаж,  
Этаждардың бәрі қыз.  
Дәл осыны көргін келсе,  
ЖенПИ жаққа барыңыз.

Ар жағында бұдан да тұрпайылары бар.

Біздің жастарымыздың көбірек жазатыны Алатау, Алматы, туған жер, Қырымға бара қалса Қырымның таулары, теңізі, Кавказға бара қалса Кавказдың құздары, оның жеріне байланысты түрлі аңызы жазылады. Бұл да керек. Оны жазба деп кім айтады? Бірақ мәселе қалай жазуда ғой. Оның үстіне ақындарымыз қазіргі бүкіл совет адамының неге қызығатынын, бүкіл халық толғанып отырған мәселелерді жазудың орнына тар тақырып, сайыз идеядан шыға алмай жүр. Ірі оқиғаларға батыл бара алмай жүр. Бұл ретте қазақ совет поэзиясының бұрынғы азаматтық дәстүрін де әлсіретіп алып-пыз. Мен бұл жерде оқиғаға үн қосуды ғана айтып отырған жоқпын. Жалаң ұран, риторика түрінде «үн қосудың» пайдасы шамалы. Әрбір оқиғаның адам жанына, адам өміріне қандай әсер, қандай жаңалық енгізгенін поэзия тілімен ұғындыру міндет. Осының үлгісін біз қазіргі орыс әдебиетінен көп көреміз. Онда, айталық, партияның XXII съезі көтерген мәселелерді поэзия тілімен жеткізу үлгілерін көреміз. Және оны басмақала түрінде емес, ақындық шабытпен, нақты образдармен іштей, сыр аша, астарлай келіп жеткізеді. Қазақ ақындарында

мәселені осылай шешу жағы жетіспейді. Алған тақырыбымыз да, ойымыз да тым күйкі, жалаң, үстірт сезіледі.

Алматыны бәріміз де жақсы көреміз, осы жақсы көретін астанамыз жайлы жаман өлең шықса бәріміз де ренжиміз. Тайырдың «Тасқын» поэмасында Алматы өз тұсында жаман суреттелінген жоқ-ты. Алатау мен Алматыны суреттеуде Ілиястың да оңды үлгісі бар. Осыдан кейін ақынның жасық өлең жазуға қақысы жоқ. Ал осы Алматы мен Алатау туралы нашар өлең тым көп. Жаңа Алматының көркейген сымбатын көкірек көзімен көре алмаймыз. Ілияс «Аспанның төсін арда еміп» десе, оны біздің бір ақын «аспанның бауырын еміп» деп тіпті жасытып жіберген. Жас ақынның «Қырым таулары» деген өлеңінің қандай мағнасы, қандай ойы бар екенін түсіну қиын.

Қырымның момақан (?) таулары  
Бұлт неге төсінде аз аунады,  
Неге олар селдетіп жаумады  
Қырымның момақан таулары.  
Сен неге ашуға мінбейсің (?)  
Оларды етектен ілмейсің (?)  
Іле сап жұлқуды білмейсің (?)  
... Аласа жаралған, әйтеуір,  
Деп қана өзінді міндейсің (?)  
Қырымның момақан таулары.

Бұл тауға таққан қандай мін? Астары не? Айтайын дегені не?

Әрі-беріден соң жапырағы сарғайған шыбықтай, жас-тай сары уайымға салынып қалатындар да кездеседі. Сөз етуге арзымайтын, былайша айтқанда, сын көтермейтін талантсыз біреулердің жариялап жүрген өлеңсымақтарын қозғамай-ақ қойғанмен, Жұмекен Нәжімеденов секілді жап-жақсы өлеңдерімен танылып қалған жас ақынның творчествосына кенедей жабысқан бір писсимистік сарынды кезінде ескертуіміз керек деп білем. «Адамның кейбір кездері» деген өлеңінде ол күн мүлгіп тұр, жыр тумай қойды, домбыра үн қатпайды, тірлігім келіспей тұр дей келіп:

Неге ғана соқпайды жел,  
соқпайды?  
Жапырақтар шаң алыпты  
тірліктен —  
Жапырақтар арқалап тұр көп  
қайғы

Неге ғана соқпайды жел,  
соқпайды?!  
Көтермек боп бұл күннің де бар  
жүгін.  
Төсегімнен тұрып едім ырғып мен  
Тыныштығым — керегі жоқ  
тірлігім...  
Тас төбеде мүлгіп — қалған тұрды  
күн.

дейді. Көңілді жабырқататын ауыр сурет! Себебі де белгісіз. Рас, ақынның көңіл-күйінде мұндай да кездер болады дейік. Бірақ ешбір себепсіз лирикалық геройдың шадыман көңіліне бұл секілді жарғышақ түсіретін қапырық сезімінің фотографиялық суретін негатив түрінде көрсетудің не қажеті бар еді. Қ. Жұмағалиевтің «Елім-ай!» деген өлеңі де осы сарындас. Тағы бір назар аударатын шығарма — ол О. Сәрсенбаевтың «1961 жыл» атты поэмасы.

Поэманы оқып шыққанда, алдымен көз алдында ақынның өз образы тұрады. Ұйқы басқан, іші пысқан енжар, ақылы манаураған марқау біреу. Ол тарғыл мысығының түрткілегенін елемей, сағат он бірге дейін ұйықтап жатыр. Ояна алмайды. Әдетінше, Қонан Дойлды да оқып қалды. Оның да жәрдемі жоқ. Қайтадан қалғып кетеді. Ішкені алдында, ішпегені артында — қаннен-қаперсіз, ешбір қамы жоқ, уайым-қайғысы жоқ бір жан. Тар бөлмеде «тыныштық асыр салып» (?). «Көк жанбас» (?), болып жатқан жерінен «темір табаны сықырлаған уақыт» оны оятып алады. Әлгі «кәпір» (?) уақыт «жынын сапырып» (?) келіп, мең-зең ақынға жекіріп алады. Мен саған бір жылдың сырын ашайын, «Арқасын аяз қарыған дүниені бар жылыт» (?), ол үшін көзінді жұм деп, әмір етеді. Автор көзін жұмып, қайта ашса, әлденендей үйде, әлденендей аппарат тұрады. Содан кейін жыл оқиғалары экранда жылжып өте береді.

Бұл қандай сурет, қандай образ, қандай тәсіл? Байқап қарасак, бұл автордың өзiмше жазамын, жаңашыл боламын деген әрекетiнiң басы ғана екен. Оны ақын өзi де аңғартады:

Жаналықтар, жаңалықтар...  
(Жаналықты бiлмейтiндер бiреудiң  
Саркытын жалап — ұрттар)  
Трактордың төрт дөңгелегiнде  
Төрт даналық бар!

Бұл жердегі ақынның «жаңалығы» мен «даналығы» неде десек, бәз-баяғы өлең бұзарлықта екен. Ол қара өлең мен жыр өлеңнің омыртқа, қабыртқасынан, қолсирағынан түк қалдырмай сындырмақ болған, бірақ Т. Ысмайылов сықылды бұл да сындыра алмай қойған. Тек араластырып, сапырып бытқыратқан. Ақыры тәртіпті, мүсінді, бүтін өлең құрылысы шықпаған. Бір-ақ мысал:

Ақылы мен адалдығы өзінде (11)  
Көркін оның тартып алған (8)  
Бір кездегі айрықша Азия (10)  
Аузындағы нанын да қағып кеткен (11)  
Бір кездегі жесір Азия (9)  
Төсектегі жарын анық (8)  
Тал түсте кеп тонаған (7)  
Жо-жоқ!.. (2)  
Саршұнақтан басқа тірі жаны жоқ (11)  
Жапан түзді жаудан қорғап (8)  
Ата-бабам қасиетті қан төккен (11)

Міне, осы өлең бе? Не ырғақ жоқ, не ұйқас жоқ, не буын санында белгілі тәртіп жоқ. Мұны «жаңалық» дейтін болсақ, мұндай жаңалықтан не ұттық, не таптық?! «Жаңашыл» автордың дәмесі тым зор. Ол алдағы жиырма жылды қиялымен топшылай отырып:

Мың тоғыз жүз сексен бірінші жылды  
Экранда айдан-анық көремін:  
Өзім жазған өлендердің томдары  
Владимир Маяковскиймен қаз-қатар  
Жиюлы тұр полкада.

Лайым осылай болғай! Біздің жас талапкерге тілегіміз осы. Әйткенмен, айтар кеңесіміз де бар: Маяковскийдің қатарына мына жолмен бара алмайсың, он бірге дейін ұйықтаумен, Қонан Дойлды ғана оқумен, талапсыз, еңбексіз бой күйездікпен, әлде нендей көз жұмғанда ғайыптан пайда болатын ражайып аппарат күтумен, әдеби мұраны, жақсы дәстүрді сыйламай «жаңашылмын» деп жар салып, айдалаға лағып шабумен туған әдебиетке ештеңе қоса алмайсың демекпіз.

Біз бұл жерде поэманың жаңашылдығының жалған жолдағы «жаңашылдық» екенін баса айтуды мақсат еткендіктен, оның басқа жақтарына көп бармай отырмыз.

Европа мен Гитлер туралы, Әуезов туралы толғаған жерлерінде ағаттық пен шалағайлықтар баттыып-ақ тұр.

«Адамның иттігін быт-шыт етіп тозандай» деген сықылды еркіндіктер өз алдына бір сүре.

Жас ақынның жалған жолда туған шығармасының осындай міндерін сынай отырып, мынадай бір шындықты айтуға тиістіміз: Сәрсенбаев сөз жоқ, талантты жас. Әйтпегенде біз ол жөнінде әңгімені қысқа қайырған болар едік. Қатал сын оның шын жаңашыл, шын жемісті жолға түсуіне қақпайласа, оған деген жақсы ниеттің жүзеге асқаны болар еді. Оның қадамының қоштайтын бірақ жері — қапас бөлмеден шығып, заманның ірі құбылыстарына қанат сермеуі. Поэманың кіріспесіндегі ақын образын автордың тар көлемде шырмалып жүрген ақындарға айтқан сыны деп ұққымыз келеді.

### III

Үлкен тақырып, тапшы тақырып, үлкен сезім, күйкі сезім деген мәселені жәй қозғағанымыз жоқ. Бұлардың әдебиет үшін маңызы мен мәні өте-өте зор және бұлардың үлкен-кіші мөлшерін өлшейтін критерий — заман талабы, заман тұрғысы. Өйткені әр нәрсенің заманы бар. Міне осы мағнада жаңа заманға сай жаңа әдебиет түрі болуы керек деушілерді кім қолдамайды. Әуелі Пушкин, Абай жасаған заманда көтерілген мәселе мен қазіргі заманда көтерілген мәселенің бірдей болуы мүмкін емес. Әрі-беріден соң әсемдік, сұлулықты тану жөнінде де бұрынғы адам мен осы күнгі совет адамының ішкі дүниесін, ой-сезімін бейнелеуде ең маңызды сипаттарды үздік көрсетпей мақсат орындалмаса керек. Жаңалық дегеніміз де осы жаңа сипат, жаңа қасиетті көрсете алған жерден табылмақ. Біздің совет адамы бүкіл адам баласы алдында ұлы борыш, тарихи ұлы роль атқарып жатқан адам. Бүкіл адамзаттың қамын ойлап коммунизм орнатып жатқан Социалистік Отанның адамы. Біз поэзияда осы жаңа адамның батыр тұлғасын, бай рухани дүниесін жырлай білуіміз керек.

Үй көлемінен шықпаған ақындар осы күнгі тақырыпқа бара қалса, адам дегенді абстрактік тұрғысынан алатын болған. Жастардың жинағында космосқа тұңғыш ұшқан қаһарман совет адамы анық көрінбейді, көбіне аспанға жұлдыз болып аққан жалпы адамды ғана көреміз. Сөйтіп, совет адамын толық үнмен нақты жырлайтын жерде шындықтан шығып, жалпылама сарынға ұры-



нады. Осындай өлеңдер мысалы, Кекілбаевта, Асановта кездеседі. Поэзиядағы жаңалық жасау міндеті әуелі совет адамының жаңа рухани өмірін, жаңа қасиеттерін көркем көрсету мақсатымен ұштасуы керек. Жас ақындарымызда осы жағы жетісе бермейді. Мен өлең біткен обобщение, жинақтау дәрежесінде болсын, үлкен әлеуметтік, азаматтық сарында болсын деуден аулақпын. Алайда жинаққа енген 20—30 өлеңнің дені осы талаптан табылсын деп мәселе қоюға правоымыз. Совет ақынының интимдік лирикасы мен саяси азаматтық лирикасының арасында тым үлкен алшақтық болмасқа тиіс. Жастар жинағында, шыныя айтсақ, бүкіл дүние жүзін, Отанды, халықты толғантқан оқиғалар өте аз кездеседі. Кездесе тым сүреңсіз баяндалады. Совет поэзиясының жақсы дәстүрі бойынша, жас ақындарымыз азаматтық, философиялық терең ойлы, отты өлеңдер жазуды көбірек күйттесе дейміз. Партия туралы, Ленин туралы, совет халқы туралы, халықтар достығы туралы, дүние жүзінде болып жатқан уақиғаларға Совет Одағының қатысы, көзқарасы, біздің Совет Отанының колониализмге қарсы және бейбітшілік үшін күресі, коммунистік құрылыс майданындағы табыстары туралы совет ақыны үндемей отыруы мүмкін бе?!

Өткен жылғы өлеңдерді алып қарасаңыз: Глезостың босануы, Кубаға соғыс күнінің төніп-барып тоқталуы, бұл жөніндегі Совет Одағының даналық саясаты, тағы сондай толып жатқан дүниежүзілік уақиғалар бар,— міне осылар туралы азаматтық құштарлықпен жазылған жақсы өлең жоқ.

Біздер бұл тұста жиырмашы, отызыншы жылдардағы дәстүрлердің өзінен бірқатар шегініс жасаған сияқтымыз. Ол жылдардағы өлеңдерде де, әрине, ұраншылдық көп болатын, бірақ ол кездегі поэзияның дәрежесі де басқа еді ғой. Әйткенмен Бейімбет, Сәкен, Сәбит, Ілияс, Асқарлардың үгіттік, саяси өлеңдері кең тыныстан, азаматтық пәрменді үннен туған болатын.

Қазірде, қарама-қарсы екі дүниенің арпалысқан идеологиялық күресінде, поэзиямыздың идеялық өткірлігін шыңдап дұшпанға қатерлі қару етіп жұмсау — айрықша абройлы міндет. Махамбет, Абай, Сәкен, Ілияс дәстүрінде жазылатын ондай жалынды жырлар поэзияның бағасын түсірмейді, қайта алмас қылыштай өткірлей, уыттандыра түседі.

Азаматтық үн, идеялық биіктік тек саяси лирикаға ғана тән деп білудің өзі мүлде қате пікір. Бұл қасиеттер лириканың қай жанрына болса да хас. Тіпті махаббат, табиғат лирикасында лирикалық геройдың, автордың ой-сезімінен, арман-мүддесінен алдымен азаматтық үнді естиміз, совет адамының озат көзқарасын андаймыз. Лирикадағы жаңашылдық негізінде осы ізде жеңіс табатын тәрізді. Әйтпегенде, ежелгі тақырыпты неше саққа жүгіртіп, құбылта берумен жаңалық жасалмаса керек. Сарбас Ақтаевтың «Тұңғыш кітабына» енген өлеңдердің ден көпшілігі сондай екен. Мұны «Дала таны», «Ақкөл», «Жұмбақтас», «Көктем», «Қайық сыры», «Бұлақ», «Қызғалдақ», «Нөсер», «Жас шыбық» деген табиғатқа байланысты өлең аттарынан байқауға болады. Мысал үшін желге арналған екі шумақты бір ғана өлеңін алып қарайық:

Ерке желі, еркін желі даланың,  
Бақытына қызғана көз саламын.  
Өйткені сен сәулетті еркін аймалап,  
Желпісің ғой үлбіреген тамағын.

Торғын лебің жібек шашын тарайды,  
Ол да саған субхаттана қарайды.  
Бақытың мен батылдықтан үлес бер,  
Сәулетайға сыр шертейін талайғы.

Бұл өлеңнің форма жөнінен қарадүрсіндігі өз алдына, ал сезім, ой жаңалығы жөнінен іліп алар ештеңесі жоқ: лирикалық геройдың заманы, орны, жаңалықты арманы жөнінен де еш дерек таппайсыз. Сондай-ақ әжептәуір өлеңдер жазып жүрген қыз ақын Марфуға тау, табиғат, өзен, бұлақ деген сөздерді керек болса да, болмаса да көп айтады екен де жасытып жібереді екен. Бірақ орынсыз қолданған ұғымдар өлеңнің әсерін әлсіретіп алатыны естен шықпағаны жөн. Жақсы өлеңді оқығанда жан семіреді.

Жас ақын Айбергеновтың көп өлеңдері өзінің сыршылдығымен, сезімнің жылылығымен, өлеңнің жатықтығымен жағымды:

Су алған сайда әжемнің  
Сырғасы қалған Кегейлі,  
Сырласы қалған Кегейлі,  
Мұндасы қалған Кегейлі.

яки «Алматыға» деген өлеңде:

Жүрегіме жакын сенің есімің,  
Әкем десем, анам десем несі мін.  
Жарқыраған көк тасында көшенің  
Ізі қалған Сәкен бәтенкесінің.

Ә. Кекілбаевтың Қасым Аманжоловқа арнаған екі ауыз өлеңін оқыықшы:

Ақынның өшті өр демі -  
Жанының сырын бүкпеген.  
Бітпей тірлік сөйлемі  
Өлім деген нүктемен.

Тапсырып жерге денені,  
Артына дастан сыйлапты.  
Қағазға сыйған өлеңі  
Қара жерге сыймапты.

Қандай тауып айтылған! Міне мұнда да жаңалық өлең құрылысында емес, образды ойында. Мұндай өлеңді оқығанда тахаттанып сүйсінесің. Ал енді осы ақынның тағы бір өлеңін оқийн:

Жылдар көп дүниені былғап бақса,  
Арымен кірленбеген, бүлінбеген.  
Шыңғысхан найзасын ап бұлғақтатса  
Жауладым мен әлемді тілімменен (?)

Мына өлеңнен жақсы сезім алу қиын. Алдымен ақынның айтайын деген ойын түсіну қиын. Ол жағы тіпті қараңғы. Қайталап айтайын: жақсы өлеңге зәруміз. Нашар өлең саны тым көп. Және олар газет, журналдар бетінде құла сел секілді қаптайды. Мұның себебін неден ойластырсақ. Меніңше өлеңге деген талап пен талғамды түсіріп алған тәріздіміз. Ал талантты жастар көп бола тұра, жақсы өлеңнің аз туындауының негізгі үш себебін атап айтар едік.

Біріншіден, жас ақындарымыздың ден көпшілігінің өмірден алған білімі мен әсері аз, дүние тану көзқарасы тар, сондықтан олар әлем дүниесін кең, терең көз жанарымен тани алмайды. Тақырыптың ұсақ, шеңбердің тар, ой-сезімнің саяз болатын себебі де сол. Поэзиямыздың ежелгі жауынгерлік дәстүріндегідей — саяси өткір, философиялық, азаматтық үлкен тынысты лирика аз жазылады да, бірсыпыра жас ақындар ай, күн, бақ, тау, бұлақ, сүйген жар деген межелерден, үй арасы, от басы

тақырыптарынан айналсоқтап шыға алмай жүр. Табиғат көрінісі қашан да терең ой, асыл сезіммен өрілсе қандай қанібет!

Екіншіден, жас авторлардың теориялық мәдени және нақты әдеби дәрежесі жоғары емес. Сол себепті де классик ақындарды қызығып зерттеп, елігіп үйренбей тұрып-ақ сырттан үркіп жүрушілер бар. Үйрену дегеннің өзін ұстазды қайталау, жаңғырту, дәл содан айнытпай жазу деп түсінушілік те классикалық үлгілерге тым қызықпаушылықтың салдары: Гомер, Данте, Шекспир, Байрон, Пушкин деген есімдерді, шығармаларын дұрыс білмей тұрып, әшейін сән үшін айтып жүрген жастарды көрдік.

Үшіншіден, «эмоционалдық сауатсыздық» біздің бірқатар ақындарымызға көбірек тән дегім келеді. Осыдан келіп поэзияның идеялық-көркемдік сапасын көтеру мақсатын біржақты, оңай ұғынушылық бар. Поэзияның идеясын тақырыппен, көркемдігін тек өлеңдік техникамен шатастырғандықтан, өмір шындығы мен поэзия шындығының айырмасын ажыратпағандықтан, поэзияда мазмұн мен форма бірлігінің жаңалығы үшін күреспей, өлеңнің тек буын санын қуған реттерде натуралистік көшірмелер, формалистік жаттығулар пайда болады. Іліп алар ойы жоқ, селт еткізер сезімі жоқ өлеңдер — міне осының жемісі.

Поэзия құнын түсірмеудің бірінші амалы — сұрқай өлеңдерге, формалистік шатпақтарға жол бермеу. Ал поэзияның шынайы жаңашылдықтарына жетудің бірден-бір сара жолы — көп көру, көп оқу, көп үйрену, батыл іздену, табанды еңбектену.

Енді, ең соңында, өлең құрылысы деген мәселеге қайта оралып айтарымыз. Қазақ өлеңінің мөлшерінде, шеңберінде үйлес, ұйқастарды құлпыртып отыру, өлеңнің ырғақ, буын, бұйақтарын түрлі мағнада қиыстырып алу мүмкін де, дұрыс та. Бұл жөнінде ізденушілікті қолдау қажет. Ал, бірақ, мына төмендегі құбылмалықты сәттілік деуге болмас. Ақын бұл өлеңінде төрт жол қара өлеңнің бірінші жолы мен төртінші жолын қайталап отырады. Мысалы:

Алып дене асқар таудай тұр маңғаз,  
Келе жатып кідіргендей бұл маңға.  
От жанары қыран қонған княда;  
Алып дене асқар таудай тұр маңғаз.

Бұл тапқандық емес. Өйткені жолдың қайталануы мұнда эмоциялық әсер беріп тұрған жоқ. Қайта әсерді әлсіретіп тұр. Ал Әбдіразақовтың бір өлеңінде бесінші жолдың қайырма түрінде қайталануы қажет көрінді.

Ал қайталау төрт жолдан емес, сегіз жолды бір шумақтың алдыңғы жолы мен соңғы жолы интонациялық бүтіндік үшін қолданғанда күшті шығады екен. Мысалы Әбділда Тәжібаевтың Рим туралы циклін алайық:

Римнің рухы әлдеқашан күйреген!  
Жат аяқтар балшықтай үрімсіз,  
Европада кәдімгі.  
Банкирлерге табынамыз.  
Жандармға жағынамыз.  
Сатыламыз, сатып та оңай аламыз.  
Римнің рухы әлдеқашан күйреген!

Мұнда қайталанған бірінші екпінді жол барлық мағна-ның жүгін арқалап, өлеңді күшейтіп тұр. Әбділданың осы Европа сапарында жазған өлеңдерінің ішінде 12 буынмен жазған өлеңі де бар. Мұның түп-түбіріне қарасақ, ойдан шығарған емес, қазақтың ырғақты мәтел сөздерінде осындай он екі буынмен айтылған өрнектер бар екен.

Қазақ поэзиясының түр жөнінен мүмкіндігі орасан көп. Тек соларды орынды пайдалана білсе! Бірақ бұдан тек барды пайдаланумен доғарылып қаламыз деген ұғым тумасқа керек. Түр іздегенде қазақтың ауыз әдебиетінен жазба әдебиетінің үлгілерінен творчестволық жолмен поэзиялық ойды, көркем идеяны өріп беруге жарамдысын алған жөн.

Сайып айтқанда, поэзияда болсын, күллі әдебиетте болсын, дәстүр мен жаңашылдық бір-біріне қарсы немесе бір-бірінен айырым дүниелер емес. Реализм өнерінде бұл екеуі мазмұн мен форма секілді диалектикалық бірлікте дамып өрбитін құбылыс. Жаңалық жақсы дәстүрдің қираған жерінде емес, өсіп жетілген жерінде пайда болады. Бұл процесс өзінен өзі жүзеге аспайды. Оны жүзеге асыратын сол дәстүрлерді игерген талант иесі. Сондықтан таланттың творчестволық ізденуін, жемісті нәтижесін қолдау қажет.

Енді бір мәселе: дәстүр дегенде тек қана ұлттық дәстүрді пайдалану керек пе? Қазір қазақ халқы социалистік ұлт болып, басқа халықтармен бірге бір мақсатқа жұмылып достық байланыспен жалпы коммунистік мә-

дениетін жасап жатқан тарихи жағдайда тек кана ұлттық дәстүрдің шеңберінде қалуға болмайтыны белгілі. Өзіміздің көп ұлтты совет әдебиеттері мен бүкіл дүниежүзілік прогресшіл әдебиеттердің жақсы дәстүрлерін қазақ поэзиясының социалистік реализм жолында шынайы жаңалықтарға жете беруі үшін емін-еркін пайдалану шарт.

Жаңалық жасау жолы — идеялық және көркемдік сапасы жоғары жақсы шығарма беру жолы!

## ИНТЕРНАЦИОНАЛДЫҚ ПЕН ҰЛТТЫҚ СИПАТ

Бір халықтың жасаған рухани асыл қазнасы, өткені қиын уақыт алшақтығы мен жер шалғайлығына, қанаушылар қоғамының өршеленген қарсылығы мен кедергілеріне қарамастан, басқа халықтардың игілігіне айналып, олардың ұлттық төл мәдениетінің дамуына қолайлы әсер ететініне, сөйтіп бүкіл адамзат мәдениетінің асыл қазынасын молықтыра түсетініне және бұл мұрада әр халықтың қосқан үлесі жарқырап көрініп тұратынына дүние жүзілік мәдениет тарихында дәлелдер аз емес. Әйтсе де ұлттық мәдениеттің ықпал күші, оның даму дәрежесі мен характері қай халықтың болсын тарихи жағдайларына байланысты, тіпті дүние жүзілік мәдениеттің жалпы дәрежесі де осы жағдайға бағынышты. Осыған орай Маркс пен Энгельстің Эллада өнері, Жаңғыру заманының кемеңгерлері, ХІХ ғасырдағы Европа әдебиетінің ұлы реалистері туралы еңбектерінде айтқан аса терең пікірлері, В. И. Лениннің Лев Толстой туралы данышпандық мақалалары, сонымен қатар Максим Горькийдің орыс әдебиетінің дүние жүзілік маңызы туралы жалын мен сенімге толы пікірлері айрықша маңызды. Лениннің Л. Толстой творчествосын орыстың ұлттық ұлы құбылысы, орыс революциясының айнасы деп бағалай отырып, сонымен бірге мұның өзі адамзаттың көркемдік жағынан дамуында бір адым ілгері басқандық деп тануы мәдениеттегі ұлттық және жалпы адамгершілік сипаттардың ара қатынасын түсіне білу үшін айрықша маңызы бар тағылым екені даусыз. Мұнда ұлы жазушының творчествосы ұлттық характерімен, ұлттық тематикасымен қоса, жалпы адамгершілік интернационалдық мәдениетке қарама-қарсы қойылмайды, оның керісінше, сол

әдебиеттің одан әрі дамуына пәрменді әсер еткен қомақты үлес деп қаралып отыр.

Шын мәнісіндегі ұлттық, патриоттық, интернационалдық, жалпы адамгершілік сипаттардың ажыраспас бірлігін заманында Белинский аңғарған болатын. Ол бұларды өзара қарсы қоюға жан-тәнімен қарсы шығып, «Отанға деген сүйіспеншілік сонымен қабат жалпы адам баласына деген сүйіспеншілік болуға тиіс» деген еді. Ол ол ма. Ұлы сыншы: «жалпыдан туған жеке тәрізді, отанға деген махаббат адамзатты сүюден туар болар. Өз Отаныңды сүю — оның нұр жүзінен адамзаттың асыл мұраттарының орындалған бейнесін көрсем деген жалынды күштарлық һәм соған қолдан келгенше атсалысу болмақ керек. Өйтпеген жағдайда патриотизм өзіндігін өзінікі болғаны үшін ғана сүйетін, өзгелерді өгейлігі үшін ғана жек көретін, сөйтіп өз сорақылығы мен керенаулығына төбесі көкке жеткенше қуанатын қытайшылыққа апарып соғады», деп есептейді. «Азаматтық адамгершілікті, адамгершілік азаматтықты жойып кетпесін» деген қанатты сөзді де сол Виссарион Григорьевич айтқан болатын. Белинскийдің жалпы алғанда жөні түзу бұл сөзін марксистер едәуір айқындап берді. Мәселен, Плеханов кімде-кім өз ұлты үшін оның қанаушыларына қарсы тұрса, ол «сөйтіп күллі адамзаттың мүдделерін қорғайды», деп көрсетті. Ал Владимир Ильич ұлттық мәдениет хақындағы осынау ойды одан гөрі терең де дәл ашып берді. Қанаушылар қоғамы жағдайындағы әрбір ұлт мәдениетінің ішінде бір-біріне кереғар екі мәдениетті — халықтық мәдениет пен қанаушылар мәдениетінің жігін ашып көрсете отырып, Ленин былай деді:

«...Біз әрбір ұлттық мәдениеттен тек оның демократиялық және социалистік элементтерін ғана аламыз, сөз жоқ оны тек әр ұлттың буржуазиялық мәдениетіне, буржуазиялық ұлтшылдығына қарсы қоюға аламыз» (20 том, 8-бет).

Буржуазиялық қоғам жағдайында әңгіме, мәселен даурықпа «бір тұтас толқын» тәрізді ұлттық мәдениеттің ішіндегі бірлік жайында емес, халықтық демократиялық элементтердің прогресшіл адамзат мәдениетінің интернационалдық мән-маңызымен бір тұтастығы жайлы болуы керектігі осының өзінен айқын көрініп тұр.

Шын мәнісіндегі көркемдік талантқа ие, заманының прогресшіл идеяларымен нұрланған, нағыз халықтық,



нағыз шыншыл шығарма ғана халықтың шын мәнісіндегі ұлттық рухын бейнелеп, оның асыл мұраттарын жырлай алатыны белгілі. Тек осындай шығарма ғана ұлт топырағынан туған жеміс бола алады, халық өмірінің картинасын бейнелеп бере алады.

Ғасырымыздың бас кезінде бейнелеу формасы жағынан мейлінше орысқа тән, мейлінше ұлттық; мазмұны жағынан мейлінше интернационалдық, мейлінше социалистік сан-салалы Горький шығармалары дәл осындай туындылар еді.

Жұмысшы табының революциялық күресі дәуірлеп тұрған шақта Горький жасаған және социалистік революцияның жеңуі жағдайында өрісін тауып, одан әрі дамыған социалистік реализм бүкіл көп ұлтты совет әдебиеті мен өнерінің басын біріктіруші және гүлдендіруші творчестволық әдіске айналды. Ал социалистік реализм қамтуында ұлттық және интернационалдық ара-қатынас идеялық-эстетикалық табиғи тұтастыққа жетіп, принциптік жағынан өзгеріп, жаңғырды. Мұндай бірліктің диалектикасы түрі ұлттық, мазмұны социалистік мәдениетіміздің табиғатынан өрбиді. Бұл формуланың маңнасын дұрыс түсіну үшін, социалистік қоғам жағдайында ұлт ұғымының өзі өзгеріп, социалистік ұлт ретінде, жаңа сапаға ие болғанын және соған байланысты басқа да ұғымдардың бәрін көз алдымызға елестетуіміз қажет. Қанаушы таптардың жойылуы, таптық, ұлттық антагонизмнің жойылуы, ортақ мүдде мен ортақ көзқарас негізінде халықтардың достығы мен туысқандығының нығаюы ұлттық мәдениеттің интернационалдық характерін белгіледі. КПСС Орталық Комитетінің совет жазушыларының IV съезіне құттықталуында былай делінген:

«Біздің әдебиетіміздің принциптік жаңа қасиеті оның көп ұлтты әдебиет боп дамуында, барлық ұлт әдебиеттерінің Совет Одағындағы әрбір халықтың тарихи жолының өзгешеліктерін көрсететін прогресшіл дәстүрлері мен озат тәжірибелерін өз бойына сіңіре білетіндігінде болып табылады. Лениндік ұлт саясатының салтанат құруы, халықтардың түбірлі мүдделерінің ортақтығы, достығы мен туысқандығы, мұрат-мақсаттары бір, дәстүрлері мен формалары алуан түрлі ұлт әдебиеттерінің гүлдене көркеюінің негізі болып табылады».

Қоғамдық қарым-қатынастардың жаңа типінен туған

совет әдебиетінің осы бір қасиеттерін Горький атап көрсеткен сонау отызыншы жылдардың өзінде қазақтың социалистік жас мәдениеті өзінің жаңа сипаттарын паш ете бастаған еді. Қазақстанның социалистік реализм негізіндегі халық поэзиясының алыбы Жамбылдың күдіретті үні бүкіл Совет Одағына саңқ етіп естілді, советтік астанамыздың көрермендерін қайта туған қазақ халқының сандуғашы Күләш Байсейітованың тамаша өнері қайран қалдырды, қазақ совет жазушыларының туындылары орыс тіліне аударылып, бүкілодақ оқырмандарына жете бастап еді.

Қазақ әдебиеті мен өнерінің ұлттық формасы қазақ емес оқырмандар мен көрермендердің эстетикалық ләззат алуына сол кездің өзінде де кедергі болған жоқ, өйткені басқа формалар тәрізді ұлттық форманың да мазмұн мен диалектикалық бірлігі үстірт емес, мазмұнды бірлік, яғни мазмұнмен тумысынан кіріктіре тұтас құйылған бірлік, ал социалистік мазмұнмен гармониялық бірлігі социалистік мазмұнға толы, яғни өзінің түпкі мәні жөнінен интернационалдық сипатқа ие болған бірлік еді.

Содан бері отыз жыл өтті. Бұл жылдар ішінде қазақтың социалистік мәдениеті рухы мен характері жөнінен интернационалдық дәрежеге көтерілген ұлт топырағында өркендеп дами отырып, өзінің рухани дарынының алып күдіретімен құлашын кеңге сермеді.

Республиканың экономикалық, қоғамдық-саяси және мәдени өмірінің құлпыра гүлденуімен бірге, қазақ әдебиеті мен өнері де таңғажайып шапшаң қарқынмен өндіре өсіп отырды. Қазақ әдебиетінің өрге ұмтылған әр жылы ондаған жылдардың олқылығын толтырып, қиын да болса қарғымалы даму үстінде қысқа мерзімде әлемі әдебиеттің ең озық творчестволық әдісі — социалистік реализмге қолы жетті. Социалистік реализм, әрине, бірден қалыптасып кеткен жоқ, жаңа өмірдің ақиқатын бірте-бірте оймен қорыту және игеру барысында, революцияға дейінгі әдебиеттің белгілі бір дәрежедегі идеялық-көркемдік тар өрісінен сана күші арқылы бұзып өту, маркстік-лениндік дүниетанымды ойдағыдай игеру нәтижесінде; халықтан шыққан дарынды өнер иелерінің керемет көбеюінің, сондай-ақ олардың мәдени дәрежесінің шапшаң өсіп, творчестволық ізденісте тәжірибелерін үздіксіз молықтыруының нәтижесінде қалыптасты.

Интернационалдық пен ұлттық сипаттың ара қатынасының проблемасы социалистік реализм әдісін меңгеру дәрежесіне тікелей байланысты. Олардың бірлігінің диалектикасы бұл мәселеде өзара ажырасу немесе екі жақ жарға кезек соғушылық атаулының болу мүмкіндігіне жол бермейді. Мәселенің өңін айналдырғыштармен бұрмалағыштар интернационалдық пен ұлттық сипаттың ара қатынасы жайлы ұғымды көрнеу теріс көрсетіп, оларды бір-бірінен ажырата, бір-біріне қарама-қарсы қоя баяндайды. Өз ұлтына, оның мәдениетіне, тіліне жиіркенішпен қарайтын, оның болашағы мүлде жоқ деп, оған әсте сенбейтін ұлттық нигилизм де, күллі «өзімдікі», «ұлымдікі» дегеннің бәрін өрескел асыра мақтап, оған басқа ұлттардың мәдениетінің қандай да болсын әсер етуіне жаны түршіге қарсы тұратын ұлттық герматизм немесе изоляционизм де осылардың бәрі де интернационалдық және ұлттық сипаттардың бірлік диалектикасын түбірімен бұрмалау арқасында ғана өздеріне талғажау табады. Олардың бәрі де Ұлы Октябрь Социалистік революциясынан кейін болған өзгерістерге, лениндік ұлт саясатының салтанат құрғандығына, ал осы жолда ұлттық дамудың өзі интернационалдық негізде жүргізілгеніне жория тиісті мән бергілері келмейді. Советтік өмір шындығы: бәріне ортақ Социалистік Отаны бар және бәрі жұмыла коммунистік жаңа қоғам орнатып жатқан, тілегі мен мақсаты бір социалистік ұлттардың мызғымас достығы — міне, барлық совет халықтарының, соның ішінде қазақ халқының түрі ұлттық, мазмұны социалистік мәдениетінің гүлдену негізі — интернационалдық негіз осындай.

Қазақтың социалистік реализм әдебиетінің даму кезеңдеріне лайықты белгі боларлық С. Сейфуллиннің «Тар жол, тайғақ кешу», С. Мұқановтың «Ботакөз», М. Әуезовтың «Абай», Ғ. Мүсіреповтың «Оянған өлке» шығармаларын алып қарасақ, бұлардың бәріне де интернационалдық сипаттың ұлттық сипатпен табиғи қиюласып, біртұтас сомдап құйылғанын көреміз. Сонымен қатар интернационалдық, яғни автордың коммунистік партиялылығымен, оның социалистік гуманизмімен, өмір шындығын революциялық даму үстінде көз алдына елестетудегі идеялық-эстетикалық концепциясымен байланысты осы бір қасиет — белгілі бір жайтта әдейі сырттан әкеп қосқан кірме фактор емес, ұлттық сипатқа жан бітіріп,

жаңа сапаға ие етіп тұрған құдіретті күш. Осы проблеманың белгілі зерттеушісі Ломидзенің пікіріне қосыла отырып: «интернационалдық — ол ұлттық сипаттың үстінен қарайтын дербес нәрсе емес, сол ұлттық сипаттың ең жоғары, тарихи жағынан неғұрлым прогресшіл, ақырына дейін социалистік тұрғыда өмір сүруінің әдісі болып табылады» дегені өте орынды сөз.

Ақын Расул Гамзатовтың интернационалдық және ұлттық сипаттар диалектикасы туралы мәселені бейнелеуі маған өте ұнағаны сонша, оны қайта-қайта қайталай бергім келеді. РСФСР жазушыларының II съезінде сөйлеген сөзінде ол: интернационалдық пен ұлттық сипаттар табиғи жолмен туған әсем үйлесім; ол бір комуздың екі шегіндей, бір қыранның қос канатындай, онсыз шырқап салар ән де жоқ, шырқау биікке ұшу да жоқ дегенді айтты. «Өзі туған асқар шыңнан алыс самғап ұшпаса,— қыран емес, ол балапан сары ауыз; алыс жайдан өзі туған асқар шыңға қайта айналып жетпесе, қыран түгіл құзғын да емес — қара қарға жалмауыз». Ал енді ойлайық: қазақ романы «Абай» ақиық қырандай күллі жер шарын шарықтай шарлап өтті деуге болады. Ол 16 тілде сөйледі. Алуан тілдес миллиондаған оқырман қауымның жүрегіне жол тапты. Бірақ қазақ даласына қазақтың төл туындысы қалпында қайта оралды. Неге? Өйткені ол жан сарайын социалистік интернационализм шұғласы нұрландырған нағыз ұлттық шығарма. Иә, «Абай» эпопеясы — шынында да қазақтың нағыз ұлттық шығармасы, ондағының бәрі де: адамдар да (олардың портрет, характер, тілі де), табиғат көрінісі де, халықтың өмір салты да (салт-сана, әдет-ғұрып, психологиялық қалпы мен көркем ойлауы), тілінің бейнелеу құралдары да — осының бәрі де қазақтың өзгеге ұқсамайтын өзіндік ұлттық бейнесін паш етіп тұр. Апырау, осы жайттардың өзі шығарманы басқа ұлттар оқырмандары үшін қызғылықсыз, томаға тұйық, түсініксіз етіп жібермегені қалай? — деп те қалуға болады. Мәссаған! Қайта керісінше, қай жерге барса да осынау нағыз ұлттық, халықтық шығарманы айрықша ләззатпен, құштарлықпен, шын көңілден сүйіп оқиды. Демек, социалистік мәдениетте ұлттық сипат белгілі бір ұлт мәдениетінің форма жағынан ерекшелігін көрсетеді, оны басқалардан бөліп-жарып, алыс-аулақтатып, жеке-дара қарамай, оларды бір-

біріне жақындастырып, ынтымақтастыра, топтастыра түседі.

Немістің белгілі жазушысы және аудармашы Альфред Куреаллы әлем оқырмандарының ой-сезімін білдіре келе былай деп жазды: «Сіз әлі күнге дейін «Абайды» оқыған жоқсыз ба?! Онда сіздің ештеме де оқымағаныңыз. Бұл таңғажайып нәрсе, бұл ғаламат дүниелік! Сардалаға жан бітіп, өзінің күллі асқақ ару табиғатымен, барша қимыл-қылығымен, кесек характерімен — бәр-бәрімен саған қарай ентелеп төніп қалған тәрізді. Албыртқызулықтары қандай, кәдімгі Шекспир кейіпкерлеріндей! Замана тынысын дәл мұндағыдай ешбір ғылыми зерттеулерден ұғына, сезіне алмайсың».

Осынау керемет табыстың сыры неде? Қайталап айттайын, оның сыры мынада: сөз болып отырған қазақ романы — социалистік реализмнің аса көркем туындысы, оның үстіне, бұл шығарма аса зор ақындық құдіретпен жазылған, мұнда ұлттық және интернационалдық рух өзінің диалектикалық бірлігін тауып, табиғи ұштаса біртұтас боп шыққан. Және бұл арада мәселе романда қазақ және орыс халықтары өкілдерінің достығын бейнелегенінде ғана емес (әрине, мұның да өзіндік маңызы бар), мұнда ұлттық ұғымның өзі социалистік мазмұнмен молығып, айырықша парасатқа бөленіп тұр және ондағы жарқын да прогресшіл күштердің бәрі қазақтың өмірі мен салт-санасындағы небір мешеуліктерге, ескілік сарқыншақтарына, рушылдықтың без боп қатып қалған шемдеріне қарсы жұмсалады.

С. Мұқановтың «Ботакөзі», Ғ. Мүсіреповтың «Қазақ солдаты», Ғ. Мұстафиннің «Шығанағы», М. Әуезовтың «Қараш-қарашы», Т. Ахтановтың «Қаһарлы күндері», Ә. Нұрпейісовтың «Қан мен тері», Х. Есенжановтың «Ақ Жайығы», І. Есенберлиннің «Қатерлі өткелі» де дәл осындай шығармалар, оларда да ұлттық ерекшелік авторлардың коммунистік дүниетанымымен нұрлана, құлпыра жаңғырып, бүкіл адамзаттық, интернационалдық үндестікке ие болады, бұл шығармалардың да басқа ұлттар тілдерінде түсінікті, қызғылықты болуы осыдан.

Ғ. Мүсіреповтың «Қазақ солдаты» романында Қайрош Сарталиев деген қазақ солдатының образы бар. Оның қазақ екенін айтып тұрған фамилиясы мен өмірбаяны ғана емес. Ол оның ұлттық характерінен де, оның ой мен сезім құрылысынан да көрініп тұр — оның орыс

Толстов, өзбек Самед, украиндық Мирошник және басқалар сияқты ең жақын майдандас достарынан айырмашылығы да осында. Ал олардың ортақ қасиеті қандай деп сұрауы мүмкін оқушының. Оларды біріктіріп тұрған ортақ қасиет — ұлт өзгешелігіне қарамастан, осынау майдандас достардың бәрінің, барлық совет жауынгерлерінің бәріне тән советтік характер, советтік патриотизм. Демек, олардың әрқайсысының ұлттық ерекшелігі бұл арада олардың бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығаруға жұмылдыратын советтік характерін көрсетуіне, сөйтіп социалистік отанының ортақ жауына қарсы күресте қаһармандық ерлік жасауына бөгет бола алмайды.

Тағы бір мысал. М. Әуезов эпопеясындағы Абай образы іспеттес, С. Мұқанов пьесасындағы Шоқан Уәлиханов образы да әскери білімі бар орыс офицері болғанымен, негізінен ұлттық сипатта шыққан. Сонымен қатар аса зиялылығы да, өз заманының озық идеяларын игеруі де қазақтың ағартушы-ғалымының характеріндегі ұлттық белгілерді өшіре алмаған, керісінше, оның бойындағы ұлттық белгілер оның образындағы жалпы адамгершілік мән-мағнаны да әлсіретіп тұрған жоқ.

Б. Майлин шығармаларындағы Мырқымбай, С. Мұқановтың «Ботакөзіндегі» Амантай, Ғ. Мүсіреповтың «Оянған өлкесіндегі» Байжан мен Бұланбай, Т. Ахтановтың «Қаһарлы күндеріндегі» Көжек, І. Есенберлиннің «Қатерлі өткеліндегі» Бүркіт, С. Бақбергеновтың «Қарға тамған қанындағы» Нәлқара характерлері бірте-бірте дамып, қалыптасады, ішінара мінез, әдет мүкістері жүре түзеліп отырады. Соған қарамастан олардың характеріндегі ұлт өзгешелігі жойылып кетпейді, ол бірте-бірте дами келе, неғұрлым тереңірек, интернационалдық, жалпы адамгершілік мәнге ие болады.

Ал Бек өзінің «Арпалыс» атты кітабында Бауыржан Момышұлының бейнесі арқылы өте бір өзгеше, табиғаттың өзі сомдап соққан қазақ образын жасады. Алайда жазушы сәттілігі геройының небір ұлттық-психологиялық және эмоциялық кезеңдерін аңдап қалғандығынан ғана емес, сонымен бірге ол әлгі талантты совет жауынгерлерінің характерін оның интернационалдық қасиеттерімен ұштастыра суреттеп, типтендіре білгендігінде.

Енді осы мәселеге екінші жағынан келейік. Пушкин, Навои, Абай, Тоқай іспетті ұлы ақындардың Тынянов, Айбек, Әуезов, Файзи бейнелеген образдары характер-

лерінің жалпы адамгершілік қасиеттері жағынан бір-біріне ұқсап тұрады: бәріне де тән қасиет — жаныңды баурап алатын гуманизм, жарқын оптимизм, ақындық эмоция мен интеллектуалдық. Бірақ, солай бола тұрса да, олардың бір-бірінен елеулі айырмашылығы бар, ол айырмашылықтар әрқайсысының заманына, тарихи жағдайына, әлеуметтік ортасына, жеке басының парасатты өміріне, творчестволарының ұлттық рухына байланысты.

М. Горький, Ғ. Мүсірепов, Ш. Айтматов бейнелеген ана образдары хақында да осыны айтуға болар еді. Олар — әрі ұлттық, әрі интернационалдық тұлғалар.

Ұлттық ерекшеліктерді интернационалдық, жалпы адамгершілік кадр-қасиеттермен ажыраспас бірлікте көрсету — бірден-бір социалистік реализм шығармаларына тән нәрсе.

Музыка, живопись, кино өнері шығармаларынан да біз осындай құбылысты көріп отырған жоқпыз ба? Қазақстан композиторларының шығармаларын республикамыздан шалғай жерлердегі театрлар мен концерт залдарында да жұрт сүйсініп тыңдайды, біздің суретшілеріміздің туындыларына жаны тебіренетін жалғыз ғана қазақ емес, ал Совет Одағының халық артистері — Еремек Серкебаев, Роза Бағланова, Бибігүл Төлегенова, Ришат Абдуллин әндері планетамыздың барша континенттерінде — Вьетнам мен Канадада, Европа мен Египетте тыңдаушыларының жан-жүрегін баурап алады. Қазақ өнері шығармаларының ашық бояуы мен асқақ үнін, күйлі сазы мен жарқын образдарын басқа халықтар өнеріндегі сондай шығармалардан бірден айырып алуға болады, өйткені олар — ұлттық туынды, олар ұзақ уақыт бойына ұлт топырағында, ұлттық эстетикалық дәстүрлер аясында өніп өсті. Мәселен, қазақ музыкасын орыс, өзбек, әзербайжан, грузин, ұйғыр, тіпті қырғыз музыкасымен де шатастыруға болмайды. Солай бола тұрса да, ол тек қазақтарға ғана түсінікті, ұғымды емес, одан тек қазақтар ғана эстетикалық ләззат алып қоймайды, өйткені ол жалпы адамгершілік, интернационалдық сипаттардан жеке-дара, томаға-тұйық жатқан нәрсе емес, ол онымен өзара тығыз байланыста, ол өзі де ықпал жасап, өзгеден де әсер алып молығып отырады.

Дегенмен қазақ әдебиеті мен өнері шығармаларының бәріне бірдей осы қасиет тән екен деп айтуға болмайды. Социалистік реализмнің жалпы талаптары тұрғысынан

да, оның аса маңызды элементтерінің ішкі бірлігі тұрғысынан да ешқандай сын көтермейтін кітаптар, өлеңдер мен спектакльдер, картиналар мен кинофильмдер, домдай салған мүсіндер бізде аз емес. Олар ешкімнің жанын тебірентпейді. Кейбір нашар әндерді радиодан естігенінде зығырданың қайнайды. Осынау арзанқол, күлдібадам шығармасымақтардан не ұлттық ерекшелік, не интернационалдық қасиет таба алмайсын, өйткені ондайларда осынау екі қанаттың не бірі, не екіншісі жоқ болады да, ұшпақ түгіл жүруге де жарамайтын мүгедек боп қалады.

Мұндай арзанқол шығармасымақтарға тоқталып жатудың қажеті шамалы, өйткені олар өнер туындыларының қатарына жатпайды.

Ал, бірақ, кейбір тәуір шығармалардың өзінде «әттегене-ай» дейтін жерлер көп болады. «Қазақфильмнің» жақсы шығармаларының бірі деп орынды айтылып жүрген «Ата мекен» фильмнің бір ғана образын мысалға алғым келеді. Ол — қазақ шалының образы. Автордың көздеген мақсатына кінә тағуға болмайды. Актер Елубай Өмірзақовтың ойыны да онды. Бәрінің ниетінен: «Солдаттың әкесі» фильміндегі Георгий Махарашвили құралыптас қазақтың нағыз ұлттық образын жасауды көздегені көрініп-ақ тұр. Ол туған жерін, қаза тапқан баласын, одан қалған немересін жан-тәнімен жақсы көреді. Бірбеткей. Бес намазын құр жібермейді. Шошканың етінен өлердей жеркенеді т. т. Алайда, оның адамгершілігі майданға барып көзі ашылып, көкірегі оянған Махарашвилидің көтерілген рухани биігіне жете алмайды, өз психологиясы мен дүниетанымының күйкі-күйбең тар шеңберінен құтылып шыға алмай қалады. Совет адамдарының интернационалдық асқақ қасиеттерін айрықша көрсету үшін шалдың характерін айқындай түсуге бір топ құмалақшы кулардың тигізіп тұрған себі жоқ, қайта олар қазақтың «ұлттық» ортасы жайында бір түрлі жаман әсер қалдырады.

Сөйтіп интернационалдық және ұлттық сипаттардың ара қатынасының проблемалары туралы немесе социалистік реализмдегі жалпы мен дербестің ара қатынасы жөнінде айтылғандардың бәрі де диалектикалық бірліктің бірегей заңына бағынады, мұнда жалпы сипат дербес айрықшалық арқылы ғана көрінеді, ал дербес айрықшалық жалпы немесе интернационалдық мазмұнды неғұр-



лым терең, неғұрлым айқын бейнелесе, солғұрлым күшті, солғұрлым мән-маңызға бай болмақ. Бірақ мұндай бірлік көркемдіктің мазмұн мен түр, типтік және дербестік тәрізді категориялары қиюласа жарасып тұрған талантты шығармаларда ғана болуы мүмкін.

Бұл реттен алғанда, интернационалдық және ұлттық сипаттардың ара қатынасының диалектикасы өнердің шын мәнісінде ұлттық туындысындағы өзінше бір бірліктің бірлігін бейнелейді.

Қазақ әдебиеті мен өнерінің нақты ұлттық формасын сөз ететін болсақ, баяғы бір шеңберден шыға алмай тас боп қатып қалған нәрсе емес, өмірмен бірге тарихи тұрғыдан өзгеріп, жаңарып отыратын, тозығы жеткен ескілік пен тоңмойындықты жеңе отырып, барған сайын жаңа сапаларға молыға түсетін құбылыс. Сөз жоқ, бұл өзгерістер өзінен өзі туа салмайды, тарихи қалыптасқан, өміршең ұлттық-эстетикалық дәстүрлерді өзіне мирас етіп, оны алға қарай дамыта отырып, өзіндік заңдылықтар бойынша жүріп жатады. Бір жағынан, осынау дәстүрлерді асыра бағалау я болмаса қол жетпес арманға айналдыру, екіншіден, социалистік мазмұнның арқасында қол жеткен қазақтың ұлттық формаларының жаңашылдық сапаларын жоққа шығару творчестволық практикада тар шеңберлікке, томаға-тұйықтыққа ұрындырады, және керісінше, ұлттық дәстүрлерді жоққа шығарып, табанына тірек іздемей, ойына не келсе соны жазып, жаңалық ашамын деп азаптанушылықты, жалған жаңашылдықты, көркемдікке жат күлді-бадамдарды, не ұлттық ерекшелігі жоқ әлденелерді өрбітеді.

Суреткер озық дүниетаныммен қаруланып, ұлттық дәстүрлерден ең жақсы, ең прогресшіл творчестволық жолмен таңдап алып, оны адам баласының көркем мәдениетінің осы заманғы жетістіктеріне сай жаңа жағдайда ілгері дамытып отырса ғана, қазақ әдебиеті мен өнерінің дәстүр мен жаңашылдық жөніндегі көкейкесті проблемасы жемісті шешілмек. Тәжірибелі диханшы сұрыптап сепкен ең асыл дәнінен жоғары сапалы өнім алу үшін, оның көктеуіне, бас жаруына, собықтануына, сүтеюіне, толысып пісуіне неғұрлым қолайлы, неғұрлым айрықша жағдайдың бәрін жасамай ма. Генетикалық (тұқым қуалау) жағынан оның өнімі осынау дақылдың нәсілдік белгілерін сақтап қалады, бірақ оның сапа қасиеті манағы еккен ұрықтан әлдеқайда жоғары болып

шығады. Ол екеуін бір-біріне ұқсатудың өзі күпірлік болар еді. Ал мына жағдайда да өзара тенеітіруге болмайтын нәрселер жайы сөз болып отыр. Алайда мұның өзі образ дамудағы мұрагерлік, мираскерлік туралы пікірімізді айқындай түседі. Осыдан келіп қорытынды туады. Нәсілдік белгіні (шартты түрде: ұлттық белгі деп аталық) ескі дәннен (нақты айтқанда: күні өткен нәрседен) іздемей, бүгін таңдағы қалпынан, яғни даму нәтижесінде қол жеткен жаңа өнім сапасынан іздеуіміз керек.

Мәселен, Ілияс Жансүгіровтың, Әбділда Тәжібаевтың, Қасым Аманжоловтың және басқа көптеген қазақ ақындары поэзиясының ұлттық поэзия болатын себебі — халық поэзиясының образдарын, құралдары мен әдістерін, тіл байлығы мен ұлттық-көркем ой жүйесінің дәстүрлерін молынан пайдаланып, мирас тұтқандығынан ғана емес, сонымен қатар олардың, негізінен алғанда, өздеріне қалған мұраны жаңа жағдайға бейімдеп, заманымыздың ең озық идеяларымен нұрланған советтік өмір шындығы негізінде дамытып, кемелдендіре түскендігі болып табылады.

Осыған орай, Олжас Сүлейменовтың өлеңдері орысша жазылғанымен, қазақтың ұлттық шығармасы болып табылатынын атап өткен жөн. Өйткені ақын өзінің туған халқының эстетикалық дәстүрлерін мирас тұтады, орыс және әлем поэзиясының образдарынан алған тағылым оның ойы мен сезіміндегі ұлттық рухты, ұлттық характерді жоймауы былай тұрсын, керісінше, оны байытып, молықтырып, ұлттық және жалпы адамгершілік рух пен дәстүрдің өзіндік синтезін жасайды:

Қатаң да бопсың, қасарсаң,  
Қас дұшпанды  
Бір-ақ сілтеп  
Қақ бөліпсің қылышпен,

Қанды ұрыстан  
Құйттай ғана босансаң,  
Жыр арнапсын  
Жүректерге сүйіскен.

Бір құлын мен  
Бір сабаға әзер-әзер қаныпсың.  
Саған берген  
Алыптығын алыптың.  
О, Махамбет,

Қайсар ұлы  
Көшпелі бұл халықтың,  
Қаһарлансаң  
Ханның басын алыпсың.

Сүлейменов қазақтың ұлт қаһарманы Махамбет поэзиясының рухын жанындай жақсы көреді, оның ұшқыр, уыттылығына қызығады. Оған қаны тартып тұрады, соның нәсілі екенін жан-жүрегімен сезінеді. Ақынның әр өлеңі, әр шумағы лирикалық геройдың туып-өскен даламен, өз халқымен, оның өмір-тіршілігімен тығыз байланысты екенін, оның тарихы мен шежіресіне, аңызы мен ақындық ұшқырлығына құмарлығын, қазақтардың ұлттық мақтанышы болып табылатын қасиеттерінің бәрін шын жүрегімен сүйеді. Бірақ ұлттық мақтаныш сезімі оның «дәуірмен иық теңестіруіне», сөйтіп өмірге құштарлықты, адамның даңалық құдіретін, совет халқының даңқын, әлемдегі ең тұңғыш совет космонавтының даңқын Маяковскийше жырлауына ешқандай бөгет жасамайды.

Ілияс Жансүгіровтың «Құлагер» поэмасы, Ғ. Мүсіреповтың «Ақан сері — Ақтоқты» драмасы, С. Мұқановтың «Өмір мектебі» трилогиясы, Қ. Аманжоловтың «Абдолла» поэмасы, Ә. Тәжібаевтың философиялық лирикасы мен «Портреттер» поэмасы, Ғ. Орманов, С. Мәуленов лирикасы, Ә. Әлімжановтың очерктері мен повестері, Т. Жароковтың «Тасқынға тосқын» поэмасы, Ж. Молдағалиевтің «Мен — қазақпын», Х. Ерғалиевтің «Құрманғазы», Қ. Ыдырысовтың «Әке тағдыры» поэмалары және басқалар қазақ әдебиетіндегі ұлттық рухты жалпы адамгершілік биігінен бейнелеудің үлгісі болып табылады.

Басқаны былай қойып, тіпті советтік халық поэзиясының өкілі Жамбыл жырларын алып қарайық. Ұлттық формасы, бояуы, колориты жоқ деп кім айта алады оны?

Тіл өрнегі, образы, суреті, әуен — бәрі-бәрі күмәнсіз халықтікі. Қазақ ұлтының... Солай бола тұра оның Ленин, Мавзолей, Москва, Кремль, Отан, партия, халық, революция, соғыс, Ленинград, достық туралы және тағы басқа өлең, жырлары әмбеге аян, әмбеге түсінікті де сүйікті. Мұның сыры неде десеңіз, ол қарт ақынның ағынан жарыла сөйлеп, социалистік мазмұнға өзінің өрен талантымен лайықты форма тауып құдіретті серпінмен, шынайы ыстық сезіммен жырлап беруінде. «Ленинградтық өренім» өлеңін жау қоршауында тұрған ленинград-

тықтардың жабыла оқып, ұран сөзіндей ұғуы да сол себептен.

Әдебиет жөнінде айтылған бұл пікірге музыканың, театр мен кино өнерінің «Қыз Жібек», «Ер Тарғын», «Біржан — Сара», «Абай», «Ана туралы аңыз», «Ана — Жер-ана» тәрізді туындылары да ортақ.

Сөйтіп, социалистік реализм шығармасының ұлттық формасы тек даму үстінде, социалистік мазмұнмен ажыраспас бірлікте танылатын болса, ұлттық, халықтық дәстүрлерді одан әрі дамытып, өз заманының озық идеяларымен сәулелендіре отырып, әрі туған мәдениетінің игілігіне айналған шығармалар ғана социалистік реализмнің нағыз ұлттық туындысы болып есептеледі. Бұл жағдайда социалистік реализмге жалпылық пен дербестік бірін-бірі толықтырып, молықтырып тұратын интернационалдық және ұлттық сипаттардың ажыраспас бірлігінен өз бейнесін табады.

Қазақтың әдеби туындыларының басқа тілдерге аударылған нұсқаларын халықтың қалай қабылдайтынын біліп отырудың сол шығармаларға әділ баға беруде айырықша маңызы болатыны да осыдан.

Баршаға ортақ көркемдік тәсілімен қоса бүкілодақтық совет әдебиетінің арнасында күллі ұлттық сипаттардың басын біріктіретін ортақ қасиеттерге қарағанда, қазақ әдебиетіндегі социалистік реализмнің негізгі ерекшелігі болып табылатын қазақтың ұлттық спецификасымен қатар, осынау әдістің ішкі ерекшеліктері туралы да біраз әңгімелеуге болар еді. Бұл ерекшеліктер әрбір ұлттық мәдениеттің өз ішіндегі социалистік реализм зергерлерінің стилі мен жазу ерекшелігінің және басқа жеке қасиеттерінің алуан түрлі, сан-салалы болатындығына байланысты. Алайда бұл — жеке хәм арнайы тоқталатын мәселе.

Бірақ социалистік реализмнің бұл саладағы мүмкіншіліктерінің ұшан-теңіз екенін атап айтқан жөн. Совет әдебиетін жек көретін, түзелуден кеткен догматиктар немесе ревизионистер мен вульгаризаторлар ғана социалистік реализм мүмкіндіктерін біле тұра білмеген боп, жория кемсітіп көрсетпек боп, оны өздерінің қораш ойларының шеңберіне сыйғызбақ боп жанталасады.

Октябрьде туған қазақ совет әдебиеті қарыштап даму жолымен өткен елу жылдың ішінде алуан жанрды өрбіткен профессионал әдебиетке айналды. Ол өмірдегі

революциялық ұлы өзгерістерді бейнелей отырып, жаңа дүние орнатуға белсене көмектесе отырып, өз халқымен, советтік жаңа адаммен бірге есейіп, кемелденді. Бірақ бұл жол тақтайдай тегіс, жеп-жеңіл бола қойған жоқ. Ол жол өмірдің бұрын барланбаған соны құбылыстары, қалам тимеген тақырыптар, айтылмаған идеялар мен бұрын естілмеген әуендер арқылы өтті. Алуан-алуан қиындықтар мен бөгесіндердің бәрін жеңе отырып, жас совет әдебиеті жаңа қамал, жаңа асуларды бірінен соң бірін асқан табандылықпен жеңіп, үдере алға басты да, дұшпан ағымдар мен ықпалдарға, зиянды дәстүрлер мен сарқыншақтарға қарсы күресте, маркстік-лениндік идеялық үшін, алдыңғы қатарлы творчестволық әдіс үшін, тақырып шеңберінің актуалдығы, көркемдік шеберлік үшін күресте шынығып, өсіп-жетілді.

Сонау кездің өзінде қазақ совет әдебиетінің негізін салушылар С. Сейфуллин, Б. Майлин, І. Жансүгіров, М. Әуезов, С. Мұқанов жас әдебиетіміздің жанр өрісін кеңейтуге көп күш жұмсады, поэзия саласында да, бізде революцияға дейін қауашағын әлі жарып шыға алмай, онша дами алмай келген проза мен драматургия саласында да шығармалар жазды.

Совет әдебиеті өкілдерінің мұндай «универсализмі» уақыт талабына сай еді, ол қайта туған халқымыздың рухани өсу, жаңғыруын бейнеледі. Бұл талап жыл санап тереңдеп, биіктеп, қанатын кеңге жая берді.

Бүкілодақтық совет әдебиетінің алдыңғы қатарлы отрядтарының бірі болған біздің қазақ әдебиетінің жарты ғасырлық даму жолын қорытындылап отырған бұл күндері, біз оның барлық түр, барша жанрлар бойынша тамаша табысқа жеткенін, оның сөз зергерлерінің алуан түрлі стиль ерекшеліктеріне ие болғанын мақтанышпен айта аламыз, сонымен қатар оның көптеген кемшіліктерін де жасырмаймыз. Бірақ қазақ әдебиетін социалистік реализм аясында одан әрі қауырт өркендетуге ішкі мүмкіндіктер мен қорларымыздың сарқылмас қайнар көзі жатқанын да айырықша ескертеміз.

Иә, біздің көркемдік әдісіміздің мүмкіндіктері орасан мол. Ол жауларымыз айтқандай тар қыспақта емес. Бірақ ол Р. Гародидің Батысты шулатқан «Шегі жоқ реализм» атты кітабында жазғанындай шексіз, шекарасыз емес, өйткені Гароди реализмнің шекара айырығын жойып, оны модернизмге теліп, шатастырғысы келеді. Со-

циалистік реализм, реализмнің ең жоғарғы түрі ретінде, таланттың жан-жақты дамуына, оның дербес ерекшеліктерін көрсетуіне кең өріс бергенімен, тайға таңба басқандай мейлінше айқын шекаралары бар, ол шекара суреткерлердің бірыңғай коммунистік мұраттарымен, лениндік партиялылықтың, халықтықтың қасиетті принциптерімен белгіленеді.

Қазақ әдебиеті мен өнерінде әлі түгел құрымай келе жатқан кеселдердің бірі — көктеуі көрініп тұратын тікелей схематизм мен сүреңсіз, натуралистік баяндаушылық. Өмірді терең зерттеп, талдай отырып, үздіксіз іздену, толғану жолымен, жазушылардың идеялық-эстетикалық мәдениеті мен шеберлігін арттыру арқылы осынау кеселден арылу — социалистік реализмнің идеялық-тақырыптық, жанрлық және стильдік жаңа мүмкіндіктерінің мол қорын ашудың, заманымыздың ең озық жанашыл әдіске лайықты шығармалар жасаудың ең басты шарты болып табылады. Тек осындай шығармалар ғана социалистік реализмнің жалпы сипаттары мен қасиеттерін де, ұлттық, көркемдік-стильдік ерекшеліктерін де, әрі тұтас күйінде, әрі жымдасқан бірегей қалпында бейнелеп, оның ұлттық арсеналы мен жалпыға ортақ интернационалдық қазынасын молайтып, оның түр-түрін көбейте алады.

Социалистік реализмнің нағыз талантты шығармаларындағы ұлттық және интернационалдық жайлы бірін-бірі толықтырып, молықтырып отыратын, бір-бірінен ажыраспас екі ұғымның диалектикасы осындай.

**ЕЛ  
СҮЙГЕН  
ЕСІМДЕР**





## ҰЛЫ ҰСТАЗ

*Саңқылдап сұңқар күшті үні,  
Шарықтап таңның бұлбұлы,  
Бастап ұшты қос қыран.  
Ножағай бұлты қамшылап,  
Түн қорқауы қансырап,  
Жарқырап атты алтын таң.  
(К. Аманжолов)*

XX ғасырдың басталар шағы бүкіл жер жүзіне саз беріп атқан жаңа дүниенің боз ала таңына дөп келді. Бұл таңның алтын шапағы Ленин идеясынан нұр алып, Ленин есімін тарих аренасына қызыл ту етіп желбіретті...

Марксизмнің ұлы мұрагері В. И. Ленин ескі дүние мен жаңа дүниенің күрес заңын жіті зерттеп, ескіні жаңаның күйрете жеңер революциялық жолын көрсетті. Көрсетіп қана қойған жоқ, сол күресті өзі басқарды, сол жеңіске өзі бастап жеткізді. Өзінің тура басшылығымен, қолма-қол ұйымдастыруымен және тікелей бас тігіп қатысуымен 1917 жылы жүзеге асқан Ұлы Октябрь Социалистік революциясының жеңісінен бұрын-ақ кемеңгер көсем коммунистік мұратқа қызмет ететін жаңа социалистік әдебиеттің принциптерін анықтап берген болатын. Оның «Партиялық ұйым және партиялық әдебиет» дейтін мақаласы сол принциптердің данышпандық программасы еді. Сөйтіп, Ленин болашақ социалистік қоғамның сипатын айқын танытқаны секілді социалистік әдебиеттің де теориялық негізін салғаны аян. Ленин қағидасын тәжірибеде жүзеге асырып, социалистік әдебиеттің әрі жаршысы, әрі бастаушысы ролін атқарған ұлы пролетариат жазушысы, Лениннің ізгі досы Максим Горький болды.

Әдебиет аспанына әуелде шарқ ұрып шыққан жас Горький алдағы ұлы революциялық дәуірдің жалынды

жыршысы, ноян революциялық дауылдың күдіретті хабаршысы ретінде әлем дүниесіне жар салды. Өзінің асқақ романтикалық әңгіме, жырларында революция күрескерлеріне қажет батырлық пен ерлікті, қайрат пен қайсарлықты, ерлік пен өрендікті мадақтады. Қараңғы тұйыққа қамалған халықты жарыққа шығару үшін жүрегін жұлып алып шам еткен Данко, бас камын ғана ойлап жер бауырлайтын жыланды мазақтап, ұлы мақсат үшін шыған биікке шырқап самғаған сұңқар, ескі дүниенің күлін көкке ұшыратын жойқын революция дауылын шақырып, желге қарсы қасқая ұшқан дауылпаз—оқушысына керемет әсер, ықпал жасаған күдіретті де өнегелі образдар. Революциялық романтиканың ғажайып үлгілері. Халық сүйікті жазушысын оның сүйікті образымен атап, Дауылпаз деп кетуі де жай емес. Онда терең мағна бар.

Дауылпаз деген ұғым енді революцияның қайсар қайраткері деген ғана емес, сонымен бірге жаңа жазушының бейнесін көп қырлы қасиет сипаттармен жинақтап танытатын биік дәреже, кең ауқым алды. Ол енді әрі дана ұстаз, әрі социалистік реалистік реализм әдебиетінің негізін салған ұлы суреткер жазушы, әрі жержүзі еңбекшілерінің данышпан көсемі Владимир Ильич Лениннің досы деген мағнаға ие болды: бұрынғы Россия империясындағы көптеген халықтар мен ұлттардың бас көтерер ақын, жазушыларын айтпағанның өзінде, ХХ ғасырдың дүние жүзіне әйгілі Анатолий Франс, Теодор Драйзер, Анри Барбюс, Ромен Роллан, Томас Манн, Генрих Манн, Арнольд Цвейг сықылды суреткерлері Алексей Максимовичті озат ойлы, ардагер ұстаз тұтты; Горький жазған «Ана» романы жаңа социалистік дәуір әдебиетінің ірге тасын қалаған терең туынды ретінде танылып, барлық тілдегі революциялық әдебиетке игі ықпал жасады, ал В. И. Ленин Алексей Максимовичті жұмысшы табының ұлы суреткері деп бағалап, әр кез оны өзінің достық назары мен қамқорлығында ұстаған.

Бір тамаша факт. Владимир Ильич дүние салып, сүйікті көсемнің табытына халық мыңдаған венюктер қойып жатқан тұста Горький өз венюгіне былай деп жазған: «Досыма. Горький». Ленинді досым деп айтуға право алған адамның бақытынан артық бақыт болар ма? Ал ол правоны бір адам алған болса, ол әрине, Горький. Сондықтан да социалистік мәдениет туралы сөз бол-

ғанда Ленин мен Горькийдің есімдері көбіне-көп қатар аталады да, ұлы жазушы ұлы көсемнің даналық нұсқауларын эстетикалық жүйеге өзек етуші көркемдік дүниесінің асқан шебері ретінде ауызға алынады.

Горький творчествосы шынында да өмір жөніндегі лениндік идеяның искусство тілімен іске асқандығының айғағы, жаңа әдебиет жөніндегі лениндік принциптерді творчество тәжірибеде жаңа көркем әдістің негізіне айналдырудың айғағы. Өмір шындығын революциялық даму қалпында алып шыншылдықпен суреттеу, адамның бақыты үшін күрескен қайраткерді қастерлеп бейнелеуді қасиетті мақсат тұту, халықтың тарихты қозғаушы күш екенін және коммунистік партияның көреген жетекшілік ролін жақсы ұғыну — ленинизм философиясынан туындайтын социалистік гуманизм, халықтық және коммунистік партиялық принциптер болып табылады. Былайша айтқанда, социалистік реализм әдісінің түбегейлі принциптері.

Дүниені қайта құру жөнінде Ленин ісі, Ленин идеялары әмбе халықтың жүрегіне қандай жылы, қандай жағымды болса, Горький шығармалары да өзінің оқушыларына сондай тартымды, әсерлі. Міне, Горький есімінің, Горький творчествосының аса ардақты болған себебі осы. Оның үстіне өзі халықтан шығып, халық өмірінің қазанында қайнап өскен Горькийдің азап пен қиындыққа толы ащы өмірінің өзі қандай үлгі, қандай өнеге?! Және сол өмір ортасынан ойып жасаған халық өкілдерінің образдары қалың бұқара оқушыларына қандай жақын, қандай қадірлі дейсіз! Горький қаламынан туған Данко, Дауылпаз, Сұңқар, Пелагея Ниловна, Павел Власов образдарынан тәлім-тәрбие алмаған оқушы табылмаса керек. Горький шығармаларын оқып, революциялық күресте қайрат, сенім таппаған, коммунистік құрылыста шабыттанып, күш-қуат таппаған бірде-бір ұрпақ жоқ десе болады. Орыс совет әдебиетінде болсын, әйтпесе басқа көп тілдегі совет әдебиеттерінде болсын, елу жыл бойында жасалған ұнамды образдардың ішінде Горький образдарынан қасиет, сипат алмағандары тағы жоқ. Мысалы, қазақ әдебиетінің әр кезеңдегі әр жанрдағы көрнекті табыстарынан саналатын Еркебұлан, Аманкелді, Мырқымбай, Сатан, Раушан, Ботакөз, Ақлима, Қайрош, Рахмет, Зере, Бұланбай, Сәкен, Гагарин т. б.

образдардың Горький кейіпкерлерімен іштей тамырлас екенін сезу қиын емес.

Горькийдің даңқы мен дабысы қазақ даласына Октябрь дүбірімен бірге жетті. Бұл да оның пролетариат революциясының Дауылпазы екенін дәлелдеген жай еді. Қазақ қаламгерлерінің Максим Горькийді жаңа өмірдің жалынды жаршысы, социалистік революцияның дауылпазы, сұңқары деп танып, ынтыға қарсы алуы, әрине, кездейсоқ емес. Қазақтың революционер жазушысы Сәкен Сейфуллин 1918 жылы революция қайраткерлері туралы жазған тұңғыш пьесасын «Қызыл сұңқарлар» деп атауы міне соның кепілі.

Сондай-ақ қазақ қаламгерлері ұлы жазушының әңгіме, жырларын жедел қазақ тіліне аудару жұмысына кірісіп, 1924 жылы оның «Сұңқар жыры» деген атпен тұңғыш кітабын шығаруы да Горькийдің қазақ оқушыларымен тез-ақ табысып кеткендігін көрсетеді. Қысқасы, содан былай қайтыс болғанына дейінгі бас-аяғы он-он бес жыл ішінде-ақ Горький есімі қазақ жеріне әбден мәлім, әбден ардақты болып, оның шығармалары орыс тілі мен қазақ тілінде қалың ұлт оқушыларына толық танылды. Көп жұрт оның туындыларын түп нұсқасынан оқитын дәрежеге жетсе, көп жұрт «Ана», «Менің университеттерім», «Балалық шақ», «Кісі есігінде», «Жаулар», «Изергиль кемпір», «Сұңқар туралы жыр», «Дауылпаз» т. б. сол сықылды көптеген негізгі шығармаларын өз ана тілінде оқитын болды.

Бұл тұста Горький қазақ жұртшылығына (сол сықылды басқа ұлттарға) тек творчествосымен ғана емес, тек өзінің ғажап өнегелі өмірбаянымен ғана емес, сонымен бірге өмір саласында құн жетпес дана ұстаздығымен, таптырмас қамқорлығымен қадірі өтті. Оның үстіне көп ұлтты совет халқының көп тілдегі әрқилы әдебиетінің кеменгер ұйымдастырушысы, ұйтқысы, нұсқаушысы ретінде миллиондаған адамның махаббатына бөленді. Осы бір ұланғайыр халық махаббатын 1936 жылы ұлы Горький дүние салған шақта теңізше толқып тебіренген халық азасынан көргенбіз. Сонда бүкіл қазақ халқының атынан көңіл айтып Л. И. Мирзоян мен О. Исаев қол қойған телеграмма жолданғаны жадымызда. Онда Горькийді: «Советтің ұлы жазушысы — пролетариат революциясының дауылпазы», «Капиталға қарсы, фашизмге қарсы, тап пен ұлт қысымшылықтарына қарсы қажымай

күрескен ұлы жауынгер», «еліміздегі халықтардың жалынды, сенімді досы» деп бағалап, «Қазақстан большевиктері мен еңбекшілері... революцияның ұлы қайраткері, совет елінің аса көрнекті және сүйікті жазушысы Максим Горькийді мәңгі ұмытпайтынын айтқан. Сонымен бірге Қазақстан совет жазушылары жиылысының тапсыруы бойынша С. Сейфуллин, І. Жансүгіров, М. Әуезов, С. Мұқанов қол қойған телеграммада қазақ әдебиетшілері пролетариаттың ұлы ойшысы, жазушысы Максим Горькийді «сүйікті ұстазымыз және пролетариат әдебиетін жасаушымыз», «адамзат бақытының жыршысы, күресшісі» деп келіп, «Қазақстан бұл сықылды ұлы художникті сүйе білді, оны бағалай білді. Жазушылар, еңбекшілер және мәдениет майданының бүкіл қызметшілері Алексей Максимовичтің творчествосынан күн сайын тәлім алды, үйренді, оның камқорлығын, әкелік жөнімен ұлт әдебиет шығаруға берген жәрдемін сезіп отырды» деп көптің көкейіндегісін тауып айтқан. Бұдан екі жыл бұрын осы жазушылар бірінші съезде болып, Горькийдің баяндамасын тыңдағанда алған әсерлерін тамашалап айтқандары да есімізде. Олар съезд бітісімен әуелі Ленинградтағы қазақ оқушыларына барып, кейін Алматы әдебиетшілеріне келіп съезд туралы, Максим Горькийдің керемет баяндамасы туралы кезек-кезек сөйлеп, қызық әңгімелеп берген еді. Сол әңгімесін қазақтың маңдай алды ақыны Ілияс Жансүгіров Алексей Максимович қайтыс болған жолы жазған мақаласында қайта еске алып, ұлы ұстаздың бейнесін көз алдымызға елестеткен болатын. «Мен орыс әдебиетін оқуға шарқым жеткен соң-ақ Горькийге таман талпындым. Оның кітаптарының бірінен соң біріне сонырқап іздеп оқыдым. Горький кітаптары мені жазуға жігерлендірді. Көзімді ашып, сарайымды тазалап, ілгері қарай сүйреді, әсіресе маған ерекше әсереткен оның асқан ақындықпен жазылған — «Сұңқар жыры», «Дауылпаз жыры» сияқты өлеңдері болды. Адамзатты азаттыққа шақырған ұлы дауылдың дауылпазы — атақты Буревестниктің дауысы менің құлағыма саңсаң етті. Мен сол өзімді оятқан ұлы дауылда айғайына шақырған «Дауылпазды» жаттап, қазақшаға аудардым. Оны бүгін қазақ халқы сүйіп оқиды».

Бұл бір ғана І. Жансүгіров емес, бүкіл қазақ әдебиетшілерінің басынан кешкен жай. Осы жайында 1932 жылы Горькийдің жазушылық қызметіне қырық жыл то-

луына байланысты басы Сәбит Мұқанов болып мақалалар жазған басқа да бірқатар әдебиетшілер Горькийдің ұстаздығын тебірене мойындағаны бар. С. Мұқанов Максим Горькийдің адамгершілігін, энциклопедиялық білігін, творчествосының партиялығын мектеп тұтып жазды. Сәкен Сейфуллин оның барлық жөнде ұстаз екендігін, Әуелбек Қоңыратбаев, Өтебай Тұрманжанов Горькийдің еңбекші тап әдебиетшілеріне әкелік қамқорлығын, Мұхтар Әуезов оның «Ұлт әдебиеттерінің ең жақсы досы» екенін айрықша атап жазды.

Тағы бір қызық жай: Ілияс Жансүгіров «Ұлы ұстазымызды үлгі қыламыз» деген мақаласында өзінің 1933 жылы және 1934 жылы Горькиймен кездесіп, әңгімелескенін жазған. Бұл кездесулер Алексей Максимович Горькийдің шынында да ұлт әдебиетшілерінің үздік ұстазы, тамаша қамқоры, жан ашыры болғанына көзімізді жеткізіп, жүрекке өшпес әсер қалдырады. «Әрине, Горькийдің кітабын оқып, сөзіне сусындап жүрген шәкіртіне өзінің ұлы ұстазын көру арманы азғана болмайды,— деп жазады Жансүгіров.— Мен көптен Горькийді көруді көксеуші едім. Ондай бақытты күн маған 1933 жылдың қысында кез келді. Сол жылы Кеңес Одағындағы елдердің жазушылары әдебиет жұмысы туралы Мәскеуге жиылғанымызда, бізді Алексей Максимович сыртқары жердегі үйіне шақырды, біз барғанда ол өзгеше достық қуанышпен қарсы алды. Амандасып жайласқан соң әдебиет жайында әңгіме басталды. Біздің әр қайсымыз өзді-өз еліміздің әдебиетімен Алексей Максимовичты таныстырдық. Ол бізді өте ықласпен тыңдады. Сөзді ара-тұра бөліп, сұраулармен әр елдің тарихын, әдебиетін анықтап отырды. Кеңес Одағындағы елдердің алуан әдебиетінің өсуіне сүйсініп, табысына қуанды...

...Біздің Алексей Максимовичте болған бұл күніміз өмірде ұмытылмас бір тарихи күн еді, Кеңес Одағындағы түрлі алуан ұлттардың жазушылары данышпан Горькиймен әдебиет жайында ауызба-ауыз әңгіме жасадық. Оның қымбат пікірлерін тыңдадық.

Бұдан кейін Алексей Максимовичпен бірнеше рет жолықтым. Әсіресе жазушылардың съезі үстінде Алексей Максимович Кеңес жазушыларының ортасында болды. Онымен жолыққанда Кеңес жазушылары ұлы ұстаздың алдынан сабақ алғандай, ұлы әкенің өсиетін тыңдағандай болушы еді».

## Горькийге арнаған өлеңінде Қалмақан Әбдіқадыров:

Көркем сөздің әлемдік ұлы ұстазы,  
Барлық еңбекші елдердің туысқаны.  
Өміріңнің өлмейтін бір бұтағы,  
«Анаң» туған қаламмын Шығыстағы,—

деп жазған еді. Жазушылық өнерім Горькийдің «Анасынан» туды деп қай жазушы болғанмен айтуына сияды, өйткені «Анадан» нәр алмаған совет әдебиетшісі бар ма екен, сірә? Сондықтан да ұлы ұстазға алғысын айтып өлең арнамаған яки мақала арнамаған ақын, жазушы кемде-кем-ақ шығар...

Әдетте ұлы орыс халқының мәдениеті мен әдебиетінің қазаққа әсер, ықпалын сөз еткенде, революциядан бұрынғы жағдайға байланысты ауызға алдымен Пушкин мен Лермонтов түссе, совет заманына байланысты алдымен Горький мен Маяковский түседі. Ол дұрыс, әрине. Бірақ осы әсер, ықпал деген ұғымның өзін тым тар шеңберде алып, ұлы жазушылардың шығармаларының тек қазақшаға аударылуына қарай немесе бірен-саран қазақ жазушысының шығармасында ұқсас сарынның баржоғына қарай қорытынды жасайтынымыз бар. Айталық, Горькийдің әсер, ықпалын айтқанда, көбіне-көп оның шығармаларының қашан аударылғанын, яки Сәбит Мұқанов өмірбаяндық шығармасын «Менің мектебім» деп атағанын («Менің университеттеріме» ұқсатып) Ғабит Мүсіреповтың бірнеше новелласында ана образын жасағанын («Ана» романы мен «Италия ертегілеріне» ұқсатып) есепке аламыз да, одан әрман бара бермейміз. Бұл мәселеге батылырақ та тереңірек барып зерттеген Е. Ғабдиловтың<sup>1</sup> кітабын жақсы қадам деп бағалауымыз керек. Дұрысында, Октябрь революциясының дауылпазы қазақ даласына жеткенде, оның шығармаларын қазақ оқушылары, әсіресе әдебиетшілері, ана тіліне аударылуын күтпей-ақ түсінгенінше әуелі орыс тілінде оқып, тәлім-тәрбие ала бергені белгілі.

Бұл жөнінен Сәбит Мұқанов өте қызық кепілдеме жасаған: «Алексей Максимович Горькийдің шығармаларымен мен бірінші рет 1932 жылы таныстым. Ол кезде орыс тілінің 70—80 процентіне түсінбейтін едім. Бірақ

---

<sup>1</sup> Е. Ғабдилов «Горький и казахская литература». А-А. «Жазушы», 1967.

Максимнің шығармалары орыс тілін сондай нашар білетін кезімде маған өте түсінікті болды. Кейбір жаман шығармаларды осы күнде оқысақ, орыс тілін біле тұра, біраздан кейін ұмытып қаламыз. Максим Горькийдің шығармаларын орыс тілін нашар білген кезде оқығанмен, осы күнге шейін естен шықпайды. Мазмұны, кейіпкері, образдары көз алдында тұрады». Ал Сәкен Сейфуллин Горький шығармаларын бұдан көп бұрын оқып әсер алған. Және, әрине, орысша оқыған. Кім, қашан оқыса да, Горький шығармалары бірінші кезекте оқушының кең мағнада танымына, сана-сезіміне тәрбиелік ықпал жасайды. Творчествосына ықпал ету екінші кезектің жұмысы. Мәселеге осылай қарасақ, Горькийдің қазақ халқына және оның әдебиетіне ұстаздығын осындай кең алқапта алғанымыз жөн. Ендеше Горькийдің қазақ әдебиетіне, оның қайраткерлеріне көрсеткен ұстаздығын, творчестволық ықпал-әсерін байыпты түсіну үшін, Горький творчествосына жеке жанр, тақырып, образ, сарын ұқсастығынан ғана іздемей, оның жалпы дүние таным тұрғысының, тұтас көркемдік әдісінің, эстетикалық жүйесінің бірлігінен, былайша айтқанда, мазмұн мен түр бірлігінен іздеуіміз керек. Әңгіме әлдеқалай немесе кездейсоқ ұқсастықта емес, маңызды идеялық-эстетикалық факторда екенін С. Мұқановтың мынадай бір сөздері тірілте түсетіндей. Ол Горький шығармаларының ерте кезде көкейіне мықтап қонған себебін түсіндіре келіп: «Бұған менімше үлкен себеп біреу ғана: Максим Горький жұмыскер табы мен еңбекші бұқараның тұрмысының шындығын жазды. Шын тұрмысты көрсеткен көркем шығарма еш уақытта қызықтырмай қоймайды. Максим Горькийдің батырақтар тұрмысы туралы жазған көп әңгімелері менің өз басымнан өткен күндерімді елестетеді. Тілі орысша болғаны болмаса, Максим Горькийдің ерте кездегі батырақтар туралы жазған әңгімесінің ішіндегі батырақтардың тұрмысын барлық ұлттың батырағы басынан кешірген. Сондықтан ол әңгімелер мазмұн жағынан барлық ұлттың батырағына түсінікті. Түрі ұлттық, мазмұны интернационалдық әдебиет деп біз осындайларды айтамыз», деп жазды.

Міне осылай үнілгенде, біз ұлы Горькийдің өз шығармаларының халқымыз үшін атқарған тікелей ұстаздық, тәрбиешілдік ролінің аса зор екенін көреміз. Сонымен бірге оның қазақ ақын, жазушыларын өз бағытында, яғ-



ни социалистік реализм принциптерімен тәрбиелеген еңбегін алсақ, ол тіпті ұшан-теңіз. Мәселені терең зерттеген кісі әдеби образдар түгіл, өмірде шын бар адамдардың ерлік, қаһармандық қасиет, сипаттарынан да Горькийдің осы екі түрлі ролінің жемісті нәтижесін айқын көрген болар еді. Бірақ ол ұзақ сүре жұмыс. Тек бір ғана мысалмен шектеліп, сол С. Мұқановтың өзіне Горький творчествосының оқушы ретінде және жазушы ретінде ықпалы жүргенін айтса да жеткілікті. Бұл мақаланың мына секілді екі жақты міндетті көтере алмайтындықтан, мәселенің бір-ақ өзегін қууға тура келеді. Ол—Горькийдің қазақ әдеби процесіне жасаған зор ықпалы. Мұнда да ықпалдың екі жағы бар. Бірі — Горький творчествосының тура идеялық-көркемдік ықпалы, екіншісі — оның теориялық-методологиялық қағидалары. Алғашқысы — социалистік реализмнің творчестволық принциптеріне әрқилы оқу, үйрену және шеберлік мәселелеріне қатысты болса, екіншісі осы категориялардың теориялық анықтама, түсінігіне, қалай іске асатындығы жөніндегі нақты нұсқау, кеңеске қатысты. Социалистік реализмнің негізін салған ең алдымен Горькийдің творчествосы екені белгілі. Сондықтан Горький творчествосынан нәсер алып үйрену деген сөз — социалистік реализмнің негізгі тіректерін әркім өз шығармасында қабылдау деген сөз, ал үйренудің сәтті шығуы сол социалистік реализм негізінде құнды көркем туынды жасай алуға байланысты.

Дәлдеп айтқанда, Горькийдің қазақ совет әдебиетіндегі ұстаздық ролі осы әдебиеттің сонау революция таңында жаңа туған кезінен басталады. Сол әдебиеттің тұңғыш бастаушысы Сәкен Сейфуллин десек, оның тап Горькийді ұстаз тұтқанын көреміз. Бұл қорытынды Сейфуллиннің өз мойындауынан және әсіресе оның творчествосын зерттеуден шыққан қорытынды. Сейфуллин творчествосының алғашқы кезеңі Горький творчествосының алғашқы кезеңін еске салады. Жалпы көз қарас, көркем әдісі жөнінен де, жеке жанрлық, тақырыптық, образдық ұқсастығы жөнінен де. Горькийдің бастапқы шығармаларында революциялық романтизм тәсілі басым болатын. Сол тұста Данко, Сұңқар, Дауылпаз образдары туған. С. Сейфуллиннің де революция жылдары жазған шығармаларында революциялық романтика сарыны басым. Оның асау тұлпар, қыран, экс-

пресс образдары осы тұста туған. Мұнда да тұлпар революция бейнесінде, қыран революция идеясын таратқан революционер бейнесінде алынған, ал экспресс алдағы ұлы коммунистік мақсатқа ұмтылып зымыраған Советтік Отан бейнесінде алынған. «Асығып тез аттандық» деген өлеңде Сәкен тұлпардың революциялық мағнасын өзі де түсіндіреді.

Таңды қарсы алмаққа,  
Тұлпарларды таптық біз.  
Айдарына қызыл шок,  
Үкілеп сүзіп тактық біз.

Ал «Асау тұлпар» атты жинаққа кіріспе ретінде алған «Далада» деген арнауында ақын өлеңінің идеясы мен сарынында, тіпті ақ өлең түрінде Горький жырларына кұрған. «Үнемдеп өлшеп, күн өткеру үшін тумай, дүниенің сасық байлығына жетуді мақсұт қылмай, қырандай жер-көкке қанат жайып, қырандай дүние шетіне көз жіберген, асау тұлпардай қиырсыз жерге құлаш керіп, бақыт, махаббат іздеген, жастар, сендерге арналды бұл әндер!

Шығындар далаға, жолға —  
Бұрынғы ерлер салған жолға!

Жүріндер, бақыт — еркіндік бақыты, алдарында таяу».

Революция жеңісі тиянақталып, совет үкіметі орныққан шақта С. Сейфуллин енді Горькийдің реализмі басым шығармаларынан үлгі ала бастайды. Мұндағы ең басты үлгі, әрине, «Ана» романы. Ондағы Павел Власовтың жұмысшыларға қарап, көтеріңкі екпінмен айтқан жалынды сөздерінің үнін Сәкеннің «Жұмыскерлерге» деген өлеңінен естиміз.

Жүректің де әлі-ақ бітер жарасы  
Орнар бақыт, бітіп дүние аласы.  
• Қажымандар, михнатта — рахат бар,  
Бауырларым, қалың нашар баласы.

Социалистік реализмнің ірге тасы боп табылған «Ана» романының ықпалы Сәкен Сейфуллиннің әсіресе «Тар жол, тайғақ кешу», «Айша», «Жер қазғандар», «Жемістер» сықылды прозалық шығармаларына алабөтен көп тигенін айту керек. Мысалы «Тар жол, тайғақ кешудегі» бір топ совет мүшелерінің саналы күресі, табандылығы «Ана» романындағы Пелагея Ниловна мен баласы Павел

Власовтың және оның жолдастарының ескі дүниеге қарсы, қасқая қарсы шығуы, сөз жоқ, тектес, сабақтас құбылыстар. «Айша» мен «Жер қазғандардағы» қазақ жұмысшыларының ауызбірлігі де «Ана» романындағы жұмысшылардың өзара бірлік сезімімен тамырлас екендігі күмән тудырмайды.

Осындай ықпал басқа прозаиктерде де жеткілікті. Илияс Жансүгіровтың «Жолдастар» романындағы кедей қазақ жігіттерінің сана-сезімдері бірте-бірте жетігіп, революциялық күрес жолына түсуі, Бейімбет Майлинның «Раушан коммунист» повесті мен «Азамат Азаматыч» романындағы бас кейіпкерлерінің таптық сезімдерін күрес үстінде шындап, қоғам қайраткері деңгейіне көтерілуі — бұл да Горький бекіткен социалистік реализмнің принципі бойынша жаңа күрес адамының образын даму қалпында бейнелеу дәстүрінің жемісі. Сәбит Мұқанов өзінің ең жақсы туындыларын («Сұлушаш», «Ботакөз», «Өмір мектебі») Горький салған социалистік реализм үлгісінде жазғаны қазір дәлелденген жай. Тіпті сонау армандағы тарихи ұлттық тақырыпқа жазылған «Абай жолы» эпопеясының өзі жалпы социалистік реализм әдісінде жасалғаны өз алдына, кейбір жеке жағдай, сурет, образ жүйелерінің өзі тікелей Горький тәсілімен жасалып, Горький тәжірибесінің ізінде шыққаны мәлім. Мұны Мұхтар Әуезовтың өзі де әлденеше рет айтқан болатын. Мысалы Абайдың әжесі Зеренің образына «Балалық шақ» повестіндегі Горькийдің нағашы әжесі Акулинаның образы үлгі болғанын М. Әуезов 1959 жылы 13 апрельде қазақ университетінде сөйлеген сөзінде айтқан еді. Горькийден табиғат құбылыстарын суреттеуді үйренгенін М. Әуезовтың отызыншы жылдары жазғаны бар. Кейін совет драматургиясы туралы бір мақаласында ол Горькийдің пьесаларына тоқтап, ондағы характерлердің мейлінше іріленіп алынғандығын үлгі еткенін білеміз. «Горькийдің адамдары...— дейді М. Әуезов,— өздерінің табиғи, рухани мүмкіншіліктерін әбден сарқа көрсеткен адамдар боп келеді». Шынында осы пікірді М. Әуезовтың өз пьесаларындағы кейіпкерлер жөнінде де айтуға болады.

Ал көрнекті қазақ жазушысы Ғабит Мүсіреповтың Горький мектебін қалай өткені — дербес бір зерттеуге тұрарлық тақырып. Оның ана тақырыбына жазған новеллалары ғана емес, пьесалар да, «Қазақ солдаты»,

«Оянған өлке» сықылды романдары да Горький мектебінің дәстүріне тура қатысы бар туындылар. Бұл қатарда Ғабиден Мұстафин, Сабыр Шарипов, Саттар Ерубәев сықылды прозаиктердің де Горький мектебінен сабақ алып, жаңа адам жасауда жаңалықты табыстарға жеткені белгілі. Осы ретте басқа да талай ақын, жазушылардың есімін тізуге болар еді. Бірақ оның бұл жерде қажеті жоқ. Қанша мысал келтіргенде, түйетін пікір біреу. Ол Алексей Максимович Горькийдің социалистік реализм әдісін игерген қазақ қаламгерлерінің қай-қайсысына болғанмен кезінде өз творчествосымен игі әсер ықпал жасағандығы; оларға жаңа идеялық-эстетикалық тұрғыдағы өлмес туындыларымен үлгі, өнеге көрсеткендігі, және бұдан былай да сол Горький дәстүрінің ұдайы дами беретіндігі...

Жоғарыда айтқандай, әдебиет саласында Горький ұстаздығының екінші қыры ұлы суреткердің әдебиет процесіне басшы, ұйымдастырушы ролінде ықпал жасауына байланысты. Горькийдің өмір бойы, әсіресе, отызыншы жылдардың бас шенінде жаңа құрылған Бүкілодақтық Совет жазушылар одағының басшылығына келгеннен кейінгі төрт-бес жылда совет әдебиетінің өркендеуіне сіңірген еңбегіне айтып сөз жетпейді, ешқандай баға жетпейді. Ұлы ұстаздың бұл тұстағы атқарған жетекшілік ролі өмір-бақи өнеге боларлық іс. Ол өзі негізін салған жаңа көркем әдістің қағидаларын анықтау, уағыздау жөнінде, Совет жазушылар одағын ұйымдастырып, көп ұлтты совет әдебиетін біріктіру жөнінде, бүкілодақтық әдеби қозғалысты партиялық, халықтық нысанаға бағыштау жөнінде ұлан-асыр қызмет істеді. Алексей Максимович басқарған СССР жазушылар одағының тарихи бірінші съезінің материалдары, онда жасаған Горькийдің баяндамасы және әдебиет, мәдениет мәселелеріне байланысты басқа да сөздері мен мақалалары — совет әдебиетінің бұдан былай Ленин жолымен қарыштап ілгері басуының тамаша программасы болып табылды. Горький совет әдебиетін бір ғана орыс әдебиеті емес, барлық совет ұлттарының әдебиеті, олар бір-бірімен өзара байланыс арқылы өсуі керек деуі, халық творчествосын әдебиеттің алтын қоры, сондықтан оны дамытып, пайдалана беру қажет деуі барлық ұлт республикаларында қызу қолдау тауып, әдеби өмірдің жаңа қарқынмен қаулай өсуіне дем берді. Әдебиет атасының мыңда-

ған жас талап жазушыларға әкелік қамқорлығы, күнбе-күнгі ақыл, кеңесі көркем шеберлікке үйрететін керемет мектеп еді.

Біздің Ұлы Социалистік Отанымызда қанша ұлт болса, Горький соның бәріне ортақ ұстаз. Әр ұлт оны өзінікі деп біледі, өйткені оның даналық жарығы жұрттың бәріне бірдей. Бүгінгі жасарған әрбір совет адамы Алексей Максимовичты өзінің ардақты атасы, өмір-бақи өлмейтін ақылгөй ұстазы көреді, өйткені оның шығармаларын оқып өнеге алмаған жас жоқ. Қазақ оқырмандары мен әдебиетшілері де еш уақытта осы көзқарастан, осы сезімнен жазған емес. Совет заманында Горький шығармаларын әрдайым оқып әсер алу үстіне қазақ жұртшылығы данышпан жазушысын қашан да ұстаз тұтып, ең ыстық, ең асыл сөздерін арнап келеді. 1928 жылы Горький Италияда емделіп қайтқан шақта, 1932 жылы оның творчестволық қызметіне қырық жылдық юбилей тұсында және 1936 жылы дүние салуына байланысты қазақ қаламгерлері өлең, мақалалар жазып, Горький есімін қазақ жүрегiнiң мәңгілік махаббатына бөледі.

Қазақтың тоқсандағы қарт ақыны Жамбыл Горький қайтыс болғанда ол туралы туған халқының ой-сезімін білдіріп:

Ленин дана сүйді оны, дос көрді,  
Зор еңбегін ардақтады кош көрді.  
Ұлы дана оқып өзі мақтаған  
Жақсы көрер жаны ед жақын қастерлі.

Оның әні — атқан таңның әні еді,  
Ақиқаттың адам көрер мәні еді,  
Жарық таңды жайдары жүз қарсы алған  
Тілек қосқан бар халықтың сәні еді,—

деген болатын. Қазір туғанына жүз жыл толған көркем сөздің кемеңгер ұстазы мың жыл өтсе де бар халықтың, оның бірі қазақ халқының сәні, сүйіктісі болып жасай береді.

## АСАУ ТҰЛПАР

Қазақ халқының даңқты перзенті, керемет ақын, көрнекті қайраткер Сәкен Сейфуллиннің жетпіс жасқа толуын 1964 жылы бүкіл совет елі атап өткен еді. Қазақстанда Совет өкіметінің орнауы, қазақ совет әдебиетінің тууы мен өркен жаюы осы бір ардақты есіммен байланысты екенін кім білмейді!

Сәкен Сейфуллин өзінің мәңгі өлмейтін әдеби мұрасымен ғана емес, коммунизм үшін күрестегі өрнекті өнегесімен де жаңа өмір мен мәдениеттің құрылысына белсене атсалысып, туған халқының есінде, миллиондаған совет оқушыларының жүрегінде аңыз боп қалды.

Біз, оның замандастары, үлкен жүрек, алғыр сезім, асыл ой иесі Сәкенді жақсы білеміз.

Жанарлы көз, жазық маңдайлы жарқын жан жау оғының астында да еңкеюді білмей, еңсесін тік ұстап, өмірге аяғын нық басып келді де, аршынды адыммен өтті. Ол бізді өзінің биік мұратты, өр талапты, өмірге ынтық, ақжарқын мінезімен баурап алушы еді.

Бұл күнде Сәкен Сейфуллиннің қазақ совет әдебиетінің іргетасын қалаушы екені айқын танылып отыр. Осынау тамаша ақын, прозашы, драматург һәм әдебиет сыншысының әдеби қызметіне жиырма жыл толуы 1936 жылдың июнь айында салтанатпен аталып, Совет үкіметі сол кездің өзінде-ақ оны Еңбек Қызыл Ту орденімен наградтаған еді.

ВКП(б) Қазақстан өлкелік комитеті мен Қазақ АССР Халық Комиссарлар Советі Сәкен Сейфуллинді «қазақ еңбекшілерінің ақыны, большевик», «пролетар революциясының байырғы солдаты» ретінде құттықтаған болатын.

«Қазақ халқы патша үкіметінің отарлық бұғауында

болған кезде,— делінген құттықтауда,— революция, азамат соғысы және социалистік құрылыс кезінде Сіз өзіңіздің көркем сөзіңізбен қазақ еңбекшілерін қазақ халқының тап жауларына, пролетар революциясының дұшпандарына қарсы күреске жігерлендіріп, ұлы Ленин партиясының туын берік ұстадыңыз...»

М. Әуезов, Б. Майлин, С. Мұқанов, І. Жансүгіров, Ғ. Тоғжанов, Ғ. Мүсірепов, А. Тоқмағамбетов, Ә. Тәжібаев, Т. Жароков, Қ. Жұмалиев, Ө. Тұрманжанов, Е. Ысмайылов, С. Камалов т. б. тәрізді Қазақстанның көрнекті әдебиетшілері сүйікті жазушыға өздерінің мақалалары мен өлеңдерін арнады.

Сол мақалалардың тақырыбының өзі-ақ Сәкен Сейфуллиннің қазақ әдебиетіндегі ролі мен маңызын, даңқы мен дәрежесін әйгілейді: «Қазақ совет әдебиетінің тұңғышы» (С. Мұқанов), «Шыншыл да асқақ ақын» (М. Әуезов), «Қазақтың революциялық поэзиясының ардагері» (Ғ. Мүсірепов). Ақын Ілияс Жансүгіров Сәкенге арнаған «Тұлпарға» деген өлеңінде «қазақ совет поэзиясы тұлпарының» творчестволық жолында поэтикалық сипаттама берді. Өлең мынадай жолдармен аяқталады.

Жырламасқа теңіздей,  
Қуаныштын шегі жоқ,  
Ардақталған өзіндей,  
Қазақта ақын тегі жоқ.

Жазушының юбилейінде баяндама жасаған Сәбит Мұқанов оны жаңа дәуірдің тұңғышы ретінде танып былай деді: «Октябрь революциясын ол жаудан қаламмен ғана қорғаған жоқ, найзамен де қорғады. Ол қазақ ауылында бірінші советті құрды, бірінші партия ұясын ашты, бірінші партизан боп жазылды, Совет үкіметін қорғау жолында бірінші рет жаумен майдандасты, бірінші рет алашорда мен Колчак бандыларының айуандық азабын тартты. Қалам мен найзаны жауға бірдей сілтеп, қан майданда жауды жеңісіп, еңбекші бұқараға мәңгілік бостандық әперушінің бірі... Ол аты ақын ғана емес, революционер, большевик ақын. Ол еңбекші бұхараның ақыны ғана емес, Октябрь майданында жауын жеңіскен батыры».

Қазақ халқының ақиқатшыл асқақ ақыны осылайша әділ бағасын алып, даңққа бөленді. Бұл қолпаштағандық емес, лайықты құрмет еді.

Сәкен есімінің «тұңғыш» деген эпитетпен жиі қосарланып аталуы, оның әдебиет тарихында ғана емес, өз халқының тарихында да алатын орны мен маңызын айқындап береді. Тұңғыш революционер-коммунистердің, қазақ даласында совет өкіметін орнатушылардың бірі, жас Қазақ республикасы халық комиссарлар Советі председателдерінің бірі Сәкен Сейфуллин қазақ ақындарының ішінде бірінші болып Октябрьді жырлады, Ленин туралы поэмалар мен өлеңдерді жазды, қазақ топырағында туған тұңғыш советтік жырлардың авторы, қазақ өлең құрылысына да алғаш жаңалық енгізуші болды.

Ол қазақ әдебиетіндегі алғашқы эпикалық поэма «Советстанның», алғашқы тарихи-мемуарлық роман «Тар жол, тайғақ кешудің», алғашқы революциялық пьеса «Қызыл сұңқарлардың», жұмысшы табы туралы алғашқы повесть «Жер қазғандардың», әйел теңдігі жайындағы алғашқы өлеңдердің, ақырында қазақ әдебиеті жайындағы алғашқы оқулықтың авторы болды.

«Сәкен Сейфуллиннің бұл қасиеті,— дейді Леонид Соболев,— алғашқы бастаушылардың, күрестің алғы сапындағылардың бірі болуы, оның бүкіл әдеби, саяси қызметінің ерекшелігі болып саналады. Оның «үгітші, жаршы, бастаушы» ретіндегі осы сипаты, поэзиясының саяси өткірлігі — сол бір жылдардағыдай дәл қазіргі кезде де әдебиеттің алдыңғы сапында болатындығына кепіл...»

Социалистік дәуірдің таң шапағы арайлап атқанда Сәкен Сейфуллиннің революционер, азамат, жазушы ретінде атқарған ролі міне осындай.

Сәкен (Садуақас) Сейфуллин 1894 жылы Ақмола губерниясының Ақмола уезіне қарасты Нілді болысында (қазіргі Қарағанды облысының Жаңаарқа ауданы көлемінде) көшпелі кедей шаруаның семьясында туған. Ақынның өз айтуына қарағанда әкесі Сейфолла он саусағынан өнер тамған домбырашы, ән құмар, сауыққой, көңілді адам болса керек. Анасы Жамал да ертекшіл, әнгімешіл кісі екен. Қазақ даласында ұрпақтан ұрпаққа тарап келе жатқан «Қыз Жібек», «Қозы Көрпеш — Баян сұлу», «Ер Тарғын», «Қобланды», «Алпамыс» дастандарын, Алдар көсе жайындағы қызықты ертегілерді жа-



сында сол ана аузынан естиді. Сәкен ауылында күміс көмей, жез тандай ақындар көп болыпты. Жыршы-жырау, айтыскер майталман саңлақтар өнер жарыстырып, қызықшылық думанға кенелген, кербез даланың керім табиғаты мен халық поэзиясының романтикасына бөленген сол бір тіршілік тынысы Сәкенді де бала жастан баурап алған, оның балапан жырларына қанат қақтырған. Ақынның замандастары Сәкеннің қаршадайынан қызғалдақты қырмызы бел, жауқазынды жазық далаға, оның күн нұрына шомған сағымына, тізіліп ұшқан тырнасы мен топтана қонған бозторғайының тамылжыған әуеніне, бәйшешегі мен жусанының хош иісіне құштарлығын айтады.

Батырлар жайындағы аңызға еліктегіш, ер көңілді баланың да атқа мініп шабуға, аңшылыққа, айдалада алаулаған қойшының отына, заңғар көкте жымың қаққан жұлдызға жасынан жаны құмар еді...

Сәкен ауыл молдасынан арапша сауатын ашады. 1905 жылы он бір жасқа шыққанда әкесі оны Нілді мыс қорыту зауытының жанындағы орыс-қазақ мектебіне жібереді. Бір ауыз орыс тілін білмегендіктен алғашқы жылы оқуға түсе алмайды. Тіл үйрену үшін бір қыс, бір жаз орыс семьясында қолбала болып жұмыс істейді де, тек келер жылы ғана, шалдыр-бұлдыр сөйлейтін болғасын ғана мектепке қабылданады. Мұнда ол жұмысшылардың ауыр тұрмысын, қожайындарына қарсы наразылығын, ереуілін көреді. Бұл оқиғалардың бала көңілінде із қалдырғаны сөзсіз.

Мектепті 1908 жылы бітірген Сәкен Ақмолаға барып, әуелі төрт кластық орыс мектебіне, кейін үш кластық училищеге түседі.

Оның алғашқы өлең жаза бастауы да осы кез. Жас талапкер Арқаның ардагер ақындары Ғазизбен, Иманжүсіппен кездеседі. Орыс кітаптарын көп оқиды, Абай өлеңдерін жаттайды. 1913 жылы училищені бітіріп, Омбыдағы мұғалімдер семинариясына ауысады.

Сәкен семинарияда жүргенде ақын ретінде ғана емес, қазақтар арасында білім мен мәдениет таратуды мақсат еткен жастардың «Бірлік» атты ұйымының белсенді мүшесі ретінде де көзге түсті. Омбыда белгілі революционер жазушы Феоктис Березовскиймен танысты. Ол ақынның идеялық және эстетикалық көзқарасының қалыптасуына елеулі әсер етті.

Феоктис Березовскийді жақсы танытын ақын Константин Алтайский былай дейді:

«Феоктис Березовский өзінің қазақ достарын ешуақытта есінен екі елі шығармайтын, Қазақстан жайында зор сүйіспеншілікпен айтып отыратын. Әсіресе, қадірлі досы Сәкен Сейфуллинді әкелік көңілмен еске алып, аузынан тастамайтын. Березовскийдің сөзіне қарағанда Сәкен Сейфуллин жас шағында өзі кездестірген қазақтардың ішіндегі аса бір дарындысы болған. Батыл, ақылды, қайсар жігіт өзінің білімге, кітапқа құштарлығымен, албырт қызу қандылығымен көзге түскен. Березовскийдің Сейфуллинді қияға қанат қаққан кең даланың кермиық бала қыранына теңегені есімде. Сәкеннің ұғымпаздығы Березовскийді таңқалдырса керек: «оған бұрын естімеген бір жаңа сөзін айтсаң болды, бар ықыласымен құлақ қояды да, ой елегінен өткізіп алғаннан кейін, сәл қымсыныңқырап, ақырын, ептеп, өзіне сұрақ қоя бастайды. Еріксіз жауап беруге тура келеді, ал оның сұрағы таусылмайды. Қызығы сол: тек орыс поэзиясы жайында ғана емес, орыс халқының революциялық күресі, астыртын жұмыстар, большевиктер партиясы жайында да сұрайды. Бұл сондай ықыласты да қаблетті шәкірт еді, оған кеткен уақыттың өкініші болмайтын. Сейфуллинге айтқан сөзінің біреуі де шашау шықпайтынын өзін де сезініп отырасын. Мен одан революцияға шын берілген нағыз революционер, дарынды жазушы, сегіз қырлы бір сырлы абзал азамат шығар-ау деп ойлаушы едім. Әсте, қателеспепін».

Омбы семинарийіне келген алғашқы жылдың өзінде-ақ жас Сәкен ақындық талантын танытты. «Бірлік» ұйымындағы жолдастарының көмегімен Қазанда «Өткен күндер» атты тұңғыш өлеңдер жинағын бастырды. Егер қазақ поэзиясының классигі Абай Құнанбаевтың алғашқы кітабы өзі қайтыс болғаннан кейін 1909 жылы жарық көргенін еске алсақ, әлі жас, көпшілікке бейтаныс, ешкім білмейтін семинарист Сәкеннің бұл кітабының жарыққа шығуы қандай зор, ғажап оқиға болғанын аңғару қиын емес.

Бастырушылар жас Сәкеннің өлеңдері елеулі құбылыс, қазақ халқы жаңа әдебиетінің көшбасы екенін жақсы білді, әрине.

«Әдебиет деген сөз тілге қанша жеңіл болса, оның тууы, өсуі һәм өнуі сонша қиын, қай білімді халықты ал-

саңыз да, бәрінің әдебиеті жүре-жүре түзелген... Міне, осындай істі есімізге алып, біз қазақ жастары жолдасымыз С. С. мырзаның (Сәкен Сейфуллиннің — М. Қ.) бұл кітабын бастырып отырмыз. Мақсатымыз оны сатып баю емес, осындай талапкерлердің өнері жерде қалмауы үшін, өсуі үшін һәм қазақ әдебиетінің ұлғаюы үшін».

Жинаққа махаббат, отан, дала табиғаты жайында сыр шерткен жиырма шақты өлең енді. Бұларда «талаптың мініп тұлпарын, тас қияға өрлеген» жас түлектің арманы мен мұраты бейнеленген. Өлеңдердің көркемдік жағынан алақолдығы, әлеуметтік бітімі мен идеялық толымы жағынан бірегей болып келе бермеуіне қарамастан осы бір алғашқы балапан жырлардың өзінен-ақ жас жанның жалындаған жігерін, албырт сезімін, жүрек тебренісін, ой толғамын байқауға болады. Мұнда ақынның отанға, халыққа һәм халықтың ақындық асыл өнеріне деген асқан сүйіспеншілігі айқын аңғарылады.

Сәкен Сейфуллиннің дүние танымының қалыптасуына 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалысы үлкен әсер етті. Сол жылдары ауыл мұғалімі болып істеп жүрген Сәкен құралды көтеріліске тікелей қатыспағанымен халықтың қанаушыларға қарсы күресіне іштартты. Ақын әлеуметтік кемтарлық, жоқшылық пен надаңдық, әділетсіздік пен зорлық-зомбылық, байлар мен патша әкімдерінің еңбекші халықты аяусыз қанап, сүліктей соруы жайында жаны ауыра, ашына жазды:

Шаттанған тасып өленді,  
Айтпауға ерік бермеген.  
Кейде толқып көкірекке,  
Кектер толып кернеген.  
Жігер қайнап зұлматқа,  
Дүниеден шындық көрмеген.  
Көз жасын көріп сорлының,  
Екпіні қызу өленді,  
Көкірегім жылап еңіреген,  
Айтпауға ерік бермеген.

1917 жылғы Февраль революциясы ақын жанын жандыратып, «қуаныш жырының» тиегін ағытты. Ол өз халқының «күні туғанын» шаттана жырлады:

Күнге жайып құшақты,  
Шақырып бері шаттандық.

Қуантуға ел-жұртты,  
Асығып тез аттандық.

Сәкен Февраль революциясының еңбекші бұхараға түбегейлі бостандық әпермегенін көп ұзамай-ақ түсінеді де большевиктердің Октябрь төңкерісін әзірлеудегі бағытын жан-тәнімен қолдайды.

Ол Қазақстанда Совет өкіметін орнату жолындағы революциялық күреске белсене атсалысады. Ақмоладағы Совдеп ұйымдастырушыларының бірі, 1918 жылдан Коммунистік партияның мүшесі болған Сейфуллин Октябрь Социалистік революциясының алғашқы күндерінен бастап оның жалынды жаршысы болады. Осы кезде әйгілі «Жолдастар» атты өлеңін жазады. Бұл арнаулы әнмен халыққа тез тарап, ауыл арасында бұхаралық өлең ретінде айтылып жүреді:

Намысы бір кедейдің балалары,  
Неше мың жыл құл болған бабаларың,  
жолдастар!

Сансыз кедей жиналып салдық ұран,  
Сол нашардың біз паналары,  
жолдастар!

Кедей ұлы жігерлі,  
Бірігіп ұран салып қал!  
Қызыл тулы майданда,  
Бостандықты алып қал!

Қайраттанар кез келді уақыттарың,  
Өз қолыңмен жасалар бақыттарың,  
Неше мың жыл құлданған бай мен патша,  
Талқан қылып жоялық тақыттарың,  
жолдастар!

Құдіретті революциялық пафоспен жазылған оның жауынгерлік ұрандарынан оянған халықтың қуатты үні естіледі. Міне, сондықтан да Сәкен Сейфуллиннің 1917—1919 жылдары жазған «Далада», «Кел, жігіттері!», «Асау тұлпар», «Жас қазақ марсельезасы», тағы басқа өлеңдері халыққа тез тарап, жауынгерлік жырға айналды.

Кектер қайнап,  
Гу айқайлап,  
Көкіректі кернеген.  
Қанат сермеп,  
Күйлер кернеп,  
Шықсын әрбір пернеден.

Революционер ақын өлендерінің көпшілігі осы ойға негізделген. Оның 1917 жылы жазылып, 1918 жылдың 1 май күні жолдастарының күшімен клуб сахнасында қойылған «Бақыт жолына» атты тұңғыш пьесаның лейт-мотиві де осындай. Мұнда автор халықты езіп-жаншып келген бай-молданы, би-болысты, олардың жексұрын қылығын масқаралайды. Бұл жерде Сәкеннің жетпіс жасқа толған юбилейі тұсында Сәбит Мұқанов айтқан мынадай бір маңызды жағдайды да еске ала кеткен жөн.

«Абай Құнанбаев кезінде бүкіл Шығыста бірінші болып өзі үшін де, өз халқы үшін де прогресшіл ұлы орыс әдебиетін «ашты», оның жаршысы, реті келгенде аудармашысы да болды. Өз дәуіріндегі көптеген прогресшіл ойшылдардан шоқтығы биік тұрды.

Сәкен Сейфуллин буржуазиялық-демократиялық Февраль революциясының пролетарлық, социалистік революцияға жалғасатынын, сол кездегі қазақ интеллигенттерінің ішінде бірінші болып көрегендікпен аңғарды, сөйтіп Лениннің және ол бастаған партияның сара жолын ұстанды.

Ол кейін социалистік реализм әдебиеті дәрежесіне көтерілген, жаңа туып келе жатқан революциялық ұлт әдебиетінің идеологиялық негізін қалау бақытына ие болды.

Ол мұны Горький мен Маяковский, Серафимович пен Демьян Бедный, Фадеев пен Фурманов сапында жүзеге асырды. Бұл ретте оның ролі тек Қазақстан көлемімен ғана шектеліп қалмайтыны анық.

Советтік құрылыстың әуелгі кезінен бастап-ақ қазақ жазушысының бүкілодақтық әдебиеттің көшбасшыларымен бір сапта болғанын біз орынды мақтан етеміз».

Сәкен Сейфуллин 1918 жылдың жазында революция жауларының қолына түсіп, Колчак пен Алашорда абақтысына жабылады. Совдепшілер тобымен бірге ол Ақмоладан Қызылжарға, одан Омбыға айдалады. Ақынды Омбыда атаман Анненковтың «ажал вагонына» қамайды. Сейфуллин өзінің «Тар жол, тайғақ кешу» атты тарихи-мемуарлық романында азап вагонын былай суреттейді:

«Вагонның халі бір қалыпта, нашар. Қырау, мұз, дым, су ызғар, уілдеген суық. Пешке от жақсаң, қайнап ысып кетеді. Тұс-тұстан су ағады. Пеш сөнсе, айнала қырау, мұз қатады. Ызғарлы суық аңырайды. Вагонның

касында түрме ұжмақ тәрізді. Вагон дозақ... Көздеріміз ғана жылтырайды. Ауыздарымызды ашқанда-ақ сиыр тістеріміз ғана көрінеді. Бет-қолымыз қап-қара. Тас көмірдің топырақтай майда уағы адамның терісіне, денесіне сіңіп кетеді. Жуғанмен оңай кетпейді... Нан да, су да жоқ. Нан көрмегенімізге енді төртінші күнге айналды. Жұрт қалжыраған аш жолбарысша бүкшиді. Үңірейген көз бұрынғыдан да жаман үңірейді. Көздің оты азайып, уыты көбейді. Енді састық... Бәрі де басқа дүниенің кісілері тәрізді. Мен өзім де басқа бір бөтен дүниеден келіп түсіп, бұл дүниені жаңа ғана көріп тұрған тәріздімін. Тоғыз ай қапаста, қамауда, қаранғыда болдық. Тоғыз ай!.. Бірақ, тоғыз айдан көрген қиындық тоғыз жылдағыдай!..»

Сейфуллиннің көп жолдастары атылады, азаптан, аштықтан опат болады. Ақын ажалдан қашып құтылады.

Түрмеде, лагерьде, ажал вагонында, немесе астыртын бой тасалап жүргенде де Сәкен өлең жазудан қол үзбейді, жеңіске деген сенімін жоғалтпайды. Оның азапта, айдауда, қуғында жүрген ауыр кездерде жазған өлеңдерінде де қайсар революционердің қайраты, жігерлі жанның оптимистік рухы, адамгершіліктің абзал сезімі мол.

Қамаудан босанып, қапастан шыққан Сәкенді күн нұрына малынған байтақ әлем бауырына басқандай болды. Ол бұған өзіне тән ақындық құдіретпен үн қатты.

1919 жылдың мартында контрреволюция талқандалғаннан кейін Сәкен Ақмолаға қайтып оралады. 1920 жылы Қазақтың Автономиялы Советтік Социалистік республикасы ұйымдастырылғанда ол Қазақ АССР Орталық атқару комитетінің президиум мүшесі, ал, 1922 жылы Оқу халық комиссарының орынбасары болып сайланады.

Ақынның бұл тұстағы өлеңдері алғашқы жылдардағыдай олпы-солпылықтан біржола арылып, әбден жұмырланған, кемелденген.

Мұнда біз саяси жағынан шындалып жетілген, өмір құбылысын терөң түсінген, оны сырттай бақылаушы емес, қолымен орнатушы, Лениндік сара жолмен аумай алға басушы большевик ақынды көреміз. Ол өзіндік «мен»-ді, коллективтік «біз»-бен ұштастырып, револю-

ция оятқан еңбекші халықтың жаршысы, «азаншысы» болады.

1921 жылы «Біз» деп айбарлы тақырып қойған бір өлеңінде Сәкен былай дейді:

Тас көмірдің түтіні,  
Өкпені қауып аралап,  
Қырлы темір шынжырлар,  
Қол-аяқты жаралап,  
Жауыздардың дұзағын,  
Көрдік қорлық азабын!

Мінекей енді тілеген,  
Қызыл күнге жеттік біз!  
Әділдік адал еңбекті  
Тұрмысқа патша еттік біз.  
Буржуаның, пандардың,  
Іштеріне тептік біз.  
Оларды тақтан құлатып,  
Ит шанаға жектік біз.  
Арам қанды құзғындар,  
Тартсын, тартсын жазасың,  
Жәбіршіл жауыз залымдар,  
Тартсын енді сазасын!

Сәкен Сейфуллин республика Советтерінің III съезінде Қазақ АССР халық Комиссарлар Советінің председателі, Советтердің бүкілодақтық X съезінде СССР Орталық Атқару Комитетінің мүшесі болып сайланды. 1925 жылдан 1937 жылға дейін алғашқыда республикалық «Еңбекші қазақ» газетінің редакторы, соңғы он жыл бойы Қазақтың педагогикалық институтының оқытушысы және «Әдебиет майданы» журналының бас редакторы қызметін атқарды. Көп жылдар Қазақстан жазушылар одағы басшыларының бірі болды. Барлық уақытта да өнімді, жемісті творчестволық еңбектен қол үзген жоқ.

Сәкен Сейфуллин творчествосының алғашқы кезеңі 1922 жылы Орынборда басылған «Асау тұлпар», «Бақыт жолына», «Қызыл сұңқарлар» атты кітаптарымен жинақталады. Жазушының бір жыл ішінде үш кітабының жарық көруі — қазақ мәдениетінде бұрын болмаған оқиға еді. Бұл бір ғана Сәкеннің творчестволық өрлеуі емес, революция азаттық әперген қазақ халқының, талант бұлағының көзін ашқан советтік құрылыстың өргелең де өршіл рухы болатын.

Ақынның «Асау тұлпар» жинағына революциядан бұрынғы «Өткен күндер» кітабынан бірнеше өлеңдер және революция, азамат соғысы жайындағы жаңа циклді енді. Оның алғашқы өлеңдеріне тән табиғат, махаббат, сағыныш сарыны енді асқақ революциялық пафоспен, бостандық, бақыт, жаңа өмір жолындағы күрес романтикасымен алмасқан.

Революцияның алғашқы жылдарында жазған өлеңдері өзінің айбынды рухы, революциялық-романтикалық толғамы жағынан Горькийдің атақты Дауылпаз туралы және Сұңқар туралы жырларын еске түсіреді. Кітаптың аты етіп алынған Асау тұлпар бейнесі Горькийдің Сұңқары меңзес.

Ақын өз кітабының алғысөзінде былай деп жазады: «Үнемдеп өлшеп күн көру үшін тумай, дүниенің сасық байлығына жетуді мақсат қылмай, қырандай жер-көкке канат жайып, қырандай дүние шетіне көз жіберген, асау тұлпардай қиырсыз жерге құлаш керіп, бақыт, махаббат іздеген жастар, сендерге арналды бұл әндер!..

Шақырындар арттағы ұйқтаған, именшек, бақыт жолын білмейтін бауырларыңды!

Шақырындар, арттағы құлдықта жүрген бауырларыңды! Сендерге — ерлік, махаббат жолына бастаған ер қарындастар, інілер — сендерге арналды бұл әндер!

Қосындар дауыстарыңды!

Күшті дауыстар мен қызу ән жаңғыртсын дүниені!

Жаңғыртындар, жаңғыртындар ескі дүниені, қайратты ер жастар!

Сендерге арналды бұл әндер — асауменеп алысып жүріп салған әндер!»

Бұл сөздер мен поэтикалық бейнелер революцияны сырттан бақылаушы емес, оған шын жүрегімен беріліп, белсене атсалысушы ақынның көңіл аңсарын білдіреді. Мысалға «Далада» деп аталатын өлеңін алайық. Онда мынадай тамаша жолдар бар:

Күйленді көкірек сонда шаттық тасып,  
Қырандай төніп алға көзімді ашып,  
Айқайлап кең даланы күңгірентіп,  
Бой жаздым аяғымды нығып басып.

«Кел, жігіттер!», «Асығып тез аттандық», «Жұмыскерлерге», «Жолдастар», басқа да көптеген өлеңдерінде аңсап күткен ауылға азаттық әкелген, күн нұрын, өмір



шаттығын сыйлаған революцияның үні мен тықысы, уақыттың аршынды адымы бейнеленген. Ақын өзін барған сайын жаңа Советтік Қазақстанның жаршысы ретінде айқын сезіне бастайды.

Сәкеннің сол тұста жаңа революциялық саяси лириканың негізін салған «Жолдастар», «Жас қазақ марсельезасы» тәрізді өлеңдері тақырыбының актуалдығы және саяси-көркемдік қуатының жоғарылығы мен көпшілікке кең тарап кеткенін ерекше атап айтқан жөн. Жаңа еркін өмір үшін күрес жолында Қызыл тудың астына топтасу ұранын негіз етіп алған «Жас қазақ марсельезасының» лейтмотиві мынадай:

Азамат, жүнжіме, жүрме бос,  
Қол ұстас, бірігіп тізе қос.  
Ту ұстап дұшпанға барайық,  
Теңдіктің ұранын салайық.  
Тізесін батырған залымнан,  
Күн туды — біз теңдік алайық!

Азамат, сестеніп көзінді аш,  
Ұран сал, алға бас, бірігіп тізе қос.  
Қызыл ту — шылауың, қорғаның,  
Тізе қос, тізе қос, тізе қос!

Сейфуллин творчествосына азамат соғысының сарыны да мықтап енді. Ақын өзінің арынды асқақ жырларында майдан өмірін, Қызыл Армияның жауынгерлері мен командирлерін жарқын бейнелейді.

«Маузер» атты өлеңінде ақгвардияшылардың оғынан мерт болып жапан далада жалғыз қалған қазақ жауынгерінің бейнесін жасайды. Өлеңнің соңғы жолдары досқа айтар аманатпен аяқталады:

Айтқайсың жолдас жарыма,  
Жас бала қалды қолында.  
Қөз қырын салар ерлер көп,  
Еңбекші тап жолында.

Бесіктегі жас ұлым,  
Ер жетсе өсіп балдырған.  
Мына кекті маузерім  
Соған мұрам қалдырған.

Октябрьдің күнінде,  
Туғандығын ақтасын.  
Мына кекті маузерді  
Дұшпанға арнап сақтасын.

Жауынгер өлім аузында жатса да болашақ жеңіске кәміл сенеді, қолындағы қаруын ұлына аманат етіп қалдырады. Ол өзінің жауынгер достарын осылай бейнелейді. Ақынның өзі де советтік құрылыстың қас жауларына осындай мейрімсіз де қатал.

Сейфуллин революцияның жауларын, әсіресе алаш-ордашыл ұлтшылдарды аяусыз шенейді. Ол кезде жас қазақ әдебиеті Қазақстанның өткен феодалдық дәуірін мадақтайтын буржуазшыл ұлтшылдармен, шығармалары революцияға, Совет өкіметіне қарсы өшпенділік рухына толы декадент эпигондармен қарсы қызу күрес үстінде дамығаны мәлім.

Сейфуллин революционер ақын, Қазақстандағы советтік үкіметтің басшысы ретінде осы күреске жетекшілік етті, және сондықтан да, бұл өзі табиғи нәрсе, ұлтшыл ақын-жазушылар мен сыншылар тарапынан қаскүнемдік қарсылыққа душар болды. Ақын бұларға тойтарыс беріп қана қоймай, өзінің публицистикалық өлеңдерінде олардың бәле-жаласын әшкерелеп, идеялық дұшпандарына батыл шабуыл жасап отырды. «Бір ақынның сандырағы» және «Ұлтшылдың сандырағы» атты өлеңдерінде ұлтшылдарды тарихтың тастандысы, айықпас кесел бейнесінде суреттеп ащы мысқылмен әжуалайды:

Ұлтшыл ауру  
Ойбайлайды күс төсектің үстінде:  
«Бауырым, бауырым!  
Ойбай, ауылым!  
Елім-жұртым, даусымды есіттің бе?»  
Қарны жуан,  
Отағасы күбірлейді қасында..  
Молда, қу-ау,  
«Өл» деп тұр-ау,  
Қисаңдайды ақ сәлдесі басында.

...«Асау тұлпар» жинағында «Маржан», «Қара айғыр», «Аспанда» тәрізді жұмысшы тақырыбын, индустриялық еңбекті қазақ поэзиясында бірінші болып көтерген өлеңдер бар. Бұл тақырыптар кейін Сәкен творчествосынан елеулі орын алды. Ақын жұмысшы қазақ қызын құттықтайды, оның көркіне, рухани сұлулығына сүйсінеді («Маржан»), самолетті («Аспанда»), паровозды («Қара айғыр») мақтанышпен жырлайды, оны жасаушыларды мадақтайды.

1936 жылы Москвада Сәкен Сейфуллин творчествосы

жайында баяндама жасаған орыс сыншысы Алексей Селивановский ақын «көзінің жітілігі мен сезімталдығына», оның қылт етіп көрінген жаңалықты аңғарғыш қасиетін, сондықтан да өлеңдерінің жантебрентерлік күдіретті болып келетіндігін тамсана, таңырқай айтқан еді.

Сыншыны айрықша сүйсіндірген Сейфуллиннің 1921 жылы жазған «Маржан» атты өлеңі болды. Ақындар сан ғасыр бойы қыз көркін, күлкісін, нәзік сезімін жыр маржанына тізіп келеді. Бірақ, олар қыздың да қоғам мүшесі, ер серігі, өмірдің тең праволы жасампаз құрылысшысы екенін тап басып, тауып айта алған жоқ. Сәкен бұл дәстүрді бұзды және еңбеккер қызды мадақтады, сонымен бірге еңбек оның ажарын кемітпейтінін, қайта көріктендіре түсетіндігін паш етті:

... Қолында сенің күрегің,  
Жұмыста жүрсің білемін.  
Жалаңаш жұмыр білегің...  
...Сымбатты, күшті жұмыскер,  
Шын сұлу, таза, біліскер.

Жаңа қоғамның белсенді мүшесі еңбеккер аруды мадақтай отырып, ақын оны өзге сұлулардан ерекше бағалайды.

Бай қызындай керілмей,  
Іс істе, жаным, ерінбей!

«Иван мен Мырзабекке» деген өлеңіне ақын орыс пен қазақтың достығы идеясын арқау етеді. Иванды аға тұтып, оның ортақ мүддесі, өмірлік мақсатының бірлігі қазақпен туыстыратындығын айтады.

Алайда халықтар достығы идеясын Сәкен «Қызыл сұңқарлар» пьесасында жан-жақты да терең ашып көрсеткен. Бұл, шынын айтқанда, социалистік революцияның күрескерлері жайындағы тұңғыш қазақ пьесасы еді. Қазақ әдебиетін зерттеуші орыс сыншысы З. С. Кедрин Сәкеннің «Қызыл сұңқарлар» пьесасы (1922) «Өлімге жанын қиса да революция ісінен ешқашан бастартпайтын күрескерлердің қайсар ерлігін мадақтайды» деп орынды атап көрсетті.

Пьесаның атының өзі оның сарыны мен образдарының Сейфуллин поэзиясындағы революциялық-романтикалық әуенмен үндес екенін аңғартады. Егер алғашқы «Бақыт жолына» пьесасында қазақ жастарының өз пра-

восы үшін, патриархалдық-феодалдық салтқа қарсы күресі бейнеленсе, «Қызыл сұңқарлар» пьесасында да социалистік революцияның жеңісі үшін, Қазақстандағы жаңа халықтық өкіметті нығайту үшін жүргізіліп отырған әлеуметтік-саяси күресті жете түсінген, әбден кемелденген революционерлердің күресі суреттеледі.

Пьесаның бас қаһарманы Еркебұлан ақын, халық бақыты үшін жанаямас адал күрескер, жаңа құрылыстың жеңетініне шәксіз сенеді, сонысымен өзгелерге де әсер етеді, қорқақтар мен сатқындарды әшкерелейді.

Еркебұланның достары Нестеров, Жағыпар, Лозовский, Ахметқали, Байділда бейнелері де сәтті шыққан. Мінез-кұлқы әртүрлі осы адамдар саяси көзқарастарының бірлігі, коммунизм ісіне берілгендігі, Ұлы Октябрь Социалистік революциясының интернационалдық сипатын түсінуі жағынан мұраттас, мүдделес.

Революция тақырыбына арналған тұңғыш елеулі драмалық шығарма және бұл салада бұрын ешқандай тәжірибе-дәстүрдің жоқтығына қарамастан контрреволюционерлермен күрестің тұсында жазылған пьеса болғандықтан «Қызыл сұңқарлар» белгілі дәрежеде жанр — көркемдік жағынан кемшіліксіз де емес. Қимыл-әрекеттің абақты ішінде өрбуі кейіпкерлердің сыртқы жағдаймен байланысына мол мүмкіндік бермейді. Пьеса әлденеше рет қойылып, байтақ республиканың бар жерінде де ілтипатпен қабылданды. Кейіннен автор көрермен көпшіліктің сын-ескертпелерін ескеріп, пьесаның композициялық құрылысына оның әлеуметтік тынысын едәуір кеңейту арқылы елеулі өзгерістер енгізді.

Сәкен Сейфуллин ақындық жолының келесі кезеңін белгілейтін «Домбыра» (1924), «Экспресс» (1926), «Ұйым және еңбек шарт-жалшылар қорғаны», «Тұрмыс толқынында» (1928) тәрізді кітаптары оның Октябрь революциясының жеңістері мен социалистік құрылысты мадақтауға бағытталған ақындық талантының бұрынғыдан бетер өркен жайғанын аңғартады.

Революция мен жаңа өмір тақырыбы бұл тұстағы Сәкен лирикасында неғұрлым нақты, реалистік келісім тапқан. Революцияның ұлы көсемі В. И. Ленинге арналған шығармаларында ақын ерлік тақырыбының жаңа шешімдерін игерген. Көсемнің көзі тірісінде, 1923 жылдың

өзінде оның аса зор тарихи ролін терең түсінген тамаша жыр жолдарын арнады:

Алтын сәуле күннің нұры  
Ол таң.  
Қара албасты түннің сыры  
Шолпан.  
Қажымас ер, ол — қызыл ту  
Құрыш.  
Буржуаның жанына у,  
Бұрыш.  
Жас буынға үлкен аға —  
Ол бас.  
Осылай деп бердім баға,  
Жолдас.

Лениннің қаза болуына арналған цикл өлеңдерінде ақын қайғының қасірет күйін шерте отырып, совет адамдарының лениндік ту төңірегіне, ұлы лениндік партияның төңірегіне бұрынғыдан да берік топтасқандығын бейнелейді.

Сейфуллин мұнда да Совет Одағының маңдай алды ақындарымен үндес, оның Ленинге арналған өлеңі партия мен халықтың ой-сезімін білдіреді, сондықтан да ол партиялығы, халықтығы жағынан биік деңгейде:

Ойпырмай! Жайша соққан бұ не хабар?!  
Дүниеден Ленин кетті...  
қайтпас сапар,  
Селк етіп еңбекші тап күңіреніп,  
Моншақтап ыстық жасы бір-бір тамар.  
Қуанба, қара жылан, сырттан шолған!  
Ленинге ұзақ жолда серік болған —  
Қадірмен жол бастайтын азамат көп,  
Құлатпай қызыл туды күшті қолдан.  
Кек қайрат көкірекке қайнап толған,  
Тайдырмас үлкен аға салған жолдан,  
Лениннің тігіп кеткен қызыл туын  
Ешбір жау құлата алмас біздің қолдан.

Ақынның бұл жылдардағы лирикаларында эпикалық, драмалық элементтер барған сайын дами түседі, өмір шындығын бейнелеудегі реализм мен романтизмнің жарастықты келісім тапқан бір тұтас тұлғасы шыңдала, жетіле түседі.

Сәкеннің бұрынғы шығармаларында тұлпардың, сұңқардың, революция хабарын сахараға таратушы желдің романтикалық бейнесі басым жататын болса, енді оның

поэзиясына экспрестің, аэропланның немесе паровоздың нақты бейнесі енеді.

Зырла, экспресс, ұш, зырла!  
Жұлдыздай-ақ, құлдырла!  
Құйындай құтыр, бұлдырла!  
Аямай жүгір бәрін де!

Ерлер мінсе шыдасын,  
Қорқақтар мейлі жыласын.  
Шыдамаса құласын!  
Аямай сілте барынды!

Алғашқыда қысқа өлеңде пайда болған экспресс бейнесі кейіннен «Советстан» поэмасында үлкен эпикалық масштабқа көтерілді. Бұл тұңғыш қазақ совет поэмасы еді. Советтердің сегіз жылдығына арналып 1925 жылы жазылған бұл поэма «Экспресс» жинағына енді. Поэmanın алғашқы жолдарынан бастап-ақ автор поезды бұрынғы тұлпармен салыстырып, одан артықшылығын көрсетеді. Есенин өленіндегі поезды басып озбақшы болған күлте жалды күрен айғыр еріксіз еске түседі. Есенинде бұл «Қуу» өкініш сезімімен өрілсе, Сейфуллин қанатты арғымаққа қарайламай-ақ, оған жаны ашығандық, қимастық білдірмей-ақ паровоздың артықшылығын бірден айтады.

«Жүректілер Отаны», «ер ұланның бесігі» — Советстан бірде жауын жапырған сегіз жасар арыстан бейнесінде, бірде «арттан қалмай жабысқан» ескіге қарама-қарсы екпінді шабыстан талмайтын жүйткіген экспресс бейнесінде беріледі. Ақын Одақтың күш-қуаты халықтардың ұлы достығында деген ой түйеді.

Советстан, сан рулы елің бар,  
Сан рулы,  
Зан құрулы,  
Бір-ақ түрлі,  
Бір-біріне туыскандық сенім бар!..

Октябрь революциясы мен азамат соғысының солдаты һәм ақыны Сәкен Сейфуллин қашанда халықпен тығыз байланыста болды және оның ойы мен сезімін бейнеледі. Өз дәуірінің маңызды проблемаларына жедел үн қосып, жаңа тұрмыс жасаушы совет адамдарының әрбір табысын қадағалап отырды. Асқақ ақындық пафоспен жазылған лирикалық шығармаларында жаңа өмірдің

революциялық жолмен қалыптасуын, оның алға, жарқын болашаққа ұмтылған аршынды адымын мадақтады.

Социалистік реализмнің суреткері ретінде, өмір қозғалысының заңдылығын айқын көре білген ол жаңа адамның, күрес пен еңбек адамының социалистік мұратын орнықтыра, орынды бейнеледі.

Жиырмамыншы жылдардың екінші жартысында жазған өлеңдерінде ақын назары революцияның күрделі жеңістерін, нақты еңбек адамдарын — жұмысшы мен шаруаны, қоғамдық еңбекке право алған азат әйелді нысанаға алады. «Жыл басы қарлығаш» (1927) өлеңінде мынадай шынайы жолдар бар:

Көркем тұрмыс жылдың құсы  
Ер, екпінді қарлығаш,  
Болсын күйлі қылған ісі,  
Жырла жазды жарлыға!

Бұл тұстағы көп өлеңдер еңбек тақырыбына, жұмысшы мен шаруа бейнесін жырлауға арналған. Мәселен, «Тоқыма фабрикасында», «Тізушілер», «Баспахана», «Сабаншы», тағы басқалары осындай. «Ұйым және еңбек шарт-жалшылар қорғаны» аталатын өлеңдер циклында ақын Совет өкіметінің адамды қанаушылықты біржола жойғанын дәлелді де сенімді суреттейді.

«Біздің Сәуле», «Совпарттағы қарындасыма», «Отарба терезесінен» тәрізді бірқатар өлеңдерінде жаңа өмірді орнатуға ерлермен бірдей атсалысып жүрген азат қазақ қыздарының бақытты тағдырына деген қуаныш сезімі бар. «Отарба терезесінен» өлеңінде ақын қар жамылған қысқы даланы көріп, бұрынғы өткен сүреңсіз өмірді еске алады да оған жаңа өмірдің жарқын көрінісін қарсы қояды. Осы жарқын дүниенің берік негізін өз замандастары қалап жатқанын ақын мақтаныш етеді. Философиялық толғанысқа құрылған бұл оптимистік өлеңінің қорытынды шумақтары өзінің өмір орнықтырушы рухымен ерекше әсерлі шыққан:

Негізін сап, қызыл сарай,  
Жүрміз міне қаласып,  
Ауыр тасын әлі талай,  
Қойысармыз таласып.

Бізден қалар белгі толық,  
Кейінгілер көрерлік.  
Апасы мен ағасының,  
Ісіне құн берерлік.

Біз қаладык қиындықпен,  
Кең сарайға іргені,  
Біздің тілек сол сарайға  
Кейінгілер кіргені.

Ақын қашандағыдай өмірді ұлы мақсат жолындағы алға ұмтылыс сипатында таниды. Бұл ретте өскелең өмірді керуенге теңеп, жаулардың оны «ескі жұртқа» қайтарғысы келетінін, бірақ енді өткенге оралмақ жоқ екенін ескертеді.

Керуен көшер, керуен қонар,  
Үйреншікті әңгіме,  
Бізден қалар талай белгі,  
Кейінгіге, мәңгіге!

Міне, бұл жолдар Владимир Маяковскийдің асқақ патриотизм рухында жазылған:

Болсын біздің бәрімізге ескерткіш,  
Социализм шайқасында салынған,—

деген сөздеріне үндес келеді.

Сәкеннің бұдан басқа да көптеген өлеңдерінен Маяковскийге үндестік табамыз. Сейфуллин поэзиясы өзінің идеялық-творчестволық принциптері жағынан ұлы орыс ақынының поэзиясына ұқсас. Маяковский сияқты Сейфуллин де ақынның қоғамдағы орнын, поэзияның күрес пен тәрбие құралы ретіндегі ролін дұрыс түсіне білді. Ол өз өлеңдерінде Маяковский сияқты сөз екпінін кең қолданды, сөйтіп, өлеңді қарапайым да өткір, нақшты тіл кестесімен байытты.

Маяковский сияқты Сәкен де поэзия мен саясатты, ақын мен халықты бөліп қараған жоқ. Сондықтан да ол өз шығармаларында қалың бұхараны, әсіресе жастарды байларға қарсы күреске шақырды, сауат ашуға, мәдениетті көтеруге, техниканы игеруге, халық игілігі үшін адал еңбек етуге үндеді. Жоғарыда аталған «Отарба терезесінен» аталатын Сара Есоваға арнаған өлеңінде ақын өз замандастарының күресі мен еңбегі жайында толғанып, мынадай оптимистік түйін жасайды:

Күн ілгері суық қыстың,  
Әлі тіпті күз емес.  
Жүрек әлі оттай ыстық,  
Суынған жоқ мұз емес.



Қыс келіп-ақ қара шашты,  
Аппақ қырау басса да,  
Әжім қатып ақсақал қарт,  
Маңдайға айғыз жазса да.

«Өмір шіркін осы-ақ па» деп  
Керек емес уәйім,  
Уақытымен болмақ әрне,  
Күрсінбе ауыр мұңайып!

Жұртқа қайта келмесек те,  
Бізде жақсы белгі бар,—  
Біз істедік, біз істейміз,—  
Оған жалпы ел куә.

Мұнда жарқын болашақты жақындату үшін өмір сүріп, еңбек ету деген үгіт бар — бұл поэзияны әлсіретпейді, қайта ақынның реалистік лирикасының кемелдене түскенін көрсетеді.

Сейфуллин поэзиясында да жеке бастың аңсары бар, бірақ, ол ешқашан революционер ақынның азаматтық үнін тұншықтырмайды. Ақын табиғат пен махаббат, достық жайында, мейлі өзінің ой толғаныстары жайында жазсын — оны қоғамдық сарынмен, адамның көңіл күйімен, оның қоғамға, тұрмыс-тіршілікке қатысымен тығыз байланыстыра біледі.

Реалист ақын өмірдегі кемшіліктерге, қолайсыз құбылыстарға немқұрайды қарап отыра алмайды. Бірақ, пессимизм оған жат, ол бақытқа, еңбекші халықтың байларды жеңетініне, шаттық өмірдің салтанат құратынына шәксіз сенеді. «Күзді күнгі далада», «Жазғы дала» атты өлеңдерінде ауыл өмірінің сұрықсыз кейпін қынжыла суреттей отырып, кедейлерді бай-манаптардың түп-тұқиянына дейін құртуға шақырады.

«Ауыл байғұс, мінеки» деген өлеңінде ақын ауылдың советтенгеніне, социалистік өзгерістердің басталуына қуанады. «Ызғырық аязда кедей аулы», «Келіншек ойы», «Ызғырық аязда Жұмат үйінде» атты сол кезде жазылған бірсыпыра өлеңдерінде ақын кедей Жұматтың бейнесін беріп, өзі оның қуанышы мен қайғысына ортақтасады.

1926 жылы жазылған тамаша философиялық-лирикалық туындысы «Сыр сандықта» Сәкен ғажайып өлең өрнегін жасап, кейбіреулердің жылпос тұрақсыздығын, «дос» боп жүріп тайқып шығатын екі жүзділігін астарлап, пернелеп айтады да, нағыз адал да ақжарқын дос-

тықты паш етеді. Акын жалған достарды: «Шырк ай-налар шіркін тауық, жемің болса қолында» деп тауыққа теңейді:

Досыммын деп ант береді,  
Жем іздеген жанама.  
Жем таусылса жалт береді,  
Сенерлік дос санама.

Нағыз достар бір-ақ қалып,  
Шындап берік сүйіскен.  
Бір-біріне сыр ақтарып,  
Сыр түйінін түйіскен.

Әр адамның ішкі сыры,  
Берік қойма сақталған.  
Сол қойманың бір түкпірін,  
Достың досы-ақ ақтарған.

Кейбір сыншылар кезінде бұл өлеңнен «астарлы» пікір іздеп, мұнда адамның тұрақсыздығы және «игі жақсылардың» қарапайым бұхара түсіне бермейтін «сырлары» сөз болады-мыс деген болатын. Мұндай оғаш пікір өлеңнің мақсатынан да, мазмұнынан да аңғарылмайтын өзінен-өзі белгілі. Алайда, автор жалған достың тұрақсыздығы идеясын көркемдік жағынан нақтылауда болмашы ғана ақау жіберген — бұл әлгіндей асығыс қорытынды жасауға себеп болған. Қате түсінуге, теріс қорытынды жасауға себеп болатын осындай ақаулар «Совет баласы», «Отарбаның жұмсақ вагондарында» атты өлеңдерінде де бар. Бұларда жаңа экономикалық саясаттың (НЭП-тің) кейбір әсерлеріне байланысты ақынның жағдайды қате түсініп, қобалжу үстінде жүрген кездегі көңіл күйі көрініс берген. Кейіннен Сәкеннің өзі бұл қателерінен біржола арылған.

Коммунист акын Сейфуллин әлемде болып жатқан нәрсенің бәріне де өзін жауапты сезінеді. Ол аса маңызды халықаралық оқиғаларға назар аударып, оған сергек үн қатып отырды, пролетарлық интернационализм идеясын мадақтады, әлем халықтарының бақыты мен туысқандығы жайындағы ой-арманын дәріптеді. Мәселен, «Германия жұмыскерлеріне» және «Алтай» атты өлеңдері осындай. Алғашқысында акын герман жұмысшыларын бостандық пен бақыт үшін капитализммен күресуге шақырса, екінші өлеңдер отар елдердің езілген еңбекшілері ұлт-азаттық күресінің сипатын береді.

Халықаралық тақырыпқа жазылған эпикалық жанрдағы шығармаларының ішінен «Чжан Цзо-лин» поэмасын атауға болады. Үлкен эпикалық ауқымдағы бұл шығармада ақын Чжан Цзо-линнің қаныпезерлігі жайында әңгімелеу арқылы қатал да қанішер гоминдан генералының жексұрын бейнесін жасайды, оның қытай халқына жасаған сатқындығын әшкерелейді, чанкайшилік жендеттердің жантүршігерлік қылықтарын айнытпай дәл суреттейді.

Сәкен Сейфуллин әдебиетте нағыз жаңашыл болды. Ол қазақ поэзиясында мазмұны жағынан да, формасы жағынан да революционер ретінде көрінді.

М. И. Калининнің В. В. Маяковский «өз шығармаларының мазмұнын ғана емес формасын да революцияшыл халықпен етене қабыстырғысы келді» деген пікірін Сәкен Сейфуллин туралы да айтуға болады. Ол жиырмамыншы жылдардың ортасында Маяковский поэзиясының әсерін молырақ сезінді. «Советстан» поэмасы осы әсердің алғашқы жемістерінің бірі. Советтік дәуірдің жаршысы Сәкен бұл тұста жаңа форманың дара мақсағ емес, жаңа социалистік мазмұнға қажеттіліктен туғанын жақсы түсінді.

Сейфуллиннің жаңалығы халықтық сипатқа негізделді. Ауыз әдебиетін сүюші және жинаушы ақын одан сюжет пен әуен іздеумен ғана шектелмей, образдар мен тенеулерді, бейнелі сөз маржандарын терді. Ол халықтың сиқырлы тіл байлығын жоғары бағалады, одан үнемі үйренумен болды.

Қазақ фольклорының қазынасынан жемісті үйренудің мысалын халық аңыздары мен ертегілері негізінде туған «Аққудың айрылуы», «Көкшетау» лиро-эпикалық поэмаларынан көруге болады. Бұл халықтың жомарт жүрегін, адамның ізгі қасиеттері мен абзал істерін, кіршіксіз махаббатты, табиғат сұлулығын мадақтаған шынайы поэтикалық туындылар.

«Аққудың айрылуы» атты романтикалық поэмада айна көлдің поэтикалық келбеті, аққулардың асқан сұлу көркі пәк сезімнің жарқын бейнесіндей аса бір жарастықпен келісім тапқан.

«Көкшетау» поэмасы жазушы творчествосында ғана емес, бүкіл қазақ поэзиясында кезеңді шығарма болды.

Поэmanın нағыз халықтығы, поэтикалық қуаты, туған жердің керемет құт мекені — Көкшетауға деген шексіз сүйіспеншілігі шығарманың көркемдік құнын айқындайды.

Айнала қоршаған айна көлдердің ортасында көк орман көмкерген Көкшетаудың мөлдір су айдынына түскен келбетін көз алдыңызға елестетіңізші. Мұнда ел аузында аңыз болмаған бірде-бір көлді, шынды жартасты, тіпті көз тартатын елеулі шоқыны да таппайсыз. Поэма шын мәнінде керемет таудың ғажайып гауһар тасы, айна көлі, жайындағы халық аңыздарының сараланған поэтикалық жиынтығы десе болғандай. Поэmanın кіріспе бөлімі хош ниеті гүл шоғындай тамаша жолдармен басталады.

... Талай сыр ертегіні ел айтады,  
Ызындап таудан сокқан жел айтады.  
Сырласып, сыбырласып жапырқтар,  
Күндіз-түн күніренген көл айтады.

Толғанып төмен қарап шал айтады,  
Таңкалып-танырқанып бала айтады.  
Тау-тасты тұнжыраған куә қылып,  
От басы қатын-қалаш бәрі айтады.

Ертегі болмаса да хатта қалған,  
Аузында шежіренің қартта қалған.  
Қарттардың баян қылған әңгімесін  
Есіткен кейінгілер жаттап алған.

Бұл аңыздар шығарманың идеялық-көркемдік өзегі ретінде поэmanın сюжеттік құрылымына енді.

«Жекебатыр» аталған кәрі тау, «ұйқтап жатқан шындарды күзетіп-тұрған» даңқты «қаһарман тау», бір кезде Көкшетаудан күн сайын су ішуге көлге құлайтын бураның атынан қойылған «Бурабай тауы» жайындағы аңыздар да осы поэмаға енген. Асау бура беліне арқан салдырмай қара басының бостандығын сақтау үшін адамдардан қашып тауға кеткен. Бірақ, ол қасиетті болған «бір үлкен іс боларда сезеді екен, ол істі елге айтқандай маңайдағы, бақсыдай тауды азынап кезеді екен». Қасақана Абылай ханның қаскүнем ұлы Қасым оны садақпен атып, мерт қылған. Содан бура тас бөлып қатып, айдын көлдің жағасындағы асқар шыңға айналған. Мұнда Абылай хан елін шауып, күң еткен қалмақтың ару қызы жайындағы аңызға байланысты «Оқжетпес»

шыңының хикаясы да бар. Ханның батырлары сұлу қызға таласып, қырқысады. Абылай тұтқын қыз сүйген батырын өзі қаласын дейді. Қыз шың басына орамалын қадап, кімнің жебесі жетсе соған тиемін деген шарт қояды. Бірақ, батырлардың ешқайсы да шың басындағы орамалға садағының жебесін жеткізе алмайды. Әлгі жартас осыдан «Оқжетпес» аталып кетеді. Сол тұтқын қызға байланысты «Жұмбақтас» жайындағы аңыз да қызық. Батырлардың ешқайсысы алғашқы шартты орындай алмағаннан кейін қыз тағы да екі шарт қояды: біріншісі күш сынасу, екіншісі жұмбақ шешу. Батырлардың ешқайсысы бұл шарттарды да орындай алмайды. Қыз адалдық пен арсыздық, игілік пен зорлық, әділдік пен арамдық жайындағы жырды жұмбақ етеді. Осы аңыз-дастанды айтқан шың «Жұмбақтас» аталады.

Абылайдың батырларының бәрі де қалмақ қызының бірде-бір шартын орындай алмағаннан кейін хан жасағының ішінен ақылды, батыр жауынгер, талантты ақын Адақ деген әсем жігіт шығады. Ол тартқан жебесін орамалға жеткізеді, жұмбақты да шешеді, шың басына конған құзғынды да атып түсіреді, сөйтіп қалмақ қызына үйлену правосына ие болады. Бірақ, ол қыздың сүйген жігіті ауылында қалғанын ескеріп, үйленуден бастартады, қызға бостандық алып береді. Қалмақ қызы мен Адаққа байланысты аңыз осы поэманың сюжеттік арқауы болған.

Өзінің қайғылы да жан тебрентерлік тағдырын баян еткен ақылды да ару қыз бен адал да абзал жігіттің шынайы образдары арқылы Сәкен халықтан шыққан ұнамды қаһарманды, қалмақ пен қазақ халықтары ұлттық сипатының ізгі адамгершілік қасиеттерін сәтті көрсеткен. Қалмақ қызының жұмбақ өлеңінен де, Адақтың оны шешуінен де, Адақтың Абылайға айтқан сөзінен де ханның қарақшылық саясатын батыл айыптаған пікір танылады. Халыққа арқа сүйеген Адақ былай дейді:

Әлеумет, мойнымызға бұл бір салмақ,  
Қырылды қолымыздан талай қалмақ...  
Күн сайын лағнат айтып отыратын,  
Боламыз, қызды ұялмай, қалай алмақ?..

Поэманың бүкіл желісінен халықтың ханға және оның нөкерлеріне деген өшпенділігі айқын сезіледі. Көкшетау туралы бай аңызға сүйене отырып Сейфуллин ха-

лық творчествосының нәрімен суарылған нағыз халықтық поэма жасады, ұнамды қаһармандардың халықтық эстетикалық мұраттарына сай келетін тамаша поэтикалық образдарын жасады. Бірақ, ол аңызды жалаң қайталап қана қойған жоқ, Көкшетаудың тарихы, атақты адамдары — ақындары, әншілері, батырлары, балуандары жайлы, оның гүлденген бүгінгі мен жарқын келешегі жайында қызықты әңгімелермен толықтырды.

Хандардың, патшалардың салған ланы,  
Құл қылған еңбекші елді шірік заңы.  
Сағымдай ертегі боп қалды ұзақ жыр,  
Атқан соң бостандықтың алтын таңы.

Білімнің құшағына кірді қазір.  
Өзімен Көкшетаудың тұтас маңы.  
Жанғырды тау, қара орман, қиыр дала,  
Нұр шашып еңбекші елге білім шамы.

Алайда, поэманың Советтік Көкшетауды жырлайтын соңғы бөлімі алғашқы бөлімдерімен онша қабыспай, лирикалық-дидактикалық «қосымша» болып қалған. Мұнда сипаттау, баяндау басым. Сөйтсе де ол зор махаббатпен, шабытпен жазылған. Ақын бүкіл қазақ жерінде, өзінің сүйікті Көкшетауында болып жатқан өзгерістерге шексіз қуанады. Октябрьдің қазаққа бостандық әперген, «қазақ пен орыстың ағайындастығы», «даланың несі кедейлер» екені бүкілодақтық сауығу орны Бурабай, жаз бойы дем алатын, шынығатын пионерлер, «Тың далаға жеткен» поездар, автомашинна, кооператив, радио, аэроплан — Совет өкіметі қазаққа берген осы жақсылықтың бәрі де ақынды шаттық сезіміне бөлейді. Сонау, 1928 жылы қиял тәрізді көрінгендердің көпшілігі бұл күнде жүзеге асқан шындық.

Ақын туған жерінде әлемге әйгілі Байқоңыр космодромы орнайтынын, онда ғарышқа қанат қаққан Юрий Гагаринді күн бұрын көрегендікпен болжағандай:

Көкке ұшты жасап мініп самырықты,  
Аспан-көк екпінімен жаңғырықты.  
Керемет, сиқыр тылсым жалған шығып,  
Даусынан жын мен пері танырықты...

Жырлады аспанды өнер жеңгендігін,  
Қойнына алтын бұлттың еңгендігін  
Ай мен күн сансыз сәуле жұлдыздардың,  
Жетуге, құшағына сенгендігін.

Сәкеннің ізгі арманы шындыққа айналды, бізде космонавтар семьясы пайда болды, қазақтың тың даласында тұңғыш орнаған совхоз да ғарышқа тұңғыш ұшқан Гагарин есімімен аталды.

Халық ауыз әдебиетінің бай қазынасын жақсы білмесе ақын «Көкшетау» тәрізді тамаша поэманы жаза алмаған да болар еді.

Ежелгі халық аңыздары... Сәкен халықтың осынау қастерлі творчествосына көп көңіл бөлді. Ол көптеген ақындармен, жыршы, жыраулармен танысты, тыңдады, таңдаулыларын жазып алды. Оның халық поэзиясының алыбы Жамбылмен де таныс болғаны, зор талантын бағалап, өлеңдерін алғаш рет 1931 жылы өзі жариялағаны да мәлім. Сүйінбай, Шөже, басқа да халық таланттарын алғаш баспа жүзінде шығарған да Сәкен. Туған халықтың фольклорына деген мұндай ықылас-ылтипат қазақ ақын-жазушыларына өрнекті өнеге болып қалды.

Бірінші бесжылдықта жүзеге асырылған социалистік құрылыстың өркен жая бастауы, ауыр өндірістің дамуы, ауыл шаруашылығын қайта құру, мәдени революцияның кең өріс алуы — осының бәрі де совет жазушыларының жаңа творчестволық өрлеуін туғызды.

Сейфуллин бұл кезде тұтас бір өлеңдер циклін жазып, оны «Социалистан» атаған кітабына енгізді. «Тоқу фабрикасында», «Сылаушылар жыры», «Қалаушылар жыры», «Даладағы жаңа күй», «Тракторшы», «Колхозда», «Алтын күз», «Жазғы егіске», тағы басқа өлеңдерінен ұлы құрылыстың дүбірі, зырылдаған дөңгелек, дүрсілдеген мотор үні, жаңа өмірдің жасампаз адамының жыры естіледі. Ақын еркін еңбектің асқақ күйін шертеді. Мәселен, «Колхозда» деген өлеңінде көктемгі егіс тақырыбын ала отырып, үлкен әлеуметтік түйін жасайды.

Жаздың сұлу  
Шаттық күйі  
Көлдегі ойнақ  
Күстың биі  
Жер мен көктің  
Барлық сыйы —  
Бары колхоз еңбекке.  
Колхоз істейді,  
Жиып күшін,  
Коммунаға

Бару үшін,  
Нығайтады,  
Ұйым ісін,  
Сан бөгетті жеңбекке.

Ақын бұл кезде кім туралы, не туралы жазса да Социалистік Отанның, Октябрь революциясы Отанының образдарын оқушының көз алдына елестетеді. Кез келген тақырыптан осы сүйікті образға, немесе оның керісінше осы образдан кез келген тақырыпқа керемет тапқырлықпен ауысып отырады, өйткені Сәкен үшін Отаннан, революциядан тыс тақырып та, образ да жоқ. «Алтын күз» деп аталатын лирикалық өлеңін алайық. Мұнда біз туған елмен, халықпен бірге тыныстаған ақын-азаматтың жарқын үнін естиміз.

Отанның киырсыз кен даласында,  
Көсілген сансыз өлке саласында.  
Ақ басын алтын шалған Алатауда,  
Сыңқылдап күй жанғырған арасында.

...Шаттандық көкке әуелеп әрбір тұстан,  
Естілед адам түгіл ұшқан құстан.  
Алтын күз өте-мөте бұлбұл күйлі  
Биыл шат біздің байтақ Советстан.

...Одақтық VIII-ші шұғыл жиын,  
Көрсетіп дүниеге ақыл миын  
Алтынмен ұлы заңды жазды көпке,  
Сәнді, әсем, сәулетті күздің күйі.

Сондықтан биылғы күз мерекелі,  
Еліміз өте-мөте берекелі.  
Мәз-мәйрам барлық ұлт шат, бейілі кең,  
Міне, осы шын бақытты ел екені.

Социализмнің алып құрылысын ақын социалистік революцияның ұлы идеяларының, ленинизм идеяларының жүзеге асуы деп түсінеді. Бұл идеялар коммунизмге жол сілтеп, социалистік құрылыстың перспективасын нұрландырады.

Патриот ақын Отан, революция, коммунизм бір тұтас ұғым деп біледі. Ол өзінің патриоттық сезімі мен советтік ұлттық мақтанышын басқа елдердің халықтарын құрметтеу, олардың тағдырына да бауырмалдық ықыласпен қарау сезімімен ұштастыра білді, олардың қанаушыларға қарсы күресіне үн қосып отырды. «Октябрь



күні», «Ұлы майданда жұмыскер табына», «Польша жұмыскер табының уәкілдеріне» тәрізді өлеңдерінде совет адамдарының пролетарлық интернационализмнің күшін, басқа елдер еңбекшілерімен туысқандық ынтымағын паш етті.

Бірінші бесжылдық тұсындағы Сейфуллин поэзиясының елеулі ерекшелігі поэтикалық түрдің революциялық жаңалығында.

Жаңа революциялық мазмұнды жырлау үшін жаңа поэтикалық құралдарды іздеу ақынның жиырмасыншы жылдардағы творчествосына да тән болатын. Мұның жарқын мысалын «Советстан» поэмасынан көргенбіз.

Сейфуллин жаңашылдығының өнегелі тәжірибесіне сүйеніп, жазушының өнері мен творчествосын көптен зерттеген профессор Е. Ысмайылов былай деген болатын: «Қазақ поэзиясының формасы саласындағы өзінің поэтикалық жаңалығын ол «Тоқу фабрикасында», «Альбатрос», «Социалистан», «Қолхозда» тағы басқа бірсыпыра өлеңдерінде тереңдете түсті. Сөйтіп ол өзінің жаңа формаларын бірте-бірте жалғастырып, іс жүзінде орнықтырды».

Сейфуллин тек қана соңғы жылдардың өзінде өлең өлшеміне үш түрлі жаңалық енгізді. Бұл өлшемдермен жазылған өлеңдердің бәрі бірдей сәтті бола бермегенімен ана тілінің бар мүмкіндігін пайдалана отырып, өлеңнің формасы мен үнділігін жетілдіре беруге үнемі ұмтылыс; орыстың, Шығыстың және Европаның ақындарынан творчестволық үйрену — социалистік реализмнің жаңашылы, революционер ақынға лайықты құбылыс еді. Осы ретте Сейфуллиннің отызыншы жылдардың басындағы аса көрнекті жаңашыл поэмасы «Альбатрос» деуге болады.

Сәкен Сейфуллиннің творчестволық принциптері Владимир Маяковский принциптеріне ұқсас екендігін оның шығармаларына ден қойып оқыған сайын көзіміз анық жетеді. Бұл әсіресе, Маяковскийдің «Владимир Ильич Ленин», «Жақсы» поэмаларын жазған кезеңдерінен айқын аңғарылады. Ақын творчествосын зерттеуші Н. Маслин өзінің «Маяковский» деген кітабында оның эпикалық поэмалары жөнінде былай дейді. «Маяковскийдің реалистік поэзияның шыңына көтерілу жолы ақынның эпикалық творчествосынан жарқын танылады. Поэзияның күрделі жанры болғандықтан поэмада негіз-

гі эстетикалық принциптер неғұрлым кең және айқын көрінеді. Поэmanın осы қасиетін жақсы түсінген Маяковский творчестводағы қандай бір ірі кезенді қорытындылау қажет болғанда, өмірдің өзі өткенді терең түсініп алмайынша шешуге болмайтын күрделі міндеттерді алға тартқанда осы эпикалық жанрға ауысып отырған».

Мәселен, Сейфуллиннің эпикалық творчасы жөнінде де осыны айтуға болар еді. «Советстан» поэмасы революция мен Совет өкіметінің алғашқы жылдарындағы ақын творчасының қорытындысы іспетті. «Көкшетау» поэмасы социалистік реализм поэзиясын дамыту үшін халық творчасының мол қазынасын игерудегі игі талаптардың жемісін жинақтаған шығарма болды. 1932 жылы жазылған «Альбатрос» поэмасы 1923 жылдан жаза бастаған Ленин тақырыбын дамытып тереңдете түседі.

«Советстан» поэмасындағыдай «Альбатроста» да Ленин образын Сейфуллин революциямен, партиямен, бұхараның бостандық және бақыт жолындағы күресімен ажырамас байланыста қарайды. В. Маяковский де өзінің «Владимир Ильич Ленин» атты данышпандық поэмасында дәл осылай еткен болатын. Егер В. Маяковский Ленинді «Тірілердің тірісі» десе, С. Сейфуллин былай дейді:

Ленинсіз жыл  
Өтті тоғыз, сегізі...  
Ленинизм —  
Мәңгі мұқит теңізі.

Мәңгі жасайтын Лениннің жарқын бейнесін ақындар кемеңгер де қарапайым адам сипатында береді:

Маяковский:

Аумаған  
Сіз бен менен  
Оның түрі,  
Тек бәлкім, әжімдірек Бізден гөрі.  
Қалындау қабағында Ойдың ізі,  
Күлдіргі бізден қатал  
лебізге ерні.  
Қаталдығы — емес ед. —  
Жегіп атты —

Ұлықтың мейманасы  
Қайтқан тасып:  
Божысын жеккен аттын  
Қағып қатты.  
Кетердей күнсінетін  
Сені басып.  
Жолдасына ол  
мейрімді,  
марқабатты.  
Дұшпанына  
темірден  
болды қатты.

Сейфуллин:

Жау бар ма еді,  
Оған оғын атпаған?  
Ащы тұрмыс,  
Қай уын ол татпаған?

Құрыш тәні,  
Ыстық қаны,  
Жүрек жаны  
Коммуна үшін  
Өрт боп жанған, жатпаған.

Бұл екі поэманың образдар жүйесіндегі ой, сезім ұқсастығы мен үндестігі жайында көптеген мысалдар келтіруге болады. Алайда, В. Маяковскийдің Сәкен творчествосына игі әсеріне көз жеткізу үшін келтірілген үзінділердің өзі де жеткілікті. Бұл жерде мынаны ескеру керек. Екі ақын творчествосындағы үндестік революциялық көз қарас пен тәсілдің ұқсастығынан, шығарманың халықтығы мен партиялығы принциптерінің бірлігінен, жаңашыл ақындардың рухы мен талантының туыстығынан болып отыр.

«Альбатрос» поэмасын талдау мұнда тек қана «Владимир Ильич Ленин» поэмасының әсері емес, сонымен қатар социалистік реализмнің сәтті туындыларының бірі «Жақсы» поэмасының да ықпалы болғанын аңғаруға мүмкіндік береді. Эпос пен лириканың ұштасып келуі В. Маяковскийдің осы екі поэмасына тән жанрлық көркемдік ерекшелік екені мәлім.

С. Сейфуллиннің «Альбатрос» поэмасының ерекшелігі де осындай эпос пен лириканың ұштасуында екенін айту артық болмас. Бұл жерде, әңгіме екі ақын талантының қарайластығы немесе қазақ ақынының эпигондық еліктеуі жөнінде емес, әрине, оның ұлы Маяковскийден творчестволықпен үйренуінің нәтижесі жайында болып отыр.

Маяковскийдің ақындық тәжірибесін Сейфуллин барлық жағынан да табысты пайдаланды деп айту қиын. Соңғы жылдардағы шығармаларында, әсіресе, «Альбатрос» поэмасында жаңа форма іздеуге әуестенушіліктің кейде формализммен шектелетін әсіреқызылдыққа әкеп соққанын кезінде ақынның өзі де мойындаған болатын. Әйтсе де талассыз бір нәрсе бар: Сәкен Сейфуллин қазақ әдебиетінде Маяковскийдің тұңғыш шәкірті болды, сөйтіп жаңа тақырыптарды игеруде оның әдісін бірінші болып қолданды, кейбір сәтсіздігіне қарамастан кезеңдік маңызы бар келелі шығармалар берді.

«Альбатрос» поэмасы Сейфуллинге Маяковский творчествосының әсіресе, оның «Владимир Ильич Ленин» поэмасының қандайлық игі әсері болғандығының кепілі.

Сейфуллин «Альбатроста» тарихи ұлы оқиғалар жайында әркімелеп қана қоймайды, сонымен бірге оған өзі қатысушы, атсалысушы ретінде көрінеді. Оның азаматтық үні поэманың өне бойын лирикалық сазға бөлеп тұрады.

Поэманың соңғы тарауы Лениннің мәңгі жасайтындығының, ленинизм салтанатының, совет халқының социализмнің алып құрылысындағы зор жеңістерінің асқақ жырына айналған. Ақын қорытынды тарауда елімізде бесжылдық жоспардың табысты жүзеге асуын, жаңа өмірдің екпінді құрылысын шабытпен жыр етеді, сонымен бірге капиталистік қоршау, оның қауіп-қатері жайында, қырағылықты күшейту қажеттігі туралы ескертеді. Патриот ақын «дауылдан да, кашықтан да, кедергіден де сескенбейтін» альбатрос бейнесін суреттейді, өз замандасы, оқырмандарды — коммунизм құрылысшыларын ұлы Ленин ісін ілгері алып баруға шақырады.

Қырағы көз,  
«Қалғып кетті!..» дегізбе  
Жау тұмсығын,  
Шекке жақын енгізбе!  
Айнала жол,—  
Айнала шөл  
Биікте бол  
Сен, Альбатрос,  
Жерде, көкте, теңізде!

Көсем бейнесі ақынды үнемі толғандырумен болды. Сейфуллинді жақсы білетін және оның шығармаларын аударған К. Алтайский былай дейді:

«Сәкен Сейфуллиннің Ленинге байланысты жәйттердің бәріне де жете назар аударатынын байқағаным бар. 1936 жылы Сейфуллин Москваға келгенде Ленин кітапханасына барып, көлемі үлкен «Лениниананы» сұрайды да ұзақ сарылып отырып, Ленин туралы кітаптардың аттарын көшіріп алады.

Бір күні ол маған былай деді:

— Орыс ақындарының бүтіндей Ленинге арналған кітаптарын түгел білетін сияқтымын. Ал, кітаптарында Ленинге арналған бірді-екілі өлеңдері бар ақындар болса айтыңызшы? Әрине, тәуірлерін.

Мен бірнеше ақынды атадым: Есенин, Асеев, Инбер, Саянов.

Сейфуллин олардың бәрін де оқыған болып шықты. Мен Илья Сельвинскийдің Ленинге арналған жолдары бар поэмасын айттым.

— Сол кітапты маған тауып беріңізші,— деді Сейфуллин қызыға түсіп. Мен оның Ленин туралы тағы да жазбақ ойын аңғардым.

Сейфуллин В. И. Ленин музейінде ұзақ уақыт болып, «Москва» қонақ үйіне шабытпен оралды.

— Ленин нағыз поэтикалық, шексіз мол тақырып,— деді ол.— Ленин туралы мен де, менің жолдастарым да жазған еді, бірақ, біздің бәріміз де тақырыпқа тереңдеп ене алмай жүр екенбіз. Біздің жазғандарымыз ұлы тақырыптың маңызын түсінудегі алғашқы талпыныс қана екен. Владимир Маяковскийдің эпос пен лирика жымдасып жарастық тапқан «Владимир Ильич Ленин» поэмасының жаңашылдық мәнін тек сол музейді көргеннен кейін ғана аңғарғандай болдым. Ленин образы эпикалық образ, алайда оған үңіліп қарасаңыз мөлдір лириканың ұшқынын көресіз. Менің ойымша Совет Одағының құрамына кіретін әрбір халық таяу жылдардың ішінде Ленин туралы әрқайсы өзіндік эпопеялар туғызса керек. Бұл, әрине, бәсекелі жарыс болмайды, әркім өзінше жазады, ал, совет поэзиясы жаңа биік сатыға көтерілетін болады.

Сол күні Сейфуллин маған, өзінің әдеби практикасындағы прозамен жазған тұңғыш өлеңін әкеп берді. Тақырыбы — Ленин. Мен оның өтініші бойынша прозамен жазылған өлеңді орысшаға аудардым, ол «Литературная газетада» жарияланды.

Сейфуллинмен ажырасарда оның қалайда Ленин туралы жаңа шығарма жазбақ ниеті бар екені тағы да ойыма келді».

Әттең, ол өзінің творчестволық ойын жүзеге асыра алмады...

Сейфуллиннің соңғы поэмасы «Қызыл ат» 1933 жылы жазылды. Өзінің құрылымы, көркемдік шешімі жағынан онша күрделі емес «Қызыл ат» поэмасы кезінде тақырыптық жағынан өте актуалды өткір публицистикалық шығарма болды. Мұнда ақын халық шаруашылығын өркендетудің жолдары туралы Қазақстан үшін аса маңызды тақырыпты көтеріп қана қоймай, республика ауыл шаруашылығының 1930—1932 жылдардағы нақты жағдайы, жіберілген қате-кемшіліктер жайында бірінші болып шындықты батыл айтты. Шығарманың кезінде қызу дискуссия туғызып, жұртшылық назарын аударуы да осы себептен болса керек.

Бір кезде Некрасов «Ақын болу шарт емес, азамат болу борышың» деген еді. Сейфуллиннің «Қызыл ат» поэмасын жазуы азаматтық ерлік айғағы еді.

Бұл шығармада халық күресі мен еңбегінде ақын ролі, адам санасына поэзияның әсері жайындағы автордың ойлары назар аударарлық:

Коя тұр, жер тағысын ақын қиял,  
Сәуледен аспандағы қанша пайда?  
Сұлу күй — социалистік өндірісте,  
Сұлу зат — ортақ еңбек егіс жайда!..

Егісте — колхозданған ел сұлуы,  
Егісте — еңбек қылған ер сұлуы.  
Дегенмен алтын сәуле көкте ғой ол,—  
Қызыл ат — қолдағы алтын, жер сұлуы!

Туған жерді жырлау, совет адамының еңбегін мадақтау, «бұхараға партияның ұранын жеткізу» — міне Сейфуллин поэзияның мақсатын осылай түсінді. Ол түсініп қана қойған жоқ, соны іс жүзіне асырды.

Леонид Соболевтің Сейфуллин тірі болғанда «оның жалынды жырлары ана тілі мен орыс тілінде, революцияның көптеген халықтарының тілінде бұрынғы қызуқанды қалпында шарықтай берген болар еді» деген сөзіне қалай қосылмассың!

Үлкен ақын, драматург Сәкен Сейфуллин қазақ совет прозасына елеулі үлес қосқан көрнекті прозаик те болды. Ол қазақ совет әдебиетінің қалыптасуы әдебиеттің кемелденуін танытатын күрделі прозалық шығармаларсыз мүмкін еместігін жақсы түсінді. Қазақ совет әдебиетінің негізін қалаушылардың бірі ретінде прозаға да көп күш салды.

Алғашқы прозалық әңгімесі «Жұбатуды» (1917) Максим Горькийдің ықпалымен жазды. Бұл әңгімесінің тақырыбы да сол жылы жазған «Бақыт жолына» пьесасы сияқты езілген қазақ қызының тағдыры еді.

Сәкеннің 1922 жылы жазған тұңғыш повесті «Айшаның»; «Қыр балалары», «Екі кездесу» (1923) әңгімелерінің тақырыбы да осы әйел теңдігі мәселесіне арналған. Алайда жазушының алғашқы прозалық шығармаларында көркемдік кемелдену жағы жеткіліксіз болатын. Автордың 1935 жылы «Айша» повестіне қайта оралып, оны едәуір ширатуы да міне, осы себептен еді. Бұл шығармада ата-анасы қатыны өлген кәрі шалға сатпақ болған қазақ қызының хикаясы сөз болады. Жұмысшылардың ортасындағы жалғыз қыз Айша ажарлы да ақылды, өз ар-намысын қорғай алатын қайсар да жігерлі қыз ретінде бейнеленген.

Айша шалдың ауылына еріксіз ұзатылып бара жатқанда өзінің ағалары мен жолдастарының көмегі арқасында кен жұмысшыларының арасына қашып кетеді. Жазушы қараңғылыққа қарсы күресе білген қайсар қыздың сипатын әсерлі бейнелеген.

Азамат соғысы аяқталысымен-ақ Сейфуллин өзінің әйгілі «Тар жол, тайғақ кешу» кітабын жазуға кірісті. Оқиғаның ізі суымай жазылған жеке тараулары 1922—1925 жылдары «Қызыл Қазақстан» журналында жарияланды. Ал, 1927 жылы дербес кітап болып басылды.

Бұл кітап қазақ оқушылары үшін дер кезіндегі және қажетті кітап болды. Ұлы Октябрь революциясының дауылы барлық халықты бостандық пен бақыт жолындағы күреске ұмтылдырды. Бұл аса зор тарихи оқиғаның мән-маңызын түсіну, сарапқа салып аңғару қажет еді. Оны қалың бұхараға жеткізу үшін дәуір талабына лайық ұғымды да ұтымды кітап керек болды.

«Тар жол, тайғақ кешу» Қазақстандағы дауылды жылдар шындығын бейнелеген көркем шығарма ғана емес, сонымен бірге тарихи оқулық қызметін де атқарды.

1936 жылы жазушының юбилейінде жасаған баяндамасында Сәбит Мұқанов былай деп орынды айтты: «Тар жол, тайғақ кешу» бір жағынан тарихи, екінші жағынан саяси оқулық, үшінші жағынан оқушыны өзіне еріксіз тартып отыратын өте көркем шығарма». Сондай-ақ Сәкен Сейфуллинді зерттеуші белгілі әдебиет сыншысы С. Қирабаевтың бұл кітапты «революциялық күрестің шежіресі» деп бағалауы да дұрыс.

Әрине, берілген бағаларды тар мағнада түсінудің қажеті болмас. Әйтседе бұл айтылғандар тарихи, мемуарлық және әлеуметтік саяси роман белгілері мен қасиеттерін бойына жиған кітаптың өзіндік ерекшелігін көрсетеді.

«Тар жол, тайғақ кешу» тарихи фактілер мен мәліметтердің жиынтығы емес, тарихи оқиға жеке адамдардың тағдырымен ұштасқан тұтас шығарма. Мұнда болмыс пен қисын, білім мен қиял астасып келіп, көркемдік келісім тапқан.

Шығарманың жанрын тарихи-мемуарлық роман деп бағалау да оншалықты дәл бола бермеуі мүмкін. Мұнда ешқандай ерсілік жоқ. Қалыптасқан терминдердің кейде белгілі ұғымды толық бере алмайтындығын кезінде В. Г. Беллинский де айтқан. Ұлы сыншы жанр формаларының шарттылығы, олардың арасында пәлендей «мемлекеттік шекараның» болмайтындығы жайындағы пікірін талай рет дамытып айтқан болатын.

Біздің назарымызда В. Беллинскийдің осы пікіріне аударған белгілі әдебиет зерттеушісі Д. Д. Благой А. И. Герценнің «Болғандар мен ойлар» кітабының жанры жөнінде айта келіп, былай деп жазады: «Герцен «Болғандар мен ойларды» — өзінің әдеби-көркемдік тегі жағынан ерекше жанрын — ешбір шарт, әдеби форма, тәсілден тыс өмір шындығын бар қадір, қасиетімен шынайы поэтикалық сәулеге бөлеп көрсететін жанрды жасады».

Герценнің өзі «Болғандар мен ойлардағы» жазушылық тәсілін мынадай сөздермен айқындап берген болатын. «Өмірлік нәрсе туралы ешбір әдеби формаға сүйенбей-ақ жазу яғни қандай да бір шартты әдеби форма дәстүрінің шегінен шығып жазу». Сөйтіп Д. Благойдың тұжырымы бойынша «Болғандар мен ойларда» белгілі бір әдеби терминмен айтылатын біртұтас жанр формасы жоқ. Алайда көркемдік кестесіне бөленген өмірдің өзі



сияқты «Болғандар мен ойлар» әртүрлі жанр формасының мол байлығын бойына жиған шығарма.

Сейфуллиннің «Тар жол, тайғақ кешу» кітабы жөнінде де осыны айтуға болады. Шынында оған тән көптеген ерекшеліктер оны «тұтас бір жанр формасына сыйғызуға» және қолданылып жүрген белгілі әдеби терминдердің бірімен атауға мүмкіндік бермейді. Сондықтан біз «Тар жол, тайғақ кешуді» тарихи-мемуарлық романға шартты түрде ғана жатқызамыз, себебі осылай атау, кітаптың сипатына, басқа жанрлардан гөрі жақынырақ келеді.

Колчактың ажал вагонында азап шеккен азамат соғысының белсенді күрескері, жазушы-коммунист ретінде Сәкен Сейфуллин өзінің кітабында ұлы тарихи оқиғалардың аса бай материалдарын қозғайды. Жазушының білетін материалдарының молдығына тұтас бір ғылыми-зерттеу институты немесе архив мекемесі қызығарлық деуге болады. Қазақстанның бір ғана облысында болып, түрмелер мен лагерьлерде бір жылға жуық азап шеккен бір ғана адамның осыншалық қазынаны қалай жиғанына тандануға тура келеді.

Оқиғалардың заңдылығын ашуға және дұрыс түсінуге, революция дамуы барысының келешегін аңғаруға жазушының айқын коммунистік көзқарасы көмектескені себеп болғаны сөзсіз.

Талассыз фактілер мен дәйекті дәлелдерге сүйене отырып, С. Сейфуллин қазақ халқын күреске ұмтылдырған себептерді ашып көрсетті және контрреволюция лагерінде болған алашордашыл сатқындарды әшкерелеп берді. Халық өкілдері мен оның дұшпандарының типтік образын күрес үстінде суреттей отырып, «Болғандар мен ойлар» авторының сөзімен айтқанда, жазушы «адамдардағы тарих сәулесін» көре білді.

Шығарманың орталық, өзекті бөлімі автордың өзі қатысқан оқиғаларды еске түсіруі арқылы бірінші жақтан айтылатын жан толқытар қызықты әңгімелерге негізделген.

Бұл әңгімелердің алдында қазақ ауылы өмірі мен тұрмысының 1916 жыл көтерілісі қарсаңындағы жай-күйі баяндалады. Мұнда революциядан бұрынғы өмір шындығының кереғар қайшылығы ашылған, көтеріліс жасаушы халықтың коллективтік бейнесі нанымды берілген, қазақ еңбекшілерінің сатқындары мен жазалаушылары:

патша үкіметінің итаршылары, больштар, байлар, молдалар және алашорда басшыларының жексұрын образдары кескінделген. Бұл көріністердің бәрі де ауыл кедейлері мен кембағалдарының ауыр жағдайында, күндіктегі қазақ әйелдерінің аянышты тағдырына, ауылдың көтерілісті күшпен басқаннан кейінгі күйзелісіне жазушының жанашыр сезімі арқылы суреттеледі.

Бұл жерде зорлықшылар, жазалаушылар, пәрекорлар дәурені өткен ескі дүниеге жиркеніш сезімімен жеріне жеткізіле кескінделіп отырғанда халық көтерілісін бастаушылардың жарқын образдары ойдағыдай жасалынбағанын шығарманың кемшілігі ретінде айту керек.

1916 жылдың оқиғалары жайында С. Сейфуллин күәгер және жанашыр бақылаушы болып қана көрінеді, алайда, көрген-білгендерінен, естігендерінен үлкен әсер түйеді. 1917 жылдың февралінде патша тақтан құлатылғаннан кейін ол, Ақмолаға келеді де сол жылдың февралінен октябріне дейінгі дәуір жағдайына; екі жақты басшылық, құрғақ айқай, түрлі қоғамдар мен ұйымдар туындап, әр алуан газеттер мен журналдар шығып, сапырылысқан түсініксіз кезеңге тап болды. Сейфуллин романында бұл жағдайларды жан-жақты суреттейді, сонымен бірге өз халқының демократиялық праволары мен бостандығы жолындағы күрескер ретінде көрінеді. Мұнда ол тек қана Ақмола облысында болып жатқан оқиғалар емес, Қазақстанның шартарабынан хабардар екені байқалады. Болып жатқан оқиғаларға тікелей және шетпұшпақтап қатысушылар, қоғамдық таптың әртүрлі өкілдері — қыруар кейіпкерлер көз алдымыздан өтеді. Адамдардың шисленіскен қарым-қатынасы күрделі оқиғалар тізбегін құрайды. Автор документтер, фактылар, логика күші және творчестволық фантазия күдіреті арқылы адамдар арасындағы қарым-қатынастарды, сол кездегі бүкіл жағдайды, оқиғаға қатысушылардың әрқайсының саяси бетін айқындай түседі. Октябрь революциясы жеңгеннен кейін қарама-қарсы екі лагерь — социалистік революцияны жақтаушылар және оған қарсылар лагерьі ұйымдасқаннан кейін бұлардың арасындағы күрес бұрынғыдан да күшейе түсті.

Сәкен Сейфуллин Октябрь революциясының алғашқы күндерінен бастап-ақ оның саналы қорғаушыларының, күрескерлерінің бірі болғанын жазушының өмір баянынан білеміз. «Тар жол, тайғақ кешу» романынан

революция жақтастарының, оның ішінде елеулі роль атқарып жүрген Сәкеннің де Совет өкіметі үшін жүргізген қажырлы күресін көреміз. Жазушы документтерді, мәліметтерді, хаттарды, телеграммаларды, газет мақалалары мен қаулыларды, съездер мен жиналыстарға қатысқан адамдардың тізімдерін пайдалану арқылы жағдайды, оқиғаларды дәлелдеп отырады. Тосын көзге бұл шығарманың көркемдік бітіміне нұқсан келтіретін басы артық дүние боп көрінуі де мүмкін. Шығармаға бұрыннан қалыптасып қалған дәстүр тұрғысынан қарайтын болсақ солай екені рас. Алайда оның документтік-тарихи, мемуарлық сипатын еске алсақ, қайта бұлайша «документтендірудің» өте орындылығына көзіміз жетеді, өйткені бұл оқиғаның шындығына оқушыны иландырады, сендіреді. Сонымен бірге келтірілген документтердің көмегімен Қазақстанның барлық жерінде кең өріс алған әлеуметтік күрестің сипаты суреттеледі, қазақ халқының көрнекті революциялық қайраткерлері — Ә. Жангелдиннің, А. Имановтың, Ә. Майкөтовтың, С. Шәріповтің, Ә. Әйтиевтің, А. Асылбековтың, А. Нұрмақовтың, М. Тәтімөвтің, Ү. Сүтішевтің, тағы басқаларының бұхараның бостандығы мен бақыты үшін күресі баяндалады. Әрине, бір уезде ғана болған адамның іс-әрекетін әңгімелеу аса зор тарихи оқиғаның ауқымын мұншалықты кең көлемде аңғаруға мүмкіндік бермес еді.

Ақмолада ұйымдасқан алғашқы Совдеп социалистік революцияның ұлы идеяларын жүзеге асырудағы Совет өкіметінің пионері болды. Ол большевиктік партия мен Совет үкіметінің ұрандарын іс жүзіне асыра бастады. Міне, сондықтан да контрреволюцияның біріккен күші оған бар пәрменімен қарсы ұмтылды. 1918 жылдың июнь айында Ақмоладағы совдепті құлатып, оның жетекшілерін қамауға алғаннан кейін жағдай күрт өзгереді. Сәкен совдепшілер тобымен бірге Қолчак пен алашордашылардың қолына түседі де, ендігі әңгіме сол төңіректе өрбиді.

Сейфуллин түрме мен лагерьде, Анненковтың ажал вагонында болған жан түршігерлік ауыр азап, тәшкүшті суреттеу арқылы революция ісіне шексіз берілген адамдардың қаһармандық қайсарлығын, табандылығын жарқын бейнелеген. Бір таптық мүддені көздейтін әртүрлі ұлт өкілдері өздерінің ынтымақ-бірлігі арқылы социалистік революция орнықтырған халықтардың ұлы дос-

тығын паш етеді. «Қызыл қырандар» пьесасындағы сияқты Сейфуллин мұнда да Совдеп құрамында кездейсоқ жүрген жалтақ, жасық элементтерді (Бачок, Патрекеев) сөз етеді. Жазушы өз қаһармандары мінез-құлқының көптеген қырларын ашады. Мәселен, Бәкен Серікбаев, Жұмабай Нұркин, Абдолла Асылбеков, Авдеев, Кондратьева тәрізді асқан ерлік пен қайсарлық иелерінің естен кетпес образы жасалған. Сондай-ақ, Монин, Павлов, Юрашевич, тағы басқа қамауда қаза тапқан көптеген совдепшілердің де образы өзіне тән ерекшеліктерімен әсерлі.

Жарқын образдар шоғырының ішінде автордың өз бейнесі айрықша. Большевик, революцияның табанды солдаты ретінде ол өз жолдастарына ұқсайды, ал, ақындық түйсігі жағынан олардан дараланып көрінеді. Әңгімені автор атынан баяндай отырып, Сейфуллин өз түйсігін бірде монолог, ой толғанысы, немесе лирикалық шегініс ретінде сезім әсерімен сырлап береді. Төңіректі қоршаған әлемде болып жатқан оқиғаларды ақынның рухани сезімі арқылы көреміз. Табиғатты да, адамды да, өмір құбылыстарын да ақынның өзі қалай түсінсе, біз де солай қабылдаймыз. Бұл әңгімені лирикалық әуенге бөлеп қана қоймайды, сонымен бірге, автордың ішкі рухани дүниесіне үнілуге, оның толғаныс-тебреністерін бағдарлауға мүмкіндік береді.

Кейбір сыншылар кітаптің өн бойына өрілген осы бір лирикалық сарынды жете сезінбейді. Бір кезде қайғылы қыз жағасында жас төккен Әупілдек көлі мен ол туралы Хабиба салған сазды әннен бастап әйгілі қобызшы Ықылас жайындағы Ашайдың әңгімесінен алған әсерге дейінгі ақын толғанысы қандай нәзік сыр шертеді. Автордың түрмеде көрген қызы туралы әңгімесі, қамауда өлім жазасын күтіп жатқандардың хал-жайы, түрмеден бір сәт сыртқа алып шыққанда көзге түскен қала бағының көрінісі, лагерьден қашып шыққан ақынды қуғыншылардан жасырып қалған абзал әйел Бәтиманың образы, шебер суреттелген қыс пен жаз табиғаты, азаттық аңсап шығарған ақынның өз өлең-әндері — осының бәрі де Сейфуллин шығармасының ішкі лирикалық қуатын аңғартпай ма!

Әрине, кітапта очеркке ұқсас желе-жортып баяндау, тіпті кейде қарадүрсіндік те ұшырасып қалады. Олардың бірқатары кітаптың сипаты мен ерекшелігінен туған.

Ал, кейбір қарадүрсін баяндаулар кітаптың кемшілігі екені рас. Бірақ, оның өзі сол кездегі жас, тәжірибесі жоқ қазақ прозасының жалпы деңгейімен қарайлас.

Ұнамсыз кейіпкерлердің суреттелуін романның жетістігіне балаймыз. Автор аз ғана детальдар мен штрихтар арқылы олардың сатиралық образын келістіріп бере біледі. Мәселен, ірі шонжар бай Нұрмағамбеттің образы осындай. Жазушы оны бірде меске, енді бірде будданың тас құдайына теңейді. Көтеріліске шыққан халықты қанжоса қырғынға ұшыратқан кекшіл, кешірімсіз жазалаушы Олжабай образы да осы іспеттес. Батыстағы алаш-орданы басқарушы Жанша Досмұхамедовтың үйіндегі сатиралық сцена қызық. Дін басылардың, болыс-билердің, кейін Қолчактың алдында құрдай жорғалаған алаш-орданың бұл «зиялы» ханы ащы мысқылмен әжуа етіледі.

Сейфуллиннің кітабында ұнамды да, ұнамсыз да қаһармандар толып жатыр. Олардың әрқайсысы бірін бірі толықтырып немесе кейбір жағдайларды, образдарды, мінездерді аша түсіп, белгілі бір идеялық-көркемдік міндет атқарады. Сонымен бірге олар басты қаһармандарды сыртқы дүниемен, өмірмен, халықпен байланыстырып, олардың қимыл-әрекетіне өріс береді.

Совдепшілердің қамаудан қашып құтылуына көмектескен жас жігіт Жанайдар Садуақасов, Сәкенді түрменің қорасынан алып шыққан австриялық тұтқын солдат, онан соң Сәкенді қуғыншылардан жасырып қалған батыл да мейірбен әйел Бәтима мен оның ері Мұқан Айтбеков, тұтқындағыларға көмек көрсеткен вокзалдағы әйел және деревнядағы шаруалар, Сейфуллинді Әулие-атаға дейін шығарып салған Бетпақдаланың жігіті Сүйіндік — бұлардың бәрі де Совет өкіметін қолдап, оған жанашырлық білдіреді. Бұлар, сонымен бірге Октябрь революциясы жеңісінің интернационалдық мән-маңызын да көрсетеді.

Кітапты жалпы алғанда Қазақстандағы социалистік революцияның айнасы, Совет өкіметі үшін күрестің тамаша ескерткіші деуге болады. Кітаптің қалың оқушы қауымға кең тарауы да, оның авторының халыққа сүйікті жазушы болып кетуі де, міне осы себептерден болса керек.

Тарихи-мемуарлық роман деп шартты түрде ғана аталып отырған Сейфуллиннің «Тар жол, тайғақ кешуі»,

сонымен бірге дүниетанымдық, тәрбиелік мәні бар кітап, Октябрь Социалистік революциясы Қазақстанды қамтыған жоқ дейтін қате пікірді негізінен теріске шығаратын шығарма.

Сәбит Мұқановтың «Өмір мектебі» трилогиясы да Сейфуллин үлгісінде туған, сол бастаған дәстүрдің жалғасы болып табылады.

Сейфуллин мемуарларын жариялап болғаннан кейін жұмысшы табы жайында повесть жазуға кіріседі де, оны 1928 жылы бітіреді.

Осы «Жерқазғандар» повестінде автор Орталық Қазақстандағы темір жол құрылысында істеп жүрген қазақ жұмысшыларының (Бұзаубек, Хасен, Қалкен, Сатай, Әзімхан) образын жасайды. Бұлар ауылдан келген кешегі батырақтар мен кедейлер.

Мұнда да Сейфуллиннің басқа шығармаларындағыдай тарихтық жағы байқалады. Ол тарихты «жөндемейді», әсерлемейді, сол кездегі жағдайды тарихи жағынан нақтылап көрсетеді.

Жазушы жұмысшылардың жұпыны тұрмысын көрсетумен бірге олардың еркін де қуанышты еңбегін капиталистерге еткен еріксіз, азапты, ауыр еңбекке қарсы қойып, романтикалық леппен суреттейді.

Социалистік реализмнің суреткері болғандықтан ол тұрмыстағы қиыншылықтардың уақытша, өткінші жағдай екенін жақсы түсінеді де, бақытты болашақты олардың еңбекке деген көзқарасынан, тасқындаған жігерінен таниды.

Автор совет дәуіріндегі жұмысшылардың қажырлы еңбегін мадақтап қана қоймайды, сонымен бірге жаңа моральдық-этикалық проблема да көтереді. Адал да ақкөңіл еңбеккер Бұзаубектің жас әйелі Гулия күйеуіне қиянаты жоқ, бірақ оны сүймейді. Ол ақырында Бұзаубектен ажырап, өз қалауынша өмір сүреді. Ол кезде мұндай проблема қоюдың өзі әйел бостандығы тақырыбын игерудегі бір адым алға басқандық болатын.

Сейфуллин өмірінің ақырына дейін поэзиямен де, прозамен де бірдей айналысты. Әдеби журналдардың беттерінде романдары мен повестерінен, әңгімелерінен үзінділер жариялап жүрді. Оның 1935 жылы жазылып біткен «Жемістер» атты киноповестін ерекше атауға болады. Повесть Советтік Қазақстанның он бес жылдығына байланысты сыйлыққа ие болды. Мұнда жазушы жа-

на өмірдің өркенін, адамдардың советтік дәуірдегі рухани өсуін көрсетті.

Бұл шығарманы егжей-тегжейлі талдап жатпай-ақ, оның елеулі ерекшелігіне ғана тоқталайық. Повестің басты қаһармандарының бірі Нияз алғашқыда революция жағына белсене шыққанымен, кейіннен әртүрлі жағдайлардың салдарынан бандиттер отрядына қосылып кетеді.

Ақырында өзінің адасқандығын түсініп, Совет өкіметін қорғаушылардың қатарына қосылады, үлкен заводтардың бірінде жемісті еңбек етеді.

Нияздың мұндай қылығы көркемдік жағынан әбден қонымды. Әдеби кейіпкердің мінез-әрекетіндегі қайшылықтарды көрсете отырып, автор күрделі психологиялық характер түзуде алғашқы қадам жасады.

«С. Сейфуллин жаңа әлеуметтік типтер ашты,— деп жазды белгілі орыс сыншысы В. Чалмаев,— өзінің рухани өміріне халықтың асқақ революциялық жігерін сіңірген адамдардың — жаңа тарихты жасаушылардың образын әкелді. «Жер қазғандардан» және «Жемістерден» — өзінің қараңғылығынан, жаза басып жанкештілерге қосылған, сөйтіп Григорий Мелеховтың трагедиясын қайталаған ұста Нияздың драмасынан қаһармандарды психологиялық жағынан ашып көрсетудің қазақ прозасында туып келе жатқан жаңалығын көруге болады».

Қазақтың жас жазушыларына ғана емес, өзінің құрдастары мен жауынгер серіктеріне де Сәкен Сейфуллин көркем творчествосының, ұстамды да айқын идеялық позициясының әсері мол.

Көптеген бастамалардың алғашқы қарлығашы Сейфуллин, әрине, жеке-дара болған жоқ. Онымен қатарласа, көбінесе оның басшылығымен қалам тартқан ақындар, прозаиктер, драматургтер жаңа қазақ әдебиетінің іргесін қалап, оның қас дұшпандарымен күрес жүргізді. Сейфуллинмен ілесе әдеби творчествоның барлық жанрларында (прозада, поэзия мен драматургияда) жазған Ілияс Жансүгіров, Бейімбет Майлин, Сәбит Мұқанов есімін ерекше атаған жөн.

Мемлекеттік және Лениндік сыйлықтар алған М. Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясы, С. Мұқановтың «Ботакөз», «Сырдария», «Өмір мектебі», «Мөлдір махаббат» романдары, Ғ. Мүсіреповтің «Оянған өлке», «Қазақ солдаты», сондай-ақ Ғ. Мұстафиннің «Шығанақ», «Мил-

лионер», «Қарағанды», «Дауылдан кейін» романдары қазақ әдебиетін дүние жүзіне танытты.

Сейфуллиннің өлеңдері, әңгімелері, повестері мен романдары Б. Майлиннің, С. Мұқановтың, М. Әуезовтың, І. Жансүгіровтің, Ғ. Мүсіреповтің прозалық туындыларымен бірге көптеген тақырыптарды қозғады және қазақ әдебиетінде социалистік реализм принциптерін нығайтты.

Республиканың әдеби күштерін ұйымдастыру және топтастыру ісіндегі Сәкен ролі де ерекше екенін атап айтту орынды. Бұл жөнінде ол сөз жоқ Горькийден көп үйренді. Сейфуллин халықтың көп жанрлы, профессионал үлкен әдебиетін жасау қанша дарынды болғанымен жеке адамдардың қолынан келмейтінін, ол үшін жазушы қауымның, жазушылар ұйымының ынтымақты, коллективті еңбегі қажет екенін ерте түсінді.

1922 жылдың өзінде «Асау тұлпар» жинағына жазған алғы сөзінде ақын жастарға былай деп ұран тастаған болатын. «Қосындар дауыстарынды! Күшті дауыстар мен қызу әндер жаңғыртсын дүниені! Жаңғыртындар, жаңартындар ескі дүниені, қайратты ер жастар!»

Газеттер мен журналдардың редакторы қызметтерін атқара жүріп Сәкен жас талаптарды баулыды, оларға «өмірге жолдама» берді. Жиырмасыншы жылдары «Еңбекші қазақ» газетінің төңірегіне дарынды әдеби күштерді жинады.

1926 жылы оның бастамасымен Қазақстан пролетар жазушыларының ассоциациясы құрылды, бұл алғашқы жылдары қазақ әдебиетінің қалыптасуында елеулі роль атқарды.

Сейфуллин СССР Жазушыларының I съезіне қазақ әдебиетінің лайықты өкілі болып қатысты, онда жалынды сөз сөйледі. Ол Қазақстан жазушылар одағын құрушылардың және өмірінің ақырына дейін оның басшыларының бірі болды. Қазақ жазушыларының ішінде бірінші болып Еңбек Қызыл Ту орденімен нағрадалды.

Өз кезіндегі білімді, мәдениетті қазақтардың бірі ретінде Сәкен Шығыс әдебиетінің көрнекті өкілдері — Хайям, Фирдоуси, Навои, Тагор творчестволарымен таныс болды. Әсіресе, орыс әдебиетіне ерекше назар аударды, классикалық және совет дәуірі әдебиетін де жақсы білді.



Замандас орыс авторларынан ол Горькийді, Маяковскийді, Шолоховты айрықша бөліп қарады. Леонид Соболевті жоғары бағалады.

«Көкшетау бұлбұлы» деген өзінің естелігінде қазақстандық орыс жазушысы Алексей Брагин былай дейді:

«Сәкен мені, ол кезде тіпті жап-жас газет қызметкерін, бір түрлі мейірбан, кішіпейіл, ақжарқын меймандостықпен қабылдады. Біз бауырсақ жеп, қымыз ішіп отырдық. Үлкен бір бауырсақты қолына алып отырды да күтпеген жерден Шолоховтың «Тынық Доны» жайында сөз бастап кетті: «Оқимын да таңқаламын — Дон казактарының көшпелі тұрмысы біздің көшіміздің де кейбір белгілерін еске түсіреді. Міне біз қазір бауырсақ жеп отырмыз. Бұл Донда да бар екен. Бұл жол азық, ыстықта бұзылмайды. Ал «казак ағарғаны» — айран ше? Біз де айрансыз күн көре алмаймыз ғой. Мен Шолоховтан арбаны, майданды, кетпенді кездестірдім, атпен жүру тәсілін таптым. Дәл біздің даладағыдай. Бұлар, әрине, сыртқасастықтар. Бұл кітап мені осы үшін ғана қызықтырмайды. Гәп Григорийдің қайғылы тағдырында, қиынқыстау жолында. Бізде көбінесе схема бойынша шешіледі: бай қатыгез де қаныпезер, жігіт ақкөңіл де батыл. Әрине, ол бұрынғы уақытта болса да, кейінгі кезде болса да бәрібір байды жеңеді ғой».

Әңгіме Шолоховтан басталып, жалпы орыс әдебиетіне, оның ішінде Пушкинге ауысады.

«Осы уақытқа дейін «Балықшы мен балық туралы ертегіге» соншалықты инабатпен қараймын,— дейді Сәкен,— ол жайында бала кезімде естіп едім...»

Сейфуллин қазақ авторларын орыс тіліне аударуға да, оның керісінше орыс авторларын қазақ тіліне аударуға да көп еңбек сіңірді.

Ол орыс әдебиеті мен орыс ғылымын тынбастан насихаттаушы болды.

Москвада болған сайын аударма ісіне неғұрлым талантты орыс жазушыларын тартуды алдына мақсат етіп қоятын және сонысын жүзеге асыратын да.

«Осы көп білетін адам,— дейді Қазақ ССР Ғылым академиясының академигі Қ. Жұмалиев,— бізге, студенттерге марксизм-ленинизм классиктерінен басқа көптеген тюркологтарды: В. Радловты, Ф. Коршты, А. Алекторовты, В. Бартольдты, П. Лютшты, Н. Ильмицкийді, Ю. Но-

вицкийді, Г. Потанинді, Ш. Уәлихановты оқуды ұсынды. Біз орыстың даңқты тюрколог-ғалымдарының есімін де алғаш рет Сейфуллиннен естідік — олардың есімін ол үлкен құрметпен атайтын. Әсіресе, түркі халықтарының мәдениеті жайындағы көп томдық еңбектің авторы Радловты ерекше құрметтейтін. Кітапханашы сол күні-ақ орыс тюркологтерінің кітапханада бар еңбектерін бізге әкеп берді».

Сейфуллин қазақ әдебиетінің алғашқы оқулығын жазғаны үшін де біз оған қарыздармыз.

Осының бәріне де оның қалай уақыт тапқанына таңданбасқа болмайды.

Поэзия, проза, драматургия, публицистика, педагогика, мемлекет қайраткерлігі, редакторлық қызмет, аударма, әдеби күштерді топтастыру — осының бәрінде де ол елеулі із қалдырды.

Сәкен Сейфуллиннің өмір жолы мен әдеби қызметі коммунизм үшін күресте рухтандырушы өнеге, ал оның ақын, драматург, прозаик, сыншы, публицист, ғалым, тарихшы, педагог ретіндегі жан-жақты творчествосы — аса бай қазына, дүниетанымның қайнар көзі, рухани және эстетикалық мұра.

Сәкен есімі аузымызға түскенде біздің көз алдымызда абзал ұстаздың игі образы тұрады. Оның өз өмірінде дәл осылай болғаны ақиқат. Көптеген қазақ ақындары мен жазушылары одан тәлім алып тәрбиеленді, оның көркем және публицистикалық еңбектерінен үйренді.

Сейфуллиннің даңқы республикадан тыс та мәлім еді. Белгілі орыс жазушысы Галина Серебрякова былай деп жазады:

«Жазушылар одағынан маған А. Фадеев телефон соғып, оның кабинетінде менің қазақшаға аударылған кітабымның редакторы Сәкен Сейфуллиннің отырғанын айтты. Біз сол күні кездестік.

...Сол кезде жасы қырықтан аса қоймаған Сәкен Сейфуллин маған өзінің ер тұлғалы, әсем мүсінімен ұнады. Ол сұңғақ бойлы, сымбатты. Қара торы өткір жүзі жылы шырай танытады. Нұр шашқан ақылды қара көздері айрықша есімде қалыпты. Адамға тік, инабатты, батыл қарауы ерлік пен еркіндіктің бейнесіндей ежелгі парсы

жауынгерлеріне ұқсатады. Өзінде табиғи сұлулығынан әсте кем емес, адамгершілік сүйкімділік бар. Сәкен орысша тіпті таза грамматикалық ережемен сөйлейді, әдеби сөз оралымдарын да соншалықты мінсіз менгерген, толып жатқан кемеңгер классиктер мен осы заманғы ақындардың өлеңдерінен жатқа соғады. Сөз арасында өмірге құштар ұлы Хайям мен нәзік сезімді Фирдоусиді жиі айтып отырды.

Қазақстанның әр алуан байлығы мен көркем табиғаты жөнінде ерекше бір шабытпен, сүйіспеншілікпен әңгімеледі. Ол өзінің туған жерін шексіз сүйетін және оның тарихын егжей-тегжейіне дейін жақсы білетін. Сәкен өз халқын білумен бірге оның жарқын болашағына сенетін. Ол өзі туралы сараң сөйледі. Бұл үлкен адамгершілікке тән кішіпейілдік еді. Сәкен маған келешегінен зор үміт күтетін бірнеше жазушылардың есімін атады. Мен одан өзімнің досым деп атаған Сәбит Мұқанов туралы да естідім.

Сейфуллин талантты жазушы ғана емес, сонымен бірге дарқан жанды, адал жүректі адам, нағыз лениншіл болатын. Оны Ленин де білетін».

Сәкен Сейфуллиннің творчестволық жолына жасаған қысқаша шолуымызды 1936 жылы оның әдеби қызметіне жиырма жыл толуында айтқан қазақ әдебиетінің классигі Мұхтар Әуезовтың жазушы творчасына берген мынадай тамаша поэтикалық сипаттамасымен аяқтағымыз келеді.

«...Ақын еңбегіне сыншы да, тарихшы да емес, жәй қатардағы оқушы есебінде көз жіберіп қарасаң, өзгеде жоқ екі түрлі ерекше үн, қасиеті басымдап, айқындана шығады. Мұның біріншісі жалтағы жоқ шыншылдығы. Екінші ақындық такаппарлығы. Жәй мінез-машығын айтпаймын, ақындық еңбегінің сипатын айтам.

...Оның шығармаларына біткен сезімінің барлығы да айқын, ашық және емен-жарқы емес, тұтас бітімді жоталы тұлғадан туатын көрнекті бүтіндігі бар сезімдер. Белгілі шығармаларынан өлеңін, әңгімесін, поэмасын алсақ барлығында да сүюі мен ашуы, ырзалығы мен наразылығы, үміті мен күдігі әрқашан барынша шын сезімнің толқыны боп білінеді. Сонысымен әсерлі де, күшті де боп шыға алады. Өз ішінде тұрған көңіл күйін оқушыға жеткізіп, қондырып жұқтыра алады. Лебімен тартатын өтімділік, ұтымдылық табады. Шыны қайда,

өзі қайда екенін білдірмейтін, жаза баспайтын, ішіне тығынған кедір-бұдырсыз тақтақ жолдың ақыны Сәкен емес. Оның шыншылдығы қозып, жанып отыратын, буы білініп тұрған барынша шын сезім, шын жүрек шындығы. Сондықтан бұның жолы әр адымын санап басқан кісінің жолы емес. Ылдиы бар, өрі бар шын өмір жолы, ыстық қанды нағыз акын жолы.

Тегінде мағналы, өрісті, көшбастар, белге шығар үлкен еңбек туса осындай қайнар көзден шығуға лайық».

## АҚЫН ДАҢҚЫ — ХАЛЫҚ ДАҢҚЫ

Жамбылдың өзі өз болғалы жарық көрген тұңғыш кітабы «Песни и поэма» деген атпен орыс тілінде осыдан отыз жыл бұрын әуелі Алматыда, соңынан Москвада шыққан болатын. Толық жинағы қазақ тілінде Сәбит Мұқановтың бас мақаласымен 1946 жылы шықты. Мұны бүгінгі жасарған оқушылар жұртшылығы көп аса біле бермейді, әрине. Кітаптың беташарында бірсыпыра фактылармен қазақтың тоқсаннан асқан қарт ақынының бас-аяғы бір-екі жылдың ішінде бүкіл одақ көлеміне қалай әйгілі болғаны айтылған-ды.

Енді мына жолы сондағы алғаш бұрқ етіп шыққан ақын даңқының сырын және оның осы отыз жыл ішінде шарықтап шыққан биігін бүгінгі оқушыға да аңғартуды артық көрмедік.

1938 жылы 20 майда Алматыда Жамбылдың ақындық қызметіне 75 жыл толған юбилейі өткізілгенде Совет Одағының ең жоғары наградасы — Ленин орденімен наградталғанын, Ұлы Отанның барлық түкпірінен ақын, жазушылардан, құттықтау телеграммалар келгендігін былай қойып, сонау Европаның жүрегінен, алыс Франциядан Ромен Роллан жіберген телеграмманың бір өзін айтсақ та, қазақ ақынының даңқы қанша жерге кеткенін топшылау қиын емес. Онда ұлы француз жазушысы: «Батыс Альпаның жүрегінен Қазақстан даласының жүрегіне, өзінің қазақ халқының және жаңа адамзаттың жыршысы Жамбылға туысқандық сәлем» деп жазған еді. Жазушылығының үстіне оның бір кезде А. Затаевич жинаған қазақ әндерінің байлығы мен әдемілігіне таңтамаша калып, керемет жоғары бағалаған музыка маманы екені мәлім. Сол Ролланның енді Жамбыл арқылы дала перзенті — қазақтың халық поэзиясын, оның Ала-

таудағы алып жыршысын ардақтауы жай емес, бір іздегі табиғи, мағналы көзқарастан туған баға еді.

Содан екі жыл бұрын, Москвада қазақ өнері мен әдебиетінің он күндігі болғанда, тоқсандағы Жамбыл да астанаға барып, абройға бөленіп, көкірегіне Еңбек Қызыл Ту орденін қадағанда, «Орден алған мен емес, қазақтың халық сөзі» деуі де Роллан пікірімен үндесетіні сөзсіз.

Ежелден белгілі: ерді ел туады, ел данқын ер шығарады. Отанын, туған жерін қорғаған, халқының ар, намысын жырлаған, азаттығын арман еткен батыр, дана, акын, ардагер ер азаматтар басқа елдердегідей біздің қазақ халқымызда да аз болмаған. Бірақ не пайда, халық басынан кешкен қара түнек замандарда, Ленин айтқандай, талай таланттар тапталып, жаншылып, тұншығып мерт болып отырған, талайдың жігері күм болып, жарыққа шықпай қала берген. Жамбыл осы іспетті халық таланттарының ішінде табиғи дарыны үздік үлкенінің бірі еді. Сондықтан да ол революциядан бұрынғы 70 жыл жасаған өмірінде оқымаған сауатсыз бола тұра, бүкіл Жетісу өңіріне аты шыққан дарқан акын болды. Қазақтың қараңғылық халы, қырық бөлініп қаналған мешеулік жағдайы оның өрісін бұдан ары жібермеді. Соның өзінде ізсіз ұшарсыз өшіп қалмай, сөніп қалмай, жер бетіне жарып шығып, жұрт көзінде жоталы дарын несі екенін таныта алуы, кейін осы қалып, дәрежеде Мұхтар Әуезовтың «Абай жолы» романының елеулі бір ақындық образына негіз салуы — Жамбылдың көптің бірі емес, ілуде бір ұшырасатын өрен талант екенінің айғағы.

Ал бірақ талант, озат дүние тану тұрғысы болмаса қанаты қырқылған қыранға ұқсайды. Сондықтан революция қарсаңында Жамбыл шыққан әлеуметтік арман биігі туған халқының 1916 жылғы стихиялық қозғалысының деңгейінен аса алған жоқ. Асуы мүмкін де емес еді. Сауатсыз Жамбыл түгіл оқыған азаматтардың өзі ол тұста осы деңгейге бірі жетсе, бірі жетпеді.

Баспа жүзінде қазақ оқушысы Жамбыл есімін ең алғаш 1923 жылы Шамғали Сарыбаевтың хабарлауынан естіп білді. Онда қарт акын Жамбыл Жетісудың он алты ақынының алдында бірінші аталған. Бір өкініші — Жамбыл есімі содан қайтып он екі жыл бойы баспа жүзінде естілмей қояды.

Бірақ Жәкен жырынан тыйылған емес. Ешкім елел,

көңіл бөлмесе де, қарт ақын өз төңірегінде революция заманы жаңалықтарына әрдайым үн қосып, халқының күрес жолын, бақыт жолын жырлап отырды. Әттең, амал не, сондағы жырларының ден көпшілігі, ешкім жазып алмағандықтан ізсіз-ұшарсыз жоғалып кеткен. Тек 1924 жылы Жетісу жері Түркстаннан бөлініп Қазақстанға қосылғанда шығарған «Қазақстан тойына», 1927 жылғы жер бөліс науқанына арналған «Замана ағымы» дейтін бірін-саран жырлары ғана сақталған.

Сәбит Мұқанов Жамбылдың мынадай бір сөзін келтіреді: «Тілі бар кісі сөйлейтін заман туғанда, мен нелер жырлар айтпады дейсің, балалар, талай жырлар айтылған да, айтылған орнында қалып қойған». Нағыз нанымды сөз!

Халық ақындарының алғашқы он-он бес жыл ішінде қағажу көру себебі жиырмасыншы жылдары бізде халық творчествосы өкілдеріне әдебиет ұйымдастары тарапынан тиісті көңіл бөлінбеген жағдай болды. Әуелі пролеткультиң, кейінірек РАПП-тың өткен мәдени мұраға, әсіресе халық творчествосына менсінбей қарауының салдарынан осындай жағдай туған.

Партиямыздың Орталық Комитетінің 1932 жылғы 23 апрельдегі тарихи қаулысы бойынша РАПП-тың қателері сыналып, оның орнына Совет жазушылар одағы құрылуы, Одақтың басшылығына ұлы пролетариат жазушысы Максим Горькийдің келуі халық поэзиясына деген көз қарасты мүлдем өзгертіп жіберді: Горький «өнер басы фольклор, зерттеңдер оны, үйреніндер» деп Жазушылар одағының бірінші съезінде халық поэзиясын қасгерлегеннен кейін бұрын еленбей келген халық творчествосының жарқын таланттары жарқ етіп шыға келді. Олар: Сүлеймен Стальский, Жамбыл Жабаев сықылды озық дарындылар еді.

Съезден кейін іле-шала Қазақстанда халық творчествосының слеті өткізілуі Горький бастаған үлкен науқанның бір көрінісі болатын. Өз республикасына Жамбыл сол слетте ғана танылды. Өз өлкесінде, әсіресе ақындар ортасында Жамбылдың қаншалықты қадырлы адам екенін слетке қатысушылардың өздері-ақ жақсы көрсетті. Слет мәжілісінде Кенен Әзірбаевқа, Үмбетәлі Қәрібаевқа сөз беру кезегі тигенде, олар: «Алдымен Жамбыл ағамыз сөйлесін, біз оның шәкіртіміз — ол тұрғанда бізге жол қайда?!» деп тұрып алғаны есімізде. Мұнан жиыл-

ған жұрт Жамбылдың әдебиет қауымына белгісіз болғанмен, төңрегiне белгiлi кәрiшөңге жүйрiк екенiне көзi жеттi. Қандай жүйрiк екенiн Жәкең сол жолы сахнада домбыраға қосып айтқан жiгерлi де жалынды жырымен көрсеттi. Слетте тоқсанға келген тұлғасымен, тебренген толғауымен топ жарған майталман акын Москвада өтетiн он күндiкке бүкiл өнер иелерiн бастап барды. Бүгiнгi бақытын тапқан халқының таудай құрметiне бөленiп, шаттықпен шабытына мiнген Жамбылдың Москваға сапар шегуi алдында слетте айтқан «Туған елiм» дейтiн толғауы орысшаға аударылып акынның суретiмен бiрге «Правда» газетiне жөнелтiлдi.

Өмiрiнде бiрiншi рет поезға мiнген Жамбыл байтақ Отанды кесiп өтiп астанаға жүргенде дүниеге көзi жана ашылғандай болғанын әр заман аузынан тастамай кеттi.

Қазақ өнерiнiң өкiлдерiн Москва оркестрмен, қызыл жалау, жұпар ниетi гүлдермен қарсы алды, құттықтау сөздер, жылы достық әңгiмелер айтылды, әртүрлi сұрақтар қойылды. Сонда Жәкең кәрi, жастың, ер-әйелдiң лебiзiнен өзiнiң есiмiн естiгенде: «Апырау, осылар менi қайдан бiледi?» деп таң қалды вокзалда тұрып.

Оның тандануына жауап ретiнде алдына «Туған елiм» толғауымен суретi басылған «Правда» газетi жайылды. Сонда тұрып ол өзiне өзi: «Өлме ендi, Жамбыл!» дегенi бар. Осы заматтан бастап бұрынғы тау қойнауында жатқан дала акыны правдист (правдашыл акын) болды да кеттi. Баяғыда Байрон: «бiр таңда атақты боп ояндым» деген екен. Сондай-ақ Жамбылдың атағы «Правдадағы» бiр ғана жырымен бүкiл Одаққа әйгiлi болды. Бұл сирек кездесетiн оқиға.

1936 жылы он сегiзiншi май күнi Жамбыл шын ықласымен сұранып, В. И. Ленин мавзолейiне тағлым етiп шықты. Мавзолейден ақсақал үнсiз, ойлы, терең тебренiс күйiнде оралды. Сол күнi кешке толғаған жыры орыс тiлiне аударылып «Правдада» жарияланды. Бiрнеше күн өткен соң, Ленин тақырыбына қайта соғып, Жәкең данышпан көсем туралы тағы бiр жыр төктi.

Он күн бойы карт Жамбыл тыным таппай Москваны аралап, метроға түсiп, театрларда болып, астаналықтармен кездесiп, ылғи домбырамен жыр шертiп өттi. Осы тұста басқалармен бiрге Жамбыл да наградталып, оның Кремльде М. И. Калининнiң қолынан Еңбек Қызыл Ту



орденін аларда шығарған өлеңі орыс тіліне аударылып, ертеңінде Кремль залында барлық республика өкілдеріне оқылды.

Сөйтіп, бар болғаны он күн ішінде «Правда» мен «Известия» арқылы, радио арқылы қазақ ақыны Жамбылды күллі көп ұлтты Отанымыз, көп миллион халқымыз біліп алды. Біліп қана қойған жоқ, сүйіп оқитын болды, оның кезекті жырын тағатсыз күтетін халге жетті. Мұндай сүйікті ақынның өмірін қалың оқушының біле түскісі келуі, оның өлең-жырларын газеттен ғана емес, кітаптан оқығысы келуі әбден табиғи еді. Осы ықлас, талаппен тұс-тұстан хаттар, өтініштер төгілді — жасы, ұлты, кәсібі, жынысы әрқилы адамдардан түскен өтініштер... Бірақ ол тұста жазылған кітабы да, өмірбаяны да жоқ болатын. Қағаз бетіне түскен жырларының саны оннан аспайтын. Сондықтан 75 жыл ақындық құрған Жамбылдың шығармаларының есте қалғанын, ел аузында жүргенін жазып, жинап, жариялау, өмірбаянын жасау, орыс тіліне аудару — бірден-бір маңызды, кезек күттірмейтін міндет болды. Бұл міндет орыс ақыны Константин Алтайскийге жүктелді. Ол арнайы Алматыға келіп, жедел іске кірісті. Маған кітаптың бет ашары тапсырылды.

Мәселенің қиындығы-ақ: Жамбылдың хат танымауы еді. Сол себепті оның қасына хатшы қойып, тақырып беріп бұрын-соңғы жырларын жазып үлгіру бір қиындық келтірсе, жазып алғанды әдеби жөнге келтіріп, орысшаға аудару екінші қиындық туғызды. Қалай да даңқты ақынның тұңғыш кітабының шығуы бүкіл Одақ бойынша мәдени өмірдің үлкен оқиғасы боп табылды.

Ал ақынның өмірбаянының жасалуы да оңайға түскен жоқ. Тоқсан жылдық өмірді толық еске түсіру тіпті де мүмкін емес-ті. Әйткенмен Алтайский анкета жасап, 56 сұраққа жауап алғанда, ақын өмірінің кейбір елеулі кезеңдері көзге елестеді. Сөйтіп, Жамбылдың ең бірінші өмірбаяны пайда болды. «Ақын өмірі» деген атпен ол әуелі «Литературная газетада» жарияланды да, кейін мектеп хрестоматияларына енді. Бұдан кейін кімде-кім мақала жазсын мейлі, кітап жазсын мейлі — осы өмірбаянға соқпай өтпейтін болды...

...Жер, көкті қаптап түтеген ақ боран. Анадайда Жамбыл тауының нобойы көрінер-көрінбес. Түйелі көш сол тауды бөктерлей ызғып барады. Көштің соңынан ала қу-

ғыншыларға тосқауыл болу үшін аттылар шеп құрған. Бұлардың қашып келе жатқандары — Қоканның басқыншы озбырлары. Қашқын көште Ыстыбай баласы Жабай батыр бар, оның екі қабат әйелі Ұлдан бар. Ұлдан қоршау ішінде толғатып ұл туады. Боранда туған баланы жабағыға орап, Жамбыл тауының атын қояды. Бұл 1846 жылдың февраль айы еді.

Жамбылдың балалық шағы көшпелі ауылда, киіз үйде өтеді. Таяқ мініп, қозы бағады. Әкесі оқытпақ боп, молдаға берсе, оның шыбығына шыдамай қайсар бала қашып кетеді. Тентек бала аталуы да сондықтан.

Жамбылдың нағашы ағасы Қанадан кобыз да, домбыра да тартады екен. Жамбыл одан домбыра үйренеді. Бала кезінен-ақ домбырамен өлең шығара бастайды. Бірақ мұнысын әкесі ұнатпай, Жамбылдың өлеңші болуына тыйым салмақшы болып:

«Екейде елу баксы, сексен акын деген атақ аз боп жүр ме? Сексен бірінші боп қайтесің» дейді.

Бірақ әке тыйымын өлеңге деген құштарлық жеңбей қойған жоқ. Естіген өлең, жыр, дастан, ертегілерін қағып алатын зирек жас Жамбыл соның бәрін жадында сақтап, ауыл арасында домбырамен айтатын болады. Ара-кідік өз сөздерін де кірістіріп қояды. Сауатсыз болғанмен ауыз әдебиетін дәл танып, дұрыс бағалайтын сахара жұртшылығына құлақ асар жаналық айту ілуде біреудің ғана үлесіне тиетін іс. Жетісуға атағы әйгілі Сүйімбай ақынды бір көріп, батасын алу Жамбылдың жастайынан арман-мүддесі еді. Бір күні аулына Сүйімбай келіп Жамбылдың өнерін көрген соң тәнті болып, Жабайға «баланың бағын байлама» деп ақындық «кәсіпке» ұлықсат әпереді. Мұны Жабайдың беделді ағайыны Сарыбай да қостап: «баланың бетінен қақпа» дейді.

— Қадамың құтты болсын, балам! — дейді Сүйімбай. — Айтсаң өшпейтін өз сөзіңді айт! Айтқаның бірге емес мыңға жақсын. Тамағың жырламасын, жүрегің жырласын!

Жамбыл өз аулында жиырма жеті жасқа шейін тұрып, кейін ел кезіп кетеді. Оған бір себеп ақындық болса, екінші — сүйген қызынан еріксіз ажырауы еді. Алып қашып қосылған қызы Бұрымды елдің жуандары тартып алып шалға сатады да, күйінген Жамбыл домбырасын өңгеріп, Жетісу өңірін, Шу, Сыр бойын, қырғыз, өзбек жерлерін аралап кетеді.

Ақын атағы айтыста шығатыны белгілі. Шаршы топтың алдында белгілі бір ақынды жеңбей тұрып ешкім ақын деп танылмаған. Сондай-ақ Жамбылдың атағы да көп ақындармен айтысып жеңгеннен кейін әйгілі болады. Еңбекші бұхараның мүддесін көздеген Жамбыл өзімен пікірлес Майкот, Бахтыбай, Сары сықылды ақындармен жай ғана зілсіз қағысса, Құлмамбет, Сарыбас, Досмағамбет сықылды үстем тап жыршыларымен айтысқанда қырқысып, барлық уыт, зәрін төгіп, оларды қалай да әшкерелеп, жеңіп шығуға жан салғанын көреміз. Сондықтан да Жамбылдың аброй, даңқы осы айтыстарда асып, ақындық шеберлігі осы айтыстарда шыңдалады.

«Айтыстың арыстаны» аталған Жамбыл өткір, уытты жырлармен қатар кең тынысты ұзақ эпикалық туындылар шығарады. Халық эпосы мен ертегілерінің және тарихи жырлардың дәстүрінде ақын «Өтеген батыр», «Сұраншы батыр» сықылды белгілі поэмаларын жасайды. Бұл поэмаларда Жамбыл халық бақытын көксейді, халықтың жақсы өмір, құнарлы жер туралы асыл арманын жырлайды. Осы арманмен халқына бақыт, жер ұйық іздеп шығанға шығып, талай қиындықтарды жеңген Өтеген батырды мадақтайды. Өтеген өмірде болған адам. Ақын оның образын миф әдісімен жырлайды. Туған халқын шексіз сүйген Өтеген батырдың ерлік образы, фольклордан келген қиял ертегілерінің әсерлі бейнелері, айшықты өлең, лирикалық сарын, әсем бояулы тау-құз, өзен, даланың әдемі суреттері — Жамбыл поэмасының тамаша көркі сол.

«Сұраншы батыр» дастаны өмірде болған адамның іс-әрекетін реалистік жолмен суреттеген. Мұнда Қоқач хандығының озбырлығына қарсы күрескен Сұраншы батырдың өз образымен қатар оның орыс, қырғыз жолдас-тарының да образдары жасалып, халықтар достығы сезімі ақынның сүйекті шығармасына өзек етіп алынған.

Бірақ үлкен бір өкініш: Жамбылдың революциядан бұрынғы творчествосынан сақталғаны аз-кем-ақ. Неге десеңіз — ешкім оның өлең, жырларын жазбаған, тек халық жадында ғана бірсыпырасы сақталып, ауыздан ауызға көшіп келген. Әсіресе үлкен айтыс жырлары мен поэмаларын бізге жеткізген оның Кенен, Үмбетәлі, Саядыл, Өтеп сықылды ақын шәкірттері. Мысалы ақынның революцияға дейінгі «Өстепкеде», «Патша өмірі тарылды», «Зілді бұйрық», совет тұсындағы «Қазақстан тойы-

на», «Замана ағымы» сықылды жырлары бізге осылай жеткен. Жамбылдың өзі және оны жақсы білетін жұртың айтуына қарағанда, ел ішінде ертелі-кеш қандай елеулі оқиға болса, соның қай-қайсысына да халықшыл өжет ақынның тебрене үн қатпағаны жоқ сияқты.

Жамбыл қазақ жеріне келген орыс шаруаларына жылы қарап, аралас-құралас болғанмен, патшаның озбыр, паракор чиновниктеріне жаны қас болыпты.

1913 жылы Россияда және оның алыстағы отар түкпірлерінде Романовтар семьясының 300 жыл патшалық құрғанын тойлайды. Сонда ауыл-ауылдарға шабарман жаршылар жіберіп, ел ішіндегі ақын, палуан атаулының бәрін Верныйда (Алматыда) болатын үлкен жиын-тойға шақырады. Осы жиынға он бес ақынның басы болып алпыс алтыдағы Жамбыл да келеді. Бірақ басқалар патша жұрағатын мақтап, мадақтап жатқанда, Жамбыл оны өткір тілімен түйреп қайта мазақ етеді.

Ал үш жыл өткеннен кейін қазақ даласында атақты 1916 жылдың қарулы көтерілісі басталғанда, Жамбыл да халық күресінен сырт қалмай, өзінің кекке толы айбынды жырларымен халықтың жауынгерлік рухына дем береді. Сол үшін патша сақшылары қайсар ақынды түрмеге жабады.

Ұлы Октябрь Социалистік революциясы қазақ халқына бақыт таңын атқызбаса, Жамбылдың өмір жолы, ақындық дәурені осымен үзілген болар еді. Жетпіске келіп, жер қауып қалған «кәрі тарланның» қайтадан еңсесін көтерген сәулетті Совет заманы Жамбыл творчествосының жаңадан қайнар бұлақ көзін ашты. Ол өлең айтудан бұрын алдымен өзі жаңа өмір құрылысына жан сала араласып кетті. Алғашқы совет сайлауына, жер бөліс, кәмпеске, колхоздастыру науқанына белсене қатысып, Ерназар дейтін ауылда колхоз ұйымдасқанда, сексеннен асқан кәрілігіне қарамай, Жәкең колхозға бірінші боп кіреді.

Совет өкіметінің қазақ даласына енгізген жаңалықтары Жамбылдың ақындық шабытын қоздырып, дана жыршы сүйікті партиямыз бен ұлы көсем Ленин туралы, Советтік конституция мен халықтардың достығы, бауырмалдығы туралы, жұмысшылар мен шаруалардың қысыл армиясы туралы, әйелдердің азаттығы мен комсомол, пионер ұрпақтарының жайнаған жастығы туралы тамаша жырлар қоздатты.

Совет заманында жасаған отыз жылдың орайында, әсіресе соңғы тоғыз жыл ішінде жасы жүзге қарай ойысқан жыр атасы Жамбыл совет поэзиясының алдыңғы шебіне шықты да, оның керемет толғаулары СССР халықтары мен шетел тілдерінің көбіне аударылып, ақындар ақсақалының атағы жер жүзіне шарлап кетті.

Осы алғы сөздің авторының Жәкенмен жақын жүріп, жақсы білген кездері аз болған жоқ. Сондағы жаны жас, жайдары да қайратты, әзілкештігі мен аздаған кесірлік мінезі де бар дарынды ақынның жарқын адамгершілік бейнесі бүгінгідей көз алдында.

Жамбылмен етене араласқан тұсым — Кавказға барған жолы.

1937 жылғы декабрь айының басы еді. Алматыға жаңа ғана ақ мамық қар жауған. Ағаш бұтақтары аппақ тиін түктес үлпілдек көбік қарға оранып тамылжып тұр. Жел де жоқ, ешбір сыбдыр да жоқ. Астанада тұңғыш трамвай жүре бастаған. Оның дөңгелек салдырына тау жаңғырығы жауап береді. Бір күні Москвадан, СССР Жазушылар одағынан В. П. Ставский қол қойған телеграмма келді. Қазақ жазушылары делегациясын Тбилисиде болатын мереке мен СССР Жазушылар одағының пленумына шақырыпты. Мереке мен пленум Шота Руставелидің «Жолбарыс терісін жамылған батыр» атты поэмасының 750 жылдығына арналған. Телеграмма қазақ делегациясын Жамбыл басқарып келсін дегенді ашып айтыпты. Жол алыс. Тоқсандағы кісіні қалай апару керек? Мәселені өзіміз шеше алмай, Орталық Комитетке барып, Леон Исаевич Мирзоян жолдасқа кірдім. Леон Исаевич сәл ғана қабағын шытып:

— Қиын екен. Шалдың өзінен сұраңдар. Барғысы келсе, тоқтатпайық. Бірақ жолда бірдеңе болса, сендер жауап бересіңдер, — деді.

Ауылдағы Жамбылға машинамен Қалмақан Әбдіқадыровты жібердік. Сол күні кешке Жамбылды алып келді. Жәкен бармаймын деп отырып, ақыры жүруге көніпті. Бірақ шәкірті Кенен мен баласы Сатышты ертіп жүруді шарт етіпті. Шалдың шартын қабылдауға тура келді.

Делегация Тбилисиге поезбен Москва арқылы жүруге аттанды. Міне осы сапарда біз Жамбылды халықтың қалай қадірлейтінін көзімізбен көріп ғажап қалдық. Қала бас сайын, үлкен станция бас сайын жұрт сүйікті

ақының салтанатпен қарсы алып отырды. Қарсы алғандар қолдарына жалау ұстап, гүл ұстап, оркестрмен келіп, станция басында сөздер сөйленді, интервьюлар жазылды, бүкіл совет халқына ортақ қадірлі ақынның денсаулығын сұрасты. Комсомол жастар келіп, өздерінің іс-женісі жайлы рапорттар берсе, пионерлер сырнайлатып, барабандатып келіп, ақын атаны құттықтаумен, ардақтаумен болды. Мұндай кездесулер тек Қазақстан жерінде ғана емес, кең байтақ Россияның Орынбор, Куйбышев, Саратов қалаларында да болды. Ең ғажабы сол — Жамбылды осынша кең орыс жұртшылығы бас-аяғы бір жарым жылдың ішінде біліп алған. Осыған орай айта кету керек, сол бір-екі жыл Жамбыл творчествосының алабөтен жемісті кезеңі еді. Өйткені К. Алтайский мен П. Кузнецов сықылды орыс аудармашыларының осы тұста Жамбыл боратқан жырларды әзер-мәзер аударып үлгіргені әлі есімде.

Жолға шыққан күні Жәкеннің жүрегі лоблып, басы айналып мазасы кетіп қалды. Бәріміздің зәре-құтымыз қалмады. Жамбыл станциясында (онда ол Мирзоян деп аталатын-ды) бізді қарсы алуға колхозшылар келіпті. Ішінде Жәкенді таниғын шалдар да табылды. Олар даңқты жерлесіне бал татыған сары қымыз бен тоқтының бас салған уыз етін алып шығыпты. Халқының ықыласына қатты риза болған Жәкен бір заматта жайсыз күйінен айығып сала берді. Поезд Түлкібастан өткен тұста Жамбыл купеде оңаша қалды. Терезеден тау бөктерлеріне төне қарап отырған. Бір мезетте ол Тайыр Жароковты шақырып алып:

— Қайыр (Тайырды Жәкен, неге екенін білмеймін, Қайыр деуші еді және сонысы біртүрлі жылы естілетін еді), қағаз, қарындаш алшы. Жаза алар ма екенсің...— деді.

Мұнан бұрын Жамбылдың жырларын аз уақыт оның әдеби хатшылары болған Қасым Тоғызақов, Әбділда Тәжібаев, Ғали Орманов, Қалмақан Әбдікадыровтар жазып алып келген. Жазып алғанын олар Жәкеннің өзіне оқып беріп, ең соңғы өңдеу енгізетінін талай көргенмін. Бұл жолы да солай болды. Ақын домбырасын дымғырлатып отырды да жыр өлеңдерін төпей жөнелді. Тайырдың қарындашы да домбыра қаққан ақын саусағымен жарыса жанталасты. Көп ұзамай Жәкен жырын тоқтатып, домбырасын алып қойды. Тайыр жазғанын оқып

шықты. Автор тағы бір-екі сөз қосты. Бәріміз отырып жырдың атын қойдық: «Кавказға сәлем» болсын делінді. Мен табанда жолма-жол аудармасын жасадым. Павел Кузнецов орысша өлеңге айналдыруға кірісті.

Шымкент, Қызылорда, Ақтөбе қалаларында да тамаше кездесулер болды.

Оның бәрін еске түсіру қажет емес шығар. Орыс жеріндегі кездесуді айтсақ та жетер.

Поезд Орынборға түнде келді. Жамбылдан басқамыз ұйықтап қалыппыз. Түн ортасында бізді қарсы алады деген ой келмепті. Біз вагондағы шудан оянып кеттік. Біреулердің: «Жамбыл қайда?», «Ұйықтап жатқан жоқ па?» деген дауыстары естіледі.

Үстінде халат, басында тақия, Жәкең келгендердің алдынан шықты. Орынборлықтардың қоршауында тұрып ол:

— Балаларым-ау, түн ішінде несіне әуре болдыңдар? — деді.

— Сіздің әуреніз біздікінен үлкен ғой,— деді тыңдаушының біреуі,— сіз біздің балаларымыз үшін «Бесік жырын» айтыпсыз. «Известиядан» оқып, жаттап та алдық.— Бәрі де қарт ақынға көп-көп жылы сөздер айтып жатыр.

Москвада «Националь» атты қонақ үйіне тоқтадық. Осы арада мынадай бір көріністі еске ала кетейік. Қонақ үйінің сыртқы есігінен кіре бергенімізде, үлкен залдың төр жағында жас қыз тұрған. Сары шаш, көгілдір көз талдырмаш қыз бала жүгіріп келіп Жамбылдың бетінен сүйіп былай деді:

— Мен сіздің бір өлеңіңізді де жібермей оқимын. Көбін жатқа білемін. Мысалы, «Пушкин туралы жыр» мен «Бесік жырын» жанымдай жақсы көремін...

Шай ішкеннен кейін жатып едік. Ұйықтап кеткен екенбіз. Телефон шыр ете қалды. Сағат төрт болыпты (Алматы уақыты бойынша сағат жеті). Трубканы көтерсем, Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінің бірінші секретары Мирзоян екен. Жамбылдың қалай жеткенін, денсаулығын сұрады. Мен бәрі жақсы екенін айттым. Мирзоян: «Жамбылды Москвадан қайтарыңдар, біреуің ертіп әкеліндер, ұзақ жолды қарт адам көтере алмай, ауыртып аларсыңдар» деді. Оянып кеткен Жамбылға Леон Исаевичтың не дегенін айтып едім, Жәкең жұлып алғандай:

— Мырзажанға айтқын. Мен бір шыққан соң жарты жолдан қайтатын катын емеспін. Қайтпаймын! — деді шытынып.

Шалдың намыстанып айтқан сөзін естіп, Леон Исачевич ха-хақалап күлді де:

— Барсын олай болса,— деді.

Содан кейін:

— Ал бірдене болса, Сіздер жауап бересіздер,— деді тағы да. Келесі күні Тбилисиге жүріп кеттік. Поезд үстінде Кавказ туралы, Грузия туралы, Шота Руставели туралы, осы Кавказға бір кезде жер ауып келген Пушкин мен Лермонтов туралы, Қазақстан жеріне айдалып келген Тарас Шевченко туралы әңгіме болды. Бұл әңгімені, ақынның жаңа жырына тақырып беру мақсатымен, әдейі қозғап отырған Тайыр екеуміз. Соңында мен Жәкеңе:

— Тбилисиде, үлкен жиылыста домбырамен бірдене дейсіз ғой,— дедім.

— Жоқ! — деді шал үзілді-кесілді.— Оқыған өздерің сөйлей беріңдер.

Кейде онын өстіп кесір сөйлеп, қиқарланып қалатынын білетінбіз. Әйткенмен сескеніп қалдық: алыстан әдейі келіп тұрып, атақты Жамбыл бір ауыз сөз айтпай қойса қайтеміз?..

Тбилисиге поезд екі сағат кешігіп келді. Жаңбыр жауып тұр. Әйткенмен перронда Жамбылды күтіп тұрғандар тым көп екен. Барабанымен, гүлдерімен күткен бір топ пионерлер, аппараттарымен ерсілі-қарсылы жүгіріскен фотографтар, журналистер, кинооператорлар. Бұдан бір күн бұрын ашылған Жазушылар одағы правленісінің пленумы Жамбылды қарсы алу үшін мәжілісіне үзіліс жасап, вокзалға көп жазушылар келіпті. Ішінде мен танытындардан: Демьян Бедный, Владимир Ставский, Янка Купала, Павло Тычина, Георгий Леонидзе, Семен Чиковани бар.

Вокзалдағы депутаттар бөлмесіне 4—5 минут дем алдырып, Жамбылмен амандасып болғаннан кейін он шақты машина «Ориенталь» дейтін қонақ үйіне тартты. Мұнда Жамбылды бес бөлмесі бар үкімет номеріне түсірді. Жәкеңмен бірге біз бесеуміз де сонда орналастық. Кішкене отырып, жүрер алдында Ставский Жамбылдың ертең пленумда сөйлейтінін хабарлады. Бұған да шал қиқарланыңқырап:



— Не деймін мен онда келмей жатып? Сөйлегіштер бар ғой,— деді. Бірақ бұл сөзді мен орысшаламадым. «Шаршағанын айтады» дей салдым. Ішімнен енді шын қысыла бастадым. Шал қырсығып расында сөйлемей қойса не қылмақпыз деп бүкіл делегация болып абыр-жыдық.

Жамбыл пленумның президиумына шыға келгенде, күллі зал тік тұрып құрмет көрсетті. Грузиннің ақын қызы:

— Бүкіл Одақтың бұлбұлы — ұлы Жамбыл ақын жасасын! — деп дауыстап жіберді.

Пленум мәжілісін басқарып отырған Всеволод Вишневский Жамбылға сөз берді. Домбырасын қабынан шығарып, қолына ұстата қойдым. Қыңыр шал қырсығып сөйлемей қойса не бетімізді айтамыз деп жанымыз тырнақ ұшында. Байқасам, алдыңғы қатарда блокноты мен қарындашын әзірлеп отырған Тайырдың қолы дір-дір етеді.

Ақын домбырасын қолға алған кезде зал іші тына қалды... Әуелі тамағын кенеп, қанатын қомданған қырандай аз-кем құнжындап, екі иығын бүлкілдетіп, домбырасын қағып алды. Сонан соң сөзсіз үнін созып бір қайырды да, нөсер жаңбыр секілді сөз бұршағын төге жөнелді. Қарасам, Жәкеннің бүйрек бетіне күреңітіп қан жүгіріп, мандайына шып-шып тер шығып тұр екен. Ақынның саусағымен бірге жауырыны да ойнақшып, жыр тасқынын барған сайын үдете түсті. Қарт дүлділдің талай шабысын көріп едім, бірақ бұл секілді шабытпен, бұл секілді құшырлана да құлшына сілтегенін көруім бірінші рет. Түйдек-түйдек түскен теңеу мен образдар үсті-үстіне төпеген арынды өлең шумақтары басқа түгіл біздің өзімізді таң қалдырды. Бір замат алда отырған Кенен мен Тайырға көзім түсіп кетіп еді — екеуінің де көзінен жас ағып отыр екен. Жолда айтылған әңгімелер бекер кетпепті. Көбін іліп, көбін ұғып қалыпты сақ құлақ жыршы. Көз алдымызда Асан қайғыдан бастап, грузинның Шота Руставелиі, украинның Тарас Шевченкосы, орыстың Пушкині — бәрі бір қатарда тізбектеліп, керемет жыр желісін тартып, ұрпақтардың мираскерлігін, халықтардың өшпес даналығын, өзара достығын, адамзаттың мәңгі өлмес өмірін ақындық образдармен дәлелдеген тамаша туынды пайда болды.

«Өмір жыры» деп аталған бұл өлеңінің басталар жеріндегі:

Еске алсам ертегідей ертені өткен,  
Талай жан жүрегінің жырын төккен,  
Еніреп ен даладан бақыт іздеп,  
Таба алмай, ансап Асан қайғы да өткен  
Құландай кактан безген қорқып қанғып,  
Кездеспей көрден басқа ол да кеткен.

деген шумағы әлі есімде.

Бұл туысқан елдердің Шота, Пушкин, Шевченко сықылды даналары туралы толғау алдында логикалық кіріспе, ақындық кілт іспетті айтқаны еді ақынның. Қазақтың Асан қайғы, Қорқытының тағдыры мен грузин, орыс, украин ақындарының тағдырынан Жамбыл тарихи ұқсастық таба сөйлеуі қазақ ақынның барлық халыққа жақындата түсті. Жамбылды бүкіл ұлт жазушылары мен оқушыларының шын жүрегімен қарсы алып, құрмет көрсетуінің негізгі бір себебі осы болу керек.

Жыр аяқталған кезде, тыңдаған жұрт бірнеше минут тырп етпей тынып қалды. Қазақша түсінетіндер жаңа туған жалынды жырдың көркемдігімен бірге мазмұнына да мәз-майрам болса, қазақша түсінбейтін сөз шеберлері жыр текстінің әсем музыкасын, лек-легімен ағытылған толқынды өлең шумақтарының ырғағын, халық поэзиясының асқақ патетикасын сезіп сүйсінді. Қалың қауым бұл жолы халық ақынының орысшаға аударылған дайын жырды оқып қана тәнті болған жоқ. Алдымен сол жырдың қазақ тілінде туу процесін көріп таң-тамаша әсерге бөленді.

Осы әсерге ұйып құлаққа ұрған танадай, бір мезет тынған тыңдаушылар ду қол шапалақтап, залды басына көтерді, айқай ұран, құттықтауларға айналды.

Вишневский келіп Жамбылды құшақтай алды.

— Міне, данышпан шал! — деді Ставский.

— Ақындардың әкесі ғой! — деді Николай Тихонов. Сондағы әсерін Н. Тихонов көп жыл өткен соң еске алып, Жамбыл туралы «Ақындардың атасы» деген мақала жазғаны мәлім.

Осы әсерді президиумда тік тұрып тыңдаған Микола Бажан, Янка Купала, Георгий Табидзе де қоштап тұрды. Пленумда туып, «Өмір жыры» деп аталған Жамбыл жыры Тайырдың жазып алып, Павел Кузнецовтың аударуымен орыс тілінде келесі күні Тбилиси еңбекшіле-

рінің салтанатты мәжілісінде оқылды. Грузия астанасы Қазақстан жыршысын тік тұрып овациямен қошемет көрсетті. Бір күні Гори қаласына барып қайтпақшы болып вокзалға келдік. Әлденендей себеппен поезға бірер секунд кешігіп қалыппыз. Поезд жылжып жүріп барады. Соңғы вагондағы кондуктор жүгірген Жамбылды танып, өз жауапкершілігімен поезды тоқтатты да бәріміз де үлгіріп кеттік. Мұның өзі қарапайым адамдардың алыстан келген қазақ ақынын қаншалықты қастерлеп қадірлейтінінің айғағы еді.

Грузияға бару сапары Жамбыл творчествосы үшін жемісті сапар болып табылды. Жолда, атақты қалалардан (Орынбор, Чапаевск, Махачқала, Дондағы-Ростовтан) өткен тұстарда, Москвада болған күндерде туған жырлар «Путешествие на Кавказ» деген атпен 1938 жылы Москвада кітап болып жарияланды.

Жамбылдың Грузия сапарына байланысты жырларының қалай пайда болғаны туралы мұншама көп сөз етудегі мақсат мынадай бір түйткіл сұраққа жауап беру: көп адамдар Жамбылды жақын білмей тұрып, сырттай тон пішіп, күдік айтатыны бар. Сауаты жоқ қарт ақын мұның бәрін қалай біле береді, заманның күрделі мәселелеріне қалайша үн қоса алады — басқа біреулер жазып бермей ме екен дейді олар. Басқа кездері өз алдына, Жамбылдың осы бір сапарда туған жырларының қалай туған жағдайын көрген кісінде әлгідей күдік болмас еді. Біз өз көзімізбен көрдік. Жамбыл ештеңені оқып білген емес, естіп, тыңдап білген. Естігенін, тыңдағанын жадына жазып алып қалатын ғажап қаблеті бар еді. Таңтамаша қалатын қаблеті бар еді. Таңтамаша қалатын қаблет! Ал бірақ мәселенің байыбына барсақ, осының өзінде белгілі заңдылық бар. Бұл, арғы жағын айтпайақ, баяғы Бұхар жыраудан бастап, осы заманның Жамбылына дейін талай-талай саққұлақ, зар жақ, сұңғыла ақындарының бәріне тән қасиет. Олар айнала дүниеден оқып хабар алмаса да, ұзынқұлақтан естігенін яки өз құлағымен тыңдағанын жазатайым жібермей қағып алатын айрықша талант иелері болған. Ұлы думан айтыстарда әйгілі ақындардың екі жақтағы ел өмірін керемет білгендігіне қазір де таң қаласыз. Айнала дүниені томағасын алған қыран қырағы көзімен қандай тез шолса, ақын да әлем дүниесін сақ құлағымен естіп білген. Осы дәстүрмен тәрбиеленген ерекше талант иесі Жамбылға

белгілі бір тақырыпқа түсінік берсе жеткілікті: айтқаныңды қағып алады да, арғы жағын өзі-ақ қиялымен қазбалап, тереңдетіп алып кетеді. Дарынды қазақ ақындарының осы бір ежелгі дәстүрлі қасиетін білген адамға Жамбылдың ұғымталдығы күдіктендірмейтін заңды қасиет болуға тиіс.

Жоғарыда айтқанымыздай, сол жылы май айында Алматыда Жамбылдың ақындық құрғанына 75 жыл толғанын атаған айрықша юбилей өтті. Мұндай юбилей әдебиет тарихында бірінші болса керек. Тойға Совет елінің көп жерлерінен өкілдер келді. Соның ішінде Жамбылмен Тбилисиде танысып, достасқан украин ақындары Павло Тычина мен Микола Бажан да бар.

Даңқты жыршының атына тұс-тұстан телеграммалар жауды. Вешенская станциясынан Михаил Шолохов:

«Сіздің құдіретті талантыңызға бағыныш етіп, Сіздің жырларыңыздан тапқан қуанышым үшін барлық жүрегіммен алғыс айтамын. Сізге перзенттік ыстық сәлемімді жолдап, деніңіздің сау, көңіліңіздің шат, күш-қуатыңыз мол болуын тілеймін» деген телеграммасында. Сондай-ақ Берлиннен Иоганнес Бехер: «Неміс жазушылары шын жүректен құттықтап, ыстық сәлем жолдайды» деген.

Парижден жоғарыда айтылған Ромен Ролланның телеграммасы келді.

Ал Қазақстанның өз ішіне келсек, мұнда Жамбыл тойы бүкіл халықтық мерекеге айналды. Тойға республиканың барлық жерінен ақындар қатысып, әрқайсысы ұлы ақсақалға өз жырларын әкеп сыйлыққа тартты.

Көп ұлтты, көп тілді Ұлы Отанымыз тоқсандағы жыршысының жаз күніндей жайнап құлпырған екінші жастық шағын көріп шат-шадыман сезімге бөленді.

Ат үстінде жігіт, өт басында байсалды отағасы, ақындар ортасында ұстаз, адамға жақын, қарапайым, сөзге тапқыр да өткір жыр бұлағы Жамбыл кімді болса да тәнті қылып, таң қалдыратын еді. Оны Тбилисиде көрген Симон Чиковани мынадай телеграмма жіберіпті: «Жасасын халықтың данышпаны, данасы, совет поэзиясының мақтаны, біздің ұлы заманымыздың, Ұлы Отанымыздың жыршысы мәңгі жас Жамбыл... Күн бейнелі Руставелидің Отанынан гүлденген қазақ елінің ақынына жалынды сәлем».

Жалпы совет халқының сүйіктісі болған Жәкең бейбітшілік жылдары Социалистік Отанымызды, халықтар

достығын жырлап өтті. Ал Ұлы Отан соғысының өрті лап еткен тұста дарқан ақынның музасы қаһарлы рух алып, совет азаматтарын ерлікке, күреске шақырды, фашист басқыншыларының арам ниетін әлем алдында әшкерелеуге бағышталды. Жамбылдың сүйікті ұлы Алғадай майданда ерлікпен қаза тапты. Өзінің қайғыдан туған мұнды өлеңінде де Жамбыл ұлы шайқастың қасиетті мән-мағнасын терең ұғынып, жауды жеңбей тынбауды насихаттайды, ал жеңу жөнінде дана жыршының сенімі таудай, оған зәрдей күмәні жоқ.

Оның соғыс тұсындағы жырлары дұшпанға қарсы жұмсалған сұмдық қаһарлы құрал болды. Жүздеген әскери бөлімшелерден, әскери аэродромдар мен корабльдерден Жамбылға совет жауынгерлері ағыл-тегіл хаттар жіберіп, ақын жырларының жауға автоматтан, танкіден, «катушадан» бір де кейін тимейтінін жазысты. Жамбылдың «Ленинградтық өрендерім» атты атақты жыры плакатқа жазылып, қоршауда қалған Ленинградтың дуалдарына ілініп, ленинградтықтарға керемет әсер жасағанын, оларға күш-қуат, рух бергенін көп майданшы жазушылар есіне алысады. «Жамбыл Ленинградқа келіп, қаланың қорғаушыларының қатарына тұрғандай болды,— деп жазды Н. Тихонов «Литературная газетада». — Ол ленинградтықтарды өз ұлдарым деп бауырына басты. Ақын бойында лап беріп лаулаған ұлы әкелік сезіммен біз совет халықтарының туысқандығы дегенің не екенін қиналған жанымызбен нақты сезіндік. Сол күні әрбір ленинградтықтың үйінде Жамбылдың үні естіліп тұрды. Радио оның өлеңін майданға жеткізді».

«Правда» газетінде Всеволод Вишневский «Ленинградтық өрендерімнің» әсері туралы былай деп жазды: «Бұл жолдауды біз көз жасынсыз, қуанышты тебреніссіз оқи алмадық. Бұл хаттың құндылығын біз күшті резерв келіп жеткенге барабар бағаладық. Қазақстан халқы бізге өзінің туысқандық сәлемін, махаббатын және достық сезімін жіберді де, біз қуатымыз екі есе асып, ұрысқа кеттік».

Өнер туындыларына мемлекеттік сыйлық беріле бастаған тұста, Жамбыл бұл сыйлыққа Қазақстанда алдымен ие болды. Үкімет қаулысында қарт ақынға сыйлық «Әмбеге аян жырлары үшін» берілді делінген.

Шынында «Ленинградтық өрендерім» Жәкеңнің «Әмбеге аян жырларының» маңдай алдысы еді. Бұл жырын-

да бүкіл Социалистік Отанның жаршысы Жамбыл ақын ел басына қатер туған шаққа дәуір биігінен үн қатып, күллі совет халқының ұлы күшіне, ер ұлдарына сенім қанатын байлағандай еді:

Барлық елім, бар ерім  
Қаптады, қаптайд қалмастан!  
Қуаты өткір алмастан,  
Талқандайды қоймастан  
Фашист иттің қалғанын!  
Таба алмастан баспана  
Көрерміз сонда доңыздың  
Онда өртеніп жанғанын.

Ұлы шайқаста совет халқының жеңетіндігіне шексіз сеніп, жіті көрегендікпен толғаған Жамбыл жырлары совет жауынгерлерінің жүрегіне таусылмас жігер қосып, қарт ақынның даңқын көкке көтерді. «Ленинградтық өрендерім» көркемдік ерекшелігі жөніне халық поэзиясының эпикалық кең тынысты дәстүрі мен философиялық және патетикалық толғау тереңдігін жалын атқан патриоттық идея арқылы ұштастырған Жамбыл талантының шарықтау шегін танытты.

Соғыстың қиын-қыстау жылдарында Жәкен:

— Жеңісті көзіммен көрмей өлмеймін,— дейді екен.

Айтқанындай, дана ақын жеңісті көріп өлді. Ол 1945 жылы 22 июнь күні дүние салды.

Қазақстан Коммунистік Партиясының Орталық Комитеті, Қазақ республикасының үкіметі Жамбылдың қайтыс болғанын хабарлағанда, оны «халық поэзиясының алыбы, ХХ ғасырдың Гомері» деп атаған.

Жамбыл қазасының жаңғырығы дүние жүзінің түкпір-түкпіріне жетті. Ақын табытын Алматыдан туған ауылына алып жүргенде, ағылған жұрт жетпіс шақырым жолда бір де үзілген жоқ. Күміс күмбезді мавзолейдің ішіне қойылған Жамбылдың бейітіне, қасындағы мүзейіне осы күнге дейін зиярат етушілер бір тынбайды.

Алайда Жамбылдың тірлігі мен даңқы оның өлмес жырларында, оны сүйіп оқитын халқының бақытында. Жамбыл шығармалары СССР халықтарымен қатар, шетел тілдеріне де аударылып, ақын даңқын әлемге әйгілі етті. Бұрын қазақ елінен хабары жоқ көп елдер қазақ халқын Жамбыл арқылы білген фактылар белгілі. Мұны біз Ташкенде болған Азия, Африка елдерінің жазушылары конференциясы болған тұста, Польшаның халық

республикасына барған жолы құлағымызбен естіп, көзімізбен көрдік. Варшава университетінде поляк студентінің «Жамбылды туған халықтың эпикалық және даналық тұлғасы көрмесем де көз алдыма келеді» деген сөзі әлі есімде.

Жамбыл есімі Қазақстанның бір облысы, екі ауданына, Қазақстанның мемлекеттік филармониясына, Алматының үлкен бір көшесіне, сондай-ақ колхоздарға, мектептерге, өндірістерге, пароходқа қойылған. Жамбыл қаласының алаңында ақынға ескерткіш орнатылған. Жамбыл образы полотнода, ағашта, бронза мен мраморда бейнеленуде. Кілемшілер ақын бейнесін салып, кілем тоқиды. Жамбыл туралы талай кітап жазылды, көркем фильм жасалды. «Жамбылдай боп», «Жамбылдың жасын берсін!» деген бата, тілек сөзді әрбір семьяда кездестіруге болады.

Мұның бәрі қазақтың ұлы халық ақынының дүниежүзілік өшпес даңқының айғағы. Ал ақын даңқы — халық даңқы. Жамбылды туған да, өсірген де, атақ-даңқын көтерген де оның халқы, халықтың ғасырлар бойы қалыптасқан поэзиясы. Екінші жағынан — халқының да атақ-даңқын көтерген оның дарынды дана перзенті Жамбыл. Міне осы үшін де біз Жамбыл есімін мақтан етуге тиіспіз. Ол туған қазақ халқының екі ғасырын, екі заманын, екі түрлі тағдырын көріп, өткендегі қайғы-қасретіне де, кейінгі қуаныш, шаттығына да ортақ болды. Өткен заман ақын талантын тұншықтырып, ақын арманын аяққа басса, сәулетті совет заманы ақын талантын шарықтатып шырқау биігіне шығарды. Профессионал әдебиеттің емес, коммунистік идеямен жаңарған, жаңғырған халық поэзиясының биігіне! Бұл екі биіктің ара-жігін ажыратпауға болмайды. Рас, бүгінгі қарыштап өскен кемелді жазба әдебиетімен өз дәстүрін өрбітіп келе жатқан халық поэзиясының арасында адам аспас асуда жоқ, — бұл екі арна бір-біріне ара-кідік құйылып, қанаттас дамып отыратын ағымдар. Әйткенмен екеуінің де өзді-өзінің даму заңдылықтары бар екені даусыз.

Жамбыл халқымыздың советтік өрлеу дәуірінде шалқып өскен көркем өнерінің барлық саласының бір-біріне ықпал, әсер жасап отырып ұшан-теңіз дамыған процесінің жарқ етіп танылған ғажап құбылысының бірі. Мұны басқа құбылыстармен шатастыруға да, басқа құбылыстарға қарсы қоюға да жарамайды. Жамбыл өз басы екі

заманның куәсі болды десек, Жамбыл творчествосы, тұтас алғанда, халық поэзиясының екі замандағы өшпес ескерткіші, зәулім белгісі. Оны дұшпаны да кеміте алмаса керек. Ал біздің жазушы-ақындардың ортасында Жамбылға осы рольді қимайтындар жоқ емес. Олар әртүрлі менсінбеушілік білдіріп, мін таққансып қалай да Жамбыл есіміне, Жамбыл даңқына нұқсан келтірмекші болады. Сондағысы: сауатсыз еді, хатшылары мен аудармашылары көп көмектесіпті, өлеңдерін тапсырма бойынша шығарыпты, көп шығармаларында Сталинді дәріптеген т. т. деседі. Сырттай осы айтқанның бәрінде де растық бар: Совет өкіметі орнағанда жетпістен асқан шал оқи алған жоқ, хатшылардың сауатсыз ақынға елімізде және жер жүзінде болып жатқан оқиғаларды ұғындырып, ой салып отыруы қажет болды. Бұрынғы халық ақындарының дәстүрімен суырып салып айтқан жырларды қырнап, әдеби өңдеу де табиғи көмек еді, ал Отаны мен халқын шексіз сүйген ақын осы сөзін халықты бақытқа бастаған коммунистік партияға, оның сол кездегі беделді басшысына арнаса, онда да табиғи заңдылық бар.

Қалай дегенде де халық ортасынан жарып шығып, жүз жыл жасаған дарынды ақынның қашан да өз ортасынан қол үзбей, оның биік арманын, мұң-мүддесін талантты жырлауы, түнекте жарық, жарықта жаршы бола алуы анық. Мұны ешкім кеміте алмайды. Оның үстіне туған халқының ғасырлар бойы қалыптасқан ауыз әдебиетінің азаматтық дәстүрін, поэтикалық тіл байлығын социалистік жаңа заман идеалына сай сәтті пайдаланып дамыта да жаңарта түсіп, жаңа мазмұнды, жаңа сапалы патетикалық жырлар туғызуы және сол түрі ұлттық, мазмұны социалистік жырлардың басқа тілдерге аударылғанда барлық халықтардың көкейіне қонып, жүрек отын тұтатуы — Жамбылдың ұлт мәдениетіне қосқан ұлы үлесі, сіңірген өшпес еңбегі. Жамбыл даңқының дүниежүзілік өріс алу сыры да осында.

Әрбір өнер иесі өз даңқын, халық даңқын бүгінгі адам баласы алдында Жамбылдай, Әуезовтей жая алса, ана сүтін, халық қарызын одан артық ақтау болмайды.

Алексей Толстой сөзімен түйсек, «Жамбылдың қайта тууы — ауыз әдебиеті қайта тууының бейнесі».



## ЖАРТЫ ҒАСЫРДЫҢ ШЕЖІРЕСІ

Бес бұрышты жарық жұлдыз... Совет Одағының мемлекеттік гербінде жайнап тұрған да, Кремльдің бес мұнарасында ұшқынын ататын рубина да, асқан ерлік үшін берілетін орден де, буденовка мен пилоткада да жарқыраған сол жұлдыз. Қазақ совет әдебиетінің негізін қалаушыларды ойлағанымда менің көз алдыма осы бес бұрышты жұлдыз нұр шашып шыға келеді. Олардың саны да, Маяковский айтқандай, әрі жақсы әр алуан, бесеу еді: Сейфуллин, Жансүгіров, Майлин, Әуезов... бесінші — Сәбит Мұқанов. Ол — жиырмасыншы ғасырдың құрдасы, адам баласының жаңа заманасының Октябрьде жарқырап атқан таңында ол әдебиетке алғаш қадам басқан болатын.

Жалғыз тамшыға жалпақ дүниенің сәулесі түсетіні тәрізді, Сәбит Мұқановтың творчествосынан да совет әдебиетінің ең басты қасиеттері, оның жетістіктері мен кемшіліктері, идеялары мен өзіндік сипаты, ашық бояулары мен өрнек құбылыстары айқын көрінді.

Қазақ совет әдебиетінің негізін салған алғашқы қарлығаштарымыз тәрізді Сәбит Мұқанов та әдебиеттің барлық жанры бойынша өндіре қимылдап, жемісті еңбек етті.

Очерк, әңгіме, повесть, роман, мемуар, өлең-поэма, сын мақалалар, зерттеу еңбектері, пьеса, киносценарий, фелъетон — осының бәрі де Мұқанов творчествосынан табылады, оның туған әдебиеттегі туындыларына баға беру үшін, көлемді монографиялық шығарма керек болар еді.

Бұл мақалада бір ғана еңбегіне — таяуда ғана аяқталған «Өмір мектебі» трилогиясына тоқталғым келеді.

Сәбиттің әдебиетке бұрынырақ келген аға қаламдас-

тары Сейфуллин, Майлин, Жансүгіров ауыл учительдері еді; онымен үзегілес Әуезов те учитель болды.

Байдың жалшысынан туған Мұқанов балалық, жеткіншектік шағында, тіпті жігіттік шағының бас кезінде де шала сауатты болды. Бірақ ол кішкентайынан ақындығымен, зейінінің алғырлығымен көзге түсті, халық поэзиясын жанындай жақсы көрді.

Жетімдіктің ауыр тақсиреті, дала кезген күндері, каршадайынан «Бақыршы бала» атанып, «кісі есігін» паналауы оны өмір тәжірибесімен молықтырды, мұның өзі оның ұзақ жылдар бойына талмай ұмтылған творчестволық жолына азық болды, сарқылмас асыл қазынасына айналды.

Орта ғасырлық қара түнектен, рулық-патриархалдық дәуірден, капитализмге соқпай, социализмнің кең өрісіне бір-ақ шыққан өзінің туған халқы тәрізді, Сәбит Мұқанов та аш-жалаңаш жүріп білім алып, жолында кездескен қиындықтардың бәрін жеңіп, ең алдымен мәдениетсіздіктің тар тұсауын үзіп тастап, философия, әдебиет пен өнер саласындағы білімдердің мол қорын игеріп, мешеу жалшыдан осы заманғы гуманист жазушы дәрежесіне көтерілді.

Бақташы, жалшы баласының бірден рабфак тындаушысы, қызыл профессура институтының студенті, ал содан кейін жазушы болып шығуы оңайға түскен жоқ. Өзінің ұстазы, ақыл тұтар ағасы, ең жақын жолдасы Сәкен Сейфуллин тәрізді, Сәбит Мұқанов та советтік құрылыс, большевизм жолындағы күрескер, советтік қазақ поэзиясын бастаушылардың, советтік қазақ прозасының негізін қалаушылардың бірі болды.

Оның саяси лирикасын былай қойғанда, «Батырақ», «Октябрь өткелдері» атты алғашқы поэмалары да революциялық жігер-қуатқа, байларға деген ыза мен кекке толы, еңбекші халықтың қолы жеткен жеңісіне деген қуаныш, шаттыққа толы болатын.

Кеше ғана батырақ болған адамның шығармаларында, әрине, көркемдік кем-кетіктер кездескені рас, сол кезге тән белгілі кемшіліктер — ұраншылдық, қарадүрсінділік, схематизм, «тұра шап, тура тарт» жайлар оның басында да бар еді.

Мұның өзі әдеби үйреністің алғашқы сатыларындағы профессионалдык шеберліктің болмауынан туған табиғи салдар еді.

Бірақ Мұқановтың бойына біткен қайтпас қажыр, тайсалмас табандылық, әдебиет майданының жауынгері болсам деген жалынды құштарлық тыным таппады. Ол советтік дәуіріміздің алғашқы жылдарының өзінде-ақ қаламын винтовкаға теңестірген тұңғыш қазақтардың бірі болды.

Дүниені түсінуге, білімге құштарлық, оқуға деген романтикалық ынта, коммунизм орнатып жатқан халықтың дабылшысы, жаршысы болсам деген толассыз ұмтылыс Мұқановтың бүкіл арман-ойын билеп алды да, ол күнітүні тынымсыз еңбек етті. 1928 жылы оның «Сұлушаш» атты көлемді поэмасы жарық көрді. Поэmanın негізіне Сұлушаш пен Алтай туралы ертедегі хикая алынғанымен, жас ақын қазақтың өмір шындығындағы ең маңызды, ең өткір мәселе — әйелдерді күндіктен азат ету тақырыбын көтерді.

«Поэма тақырыбы бүгінгі заманымыздан әлдеқайда бұрынғы жайларды қамтиды,— дейді С. Мұқанов «Сұлушаштың» орысша аудармасына жазған алғы сөзінде.— Социалистік Қазақстанның қыздары қалың мал дәуіріндегі дәрежесінен әлдеқайда ілгерілеп, биіктеп кетті. Олар емін-еркін жаңа өмірді өз қолдарымен орнатып жатыр, олардың қай-қайсысы да тағдыры жағынан Сұлушашқа мүлде ұқсамайды. Солай бола тұрса да, бүкіл адамзат тарихында өзінше біртұтас дәуір болып табылатын он сегіз жылдан әрідегі өткен заман әйелдерінің теңсіздік пен күндіктегі тұрмысын білу оқушы қауымға онша қызғылықсыз болмас деп ойлаймын».

Өткеніне онша көп болмаған осы бір дәуір көріністерін көркем суреттей отырып, Мұқанов ескіліктің сарқыншақтарына қарсы, қайта туған Қазақстанның жаңа мораль, жаңа тұрмысы үшін күресті. Бірақ теңсіздік пен әдет-ғұрып шырмауында, айуандық, зұлымдықтың тепкісінде өткен кешегі күннің сүреңсіз сиқын кеңінен суреттей отырып, ол өзінің азат болған отандастарына нұр жайнайтын адам бақыты жайлы жыр шертті.

Арулар айтқан сөзді қабыл алды,  
Бөлініп бір тасалы жерге барды.  
Қайсар да оларменен бірге кетіп,  
Сұлушаш Алтайменен бірге қалды.

Екеуі сол арада құшақтасты,  
Жамылып үстеріне жасыл талды.

Үстінен қошаметтеп ұшты акку,  
«Қайырлы болсын!» айтып шырқап әнді.

Бұлардан басқа сүйген көе жүректі  
Жалғыз-ақ киядағы күн біледі.  
Жүректің жалындарын басып енді,  
Екеуі құшақтасып жүре берді.

Сұлушаш пен Алтайдың зұлмат дүниенің өзінде күнгірт тартпаған асыл арманы қиял аспанындағы бақ жұлдызы қазақ даласында орнаған советтік құрылыс тұсында ұсынсаң қол жететін нақты шындық болғанын ақын ерекше шабытпен еске салып отырады.

«Сұлушаш» поэмасы озбырлықтың, тас бауыр зұлымдықтың, ақсүйектік-рушылдық әдет-ғұрып пен шарифаттың құрбаны болған Сұлушаш пен Алтай басындағы қайғы-қасірет қана емес, ол махаббат гимні, достық пен адалдықтың, ізгілік пен ер көңіл, жалын атқан жүректің жыры, бұл қасиеттер социалистік қоғамда нормаға айналды. Мұқановтың өзі де барлық коммунистермен бірге осындай өмір үшін күресті.

1929 жылы С. Мұқановтың «Адасқандар» (орысша аудармасында «Сын бая») романы басылып шықты. Оның прозалық бұл шығармасына өмірде шын болған оқиғалар арқау етіп алынды.

Бай баласы Бүркіт пен оның сүйетін қызы Бәтес ауылдан оқуға аттанады да, жігіт Ташкентке, қыз Қызылордаға барады.

Бүркіт Ташкентте оқып жүрген кезінде, оның бұрынғы жерлес досы Мұстафа Бәтеске үйленіп қояды. Осыны естіген Бүркіт Қызылордаға келеді де, ашу үстінде Мұстафаны өлтіреді.

«Адасқандар» романында С. Мұқанов оқиғаны қызықтыра әңгімелеу, көрген-білгендерінің арасынан іріктеп алып, көпке дейін естен кетпейтін жанды образдар жасау және халық тұрмысын нанымды суреттеу шеберлігін көрсетті. Бірақ жас автор өткір сюжет, шытырман оқиғаға, кейіпкерлерінің ішкі толқыныстарына шамадан тыс елігіп кетіп, өмірдің әлеуметтік жағына онша назар аударма амай қалды. «Бай баласы» деген тақырыбы таптық жағынан ақталмады. Романда тап күштерінің жіктелуі де, әлеуметтік айқын бояу бар мінездеме де көрінбеді.

Оқиғалардың уақыты да, болған орны да белгісіз. Сәбит Мұқанов арада отыз жыл өткеннен кейін (өзінің

«Ұры» атты романына қайта оралған Леонид Летков тәрізді) «Адасқандар» романын қайта өңдеп, олқы жерлерін толықтырды да, «Мөлдір махаббат» деген атпен қайта шығарды.

Егер бұрын кейіпкерлерінің қимыл-әрекеттері баяғы ығыр болған «үштік» шеңберінде, үш адамның басындағы мінез-құлық, ой-мақсат арқылы ғана бейнеленіп, мәселенің әлеуметтік жағына көңіл бөлінбеген болса, романның жаңа нұсқасында автор өмір шындығының нанымдылығына селкеу жасап, барлығын да әлеуметтік әуенге саюға тырысты.

С. Мұқанов творчествосында да, бүкіл қазақ прозасында да белгілі белес болған келесі туындысы кейініректе қайта өңделіп, «Ботакөз» деген атпен жарық көрген «Жұмбақ жалау» романы еді. Онда жас қазақ прозашысы өзі сол кезде ұстаз тұтып, көп еліктеген М. Горькийдің игі ықпалы айқын көрінді. «Ботакөз» бірінші дүниежүзілік соғыс пен 1916 жылдың оқиғаларына, Октябрь революциясы мен азамат соғысына арналған шығарма, ол социалистік реализмнің қазақ әдебиетіндегі елеулі жеңісі болып табылады. Ол жиырмасыншы және отызыншы жылдардағы қазақ совет прозасының басты-басты жетістіктерін қорытындылап, социалистік реализмді және оның көлемді, көркем туынды жасаудағы ең басты принциптері — партиялық пен халықтық принципін қалыптастыру жолымен прозаның өрлеп дамуының өзіндік сипаттары мен тенденцияларын жинақтады. Сонымен қатар бұл роман қазақ прозасында революция дәуірінің типтік образдарын жасаудың негізгі салаларының бәрін бұрынғыдан анағұрлым дерлік тереңдетіп берді. Мәселен, бас қаһарман Ботакөз образы қазақ әйелінің ұнамды образын жасауда қазақ прозасына тән тенденцияны социалистік реализм негізінде жинақтап, ілгері дамытудың нәтижесі еді. Ал екінші бір бас қаһарман учитель Асқар Досановты алатын болсақ, ол қазақтың халықтық интеллигенциясының типтік өкілі, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Бейімбет Майлин, Сәкен Сейфуллин және Мұхтар Әуезов шығармаларынан өзімізге таныс интеллигенттердің жиынтық образы.

1916 жылғы халық көтерілісінің басшысы Амантай жайында да осыны айтуға болады, ол да Мүсірепов пен Майлин пьесаларындағы Аманкелді мен Жалбырдың, сондай-ақ М. Әуезовтың «Түнгі сарын» пьесасындағы

Жантастың негізгі қасиет, сипаттарын көз алдына елестетеді. Романның жағымсыз кейіпкері — баяғы Жорға Нұрым (С. Торайғыров — «Қамар сұлу»), Нұрмағамбет, Олжабай, Салық (С. Сейфуллин — «Тар жол, тайғақ кешу»), Кеңгірбай мен Еспембет (М. Әуезов — «Еңлік — Кебек»), Тілеуберді (С. Мұқанов «Сұлушаш») образдарында бұрын кездескен қазақтың бай-шонжарларының нағыз жексұрын мінез-әрекеттерін бір басына топтастырған болыс Итбай.

Большевик Кузнецовтың образы қазақ және орыс халықтары достығының, орыстың табының екі жақты қанаушылыққа қарсы күресте қазақ еңбекшілеріне туысқандық көмегінің айғағы болып табылады.

Тарихи шындықты революциялық қимыл үстінде бейнелеуде, геройлардың характерлерін қалыптасу барысында суреттеуде Горькийдің «Ана» романының айрықша маңызы бар екенін атап өткен жөн. «Ана» Мұқановқа да үлкен әсер етті. Мәселен революциялық оқиғалардың отты көрігінде есейіп, бостандық жолындағы күрескер болып шыққан батырақ қызы Ботакөз Пелагея Ниловнаның өткен жолын қайталайды. Ал учитель Асқар Досанов Павел Власов пен оның достарының образдарына көп жәйттерде ұқсас келеді. Бұл арада екі шығармада да революция дәуірінің шындығын зерттеуде, оған қатысушылардың образын суреттеуде ортақ бір принцип бар, жеке басының өмірі мен тағдыры қоғам өмірінің үлкен де күрделі оқиғаларымен астасып жататын және көп ретте соған тікелей бағынышты геройларды типтендірудің екеуіне бірдей ортақ принциптері бар. Мұқанов Горькийге мүлде еліктеп кеткен жоқ, бірақ көп нәрсе үйренгені сөзсіз.

Ал егер романның кемшіліктері жайлы айтатын болсақ, сол жылдардағы қазақ прозасына тән кемшіліктер мұнда да бар. Отызыншы жылдардағы қазақ әдебиетіндегі тұтасынан алғанда сәтті шыққан бұл туындыда белгілі характерлерді суреттегенде схематизм бой көрсетіп қалады, психологиялық мотивировка жағында селкеу жерлері бар, сюжеттің негізгі желісіне оншама қиюласып, кірігіп тұрмайтын эпизодтар кездесіп қалады, жағымды, жағымсыз қаһармандарды өте «дәл» жікке бөлу байқалады, кейбір ситуациялар онша нанымды емес, қолдан жасалғандығы көрініп тұр.

«Сырдария» романында С. Мұқанов колхозды ауылдың Ұлы Отан соғысы жылдарындағы жанқиярлық еңбегін көрсетті. Жаңа адамдардың образын жасады, қазақ және орыс халықтарының достығын жырлады. Даусыз сәтті жақтарымен қатар, осы заман тақырыбына жазылған бұл романнан да алдын ала құйылып қойған бір калыптан, күрделі шындықты үстірттеу бейнелеу кеселінен әлі де толық арылмағандық аңғарылды.

Көрнекті прозашы болған шағында да Сәбит Мұқанов өзінің сүйікті жанры поэзияны тастап кеткен жоқ. Ол оған әлсін-әлі оралып соғып, мазмұн жағынан да, түр жағынан да өзіндік тұлғасы бар өлеңдер мен поэмалар тудырды. «Майға сәлем!», «Поэзия Маршалы», «Сөз советтік Армия» атты қазақ поэзиясының шын мәнісіндегі ірі жеңісі боп табылатын туындылары осындай.

Маяковский мен Демьян Бедныйден үйрене отырып, Сәбит Мұқанов қазақтың өлең өнеріне жаңа тәсілдер, жаңа өлшемдер, жаңа ұйқас түрлері мен жыр құралдарын енгізді. Мәселен, С. Мұқановтың алғашқы өлеңдеріне де, отызыншы жылдардағы өлеңдеріне де тән мына бір көлемді метафораға назар аударыңыз:

Сөз — халықтың қымбаттан қымбат кені,  
Жүректің шахтасынан халық оны —  
Мындаған жылдар қазып, кен тасына  
Тереннен әрең барып жетті қолы.

Жеткен соң қолы сөздің кен тасына,  
Кен күйінде қазына болмасына  
Түсініп, қорытуға әкеп төкті  
Мидың мың градустық домнасына.

Қалың каймақ көбікті, беті күлген,  
Ажары артық жанған қызыл гүлден,  
Сөз тасқыны көмейдің насосымен  
Фонтандай атқылады саулап тілден.

Тіл тасқыны құлашын қусырмады,  
Болмады бөгет жолда тау шыңдары,  
Теңіздей шалқыған сөз кең жайылып,  
Мейірі қанып, халық сусындады.

С. Мұқанов драматургия саласында да өзінің күшін сынап көрді. Оның қаламынан қазақтың ұлы ағартушысы, ғалымы, демократы Шоқан Уәлихановтың өмірі мен қызметі туралы әйгілі тарихи драма туды, сол бойынша фильм де жасалды, жуырда ол қазақ совет әдебиетінің

негізін салушы, революционер Сәкен Сейфуллин туралы пьесасын аяқтады.

Дегенмен Сәбит Мұқановтың саналы творчестволық өмірі түгелімен дерлік «Өмір мектебі» трилогиясына арналды.

Белгілі бір оқиғаға немесе кезеңге үн қосып қалатын кітаптар да, өз-өзінен жарқ етіп туа салатын кітаптар да бар. Олар өмірдің белгілі бір қалтарысын ғана, автордың жеке басындағы кейбір қасиетті ғана жарқыратып көрсете алады. Бірақ жазушының бүкіл творчествосының өне бойында жасалатын және оның бүкіл өмірінен бөліп алып қарауға болмайтын туындылар да бар. Егер автор аса бай, аса күрделі тағдырдың иесі болса; егер, бақытына қарай, көптеген тарихи оқиғалардың куәгері және тікелей қатысушысы болса; егер ол өз заманындағы көрнекті қайраткерлермен диалогтасып, қатар жүрген болса; ондай кітаптың салмағы да басым, маңызы да аса жоғары болса керек, көп жағдайда мұндай кітап автордың ең басты кітабы саналады.

Мұндай кітап советтік ұлттар әдебиеттерінде мүлде жоқ деуге болады. Кезінде Садриддин Айнидің өмірбаян кітабы жұртшылық назарын аударды, бірақ ондағы оқиғалар тек революцияға дейінгі кезеңмен шектеледі.

Сәбит Мұқанов өзінің өмірбаян трилогиясын отыз жылдан астам жазды. Осыдан екі жыл бұрын оның соңғы, үшінші кітабы қазақ оқырмандарының қолына тиді, енді шығарма тұтасымен орыс тіліне аударылып басылып шықты.

Трилогияның творчестволық тарихы өте қызық.

Сонау 20—30 жылдар айырығында жас ақын Максим Горькийдің күшті әсерімен өзінің ең тұңғыш прозалық шығармаларының бірі — өз өмірі жайлы «Менің мектептерім» повесін жазуды ойға алды. Ол аты-жөнінен ғана емес, көптеген көркемдік тәсілдері жөнінен де Горькийдің «Менің университеттерім» атты әйгілі шығармасымен үндесіп жататын. «Менің мектептерімнің» жеке тараулары сол 1930 жылдың өзінде-ақ қазақ тілінде жарық көрді. Оны оқырман қауым жылы қабылдады. Көлемі шағын ғана бұл повесть талай рет жөнделіп, толықтырылып, кеңейтіліп, ақыры көлемі жағынан кесек, мазмұны өте тартымды өмірбаяндық романының бірінші томы болып шықты. 1958 жылы орыс және бүкіл Одақ оқырмандары «Өмір мектебінің» екі томдығымен диалогтасы.



Баяндалып отырған оқиғаларына қарай алғашқы екі кітап 1905—1924 жылдарды, ал үшінші кітап одан кейінгі он екі жылды қамтиды. Мұхтар Әуезовтың «Абай» эпопеясында суреттелген қазақ халқының жарты ғасырлық тарихы ХХ ғасырдың алғашқы жылдарына — 1905 жылғы революцияның қарсаңына келіп тоқтайтыны мәлім. Ал Сәбит Мұқановтың трилогиясын алатын болсақ, ол тарихтың жаңа асуында сол эстафетаны қабылдап алып, ілгері тартады да, қазақ халқының одан кейінгі өмір ағымын, үш революцияның және социалистік құрылыс дәуірінің мол суреттерін көз алдымызға көркем тілмен жайып салады.

«Өмір мектебі» кітабында бас кейіпкер автордың өзі, ол сондағы оқиғаларға белсене араласып отырады, замана жайында, өзі жайында да толғаныс, тебіреністерін ортаға салады.

Бұл кітап халық өмірін түптен тарта, асықпай-саспай кең қамтиды да, оның салт-сана, әдет-ғұрып, дәстүр құбылыстарын егжей-тегжейіне дейін дәл суреттеп отырады. Біздің көз алдымызда қырық жыл бойғы уақыттың алуан түрлі, қарбалас шиеленіс, қызу және қызық оқиғалары дәл бүгінгідей барлық әрі-нәрімен жарқырап туындап жатады; бұл оқиғалар ұлы өзгерістер мен төңкерістерге толы, бұл өзгерістер тек әлеуметтік өмірдің негіздерінің негізі экономика мен өндіріс характерін ғана емес, сонымен бірге адамдардың психологиясы мен үй ішіндегі қарым-қатынастарына да тән құбылыстар болды.

Романның бірінші кітабында С. Мұқанов революцияға дейінгі қазақ ауылындағы феодалдық-патриархалдық қарым-қатынастардың сонау тереңде жатқан түп-тамырларына дейін өте дәл, өте түсінікті және үлкен шыншылдықпен айқын ашып көрсетті, жан түршігерлік жоқшылық, теңсіздік, зорлық-зомбылықты, отаршылдар мен байлардың екі жақты қанауы мен тепкісін нанымды суреттермен бейнелеп берді. Бірақ суреткер әлеуметтік әділетсіздіктің түп-тамырын дәл басып, ашып көрсетіп қана қоймай, халықтың терең қайнауында, халықтың жомарт жанының қалтарыс құрышында жыл санап жиналып, қанасына сыймай сыртқа тепкен жаңа да жарқын күштерін көрегендікпен аңғарып, жеріне жеткізе сипаттай білді. Бұл арада көптеген оқиғаларға автордың өзі белсене араласып, көзімен көргені өмірбаяндық мемуарлық шығарманың сәтті шығуына айырықша ұтымды әсер

етті. «Өмір мектебі» — аса дарынды, өзгеге ұқсамайтын өзіндік мәнері бар, әңгімеші ретінде автордың өзін өзі дәл тапқан төл қасиет туындысы. Ол барлық оқиғаны өз атынан баяндау формасын да дұрыс таңдап алған, сондықтан да шығарма желісі соншама нанымды, соншама дәлелді болып, өздігінен құйылып-төгіліп тұрады. Ауылдың жарлы-жақыбайларының қайнаған ортасынан шыққан, барлық ауыл кедейлерінің балалары сияқты, революцияға дейін жетімдік пен жоқшылықтың ауыр қасіретін басынан кешкен үлкен жазушының, қоғам қайраткерінің өмірі кітапта өз халқының бостандық пен қайта өрлеу үшін күрестегі тарихи жолымен табиғи жағынан қиюласып, астасып жатады.

С. Мұқанов баяндап жатпайды, өзінше қорытынды шығарып, үкім кеспейді, уағыз, дәріс оқымайды, ол шын мәнісінде еркін, қарапайым да ұғымды, өзінің көрген, білген, тоқыған, жүрек тебіренісі мен ой елегінен өткен нәрселер жөнінде адам қалай сыр шертсе, ол да солай емін-еркін, ашына-жай әңгіме құрады. Әділетке жүгініп, шынын айту керек, кейбір нақты әңгімелер қалай айтылса, солай жазылып, автордың ең басты жайттарды қосалқы дүниелерден айқындап ашып көрсетуіне бөгет жасап та қалады. Дегенмен сырласудың салихалы, сабырлы түрі сырт көзге «болғаны болған қалпында», бейтарап адамның баяндауындай көрінгенімен, оның іш сарайы сарт етпе серпінге, аса күшті ынтызар мен құштарлыққа, жан толғанысына толы, және осы толғаныс шығарманың ішкі бұлқыныс уыттылығымен кернетіп, оқушының жүрек қылын әр қилы әуенге салып шертіп отырады. Автор анау ұнамды, мынау ұнамсыз деп ешкімге өз үкімін таңбайды, қыстамайды. Бірақ осы бір көркем полотноның ерекше қасиеті де қажетті қорытындының оқиға желісінен өздігінше туындап отыратындығында.

С. Мұқанов қоғамның барлық топтары өкілдерінің аса бай портрет галереясын жасады десек артық айтқандық болмас еді. Онын кітаптарында әсіресе халықтың өз ішінен шыққан қарапайым адамдардың, ер көңілді, адал бейнетқорлардың: аңшылар мен малшылардың, ұсталар мен ер-тұрман шеберлерінің, етікшілер мен тігіншілердің, зергерлер мен кілемшілердің, — өз ісмерлігін мақтан тұтатын және оның үстіне суырып салма ақындығы мен ділмар шешендігі бар, әнші-жыршылығы бар алуан түрлі кәсіп иелерінің образдары өте-мөте тартымды шыққан.

Мәселен, сайыпкер аңшы Ораз бен Аتكелтірдің, жаны сұлу халық шеберлері Қабдол мен Хасеннің, Жабайдың, сондай-ақ дарынды домбырашы, ертегішілердің жарқын бейнелері ұмытылмай есте қалады. Солардың арасынан шоқтығы асып, ерекше көз тартатындары — Ақан сері мен Балуан Шолақ. Олар — Сарыарқада жиырмасыншы ғасырдың бас шенінде өмір жасаған, ел арасында аты шулы өнер ардагерлері, әрі ақын, әрі композитор, әрі әншілер. С. Мұқанов оларды жас кезінде көргендіктен, бірінші кітабында олар жайын аса қызғылықты әңгімелейді, солар арқылы революцияға дейінгі халықтың дарынды ұлдарының кайғылы-қазалы тағдырын бейнелі суреттермен көз алдымызға елестетеді.

Еш уақытта қайталанбайтын, еш бір теңдесі жоқ осы парасатты жандар арқылы Сәбит Мұқанов халық даналығының рухани асыл қазынасын, оның толқын боп атылғалы тұнып тұрған ішкі тегеуірін күштерінің молдығын айқара ашып көрсете білді.

Жазушы басқа бір топты да ерекше сүйіспеншілікпен суреттейді. Олар — қазақтың революцияға дейінгі үркердей ғана демократияшыл интеллигенциясы: Баймағамбет Ізтөлин, Спандияр Көбеев, Мырзағазы, Хамит, Ғабит Мүсірепов. Баймағамбет Ізтөлиннің бейнесі айырықша айқын, ерекше сүйіспеншілікпен суреттелген, әңгіме арқауына оның өлеңдерінің өріліп отыруы да сәтті шешім болып шыққан. Жас ақын, халық мұғалімі Ізтөлин революцияға дейінгі басқа да көптеген ауыл балалары секілді жас өспірім Сәбит Мұқановқа шын жаны ашып, қамқорлық жасайды, ал революция жылдарында коммунистік партияға еніп, Совет өкіметі үшін күресушілердің қатарына қосылады да ақ бандалардың қолынан қапылыста қаза табады. Ізтөлин образы арқылы жазушы туған халқының бақыты мен бостандығы үшін күреске ұмтылған қазақтың халықтық интеллигенциясының алдыңғы қатарлы азғана тобының революцияға араласуын, онда атқарған ролін нанымды сипаттады. Романда бұл интеллигенция байлар мен молдаларға, билерге және бір кезде самодержавие-нің етігін жалаған, кейініректе контрреволюцияға қосылып кеткен Нұрғожа, Есеней, Торсан және Қазі сияқты олардың алашордашыл-ұлтшыл идеологтарына қарсы қойыла отырып суреттеледі.

Өз шығармасында халықтың революциялық күрес желісін ілгері дамыту үшін, екінші кітабын көбінесе азамат

соғысын, оған қазақ еңбекшілерінің қатынасуын көрсетуге арнаған. Солтүстік Қазақстандағы таптық күрестің нағыз шиеленіскен, аса күрделі, шым-шытырық жағдайынан жазушы революцияның қозғаушы күшін және ондағы тап күштерінің ара салмағын дұрыс айыра білген. Ол халықтың ең таңдаулы ұлдары — қазақтың тұңғыш коммунистері Сәкен Сейфуллиннің, Әбілқайыр Досовтың, Абдолла Асылбековтың қызметін көз алдыңызға елестете суреттейді. Олар орыс большевиктерінің басшылығымен Совет өкіметін орнату жолында қаһармандықпен күрескен болатын. «Өмір мектебі» кейбіреулердің «Қазақстанға революция сырттан әкелінді-міс», Октябрь «ауыл тұсынан ағып өтті-міс» деген жалған жаласының түбіріне көркем шындық күшімен балта шабады. Қазақ коммунистерінің салауатты образдарымен қатар, кітапқа енген ең аяулы, нағыз ер жүрек адамдардың бірі, орыс большевигі Гозактың образы да ұтымды, сәтті шыққанып атап өткен жөн. Қазақ халқын Ұлы Октябрь Социалистік революциясының жеңісіне, Совет өкіметінің орнауына жеткізген аса қиын және күрделі жолы суреттелетін картиналар мен эпизодтар ескіліктің шырмау-тұсауын тас-талқан етіп, жаңа өмір орнатуға тікелей белсене араласқандығының арқасында мейлінше әсерлі, мейлінше қызғылықты болып шыққан.

Бұл көріністер мен этюдтер — кездейсоқ, мәні шамалы бірдемелер емес, Қазақстан тарихының үлкен жолының үстіндегі үлкенді-кішілі белгі боларлық оқиғалар. Солардың бірнешеуін мысал үшін атап өтсек, олар: Есіл бойындағы ақтар бүліншілігі, оның талқандалуы, Михаил Иванович Калининнің Петропавлға келуі, «Өрнек» атты тұңғыш ауылшаруашылық коммунасының құрылуы, индустриялы Қарсақпайдың, көмірлі Қарағандының алғашқы адымдары.

Контрреволюцияшыл колчакшылар мен алашордашылардың талқандалуы нәтижесінде Солтүстік және Орталық Қазақстанда Совет өкіметінің біржолата орнығуы Сәбит Мұқановтың өмірінде жарқын белес болды, ауылдан соның алдында ғана шындық пен оқу-білім іздеп келген шала сауатты батырақ коммунистік партияның қатарына еніп, өзінің лениндік идеялар үшін күрес жолын таңдап алады.

Егер «Өмір мектебіндегі» әйелдер образына жазушының іждиһаттап назар аударғанын айта кетпесек, С. Мұ-

қанов кітабына жасаған қысқаша талдауымыз толық болмай шығар еді. Қазақ әйелдерінің, әсіресе рушылдық әдет-ғұрыптың шырмауында торға түскен торғайдай азап шеккен қазақ қыздарының тағдырына жазушының жаны ашиды. Олар: жазушының апасы, бейнетқор, аяулы жан Ұлтуған; атастырған күйеуі алып қашып қайғы-қасірет пен жоқшылықтың зардабын тартқан Дәмеш; еркіндік сүйгіш Мағпи мен ержүрек Айтжан. Әйелдердің сана-сезімінің оянуына, әдет-ғұрып, от басы дәстүрлерінің, психологиясының түбірімен өзгеруіне жан тебірен-терлік көптеген беттер арналған. Осыған орай алдарынан ақ күн туып, өмірдің бұрын естіп-көрмеген жаңа қақпасы, жарқын болашақ жолы ашылғанын түсінген ауыл қыздарының оқуға құлшына ұмтылуын суреттеген жерлер өте әсерлі.

Екінші кітап Владимир Ильич Лениннің қайтыс болуы туралы қайғылы хабармен, бүкіл партияның, бүкіл халықтың ұлы көсемінің табыты алдында ант беруімен аяқталады. Ал «Есею жылдары» аталған үшінші кітап 1924—1936 жылдар аралығын қамтиды да, Совет өкіметінің одан әрі нығаю жолын, шиеленіскен идеялық және тап күресімен қоса, аса ірі өлеуметтік-экономикалық және мәдени шаралардың жүргізілуін көрсетеді.

Екінші және үшінші кітаптарда бұғанасы қатып үлгірмеген қазақ совет әдебиетінің туу, қаз басу, есейіп, қалыптасу процесі, оның кадрларының буржуазияшыл ұлтшылдармен кескілескен күресте идеялық жағынан пісіп-қатуы суреттеледі. Осындай тартыс тұсындағы қазақ әдебиетінің көрнекті қайраткерлерінің: С. Сейфуллиннің, Б. Майлиннің, І. Жансүгіровтың, Ғ. Мүсіреповтың, Т. Жароковтың, Ә. Тәжібаевтың портреттері айқын да ашық бояулармен бейнеленеді. Туған әдебиетінің гүлденуіне көңілін қуаныш кернеген жазушы өзінің осы бір шат сезімін қоғамдық өмір құрылысының алуан түрлі салаларында халық арасынан суырылып шыққан тамаша жаңа адамдардың образдарын жасауға нәр етіп енгізеді.

С. Мұқанов үшінші кітабында да портреттік галереялар жасауын тоқтатпайды. Бірақ егер қазақ совет әдебиетінің атасы Сәкен Сейфуллин жөнінде айтқандары сәтті шыққан болса; егер тұла бойы толған күлдіргі, пақ жүректі, аңқылдаған ақ көңіл бола тұра, қулықтан да құралақан емес қылмысты істер жөніндегі тергеуші-өкіл, есте жолы болмай жүретін Жампейіс образы есімізде

ұзақ сақталатын болса; басқа кейбір кейіпкерлердің аты аталғанымен, жан-дүниесі ашып көрсетілмейді. Турасын айту керек, Қазақстан партия ұйымы басшыларының, соның ішінде тамаша большевик Л. И. Мирзоянның образын жазушы сәтті шығара алмаған. Сірә Л. И. Мирзоянның көрнекті оқиғаларға толы үлкен өмірі С. Мұқановқа тікелей таныс болмаса керек, сондықтан ол белгілі партия қайраткерімен оқта-текте кездесулерін қызғылықты болғанмен, тым қысқа ғана әңгімелеумен қанағаттанған. Қазақтың аса көрнекті ғалымы Қаныш Сәтпаев жайында айтқандары да очерк-суреттеме деңгейінде. Осындай ат үсті, жәй хабар түріндегі пайымдаулар үшінші кітаптың басқа кейбір беттеріне де тән. Мәселен, қазақ әдебиеті мен өнерінің Москвада өткен он күндігін суреттеуді алайық. Бұл беттер қазақ үкіметінің Орынбордан Қызылордаға көшуіне арналған көркем суретті тараудан әлдеқайда солғын жатыр.

Жаңа өмір орнату, жаңа адамдарды тәрбиелеп шығару, әрине, онайға түскен жоқ. С. Мұқанов оны жақсы біледі және бұрылыс-бұлтартыстарының жігін жатқызбай, боямаға салмай-ақ, жаңа дүние орнату жолындағы күресте жеңістеріміз бен жетістіктеріміз үшін қаншама құрбандық бергенімізді бүкпей ашып айтады. Осыған орай турасын айту керек, «Өмір мектебі» — Қазақстандағы ең ауыр кезеңнің (С. Голощекин басқарған шақ деп аталған кезеңнің) — ауыл шаруашылығында өрескел қателер жіберілген 1929—32 жылдардың қайшылықтарын батыл да терең ашып көрсеткен қазақ әдебиетіндегі ең татымды, ең тұңғыш шығармалардың бірі. Жазушы бұл кезеңді партиялық тұрғыда байсалды ой елегінен өткізіп, ол туралы партиялық қажырмен, шын және әділ әңгімелейді. Нағыз халықтық сипатта жазылған бұл еңбегінде суреттелетін жайттардың бәрі де социалистік ұлы дәуірінің қым-қуыт қызу оқиғаларын бастан өткізген жауынгердің, коммунист-жазушының көзімен суреттеледі, сондықтан да мұндағы айтылған әңгімелердің бәрі өзінің тарихи нақты шындығымен баурап алады, оқушыны тебірентіп, болған іске кәміл сендіреді, сонымен қатар оған эстетикалық ләззат беріп, заманымыздың ақиқат көркем шындығы жайлы деректерді молайта түседі. Жазушы өзі туралы, өзінің рушылдығы мен оны жеңуі туралы, өзінің үйленуі, баласының тууы туралы жазғанда да ақиқатқа қиянат жасамайды.

«Өмір мектебі» мемуарлық шығарма болғанымен, қазіргі дәуірімізбен үндесіп тұр. Ол тіпті өзінің балалық шағын баяндағанда да біз оның ақырына дейін ақылмен қорытқан айқын позициясы бар осы заманғы үлкен жазушы екенін аңғарып отырамыз.

Ата мекені Жаманшұбар Мұқанов үшін бүкіл республиканың тіршілік әрекетін көріп отыратын ертегідегі шар айнадай. Орынборда ма, Қызылордада ма, Москвада немесе Алматыда ма, — жазушы қай арада жүрсе де өзінің Жаманшұбарына соғып кетпей тұра алмайды. «Трилогияда баяндалған отыз жылдың өне бойында осылай болып келді, — деп жазады автор соңғы сөзінде. — Одан кейінгі жылдарда да солай. Республика тынысын Жаманшұбардың өмір тынысымен салыстырып отыру менің рухани құштарыма айналды...»

Сәбит өз жүрегіне ең аяулы, ең қымбат нәрселер жайлы айтып отыр. Баяндаудағы лирикалық саз да осыдан, ол айтқан нанбасқа болмайтын детальдардың жылы көрінетіні де, кітаптың аса өміршендігі де осыдан.

С. Мұқанов трилогиясы өмірбаяндық «Тар жол, тайғақ кешу» романында бір кезде Сәкен Сейфуллин негізін қалаған қазақ прозасының ең жақсы дәстүрлерін баянды етіп, ілгері дамытады. Оларды бір-біріне ұқсастырып тұрған жайт — екеуінің де документалдығы, автор образының айқын даралануы, замандастарының көркем портреттерін жасауды көп ойластырып, оған көп еңбек сіңіргендігі.

Тағы бір жайтты атап өткіміз келеді. Жазушы орасан көп өз тыңдаушыларымен тығыз байланысын, олардың алдындағы зор жауапкершілігін әр уақыт сезініп отырады. «Жұлдыз» журналының беттерінде «Есею жылдары» жарияланғаннан кейін, оның көп тарауларына сын пікірлер айтылды. Енді бүгін жеке басылуын журналдағы нұсқасымен салыстырғанымызда, С. Мұқановтың көп жағдайда сыншылардың сөзіне құлақ асып, бірсыпыра елеулі түзетулер енгізгенін көреміз.

«Өмір мектебі» юбилейлік жоспар бойынша жазылған шығарма емес. Ол, жоғарыда айтқанымыздай, көп жылдық творчестволық еңбектің жемісі, соған қарамастан, бұл трилогия қазақ совет әдебиетінің Ұлы Октябрьдің елу жылдығы қарсаңында қол жеткен зор табыстарының бірі деп батыл айтуға болады. Және трилогияның өзі даңқты елу жылдықтың алдында ғана шықты.

Батырақтан академик жазушыға дейін аса ғажайып, аса қиын асу-белесі бар үлкен жолдан өткен Сәбит Мұқановтың бұл еңбегін тек совет адамдары ғана емес, отаршылдықтың шынжыр бұғауын тас-талқан қылып, жаңа өмір, демократия мен социализм үшін күрес майданына шыққан бүкіл Азия мен Африка халықтары да қызығып оқиды.

С. Мұқанов өз кітабында ең шалғай түкпірдегі ауылдар өкілдерінің жан дүниесін ашып көрсететін жүздеген адамдардың әңгімелерін келтіреді. Міне, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші секретары Л. И. Мирзоян туралы әңгіменің біреуі мынадай:

«— Шырағым Сәбит,— деді Кәсен, былай шыға,— осы жұрт Мырзажан деген біреуді көбірек атап кетті, сол өзі кім?

— Жаксы деп атай ма, жаман деп атай ма? — деп сұрадым мен.

— «Жаксы» дейді.

— Кәсен аға, сізше қалай? Ленин жаксы кісі ме?..

— Бұл қай сұрауың?!..— деді Кәсен кейіген кескінмен.— Бүкіл жұртқа жаксылық көрсеткен оны «жаман» деуге кімнің аузы бара алады?

— Осындай оңаша келе жатқан шақта айтуға болады ғой,— дедім мен Кәсенді сынамақ боп.

— Әңгіме,— деді Кәсен,— көптің арасында я оңаша болуда емес қой, Сәбит шырағым, ішкі сарайында ғой, Жаксы десен де, жаман десен де сол сарайдан шығарып айту керек қой.

— Менің де естимін деп келе жатқаным сол,— дедім мен,— Ленинді жаксы көрсен де, жек көрсен де шынықты айт деп келе жатырмын.

— Шырағым,— деді Кәсен,— мен «құдай — бір, пайғамбар — хақ» деп жүрген кісімін. Құдай мен пайғамбар алдында өтірікші боп көрген күнім жоқ. Қашан да расымды айтып келе жатқан адаммын. Саған да расымды айтам: Ленин — тегін кісі емес, оған аруақ орнаған кісі, құдайтағала оны жылаған көптің көз жасын исін деп жіберген. Сондай адамды жаман деуге құдайға күнәлі боп, аруаққа шет боп, аузым қалай барады?.. Ленин — халықты сүйген адам. Халық та оны сүйеді. Ондай адамды құдай да сүйеді. Мен де Ленинді шын көңілден жаксы көрем!



— Ендеше,— дедім мен Кәсенге,— Мырзаянның жақсы адам екені рас. Ол Лениннен сабақ алған кісі...

— Тура алдында отырып оқыған ба? — деді Кәсен, «сабақ» деген сөзді молда беретін сабақтың мағнасында түсінгендей.

— Алдында отырып!..— дедім мен, бұл сөзді көп созым келмей.

— Е-е-е, бә-се-е-е-е! — деді Кәсен иланғандай,— ел мұншама мақтаған, осынша жақсы адам қайдан шықты десем ұстазы мықты екен ғой. Халықтың қамын ойлап, көз жасын иген ұстазына да, шәкіртіне де мың сан рахмет!.. Ендеше, мың жасасын Мырзаян!

Бұл үзінді «Өмір мектебі» трилогиясы стилін айқын және дәл танытады. С. Мұқанов ел өмірінің шежірешісі ретінде өз замандастарын не әсірелемей, не қараламай, көрген-білген, естіген қалпында суреттейді, кішкене құбылыстан үлкен ұғым, жеке мысалдан жалпыға ортақ түйін, жеке көрініс арқылы халық өмірінің ауқымы кең мол картинасын жасайды.

Фольклор інжулерін — халық әндері мен күйлерін жинаушы Александр Викторович Затаевич, қазақтың бірінші академигі Қаныш Имантайұлы Сатпаев, «Қазақстан сандуғашы», қазақ қыздарының арасынан тұңғыш рет СССР Халық артисі атағын алған Күләш Байсейітова, композитор Ахмет Жұбанов, жүз жасаған Жамбыл ақын және басқалар тәрізді С. Мұқановтың замандастарын «Өмір мектебін» оқыған адам өз көзімен көріп, әңгімесін өз құлағымен естігендей болады.

Трилогияның аудармасы жайлы бірер сөз.

Бірінші кітап, шынында, бір топ аудармашының қолынан өтті. Оған В. Шкловский де қатынасты. Ол осы романның бірінші кітабына негіз болған «Менің мектептерім» повесін аударған еді. Бірінші том И. Шухов, Ю. Домбровский және Г. Андрееваның аудармасы бойынша жарияланып отыр. Екінші, үшінші томдарды А. Брагин аударды. Ол автормен қоян-қолтық жұмыс істей отырып, түп нұсқаның ерекшеліктерін орысшасында да дел берді және трилогияның қазақша басылуындағы көп кейіпкердің біразын, олардың ата тегі жайлы шежіре деректерін С. Мұқановпен бірге отырып алып тастады.

Трилогияны аяқтап, өз геройларымен қоштасарда Сәбит Мұқанов былай дейді:

«Мемуар жанрының өз заңдылықтары мен ерекшеліктері бар — таяуда ғана өткен жылдар жайында, өзінмеі қоян-қолтық өмір сүріп, қызмет істеп жүрген, ойдан шығарылмаған кейіпкерлер жайында жазудың өзі кейде тым қиынға түседі. Берілген бағалардың бірсыпырасы әлі орнығып болған жоқ, ал кейбір кездейсоқ нәрселердің маңызды боп көрініп қалуы да мүмкін».

Бұл еңбекті «уақытқа бағынып отырып жаздым, өйткені ол әр уақытта да халық атынан сөйлейді» деп автор айтқандай, мен С. Мұқановтың осы шығармаға берген өз бағасына орай, үш томдық «Өмір мектебін» жарты ғасырдың шежіресі деп атағым келеді.

«Өмір мектебінің» шын мәнісіндегі нағыз бас қаһарманы мемуардың авторы да емес, кезінде автормен кездесіп, кей сәттерде онымен шиеленісі мол қарым-қатынасы болған жеке адамдар да емес, бұл трилогияны С. Мұқановқа жазып берген халықтың өзі, оның жиынтық образы трилогияның басынан аяғына дейін үзбей қатынасып отырады, сондықтан да біз оны халықтық шежіре деп атауға әбден праволымыз.

## ХАЛЫҚ ЖАРШЫСЫ

Жаршы деп баяғы заманда хан, сұлтанның жарлығын жариялайтын адамды атаған. Ол халыққа жақсы хабардан гөрі жаман хабар жеткізетін болған. Тағы не сұмдық айтар екен деп жиылған жұрт шошып тітіркеніп тұрған.

Біздің айтқалы отырғанымыз тіпті басқа мағнадағы жаршы. Халық жаршысы. Халықтың ой-сезімінің, мұң-мүддесінің жаршысы, хабаршысы. Бар пәрменімен, бар ынта-ықласымен жас жігіт революция жеңісін, халық бостандығы мен бақытын шаттана жырласа, ұлы көсем дүние салып, совет елі ұлы аза тартқанда, халық қайғысын кабырғасы қайыса хабарласа, Отанымызда социалистік құрылыстың көрігі маздаған шақта, «Солқылдата соғылсын бесжылдықтың балғасы» деп қуана ұран салса, сүйікті Социалистік Отанымыздың шетіне жау тигенде, тұған жерді, жаңа өмірді қорғап қалуға шақырып, күйіне де күйзеле жан даусын шырқаса, оның үстіне жамандыққа жаны төзбей, улы тілімен түйреп әшкере етсе, ол халық жаршысы емей кім?! Иә, ол халық жаршысы, халық үні, халық ұжданы!

Халық жаршысы шын талант иесі болса ғана халық үнін шар тарапқа жеткізе алады, шындыққа сендіре алады, жүрекке әсер ете алады. Тек сондай талант қана халық махаббатына бөленіп, халық ұжданының айнасы болмақ.

Мен бұл жерде Асқар ақынды айтып отырмын. Елу жыл бойында Асқар өлеңін оқымаған, Асқар есімін білмейтін қазақ жасы бар ма екен?!

Біз, жиырмасыншы-отызыншы жылдардың жас буыны, сол кезде комсомол ақыны аталған, қазақтың Бәтима, Сәуле дейтін қыздарының образдарын жырлаған Ас-

қарды тонның ішкі бауындай жақын көрдік, жақсы көрдік.

Ал сол Асқар алдыңғы жылы алпысқа келгенде халқының сүйіктісі болғанын да өз көзімізбен көріп сүйсіндік. Шынында, ешбір қоспасы жоқ бұл тұста қалың жұртшылық өзінің барлық кезеңде жаршысы, жыршысы болған өтімді де жағымды ақынына үлкен ықлас, ілтифат көрсетті: оның алпыс жасқа келген юбилейі бүкіл қазақ мәдениетінің қуанышты мерекесіне айналды. Мұның сыры неде? Бұл Асқар Тоқмағамбетов творчествосының халықтығында. Мәселе ақынның әрдайым халық тілегін жырлап келуінде ғана емес, сонымен бірге үздіксіз халық тағдырынан, халық көңіл күйінен тебірене хабар беріп, шын мағнасында талантты жаршы, дабылшы, жалынды үгітші ролінде танылуында және нағыз ақиқатты анық, әдемі, қарапайым халық тілімен қазақтың халық поэзиясы дәстүрінде бейнелеп айта білуінде.

«Өлеңге әркімнің-ақ бар таласы» деп Абай айтқандай, қай тұста болғанмен, ақын аталу үшін өлең ұйқастырушылар қашан да аз болған жоқ. Бірақ, соның ішінде жұрт таныған, халық сүйген дарындылары тым көп емес. Өлі-тірісі бар, жасы қазір жетпістен, алпыстан асқан атаулы ақын, жазушылар — Сәкен, Бейімбет, Ілияс, Мұхтар, Сәбит, Ғабиттер, мына сөз етіп отырған Асқар Тоқмағамбетов, оның ізін баса шыққан Әбділда, Тайыр, Ғалилар — совет үкіметінің алғашқы он-он бес жылы ішінде айрықша көзге түсіп, үздік еңбектерімен қазақ совет әдебиетінің берік ірге тасын қаласқандар. Осы аз топтың ішінде Асқардың алатын орны, үні, салмағы өзгеше. Бұл әшiiн, жауапсыз айтыла салған сөз емес. Адамның он екі мүшесі бар десек, Асқар да қазақ совет әдебиетінің он екі мүшесінің бірі тәрізді, әр мүшенің өзіндік атқаратын қызметі болатыны сықылды, оның да өзіндік атқаратын қызметі бар. Онсыз әдебиетіміз өзінің алғашқы дәуірінде бір мүшесі кем кісі секілді болар еді.

Асқардың әдебиетке келу жолы да қызық. Ол гимназия, семинария бітіріп, дүние жүзі әдебиетін ақтарып, қотарып алып келген сара жол емес. Ол кетпенмен арық қазған, өгізбен шығыр айналдырған нағыз бейнетқор диханшылар аулында, Қара өзектің қараңғы түбінде, сары қамыс пен сары масаның арасында қармалап, тырбанып

жүріп молдалардан арабша хат таныған кедей баласының қиямет қиыншылығы мол қисық аяқ жолы. Бұл жол Асқарды мешітке де тартты, әкімдікке де тартты. Асқар оның біріне де басқан жоқ. «Айыптымын, әке!» — деген өлеңінде ол:

Әкім бол, оқып! — деп едің,  
Баласын көріп басқаның.  
Болмады ол, әке, дегенің  
Ақын боп кетті Асқарың,—

дейді. «Айыптымын» деп ақын мұнда кері мағнасында айтып отыр. Ақиқатында: «Азамат болу міндетін, көтердім биік орынға» деп ол азамат ақын болғанын қайта мақтан етеді. Дұрыс-ақ! Азаматтық — Асқар поэзиясының абройлы туы. Халық ортасында туып, халық өмірінің қазанында қайнап піскен жас талап ақынның азаматтық өнер жолын таңдауына оның таланты мен тәрбиесі, халық поэзиясы мен шығыс әдебиетінен алған әсері себепкер болғаны даусыз. Әйткенмен, талант атаулыға жол ашқан Октябрь революциясының жеңісі болмаса, Асқар бүгінгі шырқау биігіне шықпас еді. Көп дегенде Шораяқтың Омары, Кете Жүсіп, Қаңлы Жүсіп, Тұрмағамбет, Қуаныш сықылды ел ақындарының қатарында қалар еді.

Кешеуілдеп болса да совет мектебінде (ауыл мектебінде, Ташкент су техникумында, Москвадағы журналистика институтында) оқып, орыс және дүние жүзі әдебиетімен танысуы, Асқардың әдеби әзірлігін профессионалдық бағытқа бейімдеді, ал бостандыққа қолы жетіп, бақытты өмір жасауға жұмылған қазақ халқының санасезімінен рух алуы жас қаламгерді әдебиетке заман жүктеген ұлы міндеттерге шақырды. Осыны ұққан ақынның:

Қаламым жедел, желмаям,  
Жеделде жетіп, өмірде  
Болғанды жаз ауылда  
Тасбақа жүріс, тайтабыс,  
Борпылдақ босаң жүріспен,  
Жетпейсің енді ауылға,—

деуі әбден орынды еді. Ауылдағы ұлы өзгерістердің шындығын айтып, жедел де жаңаша жырлау. Асқар творчествосының түбегейлі принципі болып алды.

Асқардың әдебиет дүниесіне алғаш жарқ етіп көрінуінің өзінде елеулі мән бар.

Ленин қайтыс болған 1924 жыл жер жүзі еңбекшілері үшін азалы жыл еді ғой. Ол — Ленин құрған коммунистік партия және совет халқының ұлы көсем табыты алдында болаттай бірлік көрсетіп, серт жасасқан, оның өлмес ісін, өшпес өсиетін бұлжытпай жүзеге асыру жөнінде ант етiскен аса жауапты, сынақ жылы болатын. Ұлы көсемнің дүние салу жылдығында Отан дүбіріне өзінің туған қазақ халқының да ақындық берік анты мен сертін айтып, үн қосып, бұрын белгісіз жас комсомолец ақын Асқардың «Еңбекші қазақ» газетінің бірінші бетінде «Ленин суретіне» деген тұңғыш өлеңінің жариялануы жай емес-ті.

Түзелген талқында,  
Біз бекер айтпаймыз,  
Біз жастар артында  
Жолыңнан қайтпаймыз.

Осы ант Асқардың бүкіл ақындық өнерінің өзегі, жаны боп кетті десек қателеспейміз. Мұны Асекеңнің алдыңғы жылғы «Ақын анты» деген мына бір жаңа өлеңі жақсы дәлелдейді:

Шаш ағарды, көзде аздап кіреуке бар,  
Сөзден ондай демеймін іреу шығар.  
Ленин! — деумен басталған жүрек, сөзі,  
Жүрек қашан тынғанда, бір-ақ тынар!

Қырық жыл бойында халқының атақты да ардақты ақыны боп танылған Асқар Тоқмағамбетов ешуақытта антынан таймай, әр заман әлемге өзінің шынайы жүрек сөзін айтып келеді. Ақынның алғашқы адымдағы өлеңдерін алып қарасақ, оның әрбір жолы, әрбір сөзі жүректен сығып шығарған сырлы сөздер екенін көреміз. Мысалы, «Бәтиманың хаты» мен «Ағасының хаты» жиырма бесінші жылдары әлі де ескіліктің улы тырнағынан босанып болмаған қазақ қызының аянышты халына жаны ашыған жас ақынның жүрек қанымен жазған өлеңі еді.

Жас гүлді солдырма  
Күзғынды қондырма.  
Теңіне тегін бер,  
Жас жанды қор қылма.

Оқыған жас жігіттің аузымен жаны ашып айтылған бұл лебіз, бұл үн қазақ даласына революция әкелген жаңа-

лықтың хабары еді. Сондықтан да ол жастардың жүрегіне тез ұялап, сүйіп айтар сырлы өлеңі ретінде ел ортасына кең тарап кетті. Сондай-ақ бұрын күң болған «бес байталға барған» Сәуленің, енді комсомолка Сәуленің бақыт тапқанын тақырып етіп жазған шабытты өлең де жастардың сауық кештерінде, мейрам күндерінде айтылатын сұлу әніне айналуы Асқардың өмір шындығын сыр төге жырлауының жемісі болатын.

Жоғарыда айтқандай, біз 20—30 жылдардың жастары, Асқарды ардақтап, оны үлкен құрмет, сүйіспендікпен комсомол ақыны дейтінбіз. Олай деуге негіз болған: Асқардың сол кезде комсомол мүшесі екендігі ғана емес, совет жастарының жалынды жыршысы болғандығы еді, дүниеге Ленин комсомолының көзімен қарап, жас ұрпақтың көңіліндегісін, көкейіндегісін дәл басып тауып айтатындығында еді. Бақытын тапқан жастардың табыстары мен жеңістеріне Асқар шексіз шаттанады. Оның жиырмамыншы жылдары жастар тақырыбына жазған өлеңдерінің қай-қайсысы да осы сезімнің туындысы.

Бейімбет прозада Зейнеп, Құлпаш, Раушан образдары арқылы бостандық, теңдік алған қазақ әйелдерінің күрес жолын көрсетсе, Асқар поэзияда сол мақсатпен Бәтиманың, Сәуленің, Ажаркүлдің образын жасады. Бейімбеттің Раушаны сықылды Асқардың Ажаркүлі («Ажаркүл») де совет өкіметінің арқасында теңдік алып, ауыл советінің бастығы боп сайланып, Болтай сықылды бұрын қорлық көрсеткен байдан кегін қайырады. Бұған шын көңілімен сүйсінген ақын:

Ажаркүл айдап шықты, қоймай қолын,  
Көрсетті қол шошайтып, кетер жолын.  
«Монтандап, момақансып, жылағанмен  
Сендерге бұл жерде жоқ тиісті орын»,—

деп, Болтайларға сазасын тарттырады. Сондай-ақ Бейімбет өлеңдерінің тұрақты геройы Мырқымбай болса, Асқардың да бірқатар өлеңінде Қойбағар образын кездестіреміз. Бұл да — байдың бұрынғы малайы, енді бостандық заманында еркін еңбекке жұмылып, өз тағдырын өз қолына алған қажырлы шаруа.

Совет өкіметі тұсында курстарда, техникум, рабфактарда, институттарда оқып, мұғалім, дәрігер, агроном, инженер, тракторист, егінші, ұшқыш, командир боп шық-

қан әрбір факт ақын поэзиясында қуаныш ізін қалдырып отырыпты. «Мұғалім», «Жас дәрігер», «Біздің әскер», «Көктемде», «Маяк», «Қош аман бол», «Көктемдегі көріністер» деген өлеңдер — сондай өлеңдер. Мұнда автор геройларын кейде Қойбағар, Шойынқара, Қозыбағар, Құлмақан дегендей жалқы атымен атайды, кейде жалпы мамандығымен атайды. Қалай атағанда да ақын оқушысына үлкен әлеуметтік ой-сезімін ұсынады. Оның жеке өз басының дара ой-пікір, сезім-сезігі бұл жерде қоғамдық сана-сезіммен сапырылысып, біте қайнасып кеткен. Ақынның өз атынан сөйлегені — халық атынан сөйлегенімен барабар. Арасында шек жоқ. Бұл — сол кездегі барлық совет ақындарына тән ортақ қасиет болатын. Мұның өзі — революция жыршысы болуды өздеріне ұлы аброй санаған қалам қайраткерлерінің партиядан, халықтан жырылмауға, өз үнін жалпы революция қорына қосуға тырысқандығының нәтижесі еді. Шынында да ол тұста Асқар ғана емес, басқа ақындарда да интимдік лирика үлгілері тым аз кездесетін-ді. Осы бір хал бір жағынан сол кездегі күні біткен бай табы мен қара басының мұң, зарын айтып сарнайтын байшыл-ұлтшыл ақындарға қарсы қойылған совет ақындарының коллективтік принципі болатын.

А. Тоқмағамбетовтың жиырмасыншы жылдары толып жатқан тақырыпқа жазылған өлеңдерінің философиялық түйіні тәрізді туындысы — 1930 жылғы «Турксиб түйіскенде» деген өлеңі. Өлеңдік тұрпаты мінсіз, жұмыр шыққан бұл шығармада Асқар жұмысшы табының кесек образын сомдап жасай алған. Бәрімізге белгілі, барлық хрестоматияға енген осы бір тамаша өлеңнен жана дүние орнату жөніндегі ұлы құрылысқа құдретті күш жұмсап жатқан жұмысшы табының алып тұлғасын көріп сүйсінеміз. Мұнда нақты Турксиб құрылысы, оның қазақ даласын гүлдететін керемет маңызы сөз болады да, «Тауды тіліп, тасты бұзып, тамшылатып ащы тер»... «Қырдан асып, белді басып, жолды салған қандай ер!» деген сұраққа «Ол қайратты, ол қажырлы, қайтпас-қайсар жұмыскер» — деп жауап беріп, автор жалпы жұмыскердің жинақты бейнесін көз алдына тартады.

Осыған ілесе ақын өлеңінің соңын мынадай тұжырыммен түйіпті:

Әлі сын көп алдымызда,  
Алдымызда ауыр жүк.



Ұлы мақсат, үлкен жарыс,  
Міне соған бәйге тік!

Ал, ендеше, Қазақстан,  
Түйіскенде Турксиб,  
Қалың қайрат, ер еңбекпен,  
Қаһарлана қайта шық!

Мұнда бір ғана Турксиб емес, Қазақстан алдында тұрған басқа да ұлы мақсат, үлкен сынды, ерлік еңбекті жіті көріп, терең ұғушылық бар.

А. Тоқмағамбетов саяси сезімі өткір, заман оқиғаларына сергек, өмірдегі ұлы өзгерістерді көреген ақын.

Тоқмағамбетов творчествосы бүгінгі күннің өзекті де өскелең талап, сезімдерін аңғартады. Советтік еліміздің өмірінде қандай да бір маңызды құбылыс болмасын, оның барлығына елеңшіл, елгезек ақын үн қоспай қалған емес десек, жаңылмаған болар едік. Сондықтан да А. Тоқмағамбетов творчествосының тынысы кең, тақырып ауқымы әр алуан. Оның әрбір туындысы бүгінгі күннің келелі мәселелері мен оқиғаларына арналған.

Егер өткен қырық жыл ішіндегі саяси оқиғалардың қазақ әдебиетіндегі поэзия жаршысы кім дегенге келсек, біздің кеуде топтағы аздаған қаламгерлер қатарына Асқар Тоқмағамбетов есімін, сөз жоқ, қоса атаймыз. Ол қырық жыл бойы поэзия вахтасына тұрып келді. Әңгіме ақынның саналы өмірінде совет халқы басынан кешірген ең ірі оқиғаларға үн қосып, үздіксіз және үнемі жемісті еңбек етіп келе жатқанында ғана емес, оның поэзиясы о бастағы жаратылысынан-ақ оқушы жүрегіне тура жол тауып, халық мүддесіне арналуында, байтақ елімізге кеңінен таралып халықтық қазынаға айналып кетуінде еді, бұл ақын өлеңдерінің қалың бұхара арасындағы әсерлі әрі қуаттылығын асыра мақтағандық емес. Оның поэзиясында үгіттік ықпалдың аса пәрменді екені рас. Асқар поэзиясының мұндай бүкілхалықтық сыр-сипаты мынада деп ұғамыз. Ең алдымен оның қазақ поэзиясындағы халық ақындарының озық дәстүрін бойына сіңіре білгендігінде, өмір құбылысын оқушы санасына өте қарапайым тілмен түсінікті әрі ойнақы түрде жеткізе алатындығында деп білеміз. Асқар туындыларының халықтық сипаты тек қана мұнымен шектелмейді. Оның өмір-тұрмыста болып жатқан заңды құбылыстардың типтік ерекшелігін таба білуі, саяси да алғыр сезімталдығы,

көтеріңкі әуенділігі ондағы барлық жағымсыз көріністерге деген ащы сатиралы уыт, тіл байлығы, оның бейнелі көркемдігі, жомарт палитрасы және қысылып-қиналудан емес, еркіндіктен туған жеңіл, қарапайым төкпе өлең-жырлары — міне осының барлығы Асқар поэзиясының халық арасына кеңінен таралып кетуінің негізгі себептері.

Сарысу өзенінің образын тірілтіп суреттеген екі-ақ шумақ өлеңді алып қарайықшы.

Шіркін-ай, Сарысудың таны кандай,  
Сағынып келген бізді танығандай,  
Аймалап бетімізден сүйіп жатты  
Жібектей лебі жұмсақ тиіп жатты.  
Кең дала алақанның аясындай,  
Дөңгелеп бір уысқа сыйып жатты.  
Күмістей мың бұралып Сарысуы  
Көгілдір көп желегін киіп жатты.

Мұнда әдемі таң суреті, керемет, кең дала көрінісі, жібектей жұмсақ леп, күмістей мың бұралған Сарысу, оның көгілдір көп желегі — осының бәрінің бірігіп, қиысып, жарысып жасалған әдемі картинасы қолмен қойғандай нақты, әсерлі түрде көзге елестейді, көңілге қонады. Оны әсерлі ететін лирикалық геройды (ақынды) «Сағынып келгенде» Сарысу таңының аймалап бетінен сүйюі, оның сұлулығына ақынның «Шіркін-ай!» деп тандана сүйсінуі, себебі ақын сезімі бұл жерде оқушының табиғи сезімін оятып, ұштасып, өзінің растығына да сендіргендей, еліктіргендей болады.

Осы күнге дейін жұрт аузында жүрген «Сауысқан» дейтін сатиралық өлеңі де әлгіндей суреттілігімен, тапқырлығымен, өлеңінің жұмырлығымен тартымды.

Бір суайт сауысқан  
Өз айтуынша:  
Екі бірдей институтты тауысқан  
Аз өмірінің ішінде  
Алпыс екі қызметке ауысқан  
Талаймен ажырасып,  
Талаймен танысқан.  
Алты рет үйленіп,  
Жеті рет ЗАГС-қа барысқан.  
Жылпындығы да бар, жылпостығы да күшті  
Біреуге бөле, біреуге туысқан,  
Ісі түскенге сүттей ұйысқан,  
Мойнына асылдырып қойнына қысқан.  
Шықылықтап қонып, сықылықтап ұшқан...

Қысқа ғана өлең. Бірақ сатиралық образды қалай құйып қойғандай етіп шығарған! Сауысқан сықылды сұмның қаншама сипатын сыйыстырып көрсете алған дейсіз!

Жаңа социалистік құрылысты сенімді түрде батыл жырлау, және оның жолына тосқауыл боларлық зиянды кедергілерді айдай әлемге әшкерелеп, сын отына қақтау — Тоқмағамбетов поэзиясының азаматтық, жауынгерлік биік өресінің белгісі.

Газет қызметінде көп жылдар болып, күн тәртібінде тұрған зәру мәселелерді жырлау ақынның поэтикалық творчествосына елеулі әсер етті. Бұл оның творчествосын байтақ кең өріске шығарды. Журналист-ақын дүниедегі болып жатқан барлық өзгерістерге құлағын түре жүрді. Туған республикамызда болып жатқан үлкен өзгерістер, еңбек ардагерлері ақын назарынан бірде-бір ретте де қаға беріс қалған емес.

Терістік мұз теңізіндегі челюскиншілер жорығы, совет ұшқыштарының еш жерге қонбастан Америкаға ұшып барған сапары, фашист диктатурасына қарсы испан халқының ерлік күресі сияқты тарихи оқиғалар Асқардың «Уборщица», «Советтік маршрут», «Испания», «Берлин көшесінде» атты поэмаларын туғызды. Ақын неміс фашист басқыншыларына қарсы өзінің өткір публицистикасын, саяси лирика өлеңдерін қару етті.

Асқардың ең таңдаулы саяси лирикасы мен поэмалары барлық іске қуат, шабыт беретін Ленин образына және Компартияға, Октябрьге, халықтар достығына, сүйікті социалистік астанамыз Москваға, жұмысшылар мен колхозшылардың қажырлы еңбегіне, өркені өскен Қазақстанға, оның гүлденген социалистік мәдениетіне, туған елдің тамаша табиғатына, Ұлы Отан соғысы кезіндегі совет халықтарының таңғажайып тарихи жеңістеріне, космосты игеруге, атом қуатын бейбітшілік мақсатқа жұмсау істеріне арналған. Міне, Асқардың саяси лирикасы қамтитын тақырыптар осындай.

Асқардың әуел бастан ақындығының өрісі газет болғандықтан көп өлеңін ол газет бетінде жариялап отырды. Оның:

Қаламым менің қаруым,  
Жолсызды көрсем түйретем.  
Газетім мынау зеңбірек,  
Жөнсізді сезсем күйретем,

деуі жай емес.

Ал, бірақ сонымен бірге А. Токмағамбетов шығармаларының өміршендігі мен актуалдығына арқау болған журналистік шапшаңдық оның кейбір туындыларының өз дәрежесінен төмен шығуына салдарын тигізбей қойған жоқ. Мұның өзінше мәнісі де бар. Газет беті әдеби шығарманың әлденеше өңделіп, толықтырылып, сегіз қырлы сапалы болып шығуын күтіп отырмайды. Газетші ақындардың өлеңдерінің асығыс шығатыны, оның көп өңделуіне уақыт жете бермейтіні, сондықтан ондағы өлеңдердің көбінесе аттың жалы, түйенің қомында айтылған сөз болып қала беретіні белгілі. Мұндай қапелімде қапыдан пайда болған таяздық Токмағамбетов туындыларында да ара-кідік кездесіп қалады.

Қырық жыл ішінде Асқар қырықтан астам кітап шығарыпты. Солардың ішінде заман талабын көтере алмаған, оқушысын тебіrentпей, тез-ақ есінен шығып кеткен өлең, поэмалар да жоқ емес. Бұлай болу себебі: ондай өлеңдерде поэтикалық жаңалық бола бермейді, ақын газет телеграммаларына импровизациялық тәсілмен табанда үн қоса салады, өлең көркем ойға құрылмай жаттанды даяр схемаға түсіп оп-оңай туа салады. Мұндай поэзиялық шығармалар көбінше ой елегінен, жүрек сезімінен өткізілмеген болып табылады. Көп сөзділіктен, құрғақ риторикадан бір кезде басқа ақындар сияқты Асқар да аулақ кете алған жоқ. Ә дегенде жеңіл-желпі эсер қалдыратын, жүре келе ұмытылып кететін ондай өлеңдер сөз жоқ өзінен-өзі қатардан шығып қала бермек. Бұған оның ақын, жыраулардың дәстүрлі толғауларына еліктеп жазған ұзақ сонар риторикаға құрылған «Алтын ошақ», «Шаттық жыры» сияқты өлең-толғаулары жатады.

Қуаттылығына, екпінді әуенділігіне қарамастан мұндай өлеңдер кейбір ел ақындарының табан аузында шығарып айта салатын мазмұны таяз, поэтикалық сапасы төмен жырларына ұқсап та кететіні бар. Кейінгі кездерде мұндай сапасыз өлеңдердің Асқар туындыларынан бірте-бірте азайып келе жатқанына қуанбасқа болмайды.

Асқар әдебиет табалдырығын алғаш аттағанда-ақ өзінің ақындық міндетін жақсы түсініп, ақындық программасын дұрыс құрған адам. 1924 жылы жазған тұңғыш өлеңдерінің бірінде он тоғыз жасар жас ақынның:

Сөз маржаны қайдан өнсін,  
Дені таза тұқым сеппей.  
Ел ақыны қайдан болсын,  
Қиын-қыстау сыннан өтпей.  
Жүрек қозғар үні болмай,  
Қорғасындай ойға шөкпей  
Жылтырақ сөз кімге дәрі,  
Көз тартатын қызыл беттей.  
Құйыл, ақын, төгілдіріп  
Үстін-үстін сияң кеппей,  
Жақсы өлеңдер жамырасын,  
Қалатын боп естен кетпей.

деген жолдары әлі есімде.

Бірақ ақынның мол творчествосын ақтарып қарасаңыз, оның қаламынан шыққан туындыларының бәрі бірдей осы программаның мүлтіксіз орындалуының айғағы дей алмаймыз, әрине. Оның «Сия кеппей» жазған өлеңдерінде есте қалмайтын «қорғасындай ойға шөкпеген», «жылтырақ сөздер» қуған, «жүрек қозғар үні жоқтары» жоқ емес.

Біз Асқар поэзиясын патриоттық әуенді, көркем, әрі салмақты мазмұнды, әсерлі, әрі әсем ырғақты өлеңдері үшін жақсы көреміз. Бұған мысалға ақынның туған Сырдариясына, ақ күрішке, Ыбрай Жақаевқа, космонавт қыз Терешковаға арнаған лирикасы мен көптеген фельетон, мысал өлеңдерін алуға болар еді.

Тоқмағамбетовтің соңғы жинағынан оның творчестволық жөнінде көп толысып-толғанын көреміз. Онда бұрын аз-кем кездесіп қоятын жарқылдақтық пен схематизмнен гөрі бұл жолы ойлы, мазмұнды, бейнелі, ырғақты жағы басым екенін байқаймыз. Бұл кітапта өмірдің өзінен алынған, аз сөзбен көп ой тастайтын, түгелдей афористикалық сөз маржанынан құралған образды жолдар мол. Бұған ақынның биыл жарық көрген «Тырналар, сұлу тырналар» деген жинағындағы «Оңтүстікте туған ойлар» атты бір топ өлеңдері мен поэмалары дәлел. Мұнда бұрынғы кейбір өлеңдерінде орын алып келген көп сөзділік пен құрғақ тақпақтаудың ізі де қалмаған. Оның 30—40 жылдарғы өлеңдерінде кездесетін ұзақ сонар баяндау мен сөзді орынсыз тізбектей берушілік те жоқ. Осы айтылған жаңа лирикада ақын отан, партия, қазіргі адамдарымыз және оның жеңімпаздығы мен мақсат-мүддесі, халықтар достығы, ата-бабалар, жастық, қарттық, бүгінгі даңқты замандастарымыз — космонавтар мен құ-

рылысшылар, шопандар мен күрішшілер және мәдениет пен ғылым қайраткерлері туралы өз оқушыларына ой тастап, олармен жылы сырласады. Сыр болғанда кәдімгі қарапайым тілмен шын жүректен айтылған ақ пейіл, адал сырлар.

Біреп мысал алып көрейік. Жинақта өмір сүрудің мәні туралы нақыл түрінде жазылған бірнеше өлең бар.

Арамдықпен борсық боп семіргенше,  
Адалдықпен арық боп өлген артық.  
Кез келгенді ит болып кеміргенше,  
Еңбегінді емшек қып емген артық.

Не болмаса:

Тыныш күнде тудым деп,  
Тыныштыққа түсіпсін.  
Бұғана жоқ, буын жоқ  
Онда сен бір түсіксің.  
Тыныш күнде тудын ба,  
Тыныш жатпай тулап өс.  
Толқыны жоқ судын да,  
Барар жері бір-ақ көш.  
Тынық суда тыныс жоқ,  
Шалаулы батар ұйыққа.  
Тыныс бар да тыныш жоқ,  
Ауырлық түсер ныққа.  
Көтермесең өмірді,  
Өмір де өмір сүрмейді.  
Бола алмасаң көңілді,  
Көңіл де тозып кірлейді.  
Кірлетпеуге өмірді,  
Өмір керек көңілді.

Осы бір дөңгеленген қысқа ғана өлеңде өнеге түрінде түйілген көп мағналы ой, пікір, философиялық тұжырым бар. Және өлеңдігі жөнінен өте анық, әдемі, шебер айтылған тұжырым. Сондықтан ол ақылға қонымды, жүрекке әсерлі. Бұл өлеңдер Асқар поэзиясының көп ізденуден кейін, бай тәжірибеден кейін дәні толығып, кемелденгенін дәлелдейді. Поэзияның ең қиын, ең биік міндетін Асекең жақсы ұғып, ақындарға мынадай бір тамаша кеңес айтыпты:

Қиыстыру қиын емес ақынға,  
Ойды өмірге түйістіру қиын-ақ.  
Қаламдастар, ойлан: кәрі, жасың да,  
Құба-құрғақ кете бермей құйындап.

.....

Санап құмай алар жолдан тиынын,  
Жанын көрмей, көрген сыртқа киімін,  
Жеңіл тізбе, желпінуден тазарған  
Талғам-талап күтеді ойдың биігін.

Бұл талабын ақын лирика мен сатирада ғана емес, поэма жанрында да жүзеге асыра бастаған. Оның ең соңғы жазған «Ақын тағдыры» атты поэмасы — осының айқын дәлелі. Сүйікті ұстазының бірі Сәкен Сейфуллиннің трагедиялы тағдыры туралы асқақ сезіммен жазылған бұл поэма шынында да үлкен ой биігіне көтерілген туынды. Мұны мен Асекең ғана емес, бүкіл қазақ поэзиясының бүгінгі таңдағы қуантарлық табысы деп қысылмай айтар едім.

«Ақын тағдыры» туралы Асекеңнің үлкен ақын інісі, поэзияның терең де нәзік бағалаушысы Әбділда Тәжібаевтың талдауы мен мінездемесіне толық қосылуға болады.

Тоқмағамбетов творчествосы — жомарт та, әр қырлы, әр салалы. Лирика, поэмаларымен бірге ақынның көптеген очерк, фельетондары, атеистік тақырыптарына арналған «Әзірет Сұлтан» пьесасы, «Бәріміз де сондай болсақ» атты киносценаріі, азамат соғысы жайында жазылған «Әке мен бала» деген романы, Ыбрай Жақаев туралы повесті және балаларға бағышталған көптеген өлең кітаптары оқушы жадында.

Прозада очерк, фельетондарымен танылған жазушының бұл саладағы сүйекті шығармасы «Әке мен бала» романы, оның тіл байлығын, стиль шеберлігін, оқиға тізгіштігін көрсеткенмен, реалистік прозаға тән тәсілдерді толық игермегенін аңғартты. Онда табиғатты, аштықты, ұрысты, дін сақшыларының сұрқиялығын шебер суреттеген эпизодтар бар, бірақ адам характерінің қырлары мен сырларын бойлай көрсететін психологиялық тереңдік жетіспейді. Кейіпкерлерінің образын жасау үшін қажет деген детальдар мол. Дегенмен кемшілік сол детальдардың сұрыпталып, характерлерді типтендіру мақсатынан табыла бермейді. «Әке мен бала» романы автордың бұл жанрда реалистік прозаның суреткері болып қалыптаспағанын, оның қай салада шығарма жазса да ақындығы басып тұратынын көрсететін тағы бір дәлел десе болады.

Ал бәрінен де астам талантын ақын сатиралық поэзияда айрықша дарындылықпен танытты. Бұл — оның

табиғи дарындылығы. Осы салада ол өз жанрын тапқан. Ертегі, жыр, дастандарды сүйіп жинағыш, өлең сөздің парқын аңғарғыш, өзі де кезегі келгенде өлең шығарып қоятын әкесі Токмағамбет Асқарды бала кезінен өзіне бейім тәрбиелеп, сөз өнеріне баулығаны Асекеңнің өмір-баянынан белгілі. Ауылда оқып жүргеннің өзінде шәкірт Асқар қожа, молда, байшыкештердің қылықтарын мысқылдап, нағашыларына әзілдеп өткір өлеңдер шығарған. Әкесі оның юморға бейім қабілетін танып, «тілінде тікенің бар екен, балам» депті.

Жиырмасыншы жылдардағы жас ақын сол кездердің өзінде бұл жанрды І. Жансүгіров, Б. Майлиндермен қатар бастаған-ды. Оның ең алғашқы уытты сын садағы жаңа алфавитке қарсы шыққан алашордашыл «тіл маманына» қарсы айтылған болатын. Содан бері ақынның халық дұшпандарына, ескіліктің бүкіл қалдықтарына қарсы сілтеген сатира семсерінің өткір жүзі бірде-бір мұқалған емес.

Сатирик ақынның көптеген мысалдары, фельетондары, эпиграммалары және памфлеттері арқылы әшкереленген ұлтшылдар мен фашистердің, бай мен молдалардың, бюрократтар мен өзімбілермендердің, мақтаншақтар мен жалақорлардың, мансапқорлар мен жағымпаздардың, даурықпалар мен көзбояушылардың, жалқаулар мен арамтамақтардың, зиянкестер мен қоғам мүлкін талан-тараж етушілердің, маскүнемдер мен бұзықтардың, тоғышарлар мен мешандардың, керенаулар мен стилияғалардың толып жатқан типтерін көресің. Бұл жерде ақынның Маяковский мен Демьян Бедныйдан үлгі алып үйренгені анық. Журналист жазушының сезімпаздығы мен талғампаздығы өлеңдеріндегі күлкілі, сықақ пен мысқылдың молдығы және халық тілін еркін қолданудағы өзіндік ерекшелік таба білуі Асқарға кейіпкер бейнесін жасауда көп көмегін тигізген.

Әрине, сатира саласындағы туындылардың бәрі бірдей мінсіз шыққан деу қиын. Біріншіден, оның бәрі кейде сатиралық жанрда теп-тегіс жұмыр шыға бермейді. Екіншіден, күлкі туғызу мақсатымен сөзді қалай болса солай қолдана салу қолайсыз жағдайға қалдырады. Ондай жағдай сатира мақсатын бұзбаса жөнделмейтіні белгілі.

Құбылыстың сырт пішінін қуалап, сөздерді ойнату, комикалық жағдайды тек сөз ұйқастары арқылы жасау



өнебойы сәтті шыға бермейтіні өз алдына және сатира-лық образ жасауда бұл үстірттікке ұрындыруы да мүмкін.

Негізінен алғанда, сатира — Асқар талантын әрдайым өткірлеп, ұштап отырған жауынгер жанр. Оны сатирик ақын әр кезде жағымсыз қылықтарға қарсы құрал етіп қолданады.

Асқар сатирасының уыттылығы соншалық, оның өткір қаламына ілінгендер мойнына бұғалық түскендей тырп ете алмайды — олардың қаншасы жазаланды дейсіз, қаншасы кінәсін мойнына алып, жұрт алдында кешірім сұрады дейсіз. Тіпті тікелей аты аталмаған реттерде де жазушының сатиралық образы адресін, объектісін тауып, сол секілді міні барлардың мазасын кетіріп жатады. Мысалы, айталық «Желіккен жеңгейлерде» ешкімнің аты аталмаған. Соның өзінде ол біреулердің мазасын алып, «мұны неге жариялаған, бұл совет әйелдеріне жала боп табылады» деушілер болған. Мұны айтушылар кімдер десек, жап-жас әйелдерін баласы жоқ болса да жұмыс істетпей бұла ғып үйде ұстайтын сарбаздар екен.

Сайып айтсақ, сатира жанрында бір кезде өзі Илияс, Бейімбеттерден үйренген жазушы, бүгін өзі ұстаздық дәрежесіне жетті. Оның енді өзінің мектебі, өзінің шәкірттері бар.

Әдебиетке революция толқынымен келген Асқар елу жылға жуық өмір сүрген Социалистік Отанның аясында сүйікті совет әдебиетімен бірге жасасып келеді. Оның барлық кезеңде ыстық-суығын бірдей тартып, таудай табыстарына да, әлі де толықпай, жетіспей жатқан кемкетіктеріне де ортақ болып, тиісті үлес қосты. Әуелі комсомол қатарында, кейін партия қатарында әрдайым биік партиялық принципті берік ұстап отырды. Осы принциптен ақын социалистік құрылыс дәуірінде болсын, Ұлы Отан соғысы тұсында болсын, кейінгі коммунистік құрылыс заманында болсын, ешқашан айныған жоқ, ауған жоқ. Үш дәуірде де өзінің жалынды жырымен үлкен үгітшілік, жаршылық, тәрбиешілік қызметін бірдей атқарып, әдебиетте идеялық туды жоғары көтеріп келді. Асекеңнің бұл қызметі нағыз жауынгерлік қызмет, нағыз ерлік еңбек. Ардақты ақынымыздың бір емес, үш рет наградталған Еңбек Қызыл Ту ордені соның кепілі.

Халық ортасынан жарып шыққан, халық өмірінен еш-

қашан қол үзбей бірге жасасып келе жатқан халық мүддесінің жыршысы, туған елінің сүйіктісі Асқар Тоқмағамбетовті шын мағнасында халық жазушысы дей аламыз. Оның алпыс жылдығына арналған халықтық мерекені осының айғағы деп білемін.

Асекеннің ұстазының бірі Александр Безыменский (ол да бір кезде комсомол ақыны аталған) «Шашым ағарар, бірақ жас комсомол жаным ешуақытта өзгермес» деген еді.

Алпысқа келген Асекен жөнінде де осыны айтуға болады. Оның, әзілмен айтсақ, ағаратын шашы да жоқ, ал ақылы толған, рухы жас, ардақты акынның жарқын поэзиясы болса, оған өмірбақи қартаю жоқ.

## ТАҢ ЖЫРШЫСЫ

Әдеби жол қиын жол. Оның қыран ұшар қия биігіне білімі жеткен талантты, төзімі жеткен ер данасы ғана өрмелеп шығады. 1917 жылғы Октябрь революциясынан туған қазақ совет әдебиетінің сара жолы осы ретте әсіресе қиын-қыстау жол болды. Оның тарихи себептері бар. Совет әдебиетінің алғашқы кадрлары халық ортасынан, қараңғы түнектен айрықша дарынымен әлдеқалай жарып шыққан азын-аулақ қана адамдар еді. Олар білімі аз, әдеби тәжірибесі жоқ, тек өмір талқысында тарығып шыныққан талантты талапкерлер болатын. Сондықтан, әрине, оларға әдебиет сықылды нәзік өнерге тыңнан жол салып өтіс ашу оңай міндет емес-ті. Кейбіреуінің әдебиетші боп шығуы былай тұрсын, тіпті тірі қалып, сауатты адам болуының өзі екі талай еді. Бұл мәселені қарапайым халық адамдарының пайдасына шешкен совет үкіметі ғана.

Қазақстанда Октябрь жеңіп, кейін совет үкіметі орнаудың қарсаңында кедей, жалшы семьялардың аштыққа ұшырап, азып-тозып, босып кеткені аз болған жоқ-ты. Әке-шешесімен бірге, аға-қарындасымен бірге 1917 жылы, 13 жасында нан іздеп кеткен баланың Ташкенттегі өзбек байына жалдануы, оның қысымына шыдамай, қашып шығып, панасыз балалар тобына қосылуы таң қаларлық тағдыр емес. Бірақ он үш жасқа шейін хат білмеген тірі жетім панасыз баланың түзу жолға түсіп, тез білім алып, әрі жазушы, әрі ғалым болып шығуына таңданбасқа болмайды.

Біздің айтып отырғанымыз — осы күнгі қазақтың белгілі ақыны, балалар жазушысы, әрі фольклористі Өтебай Тұрманжанов туралы,

1919 жылы он бес жасында советтік балалар үйіне алынып, шала-шарпы хат танығанда қазақ совет әдебиетінің алғашқы дәуірдегі қаламгерлерінің бірі болам деген ой Өтебайдың үш ұйықтаса есіне кірмеген шығар, әрине. Бірақ ересек жас өзінің өлең шығаруға құмарлығы мен бейімділігін өте тез сезінеді. Оның да түп тамыры бар. Халық поэзиясының үні жас баланың құлағына ерте сіңіпті, сан алуан сыры жүрегіне ерте ұялапты. Ол ауылда қаршадай кезінен сиыр бағып жүріп-ақ ел ақындары мен жыршыларын, олардың өлең-жырларын, дастандарын көп естіген. Оның үстіне мектеп-интернатта хат танысымен Абайдың, Сұлтанмахмұттың, Сәкеннің тұңғыш жинақтарын қолына түсіріп алып, басына жастанып жүріп оқиды. Бұл жағдайлар Өтебайдың ақындық дарынының тез оянуына себеп болған сияқты.

Жас ақынның алғашқы өлеңі 1920 жылы мектептің қабырға газетінде жарияланады да, 1921—1922 жылдары Ташкентте шыға бастаған «Жас қайрат» атты жастар журналында «Кез өлшеуі қалды да, метр өлшеуі қолданды», «Интернатта оқыдым», «Өмір сыйы» деген өлеңдері басылады. Осы тырнақ алды өлеңдері жарық көргеннен кейін ақындығына сенімі артқан Өтебай өзінің өзекті және түпкілікті тақырыбын тауып, бір топ өлең жазады. Ол — Ленин образын жырлаған өлеңдер циклі. Ленин тақырыбы бұдан былай да жазушының творчествосында ешқашан толастаған емес. Оның «Ленинге», «Сұңқарға» деген өлеңдері 1925 жылы Москвада ақынның өзі жинап бастырған «Таң өлеңдері» атты жинаққа енген болатын. Ленин қайтыс болғанда тебірене жазған қоштасу өлеңінде ақын данышпан көсемнің ұлы ісі мәңгі өлмейтінін дәл басып, шабытпен айта білген.

Қалдырған кемеңгердің ісі өле ме?  
Көктегі жарқыраған күн сөне ме?  
Нұрынды күндей жарық маяк етіп,  
Адаспай алға жүзер біздің кеме.

Қош, қош бол! Көзім нұры ұлы көсем!  
Жадырап жарығында гүлдей өсем!  
Сұңқардың баласындай шынды сүйіп,  
Тұлпардың баласындай терең кешем.

Бұл тұста жас ақынның поэзиясына Горькийдің, Сәкеннің әсері тигенін өлеңдерінің тақырыбынан да, сарынынан да аңғару қиын емес. Горькийдің сұңқары, Сәкен-

нің тұлпары және тағы басқа образ, теңеулер Өтебай өлеңдерінде тиісті де тиімді орын алғанын көреміз. Әрине, ақынның тырнақ алды өлеңдерінде көптеген қарадүрсіндік пен шикіліктер кездеседі. Бірақ ондай кемшіліктері барған сайын кеміп, жас жазушының білімі мен тәжірибесі жетілген сайын творчествосы да бірте-бірте кемелдене береді.

1925 жылы Москвадағы шығыс еңбекшілерінің коммунистік университетін бітіріп шыққаннан кейін Ташкенттегі Орта Азиялық коммунистік университетінде қазақ, қырғыз әдебиетінен сабақ бере жүріп, Ө. Тұрманжанов творчестволық қызметін жаңа өрісте дамытты. Ол суреткерлік қабілетін проза саласында да сынап, әңгімелер жазып, 1927 жылы Қызылордада «Қошан кедей» атты әңгімелер жинағын шығарады. Бұл кезде жазушы өлең өнерін одан әрі шындай түседі. Ө. Тұрманжановтың 1929 жылы Қызылордада басылып шыққан «Таң сыры» атты жинағы ақынның бір адым ілгері басқанын танытты.

Қазақ жерінің кен байлығын жаңа дүние игілігіне жұмсау идеясына күштарланған ақын «Қара жер» деген өлеңінде өктем үнмен мынадай патетикалы жыр шертеді.

Аш қойныңды,  
                                    қара жер!  
Алтыныңды алайын,  
Сән қазына зейнет зер  
Сақтап едің талайын.  
Кез келсе кесіп биік өр,  
Жолымды төте салайын,  
Қайратымды енді көр!  
Төбенді топтай қағайын!  
Ақтарылып алтын, мыс.  
Ағып жатсын қалайын.  
Сап алтыннан сәнді етіп,  
Салайын еңбек сарайын.  
Босағасын борлатып,  
Алмас дінгек орнатып  
Көктің қызыл жұлдызын  
Мандайына қадайын.

Мұнда ақынның «мені» үлкен аумақ алып, ірі әлеуметтік отандық сезіммен астасқанын көреміз. Ол бүкіл халық атынан сөйлеп, аталы сөз айтса, ал халық сол ақын аузына сөз салып, үлкен пәрменді дем беріп тұрғаны сезіледі. Құлдықтың бұғауынан босанып, жаңа құрылыс мақсатына, табиғат байлығын игеру мақсатына

жұмылған күдіретті халықтың жеңімпаз күші сезіледі бұл жолдардан. Қандай сенім, қандай серпін дейсіз! «Сап алтыннан сәнді етіп, салайын еңбек сарайын» деген сарын, былайша айтқанда жаңа өмір жасауға арналған еңбек жыры ол кездегі совет ақындарының бәріне тән халықтық үн болатын. «Таң сыры» жинағына енген өлеңдер Өтебайдың да өз дәрежесінде осы үннің жаршысы, дабылшысы ролін атқарғандығын, таң сырын, заман сырын ұғуға шарқ ұрғандығын дәлелдейді.

Мұндағы «Тағашы» деген өлең де сондай. Бұл өлеңде ақынның негізгі ой түйіні: жеке өмір туғызған құнарсыз, өнімсіз митың бейнетке ірі өндірістегі жаңа социалистік еңбекті қарсы қойып, қазақ еңбекшілерін үлкен завод, фабриктерде істеуге, сөйтіп жаңа өмірдің мықты негізін салуға шақыру. Тағашыға тіреп айтқан сөзінде ақын осы ой түйінін қарама-қарсы екі жағдайдың суреті арқылы өте келісті шешкен. Әсіресе тағашының жеке өмірдегі еңбегінің бишаралық суреті шынайы көрік алған.

Атаңнан қалған кәрітөс  
(Кәрітөсте еңбек еш)  
Соққанында темірді  
Ұшқындата үн бермес.  
Сығырайған дүкенін  
Соқыр кемпір секілді  
Сықсия қарап күн бермес,  
Тасбақа табан тар қапас,  
Бойынды еркін жазғызбас,  
Демінді еркін алғызбас.

«Таң сыры» жинағына енген өлеңдердің көркемдік әсері әлсіз, жасық жазылғандары да жоқ емес-ті. Алайда, ақынның өсу сатысында «Таң сыры» бастапқы баспалдақ ретінде тиісті орын алған кітап екені күмәнсіз.

1929—1931 жылдары Өтебайдың Самарқандта, Ташкентте «Ақ алтын», «Шыршық сыры» атты поэмалары, «Тез адыммен», «Құрылыс жыры» деген өлеңдер жинағы басылып шықты. Бұл кітаптар ақынның жаңа, тың тақырыптарға барғанын, сюжетті шығармалар жаза бастағанын байқатады. Бірақ бұл барыстың, бұл бастаманың кейбір табыстарымен қатар елеулі олқылықтары да бар еді. Жаңалықты өмір құбылысына тереңдеп бара алмау, шындықты үстірт қамтып, схемаға салу сол кездегі көптеген шығармаларға хас кемшілік болатын. Ө. Тұрманжанов творчествосы да осы кемшілікке ортақ еді.

Әйткенмен Өтебай поэзиясының дербес өзіне тән бір ерекшелігін ескертуіміз керек. Ол мынау: Өтебай өлеңдерінің ішінде жиырмасыншы жылдары басқа ақындарда көп ұшыраса бермейтін махаббат лирикасы әжептәуір орын алыпты. Бұған ақынның 1958 жылы шыққан таңдамалы өлеңдер жинағына енген «Ұмытқам жоқ», «Күн мінезді күлкісі бар Гүләйім», «Жандырма сұлу, жанымды» сықылды өлеңдері айғақ. Гүләйім образы кейін де Өтебай лирикасының түбегейлі образы боп бекіді.

1931 жылы Ө. Тұрманжанов Ташкеннен Алматыға келіп, Абай атындағы қазақтың мемлекеттік педагогикалық институтында қазақ әдебиетінен сабақ берді. Сонымен бірге Қазақтың мемлекеттік баспасында істеді, кейінірек «Қазақ әдебиеті» газеті мен «Әдебиет майданы» (кәзіргі «Жұлдыз») журналында редактордың орынбасары болып қызмет атқарды. Бұл тұста Өтебайдың творчестволық таланты да кең қанат жайып, кемелдене түсіп, жаңа жемістер берді. Оның 1932—1937 жылдары арасында Алматыда «Пулемет», «Құрыш құс», «Қарлығаш» атты жинақтары кітап болып шықты. Бұл кітаптардың тақырып, мазмұны да, сапалық дәрежесі де бұрынғыларынан анағұрлым жоғары. Басқасын былай қойғанда, ақынның «Пулемет» атты жинағына енген «Пулемет» поэмасын айтса да жеткілікті. Бұл поэма 1933 жылы жақсы поэмаға жарияланған республикалық жабық конкурсте алдыңғы орынды алуы жай емес-ті. «Пулемет» Ө. Тұрманжанов талантының толықсыған шағын танытқан туынды болып табылады. Сондықтан ол бүкіл қазақ поэзиясының отызыншы жылдардағы шоқтықты шығармасы есебінде танылды.

«Пулемет» поэмасында автор қазақ еңбекшілерінің азамат соғысы тұсында бостандық үшін, қазақ даласында халық өкіметін орнату үшін тап жауларына қарсы қармандық күрес жүргізгенін шыншылдықпен және романтикалық леппен әсерлі суреттей алған. Поэmanın басты қармандары Ер Нақым мен Ер Сақым — ежелгі достар, бірі майданнан, бірі айдаудан келген ер жігіттер, Ленин идеясымен шыныққан табанды қайраткерлер. Олар елдің жігіттерін ұйымдастырып, ақ бандыларға қарсы партизандық ұрыс ашады. Қызыл әскермен қосылып, совет үкіметін орнату үшін қан майданда соғысып жүреді. Бір ұрыста Сақым жау қолында қалып, Нақым досын құтқарады да, өзі қаза табады. Нақымның бала-

сы әкесінің орнын басып Сақыммен бірге жауға қарсы мықтап төтеп береді. Ақыры Сақым оққа ұшқанда, жас жігіт Сақымның соңғы өсиетін орындап, отрядтың пулеметін сақтап қалады. Пулемет образы бұл жерде әкеден балаға көшкен ерліктің, рухани күштің, халық мүддесіне берілген саналы қайраткерліктің эстафетасы іспетті еді. Сонымен бірге «Пулемет» поэмасы ерлердің өлімі арқылы да халық ісінің өлмейтінін, революция ісінің жеңетінін жақсы дәлелдеп берді.

Төңкерісшіл сананың  
Күші қандай қуатты!  
Жеңетұғын жаңаның  
Күні осы — шуақты!

дейді ақын.

Нақым мен Сақым образдары бұрынғы қазақ батырларын еске түсіреді. Бүкіл поэманың баяндау сарыны, тілі, тенеуі халық эпосының дәстүрін сақтаған — құлашты, кең тынысты. Бірақ кей ретте ақын эпос дәстүрлеріне тым иек артып кетіп, шығарманың жаңалықты поэзиялық қасиетін жасытып алатыны да бар.

Мысалы:

Сара сөзді ер Сақым  
Сараптай сөзін сөйледі.  
Сұңқардай самғап ұшатын  
Сөйлегенде бұй деді.—

деген шумақ аллитерациялы шалыс ұйқасқа құрылғанмен, ұйқасы, сөз тастасы жөнінен эпоста көп қолданылып мезі қылған сөз тіркесті қайталайды. Сақымның жас әйелімен қоштасуы да сол сықылды. Ұрысты суреттеу, адам образын бейнелеу тәсілінде көнерген, үйреншікті жайлар баршылық. Әйткенмен «Пулемет» поэмасының баяндау деталінің нақтылығы, диалог дәлдігі, өлең мүсінділігі Өтебай поэмасының эпос жырынан айырмашылығын, поэзиялық жаңа адымын анықтайды.

Бала кезінен жақсы білген фольклор байлығы Ө. Тұрманжанов творчествосының үнемі сусындап, нәр алатын сарқылмас қайнар бұлағы. Оның қай шығармасы болмасын халықтың ауыз әдебиетімен терең тамырлас. Өтебайдың отызыншы жылдары азамат соғысы және совет тақырыбына жазған «Қыран қыз», «Байғыз», «Қойшы күйі» сықылды поэмаларының өзі ертегі, аңыз жырлары



түрінде орындалған. Бұл поэмалардың ерекшелігі боп табылатын жетістігі мен кемістігі, «Пулемет» поэмасындағыдай, халық поэзиясымен тығыз шектестігінде.

Халық фольклорының сюжеті мен образдары, тілі мен поэтикасы Ө. Тұрманжановтың әсіресе балаларға арналған туындыларында кең орын тепкен. Жазушының отызыншы жылдары жарияланған «Қарлығаш» атты жинағы осының айғағы еді.

Өтебай фольклорлық қазнаны өз творчествосына пайдаланумен қатар, зерттеуші ретінде жинап, сұрыптап, бастыру жөнінде де көп еңбек сіңірді. Оның халық мақалдары мен мәтелдерін жинап толықтырып, бірнеше рет кітап етіп шығаруы бүкіл мәдениетіміз үшін мәні зор бағалы еңбек екені даусыз. Осының бәрін Өтебай отыз жасында істеп үлгірді.

Соңғы жылдардың ішінде ол туған әдебиетіне жемісті қызмет етіп, елеулі үлес қосуда: ақын жаңа да жақсы өлеңдер жазып, 1958 жылғы таңдамалы өлеңдері мен поэмаларының жинағына енгізді, өзбектің көрнекті ақыны Ғафур Ғұламның таңдамалы шығармаларын қазақшаға аударды және мақал-мәтелдер кітабын толықтырып қайта шығарды. Әсіресе балалар әдебиетіне аса көңіл бөліп, «Бөдене мен түлкі», «Менің кітабым» атты жаңа кітаптар жазып шығарды. Мұнда да тәжірибелі жасөспірімдер жазушысы халық фольклорының санкилы сюжетін, айқын образдарын, ашық бояулары мен теңеулерін мол пайдаланып, кәзіргі совет балаларының ұғым, түсінігін байытатын, жақсы тәлім-тәрбие беретін, табиғатты, туған жерді, ізгілік пен ерлікті, әділет пен әдемілікті сүйгізетін, жамандықтан, залымдықтан, ұсқынсыздықтан жирентетін көркем туындылар жасаған. «Менің кітабым» деген үлкен кітапқа енген 80 шамалы өлең-тақпақтар, 60 шамалы мысалдар, ертегі-поэмалар, әңгіме-аңыздар Өтебай Тұрманжановтың балалар әдебиеті саласындағы құнарлы еңбегінің қомақты қортындысы тәрізді. Бұл кітап әдебиетшілер мен мұғалімдер қауымының жақсы бағасын алды. Мұндағы шығармалардың ерекшеліктерін ескеріп, толық та терең талдау жасау дербес еңбектің міндеті. Алайда қысқа тұжырып айтар болсақ, бұл кітап Ө. Тұрманжанов талантының өте бір қиын, нәзік салада өзінің оңды қыры мен сырын ашқан, татымды жеміс берген туындысы боп табылды. Осы кітапқа жазған кіріспе сөзінде белгілі балалар жазушы-

сы Сапарғали Бегалин тіпті дұрыс айтқан: «Жазған өлеңдері де, мысал, хикаялары да, ертегі ізімен жазылған жаңа ертегі-поэмалары да халық ауыз әдебиетінен қорланып, көркем кесте, мәнер алады. Жас оқушыларын жас сұңқардай өрге, өнерге, қияға талпынуға, еңбекке, еңбек адамын сүйеге баулиды. Адал болуға, әділ, шыншыл болуға меңзейді... Өтебай шын мағнасында баланың тілін тапқан, бала жанды ақын».

Шынында да Өтебайдың жас бөбектер мен жаңа өспірімдерге арналған өлеңдері шебер жазылған әдемі, оқуға жеңіл, қызықты, әуенді боп келеді. Оның қай өлеңін алсаңыз да белгілі бір сюжетке, диалогқа, қаратпа сөзге, өнегеге құрылған әсерлі, балалардың көкейіне қонымды екеніне көзіңіз жетеді.

Көкек! Көкек, көкек! — деп  
Көкек құстар шақырды...  
Тастан тасқа секектеп,  
Жұмыртқасын жасырды.  
Жұмыртқасын алмайық,  
Жақсы көріп жаз құсын,  
Көбейіп олар ұлғайып,  
Шақырсын жазды, шақырсын! —

деген сегіз жол Өтебайдың «Көкек құстар шақырды» атты он алты жол өлеңін қандай әдемі, қандай мінсіз түйген!

Сондай-ақ «Қанатты гүл» деген өлеңі:

Балалардан бір бөлек,  
Гүл тереді бір бөбек  
Гүлге келсе бір бөбек  
Гүл дегені көбелек.  
«Жан бітті ме гүлге» деп  
Шошып кетті бұл бөбек,  
Сонда бөбек сөзге кеп:  
Көбелек-ау, көбелек!  
Сен де біздей бір бөбек.

деп басталып, ақырына дейін мүдірмей, осы әуеннен, осы сазбен бірде-бір жалықтырмай алып шығады. Оның ертегі-поэмалары да үнемі ашық бояулы, сыңғыр үнді поэзиялық, сезімталдық, эмоциялы көтеріңкі әуеннен бір түспейді. Жазушының жасөспірімдерге арналған әңгімелері де көркем, кестелі.

Сайып айтқанда, Ө. Тұрманжановтың соңғы жылдары айрықша шешек атқан балалар үшін творчествосы

бұл саладағы қазақ әдебиетінің елеулі табысы ретінде көрнекті орын алып отыр. Бұл творчествоның моральдық, этикалық тәрбие жөнінде ғана емес, эстетикалық тәрбие жөнінен де мән-мағнасы өте-мөте зор — ол оқушысын әсіресе сөз сұлулығына, өлең өнеріне тәрбиелейтін таптырмас қымбат құрал.

Оқушыға ұсынып отырған осы жинақтағы шығармалардың ден көпшілігі жазушының соңғы кезде жазған жаңа туындылары.

Оның ішінде Ленинге, туған жерге арналған және достықпен махаббат туралы, еңбек пен нан туралы, өмірдің шуағы мен адамның жастық шағы туралы маңызды, мағналы жаңа өлеңдер бар. Самарқан жайлы өлеңдер циклі бар.

Ақынның қырық жыл бойы творчествосына өзек болған әрқилы жағдайда өзіне тірек, адастырмас шамшырақ болған ұлы Ленин образына қайта оралып:

Үлгі, өнеге еңбегімен саналы,  
Халыққа ырыс әрбір басқан қадамы.  
Шамшырағым, ұлы ұстазым әр істе —  
Ленин өзі коммунизм адамы —

деуінде үлкен заңдылық бар.

Жазушының «Сауысқан» деген өлеңінде жұрт арасына от тастап, бүліктен пайда қарастырып жүретін пәлеқорларды сауысқан бейнесінде суреттеуінде шын күйініштің зардабы сезіледі. «Малға емес, арға бай, досым болса дер едім» деген өлең жолында шынайы достыққа құштар екенін айтқан ақын «Досты дос шайға шақырар» атты өлеңінде бір кезде Сәкен безген жалған достан («Шіркін тауықтан») жиреніп, жүрек түбіндегі («Сыр сандықтағы») асыл сырын сеніп айтатын адал досты аңсауы да табиғи нанымды. Оның өмірлік шыншылдығының өзі осы нақтылығында, ақиқатшыл негізінде. Ал кемшілігін айтсақ, ол көбіне-көп поэзиялық терең ойдың үлкен жалынды сезіммен өріле бермейтіндігінде, бейнелі топшылаулардың орнын бірсыпыра реттерде жалаң қарадүрсін топшылаулар басып, өлеңнің кей-кейде шұбалаңдау шығатындығында.

Бұл жинақтың ең жақсы бөлімі — балалар үшін жазылған өлеңдер бөлімі. Өзінің сүйікті жанрына келгенде ақын құлашын еркінірек сермейтін сияқты. Бұл тұста оның өлеңдері «тілге жеңіл, құлаққа жылы тиіп», төсе-

ліп сала береді. Тегі Өтебай осы жанрды көбірек күйттегені жөн тәрізді.

Өтебай Тұрманжанов қазақ совет жазушыларының аға буынына жататын жазушы екенін көрдік. Енді осы алпысқа келіп отырған кексе әдебиетшіміздің қырық жылдық творчество жолын тұжырып айтсақ, мынадай: Ол әдебиеттің табалдырығын Октябрьге ілесе келіп атады. Ленин туралы өлеңдердің алғашқы жинағының тізушісі және авторларының бірі болды. Ақынның тұңғыш жинақтарының «Таң өлеңдері», «Таң сыры» аталуының өзінде белгілі мағна бар. Ол шынында да Октябрь атқызған бостандық таңының жыршысы болуға талпынды. Қазір сәнді де сәулетті сарай іспетті қазақ совет әдебиетінің берік іргесі мен зәулім қабырғасында Ө. Тұрманжановтың да шама-шарқынша қалаған тасы мен кірпіші бар. Ол алуан түрлі жанр мен тақырыпта ат салысып, отыз бес шамалы кітап пен кітапшалар шығарыпты. Бұл бір адамға аз еңбек, аз үлес емес. Әсіресе оның туған әдебиетке алғашқы дәуірде аздың бірі боп сіңірген еңбегін айрықша ескерсек, бұл еңбектің бағасы мен мәні ұлғая түседі. Ол бір. Екіншіден, қазақ әдебиетінің кенжелеп қалған саласында белсене қызмет етіп, балалар әдебиетіне сіңірген еңбегін есепке алсақ, бұл жазушының туған әдебиетіне қосқан үлесінің мән-мағнасын тағы да асыра түседі.

Ө. Тұрманжановтың ақындық таланты бірден жетіліп кете қойған жоқ. Өйткені оның даму жолында тосқауыл мен тұсау көп болды. Өтебай сықылды таланты бар кедей балаларына совет үкіметі әдебиетке кең жол ашқанмен, жақсы әдебиетші болу үшін жасынан жеткілікті білім, толық әзірлік қажет еді. Ондай білім, ондай әзірлік түгіл, Өтебай 15 жасқа дейін сауатсыз келген ғой. Ол бас-аяғы бес-алты-ақ жыл оқып қатарға қосылған жазушы. Сондықтан да оның ақындық творчествосында әуелгі кезде көркемдігі жөнінен нашар өлеңдер, кейбір қара дүрсіндік, шалағайлық, саяздық кездесетін еді. Бірақ барған сайын, жазушы шарқ ұрып ізденген сайын, тағатпен еңбектеніп, тәжірибе алып, шеберлігін шыңдаған сайын оның таланты да жетіліп, жаңа қырларын аша берді. Соның бір тамаша қыры балалар әдебиетінде бой көрсетіп отыр.

Ө. Тұрманжанов тек талантқа сеніп, ауырдың үстімен жеңілдің астымен жүретін жазушы емес. Жалған талантқа тән көкірек қағу, сұғыну, асу, тасу сықылды мінез оған мүлдем жат. Ол табанды, тиянақты еңбектің адамы. Мейлінше кішіпейіл, қарапайым, адал жан. Өтебайдың өзі туралы айтқан мына бір өлеңінде бірде-бір артық айтқан сөз жоқ:

Адал жүріп, аяндап,  
Тек қана еңбек істедім.  
Сырымды айтсам баяндап:  
Арамнан ас ішпедім.  
Қулықпен жүлде алам деп  
Құлпырып көзге түспедім.  
Өтірік олжа салам деп  
Бусанып бекер іспедім.  
Бірді бірге айдап сап  
Арамнан олжа таппадым,  
Бір көргенде жайнақтап,  
Бұрыла бере қаппадым.

Алпысқа келген аға ақынның талант оты бұдан былай да маздай берсін!



# **ӨРЕНДЕР ОЙЛАР**





## АҚЫН ШАМЫ

Осыдан отыз жылдай бұрын оның алғаш жарияланған бір өлеңінен алған әсерім әлі есімде. Онда мынадай бір жолдар бар еді:

Жалынды жас — қалқыған көкте қыран  
Жалынды жас — шалқыған жердегі ұран  
Жалынды жас — комсомол! Қаһармандық  
Ерлік, күрес — ежелгі сенің мұраң.

Мұның өзі көкке қанат қаққан қыран балапанының тұңғыш үні тәрізді еді.

Балаң дауыстан шыққан жіңішке болса да жігерлі үннен әлденендей ыстық леп есетін, екпінді сарын естілетін. Бұл сарын бейнебір тас бұлақтан шымырлап шығып, тау жылғасын қуалай да тулай ағатын сарқырама іспетті. Ол көпіріп, көбік шашып, күміс бұйрасын, балаша былдырлаған осы бір сүйкімді сылдырын сән, мақтан тұтатын секілді еді. Сол сол екен, содан соң бірер жыл үзіліс тапқан әлгі үн енді соғыс тұсында аракідік майдан қиырынан естіліп жатты. Әрине, едәуір есейген, қатуланған үн. Дұшпанға қатал, досқа жылы жауынгерлік, патриоттық үн...

Жортпас еді-ау, жігіт мұндай,  
Қанды қиын белді аса,  
Отаны мен ошағындай  
Сағынары болмаса!

Бұл жорықтағы жас ақын Хамит Ерғалиевтің сағыныш сезімінің елесі. Өмірге ғашық солдат махаббатының бір көрінісі. Дунайға «Қамыс құлақ» ат суарып тұрып, «дәуірдің аққан ұзын кәрі өзеніне» арнап айтқан өлеңінде Хамит болашақ бейбітшілік өмірге қиял құсын ұшырады да,

«Сол кезде кәрі арнаңа құяр жаңа  
Бұқара елің үшін жырлан бұлақ»,

деп жалпы ақындар жөнінде сөйлегенмен, өз арманын да алға тартады. Анығында да Хамиттың соғыстан кейінгі жиырма жыл өмірі осы арманның жүзеге асуы, оның қайнар көзден шыққан жыр бұлағының поэзия Дунайына гүрілдеп құюы десе боларлық.

Отан қорғау соғысы — ер-азаматтың ой-сезім, қасиет-қаблеттеріне сынақ қана емес, сабақ — ол қатал тәрбие мектебі болды. Ажал оғы қарша борап, адам қаны сел боп аққан қаһарлы да қатерлі жағдайда жауынгер майдан мектебінен ең алдымен жүрек заңын үйренеді, сана-сезімін шыңдайды. Әсіресе шексіз сүю мен шексіз жек көру сезімін болатша қайрайды, ұстартады.

Өмірдің ащы-тұщысын татар-татпаста қолына найза алып Отан қорғауға аттанған жас жігіт Хамит Ерғалиев та өзінің таза уыз сезімін сол сұрапыл майдан көрігіне апарып салып, шындап, жорықта одан ерлік, азаматтық қуат алды. Бұл поэзия үшін таптырмайтын қасиет. Хамит майданнан бейбіт өмір айдынына оралғанда осы қасиет оның тегеурінді ақындық талантына нәр берген қайнар бұлақ көз болды, қиялына қанат, шабытына дем берген өмір дүкені болды. Ол найза орнына қолына қалам алғанда, соғыстан бұрынғы тырнақ алды өлеңдерінің баландығы, жасаңдығы қалып, енді ойлы салмақтылық, мағналы байсалдылық пайда болғанын байқатты. Салқын салмақтылық, бейтарап байсалдылық емес, отты, уытты, барлық шоқ, қуат-жігері іште, тереңде жатқан құштарлық. Сондықтан ақынның «өзегім толған ақ жалын» деуінде логика жоқ емес. Хамит поэзиясының айтпай танитын сипатының бірі осы.

Бейбіт өмірге деген құмарлығы мен құштарлығы бой кернеп, ақын соғыстан кейін жыр бұлағының көзін аршуға құлшына кіріскенде де өзін әлі вахтадамын деп сезінеді және поэзия вахтасының міндетін майдандағыдан кем деп ұғынбайды.

Біз де бүгін вахтадамыз үш есе —  
Ақындардың шамы түнде сөнбейді.  
Жырымыз да партияның мүшесі,  
Партиялық поэзия сөйлейді.

Хамит ержетіп, есейіп, елу жасқа жеткенше де, толқындалған кою шашы ақ бұрыл тартып, биік еңсемен елудің

белін еркін басқан кемелді шағында да өзі қалап тұрған осы партиялық поэзияның вахтасынан тайып көрген жоқ. Оның дарынды талантына тиянақ, көңіліне медеу күштірек, тұрғы — сол халық қызметінің, халық мұратының вахтасы.

Бірақ Хамитке болсын, басқа да сол секілді шын ақындық талант иелеріне болсын, отыз жыл Отан вахтасында тұрып поэзия сынды өте жауапты, орасан зор және нәзік творчестволық міндет атқару оңай іс болмаса керек. Ол былай тұрып, ерекше қиын, айрықша азабы мол қызмет екені белгілі. Бұл жолда ауырдың үстімен, жеңілдің астымен жүріп оңай олжа іздеушілердің көбі жол-жөнекей қалып келеді. Алдыңғы шепте, тек батыл барлаушылар ғана. Поэзияның алынбаған қамалына алдымен барып жол табатын да, сыр түйетін де солар. Хамит Ерғалиев — міне осы сапта. Оның поэзиясы — нағыз барлаушы, шарқ ұрып, жаңалық іздеуші, нысанаға соны сүрлеу салушы тынымсыз да мазасыз поэзия. Әрине, мұндай поэзияның барлық қадамы әрдайым сәтті шыға бермек емес. Себебі барлаушы атаулының тағдыры сол. Көрмеген жердің ой-шұңқыры көп қой. Сондықтан әрбір сәтсіздіктің өзі іздемпаз творчество адамына сабақ.

Ал Хамит творчивосының соғыстан соңғы жиырма жылын алатын болсақ, оның ылғи қияға із тастап, қиын өрге тартатын қасиетін айтуымыз керек. Оның тірнектеп тапқан жемісі де барлық гүлімен, тікенімен, тәттісімен және ащысымен сол қияға, қиынға біткен. Кедр жаңғағы сықылды оның кейбір жаңғағы тіс батпайтындай қатты. Дәнін шағып алу оңай емес. Міне бұл Хамит поэзиясының екінші бір қасиеті.

Ақынның кейбір өлеңдері мен шумақтарының ұғымға ауыр тиетіні сондықтан. Оның ой түйіні «Қиыннан қиыстырылғандықтан». Біздің поэзия сыны ақынның осы бір шиеленісіңкіреп түйілген ой жүйесін шешу жөнінде оқушыларға нақты көмек көрсете қойған жоқ. Бұл әлі сынның мойнында тұрған міндет.

Хамит поэзиясының тағы бір ерекше қасиет, сипаты — оның эпикалық қарымының кеңдігі. Ақынның қаламынан туған он поэма осының айғағы. Бірақ мұны ескі дастандардағыдай ұзақ сонар сырт баяндау мағнасында ұқпау керек. Неге десеніз, Хамит поэмалары жаңа советтік эпостың дәстүріндегі туындылар. Мұнда эпикалық кең құлаш, кең тыныстылықпен қатар, лирикалық теб-

реніс, философиялық толғау, психологиялық мінездеу, драмалық шиеленіс сықылды жайлар қат-қабат. Эпикалық қарымда поэзияның барлық жанрына тән қасиеттерді қорытып, синтез жасау жалпы советтік эпостың қол жеткен ерекше сипаты десек, Хамит поэмаларының да ерекшелігі сол сипаттан табылады. Сонау тұңғыш поэмасы «Әке сырынан» бастап, одан бұрын жаттығу ретінде жазылған екі-үш поэмасын айтпағанда ең соңғы әлі аяқталмаған «Жылдар, жылдар» цикліне дейінгі туындыларының бәрінде дерлік әлгі синтетикалық сипатты аңғарасыз. Соның ішінде әсіресе басым сарын ретінде не лирикалық, не философиялық, не драмалық элементтің үстем екенін көру қиын емес. Мысалы, ата мен бала арасындағы мираскерлік проблема мен терең патриоттық сезімді арқау етіп алған «Әке сырында» және мезгіл туралы, заман туралы, достық пен махаббат туралы толғанысқа құрылған «Жылдар, жылдар» толғауында, сөз жоқ, философиялық сарын басым.

Сондай-ақ ақын жанын жалындатқан, «жүрегінің жауабы» сүйікті қаһарман қызы Гүлжанға арналған ең сүйкімді «Аққу жыры», «Біздің ауылдың қызы» поэмасы мен ақын поэзиясының шалқары, шалқымасы, «жүрекке жүрек жалғаған» «Құрманғазы» поэмасында, ұлы күйшінің кезеңдерін сюжетті эпизодтар түрінде толған эпостық толғауларға өзек болған лирикалық тебреніс басым. Ал еңбек процесін, еңбектегі ерлік күресті, Есболат, Гүлжан секілді еңбек адамдарының кейіп-кескінін, характерін бейнелеуге бағышталған «Үлкен жолдың үстінде», «Сенің өзенің» сықылды поэмаларда әлгі сарындармен бірге драмалық және психологиялық элементтер басым.

Қалай болғанда да, қазақ поэзиясында советтік поэма жанрын қалыптастыруға бір тұста С. Сейфуллин, І. Жансүгіров, С. Мұқанов, И. Байзақов, А. Тоқмағамбетов, Ө. Тұрманжановтар еңбек сіңірсе, енді бір тұста оларға ілесе және жарыса Ә. Тәжібаев, Т. Жароков, Қ. Жұмалиев, Ғ. Орманов, Ж. Саин, Д. Әбілев, Қ. Бекхожин, Ә. Сәрсенбаев, Қ. Аманжоловтар ат салысқаны аян. Ал поэзияға соғыс кезінде келген буынның алдында арынды шабытпен «еркін қанат қаққан жырымен», өзіне өзі үлкен сеніммен, Отан сүйгіш, өмірге құштар патриоттық, азаматтық сезіммен қасқайып келе жатқан Хамит Ерғалиев та қазақ поэмасының қаласына өз «көшесін»,

өз «үйлерін» салуда. Ол салған үйлер басқаға ұқсамауы өз алдына, тіпті бір-біріне ұқсай бермейді. Өйткені стандартпен емес, әрқайсысы әртүрлі архитектуралық «проектімен» (көп ізденіп, көп толғанып жасаған «проектілермен») салынған үйлер. Бұлардың қиындығының өзі осы әрқилылығында. Ал әрқилылық бір жағынан ақынның тақырып өрісінің сан салалығына байланысты болса, Құрманғазы мен Тарас Шевченко есімдерін өзек еткен тарихи тақырып, Чапаев есімін өзек еткен революциялық тақырып, және осы заманның өмір құбылыстарын әр қырынан алған сан алуан тақырып, екінші жағынан ақын жасаған поэма қаһармандарының қайталанбас характер сипаттарына байланысты. Оның үстіне тарихи творчество адамдарына арналған «Құлагер», «Абыл», «Мариям Жагор қызы», «Дала қоңырауы» сықылды көрнекті поэмалардан «Құрманғазы» мен «Аңыз ата» поэмасының көркемдік құрылыс, тәсілдері мүлдем өзгеше. Мұнда сюжеттік желінің үзіліс тапқан тұстарын ой салмағы, эмоциялық образ құрылысы толықтырып отыратындықтан, поэманы желдіртіп оқи алмайсың, кідіріп оқисың. Лирикалық сарынында нәзіктіктен гөрі, Құрманғазының өз күйлеріндегідей, ерлік мақам басым.

Ал осы заман шындығын бейнелеу принципіне келсек, мұнда да Хамиттың өзіндік ерекшеліктері айқын көрінеді — оның адам образдары өмірден алынып сомдалған нанымды, жанды характерлері Шапай, Гүлжан, Әуес, Есболат, Жақсылық — сондай образдар. Бұл ретте ақынның атап айтарлық табысы деп оның поэма жанрында осы заман тақырыбын игеру, осы күнгі ең қиын проблеманың бірі саналатын совет адамының ұнамды образын жасау міндетіне мардымды сыбаға қосқанын атау керек. Бұл жерде алдымен ауызға ілінетін, әрине Гүлжан, Есбол, Жақсылық образдары.

Сонымен Хамит поэзиясының атап өткен үш түрлі қасиет, сипаты ақынның талант ерекшелігіне, оның қазақ поэзиясындағы өзіндік өзгеше орнына, сапа-салмағына, сіңірген еңбегіне күмәнсіз кепіл.

Ерғалиев поэзиясының негізгі нышандары оның алғашқы поэмасы «Әке сырының» өзінде-ақ бой көрсеткен болатын. Поэманың аталуына лайық, ақын мұнда шындығында да сыр шертеді. Қандай сыр ол? Өзінің бақыт, рахаты, қуаныш-жұбанышы, үміт, арманы жас бөбек баласының алдында ағынан жарылған әке сыры.

Бақытына бөленіп күнде елттім —  
Көрген сайын ғажайып күйді шерттім,  
Сендей ұлды заманам күнде туар,  
Сол себепті өзінді мақтан еттім,—

дейді әке. Байқасақ, әңгіме бұл жерде тура және тар мағнадағы қаны бір әке мен бала жөнінде емес, Отанның жас ұрпақтарын бақытым деп есептеп, жаңа туған әрбір замана ұлын мақтан ететін кең мағнадағы азамат әкенің (аға буынның) сыры туралы екен.

Әкесі бөбегіне не сыр айтады? Неміс фашизмі тұтқиылдан шабуыл жасап, ел басына қатер, қауіп туғанда майданда қан төккен, қаһармандық көрсеткен жауынгер әкенің сенімін, арман-үмітін нығайтқан, бойына күш-қуат, жігер берген оның болашағы — бөбегі, Ұлы Социалистік Отаны екенін айтады.

Сау ғой менің жүрегім оқ пен удан,  
Сенім бастап барады, қалман одан!  
Қасірет емес, жаныма жалын құйып,  
Жүрегімде Отан тұр мені туған.

Соғыстағы әкелердің жеңіспен оралуына себеп болған да осы сенім, осы жалын, жүрекке жігер берген осы сүйікті Отан. Философиялық толғау түрінде айтылған әке сыры поэмаға үлкен топшылағыш және лирикалық күш берген. Хамиттың бұдан былайғы поэмаларында белгілі ерекшелік есебінде бекіген философиялық лиризм және психологизм оның әуел баста осы «Әке сырында» орын тепкенін көреміз. Оқиғаның драмалық өрбуіне құрылып шыыршық атқан сюжет мұнда жоқ. Поэманың композициясы ой мен сезімнің синтезі іспетті әке сырын түйіп, кәдуілгі әке мен бала дейтін проблеманы толғау түрінде шешуді көздеген. Сондықтан автордың сөз арасында поэмасын «шалқыма» деуінде өзінше мағна бар. Соғыста не үшін күрескенін, енді бейбітшілік жағдайда не үшін күресетінін тұжыра баяндап, бөбекке «алып заманның солдаты» болған әкелердің «ерлігімен дүннені таңырқатқан» дәстүрін мирас етіп ұсынады әке. Адам үшін, қоғам үшін әр заман әділеттің ұлы көшінің басында болуды, сол үшін құрбандыққа да әзір тұруды қағида тұтады ол. Міне, әке сырының түйіні осы. Бірақ шешуі оңай түйін емес. Поэманың баяу оқылатын себебі — осындай ой арқауының қиын түйілетінінде болса керек.

Қоғам үшін құрбандық етсең, міне,  
Жұдырықтай жүрек бар үкіміңе —  
Егер оны аспанға ат деп тұрсаң,  
Қалай «мен»нің тұншығам түтініне!

Мұнда қоғам үшін құрбандық етуге жұдырықтай жүрегімді қиюға дайынмын деген айқын пікір «егер оны аспанға ат деп тұрсаң, қалай «мен»нің тұншығам түтініне» деген жолдармен қиындалып, түйіншектеліп тұр. Неге десеңіз жүректі аспанға ат дейтін үкім де (жүректі аяма деген мағнада), «қалай «мен»нің түтініне тұншығам» (қалай өз қара басымның тірлік қамынан шыға алмай қалам? деген мағнада) деген баламалар ұғымды ауырлатып тұрғаны анық.

Мұндай ұғымға ауыр жолдар мен шумақтар Х. Ерғалиевтің басқа шығармаларында да аз ұшыраспайтыны рас. Жоғарыда атап қана өткен осы бір мәселе аздап анықтауды қажет етеді. Поэзия туындысының ойы мен пікірі қанша терең болғанмен, түсінуге қиын болмау керек, сондықтан да ол әсерлі, тартымды, еліктіргіш. Бұл белгілі жай. Бірақ ұғымдылық деген жадағайлық, қарадүрсіндік емес. Кейде көркемдік дүниесіне жаңалық қосқан ұлы туындылардың астарлы қат-қабат ойларын ұғыну үшін оқушының тиісті әзірлігі, мәдени-эстетикалық дәрежесі болу қажет. Маркс сөзімен айтқанда көркем өнер сұлулығын тану үшін эстетикалық тәрбиемен жеттіккен құлақ, көз, сезім қажет. Гетенің «Фаустын», Пушкиннің «Евгений Онегинін», Бетховеннің, Шостаковичтің симфонияларын ұғыну үшін құр алақан болмау керек екенін кім білмейді?!

Айтайын дегенін орағытып, тұспалдап, көрінеу қиындатып айтушылық Олжас Сүлейменовте де бар. Езіп-езіп малта болған нәрселерді қайталамай, поэзияға жаңа түр, тәсіл, құрал табу талабынан туған, кейбір зер салып, ойланып оқуды керек ететін ұғымға ауырлау образ, теңеу, балаулар кездесуі табиғи да заңды. Хамит поэзиясындағы ауырлықтарды көбіне-көп осындай талаптың жемісі десе болады.

Алайда мынадай да бір реттер кездеседі. Қалайда жаңалық тауып өзімше айтам деп шектен тыс тырысқан жағдайда, әйтпесе ұйқас таба алмай қиналған жағдайда Хамиттің қисынсыз өлең жолдары мен сөздерді орынсыз қыстап енгізетіні бар. Мысалға: «Әке сырындағы» қатар түскен екі шумақ өленді алып қаралық:

Көп болғанда тәнімді жерге төсеп,  
Сықылықтап әзезіл айтар өсек.  
Ал, рухым — тартылмас ұшан мұхит,  
Жау жүрегі — шөмп етер бір тас кесек.

— Қожасымын, құлы емес, қиялымның  
Жаттығы жоқ бір сағат, я күннің;  
Бәрі менің өмірім, бір тостаған  
Бөге берсін деміне өз қанымның!

Мұның алғашқы шумағындағы «көп болғанда тәнімді жерге төсеп, сықылықтап әзезіл айтар өсек» деген сөздерін сенім емес, шартты түрде айтылған әлде қалай бөгде сөз дегеннің өзінде ақынның образды түрде айтпақ болған «Ал, рухым — тартылмас ұшан мұхит, жау жүрегі — шөмп етер бір тас кесек» деген метонимиялы сөйлемдері қиысып та, келісіп те тұрған жоқ. Рухтың мұхитқа ұқсауы да, жау жүрегінің тас кесек болып сол мұхитқа шөмп етіп түсуі де, қиналып жасаған образ болғандықтан, ешқандай нанымды әсер, нақты картина жасамай тұрғаны даусыз. Ал екінші шумақтағы «қожасымын, құлы емес, қиялымның» деген пікірді дербес құптасақ та, мұның «жаттығы жоқ бір сағат, я күннің» деген пікірге қандай логикалық қатысы барын түсіну қиын. Бір-біріне жанаспайтын осы пікірге жалғаса айтылған «бәрі менің өмірім, бір тостаған бөге берсін деміне өз қанымның» дейтін салыстырма метонимияның алдыңғымен не байланысы, не өз алдына дербес мағнасы жоқ. «Бәрі менің өмірім» деп отырғаны не? «Бір тостаған» дегені не? өмір ме, қап ба? «Бөге берсін деміне өз қанымның» дегені қалай: қанның деміне өмір бөгеді деуде қисын бар ма?

Хамит поэзиясының «Әке сырында» анықталған ерекшеліктері кейінгі шығармаларында бір жақсысы өзінің тәуір жақтарымен тиянақтала бастайды. Айталық, онда көп кездесетін метонимиялық баламалар (бір заттың яки бір құбылыстың орнына екінші затты, екінші құбылысты ұқсатып алушылық) енді айқындала да мағналана түседі. Оқиға дамуына құрылған ұзынрға сюжеті бар «Үлкен жолдың үстінде», әсіресе «Біздің ауылдың қызында» осыны көреміз. Мысалы «Біздің ауылдың қызында» ақын нұрлы айқындық пен сырлы әдеміліктің үлгісін салған. Мұның қай тарауын, қай өлең шумағын алсаңыз да осы үлгі алдыңыздан шығады: кейіпкер қызы Гүлжанның сүйкімді бейнесі, асыл сезімдері, боранның, ыстық даланың,



жазғы түннің суреттері еңбек процесінің көріністері, ақынның лирикалық шегіністері жарқын образ, тамаша картиналар жасаған.

Бірнеше мысал. Гүлжаанның ержете бастаған кездегі кескін-келбеті (портреті) бала шағымен салыстырып өзгеріс күйінде суреттелуі өте оңды шыққан.

Қастарының алшақ тартып арасы,  
Екі беттің таралғанын қарашы!  
Кеп-кешегі бала мұрын қырланып,  
Көздерінің үлкейіпті шарасы.

Жүруші еді суреті де жадымда,  
Жаза бердім бірден тани қалдым да:  
Оң көзінің астындағы жалғыз мең,  
Баяғы бір қара тамшы қалпында.

Қандай дәл, қандай анық, қандай тауып айтылған шынайы портрет! Өзің көріп, өзің сүйсінгендей қыз бейнесі емес пе бұл? Басқасын былай қойып, «оң көзінің астындағы жалғыз мең» «баяғы бір қара тамшы қалпында» деген деталь қандай керемет қызмет атқарып тұр дейсіз! Бұл жерде жалғыз меңді «қара тамшы» деп алу ұғымды қиындатып тұрған жоқ, қайта, керісінше, образды ашып, айқындап тұр, әсерді күшейтіп тұр.

Жансыз нәрсені жандандырып суреттеу де «Біздің ауылдың қызы» поэмасында поэзия тіліне күш, көрік беріпті. Абайдың қысты жандандырып суреттеген дәстүрін бетке ұстап Хамит:

Одан бері бүрсең қағып өтті күз  
Тізілді де әлдеқайда кетті құс;  
Басқан жерін сықырлатып, баяғы  
Бабам айтқан ақсақалды жетті қыс.

Күндіз боран талдың басын жұлады,  
Кешке қарай ішке демін жымады;  
Жаудың түнгі бомбасынан сақтанып,  
Қараңғыда қала көзін жұмады.

Мұнда «бүрсең қаққан күз» бір ауық талдың басын жұлған, бір ауық «ішкі демін жиған боран», «қараңғыда көзін жұмған қала» жанды мақұлықтың қимыл-әрекетімен алынғанмен, оқушыға ешқандай күдік, дүдәмал туғызбайды. Өте орынды, эмоциялық жөнінен өте ұтымды! «Өз көзімен қыздың қолын аязға қолғабының сыртынан сүйгізіп кеткен» кешкі күн, «қызранышты қыз бетін суық

қолмен сипап өткен» боран, «су түбінде аунақшыған» ай мен жұлдыз, «қыздың шашын сипап», «арқасын қағатын» жапырақ, «шықтан моншақ тағатын» бала бұтақ, «кейде қыздың етегін тартатын тәртібі жоқ тікенек», тағы осындай көп-көп табылған баламалар мен әсірелеулер Хамиттың өз бағытында теңдесі жоқ табысы.

Біз Х. Ерғалиевтің стиль ерекшелігі мен осы жөніндегі іздемпаздығының сәтті, сәтсіз жақтарын қатар қарастырып келдік, өйткені көп шығармаларында бұл екеуі қатарласып отырады. Көріп отырмыз, ақыры «Біздің ауылдың қызында» ақынның сәттілігі бірыңғайланып, Ерғалиев стилі қазақ поэзиясының жаңа бір стильдік бағыты боп қалыптасты.

Елуге келген алқапты да арналы ақынның творчествосын қысқаша қорытындылап, тынымсыз талап-талпыныста, ізденісте өндірген дүниесін есепке алсақ, бір басқа аз мүлік емес екен. Тіпті өз алдына бір төбе дерлік бар. Бірақ бір өкінішті жай — осы дүниеліктің ішіне кіріп, асылы қайсы, жасығы қайсы деген шекті осы күнге дейін анық ажыратпаппыз. Үлкен ақынның творчествосына байсалды сын, ғылыми талдау болмапты. Киіп кетіп, немесе түйіп кетіп атүсті айтылған асығыс та ағат пікір мен бағалар көп қырлы поэзиялық творчествоның бетінде, сырын да аша алмаған.

Бір ғана шағын мақаланың көлемінде бұл міндеттің ұштылығынан шығу қазірде мүмкін емес. Біз мұнда бір ғана стиль мәселесіне көңіл аудардық. Жан-жақты талдаған сын Хамит жасаған мол дүниеден басқа да мінкемшілік табар ма еді, қайтер еді... Ақиқатында, сол көп мүліктің ішінде кемелді туындылармен қатар, жеке картина, образдармен қатар, илеуі, пісуі жетпеген, схемамен үстірт алынған, көмескі, күңгірт шыққан кедір-бұдыр жай-жағдайлар да жоқ емес, әрине. Мысалы, жоғарыда стиліне қатысты, атап өткен бір ғана «Үлкен жолдың үстінде» поэмасын алайық. Мұнда, айталық, Есболат образы қандай жанды, жарқын, жайдары шықса, Попов образы сондай жасанды, схемалы болып шыққан. Сондай-ақ «Сенің өзенің» поэмасындағы райком секретары Айболов образында да плакаттық жай жоқ емес. Салған жерде-ақ автор асығып дайын мінездемесін алға тартаған:

Столында электр шам тұр өшпей,  
Шайын суық қалдырыпты түк ішпей;  
Жүз алтыншы беті ашылған роман,  
Шылымын да сүйей салған түгеспей.

Мұнымен бірге осы поэманың өзінде ақынның сүйікті образы Гүлжанмен қатар МЖС директоры Шапайдың ұнамсыз характері де жақсы жасалған. Ал енді ақынның ойлы, мағналы, салмақты жұмыр өлеңдерінің арасында бұлдыр, ұғымға ауыр, кейде ұйқас үшін әкеп енгізген жолдар мен сөздер жүреді. Әлгі поэмасының басталған жеріндегі шумақтардың өлеңдік, көркемдік қасиеттері қандай оңды! Әйтпесе екінші тараудағы Есболаттың кескіндемесі мен мінездемесі, төртінші тараудағы Есбол мен шофердің диалогі, содан кейінгі шөл даланың қуаң суреті қандай қарапайым сөздермен, қандай жатық, әдемі өлең өрнегімен берілген!. Сондай бір өлең шумағы мынадай:

Көрінген сонау қыркадан  
Кепілім болсын ала таң!..  
...Қағып та қойды арқадан  
Жұп-жұмсақ таныс алақан.

Қаттасқан бояу, көпірген сөз жоқ. Сараң тізілген қарапайым сөз тіркесі азаматтық асыл сертті атқан таң мен жұмсақ алақан бейнесі арқылы жақсы-ақ жеткізіп тұр. Сонымен қатар поэзияда мынадай да өлең өрнектері кездеседі:

Ол шіркін өзім екенмін  
Бұл қалпымнан үлкендеу  
Әлде де сырын шекемнің  
Ашар ем, әттен, тіл кемдеу!

«Жүрек сыры» деген бар, ал «шеке сыры» ұғымға сыймаса керек. Және өлең жолдары мен ұйқастарының да логикалық ішкі байланысы шамалы.

Хамит поэзиясының осындай жерлеріне көбірек көз тіккен сын бір кезде оны жалпы ұғымға ауыр деген пікірді басып өтті. Оның жаны да бар. Бірақ байыбына барған кісіге ол дәл бұлай емес. Үстірт көзге Хамит туындыларының ұғымға ауыр көрінетіні тек әлгіндей жеке шумақтардан ғана емес (сөз жоқ, оның да мәні бар), негізінде өлеңдерінің ойға құрылатындығынан, образ жүйесі мен интонациясының үйреншікті емес, тың жаңа тә-

сілдерді және құлаққа соны естілетін ырғақ, әуендерді өзек ететіндігінен.

Осыған орай «Құрманғазы» поэмасы (дұрысында өлеңмен жазылған романы) көбірек тілге тиек етіледі. Хамитке хас стильдік «қиындықтардың» ерекшелік түріндегі кейбір көріністерін басқа поэмаларынан да байқап көрдік. Ал «Құрманғазы» болса, бұл ақынның сүйекті де сүйікті және көп еңбектеніп, беріректе шығарған туындысы. Мұнда оның туған жер, өскен өлке, сүйікті қаһарманы — күй атасы Құрманғазы туралы өзінің өмір жолында көрген-білгенін, көңілде түйгенін түгел ортаға салған, қалтқысыз баяндап, толғана да толғай сыр төккен жүрек жырын естисіз. Романның «Арнау» дейтін оңды кіріспесін осы жырдың өзегі десе болады.

Мұндасы, көшкен елдің қиялдасы,  
Ал, тебірен, ақ сақалды күй атасы.  
Келеді сені тыңдап баяғыдан  
Өлкенің өзен, тауы, қия тасы.

. . . . .  
Бір қызық мені туды толғасын деп,  
Адамның асыл жанын талғасын деп.  
Бұлынғыр замандағы ата Құрман  
Жүрегін жүрегімен жалғасын деп.

Құрман атаның құдретті күйімен өзінің оған арнаған жырын, баба жүрегі мен бала жүрегін жалғастыру — Хамиттың айнымас серті, алға қойған мақсаты. Бұл сертін, бұл міндетін ақын қалай орындап шыққан.— Міне әңгіме сонда.

Романда «Арнаудан» соң келетін «Пролог орнына» дейтін кішкене тарау бар. Бұл сөз еткелі отырған Құрманғазы күйшінің «бұлынғыр заманы», «азасы көп» трагедиялы өмірі жайында қысқаша ақындық толғау. Қысқа болса да тұтас бір замана тұлғасын көз алдына әкелетін бүтін бір әсерге бөлейтін, әсем поэзиялық өрнек боп шыққан. Тың образдармен түйіп, ақын, «құм қазағының» кеуде жарған кекті зарын, күйін, ізінде қан қалатын барымтаны, махаббатынан айрылып, жүрегі жаралы болатын жасты, бақыты жанбай, еңбегі еш болатын жұртты, ғаламат аштыққа ұшырататын обыр жұтты, адамды қырғынға, үйді өртке ұшырататын жаугершілікті тізіп өткен. Сұм заманның бейнесін елестету үшін әбден жеткілікті көріністер. Алайда оқушыны көркем әсер, сезімге бөлеп, жаңа поэзиялық дүние ашып тұрған образдар жүйесі.

Ұнамды образдар ортасында ең биік шоқысы Құрманғазы болса, оны кей жақтарынан көтеріп, толықтырып тұратын асыл ана Алқаның, сүйген қосағы Әуестің образдары әр тұста жарқын көрініп отырады. Ұлы күйшінің сүйікті шәкірті Дина мен Айжан қыздың, композитор досы Қазанғап пен Қашағанның, түрмедегі сырлас досы Лавочкиннің образдары алуан түрлі жақсы адамгершілік қасиет, сипаттарымен таныс.

Ал енді сол ардагер Құрманғазы образының көркем, нанымды, толық қанды боп шығуына екінші жағынан «қызмет» еткен ұнамсыз кейіпкерлер тобы. Олар: пасық бай Дөңбай қажы, ала аяқ айлакер Ақбаев, сұм сот Әбіл, қаракшы Төремұрат, ақылды дұшпан, Орынбор губернаторы Перовский, тағы басқа сондай әрбір эпизод тұсында көрініп қалатын үстем тап өкілдері. Бұлар әрқилы жағдайда (соқтығыста, тартыста) Құрманғазыға қасастық еткендер. Бірақ осы арада ескеретін бір нәрсе: тартыс желісі драмалық шиеленісі жөнінен ширақ емес сияқты, әр кезде үзіліп немесе босаңсып қалып отыратыны бар. Ол, әрине, басты кейіпкердің әртарап ортада жүруіне де байланысты шығар. Қалай болғанда да, оқиғаның динамикалық дамуының бәсеңсуі оқушы әсерін де бәсеңситетіні даусыз. Оның үстіне оқушы әсерін тежейтін бір жағдай стиль ауырлығы деседі.

Ал енді осы жөнінде, расында ұғымға ауырлау тиетін жайлар жоқ емес, бірақ ол неліктен десеніз автордың жақсы ниетінен. Ол оның тыңнан соны образ жасаймын деген талабынан туындайды. Мұнысы бірде сәтті, бірде сәтсіз. Мысалы, бірдеңені тура айтпай, жанамалап немесе тоспалдап айтады, не баламалап, не жұмбақтап айтады. «Махаббат күнде болды көзден ғайып» (сүйген жарынан айрылу мағнасында), жиіркенбей сапты аяққа құйып алып, адамның ащы терін адам жұтты» (еңбектің сор болғаны мағнасында), «жұт жылы жер қойнына тас-таламын» (өлемін деген мағнада) деген сияқты. Ал жаугершіліктегі сұрапыл ұрыстың бейнесін қалай берген дейсіз:

Айқассаң тонаушынмен жете салып,  
Қаныңа суытасың төсің малып.  
Жағасын жаңа тіккен шапаныңның  
Ақ құйын ат үстінен кетеді алып.

Мұнда «салып» деген сөзге «малып» дегеннің ұйқасуы болмаса, «қанына суытасың төсің малып» деген жолдың

образдық үйлесімі ұнап тұрған жоқ! «Жағасын жаңа тіккен шапаныңның, Ақ құйын ат үстінен кетеді алып» деген жолдардың да логикалық қисындылығы болсын, образдық жарасымдылығы болсын, оншама оңып тұрған жоқ.

Бұл секілді мағнасы кем қиындықтар романның өн бойында, әсіресе екінші бөлімінде, барған сайын азая береді — оның орнына айқындық бел алады; бұлттан шыққан күннің жарығы іспетті айқындық, анық идеяның, ашық ойдың ақындық айқындығы. Осы тұстарда автор тұсауын алған аттай қарыштай сермейді. Оқушы да арқасы босап, тынысы кеңіп, эстетикалық рахат табады.

Енді жоқ мөлдір көзді түн сұғанақ,  
Боз торғай — бұтадағы тыңшы қонақ.  
Әлгіде көтерілді әшкереге;  
Шағылдан шашырайды күн сығалап.

Табиғаттың бір ғана заматтағы көрінісін сараң суреттеген жалғыз шумақта үш түрлі табылған оңды образ («мөлдір көз сұғанақ түн», «бұтадағы тыңшы қонақ боз торғай», «Шағылдан шашырап сығалаған күн») орын тауып, мұншалық айқын, әдемі картина жасап тұрғаны ақынның кемелденген поэзиялық күшін танытады. Бұл ғана емес. Ақын бізді ауық-ауық осындай жарқ етер табыстарымен тәнті етіп отырады. «Мінгені әлде құла, әлде торы, жабудай жамылыпты өз көбігін», «тұрды ма кірпігінде мөлдір моншақ, қадала қарағанда таң жүзіне», «Аузынан шыққан шылым түтіні де, сұмандап жөнеледі сұр жыландай». «Әр адам теңіз-дүние бір толқыны алады жүзе білсең арқасында», деген сықылды толып жатқан бейнелі де бедерлі жолдары шығармада шашыраған маржан іспетті әсер етеді.

Ал сонымен бірге сом алтындай тұтас әсер ететін тараулар мен үзінділер де романда баршылық. Жоғарыда айтылған «Арнау», «Пролог орнына» деген кіріспе толғаулар қатарында Құрманның балалық шағын сүйікті де сүйкімділікпен суреттеген «Қозыбақ сазы», Құрманның үлкен адамдық жүрегінен, жомарт дарынынан алғаш хабар берген «Ақсақ киік», Құрманның жылқы баққан ауыр күйін, сүйген жары Әуестен еріксіз ажырағанда анасынан бата алып намыс үшін ерегесе атқа мінген тұсын суреттейтін «Ерегес» тараулары бірінші бөлімнің, сөз жоқ тәуір тараулары. Басқа тараулардағы Әуестің сот алдын-

да айтқан сөзі («Сот алдында»), Құрманның түрмеден қашқан тұсында ақынның оқушыға арнаған лирикалық шегінісі («Бұқарасын»), Айжан қыздың көркі мен күйінің сипаты («Айжан қыз»), Құрманның айдалып бара жатып Нарынмен қоштасып, дұшпанға қарсы қайрат шақыруы («Ұстаз») үлкен шабытпен жазылған үзінділер. Соның біреуін-ақ келтірейік:

Құрманғазы Сағырбаев иә, мен,  
Келем өрлеп қиын шатқал қиямен  
Нарын, сені тағы тастап кетем-ау  
Бүлінсең де өзім туған ұям ең!..

Барам-дағы. Бармаған ол торым ба?..  
Құдайлардың наказдарын орында!  
Кетсеңші тек қазақ аттан садаға,  
Шен-шекпенді түбірінмен орыл да!..

Ұры-сотқар сендерсіндер «төре ағам»,  
Жазықсыздың жан қызығын тонаған.  
Заулап барып түсер едім тақсырға,  
Өттен дүние-ай, сыпырылса, томағам!..

Дәл Махамбетше сілтемей ме? Шернияз, Сүйімбай, Жамбыл, Бекболат үндері жоқ деп кім айтады осында?! Хамиттың жаңашылдығы құр ылаға шабу емес, халық поэзиясының жанасымды да жарасымды жалғасы екені айқындалады бұдан. Кәдуілгі туған жер десе жүрегі қақ айрылатын, дұшпан десе қатуланып қаһарға мінетін халық жаршыларының сарыны... Ал солай болса, жаңалығы, жалғасы қайсы? «Келем өрлеп қиын шатқал қиямен», «Кетсеңші тек қазақ аттан садаға, шен-шекпенді түбірінмен орыл да», «жазықсыздың жан қызығын тонаған» деген образды ұғымдар жазба әдебиетке ғана хас. Бұл, дау жоқ, Хамит енгізген жақсы жаңалықтар.

«Құрманғазының» екінші бөлімінде шынайы ақындық серпінмен жазылған тараулар көпшілік. Мұнда Құрманғазының қуғын-сүргінге, қауіп-қатерге, қайғы-қасіретке толы шырғалаң өмірінің ізін қуған роман сюжеті бізді әрқилы жай-жағдайдың кепілі етеді. Ең қызығы: бұдан біз ұлы композитордың бәріміз білетін белгілі күйлерінің қашан, қалай туғанына көзіміз жетеді, әрбір күйдің туу себебін, терең сырын түсінеміз. Мұндай кезеңдердің салқын қанмен, селқос, серпінсіз жазылуы мүмкін емес. Ақынның екінші бөлімде көсіле де серпіле түсу себебі сондықтан болу керек.

Құрманғазы қамалған абақтының суреті, абақтыға анасы Алқа барған жолы көзіне жас алған Құрманды анасының шапалақпен тартуы, әсіресе ананың Құрманға қайрат, жігер бере айтқан өсиеті; Құрманның «Қайран шешем» күйін шығарарда анасына айтқаны; абақтыда бірге болған жан серік жолдасы Лавочкиннің жәрдемімен түрмеден қашып шығып қызыл қайыңның бұтағына қонақтауы; Құрманның Динамен танысып қоштасарда айтқаны; Айжан қызбен қайта ұшырасқанда қыздың Құрманға шаққан мұңы, Құрманның Төремұраттан тайсалмай шындықты бетіне басып сөйлеуі; Құрманның арқаны аралап қайтып, Қазанғаппен кездескенде туғандықты «Сарыарқа» күйінің сипаты — мұның бәрі шығармаға қадау-қадау көрік беріп тұрған шынайы поэзиялық өрнектер. Қазақтың байырғы халық тілімен безеліп, мүлтіксіз өлең ұйқастарымен көмкерілген оңды өрнектер.

«Құрманғазы» соңындағы эпилогті есептемегенде, «Көбік шашқан» тарауымен тынады. Бұл тарау осы аттас атақты күйді туғызған жағдайды (Құрманғазы Қашағанмен бірге отырғанда жағадағы жұрттың теңіздің тулауынан намыстыға ұшырап қалуын) суреттейді.

Ал соның алдындағы «Сарыарқаға сапар» деп аталатын тарау романның шарықтау шегі дерлік ақынның шыққан ең биік шыңы. Олай дейтінім: Құрманғазы образының тұлғаланып, ұлы күйшінің керемет күйлерінің, оның ішінде ең күдіретті күйінің бірі — «Сарыарқаның» сипаттамасы мен мінездемесі осында берілген. Әнші, күйші туралы поэзиялық шығарма бір «Құрманғазы» емес. Бұдан бұрын да І. Жансүгіровтың, Иса Байзақовтың, Әбділда Тәжібаевтардың поэмаларын оқығанбыз. Хамит Ерғалиев қазақ поэзиясында осы салада қалыптасқан жақсы дәстүрді дамыта отырып, хорға әкеліп өзінің пәрменді үнін қосқан. «Сарыарқа» күйінің туу процесін суреттей келіп, ақын Құрманның туған еліне қайтар алдындағы көңіл күйінің музыкаға қалай айналғанын айнытпай көрсетеді.

Әйтеуір, дүние бір дүрлігеді.  
Бұл некең күдіретті бірлік еді?..  
Долы жан сабап барып домбыраны,  
Сағадан саусақтарын бір бүгеді.

Күшті ме жалындаған өрт осыдан  
Мұхиттай бұл сағатта от тасыған.  
Қайран ер қайта барып түйлігеді-ау  
Аңсаған арманының ортасынан!



Дегендей: «Апық көрер салтанатым,  
Қайратым қалың қолдан сол табатын,  
Жоғалтса екі басты самұрық пен  
Хан тақсыр, патша құдай, сұлтан атын!»

Міне бұл «Сарыарқа» күйінің идеялық мазмұнын ашқан өлең. Өмірде соққыны, қиянатты, қудалауды көп көрген Құрманғазы өзінің барлық қоғамдық, творчестволық күрес, әрекетінің қорытындысы іспетті сол бір күйде қалың қолдан қайрат іздесе, «екі басты самұрық (патшалық — М. Қ.) пен хан тақсыр, патша құдай, сұлтан атының жоғалуын тілесе — ол шығарманың негізгі қаһарманының сана-сезімі қаншалықты жоғары деңгейге көтерілгенін аңғартса керек.

Романның «Арнауында» ақсақалды күй атасының образына өзек етіп алынған «көшпелі елдің қиялдасы» дейтін балама «Сарыарқа» күйінің соңында екінші түрде қайталанып жаңғыруы да жай емес. Ол романның өн бойын қуалаған эмоциялық арқаудың бейне бір түйіні іспетті эстетикалық әсерді әдемі жинақтайтындай:

Шалқиды көшкен елдің қиялдасы,  
Сор-азап соңғы туған күй атасы,  
Түп-түгел көз алдында қозғалады  
Өлкенің өзен, тауы, қия тасы.

«Сарыарқа» күйі және ол туралы тарау «Құрманғазы» романындағы жарықтау биігі десек, тұтас алғанда, бұл туынды жалпы Х. Ерғалиев творчествосының биік бір шоқысы. Сондықтан да бұл туындыға толығырақ тоқтауға тура келді. Мұның тағы бір себебі: «Құрманғазы» романы Хамит Ерғалиевтің творчествосынан екінші бір тақырыптық жол ашты. Ол өнер адамдары туралы тарихи тақырып. Алғашқысы «Әке сырын», «Жас ананы», «Үлкен жол үстіндегі», «Біздің ауылдың қызын», «Сенің өзеніңді», «Оралдағы отты түнді» туғызған революциялық және советтік тақырып болатын.

«Құрманғазы» романынан кейін Хамиттың қол ұрған «Аңыз ата», «Жылдар, жылдар» поэмалары әлгі екі жолды қуған. Бір кезде Қазақстанға жер айдалып он жыл өтеген украинның ұлы ақыны Тарас Шевченко жайындағы аңызға құрылған «Аңыз ата» осы күнгі қарама-қарсы екі дүниенің сиқы туралы автордың білгені мен түйгенін баяндаған «Жылдар, жылдар» атты фрагменттер де

ақынның жаңа ізденістерін аңдатады. Бұл ізденістерінің жемісі әлі алда болса керек.

Әдебиет құбылысының қазысы да, таразысы да халық, қалың оқушы, әсіресе жас ұрпақ қой. Ел аралай жүріп, біз барлық атаулы ақындарымыздың айрықша сүйіп оқитын оқушылар қауымы бар екенін көріп жүрміз. Әрбір ақынның өзіне ұқсас жазатын әдеби шәкірттері де байқалады. Сондай оқушы, сондай шәкірттер Хамитта да баршылық екен. Орта буын ақындардың ішінен әсіресе Қ. Аманжолов, Ә. Тәжібаев, Х. Ерғалиев, Қ. Бекхожин, С. Мәуленов, Ж. Молдағалиев сықылды сақа ақындардың ықпал-әсерінің күшті екенін көреміз.

Мұны көргенде баяғы таныс образ — ассоциация көз алдына келеді. Бір кезде тас бұлақтан көз алған сарқырама бүгінде кең кемер жайып, толықсып, байтақ далаға, егін жайға шыққан үлкен өзен. Ол енді көбік шашпайды, баяу, терең ағады. Одан енді қалың жұрт сусындайды. Бұл қазіргі өскелең қазақ поэзиясы «Ақын жаны кейінгі оның толқыны», «нағыз шыным өзен осы — сенікі» деп Хамит айтқандай, өзінің толқыны, өзінің ағысы бар ақынның қай-қайсысына болса да (оның ішінде, әрине, Хамитқа да) «бұл сенің өзенің» деуге хақымыз бар.

Ақын, жазушының юбилейі тұсында әдетте «бергенінен берері көп» деп тым ауыр міндет арқалататындық бар. Хамитқа біз мұны айтпайық. Неге десеңіз ақынның бергені аз емес, сондықтан артықты тілемей-ақ, біз оның енді берері аз болар, көп болар соның саз болуын, сапалы болуын қалайық!

Бүгін алпысқа қарай қадам басса да жаны жас, дарынды ақын мәдениет космосында дарқан таланттының жаңа қырларын ашып, әлі де талмай өрге тарта берсін! Ақын шамы сөнбесін!

## СЫРБАЙ СЫР ШЕРТКЕНДЕ

*Сыр сандықты ашып қара,  
Ашып қара, бырласым.  
Сым пернені басып қара,  
Басып қара — жырласым!*

*(Сәкен Сейфуллин)*

Сырбайдың соңғы жинағын<sup>1</sup> оқығанда Сәкеннің сыр сандығы еске түседі. Мұнда да әрбір өлеңі бейнебір жүрек пернесіндей діріл қағып, ақынның жан құбылысынан хабар береді. Әрине, лирик ақында басқаша болуы мүмкін де емес. Аңдап отырсам Сырбай ширек ғасыр жыр төгіп, сыр шерттіпті, халық жанын сусындатып, көп жастардың мейірін қандырыпты. Сондықтан сүйікті ақының есіміне оқушы қашаннан қанық. Оның — «тілге жеңіл, жүрекке жылы» тиетін өлеңдері бұрынғы жинақтарынан, газет, журнал беттерінен белгілі. Мына «таңдамалы» деп аталған қомақты кітапқа Сырбайдың барлық шығармалары емес, ақынның өз айтқанындай, соңғы жылдары жазған шығармалары мен ертеректегілерінің 1958 жылғы таңдамалысына енбеген некен-саяқ өлеңдері жиналған. Бұлар кітапта тақырып, мезгіл межесіне қарай топталып орын тепкенін көреміз.

Қай тарауын оқысаңыз да алдымен ақынның өз бейнесін көресіз, өз үнін естисіз. Оның өзі айтқандай, әрқайсысынан «әртүрлі көңіл күйін» сезінесіз.

Адам көңілі, әсіресе ақын жаны ауа райы тәрізді құбылмалы ғой. Бұлай болуының толып жатқан себептері бар. Айнала дүние, қоғам, үй іші, әрқилы жағдай, әрқалай адам — осының бәрі ақынның көңіл күйіне айрықша

---

<sup>1</sup> Сырбай Мәуленов. «Шаңқай түс». Таңдамалы шығар. «Жазушы» А., 1966.

әсер етеді. Айрықша дейтінім — өзгеге қарағанда, ақын айналаның әсерін алабөтен күшті, өткір сезінеді. Ақын жаны гүл секілді сезімтал — ыстық пен суыққа да, жарық пен түнекке де сыр білдіреді, су секілді толқыма-лы — дауыл тұрса бұрқанады, жел тұрса толқиды, самал ессе тербеледі. Әсердің сол күштілік, өткірлік күйіне қарай, ақын жанында үлкенді-кішілі із қалады. Өлеңдегі әсер мен сезімнің де шама-шарқы әлгі іздің аумағы мен тереңдігіне саяды. Бірақ бұл біржақты құбылыс емес. Поэзияға әсер етуші күшпен қатар әсер алушы күш үлкен роль атқарады. Пәрменді талант ұлы оқиғадан да, болмашы оқиғадан да күшті әсер алады, ал пәрменсіз таланттың алатын әсері, қай-қайсынан да әлсіз, үстірт.

Пушкиннің қайғылы өліміне тебренбеген адал адам болмаған шығар, бірақ Лермонтовтың тебренуі алабөтен ғой. Жар сүймейтін адам жоқ, бірақ сол сүйіспеншілікті Пушкин сықылды ұлы махаббат сезімі дәрежесіне жеткізу ұлы ақынның ғана үлесіне тиген. Паспорт алғанда селт етпейтін совет адамы жоқ, бірақ Маяковский сықылды бұл істі ұлы патриоттық сезімге бөлеген адам аз-кем шығар. Совет адамының космосқа ұшуы сықылды керемет оқиғаға таң-тамаша қалып, шаттанбаған кісі жоқ, бірақ сол шаттықты Олжас Сүлейменовтей шабыттана жырлаған ақын көп пе?

Сырбай өлеңдерінде жосылып ақынның өз басынан кешкен өмір әсерлерінің іздері жатыр, оның неше саққа жүгіріп, құбылған көңіл күйінің көріністері көзге елестейді. Осы мағнада оның кітабын «сыр сандығы» десе де, «күй сандығы» десе де болғандай. Олай дейтінім: ақынның өлеңдерінен әрі сыр түйеміз, әрі күй естиміз. Бірде ақын балғын жастық шағы сұрапыл соғыста сарып болғанын шағады. «Мың гүлдер солмасын деп, гүлдей жастық күнімді бердім» дейді, бірде ол сүйген жарды, туған жерді жырласа, бірде өлім аузынан арқалап алып шыққан санитарканың жарқын бейнесін алғысқа толы жүреппен егіле жырлайды, бірде жауға қарсы нажағайдай атылған совет жауынгерінің жалынды жігерін, бірде жалғыз ұлынан, екі көзінен айрылған ана кегінің қажырлы қаһарын көреміз. Бірде ұрыста оққа ұшып жан тапсырған халық сүйіктісі Анька партизанның жүрегі «көк орманда гүл боп желбірегені суреттелсе, бірде соғыстан қайтқан солдаттардың түнеріңкі түрі, тұңғыық ой-сезімі сипатталады. Мұның бәрі соғыс тақырыбынан туған өлең-

дер. Мен бұларды жинақтағы өлеңдердің ең сұлу, ең сәтті шыққандары дер едім. Себебі — мұнда нақты деректілік пен дәйектілік бар, шынайы шындықты айту бар. Әскери, патриоттық өлеңдер — Сырбайдың өз басынан кешкен, өз көзімен көріп, өз жүрегімен тебренген жайлардың жемісі екені айтпай танырлық. Сонда ол өзінікі ғана ма? Жоқ, өзінікі ғана емес, өзгенікі де. Ол өзі сықылды сансан солдаттардың сана-сезімін, сыр-сипатын танытатын ақиқат ақындық толғаныстар. Сондықтан да ол нанымды, әсерлі — әркімнің есіндегісін, көкейіндегісін тапқан жүрек жырлары. Сондықтан да Сырбай сыры жеке басының субъективтік сезімімен қабат көпке ортақ объективтік қоғамдық сезімді түйген.

Түскесін ауыр басқа күй,  
Болмасын соғыс — қанды апат,  
Қалмасын жетім жас сәби,  
Қалмасын жесір махаббат.

Соғысқа қолын ғана беріп қоймай, «жалын кешкен жастығын», жанбай сөнген махаббатын шалған ақын ендігі ұрпақтың сол жастығы мен махаббатын қызғыштай қорғауы қандай орынды, қандай әсерлі!

Мұның өзі насихат түрінде айтылғанмен, көптеген образ, суреттерден табиғи жолмен туған әрі өзекті, әрі жинақты пікір. «Он сегізде әскермін», «Қайың мәйегі» «Тыңда, жолдас комиссар», «Қан майданнан хат салып ем», «Әскери әсерлер», «Қарлығаш», «Солдат күрегі», «Өлтірмек болды», «Окоп», «Госпитальдар», «Соғыс жолы», «Солдат пен құс» т. б. өлеңдердің көркемдік түйіні де осы пікірді арқау етіп, жастық пен махаббатты қастерлеуге, өмірді, туған жерді сүйеге, қорғауға, өліммен, зұлымдықпен тайсалмай табанды күресуге саяды. Оның барлық басқа өлеңі де, шындығында, осы адамгершілдік, өміршеңдік, отаншылдық идеяны ұйтқы еткен. Ақынның:

Мен өлімге қарсымын  
Мен өмірге жаршымын.  
Мен заманның даусымын,  
Осы менің бар сырым.

деуі бүкіл жинақтың мазмұнымен ақталған.

Осы сыр — өлімге қарсы қасарыс, өмір үшін, заман үшін жан-тәнімен жар салу — Сырбай өлеңдерінің негізгі сарыны. Соғыста өзіне қауіп боп төнген өлім қатерін

ақын өзімдікі демей, «тумаған ұлын», «тумаған немересін» өлтірмек боп оқталған қатер деп қарауы өлеңге терең мағна, салмақ, өткір бейнелі күш беріпті.

Солдатты өлімнен алып шыққан кішкене санитарка қыздың образына қараңызшы.

Менімен бір кірпік қақпай,  
Түндер бойы көз ілмедің.  
Кіп-кішкентай болсаң да өзің,  
Шіркін қандай төзімді едің.  
Өрт ішінен алып шықтың,  
Қансырап мен жатыр едім.  
Кіп-кішкентай болсаң да өзің,  
Шіркін қандай батыр едің.

Сен болмасаң жолда қалып,  
Жастанар ем бір төбені.  
Кіп-кішкентай болсаң да өзің,  
Жаның қандай үлкен еді.

Жарқын образ! Тамаша өлең! Асқақ сөз де, адуын екпін де жоқ мұнда. Өзінің қарапайымдығымен, нәзік интонациясымен жүрекке жылы, жанға жағымды өлең. Үш шумақ өлең бойына тартылған ой желісі: солдат пен санитарканың майданда ұйқысыз өткізген түндері, санитарканың солдатты өрттен алып шығуы, соның арқасында оның тірі қалуы. Былай қарағанда, пәлендей ештеңе жоқ секілді. Ал байыбына барсақ, әңгіме «кішкентай» совет адамдарының майданда кіші-гірім көрінетін, бірақ расында ұлы ерлік, патриоттық қимылы жөнінде болып отыр. Осы идеяны жеткізу үшін ақын қандай қарапайым тіл тапқан дейсіз! Үш шумақтың ақырында қайталап айтылатын «кіп-кішкентай болсаң да өзің» деген өлең жолы интонацияға әрі нәзіктік, әрі жылылық беріп, эмоцияны күшейтіп тұр. Ал ең соңындағы таңдана қайталайтын өлең жолдары («шіркін қандай төзімді едің», «шіркін қандай батыр едің», «жаның қандай үлкен еді») кішкене адамның үш түрлі тамаша қасиетін — «төзімділігін», «батырлығын», жанының үлкендігін антитеза түрінде айқындап әсерлендіріп тұр.

Сырбай лирикасының сыры, бояуы орасан мол. Суреткер ақынның қолдануында олар гауһар тас секілді түрлі түспен құлпырып отырады. Қалай құлпырса да сол жаңа түс автордың қандай да бір тапқан, ашқан жаңалығының жемісі ретінде көрініс береді. Мысалы: «Беріктік»

деген үш шумақ өлеңде лирикалық қаһарман өзіне сенген сырды қалай берік сақтағанын былай түйеді:

Жоғалттым жастық жылдарды,  
Күз бұлты төніп сұрланды,  
Бәрі де көзден ұрланды  
Айтпа деп өзін тапсырған  
Көңілде со бір сыр қалды.  
Қызғандым оны дауылдан,  
Қызғандым оны ағыннан,  
Қызғандым жастан, кәріден,  
Қызғандым жұрттың бәрінен,  
Өзіңнен шыққан сол сырды.  
Келемін сақтап әлі мен.

Кім болғанмен, жастық жылдарды қолымен бермейді, жоғалтады, ұрлатады, опық жейді. Міне, осы бір табиғи жағдай тамаша поэзиялық тіл тапқан мына өлеңде. Айтушы өкінішпен жастық жылдарын жоғалтса да, көңіліндегі асылындай қымбат сырды көзінің қарашығындай сақтапты. Қандай қадірлі қасиет! Осы қасиетті оқушы жүрегіне жеткізу үшін қаншама сұрапыл күштерден қызғанып қорғауы сырдың асылдығына, сақтаушысының беріктігіне тәнті етеді. Бұл сезімді өткірлеп, қуат беріп тұрған әлгі мазмұнына сай алынған өлеңдік форма: бес жолдан тұратын шумақтың үшінші жолының бесінші жолымен ұйқасуы («ұрланды» мен «сыр қалды», «кәріден» мен «әлі мен»), сөз жоқ, өлең құрылысында Сырбай тапқан жаңалық. Осы үлгіде жазылған «Туған жерім, ыстықсың сен біртүрлі» деген өлеңі де Сырбайдың төгіліп тұрған поэзия маржанына жатады деп білемін. Қызық балалық шақтың көрген түстей тез өтіп кеткенін ақын «Күреңжорға» деген оңды өлеңінде жібекпен тартқандай жұмсақ, жылы, әдемі баяндайды. Бұл өлеңнің (бұл ғана емес, Сырбайдың қай өлеңінің болғанмен) сұлулығын сезініп түсіну үшін айтып жеткізу мүмкін емес, тұтас оқу қажет оны. Мұнда да солай. Баланың күрең жорғамен кілем түсті мөлдір өзенді Торғайдың ең даласында еркін шауып жүріп киік қуған, қазбен жарысқан, қоңыр самал төске алған кездерінен ақын сұлу сурет салып келіп, соңынан былай түйеді:

Ол күндер қазір армандай,  
Көретін қызық түс түнде.  
Балалық кетіп калғандай,  
Жорғаның со бір үстінде.

Мұндай өлең жорға мінгеннің де, мінбегеннің де қызық балалық шағының романтикаға толы күнәсіз қылықтарын еске түсіріп, жүрек түбінде жатқан ең ыстық сезімін оятады.

Сырбай лирикасы сезімдік ассоциацияға өте бай. Осы заматтағы бір нақты көрініс оның жадында қалған әлденендей елестер мен естеліктерді қозғап, ең сұлу әсерлер шақырады. Айталық, ақын сырлас әнін естісе, «мені сүйген бір қара көз күлімдеп, сол бір әннің тасасында тұрғандай» көрінеді оған, соғыста қарлығаш көрсе, майданға бірге аттанған кішкентай қарлығаш есіне түсіп, «туған жер құс боп бармақтай, алдымда жүрді айналып» деп Отан образын көз алдына елестетеді. Ал бұтақсыз томар-түбірлер көрсе ше? Онда:

Көрінеді  
Орманнан  
Түбірлер.  
Айрылған  
Бұтақ-қолдардан  
Түбірлер.  
Мүгедек солдат секілді  
Түбірлер.  
Оқ жүлғандай етімді  
Жүрегім тулап дүбірлер,  
Кезеріп ернім күбірлер,  
Соғыс не?!  
Менен біліңдер,  
деп тұрғандай түбірлер.

— деген сықылды көрінеді ақынға. Ақынмен бірге бізге де солай көрінеді, солай сезіледі. Мұнда ассоциация жаңалығымен бірге өлеңдік форма жаңалығын да көріп отырмыз. Бұл жаңалық өзінің бейтаныстығына қарамас-тан, ақынның тың сезімін оқушысына жақсы жеткізіп тұр.

Осы секілді Сырбайдың шарқ ұрып іздену, еңбектену жолындағы сәтті табысы боп саналатын «Ақ түн» атты өлеңі де сан алуан ассоциацияға толы. Ақ түн дегеніміз, былайша алғанда Ленинград түнінің май айындағы нәйеті ерекше бір жарық көрінісі ғана. Ал ақын осы ақ түске байланысты, Ленинград қаласының өткені мен қазіргісіне байланысты айрықша құбылыстарды қопарып бейнелейді, сол арқылы ақ түні бар Ленин қаласының ақ түске, ақ іске бөленген символдық образын жинақтап көз алдына тартады.



Ақ түн —  
Әлемнің аппақ адал нұры,  
Ақ түн —  
Қуады қуыстардан  
Көлеңке  
Қараңғыны,  
Ақ түн —  
Жеткен талай жыл болдырып,  
Аталардың ақ арманы.  
Ақ түнді — ақ арманды  
Тұр қондырып:  
Ленинград алаңдары,  
Нева аралдары,  
Кронштадт қамалдары,  
Смольный жалаулары.

Совет адамдарының ұғымында, қат-қабат сезімінде орындалған асыл арманның, жарық нұрдың, адалдықтың, әділеттіктің, пәк тазалықтың символы болған ардақты Ленин қаласының қасиетті сипаттары ретінде Нева-ны, Кронштадты, Смольныйды алуы өлеңге үлкен жинақтағыш күш берген.

Кітаптағы өлеңдердің ден көпшілігі соңғы он шақты жыл ішінде бейбіт өміріміздің сан алуан көріністерін көз алдына тартады. Ол кабинетте ақын қиялымен жасалған бос жорамал емес, Отанды, туған жерді аралаудан, өмір құбылыстары мен оқиғаларын, халық тұрмысы мен күйін жай көзбен көріп қана қоймай, көңіл көзінен өткергеннен пайда болған айқын, шынайы суреттер. «Көңіл көзі» нағыз суреткер, ақындық талантта ғана болады. Сырбайда осындай көз бар. Ол — жіті, көреген, оған ілінбейтін құбылыс жоқ. Тіпті ұсақ-түйек деген нәрсенің өзі ақынның назарына ілініп, оның сұлу сезімін қозғайды. Мысалы, ең елеусіз деген шөңгенің өзі қандай әдемі, жылы өлең туғызған.

Қалып қойған құмның бір кеудесінде,  
Өткен күнім оралып келді есіме,  
Сағыныппын, дариға, туған жердің  
Гүлі тұрсын, тікенек-шөңгесін де.

Шөңгені туған жерге деген үлкен және ыстық сағыныш сезімін жеткізу үшін «қиыннан қиыстырған» ақын майданда туған құлынның сүйкімді кісінесінен өмірге деген сүйіспеншілікті нәзік бейнелеп, «шіркін, өмір, құлын боп кісінейді» деген жанды, метафоралық образбен жеткізе білген. Қайыңның мәйегінен мейірі қана жұтқан күн нұ-

ры, Якуб Коластың тұрып қалған сағаты, кәрі атаның сақалындай селеу, ананың баласына арнап тоқыған кілемі, өмір шанасын тартқан «уақыттың жүйрік тұлпары», гүл шырынын еңбектеніп терген бал арасы, кәріліктен хабар беріп, «мұрынға мінген көз әйнек», «сұңқарды күндейтұғын сауысқан», «ішінен мылтық кезеніп» сырттай дос көрінетін сұмдар, қан майданда ерлерге пана болған қарт емен, көлеңке мен қараңғыны қуатын Ленинградтың ақ түні, «мүгедек солдат секілді түбірлер», қан кешкенде қарлығаш бейнесінде көрінген туған жер, жорғаның үстінде кеткен балалық, «мың қолдар сау болсын деп» берген бір қол — мұның бәрі ақынның табысы, тамаша тауып айтылған нақты, құнарлы образдар. Жинақтағы жақсы өлеңдердің дәні мен нәрі осы образдарда. Өлеңге өзек еткен ой-пікірін ақын осындай жаңалықты көркем образдармен түйеді.

Бақытты елін, даңқты республикасын, оның сәулетті астанасын жырламаған ақын жоқ. Сырбай мұны өзінше суреттеп, өзінше жырлайды. Оның өз жаңалығы, өзі тапқан оңды образы бар. «Менің республикам» деген серпінді жырының соңында сүйікті Алматының алыстан келген достарды құшағын жайып қарсы алатын меймандостық бейнесін біртүрлі қолмен қойғандай айқын да нақты сурет арқылы көзге елестеткен.

Достар келіп тірей қалса ат басын,  
Қарт Алатау иіп қардай ақ басын.  
Қарсы алады ашық күнмен ашып бір  
Алматының аспанының қақпасын.

Мұнда қазақ ұғымындағы «ат басын тіреу» (жай ғана келу емес), «ақ басын ию» (жай ғана алдынан шығып, сөлем беру емес), «ашық күнмен ашып» (кілтпен ашу емес және тұман күні емес, өйткені ол аспан қақпасы, ал тұман күні самолет қабылданбайды, оның үстіне «ашық күнмен» қарсы алуда символдық та мағна бар) деген сықылды бейнелі сөз тіркестері әдемі сурет салумен бірге Алатауын бейнебір күзетке қойған секілді Алматының жанды, байырғы образын «соқырға таяқ ұстатқандай» көрсетеді де сездіреді.

«Құмдағы қызыл аршалар» атты тарауға сырттай суреткерлігі жөнінде, өлеңдік техникасының мінсіздігі жөнінде көп өлең енген. Оның бәрін тізіп жатудың қажеті

жоқ сияқты. Қысқаша мінездеп айтсақ, мұндағы өлеңдер ақынның өлең шебері, сөз зергері боп жетілгендігінің айғағы дерлік.

Көк аланың үйіріндей  
Көк таулар иін тірескен.  
Аспанды жайлап үйіндей,  
Көк ала бұлтпен бір өскен,—

деп басталатын «Көк таулар» өлеңін оқыңызшы. Қандай керемет өлең?! Образ қандай («Көк аланың үйіріндей»), ұйқас қандай (үйіріндей мен үйіндей, тірескен мен бір өскен), өлең музыкасы қандай! Хрустальдай мөлдір, маржандай асыл осы бір ауыз өлеңінің өзінен үлкен ақындық өнер көрінеді. Оның арғы жағында:

Сырлары терең құпия  
Таңғажайып бітісі.  
Тастары бейне тақия  
Тал-қарағай үкісі.  
Көк сағымға қол артып,  
Көтерілген күнге тау.  
Көрінеді мұнартып,  
Кеудесінде мың отау.  
Көз жетпес таулар көшіне,  
Алысқа сапар шеккендей.  
Арқаның апай төсіне  
Апарып біреу кеткендей —

деген жолдар бар.

Міне: бас-аяғы он алты-ақ жол өлеңде арқаның иін тірескен көк тауларының картинасы құйып қойғандай анық, әдемі көркімен көз тартады. Қазақтың ұлттық ұғымына лайық алынған теңеу, метафоралар (тақия, үкі, отау, көш, арқаның апайтөсі) таулар образын біртүрлі тірілтіп, жайнатып жібергендей: тастары бейнебір тақия, тал-қарағайы, үкі сықылды көк таулар біресе даланың кербез іспетті көк сағымға қол артып күнге көтерілгендей, біресе олар алысқа сапар шеккен көштей жанды елес береді.

Осы тақлеттес көңіл көзінде жанды картина, оңды образ туғызатын ашық сырлы, әуенді сұлу өлеңдер кітаптың қай тарауында болғанмен аз емес. Мысалы, «Келіншек тау», «Қордай қайқаңы», «Торғай қақпасы», «Бейнебір аңызындай ертегінің», «Түтін», «Ұшып келем», «Жетісу», «Жазғы сурет» сондай өлеңдер. Жалғыз-ақ өкінішті жай: кей-кейде Сырбай әлгіндей елестерге тым елі-

гіп кетіп, ой-пікір түйе алмай қалатыны болады. Ол туралы кейінірек.

Әзір айтарымыз: Сырбай ұзаққа шабатын апай төс, кең қолтық, жоталы жүйрік секілді сонау соғыс жылдары топ жарған бетінде асудан асуға өрлеп келе жатқан сұңғыла ақын. Бірақ ол өзінің жаратылысында мол біткен дарынына сеніп оңай олжа қарастырмайды. Асу-тасу деген де оған жат. Талант құсын ол ұдайы қияға ұшыратын, қиынға салатын ақын. Оның тер төгіп, кірпік қақпай іздейтіні өз өрісі, құлаш сермеп ұмтылатыны өз бнигі, оның поэзияда жосылып қалған ізі де өзгенікі емес, өзінікі,— өз сүрлеуін салған іздер. Сырбай өзінің бір өлеңінде жақсы суреттеген бал арасы секілді өмір гүлінің нәрін теріп, жырдың балын тамызуға дамылсыз жан салады. Ақынның «Құмдағы қызыл аршалар», «Жақын жұлдыздар», тағы басқа тараулардағы туған республикасына арнаған лирикасымен қатар, өзбек, түркмен, белорус, кавказ жерлерін, Москва, Ленинград қалаларын аралағанда туған өлеңдері де осыны дәлелдейді. Түркменстанға барғанда:

Теңізін де, тауын да  
Араладык бірқатар.  
Жанды тербеп тағы да  
Түсті өлең боп бұл сапар.

деген өлең жолдары Сырбай өлеңдерінің ден көпшілігі көрген, білгенінен, жан, жүрегімен сезінген әсерлерінен туған жырлар екендігіне кепіл сияқты. Ақынның сапар жырларының ішінде «жанын тербеген» тәуір өлеңдер көп. «Жақын жұлдыздар» атты тараудағы «Машук тауында» мен «Пятигорск» дейтін өлеңдерде «дауылға долы жанын атып тұрған» «сабаз ақынның» өр бейнесі арқылы, тау суының тасқынымен «күнде дауыл сұраған» «ақын іздерінің» суреті арқылы Михаил Лермонтовтың асқақ та трагедиялы образын жақсы мінездеп берген. Сонымен бірге бұл тараудағы Лениндік сыйлықтың лауреаты Михаил Светловтың «Солтүстік пен оңтүстіктің жолдас пен достық шекарасын мен білмеймін» деген даналық пікірін эпиграф етіп жазған «Күн екіге бөлінбес, ай екіге жарылмас» дейтін өлеңдері ең бір ойлы да оңды өлең деп білемін.

Батыс пенен шығыстың  
Ортақ күн мен айы бар,  
Бәрі ортақ туыстың  
Кім бар оны айыраp.

Батыс пен Шығыс делінетін дәстүрлі тақырыпты ақын тура мағнасында немесе ежелгі қайшылықты қайталау үшін алмайды, жер бетінде бейбітшілік пен бүкіл халықтар достығының түпкілікті жеңуіне төтеп беретін бөгет, кедергі жоқ деген жаңа жемісті идеяны ұсыну үшін алады.

Сырбайдың ізденімпаздығы жаңа ел, жер көріп, тың тақырып, теңеу, образ табумен шектелмейді. Ол қазақ өлеңдерінің түрін, құрылыс, пішінін жаңарту, өзгерту талабында болып, бірнеше тәжірибелер жасағанын да көреміз.

Бұдан бұрын Сырбайдың бес жолды өлең түрін заңдандырғаны белгілі. Кейінгі жылдары ол басқа да жаңа өлең түрлерін енгізуге тырысып көп үлгілер ұсыныпты. Ондай үлгілер «Оңашада отырып» деген тарауда көбірек орын тепкен. Әрине, мұнда да Сырбай жетілдірген мүлтіксіз өлең үлгілері аз емес. Әйткенмен, ұйқасы бар, бірақ буын саны сақталмаған ақ өлең іспетті өлең түрін бекітуге ақын аса көп еңбек сіңірген. «Адам өлмейді» деген өлеңі осындай.

Адам өледі —  
От басында,  
Кейде жолда:  
Апатта,  
Не тасқында.  
Қара қоршау —  
Ажалдың ноктасындай  
Тұрады газеттің  
Төртінші бет астында.

«Биылғы жаз жаңбыр боп өтті» дейтін өлеңі де қазақ өлеңінің силлабикалық заңын бұзып, буын санының сәйкестігін сақтамаған. Бұл өлеңді оқи бастағанда, сәл сүрініп кеткендей мүдіріп қаласың — аяғың шалыс басылғандай болады. Бірақ өлеңнің ырғағын тауып, әуеніне түскен соң-ақ ешбір кедергі сезілмей, ой өзегін қуалап, сырғи бересің. Қолденең көзге сырттай кедір-бұдыр көрінетін нәрселер өзінің тың интонациясымен қайта біртүрлі қолайлы, құлаққа жағымды көрінеді.

Сенің толқын шашыңа, (?)  
Сол жаңбырлар меруерттей тізіліп қалды (12)  
Есінде ме тау басында, (8)  
Көзіңнен бір моншақ үзіліп қалды (11)

Міне, мұнда үйреншікті буын тәртібі мықтап бұзылған. Әйтсе де шалыс ұйқас пен өлеңнің әдемі айшықтылығы құлақ құрышын қандырып, буын мүкістігін жаттықтырып тұр. Ақынның осы секілді дамылсыз еңбектеніп, үнемі іздену, үйрену нәтижесінде тапқан тәуір жаңалығына тек сүйсінуге тиіспіз. Ал бірақ кеңірек қарастырсақ, оның бұл бағыттағы тәжірибесінің бәрі бірдей сәтті шыға бермейді екен. Әлгі айтылған бір-екі тәуір мысалдың үстіне тағы бесінші жолы қайталанып, интонациялық инверсия қызметін атқаратын «Анька партизанка» өлеңін, төрт буын мен алты буынның, екі буын мен бес буынның және алты, жеті буындардың араласып келіп, ақ өлең түріне ауысқан «Ақ түн» өлеңін мазмұны үшін, бейнелі, әуенді әсем сөздері үшін, лирикалық интонациясы үшін ақынның сәтті тәжірибесіне жатқызуға болар. «Келіншек тау», «Петергоф», «Маяковский музейінде» — сондай өлеңдер.

Ал Сырбайдың:

Сырылдайды күздің тұманды көкірегі (13)  
Бұлттан ырғып жаңбырлар секіреді (11)  
Қарағаштардан сары жапрақтар ұшады (13)  
Бірақ ағаш көктем шыға қайта жетіледі (13)  
Менің шашымда күз қырауы тұр (10)  
Оны қандай күш кетіреді (9)

деген өлеңіндегі «жаңалықты» құптау қиын. Мұндағы табиғат күзі кетеді, бірақ адам күзі кетпейді деген жақсы ой жатық, жағымды өлеңмен өрнектеліп тұрған жоқ. Әрбір жолына сүрініп оқитын өлеңде қандай жағымдылық болмақ. Оның үстіне «жаңбырлар секіреді» деген тіркес те оншама оңып тұрмаған сияқты.

Бір жақсысы: мұндайлар Сырбайда аз-кем. Ол эксперимент жасағанмен, қазақ өлеңінің құрылысын тым бұзып-жарып кетпейді, қайта қазақ өлеңінің бар үлгілерін жұмырлай, жетілдіре түсуге күш салады. Сондықтан да Сырбай өлеңдерінің пішінінде (ырғақ, ұйқас бітімінде, сөз саптауында) мін, мүлтік тіпті сирек кездеседі.

Кейбір ақындардың экспериментке тыйым салынды, экспериментсіз поэзия ілгері баспақ емес деген шағымын ара-кідік естіп қаламыз. Дұрысында жақсы жаңалық әкелетін ақындық экспериментке ешқандай тыйым салынбасқа керек. Бұл ретте ақынның қазаншы сықылды «Қайдан құлақ шығарам десе де еркі бар». Бірақ қазан ың-

ғайлы да қолайлы қазан болсын, өлең қызығып оқитын поэзия болсын. Ал барды білмей тұрып, игермей тұрып, әлденендей «жаңалық» табам деп тыраштану — шерменделік, жаңалығың шалағайлық болып шықса — бос әурешілік. Қазақ өлеңінің «техникасын» толық игерген Сырбай сықылды ақын бұл бағытта кейбір жаңалықты мүмкіншіліктер қарастыруында артықтық жоқ. Ол қайта қажет. Тек сол тапқан-таянғаның поэзияның жаратылысына табиғи түрде енетін, сіңетін болсын демекпіз.

Сырт қарағанда Сырбай лирикасының тақырып «географиясы» тар емес тәрізді. Оның картасында табиғаттың, тарихтың, қоғам өмірі мен халық тұрмысының, адам өрекеті мен сана-сезімінің талай қыры мен сыры көрініс береді. Алайда біртүрлі кең өріс, кең тыныс кей тұстарда сезілмей қалатыны бар. Оның себебі — ой-өрісінің алқабы көңілдегідей кең болмауынан сияқты. Рас, жылт етер ой ұшқыны жоқ өлең Сырбайда кездеспейді. Қай өлеңінде болғанмен қандай да пікір түйіні өзек боп өріліп жатады. Бірақ сол ой ұшқыны мен пікір түйініне терең арна, кең аумақ кей-кейде жетіспейтіндей. Сондықтан оның философиялық биік мағна ала алмайтыны бар. Жылт етер ой тіпті тұтанбай да қалады. Шағын, жұмыр, төрт тақтасы жатық өлеңнің шебері Сырбай ой ұшқынын әдемі суретпен бәзәндіре біледі де, бірақ оны лапылдаған сезіммен тұтандырып, өрт секілді өршітуге келгенде, олқы соға береді. Айталық, «Теңіз тамшысы» — деген екі шумақ өлең өте әдемі өлең. Суреті де сұлу.

Судың атқып, аспанға тамшылары,  
Найзағайдай қайтадан шаншылады,  
Бір тамшыда кешкі күн батуымен  
Бір қабысқан жанатын таң шырағы.  
Бір тамшыда бар бояу басын қосқан:  
Сарғылт жаға,  
Көк теңіз,  
Жасыл аспан,  
Теңіз шебер жатқандай алқа жасап,  
Жеті түсті ғажайып асыл тастан.

Бірақ іліп алар ой шамалы. Сөз болып отырған жинақта осы секілді сипаттама жағы басым және ұқсас сезімге құралған біркелкі әшекейлі өлеңдер едәуір. Олардың кітапқа бірсыпыра алалық енгізетіні анық. Әрине, тамшыдай лирикалық өлеңнен таудай ой іздеу де әбестік. Әйткенмен талаптың аты талап қой,

Сырбайдан біз, оның өзі айтқандай, биіктен биікке көтерілуін» талап етеміз. Оның біркелкілігіне қанағаттанбайтынымыз сондықтан. Еңбекшілдік, ізденімпаздық тым көп жазу деген сөз емес, көп оқу, толғану, тыңғылықты түрде талант шыңдау деген сөз. Сырбайдың шырпы отыны секілді тез тұтанатындығынан гөрі, сирек тұтанып, ұзақ маздағанын көбірек қалар едік. Сырбайда мұндай өлеңдер де баршылық. Әсіресе жастықтың кетіп, кәрілктің төніп келе жатқанын толғап айтқан лирикалық өлеңдерінде үлкен байсалдылық, элегиялық жылылық сезіледі.

Жоғарыда айтқан «Шөңге» деген өлеңі секілді маңызды идея түйген «Дән» деген өлеңін еске алайықшы. Осы бір екі ауыз өлеңде үлкен философиялық ой ақындық образға жан берген.

Бидай жатыр жел шайқап,  
Сүтке бөгіп тырснып.  
Аспан мен жер кең байтақ  
Бір қауызға тұр сыйып.

Дән болмаса нан жоқ, нан болмаса, кең байтақ аспан мен жерден еш пайда жоқ.

Міні осы нансыз күн жоқ деген белгілі, карапайым идеяның кең дүниені тар қауызға сыйғызған гиперболалық образбен түйілуі идеяға да, образға да үлкен әсер, күш беріп тұр.

Қандай да болса бір өмір шындығынан түйген ойын жүзіктің көзінде ойнатаып, құлпыртып көрсетуге Сырбай кейінгі жылдары жап-жақсы шеберленіп қалды. Сондай бір көз тартар өлеңінің аты «Күлкі» екен. Адамның күлкісі туралы түп-тура шындықты айтқан тамаша өлең. Мұнда қысылудың, қиналудың тіпті ешқандай ізі жоқ. Ақынның құдретті күші мұнда айтатын ойын оңай, ұршықша үйіріп тұрған тәрізді. «Күлкіменен дүние тербетілген» деген ойды дамыта келіп, автор:

Күлкілерде тұрғандай уақыт күліп,  
Күлкілерде тұрғандай бақыттылық.  
Бірақ, бірақ, күлкі бар көлгірситін,  
Адам ұлын дарға асып, атып тұрып,—

дейді.

Ғажап тауып айтылған ақиқат қой! Рас, күлкінің де күлкісі бар. Арам күлкі, сұм күлкі адамға бәле, сор қа-



растырады. Ол, Сырбай сөзімен айтқанда, «іштен үңгіп адамның жанын жейтін» күлкі. Ал адал күлкі адамның көңілін ашады, дүниеге нұр шашады. Ондай күлкі шынында «адал ойдың ақ ашық сәулесіндей».

Адал, шынайы адамгершілік күлкіні үлкен гуманистік сезіммен ардақтап, қастерлеп отырған ақын мынадай бір ауыз ақаусыз әдемі өлеңмен тұжырымдапты ойын:

Сондай күлкі бар өмір көктемінде,  
Сондай күлкі тұр күліп көкте, күнде,  
Сондай күлкі тұр күліп теректерде,  
Сондай күлкі бар ана беттерінде,  
Сондай күлкі тұр күліп бөбектерде.

Кітаптың «Достарымды ойласам» деген соңғы тарауы негізінен Сырбайдың ардақ тұтқан есімдеріне арналған өлеңдерін қамтыған. Өлең арнаған кісілердің ішінде өнердің, поэзияның классиктері бар, өзінің бұрын-соңғы үйренген ұстаздары мен бүгінгі замандастары бар. Сярдның әрқайсысы жөнінде ақын өзінің ой-пікірін, сезімін әрқилы жағдайға байланысты топшылап ортаға салады. Шын жүректен имандай сыры етіп айтқан ыстық сөздер, дәл тауып айтқан сипат, қасиеттер, поэзиялық мінездеме-лер, портреттер белгілі адамдардың образдар галереясын тізген. Соның ішінде «жарық жұлдыз секілді ғарыштағы,.. қалың елдің қадірлі данышпаны» Мұхтар Әуезовтің және «алға тартар арымыздай, аппақ адал жанымыздай» Қаныш Сәтбаевтың жарқын образдары алдымен көз тартады, жүрек тебрентеді. Маяковский мен Лермонтов туралы өлеңдер де ұлы ақындардың трагедиялы образдарынан жүрекке әсер құяды. Өзі секілді редактор атаулының нағыз шыншыл да шынайы бейнесін жинақтап сипаттаған «Редактор» дейтін өлеңі Сырбайдың жалпы осы жинақтағы айрықша жақсы өлеңінің бірі. Редакторлық қызметтің қиындығы да, жауапкершілігі де, игілігі мен ізгілігі де мұнда әрі әдемі, әрі сыпайы мінезделген. «Хат тасушы», «Кітапханашы», «Кішкентай адам» дейтін өлеңдері осы «Редактор» атты өлеңмен бір қатарда сәтті шыққан шығармалары деп тану керек. Кеше ғана арамыздан кеткен қазақтың сүйікті ақыны Тайыр Жароковтың көзінің тірісінде-ақ Сырбай оған өлең арнап, марқұмның ең ерек сипаттарын жақсы тауып атаған. («Кейде ол сыймай әлем аумағына, көз тастап жалт-жұлт қарап жан-жағына», «білмейді еш уақытта ол ашу-

ды, іздейді жақсы жырдан жанашырды, көзін бір төңкергені иек қағып, бәрі де өлеңіндей жарасымды».)

Жеке адамдар туралы өлеңдердің қатарында Құлагердей үздік мойыны озығы «Ілияс» дейтін өлеңі. Бұл өлеңнің басталатын жерінде мынадай образ бар:

Күйшінің күй тартқанда мұрагері,  
Даланың қалған ұйып құба белі.  
Жұлдыздай со бір кезде жүйткіп өткен,  
Қазақтың өлеңінің құлагері.

Осы бір төрт жол өлеңнің арғы жағында басқа ештеңе жазылмаған болса, соның өзінде біз қазақтың аса дарынды асқақ ақыны Ілияс Жансүгіровтың образын толық таныған болар едік. Оның тамаша талантының екі қыры, екі нәгізгі сипаты мына өлеңде бір адамның екі көзіндегі ғажап сұлу бітім тапқан. Бір жағынан ол қазақ күйшінің мұрагері. Қазақ күйін сүйіп, терең және нәзік түсінген, сондықтан оны өзінің ән-күй туралы классикалық шығармаларында («Ән», «Күй», «Күйші», «Құлагер») керемет жырлаған, екінші жағынан ол, «қазақтың өлеңінің құлагері» — өзінің замандастарынан Құлагерше озған жүйрік ақын. Ілиястың төгілте суреттеген күй жайындағы шығармаларын тыңдағанда, «даланың қалған ұйып құба белі» деуінде де, Ілиястың тез үзілген трагедиялы өмірін «жұлдыздай со бір кезде жүйткіп өткен» деуінде де үлкен шындық жатыр. Бұл ғана емес, бұдан соң келетін төрт шумақ өлең де мүлтіксіз мүсінділігімен, мінсіз жұмырлығымен, жүрек жылытар таза сезімімен алабөтен көңіл жібітеді.

Желпініп жада ғана жаны күліп,  
Өлеңді қара терге малындырып.  
Ілияс жетті-ау бүгін ортамызға,  
Көп жылдар көзге түспей сағындырып.

Ұстаз тұтатын сүйікті ақынына деген кіршіксіз таза ықласын, аңсаған арманды сезімін Сырбайдың мұншалықты мөлдір, қарапайым сөздермен жеткізе білгеніне таңданбасқа болмайды.

Сырбай да соғыстан бергі жерде төте шауып, төске өрлеп келе жатқан белді ақынымыз. Мен бұл мақалада оның толық портретін жазуды әрі ерте, әрі әзірше артық

көрдім. Менің мақсатым — жақсы көретін лирик ақынымның творчестволық жүзіне оқушы назарын аударып, тек бір ғана жинағына тоқталу болды. Ақынның жиырма бес жыл бойындағы творчестволық жолы туғызған елеулі шығармалардың бәрі дерлік «Шаңқай түс» жинағына енгендіктен, мақсат үшін осы кітап та жеткілікті сияқты. Бірақ, бір қолайсыз жері жинаққа енген өлеңнің саны тым көп екен. Ішінде екі поэма бар. Бір оқып шыққанда мұншама үлкен кітаптан тұтастай бүтін өсер алу қиын-ақ. Сол себепті де мұндай кітаптағы сапалық алалық алабөтен сезілетін болу керек. Бұған қарамастан Сырбайдың «Шаңқай түс» делініп тауып аталған жинағын біздің дарынды лирик ақынымыздың поэзия күні сәскеден шаңқай түске ауысқанын танытатын, алда әлі де мол-мол сәуле шашып, нұр төгетін кезеңі тұрғанына мықтап сендіретін үлкен еңбек деп білеміз.

## ЖАЗУШЫ ПАРАСАТТЫЛЫҒЫ ЖӘНЕ КӨРКЕМ ПУБЛИЦИСТИКА

### I

Екі съезд аралығында қандай жетістігіміз бар деген сұрақ қазір бәрімізді де толғандырады. Мұның жауабын бір мезет жаңа туған шығарманың санына, көлемінен іздейтіндейміз, әдебиет сапына қосылған жаңа есімдердің көпшілігінен қарастыратындаймыз. Дұрыс-ақ! Өскендіктің сыртқы бір көрінісі мен көрсеткіші осы екені рас. Өскелең әдебиеттің аясында көп-көп роман, повесть, пьеса, поэма, жинақтар туып жатқаны қандай ғанибет! Ал мұнда бір ғана «бірақ» бар. Ол сол жаңа шығармалардың ішкі көрінісі боп табылатын эстетикалық сапасына байланысты «бірақ». Әлгі мол дүниенің ішінде нағыз көркем өнер туындысы қанша, олар нендей көркем жаңалық ашты, әдебиеттің асыл қорына не қосты, әдебиеттің қандай проблемасын қалай шешуге көмектесті? Міне, шығармалардың саны қанша көп болғанмен, бұл көрсеткіші мына сұрақтарға өзінен-өзі жауап бере алмаса керек. Ол — әрбір шығармаға, әдеби құбылысқа эстетикалық талдау жасап, идеялық, моральдық, тақырыптық, жанрлық, поэтикалық проблемалар ізімен шешілетін мәселе.

Осы күрделі мәселенің бір ғана қырын алып қарасақ, соның өзінде сан алуан ой-пікір туындайды. Мысалға айталық, екі съезд аралығында күллі совет әдебиетінің алдына қойылған ұлы міндет — осы заман тақырыбын бағыттал қолға алып, замандастарымыздың лайықты образын жасау міндеті дейік. Бұл заман талабынан, халық тілегінен туған міндет.

Осы негізгі міндетті әдебиетіміздің қалай орындап отырғанын айту үстінде көп нәрсенің беті ашылуға тиіс. Соның бірі — қазіргі адамның парасаттылығын (интеллектілігін) бейнелеу проблемасы.

Парасаттылық проблемасын қазақ әдебиетінде марқұм Мұхтар Әуезовтің қауырт көтергені бәріміздің есімізде. Бүгінгі адамның парасаттылығы — тек ойдан шығарған бірдеме емес, өмірде, шындықта бар реалдық қасиет, жарты ғасыр бойы советтік қоғамда тәрбие алып, білімі, санасы, ұғымы, мәдениеті, моральдық дәрежесі өскен совет адамына тән табиғи қасиет. Мұндай адам — өзінің өмірлік мақсат-тілегін бүкіл қоғамның, халықтың, Отанның мақсат-тілегімен саналы түрде ұштастырған және оның үстіне барлық адамзат алдында, заман алдында өзінің борышы мен міндетін ұққан адам. Отанда, әлемде не болып жатқаны жөнінде хабардар болу аз. Ол соның бәріне немқұрайды қарамай, жақсылығына сүйініп, жаманшылығына күйінетін адам, көп нәрсеге өзін жауаптымын деп білетін жанашыр адам. Ендеше қазіргі замандастарымыздың шындыққа сай шынайы образын жасау деген сөз — оның осы бір жаңалықты қасиет, сипатын терең, дұрыс бейнелеп көрсету деген сөз. Бұл қиямет қиын міндет. Қиын болған соң да оған екінің бірі бара бермейді. Бара қалғанда, оның бәрі сәтті шыға бермейді.

Қазақ әдебиетінің соңғы жылдардағы шығармаларын қаһармандарының парасаттылық сипаты тұрғысынан қарасақ, М. Әуезов уағыздаған бағытта кейбір бетбұрыс бар екенін байқау қиын емес. Осы бағытта алдымен М. Әуезовтің өзі бастап үлкен еңбек сіңіргенін айту керек.

Осы күн тақырыбын алып, бүгінгі өзекті проблемаларды өткір түрде қойған «Өскен өркен» атты аяқталмаған романында жазушы жетекші қаһармандарының ұнамды образдарын парасаттылық іспетте алып көрсете білген. Олар — облыстық, аудандық партия, совет қызметкерлері, совет мектебінде тәрбиеленген жастар, социалистік құрылыстың қарапайым еңбеккерлері. Бұлардың білім дәрежесі, қоғамды атқаратын қызметі, орны бірдей емес, әрине. Мінез-құлықтарында да дара айырмашылықтар бар. Сонымен бірге бұлардың тұтас жинақтап алғанда, дүние танымында, іс-әрекетінде ұқсас, ортақ қасиет байқалады. Ол коммунистік идеалға деген берік сенім, шексіз берілгендік. Осы идеал қаһармандарды адам бұзбас бөгет, адам төзбес қиындықтан тайсалтпайды, оларға мойымас, қайыспас рух береді.

Қазақ республикасына жаңадан келген орыс адамы, обком секретары Қарпов болсын, оқыған қазақ әйелдерінің өкілі Әсия болсын, тәжрибелі, көзі ашық Жарасов

болсын, ортақ идеалдың арқасында тез түсініседі, тез тіл табысады. Бірақ, коммунистік идеал — бос сөз емес, саналы іс, табанды күрес, тартыс. Мұны олар жақсы біледі. Білгендіктен де жаңаның ескімен күресін өздері жүріп ұйымдастырады, басқарады, қиындық, қырсық атаулыны жоюға күш салады. Бір жерде сәл ғана олқылық, мін, кемшілік болса, оны бүкіл Отанға сілтесі тиетін, бүкіл коммунистік құрылысқа зияны тиетін қырсық деп біліп, оған жаны төзбейді.

М. Әуезов қаһармандарының парасаттылығы олардың сөзінен де, ісінен де, рухани жан құбылысынан да бірдей байқалатыны заңды. Өйткені, олардың дүние танымы мен психологиялық ішкі дүниесі қайшылықта емес, диалектикалық бірлікте көрініс тапқан.

Т. Әлімқұловтың «Ақбоз ат» романындағы Елеусіз, Т. Ахтановтың «Сәуле» пьесасындағы Сәуле, Ә. Тәжібаевтың «Көңілдестер» пьесасындағы Мәлік, З. Шашкиннің «Теміртау» романындағы Дәмеш, С. Жүнісовтың «Жапандағы жалғыз үй» романындағы Райхан, Ф. Моргун, Қ. Бекхожиннің «Тұрлаулы тағдыр» поэмасындағы Ақан, Ғ. Қайырбековтың «Жер астындағы жұлдыздар» атты поэмасындағы Ростов, Темір образдарында жаңа адамға тән парасаттылықтың нышандары баршылық. Сондай-ақ Ғ. Орманов, А. Тоқмағамбетов, Ә. Тәжібаев, Х. Ерғалиев, С. Мәуленов, Ж. Молдағалиев, М. Әлімбаев, Ғ. Қайырбеков, О. Сүлейменов, Т. Молдағалиев, Ж. Нәжімеденов, Қ. Мырзалиев, М. Мақатаев, т. б. өлеңдерінің лирикалық қаһармандарының дүниеге көз жанары кеңейіп, ойшылық өресінің биіктегенін көруге болады.

Мұның бәрі, сөз жоқ, әдебиетіміздің осы парасаттылық пен психологизм бағытындағы жаңа бетбұрысты аңғартады. Әйткенмен бұл жөнінде көңілдегі межеге әлі жеткен жоқпыз. Тындырғанымыздан тындырамыз көп. Бірақ, қазіргі айтар сөз ол жайында емес. Соған байланысты жазушының өз парасаттылығы жайында. Қаһарманның парасаттылығы туралы айта келіп, М. Әуезов қайтыс болар алдында былай деген еді: «Жазушы жолы оның жеке басының мәдениеттілігін талап етеді. Қаһарманның парасаттылығы дейтін мәселе қанша дегенде жазушы парасаттылығының тереңдігі мен ауқымдылығынан туындайды ғой». Ал енді, олай болса, алдымен жазушының үлкен мәдениет иесі болуы жөнінде қам жеу керек дейміз. «Үлкен мәдениет» деген ұғымға оның көп оқып

алған білімімен қатар көп жүріп, көп көріп, көп естіп алған білімі мен әсер сезімі, өрісі кең көзқарасы, өресі биік салт-санасы, байсалды пайымы, терең топшылағыштығы енеді. Міне, осының аты парасаттылық. Көбімізде осы қасиет жетісе бермейді, сол себепті шығармаларымыздың тақырыптық өрісінде, қаһармандарымыздың дүние танымында кемтарлық табыла береді. Стокгольмде, Нобель сыйлығын аларда М. Шолохов мынадай бір құнды пікір айтты: «Роман, былайша айтқанда, өзінің құйтақандай «мен» деген ұғымынды ғана дүниенің тірегі етіп көрсетуге тырыспай, айналамызды қоршаған аса ұлы өмірді неғұрлым терең тануға кең жол ашады»,— деді ол.

Міне, бұл роман ғана емес, шама-шарқынша басқа да жанрларға қойылуға тиіс шарт. Бір мәжілісте жап-жақсы ақынымыздың біреуі: «дүниежүзілік проблема, философия, пәлен-түген деген немене, әркім өз ауылын, өзі білетін өмір ұшқынын лирикалық «мені» арқылы әдемілеп айтып берсе жеткілікті емес пе?!» деген пікір айтты. Әрине, мұндай лириканың да поэзияда тиісті орын алуға правосы бар. Ал, бірақ, әлем екі лагерьге бөлінген арпалыс заманда бүкіл адамзат тағдырына қатысты үлкен өмір мәселелерін көтерудің орнына тордағы құстай «құртақандай» «мен» деген ұғымның тар шеңберінен шыға алмай отырумен поэзияның азаматтық, интернационалдық, гуманистік игі міндеттері орындалуы мүмкін бе?!

Ә. Тәжібаев пен О. Сүлейменовтің шетелдік лирикалық циклдері, Х. Ерғалиевтің «Жылдар, жылдар» атты толғауы, С. Мәуленовтың «Шағала» атты жинағы, Ж. Молдағалиев пен М. Әлімбаевтың қазақ халқы туралы поэмалары, т. б. көптеген туындылар қазақ поэзиясының өрісі ауыл төңірегінен, «меннің» тар шеңберінен шығып, кеңірек қанат жайғанына дәлел боларлық кепілдер ғой. Мұның әрқайсысына жеке-жеке тоқталу — өз алдына бір-бір сүре әңгіме. Біз бұл мақалада соңғы жылдары көрінген бір-ақ жазушының творчествосына арнайы тоқталмақпыз. Оның себебі: сөз болғалы отырған жазушы қазақ әдебиетінде жаңа көркем очерк, публицистика және новелла жанрын дамытып, жазушы парасаттылығы деген проблема жөнінде кейбір ой салады. Ол — Әнуар Әлімжанов.

«Көп жасаған білмейді, көп көрген біледі» дейді халық мәтелі. Біздің заманымызда баяғыдай ауыл-аймағынан шыға алмайтын шырғалаң хал қалып, дүние жүзін аралауға мол мүмкіншілік туды. Ел көріп, жер көріп, бүкіл халықтар өмірін көзінен өткеріп, адамзат тағдыры туралы тиісті топшылаулар жасауға, екі дүниені қарама-қарсы салыстырып, халықаралық проблемалар көтеруге толық жағдай туды. Мұның өзі жазушылардың дүние танымын кеңейтіп, мәдениетін көтерудің, творчестволық аясын ұлғайтудың қолайлы да тиімді жолы боп табылды.

Кейінгі он жыл ішінде қазақ жазушылары да осы жолмен шетелдерге бара бастады. Соның жемісі ретінде бірсыпыра очерк, өлең, жолжазбалар пайда болды. Атап айтқанда, Мұхтар Әуезовтің «Индия очерктері», «Америка әсерлері» шықты. Сәбит Мұқанов шетелге саяхаты туралы кітап жазды. Теңіз жолымен Европаны түгел айналып өткен ақын Әбділда Тәжібаев шетелдерден алған әсерлері, ой-толғаныстары жайлы бір топ өлең жазды. Америкадан алып қайтқан әсерін Хамза Есенжанов пен Иван Шухов, демократиялық республикаларға барғандағы әсерлерін Жұбан Молдағалиев пен Ғали Орманов және осы мақаланың авторы да ортаға салды.

Шет жұртты аралау қазақтың орысша жазатын екі жазушысының — ақын Олжас Сүлейменов пен прозаик-публицист Әнуар Әлімжановтың творчествосына үлкен әсер етті. Бұл сөз, әсіресе, Әлімжановқа бағышты: ол газет, журналдардың тілшілік куәлігін қалтасынан тастамай, тынымсыз ел аралап жүретін ең қажырлы саяхатшымыз.

Австралия мен Антарктиканы қоспағанда, дүниенің ең басты төрт құрылығында Әнуар Әлімжановтың аяғы баспаған елді табу қиын. Оның қойын дәптерлері мен фото альбомдары өткір де жігерлі, тергені, толғанғаны көп, ойлы очерктердің сарқылмас бұлағындай. Фактілерді еркін іріктеп, салыстыра талдай, сұрыптай жинақтау шеберлігін талап ететін қиын да қауырт очеркист өнерін жас жазушы кімнен үйренді екен деген ой келеді.

Әлімжанов ұстаздарының тізімін «Арзрумға саяхат» авторы А. С. Пушкиннен бастап, «Герцке саяхатты» жазған Генрих Гейнемен жалғастырсақ, сонсоң «Фрегат «Паллада» атты тамаша кітабы бар Гончаровты, «Өмірі



адам көрмеген құстар елі» кітабын жазған Пришвинді, «Менің Американы ашуым» деген өте әдемі очерк кітабы бар Маяковскийді, «Сұрмесін сұрткен сұлуды» жазған Асеевті, бүкіл дүние жүзін түгел аралап шыққан тамаша очеркист Михаил Кольцовты, Илья Эренбургты, Смуулды, Шагинянды, Жуковты, Боровикті... тағы басқаларды атап өтсек қате болмас.

Оның сабақ алған ұстаздары бұдан, әрине, әлдеқайда көп. Бірақ, Әлімжанов осы жанрдың тарихы мен характерін мұқияттап оқығанда, құр жәтшіл шәкірт күйінде қалып қоймай, оның ең тәуір нұсқаларын өзіне үлгі тұта отырып, өз жолымен алға басты, онда да жүріске жеңіл дайын сұрлеумен тарта бермей, қиын-қыстау қылтанақ-тіккенекті қақ жара, ұшар басынан алыс пен жақынның бәрі алақандағыдай көрініп тұратын шынар биікке тік көтерілді дей аламыз.

Әлімжанов очерк шеберлігінің тылсым сырларын зерттегенде не үйренді? Ең алдымен сергектік пен жүрек сезімталдығын үйренді, маңызы шамалы, екінші дәрежедегі жәйттардың бәрін ысырып тастап, солардың арасынан ең басты затты жіті көзбен тез таба білуді, өзекті түйінді өзге кездейсоқтан жақсы айыра білуді, жаңалық нышанын сәл ғана бүршік жарып көктей бастағанында-ақ тап басып тануды, түріне қарағанда нағыз мығым, нағыз мызғымас осы болар дегеннің ішінен түбірі шіріп құлауға қалғандарын жаңсақсыз сезуді үйренді. Біздіңше, осынау жазушының осы бір жан салып үйрену, оқу барысында ең көп пайда берген екі шығарма бар сияқты. Оның бірі — «Арзрумға саяхат». Мұнда теңдесі жоқ аяулы, ізгі жанның бейнесі, оның қалт басқанын қате жібермей, ешбір алалықсыз, ешбір шарт қоймастан ақ жүрекпен аңдап қалатын, келер күнге қадала қараған қырағы көзі аңғарылып тұрады, екіншісі «Менің Американы ашуым». Бұл азаматтық ар мен партиялылықтың, жауласқан идеологиялар арасында ымыра болмайтынына берік сенудің, өткінші жәйттер бейнесін өмір шежіресінде мәңгіге бейнелеп қалдыра білудің үлгісі. Әнуар Әлімжанов өзгелерден үйрене отыра, өз алдына соны сұрлеу тартады. Оның творчестволық кредосын түсіну, оған айқын сыпаттама беру өте қиын. Ол үнемі қимыл үстінде, ізденіс үстінде, тәуекелшіл тәжірибе үстінде. Ол дүниені қазақ ұғымымен қабылдайды, қазақша ойлайды, бірақ қазақ қалпында, қаз қалпында қала отырып, орыс-

ша жазады. Сондықтан біз оның өзіміз үшін аса қажет творчествосының стиль ерекшелігі мен көркемдік мәнін толық сипаттап бере алмаймыз, тек очерктері мен повестерінде айқын көрініп тұрған өзіндік қасиет белгілерін ғана бірқыдыру баяндап өтпекпіз.

Әнуар Әлімжановтың очерктік шығармаларында біздің ойымызша даусыз қасиеттер қандай, соны тура айтып көрейік. Бұл арада қатал Виссарионның: «Егер очерк қызғылықты, тартымды болса, онда оның ешбір мағнасыз сұрқай көшірме, бос тізім емес, адамдар мен оқиғалардың көркем бейнесі болғаны»,— деген сөзі еске түседі. Кемеңгер орыс сыншысының бұл сөздері очеркті жанр деп танығысы келмейтін, оны көркем шығарма емес, жеке адамдар мен халықтардың шынайы тұлғасын суретке түсіре алмайтын шала, дүмбілез, шолу жазба, сөзбен түсірген фотография деп есептейтіндердің көзін шұкитын сөздер.

Шынында жалт етіп жоқ болатын бір күндік қана өткінші очерк болмаса, нағыз очерк — ол нағыз көркем шығарма. Ә. Әлімжановтың очерктері қызғылықты, тартымды, ол сөзбен түсірген фотография, өмір көшірмесі емес, бізбен заманы бір автордың жүрек лүпілі, ойы мен сезімі, философиясы, оның пафосынан, Маяковский айтқандай, автордың шаттық думан үшін әлі «дұрыстап безендірілмеген» планета өмірін тек түсіндіріп қана қоймай, оны қайта жасауға белсене араласқан қимыл жігері айқын сезіліп тұрады.

Әлімжанов очерктерінің талантты жазылғанының даусыз ақиқат екендігі сонша, оны дәлелдеймін деп сөзді текке шығын қылудың онша қажеті де жоқ. Мәселен, Михаил Кольцовтың очерктері талантты жазылғандығын дәлелдеуді ешкім де қажет деп тапқан емес. Ол айтпай-ақ белгілі. Сан материалды бойына сіңірген, әрі өткір, әрі шағын Әнуар очерктерінің дүние тану, тәрбиелік, көркемдік жөнінен зор маңызы бар.

Өз очерктерінен туындап өскен, солардың жалғасы болып табылатын Әлімжанов повестері де берер ғибраты, тәрбиелік мәні күшті шығармалар. Олардың тағы бір құнды қасиеті: түйінді, түбірлі мәселелер көтереді, тек айтыс, талас туғызып қана қоймай, өндірістегі, тұрмыс-салттағы кейбір кемшіліктерді жоюға да ықпал жасайды. Осыған орай, Михаил Пришвиннің «Женьшень» атты тамаша кітабын еске түсіріп өтпей болмайды. Ол — Қиыр

Шығыс туралы кітап. Осынау бір кітап мұқабасына Қиыр Шығысқа саяхат туралы документті, дәл очерктік материалдар мен поэзияға толы Қиыр Шығыс тайгасының күн шұғыласын, теңіз ауасын, жұпар иісін бойына сіңірген «Тіршілік тамыры» атты повесі де сыйып тұр. Пришвин мұнда шеберліктің сырын ашады: өмірден алынып, документті очеркке арқау болған байқау, зерттеулер суреткердің жан сарайындағы «сиқырлы сәулеге» шомылып шыққаннан кейін, очерк жанрына ешбір ұқсастығы жоқ поэтикалық шығарма боп қалайша қайта туатынын айқын ашып көрсетеді. Осы кітапты оқып шықсаңыз, оның жасалу сатылары — қойын дәптердегі жазбалар, очерктер, онан соң повестің өзі бірінен бірі дамып, шоқыланып жатады.

Мұхтар Әуезовте де бізді өзінің творчестволық лабораториясына енгізу, очеркте баяндалған өмір құбылыстарының содан кейін повеске, немесе романға қалай кіретінін көрсету әрекеті бар. Баршамызға мәлім, М. Әуезов «Өскен өркен» романын жазу үшін, Жоғарғы Советтің депутаты ретінде Оңтүстік Қазақстанды аралаған болатын. Осы сапарының нәтижесінде газеттерде Оңтүстік Қазақстан туралы очерктері шықты. «Өскен өркен» романының соңғы қолжазбасында М. Әуезовтің екінші тараудың бас жағында Оңтүстік Қазақстан туралы очерктерін пайдаланғаны туралы ескертпесі бар. Бәлкім, Әнуар Әлімжановтың «Күн — керуен бағдары» атты повесі очеркпен тумаластығы жағынан Әуезовтің де назарын аударған болар. 1963 жылы Алматыда басылып шыққан осы повестің дәйектемесінде Мұхтар Әуезов былай деп жазады: «Оқушыларды айрықша өзіне тартатыны — өткір проблематика. Осынау повесінде автор өмірге белсене араласады, тек Қазақстан ғана емес, сонымен бірге Қырғызстан, Өзбекстан, Тәжікстан, Түркменстан республикалары, одан қалды біздің бірсыпыра Кавказ республикалары мен Сібір облыстарындағы малды аудандардың талай ондаған мың шопан семьяларының, немесе тіпті халқы аз тұтас бір ауылдарының өмірі мен еңбегі туралы шын мәнісінде мемлекеттік маңызы зор, аса қажет, ол аз десеніз, шынтуайттап келгенде, міндетті түрде жақсылап шешуді қажет ететін мәселелерді қозғайды».

«Күн — керуен бағдары» — очерктерден туып-өскен повесть, талантты жазылған очерктік повесть. Мұнда екі ағым бар сияқты: біріншісі — қаһармандардың тағдыры,

ойы, сезімі, қарым-қатнасы, рухани өсуі. Ал, екінші ағым — мал шаруашылығында қызмет етуші шопандардың өмірі мен еңбегін байқау, аңғару ғана емес, тұпатура мұқият зерттеу нәтижесіне сүйене, оны өмірдегі шын қалпында суреттеу.

Повесть кейіпкерлері шопандардың қалың ортасында өмір сүреді, өздері де мал шаруашылығы саласында еңбек етеді, сондықтан да повестің очерктік даму ағымы кейіпкерлердің жан сырын аша көрсететін психологиялық ағыммен ұласып жатады.

Кішкентай Асқардың балалық шағы бақытты болып өтеді. Колхоз есепшісі Өмірбек жеке адамға табыну кезінде Асқардың әкесіне жала жауып, жазаға тартқызды, ақыры көзін жойды. Өмірбек кішкентай баланы да, жетімекке әке орнына әке болған Сапар ағайды да қудалады. Асқар колхозшылардың жәрдемімен ержетті, университет бітіріп, өз ауылында мектеп директоры болды.

Повестің жағымды кейіпкерлері Асқар, Дәмеш апа, Сапар аға, сондай-ақ колхоз шопандары — ойында бүкпесі жоқ, жаны таза, табанды да батыл, оқиғаның ағымын ақылмен ұғынатын ізгі совет адамдары. Білім алып шыққан Асқар шопандар өміріне үңіле көз жүгіртеді, олардың тұрмысы мен жұмысына зер салады, сөйтіп, шопандардың жағдайын, еңбегі мен тұрмысын түбірімен өзгертіп, мал шаруашылығын жаңа негізде қайта құру керек деген қорытындыға келеді.

Жолдың нашарлығынан ешкім көмек көрсетуге үлгіре алмай, қапыда қаза тапқан шопан Күркеннің өлімі повесте шопандардың тұрмысын қайта құру жөнінде үлкен проблема көтеріп жүрген Асқар ойының дұрыстығын дәлелдеп шығады.

Әлімжановтың очерк жөнінде өткен мектебі повестіңке игі ықпалын жасады: повесть әрі тартымды болса, сонымен қатар әрі айтарын дәл басады, көп сөздік жоқ, көркем, сюжеті өткір және ең бастысы, бүгінгі таңның тұйынді жайларын қозғайды. Оқығанда бас алмайсыз, өйткені повесть сансыз ойларға түрткі салып, өмірге қоянқолтық араласуға шақырады, жанынды тебірентеді.

Әлімжанов творчествосы — очерктері мен повестері — өмірдің мыс қазанынан қайнап тұған, ол бізді сонысымен қуантады.

Кейде, қуанышың қойныңа сыймаған кезде, сол қуанышыңды біреуге айтқың келеді де тұрады. Жүрек толы

шаттығынды ұшыраса кеткен біреумен бөліскін кеп кетеді. Кітап оқи жүре, шынын айту керек, мұндай сәттер онша жиі болып тұрмайды. Өйткені, жасыратын не бар, жаныңды жадыратып тастайтын жақсы кітаптар жайпақ табан, жайбасар, көңілсіз, әсерсіз кітаптардан әлдеқайда аз кездеседі. Әдебиет тасқынында реніш, қынжылыс тудырғаннан басқа түк бермейтін кітаптар да аз емес. Ондайда алған әсеріңді біреуге тезірек жеткізсем екен деп асығу қайда, авторды да, оқырманды да, әдебиетті де аяп, өзіңнен өзің налып қаласың. Кітап оқып, құмардан шығу деген не? Ол, әрине, алдымен сол бір қызғылықты, тартымды кітаптан ләззат алу деген сөз. Сол ғана ма?! Кітап өмір шындығын танытады, дүниенің сұлулығына жаныңды еліттіреді, адам бойындағы бұрын ашылмай келген жаңа қасиеттерді алдыңа жайып салады, халықтардың, күллі адамзаттың тағдырына еншілес етеді.

Осынау кітап очерктер мен новеллалардан құралған. Мұнда да тақырып бірлігі жоқ десек, жанр бірлігі жоқ деуге де болатын тәрізді. Өйткені, мұнда бір-біріне ұқсамайтын алуан түрлі жәйттер: отар және азат Африкадағы өмірде, батыстағы буржуазиялық һәм социалистік елдерде, өзімізде, өз Отанымызда коммунизм орнату жайы да сөз болады. Кітапта сюжет, стиль бірлігі де жоқ. Ішінде ойдан шығарылған кейіпкерлері бар көркем повесть пен айы, күні, географиялық координаты дәл айтылған, кейде тіпті өмірде бар, тарихи адамдар бейнеленетін очерктер қатар тұрғанда, сюжет бірлігі қайдан болсын. Өткір де дәл суреттемелер мен байсалды баяндау, кең толғаныс пен әдебиеттану әуендері, бәр-бәрі қабаттасып жатқанда, стиль бірлігі де болуы мүмкін емес.

Кітаптың ерекшелігінің өзі көркемдік белгісі деп аталатын осындай шартты элементтердің мұнда жоқ болуында сияқты көрінеді. Бірақ, істің мәні басқада екен. «Жоқ» боп көрінуі көзге ғана. Сол «жоқ» дегеннің ар жағында жанрлар, тақырыптар мен стилистикалық элементтер бірлестігі сайрап жатыр. Оның ұйытқысы болып тұрған — автордың парасаты (интеллектуальдық) өз тұлғасы, яғни автордың жігерлі де көреген «жеке» басы, оның ой-өрісінің кеңдігі, әр заттың мән-мәнісіне үңіле қарайтын очеркист-публицист суреткердің жіті көзі. Очерктері повестьке айналған автор оның кәдімгі болған, даусыз оқиғаға құрылғанын жасырмайды, әңгімесі

очерк боп кетеді де, очеркі әдеби-зерттеу мақаласының бір тарауына айналып кете алады. Публицистика мен көркем әдебиет бір-бірімен сыйыспайды деп сынаржақ ойлайтындар: «публицист қалай суреткер болады?» — деп сұрақ қойылуы мүмкін. «Ия, болуы мүмкін!» дейміз біз. Оған дәлел — «Көгілдір таулар». Рас, онда очерктер, автордың Африка мен Европа елдеріне саяхатының нәтижесінде туған жолжазбалар басым, бірақ бұл көркем публицистика.

Очерк шын болған фактілерді, оқиғалар мен адамдарды айтады. Бірақ, істің мәні сол очерктер мен жолжазбаларының талантты жазылуында. Әлімжанов очерктері дәл осындай. Әсерлі, тартымды жазылған бұл очерктер тұтас бір елдердің табиғат көріністерін, тұтас бір халықтардың өмірі мен тұрмыс-салтын суреттейді, өткен және қазіргі замандағы тарихи оқиғаларды, адамдардың характерлерін көз алдына әкеледі. Соның бәрі партиялық, авторлық дәйектемеге құрылған.

Мәселен, кітапқа беташар болып тұрған «Жалындап тұрған найза» атты очерк-повесін алайық. Автор Африка табиғатын, оның ыстық күнін, лайлы өзен-көлдерін, оның жер белдеуіндегі ормандары мен мұхит жағалауларын суреткердің нәзік қыл қаламымен шабыттана суреттейді. Африка халықтарының азаттық жолындағы күресін бейнелейтін аллегориялық дауыл образы өте тамаша шыққан. Сол дауылдағы дауылпаз — Канияның қаһарманы, ақ таулар еліндегі тайпалардың ізгі де дана көсемі Джомо.

«Джомоға көзі тірісінде жұрт ізгі де дана деп әділ баға берді, — дейді Әлімжанов риясыз сенген жүрекпен. — Отаршылардың зұлымдығы да, тас зынданда ұрып-соғып, нәр сызғызбай аштыққа қамауы да оны ақ жүрегі мен адамшылығынан айыра алған жоқ. — Ол — ұлы адам! — деседі Африка ақындары. Мен оларға сенемін. Өйткені, олардың жыры — бұрынғы құлдардың, жақсылық десе жан пида ететін адамдардың жан сыры. Олардың дауысы — күл мен көмір арасынан тік атылған ыстық жалын. Олар Джомоны жыр етеді. Мен олардың Джомо туралы поэмасына бір жол қосқым келеді.

Джомо дегеніміз — чехтарша Янек, орыстарша Иван, қазақтарша Оспан деген сөз».

Одан әрі Джомо туралы новелла басталады, оның суреті, қаһарман өмірбаянының бір кесегі беріледі, осы-

нау өмірбаяннан дәл сондай жүздеген мың африкалық ивандардың тағдырын аңғарғандай боласың...

Әлімжановтың символға айналған пальмасы туралы оқып отырғанда М. Әуезовтің «Абай жолы» романындағы Абай Құнанбаевтың жарқын тұлғасын бейнелейтін шынар ағашы еріксіз еске түседі.

Джомомен қатар Динго, Жәмила, қарт аңшы, сойдақ тісті Мио, қолын оқ тесіп өткен Тчура Мбой образдары да есте қаларлықтай тартымды суреттелген. Бұлар — Африканың қарапайым адамдары, ұлан байтақ қара құрылықты азат ету жолындағы ержүрек күрескерлер. Мұнда және Африка елдері туралы басқа да очерктерінде («Ержүрек әл-Керім мен сәуегей Мұқамбет», «Көз жасының аралы», «Елші қашты», «Адам қолы»), Марокко, Сенегал, Гвинея, Піл сүйегі жағалауы, Алжир, Конго, Мали жөніндегі очерктерінде біз адам баласына деген масқара зұлымдық болып табылатын отаршылдыққа, ағылшын, француз, Бельгия, Португалия империалистерінің қантөгіс әрекеттеріне нәлет айтып, қатал үкім шығарған ар үнін естиміз. Автор санасының шамшырағы Африка халықтарының тұрмыс-салтындағы біз үшін мүлде қараңғы жақтарына сәулесін түсіріп, алдымызға жайып салады.

Қара құрылық адамдарының шын өмірі мен күресін түсінуімізге көмектесе отырып, автор оқырманды осынау адамдардың өміріне самарқау қаратып қалдырмайды. Өйткені, оның өзі де өз очерктерінде экзотикалық көріністер мен эпизодтарды баяндап қана отыратын самарқау байқаушы емес, ол ғасырлар бойы езушілікте келе жатқан халықтардың тағдыры жайлы бар шынын бар даусымен ышқына айтатын жалынды публицист. Ол отаршылардың бет пердесін жұлып тастап, зұлымдығы мен қанішерлігін бетіне басады, өз Отанын жан-тәнімен сүйетін, езушілерді жан-тәнімен жек көретін адамдарды шын жүректен құрмет тұтады, соларға жаны ашиды. Бұлар очерк-памфлеттер және сонымен қатар прозадағы очерктік-лирикалық ақ өлең.

Автордың парасатты (интеллектуальдық) «мені» көзбен көргенін философиялық және публицистикалық жағынан жинақтап, оған лирикалық әр береді де, айтылмыш құбылыс атаулыны бір-бірімен байланыстырып тұратын кіндік темір қызметін атқарады. Автор өз идеясын жасырмайды, ол — жер жүзіндегі адамдардың бос-

тандығы мен теңдігі, бақыты мен туысқандығы. Өзін не үшін болса да жауаптымын деп сезінетін совет жазушысының гуманистік принципі оны адамдардың барлық қарекеттеріне араласып, «заманы туралы, өзі туралы» айтуға мәжбүр етеді. Міне, сондықтан да ол жарық дүниеде не боп жатса, соның бәріне толғанады, жүрегі толқиды, жаны ашиды. Бұл қасиетін біз Әлімжановтың Москва фестиваліне арналған «Қара дос, ақ дос» атты кітабынан айқын сезген болатынбыз. Автордың интернационализмі мен гуманизмі жай декларация емес, жазған әр жолынан табиғи өріле анық көрініп тұрады.

«Көгілдір таулар» кітабының Түркия, Греция, Италия, Австрия, Чехословакия қалаларына саяхат кезіндегі очерктерінен құралған екінші тарауы әр елдің тарихы жарқын нәрселерді, әр халық және бүкіл адам баласы мақтан тұтатын нәрселерді жазушының жанындай жақсы көретінін білдіретін лирикалық проекция тәрізді. Сонымен қатар Гитлер мен Муссолинидің, сондай-ақ империализмнің қазіргі профашистік топтары мен блоктарының зұлымдық, зымиян әрекеттері туралы оқығанда, адамзаттың қас дұшпандарына зығырданымыз қайнап, жүрегімізде ызалы жиіркеніш сезім тұтанады. Әнуар Әлімжанов буржуазиялық мәдениеттің адам психикасына у боп жайылатын іріткіш әсерін ерекше терең және дәл ашып көрсетеді, буржуазиялық қоғамның рухани құлдылауын аяусыз әшкерелейді. «Прага күні» очеркінде осының бәріне социалистік Чехословакия астанасында гүлденіп, құлпырып бара жатқан жаңа мәдениет қарама-қарсы қойылғанын көреміз.

«Отансыз адам» атты очеркте социалистік Отанымызды сатып, Батыс Германия кекшілдеріне малайлыққа тұрып, «Мюнхеннің адамы» деген лақап атпен, өз қожайындарының тапсырмасы бойынша, Советтік Қазақстан туралы аузына келгенін жазып, қазақ жазушысы деп қол қоятын сатқынның бетіне нәлет таңбасы басылады.

Венада фашистердің әйгілі жандайшабы Қазақстаннан турист боп келген өз жерлестерімен кездеседі. Беттерінде бақыт нұры ойнап, ешкімнен именбестен, жат жұртта еркін көсіліп, тік басып келе жатқан біздің адамдарды ұғыну үшін, ол мойнын жағасына тыға, таса-тасаның арасымен алыстан барлап, арттарынан із бағып келеді. Фашистерге сатылған торлы міскін ақыры шыдай алмай, жерлестерімен тілге келеді. Бірақ олардың



ауызынан аяушылық емес, жиіркену, ақтау емес, қатал шенеу сөзін естиді.

«Не туралы жазасыз? Қазақстан туралы не білесіз сіз?»

«Сөйтіп, аналардың бұйрығы бойынша біз туралы өтірікті еыңғытамын деңіз? Кітап та шығарасыз ба?»

«Е, осындай тұрмыс екен ғой көкsegенің? Жат елде қаңғып күнелтіп, көлеңкеден қорқып, өмір-бақи қалтырап өту ғой саған керегі? Ал, мақалаларыңа келетін болсақ, босқа әуре боп жүрсің».

«Сөйтіп, Хаит екеуіңіз доллар мен марка деген екі мырзаға малай боп жүр екенсіздер ғой. Ит тойған жеріне деген осы екен-ау».

«Сенің мақалаларыңды оқығам. Сен бізді құл деп жазыпсың. Айтшы шыныңды: құл сен бе, мына мен бе?.. Оқасы не, уақыттың өзі-ақ шешті ғой қайсымыз дұрыс екенімізді. Уақыт ең қатал төреші. Көрдің бе сені не ғып жібергенін?!»

Қаумалай жиналып қалған веналықтарға түсініксіз, қазақша айтылған осы бір сөздер оның өңменінен өтіп кетті.

Бақытты Қазақстаннан келген бақытты адамдар қарапайым сөздермен-ақ оның бүкіл жексұрындық қарекетін, итшілік өмірін, отанын сатқан опасыз екенін аяусыз әшкерелеп береді. Олар кетерінде онымен қоштаспақ түгіл бетіне де қараған жоқ.

Әлімжанов сол бір қуыс кеуде қаңғырған сілімтіктің сиқын онша жарқырауық болмағанмен, ұзақ есте қалатын бояулармен суреттеп берген.

«Күздің жайма шуақ нұр шапағы жапырақ бойлап сырғып барады. Мюнхеннен келген адам жападан-жалғыз қалды. Құллі дүниеде қуарған жалғыз қара басы. Аяқ астындағы жер де тітіреніп кеткендей. Оны жер бетіне ұстап тұрғысы келмей, қақ жарылғысы келетін тәрізді. Жүрегі алқынып аузына тығылды. Ауа, ауа жетпей барады.

Парк қақпасының алдындағы құлпытастың үстіндегі креслода Гете отыр. Тізесінің үстінде — жаюлы кітап. Ол келер ғасырлардың ар жағынан кейінгі ұрпақтардың келешегін көргісі келгендей алысқа көз тігеді. Оған қарама-қарсы, көшенің арғы бетінде Шиллер тұр. Әлгі адам қалт-құлт басып, демін әзер алып, жан-жағына жалтақ-жалтақ қарап, солардың жанынан өтіп барады,

өз отанын жан-тәнімен сүйген, Отанға өпасыздарды жан-тәнімен жек көрген осынау ұлы жазушылардың назарынан қорқатын сияқты ол».

Кітаптың ең тартымды, ең маңызды тарауы тамаша новеллалар мен очерктерден және туған Қазақстан өмірінен алынған «Көгілдір таулар» атты үлкен повестен тұрады. Мұнда патриот жазушы өз Отанына, өз халқына, ата-баба жеріне деген перзенттік махаббатын аямай төккен. Ол «Восток» ұшқан байтақ жерді жан-тәнімен мақтан етеді. Бойына ана сүтімен бірге махаббат сезімін құйған қазақ даласын мақтан етеді. «Ол жұлдыз аралаған қиын сапарға осынау Байқоңырдан көтерілді,— дейді Ә. Әлімжанов «Восток» туралы айта келіп.— Байқоңыр — бақытты, шырқау биікті, ұшарға қанат болуын арман еткен менің бабаларымның жері». Осынау арманды құлдық бұғауынан азат болған совет адамы жүзеге асырды.

«Бақ әже» новелласындағы ауылдастарының игілігі үшін бақ өсірген ақкөңіл әже, «Ақ тұма» очеркіндегі «бір кезде таудың ұңғыл-шұңғылының бәрін білетін қушеке тентек», кейіннен көп адаммен астық тиелген автомашиналарды апаттан аман алып қалатын Наурыз, сондай-ақ «Соңғы Мадамар» очеркіндегі шопан Шабдан ата мен Ырым деген әйел, Бетпақдала жағдайында жұртқа соншама жақсылық жасаған, халықтың қалың ортасынан шыққан қарапайым, ақылды адамдар, ол аз болса, «Мұхитқа жол» атты очерктегі Ертіс су-электр станциясы құрылысының бастығы, өмірден тоқығаны мол «Болат прораб», орыстың осы замандағы оқымысты құрылысшысы, коммунист, кіршіксіз адал жан Михаил Васильевич Инюшин мен тіс қаққан қарт бақташы Мамырхан — осының бәрі халықтың ең жақсы характерін өз бойына сіңірген тамаша еңбек адамдарының образдары, оларға халық мүддесі бәрінен де жоғары.

«Көгілдір таулар» — автордың өзі туралы, өз халқы, туған жері, ата-бабасы, өз замандастары туралы толғанысы. «Аспанда ма, айдалада ма, космоста ма, жерде ме,— қайда жүрсе де адам уақыт туралы, өзі туралы, өткендегі мен болашақ туралы ойламай тұра алмайды» деген автор сөзін повестьке эпиграф етіп қоюға болар еді.

Повесть автордың вагон купесінде келе жатқандағы толғаныстарынан басталады, оның терезесінен алыста

мұнартып тау жоталары көрінеді. Осынау тау «базарсыз балалық пен алғашқы қуаныш сәттері өткен өз өлкеге бір келіп кетсеңші» деп шақырады. Бірақ, ол онда бара алмайды, өйткені оның жолы басқа жаққа тартып барады. Өзінің жат елдерге жиі баратынын, әзіл үшін, бабаларының көшпенділік өмірімен салыстырып, Әнуар көшпенділік қазақтардың маңдайына о басында жазылған қасиет дейтін тарихшысымақтарды тәлкек етеді. «Отырар мен Фарабаның болғаны рас қой,— дейді мәселені жетік білетін автор,— менің ежелгі бабаларымның қолымен тұрғызылған мемлекеттер мен қалалардың болғаны рас қой. Вавилон сарайлары мен кітапханаларынан кем түспейтін сарайларымыз бен кітапханаларымыз болған ғой».

Автордың осы бір толғанысы оның халық тарихына ой жүгіртуіне басты себеп болғандай. Шығармаға арқау болып тұрған — Анаш туралы әңгіме. Повестің бас қаһарманы қазақ тарихын тек көшіп-қону деп қарайтындарға, ал дала суреттерін тек экзотика деп санайтындарға автормен бірге жан сала қарсы тұрады. Повесть кейіпкерлерінің бірі Жомарттың бар арманы — Отырарды қазып көру, ол да: «Қазақ даласы өте көне, бірақ әлі оқылмаған кітап» деп есептейді. «Дала, дейді ол, тақтайдай жазық алаң емес, ол бір кездегі батырдың қолында оқ қағар боп, күндердің күнінде иығынан ұшып түскен қалқан тәрізді, қазір тарихтың ұлы құпиясын бауырына жасырып, нақыш-бедерлері күнмен шағылысып адам аяғының астында жатыр».

Кейіпкерлердің халық тарихы мен мәдениетіне ой жүгіртуі заңды да орынды. «Коммунизм тарихты іс жүзінде ұғыну нәтижесінде орнатылады. Өткен тарихтың тереңдігіне көз жеткізу болашақ биігіне көтерілу болып табылмақ» десе, осы арада Жомарттың оған толық хақысы бар.

Повесть кейіпкерлері Анаш, Асқар, Жомарт, Кузнецик, Сергей, Гүлсара — балалық шақтары соғыстың қиын-қыстау жылдарында өткен жас адамдар, автордың замандастары. Сондықтан олардың тағдырлары да бірбірімен ұқсас.

Өз тұстастарының образдарын жасағанда, Ә. Әлімжанов олардың характерінің әрі жалпыға ортақ, әрі дара сипаттарын қатар бейнелеуге тырысқан. Оларға ортақ қасиет — интеллектілік, ойлану, толғануға, замана құбы-

лыстары мен оқиғаларын ақыл елегіне салуға құштарлық. Ал дара қасиеттері әр кейіпкердің өмірбаянындағы ерекшеліктерге байланысты. Мәселен, бас кейіпкер Анаш — аудандық комсомол комитетінің секретары, ол Қырғызстанда туған, Сибирьде ауыр мекнат шеккен, Жетісудың балалар үйінде тәрбиеленген, ақыры келіп ойда жоқта бірнеше жыл гоминдандық Қытайда болған. Оның буржуазиялық Қытай мен Социалистік Қазақстандағы өмір суреттерін салыстырып көруге мүмкіндігі бар. Алыста туған жерін аңсап, сағынып жүріп, ол өз Отанына деген махаббатын мәңгі өшпестей етіп сын көрігінде суарған.

Әлімжанов өте өткір, көкейтесті проблема көтереді. Ол жастарды тәрбиелеу мәселесі.

Осы бір аса күрделі мәселеде Анаш көп қиындықтар көреді, соғыстан кейінгі жастардың кейбір бөлегінің мінез-құлқындағы шет жұрттардан жұққан қайсыбір жағымсыз жәйттердің туу себептерін ойлайды. Еңбек, коллективтік адал еңбек — Жомарттың ойынша, жастарды тәрбиелеудің бірден-бір дұрыс жолы міне осы. Мұның бәрі әрі тартымды, әрі бүгін таңда аса қажет нәрселер.

Жомарт — нағыз жақсы мағнасында айтқанда, романтик. Ол өзі қалап алған ғылым саласы — археологияда ерлік жасауды қиялдайды. Жер жынысын қазу арқылы Отырардың жоғалған есімін қайта тірілтпек. «Әрине, Отырар космос емес! Бірақ, бәрі де... космонавт скафандры да, археологтың қыл қаламы да, ғылымға, демек, олай болса, адамға қызмет етеді. Отырар тылсым сыр, сан ғасырдың құпиясы, туған даламыздың ежелгі тарихы».

Жомарттың жеке басының кемшілігі де бар, ол: өзіне өзі сенгіштігі, мақтаншақтығы. Ол мінезі Гүлсарармен қарым-қатынасында ашылады. Бұл шынтуайтқа келгенде, Жомарттың өз идеясына шамадан тыс беріліп кеткендігінен туған жай. Оны Гүлсара бірден аңғарады.

— Саған өмір сүру қандай жеңіл! Өзіңмен өзің боп, өзіңе ғана қызық нәрсені сөз етесің, соны ғана ойлайсың, — дейді ол.

Гүлсара мен Сергей, Жомарт пен Гүлсара арасындағы қарым-қатынаста көбінесе Гүлсараның астана өмірі қамсыз, мұңсыз, бір рахат қой деген жаңсақ ұғымы көзге ерекше шалынып тұрады. Астана дегеннің оның ойындағыдай емес, тұрмыста да, махаббатта да тазалықты

сүйетінін Гүлсара кештеу болса да кейін түсінеді. «Апырау, бұрын осы жағын ойламағаным ба?» дейді ол өзіне өзі.

Ә. Әлімжановтың повесі өте қызық, өте пайдалы, ол публицистикалық жалын мен жігерге толы. Оған ұйтқы болып тұрған тұлға — автордың өз басы, оның асыл мұраттары мен ой-пікірі. Бұл ойлар мен мұрат-мақсаттар авторды ғана емес, қалың оқырман қауымды да толғантады. Өйткені, ол тарих пен осы заманның ең бір көкейтесті түбірлі мәселелерін қозғайды.

Әрине, повестің олқы соғып жататын жерлері де бар. Кей жерлерге келгенде автор жаңылтпашқа түсіп кетсе (мәселен, «сырдақай-сырдаң бозбалалар» жайлы), ал кейде керісінше, шайнап бергендей тым тәптештеп түсіндіреді (мәселен, Отырардың орнын қазу идеясы). Бірақ автордың мейлінше адал, оң пиғылы, өз халқына, туған жеріне деген кіршіксіз махаббаты сол кемшіліктің бәрін де жуып кетеді.

Ә. Әлімжановтың «Көгілдір таулар» кітабы өз халқын шын сүйген адам ғана басқа халықтарды сүйе алатынын, туған халқына деген махаббат күллі адамзатқа деген жалпы махаббаттың бір бөлшегі екенін тағы бір дәлелдеп берді. Көркем публицистикалық «Көгілдір таулар» кітабында жолығатын алуан түрлі тақырыптар мен жанрлардың бір-бірімен ортақ тіл, қисын, эмоция бірлігін тауып тұрғаны да осыдан.

Автордың нағыз патриоттық сезіміне ұялаған халықтар достығының сезімі, гуманизм мен интернационализм халықтардың өткені мен бүгінгісіне, болашағына ой шұғыласын түсіріп, оқырманның жүрегіне жарқын сәттер әкеліп, бостандық үшін, коммунизмнің салтанат құруы үшін күреске жігерлендіре түседі. Әлімжанов творчествосының бір жақсы жағы — лирикалық проза. Онда суреттелетін адамдар, оқиғалар, тіпті ең аяғы табиғат көрінісінің өзі автордың жан жылуынан, ой сәулесінен жылу мен нұр алып, автор бойындағы қасиеттерге егіздің сыңарындай ортақ боп тұрады. Әлімжановтың лирикалық прозасының тағы бір жақсы қасиеті — суреттеп отырған нәрсесіне оқушыны таңқалдыра, тебіренге, соған назар аударта білу шеберлігі, оны оқығанда қандай да болмасын бір жаңалық ашып отырғандай боласың. Мұның өзі оны поэзиямен жақындастыра түседі. Әлімжановтың «Литературная газетаның» 1965 жылғы 27 февральдағы

санында шыққан «Дихан туралы аңыз» атты тамаша очеркін оқығанда да осы ойларымыздың дұрыс екеніне көзіңіз жетеді.

Очерк геройы — бүкіл дүниеге әйгілі қазақ күрішшісі Ыбырай Жақаев. «Бір кезде оны жұрт стахановшы деуші еді, сонсоң екпінді озат жанашыл деп атады, енді қазір шамшырақ деп атайды. Ол бірақ өзгерген жоқ, қалпында қалды. Ешуақытта мен пәленмін деп кеуде қағып, достарынан асып көрінуді ойлаған жоқ. Күн мен желге қақталған осынау ақсақалдың сөзге құмарлығы жоқ, мақтағанға құлақ та аспайды, даурықпа, бөспе сөздерге жаны қас. Соншама ғажайып мол өнім алатын не ғаламат, не сиқырың бар, соны айт деушілер жиі кездеседі. Онда ешқандай сиқыр болып та көрген емес».

Оқырман біздер ішімізден танданып риза болып қаламыз. Атағы жер жарса да даңққа селсоқ қарағаны несі... адам айтқысыз өнім жинай тұра, соған жету сыры жоқ дегені несі? Бұл арада біз кейіпкеріміздің қаһарман емес, героиканың қарапайым түрінің өкілі болғанына танданамыз. Қандай ғажап қасиет десеңізші! Демек, әркім де Ыбырай Жақаев тәрізді бола алады екен-ау, яғни әркім-ақ асып-төгіліп жатқан айрықша қасиеті болмаса да соншама бітік егін өсіре алады екен-ау деп ойлайсыз. Егін болғанда қандай! Қазіргі күріш күннің ыстығын, судың салқынын тәуір көретін, кәдімгі ежелгі заманнан келе жатқан тәкаппар дақыл. Әлемді таңдантқан ғажайып күріш өнімі қайда жиналып отыр? Сан ғасырдан бері осынау дақылмен айналысып келе жатқан Қытай да емес, Жапония да емес, Үнді мен Индонезия да емес, әлгі қарапайым диханшыға дейін ешкім күріш егіп көрмеген кәдімгі Қазақстанның өзі.

Әр жолын оқыған сайың, бұрынғыдан бетер таңқаласың. Ғафу етіңіз! Бәлкім, Әлімжанов осынау жетпіс бес жасар қарияны асыра мақтап отырған шығар, бәлкім ондай күрішші жалғыз емес, ондап, жүздеп, мыңдап саналатын шығар? Жоқ, «Еліміздің маңдай алды күрішшісі» деп тайға таңба басқандай айқын жазылған. Бірінші күрішші! Әлімжановтың бос сөз жазбайтыны белгілі. Бірінші десе бірінші болғаны. Айтқанын дәлелдеу үшін ол қарапайым газет тілімен: «Арал бойында оның жүздеген ізбасарлары бар» деген сөздерді қосады.

Тіс қаққан, сақа оқушы цифрмен дәлелдегенді тілеп тұрады. Цифр деген бір тамаша нәрсе ғой. Оны алдай

алмайсыз. Егер бұл Жақаевтың алған өнімі Қытай мен Индонезияда да жоқ ғажап болса, Әлімжанов бұл тартпас, дәл, даусыз цифрлы дәлел де келтіреді: күріштің гектарынан жүз жетпіс екі центнерден өнім алынған!

Бұл жерде оқушы «Жақаевты күріш отаны Бирма, Корея, Қытай мен Индия да білетініне, оның шәкірті Кенесбай Алшоразов сонау Кубадан келген бір топ күрішшіге өз ұстазының әдісін бір жыл бойы үйреткеніне еріксіз көзі жетеді.

Очеркшінің шеберлігі сонша, ғажап қалған оқырман енді осынау ғажайып заман бұрын-соңды болып көрмеген керемет табысқа қалай жетті, жарияланбаған жарыста жер жүзінің екі жарты шарының мен мынау деген күріш шеберлерінің бәрін қалай жеңіп шықты? — Енді соны білуге құмартады. Қалай дегенмен ғаламат қой бұл. Қазақ деген қандай халық? Кеше Шығанақ Берсиев әлем тарышыларының бәрінен асып түсіп еді, енді күріш даласында ғаламат жасап Ыбырай Жақаев шықты...

! Мұның сыры неде, тез шешілсе екен. Бәлкім, бұл аудандық агрономның айтқанын екі етпей дәл орындағанынан болған шығар? Немесе Ыбырайдың бақытына қарай колхозға жұмыстың бабын білетін, жігерлі, жақсы бір өкіл келген шығар?

Оқырман очерктен бас алмай шым-шытырық ғажаып оқиғаларға құрылған романша оқиды.

«Ауылға кезекті өкіл де келді. Көрші плантациядағы қап-қалың егін көгін көрді де, оның (Жақаевтың — М. Қ.) егін жайына қарай бет алды. Сарғайып кеткен сіп-сирек күріш қияқтарын көрді. Ауданға тұра шауып, жұрттың бәрін аяғынан тік тұрғызды. Біресе ауданнан, біресе облыстан, тіпті Алматыдан да әйтеуір шалдың плантациясына комиссия дегенің бірінің үстіне бірі сау етіп, дүмеп жатты,

— Күріш қайда? — деп сұрайды одан.

— Болады ғой, — дейді ол.

— Қазір неге жоқ?

— Өйткені егіске қосымша қорек пен үстеме су әлі берілген жоқ.

— Ал неге суармайсыз?

— Әрқайсысының өз уақыты бар, — дейді шал асықпай-саспай.

— Уақыты өтіп кетті! — деп айғайлап жіберді өкіл, сөйтті де плантацияға су жіберуге бұйырды.

— Мұның плантациясын алып, басқаға беру керек,— деп бұйырды ол тағы.

Бірақ, кәрісі бар, жасы бар ешкім оның бұйрығын орындаған жоқ. Бұл танап бұрын қурай басқан жер болатын. Шал оны кетпенмен отап, ой-шұңқырын тегістеп, тазартып арық пен жап-атыз жүргізген болатын. Бұл оның өз танабы, өз жері. Дихан бабаны бұл арадан кім қуып шыға алады?»

Шіркін-ау, мынау кәдімгі өзімізге таныс «Глузов қаласы» емес пе? Бұл бір кезде Щедрин мазақ еткен «әкімшілік масаттану» емес пе? Бірақ, назар аударыңыз, Әлімжанов бұл тамаша көріністі байсалды бейнелейді, азаматтық ашу-ызасын салқын қанды жолдармен тежей отырады. Өкілді пысықсыған дарақы деп те, түймедейді түйедей етіп көрсетуге жаны құмар бөспе төре деп те, айғайшыл, даңғой деп те тілдемейді. Оның кім екенін оқушылардың өзі түсінеді, ауыл шаруашылығына басшылық етудің ондай «әдісі» КПСС Орталық Комитетінің 1965 жылғы март Пленумында қатты сыналды.

Жақаев ұятқа қалдырмайтынын, кәрі тарланның сүрінбей өтетінін оқушының іші сезеді.

Дәл солай аңызға айналған диханшы күрішті дер кезінде суарды да, «сол жылы оның колхозы тағы да рекордты өнім алды, тағы да қайсар дихан жеңіп шықты».

«Дихан туралы аңызда» Әнуар Әлімжанов кімде-кім агрономия ғылымын бұрмаламай, жердің тікелей өзімен ақылдасып, соның тынысын тындап, сырын шешіп отырса, күріштен адам баласы естіп көрмеген мол өнім алуға болатынын тек фактілер мен цифрлар арқылы ғана емес, Жақаевтың психикасына терең үңілу арқылы да көз жеткізеді.

Әлімжанов қарт күрішшіні мысал ете отырып, өзі сүйген жұмысқа кімде-кім барлық жанын салса, еңбекті творчество дәрежесіне көтеріп, ғылым мен мың жылдық диханшы тәжірибесін ұштастыра білсе, ғажап нәрселер жасай алатынын тағы бір дәлелдеп берді: «Дихан туралы аңыз» — адам жанын тебірентіп, рахатқа бөлейтін шығарма, оған Әлімжанов өз жүрегінің бар жылуын аямай жұмсаған.

Қарт күрішшіні көргенде: «Менің оны жазбауыма болмайды», десе, авторға кәміл сенесің. Әлімжанов шағын ғана очеркте Жақаевтың өмірінде болған басты-басты оқиғалардың бәрін де, ұлынан айрылып, оған ескерт-



кіш орнына қурай қаптаған құнарсыз танапты кетпенмен аршып, күріш даласына айналдырғанын да, орашолақ басшылардың қырсығынан өзінің мәпелеп өсірген аса бағалы бір түп күрішінен айрылғанын да — бәрін де қамтыған.

Мұндай очерк кейбір повестьке де бергісіз.

Очеркте жерді жаңартушы ғажап күштің иесі, аты аңызға айналған жетпіс бес жасар Ыбырай Жақаевтың зор тұлғасы асқақ көрінеді. Оқушы да очеркші қаламгермен бірге:

«Оның осынау қария даласының перзенті болғандығынан мен де қажымас диқан бабамның алдында басымды иемін!

Алдыңнан ақ күн тусын, диқаншы!» — дейді.

Саяхатшының шабыт тұлпары бұл жолы Әнуар Әлімжановтың жеті теңіз жер асырмай, туған Қазақстанның күріш даласына әкеледі, ол өз замандасының ғажайып сұлу жан дүниесіне үңіледі, жан сырына үңіле көз тігеді, өйткені оның творчествосына шабыт беретін өз заманы.

Былтыр. Орал қаласында сөйлеген бір сөзінде М. Шолохов тәуір жазушының көбі-ақ әуелі журналист болған деген ой айтып еді. Ә. Әлімжанов дәл сондай журналист-жазушы. Ол әлі жас. Сондықтан оның суреткерлігінен әзір журналистігі басым. Дегенмен, қазірдің өзінде ол осы екі бағытты қатар ұстауда. Және екеуін де қныстырып, жарасымды ұстауда. Бұл қалпында болашағы үлкен үміт күттіріп отырған талантты жас қаламгерді журналист-жазушы десе де болғандай. Бірақ мәселе онда емес. Айтайық деп отырғанымыз: журналистке де, жазушыға да бірден-бір тән және қажет қасиет — парасаттылық пен публицистік серпіннің Ә. Әлімжанов творчествосында бірдей табылатыны, оның не жазғандарының бәрін өткір, уытты, әсерлі ететіндігі туралы. Бұл факті бізде көркем публицистика мен публицистикалық очерк жанрының ілгері басқанын және дербес жанр ретінде өмір сүруге право алғанын бір дәлелдесе, екіншіден, ақылды айтылған жалынды публицистика қай жанрға да болса жат емес, қайта оған рух, жігер, леп беретінін дәлелдейді. Тек ол жалаң ақылсу, бос көпірме емес, қисынды, терең логикалы көркем сурет пен образдарға өрілген өзек болсын.

Жалғыз Ә. Әлімжанов емес, екі съезд аралығында пайда болған әрбір туындыға бір сәт осы тұрғыдан қарап, осы өлшеммен келер болсақ, парасаттылық пен публицистиканың әдебиетте атқаратын ролін анығырақ ажыратқан болар едік дейміз. Сонымен бірге терең идеяны өзек етпеген, философиялық ой қазанында қорытылмаған, адам жанына суарылмаған, адамның асыл арманын көксемеген «көркем» шығарма көркем емес, ол әрі саяз, әрі жансыз, жасық дүние екенін ескерген жөн. Ондай дүниелер бізде әлі де жоқ емес қой...

## ТУҒАН ЕЛДІҢ ТҮТІНІ

*Жалықтырса ұзақ сапар, жат мекен.  
Туған елдің түтіні де тәтті екен.  
(А. С. Грибоедов.)*

Алау. Ошақтан ұшқан түтіннің ащы иісі. Олжас Сүлейменов алауды сүйеді. Кітаптарының өне бойы далада да, тауда да, ежелгі керуен сүрлеуінде де — лаулаған алау.

Қария тарих — қаптаған жалын<sup>1</sup>,  
Лап етіп жанған тұздерде,  
Алауға атам қақтаған жанын,  
Аңызы қалған біздерге,—

дейді ол.

Қазақ ақындарының ішінде саяхатқа ең көп шыққаны — осы Олжас, ол Азияны, Таяу Шығыстағы араб елдерін, Европаны, Американы аралапты. «Көшіп келем, кезіп келем, кезіп келем, шым-шытырық жолдарыңмен» дейді ол Жерге. Көшпенділер ұрпағы болғандықтан, ол жүріп-тұруды жақсы көреді, «жүрген аяққа жөргем ілінеді», адамдарды рухани өсу, елдерді көгеріп, гүлдеу жолында кезіктіреді, қимыл үстінде танысады.

Дүниені кезіп келем шұбар ала,  
Үй салып ал, дейді жұрт, сыбағана.  
Бірақ мен ол ақылға қарамаймын,  
Африка, Франция, Азияны аралаймын.  
Дастаныммен Нью-Йоркті аузыма  
қаратқанмын,  
Көзін ашқан Алепте арабтардың.  
Үйге оралсам —  
Қалтамда көк тиын жоқ,  
Міне саған!

---

<sup>1</sup> Олжас өлеңдерінің үзінділерін аударған ақын Фаббас Жұмбаев,

Тың тапсам —  
От құйын боп,  
Атыма міне шабам!

Олжас Сүлейменовтың жақсы көретін ақындарының бәрі де — Абай мен Пушкин де, Махамбет пен Лермонтов та, Маяковский мен Багрицкий де — көшіп-конып, саяхат жасап жүруді жақсы көрген, дүние кезу романтикасына құмар болған.

Сүлейменовты Россияда «Құну жортқан құба белі», Америкадағы Небраска штатында:

«Жайылма жазирасы — тікен шенгел. Аптап күн төм-петомар бүккен белдер» — қызықтырса;

Бербери аспанының аясында,  
Биллиондар мыңғырған.  
Шытырман шымылдыктай жағасында  
Мұхит ышқына шыңғырған,

Африканың шетсіз-шексіз кеңістігін көреді. Грециядан кетіп бара жатып Эгей теңізінде:

Гекзаметр өлендей алыс, ұзақ  
Жол-шумақтар барады шыған ұзап,

деп жырлайды;

Түйелер елсіз-күнсіз шөл өлкеде  
Маң-маң басып жоқ болады көленкеде,—

деп түйеді сахарадағы көргендерін. Аспанның тең жарымын алаулатқан таң шапағын:

— Ұлы Мысыр, таңың қандай тамаша! — деп мадақтайды.

Колумбтың құрылық іздеп әлем кезген шақтарын есіне түсіреді; Казакстаннан жер көлемі бес есе кіші, таптар Францияның өзінде ол:

Орлидің даласында аппак жолдай,  
Жер зымырап шамырқанып,—

деп, кең даланы аңсай жыр етеді.

Ол жердің екі жарты шарына да сыймай, космонавтпен бірге ғарыш биігіне самғайды, бірақ оның мінгені — әзірге жұлдыз кеме емес, өз қиялының қос қанаты.

Ол Жер шежіресіне де үңіледі:

Қазып қалшы күрегінмен жер бетін,  
Табасың сен көшпелі елдер бабасын.  
Қарғап өткен кәніпезер жендетін  
Бабалардың нәлет сөзін табасың.  
Тек қарғыс па?

Үміт отын табасың.

Ол болашаққа да сапар шегеді:

Жылдар өтер, табысар адам баласы,  
Қыл өтпестей тату болып арасы.

Саяхаттан жалықпай, жер-дүниені кезіп жүрген тынымсыз бұл қандай жан? Ақындық паспорты қайда тіркелген?

Олжас Сүлейменов — орыс тілінде жазатын қазақ ақыны. Оның тұңғыш өлеңдер жинағы «Арғымақ» 1961 жылы шықты.

Дәл сол жылы жас ақын «Адамға табын, Жер, енді!» поэмасын ұсынды. Содан кейін «Күннен де жарық түндер бар» (1962 ж). «Түн — Париждің қызындай» (1963 ж) кітаптары жарық көрді. Ал 1964 ж, Алматының «Жазушы» баспасы ақынның ең тәуір туындыларын қосып, «Шапағатты таңғы шақ» жинаған жариялады.

Сүлейменов көп елдерді көріп, түрі де, нәсілі де әр алуан адамдармен танысып, дидарласты, көп жайттарды ой елегінен қайта өткізді, толғаныс, тебіреніс теңізінен кешіп өтті. Соған қарап кейбіреулер оның ой-қиялы тұрған топырақтан адасып өз халқын өгейсіп қалмады ма екен, әлем азаматына айналып, ұлттық қасиеттерінен жұрдай боп, сырдаңсып кетпеді ме екен деп күдіктенуі де мүмкін. Бірақ бір жақсысы олай болмай, басқаша болшықты. Жат жұрттарды неғұрлым көп көрген сайын өзінің Қазақстанын солғұрлым күшті сүйетін болды ол. Шет тіл ақындарын (мәселен Киплинг пен Тагорды) неғұрлым көп оқыған сайын, қазақ жырының атасы Абай мен Махамбетті солғұрлым күшті сүйетін болды.

Бір ғажабы, өлеңіне арқау болған талай-талай адамдар ішінде бәрінен де биік шынарда жұлдыздай жанып тұрған екі есім бар: ол — Ленин мен Пушкин. Тағы бір ғажабы, өлеңді орысша жазатын Олжас жырларында социалистік қазақ ұлтының ерекшелігін бейнелейтін қасиеттер қазақша жазатын ақындар жырларындағыдан әлдеқайда көп кездеседі.

Ежелгі орыстың кемеңгерлік дастаны «Игорь полкі туралы аңыздың» өзін ол нағыз ұғымымен талдайды, он-

дағы түркі тіл нұсқаларын әжептәуір дәл тауып, қазақ атының ежелгі Русьпен қызу байланысын, достығын нақты атап көрсетеді, көрші халықтардың берік бірлігін мақтанш тұтады. Бұл еңбегінде қазақ ақыны жаңалық ашушы-зерттеуші ретінде көзге түседі.

Қазақстаннан алысқа сапар шегіп, одан өз жұртына, өз халқының, өз табиғатының құшағына қайта енген сайын, қазақ жерінде қауырт өрбіген қалың оқиғалар толқынына қайта сүңгіген сайын, оның перзенттік махаббаты, орыстар айтқандай «квас исі аңқитын патриотизм» емес, сондай-ақ «қымыз исі аңқып тұрған патриотизм» де емес, Россияны Пушкиннің, Италияны Дантенің, Германияны Гейненің, Қазақстанды Абайдың сүйгені тәрізді, Сүлейменов те өз Отанын барын барынша, жоғын жоғынша қалай болса солай емес, заманымыздың озық идеяларының нұрымен, сәулетшінің ыстық махаббатымен сүйеді. Шоқан Уәлихановтың, Аманкелді Имановтың, Қаныш Сатпаевтың, Мұхтар Әуезовтың, Алтынбек Дәрібаевтың туған Қазақстанын жан-тәнімен сүйген жүрек, Қазақстанның хан билеген, бай таптаған, алашорда мен ісләм діні улаған шағын өлердей жек көреді.

Ескі мен жаңаның арасындағы күрестің (өзі білек сыбана кіріскен күрестің) осынау асқақ сезімі оның бүкіл поэзиясына арқау болып, оған азаматтық әуен береді.

Олжас — өз халқының қайғысына бірге қайғырып, қуанышына бірге қуанатын, оның тарихын жақсы біліп, халқының бақытқа барар тарихи жолын алыстан аңғаратын адал ұлы. Қазақ оқырмандарының кейбіреулері Сүлейменовтың бірен-саран қиын шығармаларын бүгін жете түсінбегенімен, оның бүкіл творчествосы социалистік реализм кемесінің жел өтінде келе жатыр, ол партиялық, халықтық шығарма деуге толық правомыз бар. Бүгін түсінбесе, ертең түсінеді, рухани өсу жолы соған апармақ.

Сүлейменов поэзиясында ұлттық әр мен қазақ исі бар ма, жоқ па деп іздеп жату қажет емес, оның бүкіл өлеңдері мен поэмалары — Совет Одағының маңдай алды ең жаңа поэзиясының жетістіктерін бойына сіңірген нағыз қазақ ақынының творчествосы.

Сүлейменов поэзияда «бар дауыспен» шырқамақ болады, ал мұндай мүмкіншілікті оған тек орыс тілі ғана бере алады. Оған келгенде ол ештемеден тайынбайды,

лексикалық құлашына бұғау болар ешнәрсе жоқ, тіпті ол орыс дәстүрі бойынша жаңа сөз жасауға дейін барды. («Владивосток — Владикавказ», «Шолом-Алейхем — Салам-Алейкум, Бет-Пакдала — Бет-Пак-Даёт — Бет-Пак-Давала, «Нигерия» т. б.).

Олжас Сүлейменовтың дүниедегі заттар мен эмоциялардан алатын әсерлері мен оны бейнелеудегі сонылық тапқырлығын көрсету және сонымен қоса орысша неге жазатынын дәлелдеу үшін, оның өлеңдерінен бірер жол мысал келтіргім келеді. Мәселен:

«...Қазақтардың қазанында  
Сүт тасиды ысқырып...»  
«...Тасбақадай ұйқым сергек...»  
«...Алыста ащы ұрығы мұрнын жарып...»  
«Домбырасын тырнап қойып қария,  
Махаббаттың жырын шертті қырылдап»,  
«О, сәйгүлік! Қісінеуің  
Қанқылындай ақ қаздың!»  
«Жүз бұрымды сұлу қыздар...»  
«Жолақ таулар жоталанып...»  
«Жұрттың көзі жауыр қылған  
жүдеу тас...»  
«Жен-шеннің тамырындай...»  
«Бетпакдала жап-жалаңаш әмәнда,  
Атыннан да ұяласың қарауға...»  
«Сексеуілдің қаңқасы сүп-сұр болып,  
Шыңғырады: «Сусадым, шық та жоқ!» деп.  
«Еділдің жалпақ күлкісі...»  
«Тұман иісі су жабағы иісіндей...»  
«Түн ғаламат шайдай аңқып...»  
«Жылқы шөбі желкілдейді...»  
Жалындай жайнап тұрған  
жақын шәлі...»  
«Бұлт бейнесін сызды жай  
Кардиограмма секілді...»  
«Шанқан аспан шанытып тұр...»

Қазақстанды суреттегенде, Олжас Сүлейменов оның тарихи қазба мұралары мен жаңа құрылыстарын тізбелеп жатпайды, халықтың өзіне ғана тән қасиеттерін маржандай теріп алып, қазақи ой елегінен өткізе, дүние таным ерекшеліктерін даралай көрсетеді.

Мәселен, ол қазақ поэзиясында ежелден келе жатқан ат сыны тақырыбын салт аттының характерін ашу арқылы әдемі шешеді, өйткені поэзия дегеніміз адам жанын зерттеу екенін ол жақсы біледі.

Эй, кыпшақ даласы,  
 Мыңғырған жылқы даласы!  
 Өлеңті өрде жайылған,  
 Қара бұлттарды карашы.  
 Берші маған біреуін,  
 Зуланып қырда жүрейін,  
 Қала мен даланы  
 Дулата жолдан ысырып,  
 Жел өтінен кірейін.

Бір томдық осылай ашылады. Бұл ат туралы да жыр, адам туралы да жыр. Мұнда арнасын таба алмаған асау күш, албырт жастық, адамның ұйқыдан жаңа тұрған таңғы шағындай алаңсыз, мұңсыз бір сәттер де бар. Бірақ «Қызыл қуғыншы мен қара қуғыншы» өлеңінде сезім-түйсігі күрделеніп, шиеленісе түседі. Мұнда да суреттейтіні — ат, бірақ істің мәні онда емес, басқада, мәселен. «Бостандық үшін қияда қаза тапқан жауынгер даңқында», «Ақсақ құлан» атты өлеңде де жүген-құрық тимеген асау тағылар жүйткіді, бірақ бас тұлға — адам. «Құланды да қан майданға ерттейді», дейді ол. Жолаушы ұлы Абайдың қасиетті кабіріне ат басын тіреді. Шағын ғана, бірақ өте әсем осынау өлеңде, қаншама сезім тұнығы жатыр десеңізші:

Шыңғыс тауы бөктерінде моласы,  
 Сарғалдақпен шегеленген төбесі.  
 Тауап еткен талай адам баласы,  
 Болған кезде жоқшылықтан өлесі.  
 Жыр запыранын жұтады екен жұрт  
содан,  
 Шөл те сол шақ тұрады екен қалтырап.  
 Адамдай-ақ улы шарап ұрттаған.  
 Дала мең-зең, сары гүлін шаншып ап.

Өтелмес қазаның уақыт жоя алмаған өкініші, әттеген-ай, Абайға да Пушкиндікіндей монумент соғылса деген ойлар, әйтсе осынау кабірге де «тауап еткен ұрпақтар таусылмайтын» соқпақ бар-ау деген мақтаным бар бұл өлеңде.

Олжас Сүлейменовте сырты жылтырақ, үстірт, самарқау маңғаз өлеңдер жоқ. Оның тұла бойы толы ой арпалысы, сезім лапылы, ұшқыр ұмтылыс. Адамгершіл, ақиқатшыл жырларында:

Қайтсем ғана қабак түймей,  
 Адам болып өтемін?



деген ынтығыс құмар бар. Тағы да жыр қанаты — жүйрік ат. Бір өзінің құнына үйірлеп жылқы төгетін қара қасқа сүйгүлік. Революциядан бұрынғы кедей жас қазақ атынан бұдан былайғы сөздер де әлеуметтік жағынан әлде қайда терең, саяси жағынан өктем естіледі.

«Өзегін тіліп, өтін алам ханыңның!» деп айбат шегеді ол. «Қара атыңды қолыңнан бермесем, жолыңнан аламын», дейді.

Зар заман тұсындағы ардагер ақындардың бірі — Махамбет тұлғасын Сүлейменов сұрқайы, оңғақ бояулармен сала салмай, образдың бір тал шашын жықпастан, ешқандай жасанды, жалған бояу қоспастан, өткірліктен қорықпастан, мейлінше реалистік тұрғыдан бейнелейді.

Айтады жұрт: кей шақта —  
Қатал бопсыз жазықсыз —  
Керіскен кейбір бейбақты  
Қылышпенен қақ бөліп,  
Соған соң жырлар жазыпсыз,  
Әр сөзінен хақ төніп  
Тұратын бейне нәзік қыз.

Көне заман көріністерін (тіпті әлі де жойылып бітпеген кейбір әдеттерді қоса) бірінен соң бірін суреттей келіп, ақын «Тағы өлкенің» («Дикое поле») тылсым тұлғасын ашады. Сөйтіп өз халқының тарихи даму жолын ой елегінен өткізуге дейін көтеріледі де, «Жүректі немен жұбатам» деген ұзақ өлеңінде (шынын айтсақ, шағын поэмада) ол жөнінде бар дауыспен шырқайды.

Тарих белестерінде лаулаған оттардан туған елдің ащы түтіні шалқиды бетіне. Сүлейменовтың тарихты «түзеткісі» де, «әрлегісі» де келмейді, оған ары да жібермес еді. Ол отқа табынған бағзы бабаларының «Мұсылманға бейіш бар, бейіште мәуе жеміс бар, онда ақ балтырлы хор қыздары ер мұсылманды асыға күтіп, құлашын айқара ашып тұр» деген мұсылман уағызына малданып қалып, адам қанын судай шашқанын да жасырмайды.

Төбесі — тас, төсі — өртең,  
Жай оғы тескен кең дала!  
Қарғасам кеше, кеш ертең,  
Қастерлер жерім сен ғана:

Қазақстан мен бүкіл Орта Азия тарихына жасаған бұл саяхатында Сүлейменов кей-кейде сезім жетегінде кетіп қалады. Гоголь «адам атқылаған жанартау» деп

атаған Азияның өткен ғасырларында болған оқиғалардың бәріне бірдей жан-жүрегі елтіп, өрекіп отырады. Оқиғаларды түгел қамтып суреттей алмаса, кейбір жайттарды шатастырып алса, зерттегіш ой орнына жүрек сезіміне ілесіп кетсе, ол үшін жас ақынды айыпқа тартудың қажеті жоқ. Тарихшылардың өздерінің де көзі жетпеген көп жайлар бар. Мәселен, көне Хорезмді жер астынан қазып алғаннан кейін Азия халықтарының тарихына елеулі өзгерістер енгізуге мәжбүр болған жоқпыз ба. Ал Азия құмдарында ондай Хорезмдердің нешеуі көміліп жатқан жоқ дейсіз.

Ең қызығы ол емес. Дүниенің тең жарымын аралап, жарқын да, жаңа әсерлерге молығып қайтқан қазақ ақыны келе сала ата-бабамыздан келе жатқан ұлт ойындарын жырлауға кіріседі. Қазақ поэзиясының ең тәуір нұсқаларынан кем түспейтін осынау шағын да болса дәмді өлеңде халық өмірі, оның характері қандай терең, қандай дәл бейнеленген.

Қуып жет мені, жігітім,  
Егерде болса үмітің.  
Атыңды аяп нетесің,  
Шын сүйсең маған жетесің.  
Бір сені ғана сүйемін,  
Сен үшін ғана күйемін.  
Қуып жет те, сүйіп өт,  
Өзіңе ғана тиемін.  
Қыз ұяты қлын-ақ,  
Келемін содан құйындап.  
Жел ғана жетіп жебеді,  
Аймалап мені өбеді.  
Қалдың-ау тағы, жігітім,  
Үмітің қайда, үмітің!  
Еш адам жоқ айнала,  
Күледі маған ай ғана  
Қарысып қолым сал болды,  
Ат сауыры қан болды,  
Жетер еді-ау жігітім,  
Жетпесін деген жан болды.  
Жігітке нағыз ержүрек  
Жігітке нағыз көрікті,  
Жетпесін қуып мені деп  
Ат емес, есек беріпті...

Олжас Сүлейменовтың лирикасы сезім түйсігінің шындығымен, ішкі жалынымен, әсершіл сезімді бейнелеудегі сыршылдығымен, өлең өрнегінің шеберлігімен, тіл байлығымен көзге түседі.

Сүлейменов — кереғар құбылыстарды тез аңғарғыш, өлеңнің бір жолына асқақ сезім мен байырғы ойларды, романтика мен байырғы жайларды қабат сыйғызып, үлкен әсер туғызуға шебер.

Мәселен «Ұлы шет аймақ» деген өлеңін алайық. Тақырыбының өзіндегі «ұлы» деген эпитеттің меңіреу, мешеу, төмен жұрт ұғымын беретін сөзге қосарлануы оқушыны елең еткізіп, бірден назарын аударып әкетеді. Өлең салтанатты басталып, леп белгісімен аяқталады.

Қазанда күн құдайы, қорғанышы  
Хорс тұрды қуырып тыныштықты!

Патетикадан басталғанымен, одан әрі өлең әжуа сарынына көшеді.

Құйттайдан толстойшыл болғаны үшін Жомарт Левті құжырадан қуып шықты.

Л. Н. Толстойдың есімі аталмағанымен, әңгіме сол туралы екені бесенеден белгілі. Одан әрі тағы да ұлылық жұпынылықпен араласып кете барады.

Мұнда тұрған тескішті тапқан адам, ал анау бір мүйісте тұрған такси, Деренков подвалында нанханаға қапшықтап ұн тасыған сырқат Максим.

Мұнда да ұлы мен ұсақ, кемеңгер Горький мен тескішті ойлап тапқан біреу араласып жүр. Мұнда да, алғашқы шумақтағыдай, ұлы адамның есімі ашық аталмаған, ал бірақ Горькийдің жас кездегі мінездемесі: сырқаты, нанхана (наубайхана), подвал — бәрі де өмірбаян повесіндегідей дәл айтылған.

Үшінші шумақта да салыстыруға жатпайтын дүниеліктер салыстырыла баяндалады. Пушкиннің есімі аталады. Бірақ қалай? Фогл деген бір әйелдің үйінде тұрғаны айтылады. Мұнда тақырыпты басқа бағытқа бұрып кету де бар. Провинция ұғымы әлі де жойылып болмағаны да айтылады. Оның жаны сірі екенін жаны қынжыла әңгіме етеді.

Пушкин тұрған үйде завхоз тұрады,— деп келеді де:

Бұл араның маған қымбат әр тасы,— деп өзінің шын сырын ең ақырында ғана ашып салады.

Пушкин, Толстой, Горький — Россияның меңіреу шет аймағында болған үш алып бейнеленеді. Әрине, мұнда Қазан Советтік Татария астанасы ретінде суреттеліп отырған жоқ. Тамаша өлең! Автор онша қиналыс-қысы-

лыссыз, еркін сілтеп, екі Россияның: нағыз кертартпа, тоғышар оқуровшыл Россия мен Октябрь революциясында бұрқ етіп бірден көтерілген жоғары идеялы ардагер Россия келбетін өте сәтті суреттеп шыққан.

«МОПР-дың құмыра күрішкесі» деген өлеңмен жазылған әңгіме ұсақ нәрселерді ойнатып, кейіпкерлердің сөзіне интонациялық мінездеме беру шеберлігімен күшті.

Сүлейменов поэзиясы Қазақстан жайлы өлеңдермен ғана шектелмейді. Оның шеңбері кең, бүкіл Совет Одағын қамтиды. Оның назарында — күллі әлем. Осынау кең құлаш — оның поэзиясындағы айырықша қасиеттердің бірі. Бір жерден бір жерге саяхат жасаудан алған әсерлерін өлең жолдарына қорытып құюға Олжастың ұстаздары В. Маяковский, Н. Тихонов, И. Сельвинский, В. Луговской, К. Симонов, А. Сурков, М. Бажан, М. Танктен асқан шебер жоқ. Сүлейменовтың шетел сапарынан жазған өлеңдерін талдаудан бұрын сол кезең, сол уақытты айқындап алайық. Оның саяхат сапары халықаралық жағдайдың әсіресе идеология майданында аса шиеленіскен шағы болатын.

«Импералистік елдердің билеуші топтары, — делінген КПСС июнь Пленумының қарарларында, — социализмге қарсы күрестің басқа түрлерінен де бас тартпай, сонымен бірге ең алдымен социалистік мемлекеттерге қарсы идеологиялық зиянкестік әрекеттерге, жүгенсіз кеткен антикоммунизмге арқа сүйейді...»

Одан әрі қарарда:

«Идеологиялардың бейбіт қатар өмір сүруін уағыздау марксизм-ленинизмге опасыздық, жұмысшылар мен шаруалар ісін сатқандық болып табылады», — деп атап көрсетілген.

Ал айқастағы екі идеологияны майдан шебіне жас қазақ ақыны қалай шығарыпты? Бір томдық жинағындағы шетел сапарынан цикл «Русь Врубеля» өлеңімен басталыпты. Бұл ойға қалдырады. Рас, Сүлейменов, алған тақырыбын жарнамамен шешуге құштар емес екенін білеміз. Идеялық бағыты айқын бола тұра, ол лирикалық буалдырға, былай да, олай да түсінуге болатын шытырман метафораларға, айтарын бүгіп қалып, емеурінмен ұқтыруға әуес. Врубель — қыл қаламның талантты шебері, бірақ алты теңіздің аржағына аттанғалы тұрған жас ақынға идеялық бағыт сілтеуші бола алмасы хақ. Өлең тақырыбы дәл қойылған: Россия емес, ол ол ма,

тіпті біздің заманымыздағы Россия емес, әңгіме ежелгі Русь туралы. «Тостаған көзді тұлпарлар», «ағаш үйлер әр жерде», «Марусялардың нәркес көздері» — осынау әдейі шартты түрде алынған ақындық әшекейлер автордың айтылмас ой желісін аша түсу орнына, жория буалдыр торғынға бүркемелей түседі.

Одан кейінгі «Айналайын» деген өлеңді де анау айтқан дүние деп айта алмайсың. «Айнала бер, айналайын, өз жерім!» — дейді автор осынау зырылдаған жер бетінде жүріп жатқан шайқастан бойын аулақ салғысы келгендей.

«Әйелдер», «Чикаго. Жаратылыс тану музейі» өлеңдерінде әңгіме бұдан гөрі айқынырақ. Ақын Батыстың бетіне үңіле қарайды. Қорытынды жасауға асықпайды. Өзінің сезім түйсігін ыстық жүректің көрігіне салмай, ақын тұнығынан суармай тұрып алдына тарта салмайды. Бірақ жаратылыс тану музейіндегі экспонаттардың көбі соғыс қаруы екен, осы жағдайды айтпай тұра алмайды:

Адам біткен  
Қару-жарак соғудан  
Басқа өнер білмеп пе?

Одан әрі ол әшекейге үкінің балапанын ойып салған Бейбітшілік трубкаларының жарқыраған соғыс көрмесінің елеусіз бір бұрышында қысылып-қымтырылып әрең тұрғанын айтады. Өлеңнен өлеңге өткен сайын қанаушылықты, нәсілшілдікті жан-тәнімен жек көретін, бейбітшілікті сүйетін интернационалшыл совет адамының жүрек лүпілі айқын естіледі. «Бостандық үшін жорық» өлеңінде ол былай дейді:

Алабамаға барғым келеді,  
Сендермен бірге  
Біреулердің бакыты үшін  
Әділ ұрыс салғым келеді.

«Үнді көсемдерінің қонақасы» деген өлеңде ақын ыза-сы қанасынан асып, бұрқ ете түседі:

Күлімсіреп көсемге  
Горчица жағып берді нан.  
Парижде қу боп төселген  
Алаяқ сұм антұрған  
Үнділердің біледі  
Қайтарар сәтін міселін,  
Күлкіге бірден түсерін.

Мінекей, мына негр ООН сарайында. Сүлейменов Лабрадордың қара тасынан қашап жасалғандай шымыр негрдің қылығына қайран қалып, мақтаныш тұтады. Негр Кениядан отаршылдары сыпыра қуған өз туын иығына жамылып, өз борышының ұлылығын түсінген тақпаппар сезімімен мінбе биігіне мығым көтеріледі. Сонда ақын:

Жас Маяковский де сөйтер еді-ау — деп қалады.

Міне, Сүлейменов Парижде. Мұндағы ең жақсы минуттар — кітаптан таныс осы қала көгілдір тұманға бөленіп, Орли аэродромының аспанындағы самолеттен әлі айқын көрінбеген кез. Жақыннан қарағанда ол дәл мұнша жақсы емес.

«Отель терезесінен қарағанда» атты өте шебер жазған өлеңінде ақын өзара шайқастағы екі күштің кездесуін көшедегі көрініс арқылы өте дәл бейнелейді. Француз ажан мен алжирлық қағбан жолығысып қалып, эп-әдемі шылым тартып тұрады. Бірақ мейманхана терезесінен бәрі көрініп тұр: ажанның плащының ішінен автомат томпыып тұр да, алжир шапанының омырауында өткір қанжар тығулы екені байқалады. Сонсоң Париждің ішкі көрінісі бейнеленеді. Күнжарлар патшалығы, алармандар мен сатармандар қаласы, жарылғыш жанартау қала. Сүлейменовтың Парижбен қоштасуында да гәп бар:

Дабылынмен құлақ жаршы, Парижі  
Мусье емес,  
Коммунар-Париж.

«Африкан ырғақтары» өлеңінде американ негрлерінің кайғылы халі, амал не, тым буалдыр суреттеледі, автордың ыза мен кекесіні саксофон мен барабанның қаңғыр-күңгіріне көміліп, «Американың құтырынған ырду-дырдуына» сіңіп жоқ болады. Бұрынғы Освенцим лагерінің тұтқыны поляк жазушысы В. Живульскаяға арналған өлең жендеттерге деген аяусыз өшпенділікке толы.

Араби Шығыс туралы өлеңдері де көңіл аударарлық.

Айта кету керек, Олжас өлеңдерінде дінге қарсы, анығырақ айтқанда, ісламға қарсы бағыт өте пәрменді шыққан. Мұнда да жарнама даурықпа, күшеншектік, жалаң ақылгөйлік жоқ. Тоқ етерін оқырманның өзі табады, ал ақын көрген-білгенін мысқылдай күле отырып, әділ де қысқа баяндай береді. Нысанаға атқан оғы дөп тиіп жатыр.

Өте қиын құрылған кішкентай бір өлеңін мысалға алайық:

Мешітте күлу — кешірімес күнә.  
Бір күні бір ат мешітке кепті,  
Тұякпен ептеп еденді тепті.  
Тұр екен ұйып намазға жүда,  
Болмауға бөгет шеткерек кетті.  
Қараса иіскеп, қайшылап құлак,  
Қамшымен ешкім ұрмайды бірақ.  
Имам да нұқып демейді: «кәпір!»  
Демейді: «Әкет!  
Мұсылмандарды шақыр!»  
Көтерер еді-ау, мінсе де құдай,  
Салмақ жоқ онда, құр сөз ғой, былай!  
Қарқылдап имам жіберді күліп.  
Күлкіден феллах  
Құлады сұлық.  
Алқымына аттың тірелді күлкі,  
Кісінеп сонда жіберді жылқы.

«Январьдан апрельге дейін» деген философиялық, сондықтан өте жауапты циклге тоқтамай кетуге болмайды. Оның үстіне мұнда Лениннің де есімі аталған.

Бұл — поэманың өзгеше бір түрі, онда адамзаттың мешеу қараңғылықтан жарық дүниеге, қақаған қыстан құлпырған көктемге жету жолы, ұзақ та ауыр жолы туралы толғаныс бар. Бұл жолдың ең маңызды белестері «Январьдан апрельге дейін» ай-айымен қуалай суреттеледі.

Жарқ еткен жарық  
Тың жол боп түсті.  
Алаулар лаулап,  
Сатырлап мылтық.  
Орманнан тауға  
Жол болып ұшты  
Түп-түзу ақ нұр  
Түнекті құртып.

Адамның құлдықтан бостандыққа жететін тарихи жолы ақын тапқырлығының — айырықша һәм жарқын образдар тобынан өзінің ғажайып бейнесін тапқан. О. Сүлейменов халықтардың тарихи тағдыры мен оларды жарқын болашақ үшін күресте бір тудың астына топтастыратын мақсат бірлігін шебер сипаттап берді. Ленин сынды дана ұлды туған еркін Россия, орыс Волгасы және апрель тұлғасынан ақын сан ғасыр азап шеккен адамзаттың құлдықтан азат болу, туысқандық пен бақыт туралы ортақ арманының жүзеге асқан бейнесін көреді.

О. Сүлейменов бейнелеген Ленин тұлғасында қазақ ақындарының көп шығармаларында ұшырасатын жұп-ны турашылдық пен даурығу мүлде жоқ. Ол Ленин образы арқылы ұлы интернационалисті, бүкіл адамзаттың нағыз көсемін бейнелеудің кілтін дәл тапқан.

Ал өлеңнің түр жағына келетін болсақ, бұл өте күрделі поэма. Алуан-алуан адамдардың аттары аталатын, сан килы түйдек ойлар тудыратын бұл цикл ойлауды ғана емес, кейде тіпті жұмбақ жәйттерді шешіп табуды талап етеді. Мұнда Христоспен бірге Моисей де, Гитлермен бірге Иван Грозный да, Шыңғысханмен бірге Колумб та, Пикассомен бірге Демьян Бедный да және басқа толып жатқан адамдар да жүр. Бұл циклде Сүлейменов дауыстап оқу түгіл, үңіле оқығанның өзінде түсінуге қиын көптеген поэтикалық формулировкаларды қолданған.

Шынын айтсам, бұл циклдің кей жерлері қазір ұмыт болған баяғы имажинистердің өлең машығын есіме түсіреді, әрине, Есенин емес, Шершеневич немесе Мариенгоф сияқты («фрескадағы Исустай, креске шегеленген қарақоз дыбыс қыз ернінде ықылық атады...»)

Мақсат алдына маңызын емес, сөз ойнатуды қойған өлеңдерінің бірін мысалға келтірейік:

Ибраһимнің ән шырқасы Авраамдай.

Жақыбым — Яков,  
Исам — Иисус,  
Мұсам — Моисей,  
Кешкілік  
Батар күнге қарап.  
Мұртын тістейді де отырады.

Ақын орысша өлеңге енгізген, бағзы қазақ сөзі «дала» дегенді септеудің («далами») қажеті бола қояр ма екен. Бұл әдісті қолдана берсек, қазақтың «қыз» деген сөзін «қыз» — «қызу» — «қызе» — «қызою» деп септеуге болар еді. Ал өлеңнің басқа жерінде «дала» септелмейді, тек жіктеледі.

Циклде әсіресе ойшылдық та бар, онысы әдеби шолжындыққа ұрындырып тұр:

Төбесінен қыран ұшып барады,  
Ұяла ма, мақтана ма — нетеді.  
Моисей тап сол көлеңкеге қарады.  
(Қыран болсаң, көлеңке де жетеді).



Бір жақсысы, «Адамға табын, Жер, енді!» поэмасында мұндай күңгірт жерлер жоқ.

Бұл поэма талантты ақынның творчестволық сәтті туындысы екені даусыз. Ол адамзат тарихындағы тұңғыш космонавт Юрий Гагариннің ерлігіне арналған. Онда ұшуға әзірлік те, ұшудың өзі де, жерге қонуы да, тіпті ешбір тұрмыс көріністері баяндалмайды. Бұл — патетикалық, философиялық поэма, басынан аяғына дейін адам мен замана туралы толғаныстарға құрылған. Ақын ерлік табиғаты туралы оқырманмен еркін де қызу әңгіме шертеді, космосқа ең бірінші болып совет адамы ұшқанын, оның күллі адамзат үшін маңызы бар екенін айтады.

Сүлейменовтың бұл арадағы творчестволық табысы сол, ол оқушымен ашынажай әңгіме шертисетін, таза сырласатын, ақылгөйлікке, жалған білгірлікке, талғамсыздық пен әдебиетшілдікке жол бермейтін әдемі бір сыр кілтін тапқан. Бұл поэма — адамға деген гимн.

Мен сұлулыққа ғашықпын,—  
Мен оған сан ғасыр құмарттым.  
Сөл үшін күреске де шегелендім,  
Талай тәңіріні төбеме де көтердім,  
Талай тәңіріні тағынан да құлаттым.  
Мынау өзендерді ағызып,  
Дауылды теңізге лақтырған да —  
Менің әмірім  
Жер,  
Адамға басынды и,  
Менмін  
Сенің тәңірің!

Еркін ұйқаспен жазылған осынау шағын поэма бүкіл адам баласының тарихын жырлайды. Ақын оны екі дәуірге ғана бөледі. Алғашқы дәуір адам атаның екі қолмен жер тіреуден құтылып, екі аяқпен тік тұрған, яғни адам болған сәтінен басталған. Бұл Бірінші Дәуір біздің бүгінгі күнімізге дейін созылды. Екінші Дәуір Юрий Гагариннің Байқоңыр космодромынан Ғарышқа тұңғыш рет ғажайып ұшу сапарынан басталды, дейді ақын. Жұлдыздар әлемінде Бірінші Космонавтың «Сүйем мен сені, өмір» әнін айтқаны мәлім.

Сүйем мен сені, өмір,  
Көктем мен  
Өкініш,  
Үрей үшін.  
Сүйем мен сені, өмір,

Өрлік пен  
Өтініші ісін,  
Серпіліс,  
Сылтын үшін,  
Сүйем мен сені, өмір,  
Каспийдің тұзы үшін,  
...Сүйем мен сені, өмір,  
Ғашықтық, араздық мұзы үшін.  
Сүйем мен сені, өмір,  
Наз ерке Валядай қызың үшін  
Сүйем мен сені, өмір,  
Достардың думанды ойыны үшін.  
Сарп етем солдаттай сені, өмір,  
Әлемде өлімді жою үшін.

Аспаннан парашютпен секіру, соғыс кезінде жау қосынын барлау, қақпақ жауырынды садақшы бабамыздың жыртқышпен шайқасы, Гагарин ғарышта ұшып жүргенде радиодан санылдаған хабарлар, космонавт құрметіне заводта өтіп жатқан жиналыс, — күмбірлеген асау сарын, дүбірінде жігерлі желпініс туғызып, ұлы арқауға өріліп жататын майда суреттерді ақын өте шебер пайдаланған. Поэма философиялық толғаныстарға толы, өйткені ол жеке адамның есеуі ғана емес, күллі еліміздің, бүкіл адам баласының кемеліне келіп, өр қияға ұмтылған шағын бейнелейді. Космосқа тартқан алғашқы сапар — Екінші Дәуірдің алғашқы күні ғой.

Ақын толғанысы ой қазнасының байлығымен, эмоциялық әрімен, терең сыршылдығымен оқырманды баурап алады. Ол толғаныстың түп қазығы — соғыс пен бейбітшілік, халықтардың тағдыры, адамның жан сезімінің тазалығы, отаршылдардың қанқұмарлығы, совет адамдары мен шет елдердегі достарымыздың биік гуманизмі туралы ойлар. Ақынның ақылы мен жүрегі адамзатты Шығыс пен Батысқа бөліп арасына жік қою — соғысқұмар, қанқұмар, нәсілшіл, тонаушылардың ғана отына май құяды деген тұжырымға келеді.

Өздерін асыл тек жоғары нәсіл өкіліміз деп менменсіп, дүниенің тұңғыш космонавты Батыстан ғана ұша алады деп көкігендердің сорына қарай алғашқы жұлдыз кемесі Байқоңырдан ұшқанына, «Восток» деп аталғанына қуанған ақын жүрегі тарих көшінің ұлы нысанасына ой жібере отырып, өткенге де көз тастайды.

Гунндар мен маңғұлдар,  
Қыпшақтар, фарсылар!

Кресшіл қанқұмар!  
Жүз жылдық соғыста,  
Қалайша жан шыдар!  
Ежелгі өнердің  
Құлады тулары.  
Шығыстан,  
Батыстан,  
Сұрапыл толқындар шулады,  
Сол топан суына тең келмес  
Мұхиттар сулары.  
Батыстың танкісі  
Шығыстың егінін таптады.  
Арийлер сүйегі  
Шығыстың  
Кұнарлы жерінде қаптады,  
Оларға көр болды қара жер қатпары.

Ия, «Күншығыс пен күнбатыс бар, Жер деген ұлы сөз де бар», ондағы дүниені, мүшелеп бөлуге болмайды, онда адам сан ғасырлар бойына құдайларыңды да, табынар тәңірлерің мен пірлеріңді де өз қолынан жасаған, «тіпті адамзатты да сол жерде адамның өзі жасады».

Поэма лениндік ақиқатпен суарылған, ол шындық әр қырлы ракурстан, әр түрлі назар тұрғысынан ашылады да бір ғана жарқын, үмітшіл тұжырымға тоғысады — лениндік ақиқат жеңіп шығады.

Поэмадағы Юрий Гагарин адамзаттан асып туған керемет емес, қарапайым совет азаматы екені, ондайлар бізде миллиондап саналатыны, ол біздің елімізде Ленин арманы мен Ленин болжауларының жүзеге асқанының куәсі екені айқын көрсетіледі. Бұл — оптимизмнің ұлы арқауы, негізі мен мәні: «қажет болса, Лениннің атымен қайталаймыз осынау зор ерлікті».

Ғарыштағы жеңіс жер бетінде шындалған. Сондықтан да біз, көптеген конструктордың, инженерлердің, жұмысшылардың бұған қосқан дарыны мен еңбегін, күш-жігерін еске ала отырып, ақын: «Құттықта бізді, Гагарин, осынау ұлы жеңіспен!» десе, оған таңданбаймыз.

Ал, туған елдің түтіні ше? Туған елдің түтіні де бар. Ол өзіміздің жер баласы Гагариннің ғарыштан қайтып келіп жерге қонып, өшпес даңққа бөленген күні құрметіне Москвада салтанатты салют берген зеңбіректер өңешінен будақтап тұр.

Түтін болған соң ащы болмай тұра ма, бірақ, бір өтірігі жоқ, туған елдің түтіні совет адамы үшін әдемі де тәтті ғой, шіркін!

...Олжас Сүлейменовтың поэзиясы өзіндік дара қасиеті бар, мақсаты айқын, көз алдымызда көктей өсіп, жүрегімізді қуанышқа бөлеп, жігерімізге жігер қосуға ұмтылған өскелең поэзия. Ұмытылмас қимылдағы поэзия. Бірақ тым шытырман, түйіншегі көп, адам аттары мен жер аттары көп, ғылыми атаулары көп, оның халыққа неғұрлым ұғымды, сара болғаны абзал. Бірақ көркемдік қасиетін төмендетпеу, ой мен сезімді саяздатпау шарт.

«Жалпыға ұғымды жасау талғамына өте сақтықпен қарау керек,— дейді А. Луначарский.— Біздің баспасөзде, насихат әдебиетімізде оқушыларға өте қиын талап қоятын кітаптардан, журналдар мен газеттерден бастап, көпшілікке мейлінше ұғымды насихатқа дейін баратын болсақ, ал әдебиетімізді дәл солай, шаруалардың, тіпті жұмысшылардың мәдени жағынан онша жоғары емес бұқарасының дәрежесіне дейін төмендете алмаймыз. Бұл өте сорақы қателік болған болар еді».

Н. Асеевтің айтуынша, халық жырының қарапайымдылығы мен ұғымдылығына қызыққан Маяковский өз поэзиясының қарапайым болуы үшін өмір бойы күрескен, бірақ еш жерде, тіпті «Окно РОСТА» мен ГУМ бұйымдары үшін жазған рекламаларының өзінде де жұпынылыққа, ақындық шеберлікке нұқсан келтірер көрінеу қарапайымдылыққа бармаған.

Олжас Сүлейменов әлі әдеби портретін салып шығуға болмайтын жаста. Ақындық өмірбаяны да тек осы екі съезд аралығын алып жатыр.

Ол өсу жолында, іздену жолында, қазірдің өзінде ауыз толтырып айтарлық ақындық шеберлігін шындау, жетілдіру жолында.

Біз одан дарынды, ақындық өрісі биік жаңа туындылар күтеміз, бақытына қарай, бұл оның қолынан әбден келеді!

## СОҢҒЫ СӨЗ РЕТІНДЕ

Қазақ әдебиетінің атасы Абай қолына қалам алғалы бір ғасырдай уақыт өтіпті. Біздің жаңа жазба әдебиетіміздің қаланып қалыптасқан да, қанат жайып кең көлемде көркейген де дәуірі осы ғасыр. Бұл дәуірде қазақ халқының көп ғасыр қайырлаған кемесі тарих теңізінің кең айдынына шығып, тағдырдың талай сынағына түсті де, өз бойында қашаннан іркіліп сақталған асыл мұра, күш-жігерін ақтарып жарыққа шығарды, сарапқа салды. Нақ осы тұста талантты халықтың бұрын булығып келген рухани қуат, қабілеті, творчестволық дарыны құнарлы топыраққа еккен асыл дақылдай өркен жайып, керемет өнім берді. Мұның әсіресе қаулап өсіп, алуан түрлі жеміске қарық қылған кезі соңғы елу жыл. Бұл советтік елу жыл. Ұлы Октябрь таңында туып, данышпан Ленин күнінен нұр, нәр, рух алған жаңа заманның жарты ғасыры. Әдебиеттің де алтын ғасырын жасаған сәулетті совет заманы бұл!

Қазақ әдебиетінің елу жыл ішінде өткен жолын бейнелеп айтсақ, эпостан эпопеяға әкелген жол дер едік. Анығырақ айтқанда, қазақ ауыз әдебиетінің талай ғасыр бойында қол жеткен биігі болған қазақтың бай эпосы дәрежесінен елу жыл ішінде көп жанрлы профессионалдық жазба әдебиетінің роман-эпопея жанрын туғызған жемісті жол.

СССР Жазушылар одағының IV съезі көп ұлтты совет әдебиетінің сол елу жылдағы тыңғылықты табыстары мен жетістіктерін қорытқаны белгілі. Социалистік революция рухында жаралып, заманның революциялық өзгерістерімен бірге өсіп, өркендеп келе жатқан социалистік реализм әдебиетінің коммунистік қоғам құру жолындағы баға жетпес қызметін, дүние жүзілік мәнін, шарықтау се-

бептерін айқын атай келіп, КПСС Орталық Комитеті жазушылар съезіне жолдаған құттықтауында мынадай бір қасиетті айрықша бөліп айтты: «Біздің әдебиетіміздің принципті жаңа қасиеті мынада: ол көп ұлтты әдебиет ретінде дамып, Совет Одағындағы әр халықтың өзіндік тарихи жолын бейнелейтін барлық ұлттың мәдениетінің прогресшіл дәстүрлері мен озық тәжірибесін өзінің бойына сіңіруде. Лениндік ұлт саясатының салтанаты, халықтардың түбірлі мүддесінің ортақтығы, достығы мен туысқандығы — ұлттық әдебиеттердің гүлденіп өркендеуінің негізі болды, бұған тән нәрсе — мұраттар мен мақсаттардың тұтастығы, дәстүр мен түрдің сан алуандығы болып табылады.

Міне бұл дәл қазақ совет әдебиетінің де даму процесіне хас қасиет. Елу жыл бойында ол үздіксіз өсумен, өрлеумен, жетіліп, жеттігумен шырқау биікке шықты.

Тау биіктігімен, теңіз тереңдігімен, ағаш жапырағымен көрікті ғой. Сондай-ақ әдебиет те көркем сөз өнерінің кемелдігімен көрікті. Әрине, оның танымал қаламгерлер санының бастапқы төрт-бестен кәзір екі жүзге жетуі, толып жатқан жанрлар пайда болып, бұрынғы бір ғасыр ішінде шыққан 13 кітаптың орнына жылма-жыл жүздеген өлең, поэма, әңгіме, повесть, пьеса, роман жарық көруі, сөйтіп, әдебиеттің барлық жанрының жарыса дамуы әдебиет қоры мен қуатының адам айтқысыз байығанын, тасығанын танытады. Бірақ мұның бәрі шалқып та шарықтап өскендіктің сырт көрінісі ғана. Ал оның ішкі сарайына есек, кемелділіктің сыры идеялық-эстетикалық мұратты жүзеге асырып көркем шындық жасауда екенін көреміз. Бүгінгі елу жастағы қазақ әдебиеті жасаған көркем шындық біздің ең қымбат рухани қазнамыз. Мұнда, Абай айтқандай, «самородный сары алтын» түрінде халқымыздың ең асыл арман-мүддесі, ой-сезімі сақталған, ең жарқын коммунистік мұраты жырланып, сан алуан көркем образдар дүниесі тізілген. Оның сонау төрінде Сәкен Сейфуллин бастап бүкіл қазақ ақындары үзбей жырлап келе жатқан Ленин образы күн іспетті бар дүниеге жарық, тірлік беріп тұр. Жарты ғасыр бұрын Ұлы Октябрь күндері данышпан Ленин дүние жүзіне қанат жайған қырмызы таң шапағындай социалистік революцияның желбіреген қызыл туын көкке көтергенде, сол туға ұмтылып, Ленин үнін, Ленин ұранын жүрегімен қабылдаған қазақтың ардагер, күрескер ұл-қыздарының образдары өз ал-

дына бір жүйе. Олар: Еркебұлан («Қызыл сұңқарлар»), Сәкен және оның жолдастары («Тар жол, тайғақ кешу»), Асқар, Ботакөз, Амантай («Ботакөз»), Сатан, Мәмбет («Жолдастар»), Хакім, Әйтиев, Ипмағамбетов, Қаратаев («Ақ Жайық»), Тоқаш Бокин («Тоқаш Бокин»), Әліби Жангелдин («Дала», «Дала комиссары» т. б.), Бейсекеш («Құмдағы дауыл»), Б. Ізтөлин С. Сейфуллин, А. Асылбеков, А. Досов («Өмір мектебі») образдары.

1916 жылы ұлт-азаттық көтерілісінің туын ұстап майданға шыққан Аманкелді, Жалбыр, Бекболат және оларға ерген қалың бұхара образдары өз алдына бір төбе.

Октябрь идеясы революциялық күреске тікелей қатысқан қайраткерлер образын жасаумен шектеліп қойған жоқ. Бұл ұлы идея бүкіл социалистік шындықтың өзегі, социалистік реализм әдебиетінің ұйтқысы ретінде барлық кезеңде, барлық тақырыпқа арқау болып келеді.

Октябрьде туып, Октябрь идеясымен қанаттанған әдебиетіміздің партиялық, халықтық принциптер негізінде әрдайым халыққа, Социалистік Отанға талмай қызмет етіп келе жатқандығының айғағы ретінде әр кезеңде туған елеулі шығармаларды атасақ, көркем сөз өнерінің көлемімен қатар жанрлық, тақырыптық, көркемдік сапа, қасиеттерінің де жеттігіп, кемелденіп келгені көзге түседі. Социалистік құрылыс дәуірінде осы тұстағы таптық күресті социалистік бейбіт еңбекке құлшына жұмылған қаһарман халықтың жасампаз рухына жаңа құрылысшы адамның жаңарған көзқарасын, жаңғырған сана-сезімін бейнелейтін «Азамат Азаматыч», «Қызыл ат», «Талпақ танау», «Менің құрдастарым», «Тасқын», «Колхозды ауыл осындай» т. б. сол сықылды көрнекті шығармалар көптеген өлең, жырлар әдебиетіміздің тағы бір тың салаға килігіп заман талабынан табылғанын аңғартады. Ұлы Отан соғысы тұсында және одан кейін де пайда болған туындылар (Жамбыл, Асқар, Әбділда, Тайыр, Сырбай, Хамит жырлары; «Ақын өлімі туралы аңыз», «Қазақ солдатты», «Қаһарлы күндер», «Күткен күн», «Талғат Бигелдинов», «Москва үшін шайқас», «Әке сыры», «Жыр туралы жыр»; Қ. Қайсенов, М. Ғабдуллин, Ә. Шарипов очерктері мен повестері т. б.) социалистік ұлт болған қазақ халқының советтік патриотизм сезімін, Ұлы Отан соғысының халықтық характерін, совет адамдарының Социалистік Отанмен біте қайнаған бірлігін бейнеледі. Халықтың ерлігіне, Отан сүйгіштігіне үлкен сынақ болған бұл соғыс

бұрын мұндай тақырыпта тәжірибесі жоқ қазақ совет әдебиетінің творчестволық мүмкіндігі мен оның ақын, жазушыларының тың игергіш талантына да таудай сынақ боп табылды. Бұл сынақтан қазақ қаламгерлері аброймен өтті.

Біздің ұлы революциялық заманымызды қазақ әдебиетшілері халықтың өткен тарихынан ешуақытта бөліп алып қараған емес. Бүгінгі жарқын дүниені олар өткендегі қара түнек тұл өмірге қарсы қоюмен қатар, халықтың бүгінгі бақытты тағдырын өткендегі асыл арманның орындалуы деп біледі. Сондықтан да советтік дәуірдің қай кезеңінде болмасын, әдебиет қайраткерлері тарихи тақырыпқа барып, бұрынғы мен бүгінгіні тамырластыратын арман арқауын тапты. Бұл ретте ауызға алдымен «Абай жолы» эпопеясы ілінеді, әрине. Қазақ халқы мен оның дана перзенті Абай ақынның даңқын әлем дүниесіне әйгілі еткен Мұхтар Әуезовтің ұлы туындысы бүкіл әдебиетіміздің аброй, дәрежесін зәулім биікке көтерді десек, мұның өзі қазақ совет әдебиетінің социалистік реализм аясында сапалық кемелденуінің айқын дәлелі еді. Поэзиядағы «Дала», «Күй», «Күйші», «Құлагер», «Абыл», «Дала қонрауы», «Құрманғазы», «Мәриям Жагор қызы»; драматургиядағы «Ақан сері — Ақтоқты» трагедиясы, «Біржан — Сара», «Абай» либреттосы және соңғы кезде дүниеге келген жаңа тарихи романдар («Қайран шешем» мен «Ақын арманы») бүгінгі қаһарман, құрылысшы халқымыздың баяғы өзінің бақыты мен бостандығы үшін күрескен ұзақ жолында бүгінге де үлгі-өнеге боларлық жақсы дәстүр қалдырғанын танытты.

Соғыстан кейін совет халқы күйзелген шаруашылықты қайта қалпына келтіріп, енді ұлы коммунистік құрылыс майданына енген шақта көп ұлтты совет әдебиетінің құнарлы саласының бірі боп жетілген қазақ әдебиеті өзінің халық өмірінен ешқашан қол үзбейтін салты бойынша осы заман тақырыбына шұғыл бой ұрып, өмір жаңалықтарын, қажырлы социалистік еңбекті, совет адамының көп қырлы характерін, нәзік те бай жан дүниесін суреттеуді бас міндет ретінде қолға алды. «Осы заман тақырыбы» дейтін тақырып қай кезде де суреткерлерге оңай тиген емес. Мұның өзі ең қиын да шытырман өмір материалын терең зерттеп, дәл осы қазір бұрқ-сарқ қайнап жатқан құбылыстар мен оқиғаларды және әлі белгілі қалыпқа түспей, адам санасында енді ғана қорытылып, шында-



лып жатқан қасиет сипаттарды жіті тануды қажет етеді. Осындай сапырылысқан қым-қуыт өмір фактілері мен қайшылықтардың заңдылығын тауып, маңыздысын болмашыларынан ажыратып суреттеу — қиынның қиыны. Дегенмен сол қиындығына қарамастан ақын-жазушылар үлкен белсенділікпен бүгінгі коммунизм құрылысшыларының (колхозшылардың, жұмысшылардың, интеллигенцияның, ғалымдардың) қат-қабат өмірінен алып очерк, әңгіме, поэма, повесть, пьеса, романдар жазуда. Бұл қатарда «Миллионер», «Сырдария», «Доктор Дарханов», «Теміртау», «Сенім», «Ақбозат», «Өскен өркен», «Жапандағы жалғыз үй», «Бақыт» атты романдарды, «Өмір ұшқыны», «Инеш», «Дала сыры», «Ақмарал», «Жазылмаған хат», «Мезгіл», «Әсем», «Күтем сені, Дидар» т. б. көптеген повестерді; «Сәуле», «Бөлтірік бөрік астында», «Рабиға», «Көңілдер», «Ақын тағдыры», «Боран», «Сөнбейтін от» сықылды пьесаларды; «Біздің ауылдың қызы», «Адамға табын, Жер, енді», «Портреттер», «Сұңқар туралы аңыз», Мен — қазақпын», «Менің Қазақстаным», «Әке тағдыры», «Тасқынға тосқын» сықылды поэмаларды атап өту артық емес. Бұлар және басқа бірсыпыра аталмаған шығармалар бүгінгі заман тақырыбын игеру талабындағы игі ізденістерді, азды-көпті табыс, жетістіктерді аңғартады.

Аялайда көркем әдебиетке деген заман талабы күн санап өсуде. Табысымыз төбе-төбе дегенмен талап дегеніңіз таудай. Ол біздің шарқ ұрып іздеп, тапқан-таянғанымыздан әлдеқашан шырқап озып кеткен. Неге десеңіз, советтік елу жыл бойында кенелген ой-сезімі, мәдениеті артқан оқушы кәзір сәл нәрсені місе тұтпайды. Оны біз бүгін таңда қалайда қанағаттандырып отырғанымыз жоқ. Әсіресе сапа жөнінен. Шығарманың идеялық-көркемдік тереңдігі жөнінен. Осы күнгі нәзік өмір қайшылығын дәл тауып, күрделі өмір шындығын терең бойлай зерттеу жөнінен.

Ақиқатын айтайық, тарихи тақырыпта «Құлагер», «Ақан сері — Ақтоқты», «Абай жолы», «Оянған өлке» дәрежесінде; революциялық тақырыпта «Ботакөз», «Өмір мектебі» дәрежесінде; Отан қорғау тақырыбында «Ақын өлімі туралы аңыз» поэмасының дәрежесінде жазылған шығармаларды бүгінгі заман тақырыбынан көп ұшыратпаймыз. Үстірттік, қарадүрсіндік, олақтық — әлі айығып болмаған сырқау. Бұл жағдай қалам қайраткерлерімізді

қатты ойландыруға тиіс. Маманданған маркстік-лениндік әдеби сын да, КПСС XXIII съезі міндеттегеніндей, бұл жөнінен әдебиет процесіне тиянақты көмекке келуі керек.

Елу жылда ержетіп, есейген, ерлігімен әлем дүниесін талай таңдандырған кәзіргі совет адамының бай характерін ашып, батыр тұлғалы сом, саңлақ образын жасау — әлі шешілмеген проблема, алынбаған қамал және әдебиет алдында тұрған абыройлы міндет!

## МАЗМҰНЫ

### I. Елу жылдың есесі

Жаңа заман, жаңа әдебиет . . . . .	5
Қазақ әдебиеті туралы ғылым . . . . .	38
Халықтың ежелгі жан серігі . . . . .	59
«Сын шын болсын, шын сын болсын» . . . . .	113
Аударма ауқымы . . . . .	137
Дарқан тақырып . . . . .	166
Поэзиядағы дәстүр мен жаңашылық . . . . .	184
Интернационалдық пен ұлттық сипат . . . . .	215

### II. Ел сүйген есімдер

Ұлы ұстаз . . . . .	233
Асау тұлпар . . . . .	246
Ақын даңқы — халық даңқы . . . . .	293
Жарты ғасырдың шежіресі . . . . .	313
Халық жаршысы . . . . .	331
Таң жыршысы . . . . .	347

### III. Өрендер ойлар

Ақын шамы . . . . .	361
Сырбай сыр шерткенде . . . . .	379
Жазушы парасаттылығы және көркем публицистика	396
Туған елдің түтіні . . . . .	419
Соңғы сөз ретінде . . . . .	437

Каратаев Мұқаметжан.

ЭПОСТАН ЭПОПЕЯРА.

Әдеби-сын ыерттеулер. Алма-  
ты, «Жазушы», 1969.  
444 бет.

**М. Каратаев.**

## ОТ ЭПОСА К ЭПОПЕЕ

*(Литературно-критические  
исследования)*

(на казахском языке)

Издательство «Жазушы» — 1969

Редактор *Т. Иманбеков.*

Художник *Т. Оспанов.*

Худож. редактор *А. Бейсембинов.*

Технич. редактор *П. Вальчук.*

Корректор *М. Рзагалиева.*

Сдано в производство 12/X-68 г.  
Издат. № 40. Подписано к печати  
28/I-69 г. УГО0984. Бумага тип. № 2,  
84×108<sup>1</sup>/<sub>32</sub>—13,875 п. л.—23,31 усл. п. л.  
(Уч.-издат. 23,56 л.) Тираж 24000 экз.  
Цена 1 р. 04 к.

Заказ № 1753. Полиграфкомбинат  
Главполиграфпрома Госкомитета Со-  
вета Министров КазССР по печати,  
г. Алма-Ата, ул. Пастера, 39.